ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева - қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер - ұстаз» өңіраралық педагогикалық оқу ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
межрегионального педагогического чтения «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева - қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер - ұстаз»

Өскемен қаласы 2022 жыл

ӘОЖ 37.091.4 (092)

Редакциялық алқаның бас редакторы/главный редактор редакционной коллегии – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығы директорының м.а./и.о.директора регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области Джакупова Г.С.

Жауапты редактор/ответственный редактор – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығы директорының орынбасары/заместитель директора регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области Абетаева Г.З.

Жинақты құрастырушы/составитель сборника – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының оқыту мазмұны және білім сапасының мониторингі кабинетінің әдіскері/методист кабинета содержания обучения и мониторинга качества образования регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области - Билялова А.Ж.

Редакция мүшелері/ члены редакции – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының оқыту мазмұны және білім сапасының мониторингі кабинетінің меңгерушісі/заведующая кабинетом содержания обучения и мониторинга качества образования регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области – Кантаева А.Ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының оқыту мазмұны және білім сапасының мониторингі кабинетінің әдіскері/методист кабинета содержания обучения и мониторинга качества образования регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области – Тұрсын Ж.А

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының оқыту мазмұны және білім сапасының мониторингі кабинетінің әдіскері/методист кабинета содержания обучения и мониторинга качества образования регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области – Кемельбаева Ш.У.

Техникалық редакторлар/ технические редакторы – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының типография кабинетінің менгерушісі/ заведующая кабинетом типографии регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области – Биләлханова А.А.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының типография кабинетінің инженер-технигі / инженер- техник кабинета типографии регионального центра «Шығыс» управления образования Восточно-Казахстанской области – Задаев О.Т.

«Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева-қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер-ұстаз» атты өңіраралық педагогикалық оқу материалдар жинағы.

Сборник материалов межрегиональной педагогических чтений «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева-қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер-

ұстаз»

Жинаққа «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева-қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер-ұстаз» атты өңіраралық педагогикалық оқуға қатысқан педагогтердің ұсынған баяндамалары енгізілген. Жинақ педагогика саласындағы мамандарға арналған. Авторлардың материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Өңіраралық педагогикалық оқуға ұйымдастырушылар баяндамалары жарияланбаған авторлармен хат жазыспауға құқылы. Жинақтың мазмұны ұйымдастырушылардың қозғалған тақырыпқа деген көзқарасын көрсетпейді. Деректер мен сандардың нақтылығы, мазмұны мен стилистикалық сәйкессіздіктер үшін авторлар жауап береді.

В сборник включены доклады педагогов, принявших участие в межрегиональном педагогическом чтений «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева - қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер-ұстаз». Сборник предназначен для специалистов в области педагогики. Материалы авторов не возвращаются и не рецензируются. Организаторы педагогических чтений оставляют за собой право не вступать в переписку с авторами, доклады которых не будут опубликованы. Содержание сборника не обязательно отражает точку зрения организаторов на затронутые темы. За точность фактов и цифр, содержание и стилистические несоответствия ответственность несут авторы.

АЛҒЫ СӨЗ

Асанова Мұңлыхан Искаковна
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығы Ресурстық орталығының жетекшісі
Ардагер ұстаз

ҚАЙЫРЛЫ КҮН, ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, АРДАҚТЫ ҰСТАЗДАР!

Бүгінгі шараға қош келдіңіздер!

Ұлағатты ұстаз, көрнекті педагог, халықтың аяулы қызы, әдіскер - ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік мұрасы біз үшін өлшеусіз қазына. Төл педагогикамыз бен әдебиеттанудың еңсесін биікке көтерген бірегей тұлға Қанипа Омарғалиқызы.

Қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиясын төл ізденістерімен дамытып, ежелгі дәуір әдебиетінен қазіргі қазақ әдебиетіне дейін оқыту әдістемесін жазып шыққан ғалым - ұстаз еді. Оқушы жүрегіне ізгілік пен білімнің нәрін егіп, мамандығын мақтанышқа айналдыра білген ұстаз көзі тірісінде-ақ «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанды. Қанипа Бітібаева - ұлы Абай, Мұхтардың шығармаларын мектепте оқыту мәселесіне байланысты құнды еңбектер жазған ұстаз. Абайдың, Мұхтардың еңбектерін мектеп оқушыларына қалай оқыту керек? Нәрін, сөлін оқушы бойына қалай сіңіру қажет? деген сұрақтарға жауап тапқан шығармашыл ұстаздың еңбегі әлемді шарлады.

Облысымызда Қ.Бітібаева атында бірнеше мұражай кабинеттері, кіші зертхана, әдістемелік кабинеттер жұмыс жасайды. 2016-2019 жылдарға арналған «Дарынды мектеп» кешенді жоспарын іске асыру туралы» VI шақырылған Шығыс Қазақстан облыстық маслихатының кезекті сессиясының 2016 жылғы 14 шілдедегі №5/51-VI шешіміне сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған «Дарынды мектеп» кешенді жоспарын іске асыру туралы ШҚО білім басқармасының басшылығымен 24 тамыз 2016 жылғы №359 бұйрығы шығарылды. Осы бұйрықтың негізінде Қ.Бітібаева атындағы атаулы 16 зертхана, 4 қауымдастық жұмыс жасайды.

Зертхана филиалдары:Астана қаласындағы №64 мектепте, Абай облысы Абай ауданы «Қарауыл мектеп-гимназиясы» КММ; Аягөз «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ; «№6 орта мектебі» КММ; Жарма «Абай атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясы» КММ; Семей «№37 гимназиясы» КММ; Көкпекті «Көкпекті орта мектебі» КММ; «№2 Ақсуат орта мектебі» КММ; «Абай атындағы орта мектебі» КММ, Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы «Қ.Нұрғалиев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ; «№3 орта мектеп-гимназиясы» КММ; Риддер қаласындағы «Шаңырақ» көпсалалы мектеп-гимназия» КММ; Тарбағатай ауданындағы «К.Билялов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ; Шемонаиха ауданындағы «Н.Островский атындағы №1 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ; Глубокое ауданындағы «О.Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ; Зырян ауданындағы «№9 орта мектеп» КММ, Өскемен қаласындағы «№3 мектеп-лицейі» мекемелерінде жұмыс жасайды.

Қауымдастыққа енген гимназиялар: Өскемен қаласында «№10 мектеп-гимназия» КММ, «№38 мектеп-гимназия» КММ, Семей қаласында №5, №6 мектеп-гимназиялары.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиада жоспарлы түрде ұйымдастырылып отырады. Жыл сайын республикамыздың түкпір-түкпірінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдерін тереңдету және жетілдіру, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дарынды оқушылар жиналып, білім бәсекелесінде сынасады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №146 «Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиаданы жыл сайын өткізу туралы» бұйрығына сәйкес «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадасын өткізіп келеді.

Жыл сайын республикамыздың түкпір-түкпірінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдерін тереңдету және жетілдіру, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дарынды оқушылар жиналады.

Олимпиаданың республикалық кезеңі эссе жазу мен сұрақтарға ауызша жауап беруді қамтитын екі кезеңнен тұрады. Әділқазылар алқасының шешімімен С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіне 3 грант, Шәкәрім атындағы Семей университетіне 1 білім гранты 11 сынып оқушыларына беріліп келеді.

2019 жылдан бері Қанипа Омарғалиқызының туыстары атынан Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледж студенттеріне Бітітбаева шәкіртақысы беріліп келеді.

Ұлағатты ұстазымыздың шығармашылығын дәріптеу мақсатында Шығыс Қазақстан облысында жылда халықаралық, республикалық деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылады.

Осындай ерен еңбектің иесі Қанипа Омарғалиқызының халқы үшін жасаған қызметі мәңгілік өлмес, өлшеусіз мұра.

Академик Зәки Ахметов: «Қанипаның әр шәкірті Абай мен Мұхтарды терең біліп тұр. Егер еліміздегі әр ұстаз баланы Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас» деген екен.

Ұлағатты ұстаз Қанипа Бітібаеваның білім беруде салған сара жолы мен қазақ әдебиетін оқытуда қалдырған ізін жалғастыратын сіздердің еңбек жолдарыңызға шығармашылық табыс, дендеріңізге саулық тілеймін!

ПЛЕНАРЛЫҚ БӨЛІМ

Оралқанов Айбек Тілеубекұлы
Павлодар облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы және мәдени- сауық қызметі орталығы басшысының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

«ҰСТАЗ - ОҚУШЫНЫҢ РУХАНИ ДОСЫ» Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ОҚУШЫМЕН РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация

Өзектілігі.

Бұл баяндамада Қ.О.Бітібаеваның педагогикалық зерттеу әдістері ғана емес, сонымен қатар оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие берудің өзектілігі сөз болады. Сонымен бірге мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы туралы да айтылады. Ұлттық педагогиканың мұрасы – бүгінгі күні ғана емес, ертең де ең қажетті мұра. Сондықтан әрбір ұлағатты ұстаз тұлғасы – бұл ел үшін де, біздің тіліміз үшін де, менталитет үшін де, руханият үшін де қасиетті тұлға.

Мақсаты.

Педагогикалық зерттеулер жүргізе отырып, оның қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың есімдерін ұмытпау. Қазіргі уақытта жас буынға рухани адамгершілік тәрбие беру үрдісінің төмендеуі байқалуда. Сол себепті қазақ әдебиетін оқыту садасына қазақ жастарының қызығушылығын ояту.

Армысыздар ардақты ұстаздар қауымы!

Бармысыздар бітібаеватанушылар!

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы – оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Қанипа Бітібаева – халықтық педагогиканы жаңа заманға тән оқыту технологиясымен ұштастырған ұстаз. Бүгінгі баяндамамызда біз Қанипа Омарғалиқызының педагогикалық іс-тәжірибесіндегі оқушымен рухани байланысы туралы сөз етпекпіз.

Балаға білім мен тәрбие беру ісін шеберлікпен ұштастыра білген Бітібаеваның талантына бас иген академик Зәки Ахметов: «Егер еліміздегі әрбір ұстаз Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас» деп сенім артса, профессор Мекемтас Мырзахметов: «Қанипа – туыстан артық туысым, рухани туысым» деп жанына жақын тартты. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы болар. Бұл орайда Мекемтас Мырзахметовтың «Қанипа - рухани туысым» деген сөзін бөліп атағым келеді. Ұстаздың алдын көрген әрбір түлек үшін Қанипа апай – рухани туысымыз.

Қазір ғылыми-техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі – компьютер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бірақ бір нәрсе жетіспейді. Бүкіл адамзат соны

іздеумен әлек. Ол – рух қажеттілігі, рухани азық. Рухани азықты тауып, дәмін татып мейірін қандырған адам ғана бұл дүниенің қызыл-жасылы мен баянсыз бақыттарына жүрек байламай, «толық адам» кейпіне келіп, өмірден өзінің нақты орнын табады. Сонда ғана ол өзінің адам деген атына заты сай көзі ашық, көкірегі ояу кемелдік дәрежесіне жетеді.

«Кабинетіңе жүз компьютер, онлайн технология қойып қойсаң да, бұның бәрі мұғалімнің басын алмастыра алмайды. Мұғалім – тұлға, мұғалім – білімнің көзі, мұғалім – тәрбиенің көзі» деген Хан апамыздың орнын кіммен алмастыра алармыз?!

Адам өмірінің «алтын бесігі» – мектептің есігін ашқан бала адамдық әліппесін үйренеді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Біз Қ.О.Бітібаеваны осы үддеден шыққан ұстаз деп танимыз. Өйткені ұстаз - дәрігер сынды оқушы жастардың болашағына жауапты жан. Ол жас адамның жан саулығына, рухани кемелдігіне жауап береді. Баламен өзінің өмір тәжірибесін бөлісіп, сол баланың өмірінде өшпес із қалдырады. Жеткіншектерге ата-ананың үйде берілген тәрбиесі жеткіліксіз, себебі, олар балаға өзінің нәрестесі ретінде қарайды. Ал ақылымен бөлісер, ар-ұятты бойғы сіңірер бірде-бір адам болса, ол – ұстаз. Өйткені нағыз педагог балаға жеке адам, тұлға ретінде қарайды. Қанипа Бітібаева оқушылардан дара тұлға қалыптастыруды көздеген талантты тәлімгер еді.

Хәкім Абайдың, кемеңгер Мұхтардың шығармаларын оқыта отырып, жеке тұлғаға қажетті тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, жан азығына басым көңіл бөлуді мақсұт етті. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылса, Абай айтқандай, оны өзі үшін оттаған хайуанның қатарына қосу керек. Қанипа ұстаз әдебиетті оқыту арқылы оқушыларға жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіре білді. Ол мысалдарды өзінің өмірінен алған оқиғалармен ұштастыра баяндайтын. Мәселен, өз өмірінің критериіне айналған адалдық жайлы әңгімесі мынадай:

«Атам мен әжемнің қолындамын. Үш жасар кезім шығар, ересектер жұмысқа кеткенде мені көрші үйге қалдырады, әлгі шаңырақтың ши борбай, шөпжелкелерімен ойнап отырам. Бір күні сол үйдегі өзім құралпылас қыздың қолдан тігілген шүберек қуыршағына қатты қызықтым. Баламын ғой. Жоқшылық заман. Сол ойыншықты үйге қайтарда ешкімге байқатпай етегіме орап әкеттім. Ол шақта электр шамы жоқ. Майшам жағылады. Үйге сығырайған сынық сәуле түскенде, әжем менің бір нәрсеге әуестеніп, ойнап жүргенімді байқап, жаныма жетіп келді. Қуыршақты көріп, мұны қайдан алғанымды сұрады. Шынымды айттым. Әжем қатты ашуланды. Қолымнан жетектеп, жарым түнде көрші кемпірдің есігін қақты. Құдай-ау, сондағы қызығып жүрген қуыршағым, кенеп қаптың жыртылған бір пұшпағынан тігіліп, белін буған, көзінің орнына қос түйме қадаған бірдеңе.

– Әй, көрші, мен саған ұрыны ұстап әкелдім! – деді босағадан аттай бере.

Көрші кемпір сасып қалды.

– Көтек, ұрысы несі?

– Міне, мына Қанипа, сенің қызыңның қуыршағын ұрлап алыпты. Айыбын өзің кес.

– Қойшы, сен де, жаман шүберекке бола, баланың әбден зәресін ұшырып. Қызыққан екен, ала ғойсын, басы бүтін сыйладық, - деп еді. Әжем көнбеді.

– Мен мұны «ала жылан, аш бақа» болсын деп бақпаймын. Біреудің ала жібін аттау – арға сын. Тегін алмаймыз, сатып аламыз, - деп, көрші кемпірдің қарсыласқанына қоймай, әлгіні сатып алды. Сол оқиғадан бері осы алпыстан асқан жасыма дейін бір адамның ала жібін аттап көрген емеспін. Айбек, сен де сөйт, «арамның ісі алға баспайды». Ешкімннің ала жібін аттама! Аққа құдай жақ!» – деп тәмсіл айтты.

Бұл бір ғана мысал. Сыныптағы рухани адамгершілік, психологиялық ахуал – бала үшін адамдармен қатынастың алғашқы мектебі болса, нақ осы өз сыныбында баланың мейірімділікке және зұлымдыққа, тәртіпке материалдық және рухани құндылықтарға деген көзқарасын Қанипа Бітібаева қалыптастыра алды. Сонымен қатар махаббат сезімін, достықты, жауапкершілік пен шындықты түйсіндірді. Мектептегі тәрбие өсіп келе жатқан балалардың өмірлік іс-әрекетіне ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Оқушыларға мұғалім ұнамаса, онда сол педагог оқытатын пәннің өзі де балаларға ұнамайтындығы жиі кездеседі. Ал Қанипа Омарғалиқызы оқытатын әдебиет пәнін барлық оқушы сүйіп оқитын. Неге? Себебі Хан апамыз ұстаз ретінде де, ана ретінде әр оқушының жүрегіне жол таба білді.

- Біріншіден, әрқайсысымызды құрметтей отыра, тұлға ретінде қалыптасуымызға көмектесті. Жан-жаққа жайылып кетпес үшін әрі белсенді болу үшін талапшыл да еді.

- Екіншіден, өзара ынтымақтастық қарым-қатынас орната білді. Кез-келген мәселені бірлесіп шешетінбіз, талқыға салатынбыз. Яғни, оқыту мен тәрбиелеудің бірлескен процесі жүзеге асатын, бұл жерде мұғалім – адамгершілік пен білімнің үлгісі болып табылатын.

- Үшіншіден, сенім. Мектепте тәрбиенің дұрыс іске асырылып жатқандығының басты белгісі: оқушының мұғаліммен еш нәрсені жасырмауы, оларға қарай үнемі ұмтылысы, жақын болуы. Осындай жағдайда ғана рухани жақындық туады.

Тәлім-тәрбие баланың даму кезеңдерінде адамның рухани өзін қоректеуші болып, білімнен бұрын жеткізілуі тиіс. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деген Әл-Фараби. Оқушылардың рухани-адамгершілігін дамыта отырып тәрбиелеу – адам бойындағы жағымды қасиеттер мен жағымсыз ойлар бала мен ішкі сезімдік байланыс орнатқанда ғана бір-біріне ауысады. Қанипа Бітібаева баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыра алды.

2000 жылдар болса керек. Сол уақытта үнемі жылаңқы, өмірден түңілген өлеңдер жазу етек алған кез. Бәріміздің бесіктен белімиз шықпай жатып бойымыз толы мұң мен зар. Бірде өмірден әкемнің өтіп кеткенін, анамның тартқан азабын,

өзім көрген қиындықты айтып, қиыннан қиыстырып, Қанипа апайға мұң шағып, өлеңмен хат жолдадым. Ол былай басталатын:

«Жалғыз екем, жалғыз екем,
Жүрсем де көптің ішінде.
Қайтыс болып жалғыз әкем,
Жүреді ылғи түсімде...»

Ары қарай жыламсыраған, өмірден түңілген мәтін кетеді.

Ертеңінде Хан апам сабақ үстінде маған бір парақ қағаз ұсынды да: «Бөлмеңе барып, мұқият оқы, түсініп, миыңа тоқып ал» деді. Сосын мынаны айтты:

– Осы қазіргі қазақтың жігіттері ез, ынжық болып бара жатқан секілді. Айбек, сен ренжіме, бірақ айтайын, осы ер-азаматқа алып-ұшып, әсіре қиялданып өлең жазып, ақын болудың не қажеті бар. Қиялға ерік беру, қиялға еріп көру, нәзік сезімнің қылын шерту – қыздарға тән қылық емес пе?! Құдай-ау, қазақтың ер-азаматтары жылаңқы болса, ел тізгінін кім ұстайды, жерді кім қориды, елге кім қамқор болады? Сен, көзің көкшірейіп алып, тым қиялшылсың, өлең жазуды қыздарға қалдырсаң қайтеді?

Өлең жазуды қыздарға қалдыр дегені несі? Аздап кейіп қалдым.

Сабақтан соң хатты оқысам, төрт шумақ өлең жазып жіберіпті. Соның екеуі ерекше есімде қалды:

«Өзіңе болсын сөзім түбі кеңес,
Жігері шын жігіттің түбіт емес.
Ойлаушы ем дарынды бала ғой деп,
Сен өзің мігітпісің жігіт емес!?
Қазақтың жігіттері нар емес пе,
Бабасы батыр туған ер емес пе?
Ер-азамат басыңмен мұңың шағып,
Әйелге жылағаның ар емес пе!»

Иә, Хан апамның осындай да ерекше қасиеті бар-тұғын.

Қанипа апайды бір көргеннен жан-жақты тани кету мүмкін емес. Ол кісі еркелете білетін, – есіртпейтін, сырласа білетін, – сыр алдырмайтын, жанындай жақсы көретін, – жалбақтамайтын, қатал бола білетін, – қаһарланбайтын, мұңыңды тыңдай білетін, – мұң шақпайтын, мектеп үшін жанын беретін, – міндетсінбейтін.

Хан апам – менің шынайы досым, сенімді сырласым еді. Оның алдында жүрегіңнің түбіне сыр жасыру мүмкін емес, оңай шешілетінсің. «Әй, осы, мына бір өлеңіңді қай қызға арнап жаздың?» - деп сұрайтын бір әредікте. «Өй, әнеубір пәмпіш мұрын шөпжелкеге ме? Соны да сұлу деп, ақындарда ес болмайтыны тегі рас», - дейтін өңін құбылтып, жорта жақтырмағансып. Сосын іле-шала: «Ойбай-ау, әншейін айтқаным ғой. Баяғыда Естай ақынға бір досы: «Сонша өліп-өшіп, үздігіп әнге қосатын, ғашығың – Қорланды маған бір көрсетші, әлемде әспетіне шендесетін ешкім жоқ шығар» деп сыртынан танысса керек. Сөйтсе, әлгі Қорланы қарапайым ғана қараторы қыз екен. «Өй, осыны да сұлу деп жүрсің бе?!» деп кейіген досына: «Сен оған менің көзіммен қарап көрші» деп жауап беріпті. Сол сияқты сенің көзіңмен қарап көрмесем, таңдаған қызың маған ұнамады. Отыр ғой, міне, ақылына көркі сай, сұлу қыздар (Өзіммен бірге оқитын қызды нұсқайды). Соған арнап

жазсаңшы өлеңді». Тамаша психолог еді ғой, сол қыздың маған рухани дос бола алатынын сұңғыла санасы әлдеқашан сезген сияқты. «Естеріңде болсын, жігіттер, ертең осы қыздардан артық жар, қыздар, осы жігіттерден артық ер таппайсыңдар. Бірге өскен балалар бір-біріне бауырмал келеді!» - дейтін.

Әрине, ұлағатты ұстаздың тәрбиесін көрген қыздар көргенді болмай қайтсін. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». Хан апамның осы өсиет сөзі менің жадымда берік жатталды, жүрегімде сақталды. Дуалы ауыздың дегені болып, мектеп бітірген соң, сол сыныптас қыздан сүйкімді, содан сүйікті ешкім жоқ екеніне көзім жетті. Біздің тағдырымыз тоғысып, шаңырақ көтердік. Тойымызға шақырып, апамыздың батасын алдық. Ол кісінің бізге тарту еткен сыйлығы да ерекше-тін. Мектепте оқып жүргенімізде үнемі: «Араларыңнан біреу-міреу үйленсе, ата-аналарыңа айтыңдар, сендерге, тұрмыстық техника, көлік сыйлаудың орнына «Абай жолының» төрт томын сыйласын. Ұлттық рух та, отбасылық тәрбие де осы кітаптың ішінде тұнып тұр. Ұрпақ Абайды оқуы керек» дейтін. Сол сөзіне орай бізге, «Абай жолының» 4 томдығын ұсынды. Ұлыларға деген құрметін көзі жұмылса да тоқтатқан жоқ. Төрт том «Абай жолын» «басыма жастап жатамын» деп, өзімен бірге көмдіргеніне де куә болдық.

Ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өз орны бар тұлға Қанипа Омарғалиқызы Абай туындыларын оқытуға негізделген – екі, Мұхтар Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған – үш кітап жазды. Бұлар – іргелі еңбектер санатына енген, ұлттық білім беру саласын байытқан туындылар. Әдіскер-ұстаз осы әдіснамаларында кеңестік кезеңде қалыптасқан Хәкім хақындағы қасаң түсініктердің қалыбын бұзуға күш салды. Республикада алғаш рет құрылған өзінің авторлық сыныптарында «Абайтану» курсын оқытты. Қазақтың Қанипасы оқытқан Абай – идеологиялық идол емес, ұлттық идея идиалы еді. Ол: «Абай сөзі – халық сөзі, Абай тілі – Алаш тілі» деген тұжырымнан таймады.

Қоғамдық дамудың қазіргі процесі жаңа білім беру жүйесінің алдында өз болашағына сенімді, өзін-өзі билейтін, өз ісіне жауапты, жан-жақты дамыған ізгілікті тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін қойып отыр. Бұл мәселелерді шешу білім берудің ұлттық кеңістігінде де, әлемдік кеңістігінде де мәселелердің ең маңыздысы болып отыр.

Өткен ғасырдың 70-жылдары ғылым мен тәжірибені ұштастырып, үздік нәтижеге қол жеткізген Ш.Амонашвили, Ю.Бабанский, Ю.Львова, В.Шаталов сынды әлемге белгілі орыс ғалымдарымен тең атаның ұлындай тізгін қағыса пікірлескен Қанипа Омарғалиқызының еңбекшілдігіне, қажыр-қайратына, ыждағатты ізденімпаздығы мен сүйікті ісім деген жанкештілігіне және гуманистігіне қалай таңғалмайсың!?

Өзінің эксперименттік мектебінде Ш.А.Амонашвили ынтымақтастық педагогика, жеке ықпал, тіл және математика пәндерін оқытудың әдістерін жасап, ендірді.

Мақсатты бағыттары:

– Баланың жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеу;

– Баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату;

– Танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

– Алған білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағай жасау;

Тұжырымдама ережелері:

– Ынтымақтастық педагогикасы тұжырымдалады;

– Рухани жетілдіру;

– Бала психологиясын дамытуға, есейтуге және еркіндік құштарлығына қалыптастыру;

– Әсемдікті, әдемілікті сезіну, қабылдау;

Әдістеме ерекшеліктері:

– адамгершілік;

– жеке ықпал;

– қарым-қатынас шеберлігі;

– ата-ана педагогикасының қайнар көзі;

– оқу қызметі.

Балалар қызметін бағалау:

Сандық бағалаудың орнына сапалық бағалау: мінездеме беру, қорытынды жасау, талдау жасауға үйрету, өз ісін бағалау.

Ал әдіскер ұстаз – Қанипа Бітібаева әдебиетті оқытуда ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасын ұстаным ұстыны етті. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – оқушының ойына түркі жасау - ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асты.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, деңгейлік оқыту бағдарламалары, ондағы оқушыларды ынталандыру, жігерлендіру, өз-өзіне баға қою, баламен кері байланыс тәсілдерін Қанипа апай сонау 1992 жылдардан бері пайдалана білген. Ұстаздың педагогикалық шығармашылығы өзектілігін ешқашан жоғалтпайтыны сондықтан.

Жоғары оқу орындарындағы педагог мамандарды оқытуға арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі, технологиясы» атты екі оқулығы да жоғары және орта білім беру жүйесіндегі сабақтастықты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Осы үшін республикамыздың бүкіл педагогы Қанипа мұғалімді «аға ұстаз», «ұстаздардың ұстазы» деп құрмет тұтты.

Біз ұстаздың әр сабағына алдымызға белгілі мақсат қойып келетін едік. Бұл орайда әр оқушыға жеке күнделік жазба жүргізуімізді тапсыратын. Сол күнделікке оқыған кітаптарымыздан алған әсерлерімізді, авторлар туралы түсінігімізді түсіруді, шығармадан түйген ойымызды баяндағанымызды қалайтын. Осы арқылы ұстаз диагностика жүргізіп, баланың шығармашылығына болжам жасайтын.

Қанипа апайдың әрбір сабағы қызу пікірталастан тұратын. Себебі ол кісі әр оқушының жеке пікірін тыңдауға тырыса отырып, ойларын қысылмай, ашық айтуға баулитын. Қанипа ұстаз ешқашанда «сенің бұл пікірің дұрыс емес» деп кесіп айтпайтын. Керісінше оқушыға жеткізгісі келгенінің дұрыстығын барынша дәлелдеп шығуына көмектесетін. Бізге «Абай жолын» оқып қана қоймай, ондағы жазылған әрбір сөзді түйсіне, ой елегінен өткізуімізге ықпал жасайтын. Бір сабақта осындағы кейіпкерлер бейнесін талқыға салдық. Қыздар жағы толықсыған Тоғжанды сипаттап жатса, ұлдар жас Абайдың болмысын айшықтап әлек. Бір қызығы мұнда мен –

мұғалім, сен – шәкірт деген қағида жоқ. Балалардың ойын жеткізуі, сөз сөйлеуі, тіпті жүріс-тұрысы – бәрі еркін. Оқушылары партада сымға тізілген торғайдай тырп етпей отыратын ауылдық мектептен келген мен үшін, бұл жойдасыз жаңалық. Топ-топқа бөлінген шәкірттер, өзара пікір алмасып, мұғалімнің қатысуынсыз-ақ қызыл кеңірдек болып жатыр. Ал Қанипа апай кейбіреулеріне түсіндірме жүргізуде. Сынып ішіндегі мұндай демократия маған таңсық. Мен сырт мектептен келгендіктен мұндай еркін қарым-қатынасқа етім үйренбеген. Басқа балалар болса, соған төселіп алған, сыныпқа еркін кіріп, еркін шығады екен. Қазақ баласының қанына сіңген қасиеттер – ұяңдық, биязылық қой, алайда оқуға келгенде өжеттік, опалы озбырлық қажет. Хан апамыз соны аңғартса керек.

Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін».

Ш.А.Амонашвили «Рухани ізденістің биіктігі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасында ерекше, сенім орын алады, ал білім – адамға жүрек пен ақыл арқылы беріледі, өйткені ол адам жанына сүйіспеншілік арқылы жол табады...», - дегендей, бала тәрбиесіндегі ең бастысы – рухани біртұтастықта.

Мектептегі ұстаз – оқушының шамшырағын жағар тұлға болып табылады. Сондықтан да оқушыларға сапалы білім ғана емес, рухани, ізгі тәрбие беруіміз қажет.

Қ.Бітібаева Ш.Амонашвилидің дәстүрлі оқытуды оқушылардың саналы түрде білім алатын ынталы ортасына айналдыру, Ю.Бабанскийдің оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың мүмкіндіктеріне сай жүргізу арқылы нәтижеге бағыттау сынды әдістерін ілгерілетіп, өзіндік философиялық қағидаларын негіздеді.

Қанипа Бітібаева жайлы әңгіме қозғала қалса оқушылары: «Менің Хан апам сондай еді, менің Хан апам мұндай еді, менің Хан апам бұй деуші еді, менің Хан апам сүйтуші еді... Менің Хан апам.., Менің Хан апам...» деп, сөзінің әлқисасын осылай ерекше тебіреніспен, мерейлі мақтанышпен меншіктей сөйлеп бастайды. «Біздің Хан апа» демейді, «Менің Хан апам» дейді. Неге? Өйткені, Қанипа апайдың дара қасиеті шәкірттерінің әрқайсысының жүрегіне жол таба білетін. Сол сәтте бұл әлемде ол кісі үшін сенен маңызды мәселе, сенен артық адам, сенен жақын сырлас жоқ болып сезілетін. Қоңырау шалса, тек қана саған телефон соғып, тек қана саған жылы лебізін білдіретіндей, қою қоңыр үнімен тек сенің ғана хәліңді сұрап, тек саған ғана кеңес беретіндей болушы еді. Шәкірт-жүректі соған иландыратын. Ал шын мәнінде, өзі ойдағы он оқушысына, қырдағы қырық шәкіртіне теңдей көңіл бөлуді ұмытпайтын. Педагогикалық шеберлік деп – осыны айт.

Бірде Хан апам: «Бір аптадан соң, менің атымдағы халықаралық оқушылар олимпиадасы өтеді, соны жүргізесің» - деді әй-шайға қаратпай. Бұл менің еңсем түсіп, езіліп жүрген кезім еді. Ауқымды оқушылар олимпиадасының ашылу салтанатын жүргізетіндердің қатарына мені кейбір адамдардың қарсылығына қарамастан қосуы, бұл баланың өз-өзіне деген сенімі артсын, жұрт алдында жүрсін,

жігері жығылмасын дегені екен. Ғылым докторы Дихан Қамзабекұлы, профессор Сейіт Қасқабасов, Мекемтас Мырзахметов, т.б. үлкен ғалымдар қатысқан жиыннан соң, апам мені шақырып алып былай деді: «Айбек, өмірде жаман адамдар жетерлік, алайда жақсы адамдар олардан әлдеқайда көп, бұл дүние солардың арқасында жасап тұр, олар әлі талай рет сенің алдыңнан жолығады, жақсы адамдарға сен, жақсылыққа сен, соны ұмытпа!». Хан апамның осы сөзі еңсемді көтертті, бойымды тіктетті.

Ол кісі жыл сайын соңғы қоңырауда өзінен тәлім алған түлектермен қоштасу сәтінде, дархан жүрегінің бір жапырағын үзіп, үздіктеріне үлестіріп, таратып беріп жіберетін. Мұны біреу сезсе, біреу сезген емес. Міне, менің кеудемде де сол жаһұттың бір бөлшегі лүпіл қағып тұр.

Соңғы рет мен Хан апаммен бір мерейтойлық жиында жолықтық. Құрметті қонақ ретінде шақырылыпты. Тойдың басында ұжымдастарының ортасында біраз отырды да, тілегін білдіріп болған соң, денсаулығым бұрынғыдай емес деген уәж айтып, менен үйіне жеткізіп салуымды өтінді.

Қоштасарда қолымды уысына қатты қысып тұрып айтқан соңғы өсиеті: «Айбек, сен ақынсың ғой, ақындар әсершіл келеді. Әркімге әуес келеді. Сонда да ұмытпа, әлемдегі ең сұлу әйел – сенің балаларыңның анасы!».

Біздің балғын жүректеріміздегі сезімді оятқан, Хан апамыздың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Еңлік-Кебек», «Қыз Жібек пен Төлеген», «Абай мен Тоқжандардың» мөлдір махаббаты жайлы шерткен сыры еді. Енді міне сол кіршіксіз айдынды кір шалмасын деп, тату-тәтті өмір сүрудің таптырмас формуласын айтып жатыр. Иә, бұл әлемде анадан сұлу жан жоқ. «Хан апа, сіз менің де анамсыз, сізден асқан сұлу жан жоқ әлемде, жаныңыз сондай сұлу», - дедім ішімнен. Туған анам айта алмаған ақылды, рухани анамнан есіттім...

Хан Апамыз да жапандағы жалғыз ағаш – алып бәйтерек еді. Гүлі, дәні, жапырағы – шәкірттері болатын. Бүгінде, «Бітібаеваның балапандары» Қазақстанның, шетелдердің әр қиырынан табылады, еліне қызмет етіп, жеріне тамыр тартып, саялы баққа айналып жеміс беруде. Ең өкініштісі, алыптар шоғыры азайып барады. Пендешіліктен ада, жаны сәбидей пәк, жүрегі мен ары таза даланың даңқты, дана ұстаздарының соңғы Могиканы да Хан апам еді...

Қазір біз жапон білім беру стандарты, Британ мектебі, Еуропа, АҚШ әдістемесі дегенді жиі айтамыз. Осындай озық үлгілердің отандық білім беру жүйесіне енгізілгені қаншама. Бірақ ұлттық бірегейлігімізді бүтіндеп, біте қайнасып кеткені аз. Сырттан таңылған технологиялар, білім саласына сілкініс әкелгеннен бұрын, ұлттық танымымызға «төңкеріс» жасап жіберді. Ал Қ.Бітібаева ойлап тапқан әдіс-тәсілдер «Сын тұрғысынан ойлау» немесе «Кембридж технологиясы» емес, ұлттық педагогикамызға негізделген тәуелсіз еліміздің төл технологиясы.

Қанипа ұстаздың үлкен арманы – ұлттық үлгіде білім беретін мектеп ашу болатын. Бұл еуропалық дәстүрдегі мектеп емес, білім саласындағы бүкіл әлемдік жетістіктерді бойына сыйдырған, табалдырығынан бастап төріне дейін ұлттық салт-дәстүр, этнопедагогика рухы сіңірілген оқу ордасы болмақ-тын. Тірі болса, бұл мақсатын да жүзеге асырар еді, амал не...

Алыптардың азайғанын сезінудің өзі – азап. Алайда құлаған бәйтеректің тамыры бүтін, дәнегі мол, сондықтан тағылымды ісі, таңбалы ізі жоғалмас, әр кірпішін өзі қалап кеткен мұғалімдік мұнарасы аспанмен астасып мәңгілік тұра берер.

Ол көзі тірісінде-ақ еңбегі еленіп, құрметке бөленді. «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанды. Ұлағатты ұстаздың атында 19 атаулы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана жұмыс істеп тұр. Жыл сайын ұстаздың атында республикалық педагогикалық оқулар мен оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадалар өтеді. Мазмұнды шаралар легі мұнымен іркіліп қалмайды деген үміт мол.

Өмірінің соңында жазған «Егіз өрім» атты кітабында Қанипа Омарғалиқызы 45 жылдық ұстаздық ғұмырын былай сипаттайды: «Таңымды «мектеп» деп атырып, түнімді «мектеп» деп батырып жүргенімде 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым. 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр кешіппін... 45 минут мені дәулет, байлық биігіне көтермесе де, рухани байлық сыйлады, есімімді елге аңыз етіп таратты. Осы 45 жылда мен халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге, тірісін ұлықтауға тер төктім».

Майталман мұғалімміз ұлт мақтаныштарын ұлықтау жолында ащы терін аямай төгіп, көз майын тауысқаны рас. Ол ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, қазіргі кезең әдебиетінің ірі өкілдері – И.Сапарбай, Иран-Ғайып, Н.Оразалин, Т.Әбдікәкімов, Ұ.Есдәулетов, Е.Раушанов сынды ақындардың шығармашылығын оқытудың оқу-әдістемелік бағдарламасын әзірлеп үлгерді. Ұлағатты ұстаздың есімін ұлықтау, өшкенін жандыру, мұрасын насихаттау жолында енді біз, тірілер, тер төгуіміз шарт.

Қанипа ұстаз: «Мені ұстаз етіп қалыптастырған – шәкірттерім» депті бір сөзінде. Қазір ұстаздың авторлық сыныптарын бітірген шәкірттерінің 30-ы – ғылым кандидаты, 6-ауы – филология және педагогика ғылымдарының докторы, 70-ке жуығы – облыстық пән олимпиадаларының бас жүлдегері, 25-і – республикалық олимпиадалардың жүлдегері, апайдың ақын шәкірттері республикалық, халықаралық мүшәйралардың жеңімпаздары, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаттары. Кемел ұлттың негізін осындай дарынды, білімді, мәдениетті ұрпақ қалыптастырады десек, Қазақтың Қанипасының еліміздің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Амонашвили Ш.А. Улыбка моя, где ты? Мысли в учительской. - М., 2003.

2. Ы.Алтынсарин. Мұсылмандықтың тұтқасы.

4. А.Оралхан. «Ұлы Абайды ұлықтаған ұстаз» / «Егемен Қазақстан» 2020

5. А.Оралхан. «Менің Хан апам» / «Найзатас» журналы 2018, №4

6. Белухин Д.А. « Педагогическая этика: желаемое и действительное» М.:

7.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

Адилбекова Жанар Советхановна
Астана қаласы әкімдігінің
«№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ САЛУ, ОЙЛАНТУ» ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Жаңартылған білім мазмұны 2017 жылы мектеп бағдарламасына енгізілгенде, оқу мақсаттарын түсініп, жүйелі жұмыс жасау ұстаздар қауымына қиындық тудырғаны – бәрімізге үшін шындық. Қателестік, іздендік, үйрендік. Сондай ізденістің бір жолы, қиындықтарымыздың жауабы – Қазақтың Хан апасы Қ.О. Бітібаева еңбектерінде жатқанын байқадым. Баяндамамды Қ.О. Бітібаева туралы ғалымдардың айтқан мына бір пікірінен бастауды жөн көрдім. «Біз, ғалымдар мен жазушылар шығарманы жазып, талдап береміз, ал Қанеке, оны оқушы жүрегіне жеткізуші өзіңдей ұстаздар» деген еді. Қ.О. Бітібаева, шынымен де, оқушы алған білімін санасына құйып, ойдан ой тудыруға жетелейтін ерен еңбектер қалдырды. Ұстаз еңбектері әлі де үлкен зерттеуді қажет етеді. Өкінішке орай, соңғы уақыттарда ұстаз еңбектері туралы ізденістер біраз тоқырап қалғандай көрінеді. Тек шәкірті Мұқашева Меруерт Бітібаева технологиясының маңызы туралы докторлық жұмысын жазуда.

Бүгінгі қаралғалы отырған тақырып – «Қ.О. Бітібаева оқыту технологиясының жаңартылған білім мазмұнымен үндестігі». Ұстаздың оқыту технологиясының жаңартылған білім мазмұнымен үндестігін, ең бірінші, Абай мен М. Әуезовті оқытудан бастасақ. Қай бағдарлама болмасын, Абай мен Мұхтарды оқытуда Қ. Бітібаеваның еңбектерін басты көмек-құралы, бағдаршам етіп алуымыз керек деп ойлаймын. Ұстаздың «Мектепте Абай шығармаларын оқыту», «М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту» еңбектері жаңашылдығын жоймаған, себебі бұл еңбектерде ауыз әдебиетінен бастап, шетел әдебиетіне дейінгі білім мазмұны мен оқытудың тиімді жолдары қарастырылған. Сондықтан жаңартылған білім мазмұнын ашу, оқу мақсаттарымен тиімді жұмыс жасауа үшін мұғалімге қажет басты оқыту құралы деп санаймын.

Жаңартылған білім мазмұнының оқыту бағдарламасында оқушыларың жас ерекшелігі ескеріле отырып, Абай Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» және «Бірінші қарасөзі», «Жетінші қарасөзі», «Отыз бірінші қарасөздері» (6-сынып) мен оқу мақсаттар жүйесі берілген болса, ал жоғарыда аталған ұстаз еңбектерінде оның оқыту жолдары, тапсырмалар үлгісі, оқу мақсаттарын қалай жүзеге асырудың нақты әдіс-тәсілдері мен технологиясы көрсетілген. Бітібаеваның «Ойтастау, ойланту технологиясында берілген» оқытудың алты кезеңін мұғалім толық пайдалануға мүмкіншілік болмаса, алдын ала

тапсырма беру, оқулықпен, қосымша еңбектермен жұмыс сынды кезеңдерді өз ізденістеріне қарай пайдалануға болады. Себебі көркем шығармаларды, тіпті кез келген тақырыпты талдауда алдымызда отырған оқушылар құрғақ пікірлер айтады, оқулықпен, ғылыми еңбектермен жұмыс жасап, нақты фактілер келтіру барысында қиналады. Қ. Бітібаева өз еңбектерінде проблемалық сұрақтар қоя отырып, оның жауабын оқулықтағы ақпараттармен ұштастыруға бағыттайды. Егер осы әдістерді тиімді қолдана білсек, оқушының нәтижелі жазылым тапсырмасына, эссе жазуға әкелетіні сөзсіз. Мысалы, жыраулар әдебиетін оқыту барысында Қ.О.Бітібаеваның ҚЖТ (конструкциялық жобалау технологиясымен) берілген мына бір кестеге назар аударайықшы. Осы кестені оқушылар алдына ұсынар болсақ, жаңартылған білім мазмұны бойынша берілген оқыту мақсаттарына жетуге болады деп ойлаймын. Өз беттерімен ізденуге, мәтінмен жұмыс жасауға мүмкіншілік ашылады. (Кесте №1) (презентацияда)

Кесте №2.

<table>
<tr><th>сынып</th><th>Берілген шығарма атауы</th><th>Мақсаттар жүйесі</th><th>Абай шығармаларын оқыту</th></tr>
<tr><td rowspan="2">6</td><td rowspan="2">«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»</td><td>Т/Ж2 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру</td><td>«Абайдың әдебиет, көркемөнер туралы эстетикалық биік талғамы. Оның тұңғыш рет қазақ әдебиетінде ақынның да, әншінің де, сөз өнерінде халық алдындағы борышы, әдебиет пен өнердің мәні, мақсаты туралы сөз қозғауы, ой тастауы. Адам – қоғам – әдебиет – өнер проблемасын көрсетуі» [1. 11 б.] деп, шығарманың идеясын анықтау, көтерілген мәселені талдауда неге баса назар аудару керектігіне бағыт береді.</td></tr>
<tr><td>А/И3 Шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау</td><td>Бұл мақсат бойынша мынадай тапсырма үлгісін ұсынуға болады.
1-тапсырма. «Өлеңдегі бейнелі айшықты сөздерге талдау жасай отырып, оның шеберлігі, стилі туралы ойлан» [2. 11 б.].
<table>
<tr><td>Метафора</td><td>Эпитет</td><td>Теңеу</td><td>Бейнелі сөздерді пайдалану, жасау шеберлігі. Олардың өлеңдегі орны</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Талдау тапсырмасынан өзіндік бағалау тапсырмасына жетелеуде төмендегі тапсырма үлгісін ұсынады.
2-тапсырма.
<table>
<tr><td>Болжам</td><td>Дәледеме</td><td>Баға</td></tr>
<tr><td>Кейіптеу, анти еза, градация</td><td>Бейнелі сөздерге дәлелдеме</td><td>«Поэзия, қарасөздеріндегі бұрын ешкім</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

			<table><tr><td>сынды бейнелі сөздерді тауып, болжам жасайды</td><td>лер келтіреді</td><td>айтпаған даналық» сынды ұстаз пікірін оқушы ары қарай нақты дәлелдер келтіре отырып, жалғастырып жазуына болады</td></tr></table> *Ескерту!* Оқушының жетістігі, кемшілігіне ой жүгірту, рефлексия, кері байланыс жасау.
	Абай Құнанбайұлы «Отыз бірінші қарасөзі»	Б/С4 Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	Оқушыларға әдеби сын жазу – оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де күрделі тапсырманың бірі. Сыни хабарлама, сыни пікір туралы ұғымды түсіндіріп, ұсынылған шығарма туралы ғалымдардың зерттеу еңбектерін оқыту, талдау негізінде оқушының өз пікірімен ұштастырады. Қ.О. Бітібаева еңбектерінде Абай Құнанбаев шығармалары бойынша сыни пікір, хабарлама жазу әдістемесі, оқушыға көмек-нұсқау ретінде сыни-зерттеу еңбектерінің тізіміне шейін берілген. 1. М. Әуезов «Абай Құнанбаев». Монография. 18-19- том 2. Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті» 18-19 ғасыр. «Абай» бөлімі 3.Х.Сүйіншалиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері». Абай бөлімі 4.Т. Әлімқұлов «Жұмбақ жан» 3. Қ. Мұқаметханов «Абай поэзиясының текстологиясы» 4. Р. Сыздықова «Абай өлеңдерінің құрылысы» [1. 15 б.]

Қ.О.Бітібаева пікір жазудың мынадай әдістемесін ұсынады: [3. 173 б.]

1. Дайындық кезеңі	- алдын ала тапсырма беру; - қайталау жұмыстарын жүргізу; - материалдар әзірлеу, керектісін сұрыптау
2. Пікір жазу кезеңі	-жоспар құру; -бұрынғы білімді еске түсіру; -жаңа мақсатқа пайдалану
3.Өзіндік тексеру, жұмыстарын тексеру кезеңі	- өзіндік дербес ізденіс; -тексеру, түзеу
4.Пікірін оқу, ортаға салу	-бағалау; -қорытындылау

Яғни, мұғалім қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру барысында Қ.О. Бітібаеваның еңбектерінен берілген оқу мақсатына сәйкес оқушылармен жеке, жұптық, топтық және түрлі ұжымдық тапсырмалар үлгісін, әдіс-тәсілдерін алуға болады.

Ал, М. Әуезов шығармаларымен үндестігін талдап көрелік. «Мұхтар Әуезовтің тілі – күрделі тіл. ... «Абай жолының» тілі жылдар өткен сайын орыс тілді

оқушы қауымға ауыр тиюде» [4.13 б.]. Иә, шығарма тілін түсінбеген балаға шығарманы оқыту әлдеқайда қиындық тудыратыны сөзсіз. Осы қиындықты ескере отырып ұстаз шығарма мазмұнын оқушыларға меңгерту мақсатында мынадай жұмыстарды ұсынған. Ұстаз 2002 жылдардың өзінде оқушы білімін бағалауда жиынтық (суммативті) және формативті бағалау үлгілерін негізге алған десек, артық айтпағанымыз.

Ескеру: жаңартылған білім мазмұны бағдарламасында 1 және 2-кітаптар бойынша ғана үзінділер берілген. Ендеше кестеге назар аударалық.

<table>
<tr><th>Сынып</th><th>Берілген шығарма атауы</th><th>Мақсаттар жүйесі</th><th>Қ.О. Бітібаеваның оқыту технологиясы</th></tr>
<tr><td>11</td><td>«Абай жолы» - ғасырлық туынды</td><td>11.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну</td><td>Шығарма мазмұнын меңгерту мақсатында ұжымдық тапсырма үлгісі берілген.
1-кітап бойынша:
Көрсеткіштер «Ж» – жұптық жұмыстағы баға, «С» – сыныптағы баға, «Қ – қорытынды баға. Бұған «белсенді топ» пен мұғалім екеуінің бағасы қойылады.
<table>
<tr><th>Оқушы аты-жөні</th><th>«Қайтқанда»</th><th>«Қат-қабатта»</th><th>«Жолда» т.б.</th></tr>
<tr><td>Адамбаева З.</td><td>Ж С Қ</td><td>Ж С Қ</td><td>Ж С Қ</td></tr>
</table>
[4. 14 б.]
Келесі эпизодтар бойынша жоспар-тезис жасау жұптық жұмысы ұсынылған.
<table>
<tr><th>Эпизодтар</th><th>Жоспар</th><th>Тезис</th></tr>
<tr><td>«Қызыл арай сәуле» (Қарқаралы табиғаты)</td><td>- Абайдың Қарқарлыға оралуы.</td><td>- Қала ішіндегі жаяу борасын.</td></tr>
<tr><td>2. «Ақ сақалды келісті қарт» (Шөжеме н кездесу)</td><td>Абайдың көңілді топтың кезігуі.</td><td>Даурыға сөйлеген топпен кездесуі.
- Топ ішіндегі ерекше қарт.
[4. 31 б.]</td></tr>
</table>
Бұл тапсырмалар – «Абай жолының» мазмұнын меңгерту ғана емес, жаңартылған білім мазмұны бойынша эпизод, тезис, жоспар деген ұғымдарды түсіндіру, олардың өзіндік ерекшелігін де нақты көрсетуімізге оқушылар үшін үлкен көмек-нұсқау.</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>11.2.3.1
- шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау</td>
<td>- Шығармада берілген Қарқаралы табиғаты, оның көрінісін тауып оқу, жазушының тіліне назар аудару. Қандай бейнелі сөздер арқылы табиғат көрінісін берген? Мысалы, оқушының «қызыл арай», «қызғылт құйын», «шыңылтыр аяз, көкшіл көлеңке» сынды бейнелі сөздерді табуына ықпал жасау.
- Абайға қарсы келе жатқан топ қалай сипатталады?
- Шөженің кескіндемесі (портреті) қалай берілген?
- Шөже өлеңін оқыту, «ақсақ тазы», «мысық сопы», «ақсақ дария», «соқыр қарға» сөздерінің мәніне назар аудару, оны оқушылармен бірге талдау. (Абайдың Шөже өлеңіне берген түсініктемесіне иек арту)
- Бөжей бастаған топтың суреттемесіне көңіл аудару. Бөжей портреті қандай сөздермен берілген?
- Бөжей батасы, оның мәні. Байдалының мақтау сөзі.
Батадан кейін Абай монологін оқу. Сұрақты сөйлемдердің молдығына, оның себебіне назар аудару [4. 32 б.].
Берілген тапсырмалар мен сұрақтар оқушының ізденуіне, шығарма идеясымен байланысын анықтауға ықпал ететіні сөзсіз.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>11.3.2.1
- көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;</td>
<td>Тойғұлы ауылы. Құнанбай мен Қаратайлар арасындағы замана мен сол заманның адамы туралы пікірлер.
Әңгімеге Абайдың араласуы. Өткір де әділ сөздері, ой тастауы. Үлкендердің сөз қақтығысы.
Құнанбайдың кінәлауы. Үш сауалы.Абайдың өтімді, өткір, ойлы жауабы. Жауап негізіндегі шындық.
Ата мен бала арасындағы дау негізінде жатқан шешендік оралымдар, тапқыр сөздер
[4. 33 б.].
Көркем шығармадағы замана көрінісін анықтауда ұстаз ұсынып отырған мәселелерді негізге ала талдасақ, бүгінгі заманмен салыстыруда, өзіндік пікір білдіріп, ой, қорытуда маңызы зор.
<table>
<tr><td>Көркем шығармадағы замана көрінісі</td><td>Қазіргі заман көрінісі</td><td>Баға</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
</tr>
</table>

		11.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету	Эпопеядағы кейіпкерлер галереясы, оны заманмен, эпопеяның алтын діңгегі Абаймен бірлестікте алып қарастыру: Феодалдық қоғам және Абай. Абай – феодалдық қоғам және халық. Дәркембайлар. Абай – феодалдық қоғам және халық. Құнанбайлар. Абай – феодалдық қоғам және әйелдер. Абай – феодалдық қоғам және жастар. Абай – феодалдық қоғам және достар келбеті. [4. 81 б.].

Қ.О.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» еңбегінде оқушыларды ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу жолдары туралы былай деген екен. «... оқушылардың тілін дамыту – тек әдебиетшілер, тілшілер мақсаты ғана емес, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап» [3. 164 б.]. Жаңартылған білім мазмұнында осы мәселе көтеріліп, барлық пән мұғалімдеріне сабақ барысында оқушының сөздік қорының дамуына назар аудару талабы қойылып отырғаны көңіл қуантарлық.

Сынып	**Берілген шығарма атауы**	**Мақсаттар жүйесі**	**Абай шығармаларын оқыту**
11	«Абай жолы» - ғасырлық туынды	10.2.4.1 көркем шығармадада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 11.2.4.1 - әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, шығарма, өлең) жазу	«Шығарма жаздыру – дәстүрлі оқытуда да, тәжірибеде де ежелден келе жатқан әдіс. Оқытуды технологияландыру кезеңі оның тың жолдарынан, ұтымды әдістерінен ізденуді талап етеді. Пәнаралық байланысқа негізделген шағын шығарма түрлері арқылы тіл дамыту үдерісін жүргізу – сол тың жолдарының бірі» [3. 164 б.] дей келе төмендегі шағын шығарма түрлерін ұсынады: 1. Шығарма-мүсіндеме 2. Шығарма-кескіндеме 3. Шығарма-өрнектеме 4. Шығарма-сезім 5. Шығарма-болжам Мысалы, шығарма-сезім жазудың әдіс-тәсілі, бағдары: Оқушыға еркіндік беріп, ой салу: көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау; өзіңе ерекше әсер еткен мәселе жайында сезімін жазу; оған ат қою; ойынды, сезіміңді жеткізуде көркем шығармадан үзінді алу. Берілген талаптарды дескриптор ретінде беруге болады.

Қорытындылай келе, мұғалімдер өз шеберлігін салып, Қ.О.Бітібаева оқыту технологиясын жаңартылған білім мазмұнымен үндестіре алса, оқушылар тыңдалым-айтылым және оқылымнан бүгінгі әлемдік білім беруде талап етілетін

эссе жазу сынды жазылым тапсырмасын нәтижелі орындай алатынына толық сенімдімін. Сонымен «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуың өзекті мәселелерін шешудің, білім сапасын арттырудың негізгі қадамдарының бірі болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. Алматы. Республикалық баспа кабинеті, 1994 ж., 180 бет.

2.Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері: Екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы. ЖАҚ, 2003. – 144 бет.

3.Бітібаева Қ. / Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы: өңделіп, толықтырылып, екінші басылуы. – Астана: «Дарын», 2011. – 271 б

3.Бітібаева Қ. М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: «Мектеп» баспасы. ЖАҚ, 2002. – 120 бет.

4.«Қазақ тілі және әдебиеті» бірінші тіл ретінде (Т1) оқу бағдарламасы (Білім беру мазмұнын жаңарту аясында)

Кабдыгалиева Айман Толепбергеновна
Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі ММ «Б.Сырттанұлы атындағы №25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ директоры, республикалық «Үздік педагог-2018» атағының иегері, педагог-шебер

Қ.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР: ТӘЖІРИБЕ. ИДЕЯ. НӘТИЖЕ

«Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тіліміздің - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет»

Қанипа Омарғалиқызы

XXI ғасыр – жаһандану, жаңа технологиялар мен инновациялар ғасыры, жаңаша ойлау және болып жатқан өзгерістерге жаңаша көзқарас ғасыры. Жүзеге асып жатқан өзгерістердің қарқындылығы білім беру жүйесіне жаңаша көзқарас қажеттігін талап етеді. Біздің балаларымызға берілген білім оларды болашақ әлеміне енуге дайындауы және осы болашақты жақсарту бойынша белсенді жұмыс жасауға итермелеуі тиіс. Осы басым бағытты басшылыққа ала отырып, 2020-2021 оқу жылынан бастап, мектебіміз Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облысы бірлескен «Қ. Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық

тағылымы» жобасы бойынша тірек мектеп болып бекітілді. Осы уақыт аралығында мектептің болашаққа бағдары, жұмыс мазмұны, жаңаша басқару, мектеп мәдениетіне өзгеріс енгізу - Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, Ойланту, Ойлау» технологиясы негізінде жүзеге асырылды. Бұл технология тәрбие , әдістеме, сабақты зерттеу бағыттарында да өзекті. Себебі, әр адамның іс-әрекеті ойлаудан басталады. Адам ойы сөз арқылы өрнектеледі, сөздің ар жағында ой жатады. Сөз бен ойды теңестіруге болмайды, алайда сөзсіз ойлау іске аспайды, ой айтылмаса, үнсіз тұншығады. Ойды үнсіз іштегі сөз деп, тілді дыбысталған ой деуге болады. Сонымен қатар, әлемге танылған бестцеллер кітап авторы, нөлден бастап, ерекше тәсілдермен өзін-өзі қолдан жасаған адам Джон Кехо «Түйсігіңмен ойлай біл!» деген кітабы – ойлаудың адам өміріндегі маңызын тағы да дәлелдеді. Илон Маск: «Біз өзіміз жақсы көретін дүниеге қалай қол жеткізуге болатынын ойлауымыз керек. Сол арқылы әлемді жаңартамыз.» деген сөз астары - Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының ойымен үндес екенін аңғару қиын емес. Бүгінгі күні мектеп мұғалімдерінің тұлғалық ерекшеліктері, олардың көшбасшылық қасиеттері, кәсіби біліктіліктері мектеп мәдениетіне әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан да Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, Ойланту, Ойлау» технологиясы оқушылармен ғана емес, ұжымның әрбір мүшесімен жүргізілуі керек. Демек, мұғалімнің көзқарасы, ұстанымы, оқушыны өзгертуге деген ұмтылысын қолдауда мүмкіндік береді және мақсатқа жетуге ынталандырады, табысты болу мүмкіндігін арттырады. Енгізілген технологияның табысты болуы мектеп мәдениетіне байланысты болады. Қ.Бітібаева технологиясы енгізілген соң мектептің миссиясы, болашаққа бағдарын анықтау әдістері, даму басымдықтары нақты анықталды. Қазіргі білім берудегі трендтер мен құндылықтарды, қазіргі мектеп басшысының моделін, мектеп түлектерінің моделін, табысты мектеп мәдениеті ұғымдарының не екенін түсіндім. Мектеп мәдениетін өзгертудің ең тиімді құралына айналған ұлттық тәрбие негізіндегі инновациялық жобалар мектеп тәжірибесінде жүзеге асуда. Мектепішілік жобалар енгізілген өзгерістердің тиімділігін растай түскенін байқадым. «Мектеп тарихындағы 100 есім» жобасы арқылы жетістікке жеткен мектеп түлектерін анықтадық және мектеп оқушыларының жоғары деңгейдегі жетістігін насихаттадық. Соның нәтижесінде, оқушылар өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі дамытуға, назардан тыс қалмауға, жетістік көрсетуге талпынуы байқала бастады. Сонымен қатар, «Тарих серпіні» жобасы аясында Барлыбек Сырттанұлы туралы тың деректерді оқушылар өздері жинақтады және мектепішілік насихаттады. Бұл жоба оқушыларды өзіндік ізденуге, жинақталған мәліметтер бойынша өзіндік талқылау жүргізуге, ғылыми жоба жұмыстарына дайындалуға жетеледі. Тарих пәні мен әдебиеті пәнінің тығыз байланысын аңғарды. Қоғам қайраткерінің тарихи шындығын зерттеді. Оқушылардың дүниетанымын арттыратын келесі жоба «Оқуға құштар мектеп» жобасы. Мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу. Осындай жобалар арқылы мұғалімдер оқушыларға ой тастады, оқушылар ойлана отырып,

өзіндік шешім қабылдады, ойланды, өзіндік рефлексия жасады. Бұл да Қ.Бітібаева технологиясының өзіндік ерекшелігін көрсетті.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін көтерудің бір жолы, Сабақты зерттеу және іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі. Зерттеумен айналысатын мұғалімдерге төмендегідей нұсқаулықтар ұсынылды.

1.Әдеби шығармаларды талдауда, ең алдымен,оқушылардың өз ойын, пікірін білу;

2.«Сенің пікірің, ойың қате» деп, кесіп айтудан сақтану, керісінше, талдау барысында олардың пікіріне ден қоя отырып, сенімді, дәлелді түрде, шындыққа жетелеу;

3.Әдеби шығармалар айналасында жиі-жиі пікірталас өткізу, пікірлерін қорғай білуге баулу;

4.Оқушымен тең дәрежеде әңгімелесу, өздеріне қорытынды жасауға жағдай туғызу.

Кез келген зерттеу-өзекті проблемалардан туындайды. Мектептің ортақ зерттеу сұрағы: Оқушылардың түсініп оқу дағдыларын қалай дамытуға болады? Барлық пәнге қажетті мәтін мазмұнын түсіну керектігі айқындалды.

Lesson Study жүргізу арқылы ерікті зерттеу тобының бірлесіп жұмыс істеу дағдысы, бірлесіп жоспарлау, бірлесіп оқушылардың оқу әрекетін бақылау, сыни сараптамалық талдау жасау, оқушы үнін тыңдау арқылы мұғалімдер өздерінің кәсіби әлеуетін ынтымақтастығын арттыратынын, оқушылардың оқуы жақсаратынын түсінді. Топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімі артып, ынтымақтастық қарым-қатынасы арта бастағаны сабақты талдау барысында көрініс тауып, сабақты зерттеу- оқытудағы жаңашылдықты бағалау тәсілі екенін түсінді.

Бүгінгі жаһандану заманында, жылдам өзгеріске түсіп, тұрақсыз даму (VUCA әлемінен өтіп BANI әлемі) заманында, тез бейімделу, эмоционалдық интеллект дағдыларын, уақытты басқару, ұлттық құндылықтарға бағытталған дағдыларды қалыптастыру, үздіксіз оқу, үздіксіз даму қажет. Ал бұл дағдыларды біз тек ұлттық менталитетімізге жақын Хан апамыздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы және ұлттық тәрбие негізінде инновациялық жобаларды тәжірибеге енгізу арқылы ғана жүзеге асыра аламыз. Үздіксіз оқу, үздіксіз үйрену – менің басты ұстанымдарымның бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы «Рауан» 1997 жыл;

2.Қ.Бітібаева «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» Оқу құралы Семей «Үш биік» баспасы 2007 жыл;

3.Қ.Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» Алматы «Мектеп» баспасы 2003

4.Қ.Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» оқулық-әдістемелік бағдарлама Семей 25007 жыл;

5.А.Әлімов «Қысқа мерзімді сабақ жоспарын (ҚМЖ) құрастыру» Алматы-2020

6.Көшбасшылық Алматы-2021 «Мазмұндама» ҚҚ, 2021 жыл

7.https://vk.com/adobiet

8.https://emirsaba.org/anitamali-oldanba-pikirler-fimdar.html?page=5

Картаева Айжан Маратбекқызы
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Абайтану» институтының директоры

ҚАНИПА БІТІБАЕВА - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Қанипа Бітібаева – ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өз орны бар тұлға. Еліміздегі ұлттық мектептердің, ұстаздардың, туған тілінің мәртебесін кезінде 1980 жылдары бүкіл Одаққа таныта білген қайраткер.

Қанипа Омарғалиқызына 90 жылдардың басында халық «Жаңашыл ұстаз» деген лайықты бағасын берген болатын. Кеңестік кезеңдегі педагогиканың аумағынан шығып, үнемі тың ізденістермен жаңа формадағы сабақтар өткізіп, жаңа тәсілдерге құрылған сабақтарын республикаға тарататын. Қанипа Омарғалиқызы – қазақ педагогикасына реформа жасаған жаңашыл әдіскер-ұстаз. Әлемдік педагогикада есімдері жарқыраған Ю.К.Бабанский, Ш.А.Амонашвили сынды педагогтармен қатар аталған Қ.Бітібаева әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясын, әдістемесін ұсынып, бірнеше еңбектер жазды.

Көрнекті педагогтің іс-тәжірибесі Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарында ғана емес, өзі барып тәжірибе алмасқан АҚШ, Моңғолия, Мәскеу, Қытай сияқты елдерде де сарапшылардың сынынан сүрінбей өтті. Ол ұлттық педагогикамызды, қазақ әдебиетін әлемге танытты.

Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған еңбектері педагогика, методика саласына сара жол, үлкен жаңалықтар әкелді. Әдіскер-ұстаздың «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиеттану», «Абайды таныту», «М.Әуезов – мектепте», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиет оқулығы», «7-сынып әдебиетін оқыту әдістемесі», «5-9-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту», «10-11-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту» сияқты бірнеше кітабы және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқулығы республикалық ЖОО оқытушылары мен мектеп ұстаздары үшін бірден-бір таптырмайтын көмекші құралға айналды. Солардың ішінде «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты үш кітаптан тұратын оқу құралы уақыт сұранысына, заман талабына сай жазылған.

Қ.Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдіс¬темесі мен технологиясы» атты оқулығы негізінен жоғары оқу орнына арналған [1]. Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» мен Қ.Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» атты оқулықтарынан кейін араға 30 жылдан астам уақыт салып барып жа¬рық көрген бұл оқулықты бүгінде республиканың барлық оқу орындары, ұстаздары пайдаланып келеді. Білім және ғылым министрлігінің

қолдауымен екінші рет қайта басылуындағы басты себебі де оның ұстаздардың сұраныстарына жауап бе¬руін¬де, маңыздылығында еді.

Автор оқулықта алдымен, әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясының мына мәселелеріне ерекше көңіл бөледі:

- Педагогика ғылымының соны жетістіктері сапынан орын алып келе жатқан тиімділік (оптимизация) идеялары негізінде сабақ мақсаттарын бірлікте қарастыру.

- Әдіс-тәсілдер мен оқу жүйелерінің тиімді деген түрлерін сұрыптап алу, әрі оны ұтымды пайдалана білу.

- Берілетін білімнің ішінен ең негізгі мәйегін, түйінін нақты бір жағдай, нақты білім беру кезеңдеріне орай сұрыптап, бөліп алу, негізгі ұғымдарды анықтау, оларды оқушыға жеткізудің нәтижелі жолдарын іздестіру [1].

Оқулықта ұстаздың ұзақ жылғы жаңашыл ізденістері теория мен тәжірибемен ұштастырыла беріледі. Әдіскер-ұстаз көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелері мен технологиясын, әдеби шығармаларды талдау жолдарының оңтайлы әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Біріншіден, бұрынғы оқулықтарда әдебиет жанрларын оқыту жалпылама қарастырылса, әдіскер-ұстаз лириканы оқыту, драмалық шығармаларды оқыту деп жеке-дара бөле отырып, оқытудың инновациялық технологиясын ұсынады.

Лириканың түр-түрін оқытуда теориямен қоса, практикалық, танымдық мәселелерге ерекше назар аударылып, оқушы, студент ой-өрісін кеңейтетін тәжірибелік жұмыстар қатар беріліп отырады. Оны оқулықтың 5-ші тарауынан көруге болады. Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары, тақырыпқа қатысты сабақ өткізудің технологиялық картасы, конструкторлық жобалау технологиясы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстардың жүйесі, т.б. Мысалы, жыраулар поэзиясына 40 түрлі тапсырма түрлерінің берілуі оқулық сапасын арттырумен қатар, оқушының шығармашылық ізденісіне жол ашады. Бұл еңбектің ұстаздар, студенттер қауымына тигізер айырықша көмегін байқатып, сабақ түрлері мен типтерінің молдығын дәйектей түседі.

Екіншіден, эпикалық жанрды оқытуда да автор жалпылама теориямен шектелмей, оның түр-түрін қалай оқытуға болатынын талдап, жіктеп, таратып айтады. Мысалы, эпикалық жанрды меңгертуге қатысты әңгіме, хикаят, роман жанрларын оқытудың ғылыми-теориялық негізі, оның тәжірибедегі көрінісі, сабақ үлгілері де қоса ұсынылады. Сонымен қатар, мұғалімдерге ерекше қиындық туғызатын «Абай жолы» эпопеясын оқыту технологиясы мен әдістемесі де жан-жақты сөз болады. Батырлар жырын оқыту, публицистикалық шығармаларды, эпистолярлық жанрдағы дүниелерді, соның ішінде әралуан хаттарды қалай оқыту керектігі тиімді әдістемелік үлгілермен беріледі.

Үшіншіден, әдебиет пен қазақ тілін оқытудың күретамыры – тіл дамыту жұмыстары екенін ұстаз ерекше атап өтеді. Оқулықта тіл дамыту жан-жақты қарастырылып, оның инновациялық жолдары нақты ұсынылады.

Төртіншіден, қазіргі кезеңдегі сабаққа қойылатын талаптар (технологиялық үлгідегі сабақ жоспарлары), оқытуды технологияландыру мәселелері аталмыш оқулықтың маңызын арттыра түседі. Оқулық бүгінгі білім беру мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, жаңаша идеямен, соны леппен жазылған. Әсіресе,

дамыта оқыту технологиясына сүйене отырып, оқушыларды ғылыми еңбекке баулу мәселелері, дарынды балалардың қабілетін жетілдіру үрдістерін де осы оқулықтан молынан табуға болады.

Қанипа Омарғалиқызының бұл оқулығының ұстаздар қауымынан, студенттер мен оқытушылар тарапынан кең қолдау табуының басты себебі де оқулықтың практикалық мәні мен сұранысында. Мектеп оқулығының құндылығы оқушыға нанымды мысалдармен өріліп, әрі қонымды, әрі түсінікті жазылуында болса керек. Кітапта көркем мәтінді талдау әдісі эпикалық, лирикалық, драмалық туындылардың мәтінін талдау жолымен, өз жаңашылдығымен дараланады.

Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқытуға арналған еңбектері бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша мектепте оқытылып жатқан қазақ әдебиеті пәнінің оқулығына мүлде қайшы келеді. Елімізде білім беру саласында болып жатқан түбегейлі өзгерістер жайын сол кездің өзінде-ақ Қ.Бітібаева көрегендікпен айтып, ұлттық мектептердің проблемасын көтерген болатын. Ұстаз көп жылдар бойы өзі оқытып, өмір тәжірибесінен сүзгіден өткізген, дәлелденген, алдында отырған оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиясына сәйкес жазылған нағыз сапалы қазақ әдебиеті оқулықтарын оқытудың әдістемесін ұсынды.

Жаңартылған білім беру бағдар¬ла¬ма¬сы оқу жүйесіне енгеніне 12-13 жылдай уақыт өтті. Жаңа бағдарламаны оқу жүйесіне енгізу көп ізденуді, ыждағаттылықты, білімді қажет етеді. Кәсіби мамандар үшін оқушылардың қабілетін тексеру мен бағалаудың әлемдегі озық бағдарламасын жасау да, сол бағдарлама бойынша «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазу да оңай шаруа болған жоқ. Мемлекет тарапынан қаншама қамқорлық жасалғанмен, білім жүйесінде біршама кемшіліктерге жол берілді.

Сапасыз оқулықтар пайда болды. Ал оның ең басты себебі, оқыту жүйесіне жаңа білім мазмұнын енгізген кезде ежелден қалыптасқан оқу бағдарламаларын түзу, оқулық жазу дәстүрімізді түбірінен жоққа шығарып, шетелдік үлгіні күшпен әкеліп таңумен байланысты болды. Сонымен қоса, оқыту үрдісінде қазақ әдебиеті пәнінің өзіндік ерекшеліктері де ескерілмеді. Осыдан барып, жарымжан білім стандарттары мен теориялық қателерге толы бағдарламалар жазылып, түсініксіз оқулықтар дүниеге келді. Нәтижесінде, әдеби-тарихи кезеңдер мен ірі тұлғалардың, классикалық шы¬ғар¬малардың қамтылу реті бұзылды. Оқу¬лықтағы материалдардың іріктелуі, жазушылар мен шығармалардың берілу реті, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, оқулықтың тілі, әдістемелік негізі жете ескерілмеді, қазақ әдебиеті пәнін сапалы оқытуға қажетті қосымша оқу құралдары, сыныптан тыс оқу кітапханасы, т.б. ол¬қы¬лықтарды жалғастырып айта беруге бо¬лады. Ал мұны қалыпты жолға салуға, әри¬не, біраз уақыт қажет.

Әдебиет пәнін тәрбие пәні, өнер пәні, адамтану пәні деп атап көрсеткен Қ.Бітібаева: «Әдебиет пәні арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден – елін, адамзатты құрметтеуге дейін сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту

халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игеру, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу», - дейді [2, 10 б.].

Әдебиет – адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантатын пән. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жолбасшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Бірақ кейде шығарма өзегіндегі ой қисынын зерделеу, азаматтық ұстаным тұрғысынан келгенде күрделі есепті шығарудан да ауыр болатын тұстары аз емес. Себебі шығарманың терең астары, тағдырлар тартысы, идеялар тартысында оқырманның өзіндік пікірі мен көзқарасына жүгінетін тұстар көп. Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтады. Ал әдіскер ғалым Е.Н.Ильин «Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал» деген әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған болатын. Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі, ұлттық діли мен рухы қалыптасады. Адам тұлға ретінде рухани қуаттанады», - деп ғалым Б.Жұмақаева әдебиет пәнінің атқаратын қызметін атап көрсетеді [3].

Әдебиет пәнін оқытудың қыр-сырын зерттеп, оқушылардың санасына сіңірген ұстаз Қ.Бітібаева әдебиетті оқытудың инновациялық технологияларын ұсынады. Технологияның басты белгілерін оқушы іс-әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру және оған мұғалімнің басшылық жасай білу екенін айтады. Білімді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптарды сызба түрінде беріп шығармашылық деңгейге жету үшін Блум жүйесін қолдану тиімділігін көрсетеді. Көлемді түсініктерді көрнекі құрал ретінде шағын модельге сыйдыратын конструкторлық жобалау технологиясы арқылы өте сәтті береді. Өзі атап көрсеткендей, модель әрі тірек карточкасы, әрі көрнекілік, әрі көмек-нұсқау рөлін атқарады.

Қ.О.Бітібаеваның технологиялары алты кезеңнен тұрады. Олар:

I кезең

Білім беру, өз бетімен білім алу үрдісінде бірлесіп әрекет ету мақсаты. Берілетін жаңа білім бойынша алдын ала тапсырма беру:

II кезең

Оқушылардың тапсырмалары бойынша жұмыстарын, жобаларын талқылау, болжамдарын саралау.

III кезең

Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі. Жаңа білім игеру, игерту.

IV кезең

Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.

V кезең

Оқулықпен жұмыс.

VI кезең

Жинақтау, қорытындылау, коррекция.

Қ.Бітібаева саналы ғұмырын Абай мен Мұхтар Әуезов шығармаларын оқытуға, жас ұрпақтың санасына сіңіруге арнады. Абай туындыларын мектепте оқытуға арналған екі кітабы, М.Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған үш кітабы іргелі еңбектер санатына қосылады.

Әдіскер-ұстаздың Абай шығармаларын тақырып-тақырыпқа жіктей бермей, ақын шығармашылығын тұтастай ең негізгі арналы, ағысты проблемаларына сүйене отырып, біртұтас оқыту туралы идеясы айырықша назар аударуды қажет етеді. Абай өзі жазып кеткендей: «Алланы сүю, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю, Хақы жолы деп әділетті сүю» оны оқытудың алтын діңгегі болуы керек», - деп жазады ұстаз, «Ақынның қай туындысында болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, Адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз Адам – Толық Адам қандай болуы керек? деген сұраққа жауап іздейді». Бұл пікір шын мәнінде ақын шығармашылығын ғана емес, жалпы адамзат жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгеруге жетелейді.

«Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы» атты оқу құралы 9 бөлімнен тұрады [4]. Кіріспеде Абай шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелерін сөз ете отырып, оны бесінші, сегізінші сыныптарда қалай оқытуға болады деген сұрақтарға жауап іздейді, меңгерудің тиімді технологиясын ұсынады, сабақ түрлерін береді. Одан әрі 9-10 сыныптардағы Абай шығармашылығын оқытудың жүйелі бағдарламасын беріп, оның әдістемесін: сабақ түрлерін, оқу-тәрбиенің комплекстік жоспарын, оқушылардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптарды, Абайтану ғылыми сабақта қалай тереңдетуге болатындығын жан-жақты талдап көрсетеді.

Тәжірибемізде түспей, жауыр еткен жаттандылық, таптаурын болған сұрақ-жауап, репродуктивтік әдістер ұстаз тәжірибесінде, еңбегінде кездеспейді. Ол оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады. Көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, білімді оқушының өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу – ұстаздың басты ұстанымы. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады.

Мұхтар Әуезов шығармаларын мектепте оқыту мәселесіне арналған 3 кітап жазды. Ұстаздың «Абай жолы» сияқты әлем таныған көркем эпопеяны оқыту жөніндегі әдістемесінің құндылығы өте жоғары.

«М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту» атты еңбегінде ұстаз 11-сыныпта жазушының өмірбаянынан бастап, әңгімелері, драмалық туындылары, «Абай жолы» эпопеясын оқытудың инновациялық технологиясын тұтас қарастырады [5]. Сабақ типтері мен түрлері, проблемалық, ұжымдық, дамыта оқыту, даралап, саралап оқыту технологиясына сүйене отырып, ұлы жазушы шығармашылығын оқытудың өзекті мәселесін көтереді.

Ұстаз Мұхтар Әуезов шығармашылығын тереңдете оқыту жолдарын көрсете отырып, оны оқушының жедел меңгеруіне айырықша назар аударады. Ұстаз Әуезов шығармашылығын 5 сыныптан 11 сыныпқа дейін тұтастай оқытудың бағдаоламасын жасай отырып, ұлы жазушы қаламынан туған әңгімелерді, драмаларды, эпопеяны жүйелі түрде оқыту проблемасын нақтылай түседі.

Әдіскер-ұстаз өзінің көп жылдық тәжірибесінде «Абай жолы» эпопеясын оқытудың барлық қыр-сырын зерделейді. Атап айтқанда, М.Әуезов шығармашылықты оқытудағы оқулық пен оқу бағдарламасындағы кемшіліктерге сын көзбен қарайды. Әуезовтің ұлылығын дәріптеу мақсатында жазушының көсемсөздерін, әңгімелерін, повестерін, «Абай жолы роман-эпопеясын драмалық шығармаларын, ғылыми еңбектерін тұтас зерделеу қажеттігін атап көрсетеді. Осыған байланысты М.Әуезов шығармаларын оқыту мәселесі мектепте тереңдетіп оқытуға бағытталған жұмыс, екіншіден, теориялық білімді жалпылаудың әдіснамалық негізі деуге болады.

Қ.Бітібаеваның қазақ әдебиетін оқытудағы реформаторлығы, инновациялық әдістемесі мен педагогикалық еңбектері – ұлттық білім беруде құнды бай қазына. Қанипа Омарғалиқызының әдістеме саласындағы ерен еңбегі мен педагогикалық қызметі оның технологияландыру білім беру дәуірінде заман талабын көтергенін көрсетеді. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту» педагогикалық технологиясының өміршеңдігі мен жаңашылдығы көптеген технологиялардан тек теориялық мазмұнымен ғана емес, практикалық нәтижесімен де құнды болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. 2-басылым. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 287 б.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. –Алматы: Рауан
3. Жұмақаева Б. Әдебиет пәнін қалай оқытып жүрміз? // Қазақ әдебиеті, 2020.
4. Бітібаева Қ. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы. – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2013. – 176 б.
5. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002.

Алпысбаева Жанаргүл Саяжановна
Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы орта білім беретін мектеп-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қ.О.Бітібаева атындағы кіші зертхана жетекшісі

Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕМІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Қайырлы күн құрметті әдебиет сүйер қауым, құрметті бүгінгі Қ.О.Бітібаева шығармашылығына арналған «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева - қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер-ұстаз» тақырыбындағы конференцияға

қатысушы қонақтар. Сіздерге денсаулық пен Жаңа Қазақстанда толағай табыстар тілей отырып Хан апаның өшпес ізіне бағытталған «Ұлылыққа тағзым» атты баяндамамды оқуға рұқсат етіңіздер.

Мен Абай облысы, Аягөз қаласындағы «Мектеп жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 метеп» КММ-де қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазымын.Қ.О.Бітібаева атындағы кіші зертхана жетекшісімін.

Әлқисса, сөз басын жазушы-журналист Жақау Дәуренбеовтың мына бір орайлы сөзімен бастағым келеді. «Төбе басына шыққан адам ентігін басады, тоқтап кідіреді. Жан-жағына қарайды, төңірегін шолады, көз тастайды. Сонда ол мынаны көреді: Төбеге өрмелеп көтерілген із жалғыз емес екен.Талайлардың ізі сайрап жатыр. Бірақ, әрқайсысы төбеге әрқалай шығыпты. Біреу тарпаңдап тікесінен салған- табанымен жапырақ көк шөп әлі түзеле қоймапты. Енді бір із көрінеді-жанын қинамай, асықпай қиялап, бөктерлей көтеріліпті.Тақырлау тұсымен сламын деп тайғанақтап, өкшенің қырын батырып, әрең шыққан із де иесінің шыдамсыздығын аңғартқандай. Енді біреу қолындағы таяғына сүйеніп көтерілген. Табаны тұтпай, бірер рет бөкселей жантайып, тырбанып шықанның да топырақты сүргілеген ізі сайрап жатыр...

Әркімнің ізі әртүрлі. Бәрі де өз әлінше - өз әдісімен төбеге шыққан. Осының өзі адам өмірінің көрінісі. Оның тірлігінің табиғаты. Бірақ осы тырбаныс, осы іздер артынша үшті күйлі жоғалып, ғайып болады. Ал, Сөз- адамның сөзі мәңгіге қалады. Осының құдіреті неде сонда? Иә, қасиетті киесінен болар»-деген екен.Ұстаз ретінде биік төбеге шығып етекке қарағанымда сонау Шоқан, Ыбырай,Абай, Ахметтердің даңғыл жолы жарқырайды, сосын Хан апаның соқпағы көзіме оттай басылады. Таныс, жаныңа тым жақын, сағынтып, алысқа жетелей жөнелетін сүрлеу. Сіздер мен біздердей ұлт жанашыры ұстаздар тұрғанда Хан апа сүрлеуін ешқандай арам шөп баспайтынына кәміл сенемін. Себеп, киесі мықты, рухани жоқшылыққа ұшырамайтын мәңгілікке әдеби мұра қалдырған ұлы ұстаз еңбегінің құндылығы күн өткен сайын артатынына еш шүбә жоқ.

Мен ең алғаш 2006 жылы Абайдың «Қыс» өлеңіне ашық сабақ берген екенмін. Сабақ жоспарын құруда іздене жүріп, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын тауып алып сабақ бердім. Бұл бір керемет жеңісті сабақ болды. Оқушылар өлең жолдарын арнап, Абайдың бейнесін сомдап, қыс мезгіліне ойтолғау жазып шығармашылыққа қарқ болып қалдық. Мені Қ.О.Бітібаеваның оқушыларға «ой салу, ойланту, ойландыру» қағидасы өміршең өзектілігімен қызықтырып ала жөнелді. Жаңашылдығымен, жаныңа жақындығымен таңғалдырады.

Қ.Бітібаеваның "Өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы"-деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтін және ешқашан құнын жоғалтпайтын әдіс-тәсіл екенін барлық ұстаздар қауымы мойындайтыны xah. Сол, 2008 жылы Өскемен қаласының Тілдерді дамыту бөлімі Қ.О.Бітібаеваның шығармашылығының 40 жылдығына орай «Ұстаздың сөзі, ана тілдің көзі» атты аймақтық шығарма сайысын ұйымдастырды. Осы сайысқа шәкіртіммен қатысып, үшінші орынға ие болдық. Шығарма «Ғажап» деп, оқушының таңқалыс күйімен басталып, соңы арнау

өлеңмен және ғажайып тұлғамен кездессем деген арманмен аяқталған еді. Шындығында, «Қазақтың Қанипасы» кітабын оқып отырып, ғажайып тұлғаға таң қалдық. Мұндай жолы да , ойы да, ісі де бөлек, ұлттың тілі мен оның дамуы жолында жанкешті ұстаздың өмір жолы мен мақсаты тәнті етті. Армандар орындалады екен. Біз кездестік. Тау тұлғалы Қанипа ұстазды көріп, ол кісінің қолынан марапатты алып, естелік суретке түскенде де бір артық менмендік көрмедім. Қарапайым ұстаз ретінде қарсы алып, шабыт пен табыс тілеп шығарып салған бейне мәңгілік көз алдымда қалды. Кіші болып қарсы алып, биіктеп қала берді. Қалай ғана табынбассың?! Сонша еңбектің иесі, аты әйгілі адам, қатардағы әдебиет пен тілдің маманының қаншама құнды еңбектің иесі болуы екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Хан апаның ұлылығы да осында жатыр-ау, тегі.

Қанипа Омарғалиқызы зымыраған уақытты өзінің құлы ете білген ұлы тұлға екен. Өз әлемін сұлу да келісті етіп, өшпес із қалдыра білді. «Құрмет» ордені, «Ы.Алтынсарин» төсбел¬гісі, бүкілодақтық Н.Круп¬ская медалінің иегері, Қа¬¬зақ¬станның еңбек сіңірген қайраткері, Республиканың «Ең үздік» ұстазы, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының құрметті азаматы. Оның 200-ге тарта ғылыми-әдіс¬темелік мақаласы, 42 кітабы жарық көрген. Ғалым-ұстаздың іс-тәжірибесі жөнінде бірнеше оқу фильмі түсіріліп, 2004 жылы «Дәуірдің дара ұстазы» атты киноочерк жарияланған. Айтылмаған қаншасы бар. Міне, ұлы тұлғаның өшпес соқпағы бізге мәңгі аманат.

Иә,«Әдебиет –ардың ісі» -дейді, академик Зейнолла Қабдолов. Қ.О.Бітібаева әдебиетті сүйді. «Әдебиет — адам тану құралы» болса, әдебиет пәні — «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтты. Бұл оның асқақ арманы еді. Бұл жолда қанша маңдай тер төкті, ұйқысыз түндерін өткізді. Қанипа Омарғалиқызының өміріне жазылған «Қазақтың Қанипасын» ерекше көңілмен оқыдым. Омарғалиқызы жәй әдебиетші ғана емес, әдебиетті шығармашылықпен жандандыра білген ерекше тұлға. Әдебиетте шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама, т.б тобынан құралады. Ал, Хан апа әдебиетті сүюді сахнадан, халықтық құндықтарды көзбен көргендей, ауызбен айтып, жүрекпен сезінуден, орайы келген рөлдерді сомдап, тұщынуға жалғады. Бұл тұлғаның ерекше қыры деп білемін. «Қазақтың Қанипасында» кешкі бос уақытымда ауылдың кішкентай сахнасына асыға баруға құмар едім дейді. Ауыл жастарымен түрлі сахналық қойылымдар қойып, белді рөлдерін сахналап, ауыл тұрғындарының ақ батасын алатыны жазылған. Бұл әдебиет емей, не? Әдебиет — өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Сөз өнерін Қанипа ұстаз әдебиет және сахна шығармашылығынан бастап, ұлттық нақыштың қазығын өз жолына осылай қадаса керек. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сонда –ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуы тиіс»,- дейді Қ.О.Бітібаева. Яғни, мұғалім шығарманың көркемдік әлемі мен авторлық ұстанымды, шығармадағы ой қатпарларын терең танып, оқушыны көркем таным сүрлеуіне дұрыс бағыттай білуді мақсат тұтады. Осы жолдағы ұстаздың алтын еңбегі ұшантеңіз. Бас шайқап, таңданбасқа амалың жоқ. Көлемді де құнды, еліміз

бойынша барша оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандары арасында қолданылып келе жатқан 15 монографиялық еңбегі, «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М. Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту», «М. Әуезов мектепте», «Әуезовті оқыту әдістемесі» шығармалары республика көлемінде өз қолданысын тапқан. Сонымен қатар 6 оқу курсының авторы. Олардың қатарында «Абай мектепте», «10-11 сыныптарда қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту», «М. Әуезовты оқыту» атты еңбектері жарық көрген. Республикалық ғылыми-педагогикалық журналдарда жарияланған 100-ден астам ғылыми-әдістемелік мақалалардың да авторы. Міне, Хан апаның қазақ педагогика ғылымына қосқан үлесі, жаңалығы осындай, орасан зор.

Хан апа шәкірт тағдырын ұлттық құндылықтармен ұштай білген данагөй.Тіл тағдырын о баста-ақ жаңғыртып айта білген тұлға. Сөз өнері әдебиетті бір сабақта жетілдіру мүмкін емес. Хан апа ол тақырыпта да жол көрсете білген. Эстетикалық талғам, тұлғалық қасиет,сөз өнерінің құдіреті, баланың өзіне деген құрметі мен жауапкершілігі сыныптан тыс жұмыстарда қалыптасатынын баса айтқан.Сондықтан, қосымша үйірме жұмысына баса назар аударған. «Мен бала махаббатынан, оқушы сүйіспеншілігінен артық бақыт, қуанышын сезінбедім»-депті, Хан апа. Айтқандай-ақ, үйірме жұмысы бір жетістік бергеннен кейін шәкірттерің маңайыңнан үйіріліп шықпайды. Әр қойылымнан кейін оқушылар келесіге не дайындаймыз деп, құштарлығы білімге де, қоғамдық жұмысқа артып, шығармашылық қанаты қалыптасатынына көзім әлдеқайда жеткен.

Мен Хан апаның осы жолын үздіксіз жалғаған ұстаздардың бірімін деп мақтана айтамын.Әдебиетті сахнамен жалғастырудың сұлулығы керемет- ақ. Тек ерінбе. Қарапайым жазып құрастырған дүниеңе сахнада жан бітірсең, әуенмен әрлесең, сахналық костюммен қамтып, декорацияны ақылдаса жасап, дауыс ырғағын қалыптастыра білсең, ары қарай бір екі қойылымнан кейін шәкірттерің өзі-ақ пікір айтып жанып кетеді. Әдебиетті сөзбен сырлау осы шығар. Әр сабаққа құштарлана, дауыстап амандаса кіретін , өзін еркін ұстауға дағдылаған шәкірт қалыптасады екен. Ұстаздың «Сабақ аяқталғанда шығып бара жатқан әрбір оқушының артына зіл сақтамай қоштасуы мен үшін өте маңызды» деген кері байланысы ұстаздың шәкіртке сіңірген ерен, адал еңбегінің жемісі екен. Мағжан: "Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті,-"деп жазды. "Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару",-деу арқылы Мағжан тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Міне, Мағжанның бұл сөзін бүгінгі Хан апаның шәкірттерінен көреміз. Бұл көріністен Хан апаның ұстаз ғана емес, нағыз ұлт жанашыры, ұлт тәрбиешісі, ұлт анасы екеніне көзіміз жетеді. Қанипа ұстаз: «Мені ұстаз етіп қалыптастырған – шәкірттерім» дейді. Бұдан артық шәкіртке деген сүйіспеншілік, бұдан артық өз мамандығына деген бас иіп тағзым еткен құрмет болмас!!!

Құрметті қонақтар! Иә, Хан апа салып кеткен із жалғасуда. Бірақ, бүгінгі тіл-қоғам айнасы.Тіл тағдыры белгілі бір тіл ортасында болмаса, жас буын әлі тіл шорқақтығын көрсетуде. Оны бәріміз мойындаймыз. Бүгінгі жас тіл маманы тек

компьютер желісімен қызмет атқарып, ұлттық құндылықтармен сабақтастыруда тұлғалық бейне көрсете алмауда. Бұл да – факт. Хан апа: «Кабинетіңе жүз компьютер, онлайн технология қойып қойсаң да, мұның бәрі мұғалімнің алтын басын алмас¬тыра алмайды. Мұғалім – тұлға, мұғалім – білімнің көзі, мұғалім – тәрбиенің көзі» деген екен. Қалай жоққа шығара аларсың?! Таңын мектеп деп атырып, мектеп деп батыратын ұрпақ ұстазды қалай тәрбиелемек керек? Ол мамандыққа деген, ұлтына, әдебиті мен тарихына,тілі мен мәдениетіне деген аса сүйіспеншіліктен туары сөзсіз. Қазақтың Қанипасы өз биігіне көзі тірісіне жетіп, алар асуын бағындырып, оның жемісін де көріп кеткен бірегей тұлға. Дей тұрғанмен, ортамызда болса Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында, тіл тағдыры ойпыл-тойпыл заманда көш бастары анық еді. Шерағаң айтқандай, бір кем дүние... Хан апа мәңгі өшпес ізімен біздің жүрегімізде.

Мен Қазақтың Қанипасы Хан апа салып еткен сүре жолда адал еңбек етіп, жас буын ұрпаққа қазақ тілінің құдіреті мен әдебиетінің тұңғиық таңғажайып көркемдігін насихаттау жолында адал еңбек етемін деп өзімді жалындап қайраймын. Осы жолда еңбектеріңіз жана берсін. Сіздерге денсаулық пен шығармашылық жетістік, толағай табыстар тілеймін. Назарларыңызға көп рахмет!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік білім стандарты. – А., 1998.
2. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А., 1997.
3. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар.–А., 2010.
4. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
5.Ұ.Нарымбетов Ә. Зейнолла Қабдолов. Қабдоловтың ғылыми еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші .
6. Омаров І. Әдебиетке әдеппен келген.

Қасаинова Ару Наурызбекқызы
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау факультетінің 1 курс студенті

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНЕ ҚҰРМЕТ

Қайырлы күн бүгінгі еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған қонақтар мен білікті де, қадірлі ұстаздар қауымы. Өңіраралық деңгейде өтіп жатқан Қ.Бітібаеваға арналған ғылыми конференцияға қош келдіңіздер!

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы 1945 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында дүниеге келген. Қазақ жеріндегі көптеген білім ошақтарының құрметті профессоры атанған Қанипа Бітібаева жаңашыл ұстаз ретінде танылып,оқыту процесінде оқушылардың жан-дүниесін түсініп,ойлау

қабілеттерін жетілдіріп,оқу қағидаларын ерекше ұстанды. Түркі әлемінде де Хан апамыздың жеткен жетістіктері ұшан-теңіз болғаны,ұрпақтарға қалдырған рухани мұрасы деп білеміз.Ұстаз өмірден озса да,біздер үшін білімнің құдығын қалап кетті,бізде сол үшін Ұлы тұлғамыздың еңбектерін насихаттап,құрмет тұтып жүруіміз келешектің жарқын сәті деп ойлаймын.

Қазақтың Хан апасы атанған Қанипа ұстазымыздың Шығыстың шұрайлы еліндегі еңбегі орасан зор, қазіргі кездеде ол кісінің еңбегінің жыл сайын маңыздылығы артып, соған орай Республикалық түрлі жарыстар мен олимпиадалардың куәсі болудамыз.

Өшпес білім, даналықты қалдырған,
Қанипадай ұстаз болу бар арман.
Хан апамыз болашаққа жол сілтеп,
Келешектің алтын жолын қалаған.

Иә,Қанипа Бітібаеваның еңбек етуі қара шаңырақтың ғана емес, облыстың білім саласын жаңа бір белеске көтеріп, мерейін асырғанына ешкім дау айта алмайды.Ұлы ұстаздың Түн ұйқысын төрт бөліп, көз майын тауыса отырып жазған еңбектері үшін,бүкіл өмірін 45 минуттан 45 минутқа жалғастырып артынан сөнбес тарихпен ізін қалдырып кеткені үшін ұстаз еңбегіне бас иеміз.

Осы орайда, дәстүрлі түрде жүзеге асатын,оқушыларға ұлылық пен сенімділіктің нышаны болатын Хан апамыздың жолын жалғастырғысы келетіндер үшін ерекше іс-шараның өтуі қуаныш әкеледі.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес Қ.Бітібаева арналған қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиада өткізу қолға алынды.Осы жылға дейін бұл олимпиада жүлдегерлері Халықаралық деңгейде де өздерін дәлелдеп жүр. Жыл сайын олимпиадаға қатысушылар саны артып келеді. Сәйкесінше мен өзім 2022 жылы Бітібаева Қанипа Омарғалиқызына арналған республикалық олимпиаданың бас жүлдегері болып,С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің білім грантына ие болдым. Өздеріңіз көріп отырғандай бұл іс-шаралар болашақ жастардың алдына үлкен мақсат жүктейді. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімдерін жетілдіріп ұана қоймай,патриотизмді,ұлттық мәдениетке,дәстүрге деген құрметті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен жол ашады. Әсіресе 11-сынып оқушыларына өздерінің білімдерін ғана көрсетпей, мен секілді жоғары оқу орындарының грант иегері атануына бірден-бір мүмкіншілігі зор деп білемін. Ал, осындай ерекше олимпиадаға дайындаған жетекшінің орны да мен үшін асқақ екендігін айтқым келеді, мені осындай шығармашыл салаға деген махаббатымды ашып,сенімімді ұялатқан ұстазым Тоқтасынова Гүлнәр Кәкенқызына, Республикалық деңгейде басқалардан оза шауып,өз білімімді көрсету үшін мақсатымды нықтап берген Женсебаева Толқын Тохтарғалиқызына алғысым шексіз.Осындай білікті ұстаздарымның маған білім бергеніне мақтанамын. Сөзімді қортындылай келе, Хан тағын ұсынсада, ұстаздық жолын айырбастамайтын Қанипа Бітібаева есімі тарихта алтын әріптермен жазылатыны айқын, осындай тұлғалықты ұстану үшінде біршама еңбек етіп талаптанған ұстазымыздың жолын жалғастыруға менде бар күш-жігерімді саламын! Тыңдағандарыңызға рақмет!

Даутова Жанна Оралхановна
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің оқытушысы, Қ.Бітібаева атындағы атаулы кабинет меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білім магистрі

Қ. БІТІБАЕВА АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КАБИНЕТ – БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Табиғатынан педагог боп жаратылған, айналасына білім мен біліктіліктің, өрлік пен табандылықтың шуағын таратып, бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі еді. Бүкіл республикамыздың ұстаздары «Ұстаздықтың Хан апасы», «Аға ұстаз», «Ұстаздардың ұстазы», «Қазақтың Қанипасы», «Хан – Апа» деп құрметтеген Қанипа Омарғалиқызы – біздің шығысымыздың мақтанышы. Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының мүшесі, академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақ ССР, СССР Ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Бүкілодақтық Крупская медалінің иегері, «Ы. Алтынсарин» төс белгісінің иегері тағы басқа да марапаттарға ие болған Қанипа Омарғалиқызымен тек шығыс өңірінің ғана емес, бүкіл қазақстандық ұстаздардың мақтанышы. Хан апа - менің де мақтанышым.

Бүгінгі таңда ұстаздықтың жолына түсіп, облысымыздың түкпір-түкпірінен келген білім алушыларымызға қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүрген менің есімнен аялы ұстазымның бейнесі еш кеткен емес.

Заман талабы өзгерген сайын мұғалімдер қауымына да жүктелетін талаптар саны артып отыр. «Жаңа заманның талап етіп отырған ұстаздары қандай болу керек?» деген сауалға әр ұстаз тек білім берумен ғана емес, шығармашылық ісімен, ғылыми ізденісімен ғана жауап бере алатыны сөзсіз. 2018 жылы ұстазымыздң атына атаулы кабинет ашылып, оның меңгерушісі ретінде тағайындалғаныма өте қуанған едім. Біздің оқу орны педагогикалық бағытта болғандықтан әрі 1998 жылдары колледж мен дарынды балаларға арналған Жамбыл гимназия интернатының атаулы сыныбының түлектері осы колледжге «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсіп, маман ретінде бітіріп шыққандықтан, менің ұстазым Қанипа апай есімімен біздің оқу орны арасындағы байланыс осы кезеңнен басталған еді десем артық айтпаймын. Сол уақыттан бері қаншама түлектеріміз хан апаның дәрісін тыңдап, әдебиеттің сиқырлы әлеміне ден қойған еді.

Қазіргі таңда әдіскер-ұстаздың әдістемелік мұрасы еліміздің әр жерінде ашылған ғылыми-зертханаларда, педагогикалық оқуларда, ғылыми-практикалық конференцияларда, оқу семинарлары мен тағы басқа іс шараларда өз жалғасын тауып жатыр. Ұстаздың ерен еңбегі өшпесі анық. Қанипа Омарғалиқызы мұрасына құрметіміз - ұстаз бастаған игі істі жалғастырып, насихаттаудан көрінбек.

Мен атаулы кабинеттің меңгерушісі ретінде 2018 жылдан бастап жоспарлы түрде өз жұмысымды атқарып келемін. Осы арада көпшілігіміздің ойымызға «Мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеп, диаг-ностикалық талдау жасап, жаңашыл идеялар мен ізденістерді қолдап, олар¬дың тәжірибесін тарату ісімен шұғылдануда атаулы кабинеттің рөлі қандай?» деген сұрақ туындары сөзсіз. Жоспарға сәйкес, атаулы кабинетте оқытушылар арасында дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары, республика, облыс көлемінде ашық сабақтар өткізіліп отырады. 2019 жылы мектеп оқушыларының арасында өткізілген Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиада қатысушыларының жетекшілері үшін колледжіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары «Оқу үдерісінде Қ. Бітібаева технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбында шеберлік сабағын өткізсе, 2022 жылы мамыр айында ұлағатты ұстаз Қ. Бітібаеваның әдебиетті оқыту технологиясы мәселелерін коллобаративтік орта құру арқылы талқылау мақсатында «Педагогтердің коллобаративтік ортасын құру арқылы ұлағатты ұстаз Қ.Бітібаеваның оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» атты республикалық диалогтік алаң өткіздік. Диалогтік алаң қатысушылары арасында 90-шы жылдардың басында халық «Жаңашыл ұстаз» деп бағасын берген Қанипа Омарғалиқызының қазақ педагогикасына реформа жасаған жаңашыл әдіскер-ұстаз ретіндегі қандай еңбектерімен таныс екендігін, оны өз тәжірибелерінде қалай қолданатындығы, сондай -ақ, дарынды және талантты балалармен жұмыста оларға қалай ықпал етуге болады деген сұрақтар төңірігінде ұстаздар арасында диалог жүзеге асты. Колледжіміздің ардақты ұстазы Оқасова Ғ.Т. колледждің шығармашылық жастарымен «Өнегелі ұстаз – ұрпақ мақтанышы» сахналық қойылымын көрсетті.

Ұлағатты ұстаз туралы өзі жұмыс атқарған мектебімен тығыз байланыс орната отырып, қаншама видеотека, кітап қорын құрдық. Оқу орнымызға келген қонақтарымыз міндетті түрде атаулы кабинетке бас сұқпай қоймайды. Сол кезде үнемі презентациялық жұмыстар жүргізіп отырамын. Әдебиеттегі заманауи мәселелерді талқылап, өзара пікір алмасып жатқанда төрдегі Хан апаның суреті, оның шығармашылығынан хабар беретін стендтердің өзі сол шығармашылық жұмыстарға үлкен дем беріп тұрғандай әсерде боласың. Бітібаевтар әулеті атаулы кабинетпен тығыз байланыс орнатқан, жыл сайын дәстүрлі түрде колледжіміздің үздік шәкіртіне атаулы шәкіртақы тағайындап, шығармашылығымен таныла білген ұстаздарымызға Қ.Бітібаева белгісін (значок) кеудесіне қадап, қолдау көрсетіп отырса, апайдың шәкірттері оның мүсінін жасатып, кабинетті безендіруге ат салысып отырады, осындай әулет ұрпақтары мен шәкірттеріне айтар алғысымыз шексіз.

Жыл сайын дәстүрлі түрде облысымыздағы техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың білім алушылары арасында Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өңірлік олимпиада өткізіліп отыратын. Биылғы оқу жылында

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бекітуімен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өтетін олимпиадаға республикалық деңгей дәрежесі берілді, аталған олимпиада үстіміздегі жылдың қараша айында өтеді деп жоспарлануда. Қанипа Бітібаеваның атына республикалық олимпиада ұйымдастыру біз үшін үлкен мәртебе, бұл тек атаулы олимпиада ғана емес, бұл Шығыс Қазақстан облысының аты аңызға, өзі бір құбылысқа айналған, академиялық білімі мол, ұлтын сүйген Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваны еске алудың жауапты кезең бастамасы.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» деп, ұлы Абай айтқандай, оның мектеп ісін, педагогика ғылымын дамытуға қосқан үлесі, мазмұнды мұрасы барлық ұстаздарға ғана емес, шәкірттерге де үлгі аларлықтай еңбек болып қала беретіні сөзсіз.

Мукашева Меруерт Козыкановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп гимназия – интернаты» КММ Қ.Бітібаеваның республикалық ғылыми-әдістемелік зертханасының жетекшісі, педагог-шебер, ғылым магистрі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН М.ӘУЕЗОВТІҢ ТУЫНДЫЛАРЫН ОҚЫТУ

Есімі қазақ педагогикасында аңыз болып тараған әйгілі ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР Ағарту ісінің үздігі, СССР Ағарту ісінің үздігі, Бүкілодақтық Н.К.Крупская медалінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – құрметті академик, әдіскер ғалым, инноватор ұстаз.

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған ұстаз. Ұстаз әдебиетті тереңдетіп оқытудың мәселесіне аса ден қойып, оның тиімді жолдарын іздеді.Тәжірибе мен әдістемені ұштастырған әдіскер-ұстаз әдебиетті оқытудың әдістемесін ұсынып, инновациялық технологиясын жасады. Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет пен мәдениеттің бір бөлшегі ретінде оқытудың негізін салып, бағдарламасын жасады. Әдебиет алыптары Абай мен М.Әуезовтің адамзат баласына қалдырған мәңгі асыл мұраларын оқушы санасына сіңіруді мұрат етіп, даналар туындыларын мектепте тереңдетіп оқытудың әдіс-тәсілдерін қалыптастырды. Бұрын оқу бағдарламаларына енбей жүрген, хас таланттарды, қазіргі кезең әдебиетінің бір топ өкілдерін арнайы зерттеп, «Қазіргі

кезең әдебиетін оқыту» атты 3 томдық оқулық кітабын жазды.Мектеп мұғалімдері мен оқушылар үшін өте қажетті дүниені тереңінен қозғап, әдебиетіміздің 1960 жылдарынан 2000 жылдарына дейінгі аралықтағы қазіргі қазақ әдебиетінің белді өкілдері шығармашылығын оқытудың әдістемесін жасап көрсетті.

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы мектепте әдебиет пәнін оқытудың әдістемесі мен технологиясы жайында біршама еңбектер, Абайды оқыту туралы екі кітап, Әуезовті оқыту туралы үш кітап жазды. Бұл еңбектер - ұлыларды оқыту туралы Республикадағы тұңғыш іргелі зерттеулер.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани тарихындағы ірі құбылыс, әлемдік тұлға Мұхтар Әуезовтің мұрасын оқыту, ұрпақ санасына сіңіру - бүгінгі күннің маңызды мәселесі.

Дәстүрлі оқытудағы бағдарламаның санаулы сағатында М.Әуезов туындыларын оқушыларға оқытып, меңгертудің күрделілігін өз тәжірибесінде көріп, көзі жеткен ұстаз Қ.Бітібаева тереңдетіп оқыту бағдарламасын жасайды. Сол бағдарламаны 1991 жылы ашқан авторлық сыныптарында жүзеге асырады. Сондықтан 1994 жылы «М.Әуезов шығармашылығын оқыту» атты оқу құралын, кейін 2002 жылы толықтырып «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту» атты оқу құралдарын жазады.

«Көркем сөздің пірі, заманымыздың кемеңгер жазушысы, дана ойшыл, ғұлама ғалым, әлем әдебиетінің алыбы, қазақ әдебиетінің «екінші Абайы», М.Әуезов шығармашылығы туралы сөз қозғау осынау «зерек те ерен» талант иесінің асыл мұрасын бағдарламаларға санаулы сабақтар ішінде оқушыларға жеткізудің әрі күрделі, әрі маңызды мәселе екені мұғалімдер қауымына ежелден-ақ таныс. Әлемге танылып кеткен Әуезов үнін, Әуезов шеберлігін бар табиғи қалпымен, бар бітім-болмысымен оқушы жүрегіне, санасына жеткізу терең ойлы ізденісті, шеберлікті қажет етеді»,- деп әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева М.Әуезов мұрасын жас ұрпаққа жете танытып, оқыту кәсіби шеберлікті, тың ізденісті талап ететіндігін атап көрсетеді [1,3].

М.Әуезов - XX ғасырдағы ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салған ғұлама ғалым, ұлттық құндылықтарымызды жалпыадамзаттық әдебиет пен мәдениет кеңістігіне көтерген дарынды жазушы, шебер суреткер.

Ұлы даланың ұлы есіміне айналған Абайды, М.Әуезовті толық танып болдық па? Қазақ халқын Абайдың тағылымын, «Абай жолын» өз дәрежесінде ұрпаққа жеткізілу деңгейі қандай? М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының әр сөзінің астарын түсініп, қабылдау оңай емес, үлкен күш-жігерді қажет ететіні анық. Сондықтан да еліміздің болашағы үшін берілетін білім мазмұнында М.Әуезов мұрасының маңызы зор. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту, жас ұрпақтың санасына сіңіру, өміріне азық етерлік білім беру – біздердің басты міндетіміз.

Қ.Бітібаева «Абай жолы» эпопеясын төменгі сыныптардан бастап оқытудың бағдарламасын жасап, оқушыларға ұжымдық оқыту арқылы меңгерудің жаңа жолдары мен әдістемесін ұсынады. Бағдарлама мен оқу құралының ең негізгі **жаңалығы** - «Абай жолы» романын төменгі сыныптан енгізу мен оқыту жолдарын көрсете келіп, эпопеяны меңгерудің жаңа технологиясын ұсынуы.

Қ.Бітібаева тереңдетілген бағдарламада жазушының көлемді де күрделі туындысы «Абай жолы» эпопеясын тұтастай талдап оқытудың тиімді жолдары мен әдістемесін ұсынады. Бұл туралы ғалым Ф.Оразбаева былай дейді: «Ұстаз М.Әуезов шығармашылығын тереңдете оқыту жолдарын көрсете отырып, оны оқушының жедел меңгеруіне айырықша назар аударады. Ұстаз Әуезов шығармашылығын 5 сыныптан 11 сыныпқа дейін тұтастай оқытудың бағдарламасын жасай отырып, ұлы жазушы қаламынан туған әңгімелерді, драмаларды, эпопеяны жүйелі түрде оқыту проблемасын нақтылай түседі...М.Әуезовті оқыту туралы бұл кітап – әдебиетті терең білуге, ұлы қаламгерді жете танып, зерделеуге игі ықпал ететін ғылыми-педагогикалық еңбек»,-деп бағдарламаның тиімділігін анықтап береді [2,10]. Ғалым әдіскер-ұстаздың М.Әуезов шығармашылығын 5 сыныптан 11 сыныпқа дейін тұтастай оқытудың бағдарламасын жасаудағы шеберлігіне тоқталып, қаламгер шығармашылығын оқушылардың меңгеруіне ықпал ететін ғылыми-педагогикалық еңбек екенін талдап көрсетеді.

Жас өскіндерге М.Әуезовтің мұрасын танытып, тұтастай оқытуда Қ.Бітібаеваның тереңдетілген бағдарламасы мен технологиясының қазіргі таңда да өміршеңдігін баса айтамыз.

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы - қазіргі жаһанданудағы заманауи білім берудің талаптарына төтеп бере алатын инновациялық технология. Ұстаздың жаңа технологиясын сөз еткенде мына бір пікіріне жүгінбесек болмас: Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-дегендей (3, 2), шығармашыл ізденістегі құзырлы тұлғаны баулуда ұстаздың жаңа технологиясының тиімділігі өте зор.

Ұстаздың жаңа технологиясы, әдебиетті оқытудың әдістемесі мемлекетіміздің әр аймағындағы ұстаздар қауымы үшін бағдаршамдай. Қ.Бітібаеваның жаңа технологиясы оқушының алған білімін өз еркімен шығармашылық деңгейге жетелеуіне, көздеген тақырыпқа өзінің сыни көзқарасын танытып, зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуына, оқушылардың «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуына жол ашады.

Ұстаз авторлық бағдарламасының негізінде әдебиетті әлем әдебиетінің бір бөлшегі, ұлттық құндылықтың көзі деп оқытуды қарастыра отырып, құзырлылыққа бағытталған тапсырмалар, жеке тұлғаны шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар үлгісін ұсынды. Әр сабағын технологияға құрылған өнімді сабақ, оқушының ой еркіндігіне жетелейтін шығармашылық сабағы, дербес ізденісін тудырған ғылыми-зерттеу алаңы деуге болады.

«Сабақта оқушыға ой салу, сабақтан ойланып қайту, келесі сабаққа ойланып келу...» сынды әрекеттерді ұйымдастыру – ұстаз технологиясының ұстанымы. «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр...» [4]. Міне, ұстаздың гуманизмі, сабақтағы ой еркіндігінің көрінісінің дәлелі осында

жатыр. «Әр бала – жеке тұлға. Ол – психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білім жағынан болсын, бір-біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне,сол «жеке адамның» жеке пікіріне де сүйене жүргізілуі тиіс...»,-дейді ұстаз, сабаққа оқушылар өз ойын ортаға салу, дәлелдеу, шешімін табу үшін шығармашылық, зерттеушілік ізденіспен келеді. Оған түрткі болатын «миға шабуыл» сұрақтары, немесе алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы проблеманың қойылуы. Сабақта ұйымдастырылған проблемалық талдаудың тиімділігін: «Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді» Мәселен, төмендегі кестеге тоқталсақ [3].

Кесте 1 Проблемалық талдау

Жай сұрақтар	**Проблемалық сипаттағы сұрақтар**
Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па?	Қалай ойлайсыңдар, Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?
Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді?	Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?
Бақтығұлдың іс-әрекетін түсіндіріңдер, Ұрлық жасауы, кісі өлтіруі дұрыс па?	Бақтығұлдың іс-әрекеті мақсатты, саналы іс-әрекет пе, әлде кектен, өш алудан туған іс-әрекет пе?

Қазіргі оқыту технологиясының басымдығын құрайтын сындарлы оқыту болса, ұстаздың технологиясында «Ой тастау, ойланту, ойлау» пәлсапасы ұстаным етіледі. Сабақта оқушыларды танымдық-шығармашылық жұмыстарға жетелей отырып, «Мен-ізденуші, зерттеушімін» деген ұстаныммен әр оқушының өз мүмкіндігін пайдалантып, зерттеу жұмыстарына дағдыландыру қалыптасқан.

Жаңартылған бағдарламада пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру) бірізді сақталынған. Қанипа Омарғалиқызының ғылыми зерттеулерінде бұл мәселе терең зерттелініп, жаңашылдығымен танылды. Ұстаздың «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» (1991 ж.), М.Әуезов шығармашылығын оқыту (1994 ж.), «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту» (2002 ж.) еңбектері Әуезовтану іліміне қомақты үлес болып қосылды. Ұстаздың Әуезовті оқыту айналасындағы осы үш еңбегі - ұлы жазушы шығармашылығын тұтастай оқытуға арналған тұңғыш еңбек. Өйткені бұрынғы авторлар жазушы мұрасын оқытуда жекелеген тақырыптар аясында қарастырған... Ал Қанипа Омарғалиқызының ғылыми еңбектеріне үңілсек, санаулы сағаттардың ішінде роман-эпопеяны оқушыға нәтиже беретіндей етіп оқыту мәселесі төңірегінде тың ізденістер жасады.

Ұстаз «Абай жолын» әр сыныпта оқытудың жүйесін төмендегідей етіп береді.

5-сынып. Оқуға, талдауға: «Қанды үкім» (1-кітап. 28-37беттер).

Әдебиет теориясы: кейіпкер тілі туралы алғашқы ұғым.

Сыныптан тыс оқуға: «Ана құшағында», «Қайтқанда» (1-кітап, 40-45беттер).

6-сынып. Оқуға, талдауға: «Атаның батасы» (1-кітап, 84-88бет).

Сыныптан тыс оқуға: Мұғалім ұсынысы бойынша өмірдегі, тарихта болған Құнанбай туралы мәліметтер.

7-сынып. Оқуға, талдауға: «Шыңға шыққан жас шынар» (1-кітап, 281-284 беттер). Әдебиет теориясынан: Диалогтің көркем шығармадағы орны. Сыныптан тыс оқуға: «Тәкежан аулында» (өлеңнің тууы) (3-кітап, 56-64беттер).

8-сынып. Оқуға, талдауға: «Исаның ерлігі». Әдебиет теориясынан: Жазушының тілі, стиль туралы түсінікті кеңейту.

Сыныптан тыс оқуға: «Біржанның әні» (3-кітап, 324-334 беттер)

9-сынып. Өз беттерімен оқуға: «Абай басына жасалған қастық» («Қастықта», 450-484 беттер) «Аға арашасы» («Оқапта», 437-450 беттер).

10-сынып. Өз беттерімен оқуға: «Абай жолы» 1-2 кітаптар.

11-сынып. Оқуға, талдауға: «Абай жолы» (толығымен). Сыныптан тыс оқуға: М.Әуезов «Мен «Абай жолы» эпопеясын қалай жаздым...» (мақала)

Қ.Бітібаеваның эпопеяны оқытуды тұтастай ала отырып талдаудың, оның өн бойында жатқан проблемалардың шешімін табудың, «Эпопеяны қалай талдауға болады?» деген сұрақтың төңірегінде тың ізденістері қазіргі күнде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, насихаттап жатқан заманда оқушыларды сөз өнеріне баулуда, рухани жан дүниесін байытуда, оқырман баулуда өте маңызды тәрбие құралы болмақ. «...оқушыларға «алдындағы бала» деп қарамай, оқырман ретінде қарым-қатынас жасау, тең дәрежеде әңгімелесу, өз пікірін, не оқулық пікірін тықпаламау»,-дегендей [3]. Қ.Бітібаеваның озық тәжірибесінен туындаған тағылымы ұлттық құндылықтарын қадірлейтін, өз ойы, өз пікірі бар, жан-жақты дамыған саналы да салауатты рухани тұлғаны баулуда маңызды.

Қай мемлекетте болмасын, ақпараттанған қоғамда, жасыратыны жоқ, жас өскінді сөз өнеріне, оқырмандыққа баулу – кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселені шешуде Қанипа Бітібаеваның тәжірибесі, педагогикалық еңбектері - ұстаздар қауымы үшін таптырмас қазына. «Шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымақтастық, әр ұстаздың шәкіртке өзіне тәуелді, өзінен төмен орындаушы деп қарамауы, оны білім мен тәрбие алудың обьектісі ретінде ғана санамауы, ең бастысы, әр шәкіртті бас бостандығы өзіндегі егеменді еліміздің болашағы, соның бір азаматы деп тануы деген сөз»,- деген Қ.Бітібаева [3]. Ендеше, болашағымыздың ертеңі, жас ұрпақты, оқытып қана қоймай,құндылықтарға тәрбиелеуде ұстаз технологиясының өміршеңдігі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. М.Әуезов шығармашылығын оқыту.–Алматы: Республикалық баспа
2. Оразбаева Ф.Ш. Дарынды педагог, қарымды әдіскер // «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. –Алматы,21-22 желтоқсан, 2005.-356б.
3. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
4. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан
5. Бітібаева Қ.О. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мекте

1-СЕКЦИЯ
Гуманитарлық бағыттағы пәндер үшін
«ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Дусимбаева Молдир Усеновна
Алматы қаласы білім бөлімінің
«Ш.Уәлиханов атындағы №12
мамандандырылған гимназия» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ОЙЛАУ БЕЛСЕНДІГІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

«Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ. Әдебиет – сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Сабақта айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол – әрине, зерттеуді қажет ететін мәселе» деп ой тастайды ғалым –әдіскер, КСРО Халық мұғалімі Қ. О. Бітібаева.

Шынында да, оқушыларды көркем шығарманы талдатуда қызу айтысқа тартып, өз көзқарасын білдіруге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға баулысақ, сабақта үнемі іздендіріп, ойға ой жалғап, ой кеңістігіне бойлатып үйретсек, ұстаз – ғалымның әдебиет пәнін оқытуға қойған бір талабын орындағанымыз болып табылады. Мені ұстаз – ғалымның іс-тәжірибесіндегі оқушылардың сабаққа өздері мақсат қою әдістемесі қызықтырды. Бүгінгі сабақтарда ол мақсатты мұғалім диагностика, болжам үшін пайдаланады. Ал шәкірттің сабаққа тек қатысушы ғана емес, білімді алушы, білімге қызығушы тұлға ретінде өзінің алатын білімінің сапасына, оны өмірде пайдалануға, қолдануға байланысты қажеттілікті сезінуі қандай тамаша! Осы жаңалықты жаңа білім беру стандарты жасалмай, жаңа буын оқулықтары жазылмай тұрып ғалым – ұстаз Қ. Бітібаеваның алдын ала болжауы – болашақтың талаптарын алдына ала сезініп, көре білу қасиетін көрсетеді, бұл данышпандық қасиет қой! Аңдап қарасақ, қазіргі таңда қолданыста жүрген Кембридж технологиясының жеті модулі де Қанипа Омарғалиқызының іс-тәжірбиесінен көрініс табады. Әрине, ұстаз – ғалым бұл жаңалығын «Блум таксаномиясы» деп атамаса да, Кембридж бағдарламасының бүкіл мазмұнын ашатын модуль – сын тұрғыдан ойлауға үйрету модулі Қ.Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» деп атаған әдебиет пәнін оқыту тәсілдерінде көрініс тапқан. Бұл әдістемеде оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтін әдіс-тәсілдерді көреміз. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты т.б. өнімді әдістері оқушылардың өз бетімен

ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін ашуға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға серпіліс», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін көре аламыз.

Салыстыру

Р\с	**Қ.Бітібаеваның технологиясы**	**Жаңартылған білім мазмұны**
	Психологиялық ахуал	Психологиялық ахуал
1	«Ой тастау, ойланту» технологиясы Ой салу – ұстаз тарапынан Ойлану – шәкірт тарапынан Ойланту – ұстаз тарапынан Шешімге келу – шәкірт тарапынан	«Блум таксономиясы» ойлау деңгейлері Білу түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау
2	Топтық жұмыс, жұптық жұмыс модельдеу	Интербелсенді әдіс-тәсілдер. Асхат Алимов «Джиксо», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Болжау»
3	Поэзия сәті	Сергіту сәті
4	Пікірлесу, әдеби айтыс	Пікірталас, дебат
5	Сахналық көріністегі сабақ	Рөлдік ойындар
6	Диалогиялық әңгіме	«Әңгіменің үш түрі» Мерсер
7	Ұқсастықтар, ерекшеліктерді салыстыру	«Венн» диаграммасы, «Т кестесі», «Дара диаграмма»
	Тірек-сызба, кестелер	Сын тұрғысынан ойлаудың тәсілдері кластер, постер
8	«Өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы»	Өз бетімен іздену . Интеграциялық байланыс. Сабақта мұғалім 20% сөйлесе, қалған 80% оқушы сөйлеу керек. К4 (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым)

Қанипа Омарғалиқызы мақсатқа жету жолындағы ең оңтайлы қадамның бірі – сұрақ қоя білудің маңыздылығын атап көрсеткен. Анкеталық сұрақтар, әңгімелеу сұрақтары, проблемалық сұрақтар, жай сұрақтар т.б. Мен де ғалымның толғамдарын, әдістерін сабағымда қолдана отырып, оқушыларды ойлау белсендігіне баулып келемін. М. Әуезовтің “Көксерек” әңгімесінен оқушылардың алған білімдерін толықтыру, сыни ойлай білуге жетелеу мақсатында «Блум түймедағы» әдісінің тиімділігі көрінеді.

«Блум түймедағы» әдісі

Жай сұрағы (білім)

Шығармада суреттелетін ауыл көрінісі қандай?

Нақтылау сұрағы (түсінік)

Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі ме?

3.Тәжірибе сұрағы (қолдану): Қалай ойлайсыңдар, Көксеректің іс-әрекеті дұрыс па?

4.Түсіндіру сұрағы (анализ, талдау) Шығармадағы адам мен табиғат арасындағы байланысты сипаттаңыз.

«Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрамыз» деген ойды әңгіме мазұнымен байланыстыра отырып талдаңыз.

5.Шығармашылық сұрағы (синтез): әңгімеге жоспар жасаңыз…? Автор идеясына пікір қосыңыз…?

6. Монолог құру. « Егер мен Құрмаштың орнында болсам…»

7. Бағалау сұрағы (баға беру): Мен үшін көркем туындының басты құндылығы неде?

Білім беру жүйесі бойынша оқушының қызметі бірінші кезекте болады. Оқушы – түсінікті қабылдаушы, алған білімді пайдалана білуші, оны дамытушы. Өнімді іс-әрекет (сөйлесім) оқушылар белсенділігімен жүзеге асады. Оқушылар өздері ізденеді, қосалқы, басты ойды табады, пікір таластырады, кейіпкердің психологиясын саралайды, бағалайды, ойлаудың ең жоғары тәсілдері - сөйлесімнің анализ, синтез, ойды қорыту, талдау, пікір жинақтау т.б. түрлерінде жүзеге асады. Бүгінгі жаңартылған білім мазмұнынындағы оқыту да осыны талап етеді.

Мақсат қою картасы

Мақсат қою	**Анықтама**	**Оқушы іс-әрекеті**	**Тірек ұғым дағы сөздер**	**Мысалдар**
Білім	Берілген жаңа білімді ұғу, еске сақтау	Тыңдайды, есте сақтайды, қабылдайды, еске түсіреді, жаттайды,хабарлайды, әңгімелеп береді.		
Түсінік	Жаңа білімді түсінеді	Өз сөзімен мазмұндап береді, екі ұғымды салыстырады, топпен, жұппен талқылайды, болжайды, «Неліктен», «Не үшін» сұрақтарына жауап береді.		
Қолдану	Бұрынғы білімді пайдаланады, жаңа білімді зерделеп, проблема шешеді.	Хронологиялық кесте жасайды, ойлау картасын толтырады, иллюстрациялайды		
Анализ	Алған білімді жіктейді, саралайды, түйінді дәнін бөліп алады.	Дәлелдейді, сараптайды, жан-жақты салыстырады, астарлы ойды табады		
Синтез	Жинақтап, ой түйеді	Шығармашылық жұмыспен айналысады: эссе, әңгіме, өлең, мақала, баяндама, сөз жоспар, сценарий құрайды		
Баға	Алған білімінің маңызы мен мәнін саралау	Өз пікірін білдіреді, шешім қабылдайды, қажеттілігін, пайдасын, құндылығын айқындайды, дәлелдейді, тұжырымдайды		

Ұстаз – ғалым Қ. Бітібаева: «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді», – дейді.

Бүгінгі күні әдебиет пәні мұғаліміне қойылатын талаптардың жаңа Қазақстанның жаңартылған білім беру саласына қойылған міндет-мақсаттармен ұштасып, үндесіп жатқанын байқауға болады. Сөз қадірін түсінетін, рухани дүниесі бай, эстетикалық талғамы жоғары, адамгершілік қасиеті жетілген ұрпақ бойында Қанипа Омарғалиқызы егіп кеткен дәндердің негізі бар деп айтуға болады. Көркем шығарманы талдаудың тұтас ғылыми-әдістемелік жүйесін жасаған Қ. Бітібаеваның өнегесінде оқушыға сөз өнерін зерделеу, шығармаға ой көзімен қарау, ой тастау, ойланту, ойлау, көркемдікті тану жолдары бүгінгі жас ұстаздардың жасампаз еңбегімен қанаттасып, жалғасын тауып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі Алматы. Рауан, 1997 ж.
2.Бітібаева Қ.О. М.Әуезов шығармашылығын оқыту. Алматы, 1994 ж.
3.Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. Алматы, Мектеп,
4.А.Әлімов Итербелсенді әдістерді мектепте қолдану. Алматы, 2015 ж.

Адылканова Айгуль Адылканкызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
«Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектебі» КММ
мұғалімі

Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНЕ САЛҒАН ДАРА ЖОЛЫ

Ұлт болашағының кемелденуі-ең әуелі ұстаздың еншісінде. Кез-келген ұлт білім көкжиегіне өз ана тілі арқылы еніп, жазуды, сөйлеуді, ойлауды, қарым-қатынас жасауды өзінің тілінде үйренеді. Ананың ақ сүтімен дарыған тіліміз балаға сәби күнінен таңсық болмаса, сәби күнінен сол ғажап тілінің үнімен оянып, ғажап тілде орындалған әннің ырғағымен ұйқыға кетсе, алғашқы сөзін өз ана тілінде айтып, ұлттық тіл мен ұлттық тәрбиені қатар алып жүрсе, болашақта мұндай баланың нағыз ұлтжанды азамат болары хақ. Міне, осындай ұлтжанды азаматтарға дұрыс тәрбие мен білім беру ұстаздарға жүктелген жауапты іс.

«Әдебиет - халықтың анасы, тарих - халықтың атасы» бар ғылымның бастауындай болған әдебиет пен тарих - адами құндылықтардың жинағы. «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» дегендей жақсы ұстаз, шебер ұстаз ғана оқушы

бойындағы дарындылықты көріп, дұрыс бағыт-бағдар беріп, шәкіртінің жүрегінің кілтін аша біледі. Ұлы ғұлама Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» демекші ұстаз алдына келген баланың тұлға болып қалыптасуы, дамуы тікелей жақсы ұстаздан.

Бүгінгі менің тақырыбыма арқау болатын «Ұстаздықтың Хан-апасы» Қ.О Бітібаеваның әдебиет әлеміне салып кеткен дара жолы. Жаңашыл ұстаз, бала оқытуды басты ұстанымым деп санаған, әдебиет әлемінің қыр-сырын шебер меңгерткен бірегей тұлға жайлы болмақ. Өз мамандығына деген шексіз сүйіспеншілігі, әдебиет саласында атқарған тынымсыз еңбегі Қанипа Омарғалиқызының бейнесін даралай түседі. Ол өзінің «Егіз өрім» атты кітабында: «45 жыл. Бес жылсыз жарты ғасыр... Сәби кезімнен армандаған ұстаздық - Бақытым, Бағым, Шыққан биігім, Асқан асуым болды. Жаратқан ием мөлшерлеп қана беретін «қамшының сабындай» ғұмырым халық баласының ортасында өтіпті, бала әлемінде өтіпті. Бұл әлем менің атымды аңызға айналдырды. Бұл мамандық маған асқақтық пен өрлікті, ірілік пен ізгілікті, имандылықты, қайсарлық пен өткірлікті, қажыр мен жігерді, кесектік пен кішілікті сыйлады. Өткір ой да, отты сезім де, ұлпа қиял да өзім оқытып жүрген асыл сөз өнерінің жемісі» деген екен.

Киелі Тарбағатай жерінде дүниеге келіп, өсіп-өніп, бала күнгі арманы шындыққа айналған Қанипа Омарғалиқызы бар ғибратты ғұмырын ұстаздық жолға арнады. Қ.Омарғалиқызы «Ұстаздардың ұстазы», «Халық мұғалімі» атанып, атағы тек елімізде ғана емес, шет елдерге де ұлағатты ұстаз есімі мәшһүр болды. Ардагер ұстаздың 15 монографиялық еңбегі, 40кітап, 150 оқу-әдістемелік мақаласы бар. 45 жыл ұстаздық еткен Қанипа апамыз әр сабағынан тағылым алатындай, ой салатындай, көркем шығармадағы кейіпкермен бірге қуанып, бірге мұңаюды үйреткен. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына тереңірек үңіліп, сырын ұғынуға, тағылым алып, сыни көзқарас қалыптастыруға себепші бола білген. Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларын зерттеуде бар күш-жігерін жұмсаған. Шығыстың үш алыбын танытуды өзекті етіп алған Қ. Омарғалиқызы «Жақсы ұстаз болу үшін ол өз пәнін ерекше суюі керек. «Пәнді сүю»деген ен алдымен оны терең білу. Әсіресе, әдебиет пәні мұғалімінің білімі жан-жақты болуы керек. Оқулық көлеміндегі біліммен қалған мұғалім әдебиетші емес» деген екен.

Ұстаздықпен қатар ғылыми ізденісті тоқтатпаған Қанипа Омарғалиқызының мектепте Абайды, Мұхтарды оқытудың әдістемелік құралдарын жазуы - басқа әріптестері үшін құнды көмекші құрал. Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамытуға, оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Өзіндік ойлау, өзіндік пікір, өзіндік көзқарас қалыптастыруға итермелейді.

Қанипа апамыз өз сөзінде «Әдебиет - асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, әр сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ - бос, өнімсіз сабақ» дейді. Ол кісінің «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты 5-11 сыныпқа арналған әдістемелік құралы жеке тұлғаны дамытуға негізделген педагогикалық тұжырымдардың негізі. Кез-келген әдебиетші мұғалім үшін таптырмас құрал.

Сөз соңында айтарым, ұстаздық жолды таңдаған әр мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс. Үйретері көп, берері мол Қ.О.Бітібаеваның еңбектері арқылы жас ұрпаққа саналы ой қалыптастыруға болады. Ұлт ұстазына айналған Қ.Омарғалиқызының жаңашыл әдістемелері мен технологиялары арқылы Абай шығармаларын тереңдете оқуды, Абай іздеген «Толық адам» ілімін жас ұрпақтың бойынан табуға болады. Ол үшін қажырлы еңбек пен ізденіс керек. Қанипа апамыздың әдебиет әлеміне салып кеткен дара жолы ешқашан ұмытылмай, әдебиетті жан-тәнімен сүйетін, тілін қастерлейтін, сөз қадірін білетін, жаңашыл ұстаздар көбейе берсін. Ұстаздық жолдарыңызға шығармашылық тілеймін.

Назарларыңызға рақмет!

Муканова Кымбат Серикказыевна
Абай облысының Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жас буынға білім, тәрбие беруде қазақ тілін оқытатын ұстаздардың еңбегі айрықша бағаланады. Жаңа аяққа тұрып келе жатырған Тәуелсіз Қазақстандағы сөз өнерін дамыту, ұрпаққа сапалы білімді игерту, тәрбиелеу ісін жүргізуде Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының алатын орны ерекше. Ол қазіргі қазақ тілі мамандарына үлгі боларлық жол салып кетті.

Хан апа қазақ тілін игертуде орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда оқу- әдістемелік құрал жасады. [1] Сөз өнерін игеруде жас буын тек қана фольклор мұралары мен әдебиет туындыларының көркемдік- эстетикалық дүниетанымын тереңнен меңгерді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда – өзіндік сара жол салып, жаңа леп алып келді. Оқушылардың психологиясын тереңнен зерттеп, қазақ тілін меңгертуде жаңаша көзқарас алып келді. Ол жас мамандарға мұғалімдік жолдың бұралаңы көп жол екендігін, оның биігіне тек ізденіс пен еібекқорлықтың арқасында жетуге болатынын көрсетті. Соның бір дәлелі Тарбағатайда ауыл мектебінде еңбек еткен жылдары екенін алға тартады. Өскемен қаласындағы мектеп- интернатқа ауысқанда да бір орында тоқтап қалмай, ұстаздық жолдың алдыңғы сапында жүрді. Ауыл мектебінде алғаш еңбек жолын бастағанда ұйымдастырған театры әлі күнге дейін жалғасуда. Сол жылдары ұйымдастырған ауданда ұйымдастырған әдістемелік кабинеті қазір бүкіл аудан мұғалімдері үшін ғылыми зерттеу орталығы. Тек қана аудандық, облыстық, республикалық педагогикалық оқуларда оқу- әдістемелік жұмыстарымен дүйім жұртқа танымал болған Қанипа Омарғалиқызын тек қана Кеңес Үкіметі мен шетел ғалымдары, академик Ю.К.Бабанский, КСРО Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиев ерекше құрметтеген. Олар іс- тәжірибе алмасып, тығыз байланыста болған.

Бітібаева қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде педагогикаға енгізген жаңалықтары әлі күнгі өзектілігін жойған жоқ. Оқушыға білім беру мен білімді игерудегі оңтайлы тәсіл- бұл жеті модульда қарастырылатын жаңа тәсілдер, «Диалог негізінде оқыту және оқу» және «Қалай оқыту керектігін үйрету» деген атауларға негіз болып, соны кеңінен қарастыратын модуль. Білім беру мен білімді игерте алу барысында оқушылардың өзара білім алмасуын, мұғаліммен оқушы арасындағы басты құрал-диалог екенін меңзейді. Диалог сабақ барысында оңтайлы қолданылса, білім алушы өз ойын жан- жақты, еркін жеткізе алатынын, дамуына көмектесетінін алға тартады. Ал «Қалай оқыту керектігін үйрету» оқушылардың алған білімдерін есте сақтап, қосымша өздігінен ізденіп оқуға, яғни, білім жинау жауапкершілігін түсінуге мұғалім қандай іс-әрекет жасауын қарастырады. Қанипа Омарғалиқызының іс-тәжірибесінің ерекшелігі, білім алушы өзі сабаққа мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды мұғалім талдау, болжам жасау үшін қолданады. Оның сабағында оқушы өз ойын еркін жеткізеді, оқушыға ешқандай қысым көрсетілмейді. Сабақ жоспары бойынша оқушы өзінің субъекті көзқарасын білдіреді, оқушы мен ұстаз бірігіп сабақ мақсатына жетеді. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін». Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесінен ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы билер кеңесінің отырысы, мен зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шешендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы, есеп беру сабақтарында осындай білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туындап жатады. Мысалы, Қанипа апайдың өз еңбегінен үзінді келтірсек: «Ары қарай әр топ өзінің шағын сабағын жүргізеді. Оны әр топтың жетекшісі өзі жүргізеді. Әр оқушы өз пікірін өлеңнен үзінді оқи отырып, немесе сыншылар еңбегінен нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Бір топ екінші топқа сұрақтар қояды, толықтырады, әдеби викториналар арқылы сабақты одан әрі жандандыруға болады. Әр топ өз тапсырмасы туралы сөйлеп болған соң, сол топтың жұмысына қорытынды ретінде ғалымдар пікірінен үзінділер оқудың маңызы ерекше болып табылады. Себебі, сыншыл ғалымдар пікірі оқушылар ойын, түсінігін терендетеді, айқын жолға салады, таба алмаған сұрақтарына жауап бергізеді. Санаулы уақыттар ішінде (мейлі, 1 ай оқысын өз бетімен) ірі ақындар шығармашылығын толық меңгеру - үлкен адамдарға да күрделі, қиын дүние. Ал мұндай сабақ түрлерінен оқушылар бір-бірінен бірталай ақпар, білім алады, өйткені олар ойларына ой қосады, пікірлеседі, таласады, оқып үлгермеген дүниелерін басқалардан естиді, қызықса, оны ары қарай окиды. Жалпы, жоғары сынып тек лирика ғана емес, басқа да жанрларды өтудегі ең тиімді әдіс - еркін пікірлесу, әдеби таласқа түсу, өз пікірлерін дәлелді қорғай білу.

Сондықтан мұндай тиімді оқыту жолдарын іздену - әр мұғалімнің басты мақсаты болмақ».

Ұлағатты ұстаз, көрнекті педагог Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ғылыми- әдістемелік мқраты- сөз өнерін биікке көтеріп, әдебиетімізді күллі жұртқа паш етіп, мұғалімдер мен оқушылардың ой- өрісін кеңейту болатын. Ұлтымыздың «Хан апасы» атанған аяулы Ұстазымыз, жаңашыл педагог, шәкірт бойына халқымыздың бар асылын еге білген дана адам Қанипа Бітібаева ұстаздардың ұстазы. Кеңес Одағы кезінде- ақ оны шоқ жұлдызға теңеп, Ыбырай Алтынсариннның ізбасарына балаған. Қанипа ұстаздың есімі мұғалімдердің есінде мәңгі сақталары даусыз. Ұлты үшін барын салып, тілінің дамуы үшін уақытын аямаған ұстаздың есімі қазақ деген халық барда мәңгі сақталары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Мұғалімдерге арналған құрал. – Алматы: Рауан, 1990.- 199 бет

2.Тұрсынбаева Б. А. Ұстаздық шығармашылық.- Алматы, 2007.

3.Ұстазға тағзым (Әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева жайлы естеліктер). Құрастырған: А. Қартаева, Ш. Құрманбаева.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Берел баспасы, 2015.- 158 бет.

Жумагелдыева Айжан Жумагелдыевна
Абай облысының Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ педагогикасын дамытуға үлес қосқан көрнекті тұлғасы, қазақ тілі мен әдебиетін дамытуды ту еткен абыройлы ұстаз. Ұстаздықтың биігіне шыққан Хан апа туралы белгілі тұлғалар, шетел зерттеушілері жоғары баға бергіп, жылы лебіздерін білдірген. Тарих ғылымдарының докторы Ғани Қарасаев: «Қанекең – қазақ педагогикасындағы ерекше құбылыс. Оны ұстаздықтың Айша бибісі, Домалақ анасы деп кім айтпас? Ол мұғалім мамандығын шың биігіне көтерді, дәрісін тыңдап, сабағына қатысқандар, оны көптен білетіндер, Шоқанды тәкәппар орыс зиялылары мойындағандай, педагогикадағы құбылыс, ұлы ұстаз деп мойындағандары қашан!», - деп ұстаздың бойындағы асыл қасиеттерді баса көрсеткен. [1]. Ұстаздық жолы оның өміріне, тағдырына айналғанын оның жүріп өткен жолынан аңғаруға болады. Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның өмір мектебі жайлы сыр шерткен соңғы жазған «Егіз өрім» атты кітабындағы өз сөзіне үңілетін болсақ: «Таңымды «мектеп» деп, түнімді «мектеп» деп жүріп өткізген 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым... 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр

кешіппін. Сол 45 минуттарда жарқылдаған, жайнаған ару жастығым, арғымақтай арқыраған, тау суындай сарқыраған, тау бұлағындай мөлдір, аққу көзінен айна айдынға тамшылаған ұлпа сезімім жатыр. Осы 45 минуттардың иірімі мен ирелеңі, етегі мен шыңы, жайлауы мен шөлі қатар келген, маңдайға жазылған тағдырым да жатыр. Ең бастысы, сол 45 минуттар мені «Дәуір ұстазы», «Ұлт ұстазы», «Ұстаздықтың падишасы», «Қазақтың Қанипасы» сияқты атақтарға бөледі». Ұстаз деген киелі ұғымды биікке көтеріп, тек Қазақстанда ғана емес, Кеңес Одағы тұсында да қазақ педгогикасын алыс- жақын шетелге паш етіп, қастерлеп қорғаған. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне, технологиясына айрықша көңіл бөлді. Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, қазіргі қазақ әдебиетіне оқу құралдарын, бағдарламасын жазды.

Ұлт ұстазының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз [2].

Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Ұстаз тәжірибесінің тағы бір ерекшілігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы–субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады.

Қ.Бітібаева ұсынған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесі мен технологияларын бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаздар қауымы қолдануда.

Оқушының оқу-танымдық қызметі теориялық білім, білік, дағдылар мен ақыл-ой әрекетін меңгеруге, өз әрекетін жүзеге асырудың жолдарын негіздеу, белгілі бір топтағы тапсырмаларды шешу арқылы жалпы әдісті, ұстанымды игеруге бағытталады; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушы-зерттеуші, ғылымды меңгеруші ғана емес, сол «ғылымды қайта жасаушы». Осы тұрғыдан келгенде, оқушының оқу-танымдық қызметі ғылыми танымның баламасы ретінде көрінеді. Зерттеу барысында бала ережелер мен заңдарды енді өзі қайта жасап, қайта жүйелейді; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушының өзінің қызметіне, әрекетіне деген сыни көзқарасы қалыптасады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Оқушының жеке тұлғасын арнайы тілдік жағдаяттар ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жүйесіне адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесі негізгі болады. Тұлғалық парадигмаға көшу қазіргі білімнің басты

тенденцияларының бірі болып саналады. Бұл – технократтық қоғамның дағдарысынан туындаған адам жайлы ойлаудың тереңдігінің көрінісі. Тұлғалық парадигма білімнің мөлшерінің өсуі, ондағы бірсарындылық сияқты құбылыстарды мойындамайды, керісінше ол оқу үдерісіндегі ішкі ізгілікке негізделеді.

Қ.Бітібаеваның республикалық ғылыми зертханасы оқушының, ұстаздың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға негізделе отырып:

- іс жүзінде болашағы бар білім беру мақсатын жүзеге асыру;
- әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау;
- білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, өз білімдері мен іскерліктерін дамытудың жолдарын анықтау;
- әрбір оқушының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістік деңгейін бағалау мүмкіндігін беру;
- оқушының әлеуметтік біліктілігін қамтамасыз етумен шұғылданады.

Дарынды балалардың дара ерекшеліктерін дамытуға түрткі жасауды алдына мақсат етіп қойған республикалық ғылыми зертханада басты тұлғалардың жұмысы өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылып, оқу мен тәрбие тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталады, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Мұғалімдерге арналған құрал. - Алматы: Рауан, 1990. - 199 бет.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. - Алматы: Мектеп 2003. - 336 бет.
3. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Бірінші кітап. - Алматы: Дәуір-Кітап баспасы, 2012. – 314 бет

Толеуконыр Жадыра Кунанбаевна
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы бойынша білім бөлімінің
«№15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ, ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖАЗУҒА ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ (Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Білім беру парадигмасының өзгеруімен бірге жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, қабілет, дарын көздерін ашу, өзін-өзі тану проблемалары алдыға шықты. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан ең алдымен білімі, ғылымы, рухани байлығымен дараланады. «Ғылым – ғаламды танудың кілті болса, сол ғылымның негізі білімде

жатыр. Ал білімнің негізі орта мектепте қаланады» [1, 7б.]. Соңғы кездерде оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Оқушыларды ғылым әлеміне қалай әкелу керек, қалай жетелеу керек, оның тиімді жолдары қандай деген өзекжарды мәселелер ғалымдарды да, ұстаздарды да ойлы, жүйелі жұмыстарға жетелейді. Мектеп мұғалімінің бұл үдерістегі басты мақсаты оқушыларды дербес ойлауға, өз беттерімен еңбектенуге, өз беттерімен ізденуге, бір нәрсені өздерінше шеше білуге баулу болып табылады. Оқушылардың таным, ойлау белсенділіктерін дамытып, зерттеу, іздену жұмыстарына ынтасын арттырады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамыту − маңызды да күрделі мәселе. Ұлы Абай өз қара сөзінде: «Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады», − дейді [2]. Балалардың ғылыми ізденіске деген ынтасын, белсенділігін, қажеттіліктерін оятудың тиімді жолдары қандай деген сұрақтар бүгінде аса өзекті болып, күн тәртібінде тұр.

Шығармашыл ұстаз американдық ғалымдар Дж.Кэролл мен Б.Блумның білімді толық меңгеру технологиясы «Блум токсономиясын» оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге көтерудің өнімді моделі ретінде көреді. Жаңашылдықты қолдайтын жаңашыл ұстаз дәстүрлі білім беру мен өнімді білім берудің ерекшеліктері мен айырмашылығын көрсете келе өз бетінше танымды іздендіру арқылы іс-әрекеттің сапасы артатынын әдістемелік еңбектері арқылы дәлелдеген. Уақытынан көш ілгері жүретін ізденімпаз ұстаз оқыту технологияларын әдебиетті құзыреттілік тұрғысынан оқытуда тиімді екенін өз тәжірибесімен көрсетті. Қ.Бітібаева дамыта оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы,проблемалық оқыту технологиясы, шығармашылық жұмыстар технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, дискуссия әдісін, миға шабуыл әдісін, модельдеу, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологияларын әдебиет сабағында тиімді қолдану арқылы нәтижеге жетудің әр түрлі жолдарын айқындап кетті. Осыдан ұлағатты ұстаздың методикалық ізденістері қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасындағы Кембридж технологиясының жеті модулін бойына жинақтағанын аңғаруға болады. Қ.Бітібаеваның сан жылдар бұрын жасаған ізденістері қазіргі таңда да өзекті екені анық көрінеді. Яғни, қазіргі білім мазмұнын жаңарту кезеңінде Қ.Бітібаевадай кәсіби шебер мұғалімнің еңбектерін оқу процесіне қолдану өте қажет. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. [2,15] Аталған мәселелер ізденімпаз ұстаздың әдістемелік еңбектерінде де көрініс тапқан. Бұл шығармашыл мұғалімнің көрегендігін көрсетсе керек. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері Қ.Бітібаева сан түрлі әдістерді жүйелі қолдану арқылы жоғары жетістіктерге жетті.

Мен де өз тәжірибемде Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының технологияларының элементерін оқушылардың қабілеттеріне қарай пайдаланамын.

Әсіресе, «ой тастау, ойланту, ойлау», оқушылардың өзін-өзі оқыту технологиялары бүгінгі жаңартылған білім беру үрдісінде тиімділігін көрсетіп келеді.

Ұлағатты ұстаздың «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» оқу құралында «Ғылыми-зерттеу неден туындайды, оның тақырыбын қалай таңдап алуға болады?», «Табысқа жету проблемаларды шеше алу», «Өзіңді-өзің оқыт, өзіңді-өзің таны, өзіңді өзгегег таныт», «Өзің ойлан, өзің іздең, өзің шеш» (жай сұрақтар мен проблемалық сұрақтар жүйесі, пікірталас, әдеби айтыс, сын), «Салыстырыңдар, ізденіңдер, табыңдар, дәлелдеңдер», «Дәлелдеулердің маңызы», «Зерттеу болжамдары (гипотеза)», «Пайымдау, ой елегінен өткізу», «Эксперимент (тәжірибе жүргізу), «Мұғалімдерге айтар бірер кеңес», «Қорытынды жасау, жинақтау үрдісі», «Қорғауға дайындық», «Ғылыми ізденісті, зерттеуді қорғау кезеңі» сынды тарлауларға бөлу арқылы «Ой тастау, ойланту, ойлауға» жетелейді. Ғылыми жоба жазғызу, оқушылардың зерттеген, ізденген тақырыптарын ғылыми жобаға дейін жетелеу − күрделі үдеріс. Барлық ізденістер, зерттеулер ғылыми жоба деңгейіне жете алмайды, ол міндет те емес. Бірақ ғылыми жоба жазуға бейімдеу ол пән мұғалімінің міндеті деп ойлаймын. Осы орайда ғылыми жоба жұмысын жазуға қалай бейімдеуге болады? – деген заңды сауал туындауы мүмкін.

Оқушыларға ғылыми жобаны жазғызудан бұрын оқушылармен жүргізілетін жұмыстар:

- ғылыми ақпаратты ұсыну әдістері мен қадамдары;
- ғылыми ақпараттарды тиімді ұсыну әдістері мен тәсілдерін меңгерту,
- «оңайдан қиынға» тәсілі бойынша жұмыс жасау әдістемісін әзірлеу,
- барлық өзі сабақ беретін сыныптарда тақырыпты меңгерту кезінде ғылыми ақпаратты пайдалану,
- «жалпыдан жекеге» теориясы бойынша сынып оқушыларының ішінен ғылыми жобаға жазуға бейімі бар, ғылыми ақпараттармен жұмыс істеудің кезеңдерін меңгерген бірнеше оқушымен жұмыс жасау,
- әр сыныптан бірнеше оқушыны таңдау,
- дарынды оқушымен жұмыс жоспарын құруы қажет.

Тіл, әдебиет сабақтарында ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастырудың 5 қадамы:

Бірінші қадам «Миға шабуыл» әдісі бойынша суреттерді көрсету арқылы проблемалық сұрақтар қою.

Сабақ барысында оқушының ғылыми ойлау дағдысын қалыптастырудың екінші қадамы – осы тақырып аясында айтылған пікірлерді қарастыру. Осы мақсатта бірнеше пікірлерді, цитаталарды оқушы назарына ұсыну арқылы оны ойланту арқылы ойын біле аламыз. Бұл тағы да келесідей түрткі болатын сұрақтарға жауап беруге жетелейді:

- Берілген пікірлердің оқылым мәтінінде берілген оймен қандай байланысы бар?
- Сіз осы пікірлермен келісесіз бе?
- Қай пікір сізге ерекше ұнады? Неліктен?
- Сізге осы тақырыпқа өз пікіріңізді ұсыныңыз десе не деп айтар едіңіз?

Оқушының ғылыми ойлау дағдысын қалыптастырудың үшінші қадамы– әр түрлі мәтіндермен жұмыс істеу. Көбінесе графиктік мәтіндермен жұмыс істеу тиімді деп есептейміз. Ол кесте, диаграмма, сандар тізбесі т.б болуы мүмкін. Оқушы қысқа, нұсқа берілген ақпаратты енді тарқатып, өз сөзімен бірнеше сөйлеммен жазып шығуы қажет. Бұл да оқушының креативті ойлау дағдысын дамытады.

Төртінші қадамда пәнаралық байланыс. 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-сыныптардың қазақ тілі оқулығындағы оқылым мәтіндері география, биология, тарих, музыка, физика пәндерімен байланысты болғандықтан, пәнаралық байланыс орнату арқылы оқушының ғылыми ойлау дағдысын қалыптастырудың басқа да әдістерін пайдалануға болады.

Бесінші қадам – сандар, жылдар, ғылыми терминдер т.б. ғылыми ақпараттар берілген мәтіндермен жұмыс. Бұл тапсырмада оқушылар тек қана мәтіннен ғылыми терминдерді, сандарды, жылдарды, нақты ақпараттарды ғана теріп жазады. Тапсырманы орындау барысында оқушы терминдермен жұмыс жасайды. Өзіңіз ұсынған мәтін бойынша терминдер сөздігін оқушыға ұсынсаңыз да болады.

Жоғарыда көрсетілген 5 қадам күнделікті қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс кезінде пайдалануға болады деп санаймыз. Тағы да бір үлкен мәселе ол – ақпаратты алған дереккөзді көрсету. Оны мұғалім өз тәжірибесінде дағдыға айналдырып және үнемі оқушыларына ақпаратты таңдау кезінде қандай дереккөзді пайдаланғанын, неге сүйенгендігін айтып отыруы жөн. Сонда оқушы да дәл осындай жүйеге қалыптасады, дереккөздерді жазуға дағдыланады.

Ал қазақ әдебиеті сабағында бірнеше ақпаратты бір мезетте қабылдау, сұрыптау, зерттеу тапсырмаларын берген тиімді. Мәселен, 9-сыныпта «Кенесары-Наурызбай» дастанын оқытуда «Синоптикалық карта» әдісінде әр жұпқа жеке карта ұсынылады. Мысалы, осы тақырып бойынша 8 карта жасалды. Осы карталармен жұмыс істеу барысында біздің бірінші оқу мақсатымыз бойынша **9**.Т/Ж1. Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау жүзеге асады. Әр «синоптикалық картада» шығарманың сюжеттік-композициялық бөліктері талданады. Сонда барлық жұптар талдап болған кезде тұтас композициялық жоспар құралады. «Синоптикалық картада» жырдан үзінді және сол үзіндіге сәйкес келетін комикстан сурет беріледі де, байланыстырушы фокустық сұрақтар қойылады. Картада берілген үзінді мен комикста берілген суреттерді талдау барысында кейіпкерлер жүйесі де талданып кетеді. Демек, екінші оқу мақсатымыз «**9**.Т/Ж3. Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтауға» да қол жеткізе аламыз.

Екінші әдіс – берілген шығарманы осы тақырыптағы басқа туындымен, шығармамен салыстыру. Бұл жерде шығарма желісі бойынша жасалған заманауи комикспен салыстыруымыздың себебі – оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында жаңа ақпараттық ресурстарды, бағдарламаларды пайдалану. Тағы бір ерекшелік - екі туындының баяндау ерекшелігінде. «Кенесары-Наурызбай» дастанында жыраулар дәстүрінде жазылып ой көркем берілсе, аттас комиксте автор кейіпкерлерді сөйлету арқылы ойды ықшам берген. Оқушы екі туындының сюжеттік, көркемдік ерекшеліктері, кейіпкерлер жүйесін салыстыру арқылы зерттеу дағдылары қалыптасады, ақпаратты әртүрлі берілу үлгілерімен танысады.

Үшінші әдіс – ойын түріндегі жоба жасау. Оқушы екі мазмұндас шығарманы салыстырды, өзіндік ой түйді. Енді ол өзі «автор орындығында отырып» өз туындысын жасауға талпынып көреді. Осы мақсатта арнайы комикс жасайтын бағдарламаны пайдаланып ойын түріндегі ықшам жоба жасайды. Ақындық қабілеті бар оқушыға Нысанбай абыз ізімен толғау жазып, өзі жасаған суреттерге қойып тың шығарма жасап келуге тапсырма беруге болады. Бұл тапсырма үй жұмысы ретінде берілгендіктен, оқушының асықпай ойланып, бар білімін пайдаланып жасауына мол мүмкіндік беріледі. Ойын түріндегі жобаны жазуға түрткі болатын мынандай сұрақтардың беруге болады:

- Бұл шынымен тарихта болған оқиға. Нысанбай жырау оны ешбір боямасыз дастан ғып жырлады. Ал сіз Кенесары ханды қалай суреттер едіңіз?
- Сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз?
- Шығармадағы оқиғалар желісін бүгінгі заманмен қалай байланыстыруға болады деп ойлайсыз?

Төртінші әдіс – өзгенің пікірімен санасу, бірақ өзіндік пікір қалыптастыру, ықшам ақпараттарды (кесте, диаграмма т.б.) көлемді ақпаратқа айналдыру.Бұл әдісті топтық жұмыста пайдаланған тиімді. Оқушы барлық топ мүшелелерінің пікірін тыңдайды, ортақ шешімге келеді. Бірақ әрбір топта ерекше, өзіндік көзқарасы бар оқушы болады. Ол топтық жұмысты қорғап ортақ шешімді айтып тұрса да, өзіндік пікірді де қалыптастырады. Ал топқа берілген кесте, диаграммаларды толтырып, көлемді, толық ақпаратқа айналдыру да ғылыми ойлау дағдысын қажет етеді.

1.Ой шақыру.

Ой шақыру – тақырыпқа қатысты ойға келген барлық идеялар мен әрекеттерді жазу. Ұмытып қалмас үшін тақырыпшаларға топтастыру. Ретсіз болса да, барлық идеяларыңыздың бастауы осы қағаздан басталады.

2.Гипотеза жасау

Ғылыми жұмыстың маңызды сәтінің бірі жаңа ой – пайым (идея) шығару және болжам (гипотеза) жасау. Жаңа, әлі белгісіз, бірақ өмірде кездесетін заңдылықты іздеу барысында ол туралы болжам жасайды, мүмкін ол дұрыс болып шығар, мүмкін жалған да болар. Гипотеза – ғылыми болжау, ғалым жұмысының айырылмас серігі. Нағыз ғалым өз жұмысын қиялсыз жасай алмайды. Қиялсыз, тапқырлықсыз, жаңа ой – пайым табу қабілетінсіз ғалым табысқа жетуі мүмкін емес. Жалаң грамматиканы игеріп, поэманы жазу мүмкін еместей, жаңа логика

төзімділік пен еңбекқорлықсыз жаңа ой – пайым тудыра алмайды. Гипотезаны құру – ғылыми шығармашылық дамуының заңдылықты кезеңі.

Жаңа идеяларды ұсыну және гипотеза жасауда сауатты болу үшін ғылыми көріпкелдік қажет. Ал, ол тек қана ғылыми білімге сүйенген жағдайда болуы мүмкін. Тұспалдау мүмкіндігі ғылымның құбылыс пен заттардың арасындағы байланысты реттеуі, ауық – ауық қайталануын орнықтыру мәнінен туындайды.

1. **Топтастыру**

Жиналған ақпараттарыңызды немесе идеяларыңызды мазмұнына, қолданысына т.б. қасиеттеріне қарай топтастырып қойыңыз. Ол негізгі бөлімнің тақырыбын анықтауға өте тиімді.

2. **Әрекеттердің тізімін жасау.**

Күнделікті негізге ала отырып, апта немесе ай бойындағы қандай жұмыс атқаратыныңызды алдын ала жоспарлау.

3. **Зерттеу жұмысына материалдар іздеу, материалдарды әзірлеу.**

Зерттеу жұмысына қатысты материалдарды іздеу көздері: зерттеу жұмыстары, мақалалар, академиялық басылымдар, интернет желісінен алынса ссылкалар, әдеби шығармалар, газет-журналдар т.б.

Зерттеу жұмысына материалдарды әзірлеу: картотека жасау, сауалнама жүргізу, диагностика жасау, стастистикалық мәліметтерді іріктеу, ерекшелігін зерттеу, өзге шығармалармен салыстыру, топтастыру, жіктеу т.б

4. **Сұрақ қою**

Әрбір бөліміңізге қатысты өзіңізге сұрақ қою арқылы ізденісті жалғастыру. Мен бұл бөлімді не себепті қарастырып жатырмын? Бөлімдерімнің арасында байланыс бар ма? Негізгі бөлімнің мазмұнына сай келе ме?

5. **SMART мақсат және критерийлермен жұмыс жасау.**

Specific. Осы мақсатқа жетуге арналған жобаның бір бөлігін іске асыру нәтижесінде нақты не алу керек екендігі туралы нақты ақпараттар бар ма?

Measurable. Біз жобаның нәтижелерін және оның жеке бөліктерін көре және өлшей аламыз ба?

Achievable. Қолда бар ресурстарды ескере отырып, мәлімделген мақсатқа қол жеткізуге бола ма?

Relevant. Жоба командасының мақсатқа жетуі нәтижесінде қандай табыстарға жетеміз?

Time bound. Осы мақсатқа жету үшін қанша уақыт бөлінеді? Мақсатқа жетудің нақты күні белгіленді ме?

Жоба мақсаты да SMART қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы керек

Жоба жұмысын жазуда оқушыны теориялық біліммен қаруландырып болғаннан кейін, алған білімін тәжірибеде қолдану үшін жоба тақырыбы таңдалғаннан кейін жоба бойынша оқушыға тапсырмалар беріледі. Ол тапсырмалар жоба бөліктерін құраудың алғышарттары істпеттес болмақ. Әр оқушыға қызығушылығы мен таңдалған тақырыбы бойынша әртүрлі тапсырмалар комбинациясын ұсынуға болады. Сол себепті барлық ғылыми жобаға бірдей қатып қалған тапсырмалар жүйесін бар деп айтуға келмейді. Өйткені әр жобаның зерттеу мақсатына жету үшін әртүрлі зерттеу әдістері (салыстыру, картотека жасау, сауалнама алу т.б.) қолданылады. Алайда 3 жылдық нәтижелі жоба жұмыстарына жетекшілік барысында кейбір ортақ тапсырмаларды орындатуға болатынын байқадым. Ендеше оқушымен жоба жұмысын жазу кезінде оған тек «оқыңыз, зерттеңіз» деп айтып, құрғақ тапсырмаларды беріп қана қоймай, қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын, нәтижесін жоба жұмысына пайдалану болатын тапсырмалар беріп отыру қажет. Солардың біршене үлгілерін ұсынып отырмыз:

«Миға шабуыл», ой салу тапсырмасы.Берілген суреттердің қандай байланысы бар деп ойлайсыз?

Тиімділігі: Болашақ жоба тақырыбын болжауға, оқушының тақырыпты анықтап, суреттер байланысын зерттеуге қызығушылығын арттыруға тиімді. Мысалы, осы суреттерді қалалық, облыстық, республикалық жоба жеңімпазы болған оқушым Жақсыбергенова Жанельге беру арқылы «Абай шығармаларындағы дене мүшелерінің контекстегі қолданысы» атты тақырыпты таңдады.





«Mind Maps әдістерін пайдалану

Тиімділігі: ой жүйелігі, идеяларды ықшамдау, сұрыптау арқылы оқушы «Бұл тақырыпты зерттеуде қандай нәтиже аламын?» деген сұраққа жауап табады.

Төменде кейбір карталардың үлгісін ұсынамыз.

Ментальды карта
Үлгісі:



«Ақпаратты диаграммаға түсір» немесе «Графикалық мәтін арқылы статистиканы беру»» тапсырмасы.

Ақпаратты беру түрлері: мәтіндік, графикалық, дыбыстық, сандық болып бөлінеді. Ал сіздің қолыңызда мәтіндік ақпарат бар. Сол ақпаратты диаграмма түрлерінің біріне қойып графикалық ақпарат жасаңыз.



Тапсырма нәтижесі: оқушым Жақсыбергенова Жанель «Абай шығармаларындағы дене мүшелерінің контекстегі қолданысы» тақырыбына зерттеу жүргізіп, мынандай графикалық ақпарат жасады.



11-тапсырма

«FILA» әдісі бойынша тапсырма

Тиімділігі: Жоба бойынша тапқан фактілерді жинақтайды, осы фактілерге қатысты өз идеяларын жазады, идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар жазады және солармен жұмыс жасайды, проблеманы шешетін нақты жоба жасайды. Бұл да жоба тақырыбы бойынша зерттеушілік жұмыс жасаудың бір әдісі бола алады деп есептейміз.

Заманауи жаңа ақпараттық бағдарламаларды қолдануға бағытталған тапсырмалар (Q KOD, plicers бағдарламасы, комикс құру бағдарламасы, 3 Д өлшемді туынды т.б.)

Тиімділігі: Оқушы жоба жұмысын жаздуда заманауи жаңа ақпараттық технологияларды жоба нәтижесін көрнекі әрі интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланып көрсете алады. Зияткерлік жұмыс барысында үлкен деректерді талдап, веруалды ақпаратты қолжетімді, дәл жоспарлайды. Көлденең және көлбеу жүйелік интеграция, үлкен деректерді талдау, моделдеу. аддитивті өндіріс (3D-баспа) мүмкіндіктерін пайдаланды.

Q KOD жұмыс тапсырмасы

К. Оразалиннің «Абай аулына саяхат» - «Мектеп» (қазіргі «Рауан») баспасынан 1976 ж. жарық көрген очерктер жинағына жасауға болады. Жинақ орта мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, көпшілік оқырмандарға арналған. «*Алатау аясында*», «*Тоғыз жолдың торабы*», «*Шежірелі Шыңғыс*» деген тараулардан тұрады Абай мен Мұхтар есімдеріне байланысты жерлер тарихы баяндалады. Осы тарихи жерлердің Q KOD картасын жасап шығуға тапсырма беруге болады.

«Прожектор» тапсырмасы

Тиімділігі: Зерттеу нысанына жарық түсіру арқылы ол туралы жан-жақты ақпаратты алуға болады.

22-тапсырма

«Мәліметтерді реляциялық модельдеу»

Тиімділігі: Мәліметтерді реляциялық модельдеуде арқылы жоба жұмысын жасаған кезде деректер кесте түрінде беріп, ақпаратты ықшамдаймыз және бір-бірімен байланысқан кестелер арқылы мәліметтердің байланысын көрсете аламыз.

Ерекшелігі:

Реляция (relation) қатынас деген ұғымды білдіреді.

Мәліметтер қоры (МҚ) - ақпараттық жүйенің реттелетін объектісі, қоршаған ортаның белгілі бір саласының немесе бір пән аймағының нақты объектілері жайлы берілген мәліметтер жиынтығы.

Мәліметтерді реляциялық модельдеуде деректер кесте түрінде беріледі, яғни жолдар мен бағандардан тұрады. Ол кестелер өзара байланысып жатады. Реляциялық модельді 70 жылдардың басында IBM фирмасының қызметкері Эдгар Код ұсынған және ол қатынас ұғымына негізделеді.

Тапсырма үлгісі:

Берілген реляциялық модельге жоба бойынша негізгі деп тапқан және бір-бірімен байланысты мәліметтерді орналастырыңыз.

Үлгі №1



«Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісі

Тиімділігі: жобаны жазып болғаннан кейін, оны таныстыру кезеңіне дайындық та жобаның сәтті қорғалуының алғышарты болып табылады. Кейбір кезде өте жақсы жұмыс жасалған жобалар ақтық кезеңге өтпей жатады. Мұның себебі неде? Жетекшінің оқушыны жобаны қорғауға дайындық жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілмеуі деп санаймыз. Жобаны қорғау кезінде әділқазы мүшелері, тыңдаушылар жоба авторына бірнеше сұрақтар қоюы мүмкін. Оқушы тосыннан келген сұрақтарға тосылмай жауап беруі үшін оны жобаны қорғауға дайындық

кезеңінде осындай әдісті қолданып,жетекші мен оқушы арасында дайындық жұмыстары жүргізілгені тиімді деп есептейміз.

Сұрақтар кестесі

«жіңішке» сұрақтар	«жуан» сұрақтар
Кім…?	Үш түрде түсіндір,неліктен…
Не…?	Неге осылай екендігін түсіндір…
Қашан…?	Неліктен осылай ойлайсыз…?
Мүмкін…?	Бұлардың өзгешелігі неде ?
Болады…?	Егер басқаша болса ше…?
Қалай атады…?	
Солай ма…?	
Келісесіз бе…?	
Дұрыс па…?	

Тундикбаева Анар Амангельдиновна
Абай облысы білім басқармасының
Ақсуат ауданы бойынша білім бөлімінің
«К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта
мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мектеп-білім ошағы, тәрбие ордасы, тағылым табалдырығы.

Мектеп - тұлғаның толық қалыптасуына жағдай жасайтын әлеуметтік орта. Осы ортадан небір дана да, дара ұстаздар шығатыны өзімізге мәлім.

Ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт.

Осындай жүрегі мектеп деп соққан ұлағатты ұстаз, шырайлы шығыстың тарлан тау Тарбағатайдың Жетіарал ауылында дүниеге келген – Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева. Ұстаздық қызметі ауылдан басталып, қалада мектеп-интернатында жалғасады. Ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі аталды.

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ педагогикасының көрнекті тұлғасы, ұстаздықты биік шыңға шығарған біртума тұлға.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Қанипа Омарғалиқызы-әдебиетті оқытудың өрісі кең өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі. Өткен ғасырдың аяғы мен бүгінгі күннің жалғасы болып отырған, ұлттың ұлы ұстазы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық еңбегін, өзіндік зерттеу тәсілдерін және сабақ өткізу технологияларын қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнымен ұштастырған осы тақырыпты қозғайтын баяндамамды ұсынбақпын.

Қазіргі уақытта әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, заман талабына сай беріп жүрген сабақтарының сапасы мен мазмұнына үлкен мән беріп, жаңа технологияларды пайдаланып, түрлендіріп өткізуде. Жаңа технологияның басты мақсаты: жан- жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқытушы баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыруға, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландырады.

Көбінде сабақтарыма Қанипа Омарғалиқызының технологияларының элементерін оқушылардың қабілеттеріне қарай пайдаланамын.

Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары- баланы іздемпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген Кембридж технологиясының жеті модулі Қанипа Омарғалиқызының іс-тәжірбиесіне қалай кіріктіріп тұрғанын да айтқым келеді. Кембридж бағдарламасының бүкіл мазмұнын ашатын модуль- сын тұрғыдан ойлауға үйретеу модулі Қ.Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» - деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтінін байқамау мүмкін емес. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін шәкірт дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз. Елінің бай тарихы мен бүгінгі жеткен рухани жетістіктерін терең сабақтастықта қарастыра отырып, ұстаз ұлттық құндылықтарды көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді. Ұлы педагогтың қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары ұстаздар қауымына нағыз бағдаршам болып келеді. Ұстаздың басты ұстанымы - көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу. Өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды. Мысалы: Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба?» өлеңі басқа өлеңдеріне қарағанда өте ұзақ, әрі ақыл- нақылға толы афористік мәнділігінде, олардың тәрбиелік мәнінің қуатында.өлең жастарға дұрыс та мәнді, мақсатты да иманды өмір сүрудің айқын жолын көрсетіп тұрған шамдалы шамшырақтай. Дегенмен бұл өлеңді оқытқан кезде оқушыларды сөздік жұмысын жүргізу керек.

Тағы да бір маңызды модуль оқыту мен оқуда ақпараттық – коммуникативтік технологияны /АКТ/ пайдалану. Ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі кезеңді былай қойып, қарапайым телефонның өзі жетістік болып саналатын өткен ғасырдың орта шенінің өзінде ғылыми – әдістемелік жаңалықтарды

қалт жібермейтін ізденімпаз ұстаз Қанипа Омарғалиқызы үшін бұл да алынған асу, шыққан шың.

Талантты және дарынды балаларды оқыту модулін игеру жолдарын Кембриджідік тәсілден іздемей – ақ Қ.О.Бітібаеваның озық тәжірибесінен үйренсек те ешкімнен кем қалмас едік. Өйткені Қанипа Омарғалиқызы өткен ғасырдың аяқ кезінде республикалық атаулы мектебінде интеллектуалдық дамуы басқаның білімін қажет етпей, өз еншілігіне тиесілі іс – тәжірибесін жаңа заман сұранысына сай өңдей білім беріп, талантты ұл – қыздарын қияға самғатқан ұлағатты ұстаз.

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі де Қанипа Омарғалиқызының тәжірибесінен өз орнын тапқаны қашан. Ұстаздың «Сабақ аяқталғанда шығып бара жатқан әрбір оқушының артына зіл сақтамай қоштасуы мен үшін өте маңызды» деген сөзіне рефлексия да, кері байланыс та сыйып тұр.

Оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту модулі Қ.Бітібаеваның іс – тәжірибесіндегі басты қағида десем қателеспеймін. Өйткені мұғалімнің оқу материалын мәнерлетіп оқытудан бастап үйреткен шәкірті ғылыми – зерттеу жұмысын орындау дәрежесіне дейін жетеді. Бұл оқытушының баланың жас ерекшелігі ғана емес психологиялық, әлеуметтік мүмкіндіктерін ескере отырып жүргізетін жүйелі жұмысының нәтижесі.

Қ.Бітібаеваның ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесіне үңілгенде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын - ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал - тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді. Өтілетін жеңіл тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға береді. Ұстаз тәжірибесінің тағы бір ерекшілігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Оқушылар қойған мақсатты диагностика, болжам үшін пайдаланады . Бұл туралы Қанипа Омарғалиқызы былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін»

Ер мінезді, өктем сөйлейтін, бірбеткей, шешен, әр сабағында ақ жаңбыр болып жауатын ұстаздың бейнесі жадымызда мәңгілік сақталады. Маңдай тері ерен еңбегімен құрметке бөленген Қанипа Омарғалиқызының өміріне, еңбегіне қызыға әрі құрметпен қараймын.

«Халқының қалаулысы, елінің елеулісі» болған Шығыстан шыққан ұлы ұстаз-Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның артына қалдырған еңбегі мәңгілік!

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.

2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

3. Бітібаева Қ. О.Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002 ж

4. Бітібаева Қ. О.Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен

Сисанова Гульназ Кудайбергеновна
Астана қаласы әкімдігінің
«№65 мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА Қ.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Оқушыны білім алуға, оқуға үйретуге көп мән берілуі тиіс. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Осы жолда өмірін сарп етіп, балаға сара жолда нұсқаушы бола білген, бірнеше кітаптардың авторы Қ.О.Бітібаева екені баршамызға аян. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған ерекше тұлға. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы пікірлесу, проблема шешу, іздену, әдеби айтыс сияқты өнімді әдістермен қатар, оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі болды. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара кейіпкер ретінде қабылданады.

«Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз [1]. Ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Әдіскер-ұстаздың көрегендікпен айтқан осы идеясы бүгінгі таңда ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдана отырып, оқушыларды өмірге бейімдеу, алған білім дағдыларын іскерлікпен қолдана білуге тәрбиелеу дамуындағы ауытқудың алдын алып, біріккен түрде жұмыстану, яғни,«Монтессори технологиясының» бастауы дер

едім, ал «бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады» деуі алған білімін өмірмен байланыстыра алу дегенге саяды. Яғни, функционалдық сауаттылық.

«Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-деп технология маңыздылығын атап көрсетеді[2]. Рас, бүгінгі таңдағы PBL ғалымның осы технологиясында кеңінен орын алғанының куәсі боламыз.

«Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ»,- деген еді Қанипа Омарғалиқызы. Осы мақсатта көркем мәтінге талдауды арнайы кесте бойынша жүргізген жөн.



«RWCT» - мәтінді зерттеу әдісі.Екі топқа бөлініп, ой қозғайды. Кейіпкерлер іс-әрекетім

Шығарма мазмұнымен танысады. Ең құнды деген оқиғаны белгілейді. Өз тұжырымын жасайды. Сөйлеу арқылы білімдерін көрсетеді.

Бүгінгі таңдағы сызба, модельдеу түрінде беріліп жүрген технологиялар әдіскер-ғалымда конструкциялық жобалау технологиясы арқылы жүзеге асырылған. Ол өнімді нәтижеге қол жеткізудегі ең тиімді әдістің бірі болған

.



Қ.Омарғалиқызының «Технологиялық карта», «Жобалар тұсау кесері» әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануы оқушылар қызығушылықтарын тудырып, бірін-бірі тыңдауға, кем соғып жатқан жерлерін толықтыруға жасалған нақты қадам.

Педагог ұсынған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесін, технологияларын бүгінде еліміздің барлық ұстаздары өздерінің іс-тәжірибелерінде қолдануда.

Үдеріс барысында оқушы-зерттеуші, ғылымды меңгеруші ғана емес, сол «ғылымды қайта жасаушы» ретінде жұмыс жасайды. Зерттеу барысында бала ережелерді қайталап, өзіндік ой қосады, қорытынды шығарады. Сыни көзқарасын білдіре алады. Ойларын ашық айтады. Олай болса, педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беруде, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясының маңызы ерекше. Осындай озық тәжірибелерді белсенді пайдалану оң тәжірибе берері сөзсіз. Педагог-ғалым «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында:«... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді»,-деп жазған еді. Олай болса, осы жолда еңбектене беру – ұстаздар міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. А: «Рауан»,1997,284
2.Қ.Бітібаева Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. А:2009
3.Педагогика жаршысы №4 2010 ж.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті №5,6 2009 ж.
5.Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж.

Оспангалиева Зоя Мухтаровна
КГУ «Солдатовская средняя школа»
по Катон-Карагайскому району
управления образования
Восточно-Казахстанской области

УЧИТЕЛЬ - ЛЕГЕНДА

«Преклоняю голову перед Вашим высоким именем «Канипа апай», которая посвятила свою жизнь Абаю , которая не бьёт себя в грудь, не суетясь выполняет своё святое дело", за Ваше благородство, за скромность", именно так писал о

Канипе Омаргалиевне Битибаевой, известный поэт и журналист М.Ергимбетов в журнале "Парасат" 1995 год. Выпустившая ряд нескольких учебных пособий, в том числе и учебное пособие под названием "Изучение в школе произведений Абая" (Усть-Каменогорск, 1994). В этом пособии автор выделяет главные проблемы в произведениях Абая, выделяет пути их решения и ярко рисует систему преподавания произведений Абая. Давая образцы комплексного подхода в их изучении прокладывает путь к верному пути в учебно - воспитательном процессе. Дидактические материалы, карточки, карточки-памятки, в процессе поиска дают возможность учащимся близко ознакомиться с творчеством и жизнедеятельностью Великого философа А.Кунанбаева.

Высоко держала знамя родного языка, талантливая во всём Канипа Омаргалиевна сделала карьеру учителя. Ведь многие известные люди называли её дочерью народа! Каждое её слово- воспитание, каждое её дело - школа жизни. Она никогда не ждала похвалы, выполняя миссию учителя и воспитателя. Как высокий тополь всегда была опорой , поддержкой для родных,а для учительства К.О.Битибаева была и остаётся мостом, обьединяющим всех устремлённых к знаниям людей. Методика обучения казахской литературы К.Битибаевой актуальна и в наши дни, так как углублённый анализ каждого произведения, в том числе и произведений Абая несёт в себе огромное воспитательное значение. Учёная без степеней и регалий имела огромную популярность в педагогическом мире, она была в постоянном, беспрерывном профессиональном поиске. Её прямой характер, чистота и красота души, твёрдая воля сформировались от любви к детям. И соответственно, полная самоотдача во имя их будущего. Педагогика сотрудничества - вот главный девиз творческой деятельности Учителя - новатора К.О.Битибаевой. Улучшая методическую работу из года в год Канипа Омаргалиевна доказывала своим трудом, то что лаборатория учителя- это урок, именно там шлифуется мастерство. Она поднимала вопросы о самообразовании учителей, особенно молодых. Всю жизнь К.О.Битибаева стремилась развивать у ребят желание обладать знаниями, а не отличной оценкой. Ставшая первым обладателем, лауреатом Государственной премии СССР, Канипа Омаргалиевна Битибаева воспитала достойных людей и многие из них трудятся на педагогическом поприще. Её светоносные идеи живут и освещают путь к знанию и творчеству всем кто жаждет знаний и новых открытий.

Использованная литература:

1. Книга «Учитель-легенда» ТОО «Медиа – Альянс»
2. Газетные материалы «Рудный Алтай» 1995 год
3. Презентация об учителе.

Кусаинова Елена Боленхановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Үлкен Нарын ауылдық лицейі» КММ мұғалімі

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

Оқу үрдісінде осындай жаңарған озық тәжірибелерді белсенді қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр.Бүгінгі ұстазүздіксізшығармашылық ізденісте, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Әдіс - тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады. Қазіргі таңдағы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Мектептегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті—оқушылардың жан - жақты танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай отырып, әр оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту, яғни,өзіндік айтар ой - пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Оқушының танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың өнімді қадамының бірі–Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесінің мен үшін көмегі зор.

Хан апам: «Әдебиет – өнер, тәрбие сабағы. Ең алдымен, әдебиет сабағы - ой сабағы, ойлану сабағы», сондықтан әдебиет сабағында сөз өнеріне баулу мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстары тұтастыра жүргізілуі тиіс дейді. Ұлы ұстаздың осынау сөздерін өзіме ұран ретінде жазып алдым.

Ол кісіні танитын Шығыс Қазақстан ғана емес, бүкіл Қазақстанға атағы жер жарған, шетелде де танымал ұлы ұстаз, осыншалық дәрежесін көргенде, ол кісінің ешқандай атақ-даңқ үшін емес, тек қана әдебиет пен тілге деген жанашырлығынан, барлығын ұлтының болашағы үшін шырылдап жүріп атқарғанын сезем ін. Сезе отырып өзіме үлгі тұтамын.

Қ. О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары - баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер.

Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель»,«жоба»,«бағалау парағы»,«постер жасау»,«миға шабуыл», «технологиялық карта»« рефлексия» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін, тек атауы ғана өзгертіліп берілгенін көре аламыз.

Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы қазақ тілі мен әдебиетін жаңа бағдарламамен үйренуге арналған тапсырмалар нұсқасын ұсынғым келеді.

Әрине, ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе — өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы

пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Өзіндік пікірі қалыптасқан, және сол пікірін ұтымды сөздермен қорғай алатын нағыз көшбасшы адамды қалыптастырсақ , сонда ғана біз заман талабына сай, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға үлес қостық деп айта аламыз. «Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ»,-дейді Хан апам.

Қазіргі кездегі кері байланыс, рефлексия деп жаңаша қолданып жүргенімізді кезінде Қ.Бітібаева «Оқушы үні» деп пайдалануды ұсынып кеткен. «Осы әдіс-тәсілдердің пайдасы қандай?» десеңіздер, «Шығармадан алған әсерің қандай?» «Сабақтағы көңіл-күйің қалай болды?» деп сұрақ қою арқылы оқушыдан көп пікір естуге болады, және де айтылым дағдысын дамытамыз.

«Бестік диктанты» әдісінде оқушыларға шығарманы оқығаннан кейін қолдануға болады. Мұғалім сабақта өткен шығарманы үйден толық оқып келуін талап етеді, немесе сабақта оқып болған соң осы әдісті қолданып көріңіз. Мысалы, 5-сыныпта Б.Соқпақпаевтың «Менің атым -Қожа» шығармасын өткенде осы технологияны қолдандым. Барлық оқушы шығарманың мазмұнын жазып берді. Қалайшы десеңіз, мен 10 нақты сұрақ дайындап келемін, Қожа неге өз есімін ұнатпады? Ол өзін қалай тәрбиеледі? Анасы жайлы не ойлады? Сыныпта ұнатпаған бала кім ? Сен Қожаның орнында болсаң не істер едің? Сенің ойыңша Сұлтанның оқымай жүргені дұрыс па? т.б. оқушылар жазған мәтін әртүрлі болып шығады, өйткені әркімнің ойлауы әртүрлі. Кейбірі Сұлтанды қолдауы да мүмкін. Сіз оған қарсылық білдірмейсіз. Себебі, оқушының ойлауы солай болып тұр.

Сабақ соңында балаларға кері байланыс жасағанда, балалар шынайы жауап береді. Мысалы, «диктанты мұғалім өзі оқитын» десе, «бұл диктант тосын болды» деп жазып жатады. Енді бір бала: «Мен автор сияқты болып кеттім. Өз ойымнан шығарма жазып жатқандай сезіндім» дейді. «Бестік диктанттың» өзіндік ерекшелігі сол — мәтін әдебиеттен оқып жатқан көркем туындыдан алынады, екіншіден, ол қазақ тіліндегі тақырыппен байланыстырылады, үшіншіден, оқушы әдеттегі диктанттардағы өнімсіз іс-әрекеттен, яғни естігенін жазушы емес, оның мәтінін өздері құраушы дәрежесінде болады. Дәстүрлі диктантта оқушылар мұғалім оқыған диктантты жазса, бұндай диктантта әр оқушы өзінің шығармашылыға сай әртүрлі жазады. Бұл диктанттың тиімділігі сол оқушының жазылым дағдысын дамытумен қатар, оны ойлауға жетелейміз, яғни ол ойлана отырып өз мәтінін өзі жазып шығады. Әрине, шығарманы оқымаған болса жаза да алмайды, үнемі қолданып жүрген әдіске де оқушылар төселіп, беске орындауды мақсат етсе, шығарманы міндетті түрде түсініп оқып келеді. Мақсатқа жетуге ұмтылған баладан көшбасшы шығары сөзсіз.

«Бестік» диктанттарды поэзиялық шығармалар негізінде де жүргізуге болады. Өлең мәтіні оқушылардың алдында жатады. Мұғалім сұрақтарына оқушылар өлеңнен жауап іздеп, тауып жазып отырады. Бұл жұмыстар көру диктантына үндес болып келеді.

Сонымен тіл дамытуға арналған шығармашылық бағыттағы диктанттың бұл түрлері оқушылар танымын белсенді етуде, қызығушылығын арттыруда, әсіресе әдеби тілін дамытуда, сауаттылыққа баулуда өте тиімді болып келеді.

Сондай-ақ, Қ. Бітібаеваның драмалық шығарманы оқытқанда исценировка жасату арқылы оқушыға рөлге енуді үйретуді мақсат ететін тапсырмалар ұсынғанын білемін. Бұл әдіс кейінгі кезде РАФТ әдісі деп өзгешеленіп бізге жетті. Өзгешелігі сол- онда кез-келген заттың да рөліне енуге болады. Қайткен күнде де қолданып жүрген әдісімнің бірі еді. Сыныптан тыс оқу сағаттарында қолдандым. Мысалы, Оралхан Бөкейдің «Бес тиын» әңгімесін оқығанда, РАФТ әдісімен сөйлеуді ұсындым, бір оқушының жазып бергенін оқыңыздар « Мен тиынмын, мен бір күні байқаусызда Зәкеңнің қолынан түсіп кетіп, тақтайдың жырығына құлап кеттім, ол жер өте қараңғы әрі суық болды, мен қатты қорықтым, айғаласам даусым шықпады. Мен сол жерден бір күні адамдар мені құтқарар деп сенімімді жоғалтпадым. Бір күні мені Зәкеңнің өзі тауып алды. Сөйтіп, мен жарық дүниемен қайта қауыштым. Зәкең сияқты өз ісіне адал адамдар көп болсын»,- деп аяқтапты.Бұл жерде оқушы тиынның рөліне еніп, ойлана, ойланта отырып, ой да тастайды.

Оқушыларға ой тастау арқылы жазба жұмысына баулу, ойланып барып пікірін айтуға дағдыландыруға арналған әдістің тағы бірі — «Егер мен..» сөйлемді жазғастырып жазады. Мысалы:

Егер мен журналист болсам..(сұқбат-диалог)

Егер мен әртіс болсам..(көрініс, рөлдік ойындар)

Егер мен жарнамакомпаниясындажұмысістесем..

Егер мен суретшіболсам…

Егер мен режиссер болсам ..(әдебиет сабағында бір шығарманы өткен соң)

Барлық ұстаздарға шығармашылық шабыт пен күш-қуат тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О.Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен
2.БітібаеваҚ. О.Абай шығармаларын мектепте оқыту.Өскемен
3.ЖұмалиевҚ.Әдебиет теориясы.Алматы - 1969ж.
4.Қирабаев.С.Мектеп және қазақ әдебиеті.Алматы - 1979ж.
5.Қоңыратбаев Ә.Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы - 1990ж.
6.КелгембаеваБ. Б.Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі.Шымкент - 2009ж.

Сабырбаева Сара Шакеновна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бурабай орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ

Қазіргі таңда әдебиетті оқытуда жаңа идеяларды әрбір сабақта тиімді қолдану, жаңаша оқытудың маңызы зор. Жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып жүйелі түрде қолдану –заман талабы. Білім берудің негізгі мақсаты –білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын

қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі заман талабына сай мұғалім өз білімін қолданумен қатар, шәкірттеріне зерттеушілік, ізденушілік әрекеттерін де меңгертуі керек. Әр оқушының қабілеті мен талантын, өз-өзіне деген сенімін нығайтуға жол ашуда бүгінгі білім беру саласының алтын діңгегі – ұстаз. Ұстаз міндеті білім берумен шектелмей, тұлғаға бағытталған білім беруде әр шәкіртінің интеллектуалдық даму деңгейін тани білу қажеттігінен туындайды.

Әр бала болашақ данышпан десек, егеменді еліміздің иелері қай уақытта көңілі ояу, көкірегі ашық, кез-келген өзгерістерге сын тұрғыдан қарап, өз ойларын, көзқарасын білдіріп, шешімін таба білуі шарт. Жеке тұлға қабілеті іздену арқылы дамиды.

Ізденіссіз еңбегің жемісті болмайды. «Болмасаң да, ұқсап бақ» деп Абай атамыз айтқандай, өз іс-тәжірибемде жаңашыл ұстаздардың әдіс-тәсілдерін басшылыққа алып, оқыту жүйесін түрлендіріп өткізуді ұстаздық міндетім деп білемін.Озық әдіскер, ұлтының әдебиетін қасиет тұтқан ұстаздардың озық тәжірибесі оқушылардың сабаққа деген құлшынысын,белсенділігін арттыратыны сөзсіз.

Қазіргі таңда сан алуан әдіс-тәсілдер бар. Мұғалім сол әдіс-тәсілдердің тиімдісін өзі таңдап қолдана алады. Әр ұстаз өз шәкірттерінің талантты да, дарынды, талапты болғанын қалайды. Осыған жету жолында оның тиімді жолдарын іздейді. Қазіргі кезде оқушыны белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету мүмкін емес. Оқушыны білім алуға, оқуға үйретуге көп мән берілуі тиіс. Оқушыларды шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін анық білдіре алатын саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу –бүгінгі күннің басты талабы. Әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді.Осындай педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім мен тәрбие бірлігін қатар сақтай отырып, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескеріп, білімділігіне сәйкес бағыт-бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы.

Технология– ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе.

Қазақ педагогикасыны жарық жұлдызы, «Қазақтың Қанипасы», «Ұстаздықтың Хан-апасы» атанып, есімі әріптестерінің арасында аңыз боп тараған, кезінде Одаққа да кеңінен танымал болған жаңашыл ұстаз Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты кітабында лириканы, эпикалық шығармаларды, драмалық шығармаларды жаңа технологиялармен оқыту жолдары баяндалған.Бүгінгі таңдағы мақсатымыз Қ.Бітібаева технологиясын жаңа технологиямен байланыстыра, сабақтастыра оқыту. Бұл кітапта Абай, Мұқағали шығармаларын оқытудың технологиялық картасы, поэтикалық талдауларының үлгілері, шығармашылық жұмыстары берілген. Жыраулар поэзиясына түрлі-түрлі тапсырма түрлерінің берілуі оқушылардың

шығармашылық қабілетін дамытары сөзсіз. Қ.Омарғалиқызының Абай туындыларын оқытуға арналған екі кітабы, М.Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған үш кітабы ұстаздың еңбектерінің жемісі деуге болады. Қазіргі біздің пайдаланып жүрген «модель», «постер», «жоба», «бағалау парағы», «миға шабуыл», «технологиялық карта», «интерактивті оқыту» ұстаздың әдіс-тәсілдерінде бұрыннан бар екені белгілі. Сонымен қатар ұстаздың «Проблемалық оқыту», «Жаңа білімді меңгерту», «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиялары әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне негізделеді. Жобалау, модель жасау оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Қазақтың «Хан-апасы»атанған Қ.О.Бітібаеваның технологияларын өз сабағымда қолдануды әдетке айналдырдым. Ұстаздың әр технологиясының орны ерекше деп айтуға болады. Ұстаздың технологияларын пайдалана отырып, сабақтың тиімді өтуі мен қол жеткізген нәтижелеріме тоқтала кетейін.

Қ.Бітібаеваның эвристикалық жобалау технологиясын пайдалану кезінде балаға білім дайын күйінде берілмейді, оқушы іздену, бақылау, ой елегінен өткізу жолымен алуға бағытталады. Оқушы жанын ізгілікке, адамгершілікке,елжандылыққа тәрбиелеуде айырықша орын алатын Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастанына тоқтала кетейін.

Ж.Баласағұнидің шығармашылығында айтылған негізгі ойларға проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың таным –білім көкжиегін кеңейту, оқушылардың ізденісі арқылы ой-өрісін кеңейтіп,шығармашылығын дамытып,жеке тұлға ретінде өзіндік көзқарасын қалыптастыру. 1.Алдын – ала тапсырмалар бойынша Ж.Баласағұни өмірі мен «Құтты білік» дастаны туралы оқушылар өз ізденісін тірек-сызба түрінде дәлелдеп шығады. 2.Дастандағы түйінді ой берілген жерлерге тақырып қойып, дастандағы көркемдегіш сөздерге сызба-модель арқылы талдау жасайды.

Дастан бөлімі	**Дәлел**	**Көркемдегіш құралдар**	**Өз пікірім**
3-бөлім	Тіл-арыстанесік баққан ашулы	Метафора	«Басқа пәле тілден», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» дегендей орнымен сөйлей білу қажет.



Оқушы ізденісін дамытатын проблемалық сұрақтар қою.

р/с	Сұрақтар	Ж.Баласағұни	Абай	Өз пікірім
1	Адамдық қасиеттердің биік шыңдары мен құздары дегенді қалай түсінесің?			
2	Ақын суреттеген достықтың асыл мұратына сен келісесің бе?			
3	Тіл өнерінің өлмес құдіреті неде?			
4	Бақ, құт қонған адамдарды қалай бағалайсың?			

Сабақ қорытындысында «Дастаннан қандай тағылым алдық?» деген тақырыпта оқушы жоба қорғайды.

«**Болжау» технологиясын** пайдалана отырып, Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін оқыту кезінде оқушыларға «Әңгіме не туралы болуы мүмкін?» деп оқушылар болжамын тыңдаймын. Әңгіменің белгілі бір азат жолы оқылған соң, «Әрі қарай әңгіме қалай жалғасады деп ойлайсыңдар?» немесе молда, саудагер, жас жігіт пікірлері айтылатын азат жолды оқыған соң әңгіме желісіне қарай: «Сен саудагер болсаң не айтар едің?» т.с.с.оқушылар болжамынан соң әңгімедегі саудагер-кейіпкер туралы оқиды.

Рөлдік ойын– оқушыға шығарма мазмұнын меңгертудің басты құралы болумен бірге, олардың шығармашылық қабілетін арттырып,сахна өміріне бейімдейтін тиімді әдіс.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны бойынша тараудың қорытынды сабағында қойылым сабақ өткізілді.Сахналық қойылымға 4 кейіпкер, 4жүргізуші қатысты.

Күнтуды – Әділет символы – Елбасы

Айтолды – Дәулет,Бақыт символы – Уәзір

Ұғдұлміш – Ақыл символы – Айтолдының баласы

Оғдұрмыш – Қанағат символы – Ұғдұлміштің туыс ағасы.

Саяхат сабақ әдісі бойынша М.Әуезовтың «Абай жолы» романын оқытуда «Мұхтар шыңы» атты саяхат сабағын өткіздім. Романның мазмұны бойынша саяхат бірнеше кезеңдерге бөлінді,әр кезеңде берілген тапсырмаларды орындай отырып,соңында Мұхтар шыңына шықтық.

Жобалау технологиясын пайдалана отырып, адам есімдерінің сыры тақырыбында жоба жұмысын жазып, облыстық ғылыми жобалар сайысында жүлделі 2-орынға қол жеткіздік. Шығармашылықпен жұмыс істеу, эссе жазу, мәнерлеп оқу сайыстарында «Жарқын болашақ» олимпиадасына қатысып, жүлделі 2; 3 орындарды иелендік. Оқушылар онлайн өткізілген республикалық Мұқағали, Абай оқуларына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Республикалық «Айқанат» олимпиадасына жолдама алып, қатысып келген оқушымды да мақтан ете аламын.

Қорыта айтсам, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін ұстаздардың басты мақсаты – тілді қадірлеп,мәдениетті дамыта білетін,тілімізді – ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп білетін тұлға қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы». Астана «Дарын»2011ж

2.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.- Алматы: «Рауан», 1997-288 бет

3.Қ.Бітібаева .Әдебиетті тереңдетіп оқыту: Екінші басылымы.- Алматы: «Мектеп»баспасы» ЖАҚ, 2003.-416 бет.

Торгайн Амангул
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Абай атындағы №33 орта мектебі» КММ мұғалімі

ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІК: БОЛАШЫҒЫ БАР БІЛІМ, ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ

Баяндамамды тақырыптан бастайын, неге «Оқытудағы құзіреттілік: болашығы бар білім, оқушының өзін-өзі дамытуы мен бағалауы» деп алдым. Өйткені жаңа білім парадигмасы баланың тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Сондықтан, ойымды толықтыру үшін тақырыпты талдаудан бастамақпын. Оқытудағы құзыреттілік дегенге тоқталсам, оқытудағы құзіреттілік тәсілі- білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етуінде. Ендеше, «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары - пәндердің интерактивті оқыту тәсілдерін қолданатын педагогтардың біліктілігінің нәтижесі. Осыдан барып жаңа білім парадигмасына сәйкес оқу процесін ұйымдастыруда «оқушыны қалай оқыту емес», керісінше «оқушыны оқуға қалай үйрету керек » деген маңызды болып саналатынын түсінеміз. Біздің үнемі айтып жататын «білім сапасы» туралы ұғымымызда құзыреттілік ұғымы ерекше орын алады. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдардан тұратынын айтқан. Осыдан –ақ, құзыреттілік жай ғана ұғымдардың жиынтығы емес, мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесі деуге де болады. Бір сөзбен айтқанда, білім алушылардың және білім үйретуде берілетін әрекет- тәсілдердің үйлесімімен нәтижеге бағытталған тұлға қалыптастырар міндет екенін білеміз. Ал «Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту процесінде білімді қолданудың нәтижесі ретінде қарастырылуда. Осы тақырып төңірегінде ой қозғағанда қазақ педагогикасының көрнекті өкілі, әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының оқу мен оқытудағы тиімділігін айтуға болады. Ол кісі «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты екінші кітабының 74- бетінде «Ой,ойлану,ойланту барлық пәндерге де керек...» деген екен. Адам баласы ойсыз өмір сүруі мүмкін емес. Бұндағы ойлаудың ерекшелігі –өзіндік ойлау, өзіндік пікірдің болуы туралы [1].

Мен өзім қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретіндіктен, өз пәніме байланысты айтқым келеді. Әдебиетті оқытуда басқа пәндерден ерекшелігі оқушыға көркем әдебиеттің мазмұнын ғана меңгерту емес, ол шығарма туралы оқушының пікірі туралы да білу болып табылады. Ұстаз Қ.Омарғалқызы: «Әдебиет-жандүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі –адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызығы да, күрделілігі де осында жатыр» дейді. Осыдан- ақ әдебиетті оқытуда жаттандылық болмайтынын білуге болады.

Қазіргі оқытуда мұғалімдер жаңа технологияны жақсы меңгеріп қалды деп ойлаймын. Біраз жылдардан бері осы технологияны қолданып келе жатырмыз. Дәстүрлі оқыту мен жаңа технологияның айырмашылығы мен тиімділігін ажырата аламыз. Сабақты жоспарлағанда мұғалім іс-әрекеті, оқушы іс-әрекеті, бағалау, қолданған ресурсты қараймыз. Ал әдебиеттің әр сабағында оқушы іс-әрекеті бірінші орында екенін пән мұғалімдері жақсы түсінеді. Олай дейтінім, Абайдың «Қыс» өлеңін өткенде бала өлеңді қалай қабылдады, қандай әсер алды, өзіндік пікір қалыптаса алды ма деген мәселелерді мұғалім назарында ұстауы керек. Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделгендігін көрсетеді. Ұстаз бір сөзінде: «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді. [2].

Төмендегі 1-кестедегі технологияға түсінік бере кететін болсам, алдын ала берілетін тапсырмалар оқушылардың өз бетімен ізденуіне жетелейді. Берілген тапсырма бойынша өзіндік болжам жасауға, белсенділігін арттыруға, оның айқын мақсат- міндеттерін анықтауға баулиды. Осыны ары қарай оқушының қосымша материалдармен жұмысы, ғылыми жобаларын талдауға, болжамдарын саралауға бағыттайды. Онда жаңа білім бойынша өз бетімен дайындаған жұмыстарын талдайды, тыңдайды, саралайды. Бұдан оқушылардың ынтымақтастығын көре аламыз. Бұл кезде қолданылатын әдіс-тәсілге: әңгімелесу, пікірлесу, әдеби айтыс т.б. жатқызуға болады.

Қанипа Омарғалиқызының жаңа білімді меңгерту технологияынан

Кесте-1

Кесте-2

Жаңа сабақты меңгерту кезінде мұғалім – оқушы, оқушы- мұғалім,оқушы әрекеті,мұғалімнің әрекеті байланыста жүріледі. Алдын ала берілген тапсырмалар, жазған ғылыми еңбектері, жобаларында ізденген, дәлелдеген, болжам жасаған әрекеттерінің анализ, синтез, бағалауын жаңа сабақта жетілдіріп, түсінігін байыту болып табылады. Оқушының ойлануына, ойлауына, білімінің нықтылануына оқулықпен жұмыс та айтарлықтай әсері бар. Оқулық - білім көзі әрі өз бетімен жұмыс жасауына дидактикалық үлгі. Бұнда түсіну, бекіту, практикалық қолдану іс-әрекеттерін дамытады. Басында айтып өткенімдегі алған білімдерін оқулық арқылы дамыта түседі. Берілген тапсырмалардағы негізгі мәселелерді таба білуге, тезис жасауға, шығармашылық ойын дамытуын жетілдіреді. Онда: оқушы қорытынды, жинақтау, талдау тәсілдерін біледі; күрделі мәселелерді шешеді; көмек қолын созады; мақсат қоя білуге, өздерін-өзі оқытуға, «Жаңалық» ашуға, өздерін тануға бағытталғанын байқаймыз. Осы ұсынып отырған технология ұжым болып жұмыс атқаруды, білім деңгейлерін саралауды, алған білімдерін өзіндік жүйелеуге жеткізеді. Қорытындылау үшін «Нені меңгердім?», «Нені жасап үйрендім?» деген сауалнама арқылы жүргізуге болады.

Қ.Омарғалиқызының (кесте-2) технологиясында оқушылардың өзін-өзі оқыту үрдісінде мұғалім іс-әрекеті мен оқушы әрекетінің нәтижеге жету жолын көрсетеді. Мұғалім: сабақ мақсатын, негізгі тақырыпты айқындау, оқушының өзін-өзі тануына ықпал ету, мақсатқа жетер әдіс- тәсілдерді таңдай білуі, қажетті құрал-жабдықтарды дайындау, тексеру, бағалау, көшбасшылықты анықтау, шығармашылық деңгейін анықтауы жатады. Оқушы: алдына мақсат қоя отырып, мәселені шешуге әрекеттенуі. Білімді өз белсенділігімен игеру, «оқу үшін оқу», өзін-өзі бағалау, бір- бірін бағалау, өзін-өзі тану, өз білімін шығармашылық деңгейге дейін көтеру, топпен,ұстазбен, жұппен ынтымақтастықта әрекет жасауы жатады.

Осындағы мұғалім әрекеті, оқушы әрекеті бірлесе жұмыс жасағанда нәтижені көре аламыз. Ол мынандай нәтиже: жеке бас ерекшеліктерін дамыту, ынта, қызығушылық, іскерлік дағдыларының артуы. Оқушы үшін өзі-өзіне сенімділігі, мақсатқа өз бетінше жетуге, ойлау белсенділігі артуына, білімді өз бетімен алуына жол ашады. Мұғалім үшін бағыт бағдар беруіне жол аша отырып, оқушының танымдық қабілеттерін шыңдайды. Ойлауына, ойлануына, ойлантуына жетелейді.

Ойымды қорытындылай келе, ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға

алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асатынын ұқтық.

Әрбір ұстаз оқушының зерттеушілік құзыреттілігін дамыта отырып:

- іс жүзінде болашағы бар білім беру мақсатын жүзеге асыру;
- әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау;
- білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, өз білімдері мен іскерліктерін дамытудың жолдарын анықтауды қамтамасыз етумен шұғылдануы керек. Осылай жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырып жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.

2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

3.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы.- Алматы:Дәуір- Кітап, 2012.

Еркінқызы Айгүл
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Самар ауданы бойынша
білім бөлімінің «Мектеп–бөбекжай-балабақша
кешені» КММ мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА САБАҚТА «ОЙ ТАСТАУ. ОЙЛАНТУ. ОЙЛАУ» ӘДІСІНІҢ ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ ПӘНІНЕН ӨЗІНДІК ОЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі заманның өзекті мәселесі білім алушылардың мектеп қабырғасында таза мәтінді оқи алу, оны түсіну, сауатты әрі әдемі жаза білу қабілеттері мен дағдысын қалыптастыру. Тіптен, бұл мәселені ұлт мәселесі деңгейінде көтеру керек деген ойдамын. Бұндай ойға келуім негіздемені әр пәнге берілген оқу мақсатына қарап, сабақ жоспарын ұйымдастыруда функционалдық сауаттылықтың терең әрі тыңғылықты жүруін талап етуінен деп білемін. Ұлт ұстазына айналған Қанипа Бітібаева әр баланың дамуына оның өзіндік ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыруда деп көрсетті. Оның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – мұғалімнің технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. Мұғалімнің басты ұстанымы — *көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, білім алушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру,* оны игертудің тиімді жолдарын іздеу. Алдыңғы сабақ, жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау

кезеңдерін бірлікте қарастырып бүтінге айналып кетеді. Сабақтың өн бойында, әр кезеңдерінде оқушылар «ой тастауда» белгіленген ауқымды мақсатқа жетудің жолдары жүйелі түрде ойландыру; ойлау іс әрекеттері арқылы жүзеге асып отырады

Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — білім алушы тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) мұғалім тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Мұғалім тәжірибесінің тағы бір ерекшілігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды мұғалім диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы–субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегінеайналады.

Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін». Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Мұғалім де, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады [2].

Әдетте, мұғалім деңгейлік тапсырмалар арқылы диагностика жүргізіп, оқушылардың қабілеттерін анықтап оның жұмысы дарынды балаларға бөлек тапсырма беру, орташа оқитын балаларға тапсырма көлемі жеңілдетіліп, ал қанағаттанарлық және инклюзив білім алатын оқушыларға білім өте жеңіл формада қарастырылған болатын. Сонымен қатар, осы деңгейдегі білім алушыларға тапсырманы беру тәсілдерін қолдану мұғалімге ауырлық тигізетін. Ол ойланып, әдіс—тәсілдердің қолдану деңгейін анықтағанша біраз уақыт өтіп кететін. Қазіргі кезде өте ыңғайлы әрекеттер ол- оқу мақсатының болуы, ойлау дағдыларының анық болуы, дескриптор мен тапсырманың құрылуы тікелей осы аталған екі элементтерге жүгінетіндіктен мұғалімнің жұмысы әлдеқайда жеңілдетілді. Әрине, мойындау керек, Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» әдісі Блум таксономиясының жоғарғы деңгейін талап етеді. Осы жерде сұрақ туындайды қанағаттанарлық және инклюзивте отырған білім алушыларға осы ойлау дағдысына сәйкес қандай тапсырма құрастырамын деп. Мұғалім бұл мәселеде тапсырманы иллюстрация жасату, Зиякерлік карта, шығарма картасын салу, тірек сөздер картасы сияқты әдістер білім алушылардың мәтінге, тапсырмаға негізделіп, өзіндік дағдыларын ортаға салуы арқылы білімін көрсетеді немесе жаңа алған біліміне қорытынды жасай алуы мұғалімнің рефлексиясынан көрініс табады [3]. Мысалы, 8 сынып «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда [4]

Тақырып: Версаль-Вашингтондық жүйе қаншалықты тұрақты болды?	1	Оқу мақсаты: 8.3.2.2 - әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың (Австро - Венгрия, Ресей империясы, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдау 8.3.2.4 - Ұлттар Лигасының қызметі мен Версаль-Вашингтон жүйесін талдау және бағалау

Осы тұста ой дағдыларының жоғарғы деңгейі тұжырымдау, талдау және бағалауды сұрап тұр. Ой дағдысы анықталып, тапсырманы осы ойлау дағдыларының шеңберінде құрастыруды назарда ұстау үшін бағалау крий териін қолданады. Бағалау критерийі білім алушылар:

Мемлекеттердің ыдырау себептерін айта алады және оның артынша болған оқиғаларды айтып, ой тұжырымдай алады;

Екі үлкен конференцияның тарихтағы алған орнына баға бере алады (бұл жерде әр білім алушы мәтінді оқығанынан өзі ұққанын айту арқылы тарихи оқиғалардың легін тізбектеп, дұрыс, бұрыс көзқарасын айта алады);

Екі үлкен конференцияның қатысушы және қатыса алмаған мемлекеттерге пайдасы мен зиянын тізбектеп айту арқылы ойын талқыға сала алады.

Осындай талдаудан соң, мұғалім «Сарапшы бұрышы», «Зияткерлік карта» сияқты әдістерді кеңінен қолдана алады және топтық, жұптық тәсілдері арқылы оны жүзеге асырады. Осы кезде әдістерді тиімді қолдану ойлау дағдыларының мақсатына жетудің әрекетіне жетеді. Яғни, ойталқыла салу мұғалімнің ой тастаған мәселесін білім алушылар өзіндік шешім шығаруға және оқулық мәтінен негіздемеге алып, дәлел келтіреді, ойланту кезінде тапсырманың к.рделілігін жеңілтеуге тырысады мұғалім, ЖАДА Выготскийдің әдісі бірден орындалып кетеді. Ойлау кезінде әр бала өзінің жасаған және сыныптастырының жасаған жұмыстарына өзіндік баға береді. Дәйек келтіру және оны дәлелдеу амалдары жүзеге асады.

Білім алушының оқу-танымдық қызметі теориялық білім, білік, дағдылар мен ақыл-ой әрекетін меңгеруге, өз әрекетін жүзеге асырудың жолдарын негіздеу, белгілі бір топтағы тапсырмаларды шешу арқылы жалпы әдісті, ұстанымды игеруге бағытталады; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушы-зерттеуші, ғылымды меңгеруші ғана емес, сол «ғылымды қайта жасаушы». Осы тұрғыдан келгенде, оқушының оқу-танымдық қызметі ғылыми танымның баламасы ретінде көрінеді. Зерттеу барысында бала ережелер мен заңдарды енді өзі қайта жасап, қайта жүйелейді; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушының өзінің қызметіне, әрекетіне деген сыни көзқарасы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.
3. Рэйчел Орр. Мектеп мұғаліміне 100 идея- Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы.-.
4. smk.edu.kz сайты.

Алтай Ардагул
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Самар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Сарыбел орта мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихының даму барысында жан-жақты дамыған, адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге ерте кезден -ақ зор мән берген. Мәселен: бала дүниеге келген кезден бастап айтылатын бесік жыры, тұсаукесер, атқа мінер, санамақ, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар. Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның қазақ әдебиеті сабақтарын оқытуда сөйлеу шеберлігі, шешендік өнерге баулу арқылы шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізбек. Білім алушыға қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке, дарынды тұлға қалыптастыру міндеті тұрғанын бәріміз білеміз. Дәл осындай ұрпақ тәрбиелеуде А.Байтұрсыновтың «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек» демекші,жаңартылған білім мазмұны Қазақстанға келмес бұрын жаңашылдықтың жаршысы, білім нәрін өзі ғана айтып жеткізуші, ал оқушы тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушысы бола білген Қанипа Бітібаеваның ұсынған әдіс –тәсілдерінің тек аттары заман талабына сай өзгерген. Оқушы өздігінен ізденеді, шығармашылық әрекеттер жасайтын ерекше тұлға болған. Мұғалім - нақты бағыт сілтеп, оқушы еңбегін ұйымдастырушы, бақылаушы. Қандай әдіс-тәсіл қолдансақ та естен шығармауға тиіс нәрсе- оқушының өзіне деген сенімін, құштарлығын жоғалтып алмау. Соның ішінде: «Т» кестесі, сәйкестендіру картасы, салыстыру кестесі, «Үш қадам» кестесі, «Екі жақты күнделік» кестесі, тест тапсырмалары, келісу, келіспеу эссесі әр сабақта, жиынтық бағалауларда жұмыс түрлері ретінде беріліп отырғанын ұстаз еңбегінен көруге болады. Әдіс- тәсілдерді кең ауқымда практика жүзінде қолдануды оқушыға үйрету қиынға соқпайды, өйткені қысқа мерзімді жоспарға өзгеріс енгізуді басты мақсат етіп алға қойса дұрыс екені мәлім.

Жаңартылған білім беру – жоқтан жара¬тылған дүние емес, дәстүрлі оқыту мазмұнына енген тамаша бастама. Соны үйлестіру қажет. Әр ұстаздың мақсаты білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алу болса, Қанипа Бітібаева білім беру үрдісін жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, өз еңбегін қалдырған.

•Қанипа Омарғалиқызы 1945 жылы 1 мамырда ШҚО, Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылында дүниеге келген.

•1968 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген.

•Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған "Әдебиет оқыту әдістемесі" кітабы жары көрген.

•Іс-тәжірибесі туралы бірнеше оқу фильмдері түсірілген.

Ғылыми атақтары

•Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің құрметті профессоры;

•Ыбырай Алтынсарин атындағы құрметті төсбелгісінің иегері.

Қанипа Бітібаеваның еңбек еткен жылдарын, марапаттарын зерделей келе,профессор «инемен құдық қазғандай» бола жүріп, еңбекқорлықтың арқасында мол марапат иесі атанды. Ендігі жерде мектеп қабырғасына Бітібаеватану үйірмелерін енгізсе артықтық етпейді деп ойлаймын

Еліміздің болашағы орта мектептен толыққанды сапалы білім алған, ұлттық құндылықтарды, діні мен тілі, мәдениеті мен салт-дәстүрді меңгерген оқушы түлеп ұшу үшін мұғалімнің рөлі орасан зор.

Қазіргі оқушылар бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда еркін болғанымен, ойларын дәл солай еркін жеткізе алмайды. Демек, бала кітапты аз оқығандықтан деп білемін. Дайын интернеттен көрген баланың қиялы жетілмей қалады. Телефондағы өте көп ақпаратты тексеріп отырумен уақыт өткізеді. Тұйық өмір сүреді. Араласатын ортасы тар. Ата-ана өте балажан. Ата-анасы арқылы көп нәрсені шешіп алатынына көзі жеткен бала өзінен гөрі, ата-анасына сенеді. Қазақ тіліне енгізілген жаңа жүйеде диктант грамматиканы алып тастағанмен, мен өз сабағымда уақыт тауып әр бала білімін жеке бақылап отыру керек.

Замануаи тұлға тек білімді меңгерумен ғана шектелмей, сол меңгерген білімді өзгелерге дәлелдей білу қабілеттеріне ие болуы тиіс. Сол мақсатта мектепте «Ұшқыр ой» дебаттық қозғалыс ұйымдастырылуда. Дебат-оқу үдерісін оқушылар мен мұғалімдер үшін сөзсіз қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен өткізу, жобалау барысында біріккен педагогикалық іс-әрекет. Оқушылар арасында дебаттық қозғалысты жиі өткізу оқу үлгерімін жоғарылатады, оқушы өзін тұлға ретінде жағымды қасиеттеріне өзгеріс туындатады және тәртіптеріне әсер етеді. Көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдысын қалыптастырып білім алушылар өздеріне деген сенімін арттырады.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы.

Талант-қабілеттіліктің ең жоғары деңгейі.

Данышпандық-қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі.

Оқушыларды келесі жұмыстар арқылы шығармашылыққа баулып, дарынды баланы анықтауға жол ашылады деп есептеймін:

- жас ерекшелігіне қарай сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- нақыл сөздердің мәнін ашу;
- мақал –мәтел негізінде әңгіме жаздыру;
- жұмбақ, жаңылтпаш, бейнесөз құрастыру;
- өлең құрастыру;

- жансыз нәрселері жандандырып әңгіме, ертегі жаздыру;
- сынып болып ертегі құрастыру;
- ұлы адамдардың өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ақын-жазушылардың шығармалары бойынша пікір алмасу;
- оқыған кітаптары бойынша ойтолғау жазу;
- өленді қарасөзге айналдырып мәтін құрау;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- көркем туындыны талдау, салыстыру, қорыту, шешім көрсету ;
- оқылған шығармалар бойынша сурет салу т.б шығармашылық жұмыстарды Қанипа апамыз тәуелсіздік жылдарында елу жыл зерттеп, оқулықтарын жаза білген данышпан тұлға десек болады.

Жас талантарды мектеп қабырғасынан ғылымға қызықтырып, олардың танымдық көзқарастарын қалыптастыру, дарынды тұлғаның дамуына, қалыптасуына психологиялық ықпал жасау т.б барлығын өз еңбегінде қамтып үлгерді.

Педагогикалық үдерісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Қоғамда оқушылар арасында ғылыми зерттеу конкурстары мысалы, Дарын, Зерде, т.б. ғылыми конкурстар көп. Міне осы конкурстарға оқушыларды қатыстыру жөнінде педагог кадрларға да өте үлкен талаптар қойылуда. Педагогтар арасында ғылыми зерттеу жұмысымен айналысатын оқушыны таңдау, зерттеу тақырыбын таңдау қиын мәселелердің бірі. Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын оқушыны таңдау барысында оқушы дарынды болу міндетті емес, ол оқуға қабілетті оқушы болса болса жеткілікті. Себебі біздің алдымызға келетін оқушылар көбінесе оқуға қабілетті оқушылар болып келеді, ал дарынды балалар өте сирек кездеседі.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушыларды кітап оқуға баулу, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жазғы демалыс кезінде оқитын оқу бағдарламасына қосымша көркем шығармалардың тізімі ұсынылды.

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен сыныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалады. Жаңа оқу жылының басында жазда оқыған шығармалары бойынша «Оқушы күнделігі», «Мен оқыған кітап» және т.б. тақырыптарда көрме өткізуге болады. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын:

•сұрақ қою;
•тірек сөздерді жазу;
•оқиғаның түйінін жазу;
•оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

Қазіргі жаһандану заманында ұстаздар қауымы үшін бұл құнды баяндама. Заман талабына сай өзгеріп кана коймай, басқалармен тәжірибесімен бөлісіп жүрген ұстаздарымызға шығармашылық табыстар тілеп, алғыс айтамын!

Әр педагог «мінсіз оқушы» бейнесін жасап бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығарары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.»
2.Қазақ әдебиеті газеті
3.Қолжетімді интернет

Ризабекқызы Назым
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің
«М.Дауленов атындағы мектеп-интернаты» КММ
мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВА ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҮНДЕСТІГІ

Ұстаз туралы Мұхтар Әуезов: «ұстаз – ұлы есім» деген екен. Осы есімді абыроймен алып жүрген, ардақты жанның бірі әрі бірегейі болған – Қанипа Бітібаева. Өз ғұмырының 30 жылдан астам уақытын туған халқының болашағы –жас ұрпақтың тәрбиесіне арнады. Жас ұрпақты туған тілдің кәусар бұлағынан сусындатып, әдебиет әлемінде асыл сөздің тереңіне үңілтіп, шәкірттеріне парасаттылық ұлағатын ұялатты.

Өзінің тынымсыз еңбегімен, шығармашылық ізденістерімен, жаңашыл істерімен , терең ғылыми жұмыстарының арқасында әлем елдеріне танылған ұстаз атанып, зор құрметке бөленді.

1989 жылы Кремль сарайында Мемлекеттік сыйлықты Қазақстан мұғалімдері арасынан алғаш алған ұстаз болса, Егемендік алған соң еліміздің тіл мәртебесін көтеруде, мектеп реформасын жүзеге асыруда аянбай еңбек етті.

Қазақ педагогикасының жарық жұлдызы іспетті қазақ әдістеме ғылымында жаңашыл педагог ретінде танылған, бүгінде Қанипа Орзғалиқызының қазақ әдебиеті мен қазақ қазақ тілін оқытуға арналған методикалық еңбектері осы салада еңбек етіп жүрген ұстаздар үшін табылмас оқу құралына айналды.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жаңаша сипатқа ие болса да, ұстаздың қазақ әдебиетін оқытудағы әдістері тиімді болып отыр.

Жаңаша білім беру мазмұнында белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оқушыны білім алуға, оқуға, үйретуге көп мән берілуі тиіс. Оқушыларды өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Ал Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары - баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жол ашады. Яғни жаңартылған білім беру мен Қанипа Бітібаева технологиясының үндестігі оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оның мүмкіндіктеріне жол ашу болып табылады.

Қанипа Бітібаеавның оқыту әдістемесінде қолдалынған әдіс-тәсілдерін саралай келе, жаңаша білім беруде де өзекті екеніне көзім жетті. Және де оны өз іс-тәжірибемде қолданып жүрмін.

Мысалы, әдебиет сабағында ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл болмысымен түсінуі жатады. Яғни, мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек. Көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын әдістің негізгі тәсілдерін мәнерлеп оқу, күйтабақты, үнтаспаны тыңдауы болып табылатындығын ұстаз өз еңбегінде атап көрсеткен. Ал қазіргі таңда тыңдалым дағдысын қалыптастыруда аудиожазбаларды қолданамыз. 5-сыныпта «Қобыланды батыр» жыры бойынша «Қобыланды батыр» жырының кейіперлері тақырыбында 5.1.3.1. көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу мақсатында үзіндіні үнтаспадан тыңдаттым. Үзіндіні тыңдағаннан кейін «Қобыланды бейнесін» ашу үшін тірек сөздерді қолданып топтастыру стратегиясын жасауды ұсындым. Бұл стратегия оқушының сөздік қорын молайтуға да көмектеседі.

Сонымен қатар 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат жазу оқу мақстатында Қ.Бітібаеваның автор хат жазу әдісін пайдаланып, Қобыландыға хат жазғыздым. QR код арқылы кино көрсету, ауызша портрет, мүсіндеме жасау да батырлар жырын оқытуда тиімді.

Ертегілерді оқып, талдап болған соң, қорытынды сабақ ретінде салыстыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Бұндай жұмыс оқушылардың ертегілерді жанрлық жағынан бір-бірінен ажырата білулерін, ортақ ұқсас мәслелерін, үндестіктерін, өзіндік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге көмегін тигізеді. «Керқұла атты Кендебай» ертегісін оқығаннан кейін оқушыларға қабілеттеріне қарай сурет салуды тапсырғанда, оқушылардың қызығушылықпен орындағанын көрдім.

Ой тастау,ойланту, ойлау әдісі оқушыларды сыни ойлауға жетелейді. Ұстаздың өзі айтып көрсеткендей, ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Яғни қазіргі таңда оқушы үнін есту, пікіріне құлақ асу жаңартылған білім беруде өзекті.

Тағы бір айта кететін жайт, жобалау технологиясы –ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Яғни, қазіргі таңдағы оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысудың бастауы да Қанипа Бітібаевадан басталады. Мен өз тәжірибемде 5-сынып оқушысы Қабылғажы Айеркеге «Ертегілердегі кемпір бейнесі» тақырыбында жоба жаздырып, ауданда жүлделі орынға ие болды. Мұның барлығы оқушыны жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылдауда жатыр.

Сонымен қатар жаңартылған білім беруде қолданып жүрген белсенді әдістеріміз «топпен жұмыс», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта», «кері байланыс» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан да бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

Қорытындылай келе, Қ. Бітібаеваның әдебиет пәнін оқытудағы әдістемесі мен жаңартылған білім берудегі белсенді әдістер бір-бірімен үндестікте. Аталған әдістер жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақтың Қанипасы», «Білім баспасы», 2005 жыл

2.Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Рауан баспасы» 1997 жыл

3.Ш.Х.Құрманалина, Б.Ж.Мұқанова, Ә.У.Ғалымова, Р.К.Ильясова. Педагогика «Астана» 2007 жыл

4.http://alashainasy.kz/koshbas/kbtbaevanyin-oy-tastau-oylantu-oylau-tehnologiyasyi-62489/

Бухатова Ардақ Алтайхановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп - кешені» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шығыстың шынары

Ұстаз.....жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі....., мейлінше шешен, өнер – білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар – намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Әл - Фараби

«Қазақтың Қанипасы», «ұстаздардың падишахы» атымен ХХ ғасырды аяқтап, ХХІ ғасырға шаршамай аяқ басып, бүкіл ғұмырын қазақтың қара домалақтарын оқытуға арнаған ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева Шығыс Қазақстан облысының қасиетті Тарбағай өңірінде туып өскен. Санаулы ғұмырының

барлығын үнемі ізденістe, қажырлы, мақсатты, жаңашыл да шығармашылық еңбегін зерттеп, саралауға арнаған жаңашыл, педагог, зерттеуші ғалым дәрежесіне дейін көтерілген КСРО кезіндегі бірден бір ұстаз десек артық айтқандық емес.

Тынымсыз еңбегі арқылы таңдаған мамандығының қыры мен сырын жете меңгеріп, өз ісінің нағыз шебері бола білген, халықтың алғысын арқалаған ұлы тұлға.

Әлемдегі ең қасиетті, құрметті, жауапты да көне қарапайым мамандықтың иесі Қанипа Омарғалиқызы өзінің дарыны, біртуар тұлғасы арқылы ұстаз мәртебесін биікке көтерген ерекше жан.

Қазақстандағы ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарын тұтастыра жүргізудің үздігі атанған Қанипа Омарғалиқызы ұстаздарға үлгі – өнеге берер мектеп. Қанипа Бітібаева - өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер жаңашыл мұғалім. Оқу процесінде баланың рухани жан – дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. Қ. Бітібаваның пайымдауынша: Технология бір диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйыдастыру.

Қ.Омарғалиқызы 100 – ге тарта ғылыми - әдістемелік мақалалары мен 32 кітаптың және оқулықтардың авторы. Оның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығында лириканы, эпикалық шығармаларды, драмалық шығармаларды жаңа технологиялармен оқыту жолдары баяндалған. Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары тақырыпқа қатысты сабақ өткізудің технологиялық картасы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстар берілген. Жыраулардың поэзиясын, «Абай жолы» эпопеясын оқыту технологиясы мен әдістемесі, батырлар жырын оқыту, публицистикалық жанрды оқыту әдістері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда алар орны ерекше. Әсіресе, дамыта оқыту технологиясына сүйене отырып, оқушыларды ғылыми еңбекке баулу мәселелері, дарынды балалардың қабілетін жетілдіру, әдіс – тәсілдері де ұстаздың еңбектерінде көп орын алған.

Жаңашыл ұстаздар ежелден-ақ, яғни дәстүрлі оқыту кезеңінде де проблемаларды шешу, оқушыларды зерттеу, іздену жұмыстарына баулу, іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгерте отырып, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы терең білім беруді жүзеге асырып келді. Қанипа Омарғалиқызының «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» оқулық – әдістемелік бағдарламасы, әр баланың «Мен» менталитетін қалыптастыру, дарыны, қабілетін дамыту, өзін – өзі оқыту, өзін – өзі тану, өзін – өзі таныту ұстанымдарына баса назар аударады. Бұл еңбегінде автор әлемдік білім беру кеңістігіндегі 12 жылдық оқу мерзімі бізге де келіп жететіндіктен, соның стандарттарына сай болуды айтады. Яғни, «Қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі» делінген. Оның мақсаттары:

Проблемаларды шешу құзыреттілігі мен өзіндік менеджмент;

Ақпараттық құзіреттілік;

Коммуникативтік құзыреттілік. Бұл бағдарламада тапсырмалар жүйесі, оны орындаудың әдіс – тәсілдері, технологиясы нақты беріліп отыр. Бағдарлама 12 - сыныпқа арналғанымен 11 – сыныпта да оқытуға болады дейді Бітібаева.

Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту бағдарламасында І.Есенберлинді, С.Мәуленовты, Т.Ахтановты, Ә.Нүрпейісовты, Ғ.Қайырбековты, Ә.Әлімжановты, Ш.Мұртазаны т.б қазақтың ақиық ақындары туралы, олардың еңбектерін, шығармаларын оқытудың тиімді әдіс – тәсілдері, оқыту мақсаты, жаңартылған білім – берудің талаптары егжей – тегжей берілген. Мұғалімдер мен оқушылар үшін таптырмас құрал.

Бағдарламаның екінші бөлімінде технология талаптары және білім беру үрдісі; дамыта оқыту технологиясы; ұжымдық оқыту технологиясы; проблемалық оқыту технологиясына; шығармашылық оқыту технологиясына жобалап оқыту технологиясына тоқталған.

Бүгінгі күні жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс – тәсілдерді Қанипа Омарғалиқызы өз сабақтарында кеңінен қолданып жүрген.

Соның ішінде ең кеңінен тарап, мұғалімдер қолданып жүрген Блум токсономиясын, дамыта оқыту, ұжымдық оқыту, проблемалық оқыту, жобалап оқыту т.б технологиялық оқыту тәсілдерін көрсетіп кеткен.

2-кесте — Блум токсономиясы

Мақсаттар жүйесі	***Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті***
Білім	Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері.
Түсінік	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады
Анализ	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады.
Синтез	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Баға (сыни өзіндік пікір)	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды.

Дәстүрлі оқыту мен технологиялық оқытудың формуласын берген.



Бітібаева – дәстүрлі оқытуда: мұғалім, оқу – құралдары, оқушы деп көрсетсе, технологиялық оқытуда: оқушы, оқу құралы, мұғалім деп көрсетеді. Яғни, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалім тек қана бағыт – бағдар беруші, ал, оқушы ізденуші, айтушы, зерттеуші. Жаңартылған білім беру оқушыны сындарлы ойлауға (критические мышление), өз ойын білдіруге бағытталған. Қанипа

Омарғалиқызының мақсаты да сол болған. Әр оқушыны өз ойын іркілмей жеткізіп, дисскуссияға түсе білуге, зерттеуге, зерделеуге үйреткен.

Қанипа Омарғалиқызының 5 – 11 сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты оқу құралы таптырмас мұра. Ұлы Абайды мектеп оқушыларына танудың жаңашыл технологиясын ұсынады. Бүгінгі күні кеңінен қолға алынып жүрген дебат үлгісіндегі тапсырмаларды ұсынады. Блум токсономиясы арқылы өзіңді - өзің таны, өз біліміңді өзің сарала, зерттеу жүргіз.

Қазақтың аялы қызы, Қанипа Бітібаева туралы көптеген ақын жазушылар ғана емес, сонымен бірге Қанипа Бітібаеваның алдынан өткен, оның сабақтарына қатысу бақытына ие болған шәкірттерінің ішінен де қалам сермеліп естелік талай жазылды да, әлі де жазыла түсер. Ол кісінің еңбектері қаншама болашақ ұрпаққа сабақ болары сөзсіз. Менде Қанипа апайдай ұлы ұстаздан білім алған, апайдың мінезінің қыр – сырын көрген, біліміне тамсанған, оның тек қана ұлы ұстаз қырын ғана емес, ана ретінде, туысына жанашыр ретінде, жай ғана кең жүректі қарапайым адам ретінде көрген көптеген шәкірттерінің бірі болғанымды мақтан тұтамын**.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» оқулық әдістемелік бағдарлама.

2.Қ.Бітібаева «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту»

3.С.Әбішева, Г.Құдайбергенова «Қазақтың Қанипасы»

4.ҚР БжҒМ «Дарын» РҒПО Қ.Бітібаева «Ұстаздықтың падишасы»

5.Ғ.Қарасаев «Ұстаздықтың Хан апасы»

6.Қ.Бітібаева «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы»

7.Қ.Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» 1 кітап

8.Қ.Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» 2 кітап

Мукушева Лаура Мадияровна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің
«А.Байтұрсынұлы атындағы № 5 жалпы орта
білім беретін мектеп – бөбекжай -
балабақша» кешені» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ-ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

«Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі»,-деген Ы.Алтынсарин. Жүрексіз өмір болмаса мұғалімсіз білімнің ,тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие берілуі керек ,тәрбиесіз

берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген екен.Қазақ халқы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған. Әлі де сол ұрпағының өмірден сүрінбей , тағдырдың таяғын жемесінің қамын жасап келеді.

Ұлтымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтей білген ата-бабаларымыз «Ұлдың ұяты – әкеге, Қыздың ұяты – шешеге» деп ,бала тәрбиесіне зор мән берген. Осындай мықты тәрбиенің ортасынан шыққан ұстазымыз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның еңбек жолын бүгінгі жастарға үлгі етіп, ерен еңбегінің өскелең ұрпақтың жан-жақты жетілген азамат болып өсуіне қосар үлесі мол екенін айтқым келеді.

Отбасы - адам баласының алтын діңгегі. Отбасының берген тәрбиесін өмірдегі еш нәрсемен салыстыра алмаймыз. Ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. Отбасындағы тәрбиенің қандай мықты екенін сезіну үшін, ұғыну үшін Қанипа Омарғалиқызының «Әке туралы толғанысын» оқып көру керек сияқты. Әкесі туралы айтқан естеліктері жүректі елжіретіп , еріксіз жанарыңа жас толтырады. Әкесін сағына еске ала отырып, отбасының құрылымына зор маңыз беріп, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, сіңілілерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеп, отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығын жарастырған . Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі деп білген апайымыз, бауырларына бір-бірлерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе, үлкендерге сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Отбасындағы қарапайым ғана естеліктің өзінде Қанипа апамыз адам бойындағы қаншама жақсы қасиеттерді дәріптейді. Иә,тірісінде ата-анасының қадіріне жете білмейтін кез келген адамның бұл естеліктерден сабақ алатыны анық. Жалпы отбасындағы сыйластық туралы айтқан естеліктері әр оқырманға «сенің отбасыңа деген көзқарасың қандай, осыны оқығаннан кейін түзетерің бар ма?» дегендей ой тастайды.

Осы естелікті оқығанын түсініп, ой түйер кез келген жас ұрпақ отбасындағы құндылықтың не екенін түсіне алады деп ойлаймын. Қазіргі қоғамда жасына қарап емес, беделіне қарап сыйластық танытатын жастарымыз жетіп артылады. Бір отбасындағы ағайындардың арасында болатын келеңсіздіктер мен тұрпайылықты естігенде жаның ауырады.

Отбасы - мемлекет негізі болғандықтан, есімі елге белгілі ұстаз еңбегінің басты ұстанымы да осы тақырыпта болды. Ұлы Абай тағылымынан басталған неке, сүйген жар мәселелері Қанипа Омарғалиқызының еңбектерінде ,әр сабақтарында талданды.

«Әке - асқар тау». Отбасының алтын діңгегі –Азаматты (ер адамды) пір тұту, қасиетін аспандату,қоғамдық орнын белгілеп, дәріпте, оған ер адам ғана деп емес , дос, пікірлес, рухани тілектес тұлға деп қарау, табындыру, үйрету - ұстаздың бұлжымас ұстанымы еді.

Махаббат тақырыбынан тарап, талданатын пәлсапалық ойлары кешегі өткен күндер тізбегі болып,бүгінгі күн тынысымен ұштасатын. Ері мен әйелінің , қыз бен жігіттің бір-біріне таза, тұрақты сезімі ұстаз танымында ерекше дәріптеліп, талданатын. Отбасы тәрбиесін дәріптеу арқылы халқымыздың өнегелі салт-дәстүрін

жас ұрпақ бойына сіңіру,тарату әдісі де ұстаздың әр күнгі еңбегінің айқын көрінісі бола білді.Ұстаздың әр сөзі құр насихат, жалаң үгіттеу емес, әр ойы, терең білімі, ойлап-пайымдаулары, екшеп, өлшегені-оның әр күнгі әр сабағында таратылып ,өмірдің нақты көріністерімен көрсетіліп,талданып,ұғымға оңтайлы меңгеріліп, сіңісе алуында. Пікір тоғысын өз ісімен, шәкірттеріне бере білген жаңа, тосын тақырыптарымен дәлелдеді.

Мұғалімнің басты міндеті – қазақтың ұлттық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы барлық құндылықтарды дамыту болды. Ұстаз оқушыларын ұжым ортасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойды. Оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетін оқыту арқылы ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан бай ауыз әдебиетін, оның бостандық, еркіндікті, батырлықты, теңдік пен мөлдір махаббатты баяндаған жырларын, осы мазмұндағы халық шығармасын өз қалпында көрсете білуді өзіне міндет санаған Қанипа Омарғалиқызы XIX ғасырдың ортасында көшпелі халықтың барлығы тағылар, лас, мәдениетсіз, қараңғы, адамгершіліктен ада болды деген пікірге қарсы әркет етіп, жас ұрпақтың санасына өз елін, халқын, оның өткен тарихын сүюді үйретеді.

Қазіргі кездегі жас ұрпақтың өз тарихын, салт-дәстүрін ,мәдениетін біліп құрметтеуі, оған бас иіп, одан ары насихаттауын ең маңызды мәселе деп қарастырды. Бұл істегі негізгі міндет - әке-шеше, жанұя тәрбиесімен қатар мұғалімге жүктелетіндігін айтады. Жастардың өз ана тілін сүйіп, құрметтеуі, оны ғылым мен техниканың, өркениеттің тіліне айналуына үлес қосуы болып табылатындығын ерекше атап көрсетеді.

М.Әуезов шығармаларын оқытуда ұстаз оқушы санасына еңбекқор, өнерпаз, мейірбан, өз бостандығы мен теңдігі үшін күресуші қазақпен қатар қатыгез, әділетсіз қазақты да елестетеді. Ұлы жазушының шығармасының басты мазмұнының өзі - Абай бейнесі арқылы қазақ деген халық бар, ол әділетті де дана, еңбекқор, мейірбан, қарапайым деген пікірді қалыптастырады.

Адамның тағдыры тәрбиелеумен шешіледі.

-Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігінен...Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет, -деген Қанипа Омарғалиқызының еңбектерінен әр сабағында жас ұрпақты ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындатқанын аңғарамыз. Әр жазушының, әр ақынның шығармасын талдау жас ұрпаққа өмірлік сабақ, өмірлік сара жол бола білді.Алдындағы барлық оқушыны досы, сырласы, баласы. Рухани таза, салауатты жан, ұлтжанды азамат деп бағалай білген ұстаз оқушыларына: « Қазір сен оқушысың, болашақ азамат,ата-анасың. Ұрпағыңды немен тәрбиелейсің, соны осы бастан ойлан! Менің ақылым бесік жырынан бастап өмірдің ең жақсы жақтарына арқа сүйей отырып, жақсылық жырын айт!» деп ақыл кеңес береді.Осы ақылды бойына дарытқан шәкірттері өмірлік жолдарын адаспай тауып, өмірдегі өздері нағыз еңбектерімен шыққан биіктерінің жеңісін көріп, сол жеңістің бастауы нағыз даналық пен ұлттық, азаматтық тәрбие берген, мақсатты өмір сүре білуге, имандылық, ізгілік нұрын берген ұстаздары Қанипа

Омарғалиқызына тікелей тиесілі екенін неше мәрте дәлелдеген.Қанипа Омарғалиқызы қанаттандырған шәкірттер бүгінде еліміздің әр жерінде жауапты қызметтерді абыроймен атқарып жүрген азаматтар. Бәрі де өз ісінің білікті мамандары. Ұстаздың шәкірті болып, еңбек жолын ұстаздық жолына арнаған талай әріптеспен кездесіп, облыс көлемінде берген ашық сабақтары мен іс-тәжірибелерін дәріптеген семинарларға қатыстым. Ел ертеңі үшін парасатты мамандар тәрбиелеп шығарған ұстаздың еңбегін әр қазақ мақтан тұтып, рухының алдында басын иеді. Шәкірттері ұстазға деген ризашылықтарын ізгі тілектер мен жыр жолдары арқылы жеткізеді.Қанипа Омарғалиқызы өмірде тек жас ұрпақты ғана емес өз әріптестерімен қатар әр қазаққа үлгілі өмірлік ұстаз болды дегім келеді.

Ұстаз тағы бір сөзінде: «Өмірді сүйеді екенсің ,уақытыңды зая кетірме » деп ақыл қосады. Шәкірттеріне осы айтқан ақылын өз өмірінің соңына дейін қайнаған еңбекпен өткізгендігінің дәлелі ретінде қаншама еңбектер жазып қалдырды. Адамды, адамзатты, Отанды сүюді, салауатты,сауатты болуға шақырған өмірлік ұстанымы әр жеткіншекке таптырмас өмірлік қағида десем артық болмасы анық. Қанипа Омарғалиқызынан үйренеріміз де ойға түйеріміз де көп. Әйгілі ұстаздың еңбектерімен терең танысу барлық жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар мен ата-аналарға қажет дүние **.**

Құрманбаева Шынар Қапантайқызы
Педагогика ғылымдарының докторы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ АВТОРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАҒАН ҰЛЫ ҰСТАЗ

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінде өзіндік сара жол қалдырған сондай ұлы адамдардың бірі де бірегейі, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми, тәжірибелік негіздерін қалауда баға жетпес үлес қосқан санаулы тұлғаларымыздың бірі.

Ұстаздың әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сынды өнімді әдістерге, оқушылардың өз бетімен ізденуі мен зерттеу жұмысы дамытуға негізделетін авторлық «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы жайлы бірнеше рет сөз еткенбіз [1-7].

Бүгінгі мақаламызда Қанипа Омарғалиқызы ұстаздың жыл өткен сайын көпшілік сұранысына ие болып келе жатқан мол әдістемелік мұрасын саралай келе, қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық авторлық технологиясына жету жолындағы әдістемелік еңбектеріне талдау жасауды жөн көрдік. Сонымен, Қ. Бітібаеваның ұстаздық жолы басталған алғашқы 1976 жылдардан бастап, өзінің авторлық педагогикалық технологияларын қалыптастырғанға дейінгі аралықта жарияланған еңбектерін академик Ю.К. Бабанскийдің «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесімен жұмысы, проблемалық оқыту әдісін технология

деңгейіне көтеруі және әдебиетті тереңдетіп оқытуда эксперименттік әдісті қолдануы деген басты үш бағытқа бөліп қарастырамыз.

1. «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесін қолдануы

1968-80 жылдар арасында туған аулында мұғалім, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарған жылдарында алғашқы күннен бастап, мектепте «Жас қалам» әдеби драма үйірмесін жүргізіп, ауылда кіші театр ашады. Аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға қол жеткізеді. Академик Ю.К. Бабанскийдің «Оптимизация учебно-воспитательного процесса» еңбегіне сүйене отырып, сол 1970 жылдарда Кеңестік білім беру жүйесінде кеңінен танымал болған оқу-тәрбие ісін оңтайландыру жүйесін пайдаланып, шағын ауыл мектебінде үлкен жұмыстар атқара бастайды [8]. 1976 жылы Мәскеу қаласына арнайы барып, академикпен жолығады. «Оқу-тәрбие жұмысын оптимальдендіру» туралы жоспарын көрсетіп, жоғары баға алады. 1977 жылдан бастап, Ленин атындағы орта мектеп жұмысына оптимизация идеяларын кіргізе бастайды, мектеп ұжымын Москвалық атақты академик Ю.К. Бабанскийдің «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» жүйесімен жұмыс істеуге жұмылдырады. Тікелей онымен хат жазысып, ақыл-кеңесін алып отырады. Атақты ғалым Қанипаның еңбегіне ерекше назар аударып, жақсы пікірлер айтады, қолдайды. Қ.О. Бітібаеваның осы бағыттағы әдістемелік еңбегін нақтылайтын бірнеше мақалалары мен ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көреді [9-12].

Қ.О. Бітібаева 1977-1987 жылдары Тарбағатай ауданы Ленин атындағы орта мектебінің базасында аудандағы тұңғыш әдістемелік кабинетін жабдықтайды. Аудандық жаңашыл ұстаздардың республикалық I слетіне қатысып, іс-тәжірибесін ортаға салады. Ол аудан мұғалімдерінің ғылыми ізденіс орталығына, ерекше лабораториясына айналады. Шалғай ауылдағы жас ұстаз еңбегі облысқа тарап, республикаға естіле бастайды. Ауданда, облыста іс-тәжірибесі таратылады. Республикалық «Шапағат», «Ақбұлақ» арналарына ұстаз туралы жеті рет хабар беріледі.

1976 жылы облыстық директорлар семинарында атақты ұстаз СССР Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиев Қанипаның сабағына қатысады. Жас ұстаз еңбегіне риза болған ардагер ұстаз, үздік әдіскер маман жас та болса еңбегі зор, болашағы үлкен, жұлдызы жарқырап тұрған мықты маманды бірден танып, мойындап, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» атағына ұсынады.

«Қазақстан мектебі» журналының 1977 жылғы № 9 санында «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер бейнесін оқу» тақырыбында, ал 1979 жылғы № 4 санында «Ленин еңбектері әдебиет сабағында» тақырыбында мақалалары жарық көреді.

1980 жылы Өскемендегі Жамбыл атындағы мектеп-интернатына жұмысқа шақырылады. Шалғай ауылдың өзінде атағы жер жарған білімді, талапты, еңбекқор ұстаздың облыс орталығына келгеннен кейінгі жерде мүмкіндіктері одан сайын кеңейе түседі. Облыс мұғалімдеріне арналған семинарларда дәрістер оқып, тәжірибесін кеңінен тарата бастайды. Осы кездерде, атап айтқанда, «Қазақстан мектебі» журналының 1982 жылғы №6 санында жарық көрген «Мектептегі оқу тәрбие процесін ұйымдастыру» атты мақаласы мен «Идеи оптимизации и задачи

учителей по их претворению. Методический материал помощь лектору на казахском языке» атты еңбегі осыға дәлел бола алады [13].

Ұстаздың ерен еңбегі бағаланып, СССР оқу ісінің үздігі, Шығыс Қазақстандағы тұңғыш бүкілодақтық Крупская медалінің иегері болады. 1990 жылы Қанипаға СССР Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Ол Одақта 5-ші, өз елімізде 1-ші лауреат атанады. «1990 жыл еді. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, Мәскеуге бардым. Әдебиетті тереңдетіп оқытатын ең үздік деген оншақты гимназиясын аралап көрдім. Сонда, осы мектептердің оқушылары тұрмақ, мұғалімдерінің өзі Абай мен Мұхтарды білмейтіндігіне әрі таң қалдым әрі намыстандым. Министрлігіне кездесуге барған кезде, сол ашудың екпінімен «Менің білімі ең нашар деген оқушым Пушкин мен Лермонтовты жатқа білгенде, сіздердің мұғалімдеріңіздің өзі Абайдың кім екенін білмейтіні қалай? Қазақ қана емес, өзге «бауырлас» елдердің әдебиетінен де түк білмейсіздер, балаларға білімді қалай бермексіздер?» деп айтып салдым», - деп жазады бұл жайында Қ. Бітібаеваның өзі [14, 17].

Москвадағы осы сапарында оған «Народное образование» журналының білімді, беделді әрі Одаққа танымал тілшісі Лев Красновский жолығып, үш күн сұхбаттасып, интервью алады. Педагог-тілші Қанипаның іс-тәжірибесіне аса қызығып, «Одақта сіздей ұстаздар аз»-деп ағынан жарылады. «Мен қолымда билігі бар адам болсам, Сізге бүгін-ақ «Халық мұғалімі» деген атақ берер едім»-дейді. Ілешала «Народное образование» өзінің 1990 жылғы бесінші санында «Я сделал свою карьеру» атты мақаласын басады.

Одақтық «Учительская газетаның» арнаулы тілшісі С.Синицкая Қанипа Бітібаеваның 18 сабағына қатысып, шәкірттерімен сұхбаттасады. Ол алдында өз заманының шоқтығы биік мұғалімі тұрғанын түсінеді. Бір-біріне ұқсамайтын сабақтардың куәсі болып, бәрі қолдан жасалған дидактикалық материалдар мен көрнекілік, оқу-құралдарымен танысып, ұстаздың бір мектепті былай қойып, бүкіл республика ұстаздарына жететін бай әдістемелік қазынасына таң қалады. Қанипа шәкірттерінің мектеп көлемінен асып-тасып жатқан терең біліміне тәнті болады» [15, 7 б].

2. Проблемалық оқыту әдісін технология деңгейіне көтеруі

Қ.О. Бітібаева 80-жылдардың ортасынан бастап ауылда қызмет еткен кезінің өзінде проблемалық оқыту мәселесін көтеріп, өз әдістемесінде қолдана бастайды. Ғалым ұстаздың «Қазақстан мектебі» журналының 1976 жылғы № 10 санында жарияланған «Әдебиет сабағындағы проблемалық оқытудың кей мәселелері» атты алғашқы мақалаларының бірі соның дәлелі бола алады. Ұстаздың «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында 1983 жылы жарияланған осы проблемалық оқытуға қатысты келесі мақаласы «М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбай образын проблемалық оқыту» деп аталады. Бұл мақалалар ұлы ұстаздың өз әдістемелік мұрасының ішінде басты орын алатын Абай, Мұхтар шығармашылығын оқыту мәселесінің мұғалімдік тәжірибесі басталған ең алғашқы кезден бастап негізгі темірқазығы болғандығын дәлелдейді. Әлемдік әдістеме іліміндегі ең озық әдістердің бірі болып табылатын проблемалық оқытуды өз тәжірибесіне негіз етіп алған ғалым-ұстаз бұл әдісті кейін технология деңгейіне дейін көтереді. Көптеген

еңбектерінде атап айтып, мақалаларында осы жайлы ескертіп отырады. Мысалы, осы проблемалық оқыту әдісі жөнінде ұстаз өзінің «Әдебиетті оқытудың әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегінде: «Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушы алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыратын танымдық-іздендіруші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс-тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі оқушы дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді»,-деп атап көрсетеді [16, 9 б.].

Осы аталған еңбегінің «Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары» атты тарауында: «Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне мол кірген талдаудың түрі - проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек», - деп атап көрсетеді [16, 42 б.]

Айтыс туғызатын сұрақтардың барлығын немесе оқушыларды ойландыруға, іздендіруге негізделген сұрақтардың барлығын проблемалық сұрақтар деу де қате екендігін баса айтады. Әдеби шығармалардан көптеген нақты мысалдар келтіреді. Бірнеше әдеби шығармалар негізінде дайын проблемалық сұрақтарды кестелер арқылы береді.

Педагогикалық технология дегеніміз – «білім берудің тиімдірек формаларын іздеу, табу, олардың өзара әсерлерін есепке ала отырып, оқыту, білім игеруді жоспарлау, соны жүзеге асырудың және бағалаудың жүйесін құрайтын.білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы» десек [5], Қ. Омарғалиқызының біз қысқаша ғана сипаттап өткен жүйелі еңбегі проблемалық оқыту әдісін өз тәжірибесінде технология деңгейіне дейін көтергендігінің нақты дәлелі бола алады.

3. Әдебиетті тереңдетіп оқытуда эксперименттік әдісті қолдануы

Авторлық өзекті тұжырымдар мен мәселеге жаңаша көзқарас Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін тереңдете оқытудың, әлем әдебиетімен байланыстыра оқытудың жаңа бағдарламаларын жасауына ықпал етті. Бұл бағдарламалар қазіргі көкейкестілігімен ғана емес, болашақ үшін маңыздылығымен ерекшеленеді, ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да уақыт пен білім беру жйесінің сұранысына сай жазылған.

1990-1991 жылдары «Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиетімен байланыстырып оқыту» тақырыбындағы авторлық бағдарламасын жазып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының эксперттік сараптамасынан өткізеді.

Бұл жөнінде ұстаз «Қазақстан мектебі» журналының 1987, 1995 жылғы сандарында өзінің «Қазақ әдебиетінің бағдарламалары туралы», «Абай шығармашылығын оқыту бағдарламасы» атты мақалаларын жариялайды. Әрқайсысы 200 бетке дейінгі барлық сыныптарға арналған қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың авторлық бағдарламаларын дайындап, бекітеді [17-21]. 1991 жылы Жамбыл атындағы мектеп-интернатта ашылған авторлық сыныптар ұстаздың осы авторлық бағдарламалары бойынша жұмыс істей бастайды. Осы жайттар жайлы ұстаз өз былай деп жазады: «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты бағдарламамды, оқу құралдарымды көрсеттім. Атаулы мектебім жасаған оқу бағдарламасын алдарына тастадым, түсінік бердім. Әдебиетті өнердің бір түрі ретінде оқыту, оны әлемдік мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ретінде таныту, құзырлылық тұрғысында оқыту, т.б сынды қазіргі талаптың менде бұрыннан бар екеніне көздерін жеткіздім. Онда тек бүгін айтылып жүрген кейбір терминдердің ғана жоқ екенін тілге тиек еттім. Бағдарламадағы әр ақын-жазушы шығармашылығына ұсынылатын шығармашылық тапсырмаларды, ғылыми еңбектерді, оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларына қойылатын талаптарды да даралап жазғанымды көрсеттім. Орыс ғалымдары өтірік айтуға болмайды, шындыққа жүгінді, түсінді, мен ғалыммын деп кеуде соқпады, шұрқырасып, пікірлесіп қалдық «бізде де бірдеңе бар» дегендей жонымды күдірейттім. Расында да, Блум таксономиясы, берілетін білімді оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге дейін көтеру мәселелері, оқушының сыни көзқарастарын дамыту сынды қазір күн тәртібінде тұрған талаптар маған таңсық емес болып шықты» [14, 3 б.].

Ұлы ұстаздың әдебиетті тереңдетіп оқыту, әлем әдебиетімен байланыстырып оқыту мәселелерімен шұғылдану жолын көрсететін тағы да бір деректер – әр жылдарда жарық көрген ғылыми-әдістемелік мақалалары. 1990-1999 жылдар аралығында Қ.О.Бітібаева өзі бірнеше жылдар бойы редакция алқасының құрамында қызмет еткен, республика ұстаздары асыға күтіп, жаппай қолданатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында өзінің қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуға байланысты эксперименттік мақалалары – ұстаздың өз заманынан озық туған даралығын көрсететін ерекше еңбектері [22-37]. Аталған мақалаларында Қ.Бітібаева өзінің авторлық бағдарламасына енгізілген А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Құнанбаев, Б. Майлин, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Ж. Аймауытов, С.Торайғыров т.б. ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете оқытудың жолдарын ұсынады. Бұл мақалалардың басты ерекшелігі сонда, ұстаз құрғақ сөзбен теориялық материалдарды беріп қана қоймайды, оларды күнделікті тәжірибеде тиімділігі дәлелденген эксперименттік түрде нақты мысалдармен береді.

Қ. Бітібаеваның қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын [38-47] саралай келе, Қанипа Бітібаеваның Абайды, М.Әуезовті,

қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту мәселесімен 1993 жылдардан бастап соңғы жылдарға дейін тікелей шұғылданғанын көреміз.

Ұстаз әдебиетті тереңдетіп оқытудың көкейкесті мәселелері ретінде мыналарға көңіл бөлген жөн деп атап көрсетеді:

1.Оқылатын авторлар санына әрі олардың қадау-қадау шығармаларына кең жол ашу, көркем сөз иесінің әлемін тұтастай қарастыру.

2.Тереңдетіп оқытудың келесі бір белгісі - көркем туындыны әдебиеттану ғылымы түрғысынан терең талдау [16, 165 б.]. Терең талдауда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн: көркем туынды негізінде жатқан ой, авторлық көзкарасты, яғни көркем туынды негізінде жаткан идеялық проблематиканы, сөз айшықтарын, тқжырымдап айтқанда, «сырты күміс, іші алтын» түр мен мазмұн бірлігін жанды бірлікте талдау, көркем сөз иесінің стилі, әдісіне барлау жасау.

Қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын оқытумен қатар тереңдетіп оқытудың ең маңызды бір саласы – сын-зерттеулерді оқыту екендігін айта келіп, әдебиетті оқытудағы сын-зерттеулерді де оқу үдерісіне енгізеді. Сол арқылы оқушыларын әдеби деректерді дайын күйінде қабылдаушы ғана емес, өз сезімінің сүзгісінен өткізіп, өз көзқарасы тұрғысынан талдап, бағалаушы, сыни пікір, жаңа өнім тудырушы, зерттеуші деңгейіне дейін көтеруге үлкен ықпал жасайды. Дарынды балалардың дара ерекшеліктерін дамытуға түрткі жасауды алдына мақсат етіп қойған республикалық ғылыми зертханада басты тұлғалардың жұмысы өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылып, оқу мен тәрбие тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталады, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдістемесі мен технологиясы бүгінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептерде оқу үдерісіне енгізілуде, ЖОО-дарында болашақ әдебиетші мамандар оқып, үйренуде. Енедеше, өміршеңдігі мен тиімділігі тәжірибеде дәлелденген осы мол мұраны саралап, талдау, лайықты бағасын беру – болашақтың міндеті болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.О.Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік еңбектерінің ұстаз тұлғасын қалыптастырудағы маңызы // «Әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың көкейтесті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практ. конф. материалдары. I - т. - Семей, 2006.

2.Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы // «Мұғалімнің инновациялық қызметі, іс әрекеті - әлемдік білім беру кеңістігіне енудің кепілі» атты Жамбыл ат. ОДБАМГИ 90 жылдығына арналған республикалық конф. Материалдары. - Өскемен: ШҚО БАИ баспа кабинеті, 2010.

3.Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» авторлық технологиясы // Білім көшбасшысы. Ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. № 1. – наурыз, 2014.

4.Ұстаздықтың ақ тәжді Падишасы // Кітапта: Қ.Бітібаева Егіз өрім. – Алматы,

5.Инновациялық білім беру технологиялары. Оқу құралы. - Өскемен: MediASoft,

6.Қ.Бітібаева еңбектеріндегі сындарлы оқыту технологиясының көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - №3 (118).

7.Қанипа Бітібаева – ұстаздық шеберліктің шыңын бағындырған ұлы тұлға // «Бітібаева оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Өскемен, 2018.

8.Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. - / Ю.К. Бабанский М.: «Просвещение,» 1982. - 177 стр.

8.Идеи оптимизации и задачи учителей по их претворению //Методический материал помощь лектору на казахском языке. г. Усть – Каменогорск, 1986. – 225 бет.

9.Оптималдандырылған сабақ // Қазақстан мектебі, 1984, №4.

10.Әдебиет сабағында оптимизация идеясын пайдалану жолдары (брошюра) // Білім қоғамы, 1985.

11.Қазақ әдебиетін жаңашыл көзқараспен оқыту проблемалары // Қазақстан мектебі, 1989, №2.

12.Битибаева К.О. Идеи оптимизации и задачи учителей по их претворению. Методический материал помощь лектору на казахском языке. / К.О. Битибаева - г. Усть - Каменогорск, 1986. - 225 стр.

13.Бітібаева Қ.О. Егіз өрім: педагогикалық эсселер. 2 - басылым. / Қ.О. Бітібаева - Алматы: «Жазушы» баспасы, 2014. - 408 бет.

14.Ұстазға тағзым (Әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева жайлы естеліктер). Құрастырған: А.Картаева, Ш.Құрманбаева. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Берел баспасы, 2015. – 158 бет.

Қайдарова Назым Мақсатқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Риддер қаласы білім бөлімінің
«№ 14 орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай» — деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымызда өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы-қазіргі заманда білім берудің талаптарына сай келетін технология. Қ.Бітібаеваның айтуынша

“Технология – диагностиканы басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру...”

Қанипа Омарғалиқызының технологиясының маңыздылығы:

1. Оқушыға субъект ретінде қарау; 2. Құзіреттілікті қалыптастыруға арналған шығармашылық тапсырмалар; 3. Оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; 4. Оқушының білімін жетілдіру базалық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеру; 5. Дарынды балаларды айқындау;

6. Ғылыми-ізденіс жұмыстарына баулу. 7. Өзіндік ойлау, өзіндік пікір айту.

Оқушылар тыңдап қана қоймай, өздері дайын түрінде емес, ізденіп білім алады. Пікір айтушылар, қызу айтыскерлер, көркем шығармаға өз ойларын білдірушілер. Бала сабаққа ойланып келіп, ойланып кетеді. Қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында «Егер мен» деген стратегиясын қолданамын. Сөйлемді жалғастырып жазады. Оқушылар ой тастау арқылы жазба жұмысына баулу, ойланып айтуға дағдыландыру әдісі. «Егер мен суретші болсам...», « Егер мен әртіс болсам (көрініс, рөлдік ойын). «Егер мен режиссер болсам» (бір шығарманы өткеннен соң әдебиет сабағында қолдану). «Төрт бұрыштағы суреттер» оқушылар топпен жұмыс жасап шығармашылық жұмыс атқарады. Мақсаты әңгімелеу, бейнелеу, иллюстрациялау. «RWCT» мәтінді зерттеу әдісі. Екі құнды нәрсені анықтау. Кейіпкердің орнына өздерін қояды. Негізгі мазмұнын анықтау. Қағаз бетіне түсіріп, постер жасайды.«Дәйексөз» әдісі флип-чартқа дәйексөздерді жазып, сол арқылы мәтінді зерттеу. Шығарманы талқылау. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. «Бестік диктант» шығарманы оқығаннан кейін қолдануға болады. Бала мәтінді өзі құрап жазады. «Әдеби айтыс», пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену, көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, алдын-ала тақырыптар беру, ой тастау, сабақтың өн бойында ол шешуші рөл атқарады. «Жоба», «модель», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта», проблемалық ситуация тудыру, болжау жасау, практикалық жұмыстар, танымды іздендіру тапсырмалар, анкета, әдеби дискуссия, диалогтік әңгіме, түсіндірмелі-репродуктивті, шешендік турнир, пікір қорғау, билер кеңесінің отырысы, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі,консилиум, өнер жарысы, есеп беру сабағы түрлері өте тиімді. Мына әдіс-тәсілдерді жиі қолданамын: «Үш қадамды сұхбат», «жұптас, ойлан, бөліс», «Бейне көрініс». Бұл әдістердің қолдану нәтижесінде, өз пікірін айта білетін, топта оқушылармен тіл табысып, өзін ұстай білетін, өзін-өзі бағалап, өз тарапынан ойланып, шешім шығара білетін оқушылардың саны артты. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру барысында қазақ тілі сабағында жай фонетикалық талдау жасатқаннан гөрі математикалық тәсілмен дауысты, дауыссыз дыбыстарға талдау жасатуды өз тәжірибемде қолданып келемін. Оқушылар мұндай тапсырмаларды қызыға, жарыса орындайды. Өз бетімше сыныппен жұмыстың жаңа формаларын ойлап табуға мүмкіндік аламын. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйретететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданамын. Аквариум технологиясының мәнісі сонда, бірнеше оқушы шеңбер ішінде ситуацияны жасырады, ал қалғандары оларды бақылап тұрып әрекеттеріне талдау жасайды.Есептеу ағашы – оқушылар осы әдіс-тәсілді қолдануда өз идеяларын еркін

айтуға дағдыланады. «Өз позицияңды ұстан» - деп аталатын интеграцияның да пайдасы бар. Мұнда оқушылар өз позицияларын айқындап, түсіндіріп оны дәлелдеуге үйренеді. 1 сынып оқушыларын 6 адамнан топтарға бөліп, оқытудың ойын түрлері:«Сәйкесін тап», «Адамның дене мүшелерін ата», «Төртінші артық», «Қоржындағы ойыншықтарды ата», «Кім тез тауып оқиды», «Адасқан әріптер», «Түсіп қалған әріпті тап», (сурет бойынша сөйлем құру, кеспе қағаздарымен жұмыс, ой шақыру, талдау, тест орындау, рефлексия, т.б.) өз сабақтарымда қолдандым. Мысалы 4 сыныпта «Біздің қала» тақырыбы «Тәуелдік жалғау» грамматикасынан басталады. Соны өткенде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, орфографиялық дағдыларын қалыптастыру үшін проблемалық сұрақ-жауап, ауызша-жазбаша түрде ойын жеткізу (әңгімелеу), түрлі талдау, сурет бойынша сөйлем құрау әдістерін қолдандым. Тақырыпты пысықтау үшін оқушыларға әр түрлі тапсырмалар, сөзжұмбақ шешу, тест беріледі. Сабақ барысында өткен «Кім шапшаң» ойыны арқылы оқушылар күнделікті өмірде естілетін сөйлемдерді ауызша жеткізіп, түсіндіреді.. Бұдан шығатын нәтиже: сөздік қорлары, жүйелі ойлау дағдысы дамиды. Өз сабақтарымда «Кім жылдам?, «Тығылған сөз», «Шашылған әріп», «Кім шапшаң?», «Есіңе сақта» ойындарын қолданамын. «Сөйлем» тақырыбын өту барысында «Сөз қуаласпақ», «Ұйқасын тап», «Жалғасын тап», «Жоғалған сөз», т.б. «Қайталай ғой», «Әріпке сөз ойла», «Ұйқасын тап», «Сөз жарысы» дидактикалық ойындары оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.«Сөз құрамы» тақырыптарын қорыту барысында «Білім биржасы», «Брейн ринг» оқыта үйрету ойындары оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттырады. Оқушылар буындардың түрлерін ажыратып меңгергеннен кейін, осы тақырыпты бекіту мақсатында сабақта «Баспалдақ» ойынын жүргіземін. Ситуация туғызып: «Лифт жұмыс істемейді – сондықтан баспалдақ арқылы жаяу көтерілеміз. Кімде-кім? бірінші баспалдақтан сөздерді дұрыс буынға бөліп, буындардың түрлерін анықтап дұрыс айтса, сол бала жеңімпаз болады».

Қ.Бітібаеваның “Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы” элементтерін қолдануда жақсы нәтижелерге жеттік. Мысалы: “Бестік диктант”жазу, мәтіндерді берілген схема бойынша талдау, Венн диаграммасы арқылы ұқсастығы мен айырмашылығын көрсету, топтастыру, Инсерт кестесімен жұмыс жасау, кейіпкерге хат, бес жолды өлең құрастыру дістерін сабақта қолдану тиімді болды. Оқушылардың сыни ойлау дағдылары дамып, өз ойын дәлелді жеткізе білуге, шығарма, эссе жазуға дағдыланды. Оқушылардың білім деңгейлерінің артуына қаншалықты ықпал ете алдым деген сұраққа келетін болсам, олар бір-бірімен ой бөлісе отырып өзін-өзі дамытуға, өздігінен білімдерін жетілдіруге, ынтымақтастықта жұмыс жасап, өз ойын еркін жеткізе алуға, идеялар ұсынуға, өздерінің жаңа жауаптарымен бөлісуге,ойын дамытуға, топта бірін-бірі бағалауға үйренді.

Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен білім сапасының артуы жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесі деп есептеймін. Қазақ тілі және әдебиет сабағында Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының элементтерін қолдана отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткіздім.

- Сабақтың сапасы көтерілді;

-Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын артты, сондықтан оқу үлгерімі көтерілді.

Сонымен сөзімді қорытар болсам, сабақ барысында мынадай талаптар басшылыққа алынуы қажет: 1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек. 2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс.

3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек. 4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет. 5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осы қағидалар негізінде сабақта жаңа Қанипа Оралханқызының әдістерін қолдану арқылы жүргізу — оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып , өз сұрағына өзі жауап іздеп жан –жақты білім алуына көмектеседі. Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де — білім . Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде, құрметті әріптестер!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал)- Алматы Рауан, 1990

3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы Өскемен 2002

2-СЕКЦИЯ
жаратылыстану бағыттағы пәндер үшін
«ОЙ, ОЙЛАНУ БАРЛЫҚ ПӘНДЕРГЕ ДЕ КЕРЕК...» ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Қабдиева Меруерт Тосумовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Самар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Абай атындағы орта мектебі» КММ мұғалімі

«ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЛЫМЫ МЕН ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі таңда мемлекетіміз дамыған елдердің стандарттарына қол жеткізу мақсаттарында еліміздің жаңа сапалық көрсеткіштерді көрсету үшін тымбай еңбектенуде. Осыған орай, білім саласы да өркениетті істер, өзекті ойларды мақсат етуде. Бүгінгі таңда қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды таңдап отыр. Ал бүгінгі заман талабы- жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлғаны» тәрбиелеу.

Бүгінгі заманда заман ұстазы келбетімен тәнті еткен Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздың тұлғасы телегей теңізге, асқаралы арманға, парасатты пайымға айналған.

Қанипа Омарғалиқызының рухы мен бізге қалдырған ұлы мұрасы кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат. «Қазақтың Хан апасы» дарабоз дарын иесі, бір басында асыл қасиеттері тоғысқан ұлы тұлға. Есімі бүгінде шығысымызда ғана емес, одаққа танымал. Оның дәлелі өзбекстандық ғалым Қазақбай Юлдашевтің: «Сізді қазақтың данышпан қызы деп таныдым...», -деген екен (ФерхоС, Байхонова С, Тоқпатаев У, Құрманова Ж, 2005: 130)

«Академиялық білімді, ұлтжанды, жүректі, наркескен тілді, тұлғалы сырт келбетіне ішкі сұлу сарайы үндесіп келе жатқан, әріптестерді айтқандай, «Ұстаздың энциклопедиясы», «Хан апасы», «Қазақтың Қанипасының» еңбектері, іс-тәжірибесі жалғасын тауып, әріптестерінің ізденіс көзіне, қайнар бұлағына айнала беретініне кәміл сенеміз», -деп Роза Баттал жазғандай, Қанипа Омарғалиқызының артында қалдырған өлшеусіз мол мұрасы, педогогикалық технологиясы мен ғылыми еңбектерінің бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор.

Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы –жас ұрпақты жаңашылдыққа, зерттеушілікке, құзырлылыққа жетелейтін бірден-бір құрал. Жаңартылған білім мазмұның сөз еткенде біз Қанипа апамыздың «Ой тастау, ойланту» технологиясына жүгінеміз. Себебі бүгінде қозғалып жатқан құзыреттілікті қалыптастыру, оқушының пікірін бағалау, бірін-бірі бағалау, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылыққа жетелеу тіпті дарынды оқушыларды жетелеп ғылыми ізденіске негіздеудің бәрі де осы технологиядан табылады.

Ал қазіргі заман –білім-ғылымның, ақпараттың жаһандану ғасыры емес пе? Әлемде болып жатқан өзгерістер еліміздің экономикасына ғана емес, білім саласына да әсерін тигізуде. Білім берудің мазмұны жаңа форматқа бет бұрып, жаңаша көзқарас пайда болғаны мәлім. Қазірде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген мәселелер қойылып отыр.

Міне осы орайда ұстаздар қауымы тағы да Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясымен сабақ жүргіземіз.

Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» атты мысалын оқу барысында

«Бидайдың басын көтергені-
Дақылының жоқтығы,
Жігіттің кеудесін көтергені-

Ақылының жоқтығы-деген нақыл талқыға түсіп, шағын зерттеу алаңына айналды. Аталған сөздер айналасында жұптық формада оқушылар шынайы өмірмен салыстыра отырып, өзіндік пікірлерді ортаға салды. Мысалдағы әр бидайды адамға теңеп, өзіндік пікір мен сәйкесінше қорытынды жасады. Бұны да шағын «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының зерттеу, проблеманы шешу сияқты тәсілдерін қолданудың бір мысалы деп айтуға болады. Сонымен бірге түрлі кестелер арқылы шығармашылық танытуда осы технологияның негізі. А.Байтұрсыновтың «Егіннің бастары» мысалында төмендегідей тапсырмалар береміз.

Өлеңнен әсер еткен үзіндіні алып, себебін сипаттап жазыңыз.

Оқушы жауабы

Өлеңнен әсер еткен үзінді	**Әсер еткен себебін сипаттап жаз**
Сұқтанба құр сорайған қарасына. Құдайым өзгесіне дән бергенде, Бұл бидай дәнсіз қапты арасында. Бидайлар басы толық иіліп тұр, Дән берген қожасына сыйынып тұр. Басында бұл бидайдың дәні болмай, Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.	Білімді адам кешіпейіл, мейірімді, ақылды болып келеді. Кеудесін нәрге толған адамда ешқашан тәкаппар болмайды. Маған әсер еткен тұсы, тәкаппарлыққа бой алдырып, надан болудан сақтану керектігі.
«Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді, Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді. –Қалпы емес тәккапарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.	Әке мен бала арасындағы қамқорлық, сыйластық, және әкенің баласына бидайды мысалға келтіріп айтқан асыл өнегесі маған әсер етті.

Немесе «Егіннің бастары» мысалын өткен соң шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу тапсырмасы беріледі. Ахмет атаға /авторға/ хат жазыңыз;

Ахмет атаға хат

Сәлеметсіз бе, Ахмет ата!

Мен 5-сыныпта оқимын. Біз әдебиет сабағынан сіздің «Егіннің бастары» шығармаңызбен таныстық.

Маған сіздің шығармаңыз қатты ұнады. Әке мен баланың арасындағы сыйластық, әкенің баласына бидай арқылы айтқан өнегесі мен қатты ойландырды.

Нағыз білімді адам әрдайым кішіпейіл, қамқор келетіні, керісінше, надан адамның тәкаппар келетіні мен үшін өмірлік сабақ болды деп есептеймін.

Сіздің бізге, болашақ ұрпаққа, қалдырған осындай құнды туындыңыз үшін рақмет!

Әдістемелік негіз жасау кезінде Қанипа Омарғалиқызының «Іздендіру сабағы» негізінде жұмыс атқарамыз.

-Іздендіру сабағының сабақтың басқа түрінен ерекшелігі оқушылардың өз бетімен бір өнімге қол жеткізуін, дербес еңбектері арқылы білімді меңгеруіне жағдай туғызады. Ең бастысы, оқушыларды іздендіре отырып, ғылыми жұмыстарға баулиды.

-Өзін-өзі дамыту, оқыту үрдерісі жүреді.

-Сынып алдына проблемалық сұрақтар қойылады, оқушылар проблемалық ситуацияны шешуге жұмылады.

-Проблемалық сұрақтарды үйге беріп, оқушыларды оны шешуде дайындауда тиімді болып келеді.

Яғни, оқушы, өзіне берілген зеттеу тақырыбын ашу барысында іздену жұмысына негіз болатын мәтінмен жіті танысады. Меңгереді. Сан қайталап оқиды. Нәтижеге жетуге талпынады. Оқу сауаттылығы іске асырылады деген сөз. Бұл жерде еріксіз ғалым-ұстаздың :

Ой салу — ұстаз тарапынан,

Ойлану — шәкірт тарапынан,

Ойланту — ұстаз тарапынан,

Бір шешімге келу - оқушы тарапынан -деген сөздері тілге тиек етіледі. Жоғарыда айтылған “Ой тастау, ойланту” технологиясы «Ой тастау, ойланту» технологиясын сөз еткенде ғалым ұстаздың мына бір пікірін ескерусіз қалдырған дұрыс болмас дегім келеді.

«Тоқсан ауыз сөздің,тобықтай түйінін» келтіретім болсам,

Әр сабақта оқушылар белгілі бір мәселені көтеріп, шешімін табуға, сыни көзқарасын танытуға, мәтінмен жұмыс істеп оны талдауға, жазба жұмысына төселдіретін бірден бір өміршең технология.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ферхо С, Байхонова С, Токпатаев У, Құрманова Ж. Аңызға айналған ұстаз.-Өскемен: ТОО «Медиа-Альянс»,2005.130б).

2.Бітібаева Қ.О. Әдебиеті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. -284б

Акатаева Айман Кизатовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«К.Аханов атындағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ - ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

Қазіргі заман талабы, бүгінгі өскелең өмір қарқыны мұғалімдер алдына ерекше маңызды, әрі жауапты талаптар қоюда. Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін – өзі жан –жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі –бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болып отыр.

Ендігі кезекте ойымызды жоғарыда аталған жаңашыл ұстаз тұлғасының келбетін ашатын, бүгінгі күні барлығымызды өмірі мен ерен еңбегінің өнегелі өрнегімен тәнті еткен Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның озық іс –тәжірибесіне арнасақ. Өз кезеңінде одақ көлемінде педагогикалық оқулар, ғылыми –эксперименттік жобалар мен конференцияларда ғылым мен тәжірибені тоғыстырып, үздік нәтижеге қол жеткізген Қ.О.Бітібаеваның жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі қағидалары өміршең өзектілігімен таңғалдырады.

Озат тәжірибенің бірінші белгісі - тәжірибенің қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Жеті модульдың бірі – сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі. Қ.О.Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» - деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейді.

Озық тәжірибенің екінші белгісі- педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері. Педагогикалық өнім –оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының тәрбиелілігінің деңгейі.

Мұғалім сабақтарын дұрыс бағалап, оқушылардың білім сапасын тексеріп, жауап алынатын сұрақтар:

- оқушылардың бағдарламадағы оқыту материалын меңгеруі;
- өз беттерімен білім алуы;
- білімдерін шығармашылық пен тәжірибеде қолдануы;
- оқушылардың жалпы дамуы.

Озық тәжірибенің үшінші белгісі - оқу, тәрбие тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы.

Жаңалық – озат педагогикалық тәжірибенің төртінші белгісі. Ұлттық сөз өнерін оқытуда жаңаша көзқарас пен әрекеттің қажеттілігін, пәндерді интеграциялап оқыту идеясын негіздей отырып, нәтижені функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттауында. Бұл - Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқыту

әдістемесіне әкелген ұлан – ғайыр шығармашылық жаңашылдығы. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер – бұл жеті модульда қарастырылатын білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдері, сонымен қатар Диалог негізінде Оқыту және Оқу және Қалай оқу керектігін үйрету деген атауларға негіз болып, соны кеңінен қарастыратын модуль.

1. Білім беру мен білім алу барысында оқушылардың өзара білім алмасуын, оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыстың негізгі құралы бұл – Диалог екенін меңзейді. Яғни, осы диалог сабақ барысында тиімді қолданылса, оқушылар өздерінің ойларын, көзқарастарын жан-жақты, еркін айтуына, дамуына көмектеседі. Қ.Бітібаева іс-тәжірибесінің ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары еркіндікке жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс-әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Мұндағы мақсат- сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Олар сабақта үнемі ізденіп отыратындар. Сол себепті де сабақта селқос, бос отыратын, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады.

2.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету- оқушылардың да , мұғалімдердің де білім алу және білім беру процесінде кез келген мәселені талқылауды, басқалардың идеяларын ой елегінен өткізіп, сыни тұрғыдан қарау. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру, шешім қабылдамас бұрын саналы оймен қорытындылау дағдыларын дамытуды қарастыратын модульдің 1,3,5,6 түрлері қамтылған. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдердіқабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау- модульдің бұл түрінде – мұғалімдер мен балалар үшін өздерінің қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету өлшемдерін түсіну үшін не керек екенін білуі маңызды (7 44,246 б). Оқушы өзіне қойылатын бағаға келісе ме, оны да біліп отырудың артықтығы жоқ – Кейде оқушыларға өз білімін өзіне бағалатудың маңызы зор. Бұл тәсіл оларды әділдікке тәрбиелейді. Өз –өзіне сын көзбен қарауға баулиды. Онда да оқушы бағаны талдау, түсіндіру арқылы қояды.

4.Сабақ процесіне ақпараттық –коммуникациялық технологияларды енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқу және оқыту үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады.

5.Қазақстанның жан-жақты дамып, көркеюі үшін талантты да қабілетті оқушыларды тауып, оларды білім беру барысында дамыту өте маңызды.

6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру – бұл модуль талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбымен тығыз байланысты, себебі екі модуль де оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты болып отыр.

7.Білім берудегі басқару және көшбасшылық – білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек тұжырымға саяды. Бағдарламаның негізгі идеясын сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады. Әдебиетші мұғалім алдымен көркем сөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, сонда ғана көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Сонда шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

Педагогика ғылымының оның қолданбалы саласындағы мәні – озық педагогикалық тәжірибені тарату және тиімді енгізу жағдайларын зерттеу болып табылады. Озық педагогикалық тәжірибе дегеніміз – қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, оқушылар ұжымының және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыру деген сөз. Озық педагогикалық тәжірибе оқушыларды тәрбиелеу және оқытуда жаңа идеяларын түрлі тұрғыдан қарау және технологиялардың бастауы. Озық тәжірибені зерделеу және қорыту педагогика ғылымын дамытудың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады, өйткені, бұл әдіс өзекті ғылыми мәселелерді табуға мүмкіндік береді, педагогикалық үдерістің заңдылықтарын оқып үйренуге негіз жасайды.

Педагогикалық озық тәжірибенің беретін негізгі мағынасы шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Сондықтан, бірінші кезекте ұстаздық жолын таңдаған білім алушылар осы тәжірибелерді талдап, баға беріп, тарату жолдарын үйренуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту оқыту [23-30]

2.Қ.Бітібаева, Г.Құдайбергенова, М.Мұқашева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы [107] [58]

3.Қ.Бітібаева Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы [194-197]

4.Қ.Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. [15-29

Алдебаева Жания Зиябекқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облысты мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қ.О.Бітібаеваның республикалық атаулы ғылыми-әдістемелік зертхана мүшесі, ЮНЕСКО мүшесі

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ«ОЙ ТАСТАУ,ОЙЛАНТУ,ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әлемдік ойдың данасы, қазақ халқының ұлттық мақтанышы Абайды тану, терең түсіну – адамзат баласының қолы оңай жете бермейтін рухани биіктікке алып барар сара жол. Абай туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс», - деген . Бұл сөз барлық қазақ баласының көкейінде тұруға тиісті қасиетті қағидаға айналуы қажет.

Әлемдік деңгейдегі ақындардың бірі, мәдениет, пәлсапа, музыка, ой дүниесінің алыбы, эстет, гуманист, моралист, ағартушы - демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші - ұстаз Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлемінде ірі құбылыс болды.

Абай қазір еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемде танылып жатыр. Абай аты әлемді шарлады. Қазір жас өскіндерге нағыз Абайды, дана Абайды қайта танытып, қайта қауыштыру мәселесі көтерілуде. «Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп алаш көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, бүгінгі ұрпаққа ұлы ақын Абай шығармашылығын тереңдете оқытудың мәні мен маңызы аса зор.Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған данышпан Әуезов те оның мол мұрасын «тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген. Ал мен,тіпті, қасықпен қалқып алып, ұлы дана мұрасын шәкірттеріме бере алып жүрмін бе? Ұстаз ретінде бұл сұрақтармен үшін маңызы жоғары, келелі мәселе деп ойлаймын.

Әрбір күніміз өзгеріске толы өзгермелі уақытта заман көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, ойлы азамат етіп тәрбиелеу барша ұстаздар қауымының алдындағы жауапты міндет. Бұл атап көрсетілген міндеттерді шешу жолында өз басым қазақ әдістеме ғылымында жаңашыл педагог ретінде танылған, бүгінде «Қазақтың Қанипасы» атанған КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанға Еңбегі сіңген қайраткер, ұлағатты

ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой салу, ойланту, ойлау» технологиясына жүгінемін.

Педагогикалық технология- мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы болса, О.Бітібаеваның «Ой салу, ойланту, ойлау» технологиясының қарапайым қағидасы –ұстаз оқушыға ой салып, ойланта білсе, ал оқушыөз алдына мақсат қойып, ойлана отырып бір шешімге келу арқылы жүзеге асады.Оқушының өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, қызығушылығын, шығармашылық қабілетінін жетілдіруге әрі оқушы –субъекті ретінде жан-жақты дамытуға негізделген.

Мектепте Абай шығармашылығын оқытуды тұңғыш рет арнайы жазып, ақын мұрасын шәкірттерінің жүрегіне бойлатып, рухани нәрін санасына сіңірген әйгілі ұстазҚанипа Омарғалиқызы Бітібаева өзінің көп жылғы ұстаздық еңбегі мен тәжірибесінде саналы ғұмырын Абайды жас өскіндерге жеткізу, сұлулығы мен тереңдігіне үңілту, қауыштыруды, рухани жан дүниелеріне бойлатуды алдына мақсат еткен. Ұстаздың сөзіне жүгінсек: «Абай поэзиясының сұлулығынан бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу – адами да, ұстаздық та борыш», - дейді.

Әдіскер ұстаз Қ.БітібаеваныңАбай шығармашылығын оқытуға арналған 4 еңбегі бар. Белгілі әдіскер ғалым Ә.М.Дайырова «Мектепте Абай шығармашылығын оқытуды арнайы қарастырған әзірге бізге белгілі бірден-бір еңбек – Қ.Бітібаеваның оқу құралдары. Қ.Бітібаеваның бұл зерттеуі оқушыны Абаймен қауышу қуанышына кенелтіп, мұғалімге үлкен көмекке келетін пайдалы да зәру еңбек екендігі сөзсіз», - деп баға берген. Ғалым: «Қ.Бітібаеваның бұл зерттеуі оқушыны Абаймен қауышу қуанышына кенелтіп, мұғалімге үлкен көмекке келетін пайдалы да зәру еңбек екендігі сөзсіз», - деген пікір айтады. Шынында да ұстаз Абай шығармашылығын жаңаша оқытудың өзіндік жүйесін, үлгісін береді.Әсіресе, автордың Абай поэзиясының алтын арқауы – Адам, оған деген махаббат екеніне тоқтала отырып, Толық Адам проблемасы айналасында ізденуді алдыға тартады. Ақын поэзиясындағы баға жетпес үш асыл қазына: Алланы сүю, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю, хақ жолы деп әділетті сүю, яғни осы үш сүю айналасында оқыту керектігін зерттеуінің басты ұстанымы етеді.

Қанипа Омарғалиқызының көлемді де құнды, бүкіл еліміз бойынша барша оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні мамандары арасындағы қолданылып келе жатқан, республика ғалымдары, оқытушылары, мұғалімдері қауымынан қызу қолдау тапқан «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М.Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту», «М.Әуезов мектепте», «М,Әуезовті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» (А,«Мектеп»), «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» (А, «Мектеп»), «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы» (Өскемен, 2002), «Мектепте Абай шығармаларын оқыту» (Өскемен,1994) еңбектері тұлғаның руханилығын байытуда маған және барша ұстаздар қауымына зор көмек болып отырған әдістемелік құралдар.Қанипа

Омарғалиқызының қай еңбегі болсын ұстаздардың бағдар шамындай. Сол себептен болар, ұстаздың еңбектеріне деген сұраныс та ерекше.

«Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» атты әдістемелік кітабында Абайдың поэмаларын, қарасөздерін оқытудың тиімді оңтайлы тәсілдері оқушылардың түсінігіне сай берілгенін көруге болады. Қарасөздерді оқытуда ұстаз мәнерлеп оқу, түсініктемелі оқу, сарамандық жұмыстарды пайдалануды жөн көреді. Ақынның әр қарасөзін оқытуда оқушыларға берілетін білім мазмұнымен таныстырады, оған талдаудың үлгісін кестелер арқылы көрсетеді. Пікірлесу сұрақтары мен оқушылардың білім-білік дағдыларын жетілдіру бағытындағы жұмыстар мен талаптарға көп көңіл бөледі.Абай шығармашылығын оқушыларға жан-жақты тереңдетіп оқытуда әдіскер-ұстаз еңбектерінің ғылыми әрі әдістемелік жағынан маңызы зор. Себебі адамзаттың Абайдай ірі тұлғасының шығармашылығын жасөспірімдерге оқытып меңгертудің жан-жақты жолдарын іздеп, оның түйінді дәнін тауып оқушылардың бойына дарытып, адамдық қасиеттерге баулыған инновациялық технологияның талаптарына сай нағыз гуманистік тұрғыдан жазылған ғылыми әдістемелік еңбек демекпін. Ұстаздық іс-тәжірибемде үнемі күнделікті сабақ жоспарларымдыҚ.О.Бітібаеваның «Ой салу, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде құруды жөн көремін. Төменде Абайдың қарасөздерін оқытудың сабақ жоспарының үлгісін ұсынғым келеді.

Қазақ әдебиеті

10 «б»-сынып

Сабақтың тақырыбы: Абайдың қара сөздері

Сабақтың мақсаты:

1.Абай шығармашылығы мен қара сөздерін оқып, талдау жасату,ақынның қарассөз жазудағы мақсатын түсіндіру, оқушылардың ойын, білімдерін кеңейту.

Қара сөз, ғақлия,афоризм туралы түсінік беру.

2.Оқушыларды өзіндік дербес ізденуге жетелеу,білімді өз бетімен шығармашылық деңгейге жеткізуге көмек беру, өзіндік пікір айтуға,баға беруге икемдеу.

3.Абай шығармашылығындағы тағылымдық тәрбиеден үлгі алуға, оны өмірде қолдана білуге баулу.Ұлы ғұламаның қара сөздері арқылы оқушыны өзін – өзі тәрбиелеуге, адалдыққа, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болуына түрткі жасау.

Сабақтың түрі: Зерттеу жұмысына негізделген іздендіру сабағы

Сабақтың әдіс-тәсілі: Ой салу,ойланту зерттеу, талдау, салыстыру, дәлелдеу,сұрақ –жауап әдісі,интерактивті тақтамен жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: Абай шығармашылығы туралы бейнебаян, ғалымдар пікірі,ақынөміріне ,шығармашылығына, қара сөздеріне арналған слайд.

Құзіреттілікке арналған тапсырмалар,бағалау парағы.

№	Сабақтың кезеңдері	Берілетін білімнің негізгі түйіні	әдіс-тәсілі
1 2	Ұйымдастыру 3мин Мақсаты: Оқушылардың сабаққа толық қатысуын ұйымдастыру,мақсат қою Кіріспе.Сабақтың мақсатымен таныстыру.	Жағымды көңіл-күй туғызу, топтастыру, өз мақсаттарын айқындау Абай кім? (мәнерлеп өлең оқу) «Жидебай ұлылығы» А.Байтұрсыновтың Абай туралы	Байқау, пікірлесу. Психологиялық жаттығу Мұғалімнің іс-әрекеті

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Поэзиялық кідіріс (3мин)
Электронды оқулықпен жұмыс (2мин).
Үй тапсырмасын тексеру 5мин</td>
<td>пікірі
Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адммын оны да ойла...
Бұл жолдардан нені аңғардың?</td>
<td>мәнерлеп өлең оқу
Барлығы тыңдайды

Жеке ,өздік жұмыс, талдау, түсіндіру,</td>
</tr>
<tr>
<td>3</td>
<td>Мақсаты:Сабаққа дайындықтарын,өткен сабақтағы білім мазмұнын қаншалықты</td>
<td>Ақынның өмірі жайлы не айтар едің? Ақынның көңіл-күйі қандай?Өлең жолдарынын өзің қандай әсер алдың?</td>
<td>ауызша пікір айту,қорғау жұмысы Мұғалім бағасы,ассистент</td>
</tr>
<tr>
<td>4</td>
<td>меңгергендіктерін қадағалау.
Үй тапсырмасын қорытындылау, бекіту 2мин</td>
<td>Сіз үшін Абай жұмбақ адам ба?</td>
<td>балалардың көмегі, өзін-өзі бағалау, бағалау</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Мақсаты:Берілген тапсырмалардың орындалуын бағалау.
Жаңа сабақ</td>
<td>Ойланту ,іздендіру тапсырмаларын орындау
«Ақын және оның заманы» хабарлама әзірлеу.</td>
<td>Оқушылар жатқа оқиды.
Ізденеді, ойланады,</td>
</tr>
<tr>
<td>5</td>
<td>Мақсаты:Абайдың бірінші қара сөзін өз бетімен оқып, түсіну ,шығармашылық жұмыс жүргізу,ізденіске дағдылану, ойын дәлелдеу.
Түсінік</td>
<td>Оқушыларға алдын ала берілген тапсырма:
Абайдың бірінші қара сөзін оқу
1.Қалай ойлайсыңдар, ақынның қара сөз жазудағы мақсаты не?
2.Ақынды қара сөз жазуға қандай жағдайлар итермеледі?</td>
<td>табады.
сұрақ-жауап, түсіндіру, дәлелдеу</td>
</tr>
<tr>
<td>6</td>
<td>Мақсаты:Оқыған қара сөздерінің мағынасын түсіну немесе оқығанын өз ойымен, өмірмен байланыстыра талдау, әрі қарай ой өрбіту
Қолдану</td>
<td>Іздендіру бағытындағы тапсырма
<table><tr><td>Ақын мақсаты</td><td>Менің мақсатым</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>жеке жұмыс, жұптық жұмыс
топтық жұмыс</td>
</tr>
<tr>
<td>7</td>
<td>Мақсаты:Материалды терең түрде меңгеру, теорияны қолдану
Талдау(Анализ)</td>
<td>5,11,18,6,8,33,17,19,37,34,37 қара сөздердің мәтіндерін тарату, оқулық, қосымша кітаптардан қарастыру,оқу,түсіну, талдау.</td>
<td>Анықтау, түсіну,болжам</td>
</tr>
<tr>
<td>8</td>
<td>Мақсаты:Материалды құрылымына қарай топтау,анықтау,дәлелдеу</td>
<td>Іздендіру жұмысының жоспары
Мақсаты-зерттеу тақырыбына жауап іздеу</td>
<td>жасау, пікір айту,дәлелдеу.</td>
</tr>
<tr>
<td>9</td>
<td>Жинақтау(Синтез)</td>
<td>1.Ақынның қара сөздерін тақырып бойынша топтап,жүйелеңдер.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>10</td>
<td>Мақсаты:Жаңа дүние жасау
Бағалау. Рефлекция (түйін)</td>
<td>2.Қара сөздерінде қандай мәселелер көтерілген?.</td>
<td>іздестіру, қару,табу</td>
</tr>
<tr>
<td>11</td>
<td>Мақсаты:Іздендіру -зерттеу жұмысының нәтижесіне баға беру
Берілген білімді бекіту қорытындылау, жүйелеу,жинақтау</td>
<td>Қарасөз, ғақлия, афоризм сөздеріне теория тұрғысынан талдау ,түсінік беру.
1.Ақынның қара сөздері мен өлеңдерін салыстыру мағынасына қарай анықтап,дәлелдеңдер</td>
<td>Саралау, салыстыру, дәлелдеу,сараптау үндестіктерін табу

жазу, ұсыну,өзгерту, өзгеріс енгізу</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Мақсаты:Берілген білімді қай дәрежеде қабылдағынын пайымдау</td>
<td></td>
<td>өзіндік пікір, көзқарасын білдіру.</td>
</tr>
<tr>
<td>12</td>
<td>Үй тапсырмасын белгілеу
Мақсаты:Шығармашылық ізденістерін дамыту</td>
<td><table><tr><td>Қара сөз</td><td>Өлеңнің аты</td><td>Үндестігі</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>
2.Ақын қара сөздеріндегі афоризмдерді, өсиет</td>
<td>Ауызша дәлелдеулер жасау
Шығармашылық қа негізделген жазбаша жұмыстар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Оқушы білімін бағалау</td>
<td>сөздерді теру
<table>
<tr><td>Қара сөз</td><td>Афоризм, нақыл сөздер</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Абайдың толық адам бейнесін жасау (Мүмкіндік болғанда)
Жоба қорғау
1.Абай және Мен (жоба)
2. «Адастырмас қазығым» (өсиет-хат)
3.Дүниеге кірпіш болып қалансам...(сыр толғау)
4.Абайдың қара сөздерінің тәлім-тәрбиелік сипаты (ойтолғау)
Талдау жасау
«Абайдың қара сөздерінің маңызы неде? Абайды тағы қандай қырынан таныдың?
Жобаны аяқтау.
Бағалау парағын толтыру, жинап алу, бағалау</td>
<td>жеке жұмыс
Өз пікірлерін ортаға салу,қорғау, дәлелдеу.</td>
</tr>
</table>

Абайдың қарасөздері

(карточка- көмек)

1.Қарасөз жанры. Абайдың қарасөздері — көркем әңгіме емес, философиялық ойлар екеніне көңіл бөл.

2.Абай қарасөздерінің сөйлемдегіқысқа, бірақ ойы, мағынасы терең екеніне назар аудар (оқулықтағы Абай сөздерінен берілген үзіндіге қара).

3.Жетінші, он тоғызыншы, отыз бірінші сөздерінің негізгі тақырыбыілім-білім екеніне назар аудар. Әсіресе, он тоғызыншы сөзінде адам баласына білімді болудың жолдарын көрсетуіне (еске ұстаудың төрттүрлі жолдары) көңіл бөл.

4.Алтыншы, сегізінші, он бірінші сөздерінде надандық, мақтаншақтық мінездері шенейтініне назар аудар (әсіресе, қазақтың кейбірмақалдарын орынды сынауы).

5.Он бірінші, он сегізінші, отыз үшінші сөзінде адал еңбекті сөз ететінінеске ұста.

6.Жиырма бірінші сөзіндегі "орыстың тілі — дүниенің кілті" дегеннақылға айналып кеткен сөзіне үңіл.

7.Қырық бірінші сөзінде ақынның елдегі кемшілікті жою туралы өз ұсынысын айта отырып, жол таба алмай қиналуына көңіл бөл.

1.Бесінші, жиырма тоғызыншы сөзінде мақал-мәтелдерді сынауына назар аудар. Абайдың өзі жазған мақал-мәтелдерді жаттап ал (мысалы,"Еңбек етсең, ерінбей, тояды карның тіленбей"."Әкесінің баласы адамның дұшпаны, адамның баласы-бауырың", т.б.)-

2.Абайдың карасөздерінің ғибраттык маңызына үңіл.

А.Құнанбаев. Қарасөздері
Тапсырмалар үлгісі:
Ітоп
Абай 49-кесте

Абай қара сөздерінен нақтылы мысалдар келтіре отырып, оның гуманистік, демократтық, ағартушылық көзқарасын дәлелде. Ол көзқарастардың бүгінгі қоғамға

Қарасөздері	Мақал-мәтелдер	Абай сыны	Өз пікірім II топ

сәйкестігіне назар аудар. (Пікір – дәлелдеме) Қосымша материал: М.Әуезов. «А.Құнанбаев» (144-456 – беттер).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 232 б.
2.Дайырова Ә.М. Абай тағлымы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 1995.
3.Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармашылығын оқыту. – Өскемен: Полиграфия, 1994
4.Картаева А. Абай шығармашылығын Қ.Бітібаеваның оқыту технологиясы. “Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы” атты халықар. ғыл-тәж. конф. матер. Алматы, 2005. Б. 113-116.

Ауғанбаева Бақытгүл Омарғалиқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы орта мектеп гимназия-интернаты» КММ директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Қ.БІТІБАЕВА АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЗЕРТХАНА ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ

XXI ғасыр – ғылым-білімнің, ақпараттың дамыған ғасыры. Қазіргі таңда еліміздің экономикасымен қоса, білім-ғылымның дамуына да аса назар аударылып отыр. Егеменді елдің ертеңі ретінде жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру де – бүгінгі күннің басты талабы. Осынау сауатты да білімді, рухани таза ұрпақты тәрбиелеудің негізгі құралы – әдебиет пәні.Ол туралы әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы: «Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі баийды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді»,-деп айтқандай әдебиетті пән ретінде ғана қарамай, адамдықтың құралы, тәрбиенің құралы ретінде қарауымыз керек [1, 9].

Мектепте әдебиет пәнін оқытудың теориясы мен әдіс-тәсілдері, технологиясы жайында біршама еңбектер, Абайды оқыту туралы екі кітап, Әуезовті оқыту туралы үш кітап жазған Қанипа Омарғалиқызы - «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері. Н.К. Крупская медалінің иегері, Қаз.ССР Ағарту ісінің үздігі, СССР Ағарту ісінің үздігі Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, АҚШ-тағы Аризона Штаты, Тусон қаласының, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы.

Ұстаздың педагогикалық еңбек жолындағы ұстаздық келбеті, тынымсыз еңбек жолы мен ғылыми еңбектері – сарқылмас қазынадай. Қанипа Бітібаева– еңбектерінде қазіргі нәтижеге бағытталған білім беру кезеңінде әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесі, технологиясын ғылыми тұрғыда жазған ғалым ұстаз. Көзі тірі кезінде республикалық ғылыми-әдістемелік өз атындағы атаулы мектебін ашып, жетекшісі болды.

Қ.О.Бітібаеваның республикалық ғылыми-әдістемелік зертханасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы, Облыс әкімінің қолдауымен, ББЖ КБАРИ-дың 20.08.2009 №32 бұйрығымен ашылды. Ол институттың мекемесі, Республика көлеміндегі ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, тәжірибелік орталық, алаң болып табылады. Зертхананы ашуға негіз болған Қанипа Омарғалиқызының қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясын жетілдіруге қосқан ерен еңбегі мен жаңашыл ізденістері, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары, оқулықтары, кітаптары, мақалалары, оқу кабинетінде жинақталған аса қомақты әрі құнды өз тәжірибесінен туындаған сан мыңдаған дидактикалық материалдары, көрнекіліктері, ауыз әдебиетінен бастап, қазіргі кезең әдебиетін оқытудың авторлық бағдарламасы мен оны оқытудың әдістемесі, қазақ тілі мен әдебиетінің әр тақырыбы бойынша жазылған (5-11 сынып) сабақ жоспарлары, оқу жабдықтары. Сондай-ақ, Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін тереңдете әрі оны әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту айналасындағы ұзақ жылдардағы зерттеулері мен тәжірибесі атаулы зертхананың құрылуына негіз болып табылды. Бұл жөнінде ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің Облыс әкімі Б.М.Сапарбаевқа жазған хатында: «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қанипа Бітібаеваның еліміздің мектептік білім беру жүйесіне қосқан өлшеусіз еңбегін жоғары бағалайды»,-делінген.

Ұстаздың ғылыми-әдістемелік зертханасы бүгінгі таңда республика педагогтеріне, соның ішінде облыстағы біліктілікті арттыру институтына келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мамандарына әдістемелік тұрғыда теңдесі жоқ көмек көрсетуде.

Атаулы зертхананың негізгі мақсаты мен міндеттері төмендегідей:

Дәстүрлі оқытуда жинақталған тиімді әдіс-тәсілдерді, тәжірибелерді зерделей отырып, оны қазіргі таңдағы білім берудің жаңа парадигмасының талаптары, нәтижеге бағытталған білім беру үдерісі, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсаты алдында тұрған кезеңде оны жаңарта, жаңғырта пайдаланудың өнімді жолдарынан

ізденіп, тәжірибеден өткізе отырып, тиімділігін сараптау. Ұстаз тәжірибесін, зертханадағы ізденіс жұмыстарын республикалық деңгейге көтеру, тәжірибе алмасу.

Зертхананың тағы бір келелі мақсаты мұғалімдердің іс-әрекетін репродуктивтік деңгейден зерттеуші – мұғалім, экспериментатор мұғалім деңгейіне көтеру жолдарынан ізденуге бағытталады.

-Бәсекеге қабілетті, жан-жақты рухани дамыған, құзырлы оқушы тұлғасын қалыптастыру жолдарынан ізденеді;

-Зертхана оқушыны да, мұғалімді де ғылыми-ізденіс зерттеушілік іс-әрекет аймағына енгізу мәселесінде нақты көмек жасауға еңбектенеді;

-Мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеп, диагностикалық талдау жасап, жаңашыл идеялар, жаңашыл ізденістерді қолдап, олардың тәжірибесін тарату ісімен айналысады.

Қ.О.Бітібаеваның республикалық ғылыми-әдістемелік зертханасының тұжырымдық негізі:

- Атаулы зертхана - даму үдерісіндегі “инновациялық сынақ аймағы”;
- Атаулы зертхана – шығармашылыққа бағытталған еркіндік бастауы;
- Интеллектуалдық дамуы басқаның білімін қабылдау емес, өз еншілігіне тиесілі іс- тәжірибесін жаңа заман сұранысына сай өңдеу;
- Өз мүмкіндігіне сай “Мен ” менталитетін қалыптастыру;
- Оқушы мен мұғалім арасындағы субъектілік қарым-қатынасты әр оқушының мүмкіндігіне сәйкестендіру;
- «Оқушы- педагог-ата-ана», «педагог –ата-ана - педагог», «оқушы – педагог- әкімшілік» арасындағы тікелей қатынасқа сай өз ісіне деген жауапкершілікті арттыру;
- Оқушылар арасындағы өзара және мұғалім мен оқушылар арасындағы сыйластық, сенімділік, субъектілік қарым-қатынастарды орнату.

Зертхана педагогикасы

Атаулы зертхана мүшелерінің инновациялық үрдістегі ара- қатынасы бірлестік педагогикасына негізделеді. Бірлестік педагогикасы – бұл атаулы зертхана мүшелерінің бірлескен еңбегі, инновациялық үрдістегі тұтас өзін- өзі басқаруы.

Атаулы зертхананың білім беру мазмұны: білім берудің таңдамалы, баламалы сипаты педагогтардың, оқушылардың өз мүмкіндігінше дамуын, оқушы және мектеп, табиғи орта арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Мұны атаулы мектептің ізденіс жолынан анық көруге болады.

ЗЕРТХАНАНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Шығармашылық зертхана нәтижесі тек үрдістің ғана емес, сол сияқты іс-тәжірибенің де қозғалысын көрсетеді. Зертхана негізінде жинақталған іс – тәжірибенің топтық сипат алуына байланысты, ол тек жеке Қ.О.Бітібаеваның алдыңғы қатарлы іс-тәжірибесі болып қала алмайтындығын, оның объективті жағы Ю.К. Бабанский атап көрсеткендей, новаторлық немесе зерттеушілік сатысына көтерілетіндігін аңғару қиын емес.

Егер, зертхана мектеп іс-тәжірибесін озық іс-тәжірибе деңгейінде қарастыратын болсақ, онда шығармашылық зертхананың іс-тәжірибесі толық бағаланбаған болар еді. Мысалы. Қ.О.Бітібаеваның іс-тәжірибесінің мазмұны – оқу-тәрбие, басқару үрдістерін қамтып іс-тәжірибенің кеңдігі «мұғалім –әдіскер – оқушы - ата-ана» арасындағы байланысты жан- жақты қамтып жатқандығын көрсетеді. Сондықтан да атаулы мектеп іс- тәжірибесін “пайда болу”, “жасау”, “іске асыру” әрекеттерімен сипатталатын инновациялық қызмет нұсқасындағы ойды таразылай отырып, шартты түрде инновациялық тәжірибе деп атаймыз.

Атаулы зертхана серіктестіктері: Шәкәрім атындағы Семей ПИ, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, ҚАЕУ, Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ, Абай атындағы ШҚГК т.б

Зертхана филиалдары:Өскемен қаласы № 3 мектеп-гимназия,Глубокое ауданы О. Бөкей атындағы орта мектеп, Тарбағатай ауданы Абай атындағы орта мектеп, Тарбағатай ауданы Ақсуат аулындағы №2 орта мектеп, Астана қаласы мектептерінің №64 лицейіне шоғырландырылған атаулы зертхана бөлімшесі, Риддер қаласы «Шаңырақ» орта мектебі, Көкпекті ауданы Көкпекті орта мектебі, Семей қаласы № 37 гимназия, Зырян ауданы № 1 орта мектептері зертханамен тығыз байланыста. Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасының басшысы бастауымен зертхана жұмыстары жандануда.

Сонымен қатар, жыл сайын дәстүрлі түрде Қ.Омарғалиқызының туған күніне орай өткізілетін «Қанипа күні» апталығына мектеп ұжымымен қатар, зертхана филиалдары да қатысады. Филиалдар арасында қашықтықтан өтетін сайыс төмендегі номинациялар бойынша: «Қалдырған ізің мәңгілік» оқушылар шығармашылығы, «Менің үздік сабақтарым» ұстаздардың сабақтары, «Тұлғаңмен дара, биіксің...» бейнеролик, презентациялар сайысы ұйымдастырылып келеді. Ұлағатты ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның дүниеден өткенінен кейін атқарылған игі істер мен бастамалардың тоғысқан арнасы –«Тұлғасы биік жанның аты да аңыз» естелік жазбалары болмақ. Ұстаз өмірден өткен соң, екінші өмірі «Қанипатану әлемі» басталды. Ұстаздың әдістеме саласындағы мол мұрасын қорғау, сақтау үшін мұрагерлік құқық алынып, арнайы мөрі жасалынды. Республикамызда ұстазға арналған тұңғыш оқу-әдістемелік педагогикалық мұражай-кабинеті ашылды. Ұстаздың инновациялық, педагогикалық тәжірибесін тарату мақсатында облыс, республика көлемінде он-лайн сабақтар өткізіліп келеді. Онлайн сабақтар мен веб-семинарларға облыс, республика көлемінде Қ.О.Бітібаеваның атаулы 16 зертхана филиалдары және 3 қауымдастық орталықтары онлайн желісіне қосылып, тәжірибе алмасады. Ұстаз атындағы тұңғыш педагогикалық мұражай-кабинеті республикада өткен инновациялық – педагогикалық идеялар фестивалінде жүлделі 3 орынды

иеленді.Қазіргі заман талабына сай ұстаздың виртуалды мұражайы http://oskemenzhambul.kz/, инста-парақша @qanipa_bitibaeva, Youtube парақшалары ашылды.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде, Абай атындағы Гуманитарлық колледжінде, Нұр-Сұлтан қаласындағы №64 мектепте Қ.Бітібаева атындағы оқу-әдістемелік кабинеттер ашылып, ұстаз тәжірибесін жүзеге асыруда.

Облыстық, республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Ұстаздың көзі тірісінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізіліп тұратын олимпиада Оқу – ағарту министрлігінің тізбесіне енгізілді. Олимпиаданың әнұраны жазылды.

Ұстаз атындағы республикалық зертхана Халықаралық ЮНЕСКО клубының атағын алды. Алматы қаласында «Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік ғылыми-инновациялық академиясы Абай Шүйіншәлі Серікұлының ұйымдастыруымен Қанипа Бітібаеваның атына тұңғыш төсбелгі тағайындалды, орталығы ашылды, кітаптары шығарылуда.

Бүгінгі таңда ШҚО білім басқармасының «Шығыс Қазақстан өңірлік білімдегі жаңа технологиялар орталығы» КММ директоры С.Н.Коваленконың қолдауымен 3D форматындағы «Қанипа әлемі» журналы жарыққа шықты. «Мұғалім» атты республикалық ғылыми-әдістемелік журналдың №3 саны тұңғыш рет толығымен ұстаз өміріне, іс-тәжірибесіне арналды. Қазіргі таңда жылына 4 рет баспаға шығатын «Инноватор» атты ғылыми-әдістемелік журнал жарық көруде. Абай атындағы Гуманитарлық колледждің ұйымдастыруымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, олипмиада және «Шығыс» өңірлік орталығының ұйымдастыруымен «Бітібаева оқулары» дәстүрлі түрде өтіп тұрады. ШҚО Білім басқармасының бұрынғы басшысы С.А.Жұмаділованың қолдауымен Қ.О.Бітібаеваның өшпес педагогикалық мұрасын республика көлемінде тарату мақсатында типография беріліп отыр.Ұстаз есімін ұлықтау мақсатында жазылған «Қанипатану» авторлық бағдарламасы республикалық сайыста II дәрежелі дипломмен марапатталып, «Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы тарих, орыс тілі сабағында» тақырыбында жазылған бағдарламалар республикада 1 орынды иеленді.

Ұстаздың инновациялық тәжірибесін тарату мақсатында облыс, республика көлемінде ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылып, онлайн сабақтар өткізіліп келеді. Оқушылардың ғылыми зерттеушілік қабілетін дамыту барысында дәстүрлі түрде «Қанипа күні» апталығы өтіп тұрады. Ұстаз мұрасын ұлықтауда Абай атындағы гуманитарлық колледждің студентіне сіңілісі Аханова Бақытжан Омарғалиқызы Ұстаздың атына жыл сайынғы шәкіртақы тағайындады. Сонымен қатар Қанипа Бітібаеваның туғанына 75 жыл толуына орай «Ұстаздарға ұстаз болған асыл жан» атты республикалық апталық өтті. Қашықтықтан ұйымдастырылған апталықтың өтуіне ШҚО Білім басқармасының басшысы Сайрангүл Жұмаділова үлкен қолдау көрсетті. Осы 2020 жылы Қанипа Бітібаеваның атына ШҚМУ оқытушыларымен он-лайн желісінде республикалық ғылыми практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға республиканың түкпір-түкпірінен: көрнекті ғалымдар, әріптестері, шәкірттері, Қ.Бітібаева атындағы республикалық

ғылыми-әдістемелік зертхана мұғалімдері қатысты. Сонымен қатар «Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен өтетін республикалық олимпиаданың жеңімпазына екінші жылы оқу гранты тағайындалып отыр. Грантты С.Аманжолов атындағы ШҚУ ректоры, профессор Мұхтар Төлеген тағайындады. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Ұстазға құрмет көрсету – ұлтқа құрмет көрсету деп білеміз. Ұстаздық жолда жанкешті еңбек еткен, дарынды балалар мен мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, соңынан ізбасар ұстаздар ерткен, олардың болашағына жарқын жол салған Қанипа Бітібаеваның есімі алтын әріппен мәңгілік есте қалады. Ұстаз есімін ұлықтау – ана тілімізге деген құрмет, әдебиетке деген қамқорлық, ұстазға деген ілтипат деп білеміз.

Бұл – зертхана филиалдарының бүгінгі таңдағы жұмыс нәтижесінің көрінісі.

Қанипа Омарғалиқызының еңбектерінің қазіргі педагогикада алатын орны ерекше. Сондықтан да республикамызда тұңғыш ұстаздың оқу-әдістемелік педагогикалық мұражайы ашылды. Мұражайда ұстаздың суреттері мен марапаттары, өз қолтаңбасымен жазылған еңбектері, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер, тұтынған заттар т.б жинақталған. Ұстазды зерттеймін, ұлықтаймын, танимын деуші жас ізденушілер, жас мамандар үшін бірден-бір көмек. Мұражайға еліміздің белді, беделді адамдары мен қала мектептерінің оқушылары көптеп келуде. Алдағы жоспарымызда Қанипа Омарғалиқызының педагогикалық мұрасын, мұражай жәдігерлерін облыс, республика көлемінде он-лайн сабақтар түрінде таратып, «жылжымалы керуен» сабақтарын жүргізу көзделіп отыр. Сонымен қатар зертхана жұмысын жандандыру, ғылымиландыру мақсатында 4 орталық ашылды. Алматы қаласында өткен «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық сайыста II дәрежелі дипломмен марапатталды. Сайысқа республикамыздың түкпір-түкпірінен 600-дей жұмыс жіберіліп, соның 309 іріктеуге өткен. Осындай еліміздің әр түкпірінен қатысқан жүлдегерлердің ішінен жүлделі орын алған Меруерт Қозықанқызының жеңісі мақтанарлықтай. Ол республика жұртшылығының алдында өзінің ұстазы, «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қанипа Омарғалиқызының өмірі, еңбек жолы, педагогикалық мұрасы туралы жазылған «Қанипатану» авторлық бағдарламасын қорғады. Авторлық бағдарламаның ғылыми жетекшісі, Қанипа Омарғалиқызының шәкірті, филология ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры – Картаева Айжан Маратбекқызы.

Ғылыми әдістемелік-зертхана – инновациялық тәжірибе орталығы. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ұстаздың «Ой салу, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы ой салып, шығармашылыққа жетелеу – біздің басты мақсатымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Бітібаеваның ғылыми -әдістемелік зертхана материалдары.

2. Қ.Бітібаева еңбектеріндегі сындарлы оқыту технологиясының көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - №3 (118).

3.Қанипа Бітібаева – ұстаздық шеберліктің шыңын бағындырған ұлы тұлға // «Бітібаева оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Өскемен, 2018.

Байсаринова Раушан Алтыбаевна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы «Дарынды балаларға
арналған Жамбыл атындағы
орта мектеп гимназия-
интернаты» КММ мұғалімі

ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ МЕТОДИКИ К.О. БИТИБАЕВОЙ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» В ПРЕПОДАВАНИЕ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ

В центре современного казахстанского образования стоит развитие учебных компетенций и функциональной грамотности учащихся. В результате обучения выпускник не только должен приобрести определенные компетенции, но и тать духовно развитой личностью, которая знает и чтит свои национальные традиции и ценности.

Актуальным в современной педагогической науке становятся инновационные педагогические технологии, целью которых становится развитие конкурентноспособного человека, способного адекватно реагировать на меняющиеся условия нашей жизни, вести коммуникацию в зависимости от ситуации общения, быть специалистом в выбранной области. Л.Зенков отмечал, что одним из первых шагов к повышению качества образования становится использование на занятиях инновационных методов и приемов.

Современное образование характеризуется большим количеством технологий обучения, что, на наш взгляд, обусловлено тенденцией расширения мирового информационного и образовательного пространств. Роль учителя в современной школе – это роль эдвайзера, коучера, организатора, наставника, координатора. Задача учителя усложняется тем, что испытанные (традиционные) технологии обучения, во-первых, не дают компетентностного развития учащихся, роль учителя как доминирующего субъекта обучения не позволяет развить творческую способность учащихся; во-вторых, теряют аспект новизны для учащихся, становятся рутинными.

В казахстанской школе наряду с другими инновационными технологиями используется инновационная методика К.О. Битибаевой, способствующая развитию исследовательских навыков учащихся. Отметим, что данная технология разрабатывалась для уроков казахского языка и литературы в школах с казахским языком обучения, но, на наш взгляд, может быть использована и для преподавания русского языка и литературы в русских и казахских школах.

Технология К.О. Битибаевой способна ответить на вопросы: «Чему учить?», «Зачем учить?», «Как учить?». С позиции исследовательской деятельности технология К.О. Битибаевой способна выявить и развить одаренность учащихся, их любознательность, познавательные, интеллектуальные и духовные качества.

Методика К.О. Битибаевой способствует всестороннему развитию личности учащихся, обладающей высоким уровнем творческих способностей.

Уникальность инновационной технологии К.О. Битибаевой заключается в том, что она соответствует принципам обновленного содержания образования, опирается на самостоятельную, творческую, активную деятельность учащихся, способствует развитию аналитических и исследовательских компетенций учащихся. Типы уроков языка и литературы, предложенные К.О. Битибаевой, позволяют совершенствовать компетенции учащихся в области языковых единиц, владения теоретико-литературными понятиями; развивают навык анализа художественного текста, определения рода и жанра литературного произведения; характеризовать изобразительно-выразительные средства литературного и поэтического языка; формулировать идею и проблематику произведения; развивают умения оценивать произведение с позиции литературоведческого знания и собственного опыта, выявлять авторскую позицию.

К.О. Битибаева писала: «Литература – словесное искусство. Предмет литературы – это тоже предмет искусства. Великие мыслители литературу называют «инструментом человекопознания», я бы назвала предмет литературы «инструментом человеческого воспитания» [1, с. 11]. Уроки языка и литературы должны вдохновлять учащихся, расширять их кругозор, способствовать их включению в мировое культурное пространство. Именно поэтому они должны проходить как шоу, как театральное представление, где главными актерами становятся учащиеся. Согласно технологии «Ой тастау, ойланту, ойлау» учащийся должен прийти на занятие с мыслями, а уйти с раздумьями. Если по окончании урока у учащегося нет раздумий, значит урок был пустой, непродуктивный. В технологии К.О. Битибаевой ученик выполняет роль читателя, обладающим своим собственным мнением. Поэтому на уроках языка и литературы необходимо учитывать в обязательном порядке личное мнение учащегося.

Технология «Ой тастау, ойланту, ойлау» направлена на развитие критического мышления учащихся, исследовательских компетенций, формирует личность учащегося, способного к организации научной поисковой деятельности.

Технология К.О. Битибаевой гармонично взаимодействует с обновленной системой преподавания языка и литературы. Приведем несколько примеров.

При изучении романа в стихах «Евгений Онегин» А.С. Пушкина мы проводим урок-диспут, ключевой вопрос которого «Можно ли назвать Татьяну счастливой женщиной?».

В основе диспута лежат следующие строки из произведения:

А счастье было так возможно,
Так близко!.. Но судьба моя
Уж решена. Неосторожно,
Быть может, поступила я:
Меня с слезами заклинаний
Молила мать; для бедной Тани
Все были жребии равны…
Я вышла замуж. Вы должны,

Я вас прошу, меня оставить;
Я знаю: в вашем сердце есть
И гордость и прямая честь.
Я вас люблю (к чему лукавить?),
Но я другому отдана;
Я буду век ему верна.

Данный фрагмент раскрывает образ Татьяны, в нем описываются ее действия после расставания с Евгением. Параллельно с работой над ключевым вопросом диспута учащиеся анализируют портретную и психологическую характеристику Татьяны.

Подобный вид работы способствует развитию литературоведческих компетенций (находить эпитеты, сравнения, тему, идею произведения / фрагмента, анализировать персонажей и т.п.), коммуникативных компетенций (участники диспута доказывают свою точку зрения с опорой на знание текста и собственный жизненный опыт), повышает исследовательскую активность учащихся при работе с текстом художественного произведения.

Использование проблемного анализа способствует умению разработки учащимися конкретных проблемных вопросов. «Проблемный анализ играет важную роль в расширении знаний учащихся, совершенствовании мыслительной деятельности и открывает широкие возможности для самостоятельного исследования» [2, с. 53]. Отметим, что при анализе произведений учащимся необходимо задавать проблемные вопросы, отвечая на которые они не только покажут фактическое знание текста, но и смогут рассуждать на заданную тему. Сопоставим вопросы при изучении «Евгения Онегина»:

1. Простые вопросы (например, Как Татьяна выражает свои чувства? Правильно ли поступила Татьяна, отказывая Онегину? Почему Онегин убил Ленского? и др.) формируют умение находить в тексте ответы, способствуют развитию поискового навыка, умению работать с текстом. Задавая простые вопросы, учитель формирует у учащихся уровни знание, понимание и применение по таксономии Б. Блума.

2. Проблемные вопросы (Можно ли назвать Татьяну «жертвой» любви? На ваш взгляд, совершил ли Онегин преступление, убив Ленского? и др.) развивают критическое мышление, формируют у учащихся уровни анализ, синтез и оценка по таксономии Б. Блума.

Таким образом, применяя инновационную технологию К.О. Битибаевой «Ой тастау, ойланту, ойлау» на уроках литературы, учитель позволяет учащимся глебже понять смысл произведения, определять его нравственную направленность, оценивать поступки героев как с позиции времени написания произведения, та и с позиции современной эпохи.

Актуальная технология «Ой тастау, ойланту, ойлау» и для разработки уроков русского языка: лексический и грамматический материал позволяет давать учащимся опережающие задания, создавать небольшие устные зарисовки (например, по теме «Путешествие» создать видеоролик на 1 минуту с обязательным говорением), готовить презентации, словарные диктанты, вопросы для повторения.

Все эти виды работ помогут развить самостоятельность учащихся, повысить их творческую и исследовательскую деятельность.

В своей работе учителем русского языка и литературы в казахской школе я использую технологию К.О. Битибаевой «Ой тастау, ойланту, ойлау» при изучении темы «Родина» в творчестве русских писателей. Основной метод – исследовательский: учащиеся 8 – 11 классов готовят индивидуальные проекты по реализации темы «Родина» в произведениях Ф.И. Тютчева, Н.А. Некрасова, А.С. Пушкина и др. В 2021 – 2022 учебном году исследовательский проект Сансызбаева Бауыржана на тему «Художественное созвучие С. Сейфуллина и С. Есенина», выполненный под моим руководством, занял 1 место на Международном конкурсе научно-исследовательских работ «Актуальные проблемы науки и техники».

При изучении языка и литературы оптимально использовать прием «Составление модели» на заданную тему, например: «Наука XXI века», «Человек труда», «Природа у С. Есенина и С. Сейфуллина» и др.

Обязательной составляющей технологии «Ой тастау, ойланту, ойлау» становится включение в урок исследовательской работы. Например, можно использовать разговор на размышление («Вы читали А. Сент-Экзюпери «Маленький принц»?»), восстановление сюжетной линии («Я исследователь…» что произошло в романе А. Беляева «Человек амфибия»), заполнение таблицы «Анализ художественного текста» и др.

Важным этапом любой работы становится оценивание. К.О. Битибаева поясняет: «Оценка дается методом объяснительного анализа. Особенно это реализуется в устном анализе знаний ребенка. При оценке методом анализа следует также считаться с мнением учащихся. Согласится ли ученик с оценкой, которую он себе выставляет, тоже имеет смысл знать. Учащимся важно оценить свои знания – самооценка. Такой подход воспитывает их к справедливости. Критически рассматривать себя в своей жизни. Сам же ученик выставляет оценки путем анализа, интерпретации. Если учащийся не согласен со своей оценкой, ему следует дать шанс, на переподготовку» [3.с.214-215]. Оценка – это не только показатель знаний ученика, но и показатель работы учителя.

Итак, предлагаемые формы, методы и приемы организации деятельности учащихся по технологии К.О. Битибаевой «Ой тастау, ойланту, ойлау» могут быть использованы в преподавании не только русского языка и литературы, но и других предметов гуманитарного цикла, могут быть интересны при организации кружковой и внеклассной деятельности.

Технология К.О. Битибаевой активно используется мной и моими коллегами при планировании учебного процесса. Мы убедились в том, что технология К.Битибаевой «Ой тастау, ойланту, ойлау», способствует развитию творческих способностей, ведущая молодое поколение к исследовательским работам и компетентности.

Список литературы:

1. Битибаева К.О. Методика преподавания литературы. –Алматы: Рауан, 1977.
2. Битибаева К.О. Инновационная технология преподавания литературы.

3. Битибаева К.О Углубленное изучение литературы. – УстьКаменогорск
4. Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология научного исследования.

Ахметкалиева Бакыт Асылгазиновна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Самар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ж.Болғанбаев атындағы Самар орта мектеп
лицейі» КММ мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі таңда өзекті болып отырған –жас ұрпақтың саналы білім алуы. Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасақ біге сын. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде болып жатқан іргелі-іргелі өзгерістер мен қайта жаңғырулар оның білім мен тәрбие беру жүйесіне де түбірлі өзгерістер мен мақсаттар әкелді. «Технология» грек сөзі. Техно-өнерпаздық, шеберлік. Logos-ілім деген мағынаны білдіреді. [5.4]

Технология →
- Көздеген нәтижесін орындалу кепілі
- Нақтылы мақсатқа негізделген болашақ оқу үдерісінің жобасы
- Сатыланған және тәртіптелген іс-әрекет жүйесі
- Мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы
- Жоспарланған түпкі нәтижеге жетудің кепілдік берерліктей іс-әрекет жиынтығы
- Білім беру стандартының негізгі талаптарына жетудуің нақты жолы

Дәстүрлі оқытуды ізгілендіруге, жеке тұлғаның еркіндігі мен таңдауы, қалауына жол ашады. Дәстүрлі оқытуда мұғалім-оқушы, яғни алдыңғы орында мқғалім іс-әрекеті жетекшілік етсе, жаңартылған білім беруде оқушы-мұғалім, яғни оқушының білімді өз іс-әрекетімен, белсенділігімен алу жүзеге асады.

Ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айырықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарын тұтастыра жүргізудің үздігі атанған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұлағаты қазіргі таңдағы жаңартылған білім берудегі әдіс-тәсілдермен ұштасып жатыр. Әдебиет сабағындағы жұмыстардың бірі көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл болмыс-бітімімен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатта ізденуі керек. Осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс- тәсілдерін сұрыптап, пайдалана білу керек. Көркем деп оқу әдебиетті

оқытуда үлкен рөл атқарады. Сол себепті әдіс-тәсілдерді үнемі бірлікте, үйлестіре пайдаланған дұрыс. Әдеби тәсілдердің негізгі бағыттары, тәсілдері:

1.Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірту. Тарихи-әлеуметтік жағдайлар, болған оқиғалардың қоғамдық саяси сипаттары туралы түсінік беру. Мен де өз сабақтарымда әдеби талдау үшін ең алдымен сол көркем шығармада жазылған баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне ерекше мән беремін. Сондай-ақ суреткер осы шығармасын не үшін не себепті қандай жағдайларға байланысты жазылғаны, оны жазуға не итермелегені туралы балаға түсінік беремін.

2.Көркем туынды композициясына талдау бас кейіпкердің іс-әрекетін салыстыру, портрет, негізгі оқиғаларды сұрыптау, суреткердің туындыдағы орнына тоқталу қажет.

3.Жазушы стиліне талдаудау. Төменгі сыныптарда ойын элементімен жүргізсем, ал жоғары сыныптарда І. Жансүгіровтың «Құлагердегі» Көкше суретін С. Сейфуллиннің Көкше суретін, Қ.Аманжоловтың Көкшесімен салыстырып, ерекшелігін ажыратады. Яғни оқушы бұрынғы оқумен салыстырады, ізденеді. Бұл Қ. Бітібаеваны технологиясы болса, жаңартылған білім беруде спиральді білім беру бағдарламасының басымдықтары:

Ø оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады;

Ø жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады;

Ø әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

Ø спиральді білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді. [1;9]

Жаңа білімді меңгерту технологиясы

Әдебиет пәнінің тағы бір ерекшелігі-оның ойлы, ізденімпаз, өзіндік эстетикалық көзқарасы бар оқырман дайындауында екенін ұмытпауымыз керек .

Қ. Бітібаеваның Ой, ойлану, ойлантуы барлық пәндерге де керек. Ойсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Бірақ ерекше бір еске алатын мәселе- өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр.Басқа пәндерге қарағанда менің пәнім сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандаудан тұрады. Сондықтан әдебиет сабағында әр оқушымның қиялдап, армандағанын қалаймын. Қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқыту барысында «Жобалау оқыту технологиясын» жиірек пайдаланатындығымды айтқым келеді. Жобалап оқыту түрлері, соның ішінде модельдеу, презентация, макет жасау, зерттеу сияқты жұмыс түрлерін әдебиет сабағында кеңінен қолданамын. Жоғарыда аталған Қанипа Омарғалиқызының технологиясының ең негізгі алтын діңгегі: жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау болып келеді. Осы аталған бағыттарды негізге ала отырып, тәжірибе жүзінде қолданылған сабағымды айтқым келеді. Қазіргі таңда 5-сыныптың оқушылары жаңартылған білім беру бағдарламасымен сәйкес білім алуда. Соған сәйкес жаңартылған бағдарлама, оқулық та соған сай. Мысалы Ахмет Байтұрсынұлының « Егіннің бастары» атты мысалын оқу барысында [4; 35]

«Бидайдың басын көтергені-
Дақылының жоқтығы,
Жігіттің кеудесін көтергені-
Ақылының жоқтығы. деген нақылды талқыға салып зерттеу алаңына айналды.

Оқушылар өмірмен байланыстырып, өз ойларын ашық жеткізді. Бидайдың ар жағында адами қасиет жатқанын өзіндік пікірді ортаға салды, қорытынды жасады.Ондай болмау керектігін айтып өтті. Яғни бала ойлана алды.Бұны да шағын «Ойтастыу, ойланту, ойлау» технологиясы деп білемін. 5-сыныпта [4; 65]

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін өткен уақытта, қорытынды сабақта Қалай ойлайсыңдар Қожаның « әдептілік жолына» түсуіне не түрткі болды? Деген сұраққа қызығушылықпен кіріскен еді. Қожаның анасына деген аяушылық сезімі ме, Сәйбек қарт, Оспановтар айтқан естеліктер ме, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатқанда айтқан сөзі ме? Ойлантатын, ой тастайтын сұрақтардың бірі. Расымен де, аталған мысалдарды Қанипа Омарғалиқызының аталмыш технологиясын нәтиелі қолданудың бір мысалы деп айтуға болады. «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты оқу құралында [2;7] мынадай үзінді бар. «Жас дос ! Өзіңді тәрбиелеу деген сөз- «ұлылардан, даналардан үлгі ал» деген де сөз. Ал, даналық Абай бабаларының әр сөзінде жатыр.Абай жолы- халық жолы, халыққа еңбек ету, оны сүю жолы. Егер сол Абай салған жолға түссеңдер, адаспайсыңдар» деген жол бар өзім сабақ беретін 10 «а» сыныбына Абай Құнанбаевтың өмірі мен өлеңдерін талдау барысында ойтастап, ойландыратын сұрақтар қою барысында оқушыларымның ойларының әлде қайда озық екеніне көріп, жауаптарына тәнті боламын. [6,25]Ауызға тиек болып жүрген қазіргі оқушылар терең ойлаудан қалған деген пікірдің жаңсақ екенін түсіндім. Оқушыларым ұлы ақынның әр сөзіне мән беріп, ой таластырып, бір-бірмен терең талқыға түсті. Оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдерін талдау барысында елдің надандығына, сыршылдығына,

қайғысына мән берді. Бір-біріне сұрақ қойды, талқылады, мен бағыттаушы рөлінде, яғни оқушылардың ізденісін қолдаушы, мақұлдаушы, қол жеткен нәтижені саралаушы, коррекция жасаушы болдым. Оқу үдерісіндегі басты мәселелердің бірі, қазіргі таңдағы баса назар аударатын басты тақырып «Оқу сауаттылығын» дамытуға бағытталға. Әдіс-тәсілдерді ортақтастырып, қажетті әдістемелік негіз жасау кезінде Қанипа Омарғалиқызының «Іздендіру сабағы» ескерілуі қажет [1.13] Неге десеңіздер,

-Іздендіру сабағының сабақтың басқа түрінен ерекшелігі оқушылардың өз бетімен бір өнімге қол жеткізуін, дербес еңбектері арқылы білімді меңгеруіне жағдай туғызады. Ең бастысы, оқушыларды іздендіре отырып, ғылыми жұмыстарға баулиды.

-Өзін-өзі дамыту, оқыту үрдерісі жүреді.

-Сынып алдына проблемалық сұрақтар қойылады, оқушылар проблемалық ситуацияны шешуге жұмылады.

-Проблемалық сұрақтарды үйге беріп, оқушыларды оны шешуде дайындауда тиімді болып келеді.

Яғни, оқушы, өзіне берілген зеттеу тақырыбын ашу барысында іздену жұмысына негіз болатын мәтінмен жіті танысады. меңгереді. Сан қайталап оқиды. Нәтижеге жетуге талпынады. Оқу сауаттылығы іске асырылады деген сөз.

Ойымды қорытындылайтын болсам, «Жаңа заманның, жаңа технологиялардың негізі осыдан ширек ғасыр бұрын бастауын алған, ұлағатты ұстаз, өз елінің дара да дана реформаторы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық мол еңбегі мен мықты тәжірибесінде жатыр деген оймен баяндамамды Қ. Бітібаеваның «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет» деген дана ойымен аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Қ.О. Бітібаева « Жас ұрпақты сөз өнерімен қауыштыру жолдары.
2.Қ. Бітібаева « Әдебиетті оқыту әдістемесі
3. Қ. О. Бітібаева « Мектепте Абайды танудың жаңашыл технологиясы»
4. А.Қ Жүндібаева 5- сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2018.
5. Г.Ж. Жарылгапова. «Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері»

Хасенова Бибигуль Зейнегабылденовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Самар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ж.Болғанбаев атындағы Самар орта мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ- ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА

Өр Алтайдың ақ маңдайлы аяулы қызы , елімізге аты танымал болған ардақты ұстазы , Қазақтың Қанипасы тұлғасы биік дара ұстаз. Ұстаз болу адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Ендеше, осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған ұстаздардың бірі- Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева.

Ұстаз қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың небір тамаша әдістемелік құралдарын жазып, сабақ өткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін іс- тәжірибесімен таратқан атаулы мектептің авторы.Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу, жетелеу мұғалімнен де, жаңаша ізденісті талап етеді..Инновациялық технология талаптарын терең меңгерген, зерттеуші, ізденуші жаңашыл мұғалім ғана алдындағы шәкірттеріне терең білім беріп, қабілетін, дарынын дамытады.Қ. Бітібаеваның әдебиетті оқыту технологиялары мынандай түрге жіктеледі: Дамыта оқыту технологиясы, Ұжымдық оқыту технологиясы, Проблемалық оқыту технологиясы, Жобалап оқыту технологиясы,Модульдік оқыту технологиясы, Даралап-саралап оқыту технолгиясы, Интеграциялық оқыту технологиясы, СТО технологиясы.

Оқушы іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті
Проблеманы шешуші. Өнім жасаушы. Әдіс-тәсілдер, әр түрлі жолдар іздеуші, табушы. Өз өнімін ортаға салушы, ұжыммен қарым-қатынасқа түсуші (жоба, модель,ереже, сұрақтар, дайындаушы) Керегінде мұғалімді де пікірталасына шақырушы. Өз еңбегін өзі саралаушы, қорытындылаушы.	Оқушыларды дербес таным іс-әрек тіне кіргізуші, оған түрткі жасаушы. Тапсырмалар сұрақтар әзірлеуші. Ақышы көмек беруші Бірлесіп іздеуші, керегінде олармен пікіталасына, диалогиялық әңгімеге кіруші. Психологиялық жағымды ахуал жағдай туғызушы. Оқушылардың ізденісін қолдаушы, мақұлдаушы. Қол жеткен нәтижені саралаушы, коррекция жасаушы.

Қазақ тілі- қазақ әдеби тілінің маңызының ерекшелігін танытатын оқушыға ана тілінен жан-жақты білім беретін, үйрететін ғылым. Қазіргі күні білім жүйесіндегі өзгерістер, даму кезеңі оқушыларға білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажет екенін талап етіп отыр. Озық ойлы білімдар адамдар заманның қоғамның дамуына өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық әлеуметтік

мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту үрдісіне әсер етеді.Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі –баланы оқыта отырып оның еркіндігін белсенділігін қалыптастыру өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Ұстаз сабақты нормативтік құжаттарға сай өткізсе, жоғары әдістемелік шеберлік көрсетсе, сабақ материалдарын, салыстыру, топтау,логикалық ойлау, талдау мәселелеріне баса көңіл бөлсе, білім қазынасы молая түспек. Итальяндық балалар жазушысы Д .Родари былай депті:«Сөз өнерін меңгеру-барлық адамдарға суреткер болу үшін емес, ешкімге, ешнәрсеге тәуелді болмау үшін керек». Көркем шығарманы талдау сынып ұжымының қатысуы арқылы жүргізіледі, талдау барысында мұғалім оқушының сөздік қорымен,ой-пікірімен, кеңірек танысуға мүмкіндік алады.Мысал ретінде алтыншы сыныптағы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам,адам болып» өлеңін талдауды жөн көрдім. Сызба түрінде.

Ақын	Ақынның көңіл-күйі	Өз көңіл-күйің	Қолданылған айшықты сөздер
Сұлтанмахмұт	Көтеріңкі, өзіне сенімі мол, жаман адам болуды ар санайды. Сертіне берік , елге адал қызмет етуді мақсат еткен, асқақ арман, зор талаптың иесі көңілді, шаттық, болашаққа сену мол.Суреттер және көрдім жүзі жарқын, ойладым: «Оңдырған–ау баққан халқын». Соншама құны толық бұлды түйме. Артына қалдырмас па жақсы даңқын	Ақынның өжеттігі, жалын атқан жігері үлгі алуға тұрарлық тұлға. Менің де өзіме деген сенімім күшейді. Ақынға тілектес, тілеулеспін. Өнер мен білімді жоғары қояды. Ақын халықты аяусыз жеген үстемді тап.өкілдерінің жиреніште қылықтарынан жиреніндер.	Жарық күн толған айдай балқып туған, ойында аты барлар.Эпитет : көргенде күміс кесе, алтын аяқ. Бір сөзді тамағыма қойдым таяп. Бұлды түйме,жақсы даңқ.

Әдебиетті оқытудың әдістемесін бүге-шігесіне дейін жазып берген дана реформатор деп ұғынамын. Ұстзымның әдістемесін әдебиет сабағында басшылыққа алып жұмыс жүргізіп келе жатқан жайым бар.Ойымды сан жаққа жүгіртпей, жобалау технологиясы жайлы айтқым келеді.

«Өнер алды- қызыл тіл», «Тіл- тас жарады,тас жармаса, бас жарады» деп дана халқымыз сөз өнерін ерекше қадірлеп, бір ауыз сөзге сыйдырған ғой. Шабысқалы тұрған екі елді киелі сөз арқылы бітімге келтірген аузы дуалы билеріміз қаншама? 9- сыныптың әдебиетінде берілген шешендік сөздер тақырыбын, айтыс тақырыбын өткенде жобалау технологиясын тиімді қолдануға болады.

Б5
«Біржан мен Сара» айтысы
-айтыс өнерінің шыңы
-қыз бен жігіт айтысы
-айтыстың тақырыбы
-атыстағы Абай тұлғасы

Б6
Айтыстағы Біржан мен Сара сипаттары
-Үздік өнер иелері
-Біржан сал
-Сара ақын

Б7
Айтыстың көркемдік ерекшелігі
-Шешен сөз
Үздік тенеу, эпитет
-Метафора ,эпитеттік метафора
-Ирония мен сарказм

Б4
Айтыстың көркем ерекшелігі
-Сөз маржаны-ұйқас
Теңеу, эпитет, метафора
-Нақыл сөздер
-ұтымды ой

Айтыс-халықтың асыл қазынасы

Б8
80-жылдардан бергі ақындар айтысы Әселхан Қалыбекова, Қалихан Алтынбев, Манап Көкенов, Ринат Зайтов, Бегарыс Шойбеков, Балғынбек Имашев,Серік Құсанбаев.

Б3
Айтысқа қойылатын талаптар

Б1
Айтыс- халық өнері
-сөз өнеріндегі ерекше жанр

Б2
Айтыстың түрлері
-Бәдік
-жар-жар
-жануар мен адамның айтысы

Осындай жобалау технологиясының картасы алдында тұрған оқушы топпен жұмыста қызығушылықпен қатысып, өзіндік ізденісін танытады, осы берілген тапсырмалар бойынша жаңалық ашып, модельдер жасайды Оқушының алдында таңдау еркіндігі бар, өзіне ұнаған жұмыспен айналысқан кезде ғана нәтижеге жете аламыз. Бүгінгі күні оқушының білім деңгейін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге дейін көтеруде жобалу технологиясының тиімділігі зор. Бұл технологиядан күтілетін нәтиже оқушының тек сөздік қорының молаюы ғана емес, шебер, мәнерлі сөйлеуге,әдеби тілде ойын жатық жеткізуге баулиды. Жобалау технологиясын тек әдебиет сабағында ғана емес,қазақ тілінен тақырыптар өткенде тиімді қолдануға болады.Жаңартылған бағдарламаның мақсатына жету үшін сыни көзқарасы қалыптасқан, дарынды шәкірт тәрбиелегіміз келсе, қазіргі білім беруде Қ. Бітібаеваның оқыту технологияларын ұштастыра білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ.О.Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы»1-2 кітап, Алматы 2012

2.Қ.О.Бітібаева «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы», Алматы 2012

3.Қ.О.Бітібаева «Оқушыларды ғылыми –зерттеу жұмысына баулу жолдары», Алматы 2012

4.Әдебиет 9 сынып оқулығы. Ақтанова А.С, А.С,Жүндібаева А.Қ, Жұмекенева Л.К. , «Атамұра» 2019

5.Қазақ әдебиеті 6 сынып оқулығы., Ақтанова А.С, А.С,Жүндібаева А.Қ, Жұмекенева Л.К. , «Атамұра» 2018

Бельгибаева Әсел Байбөрікызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «О.Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Оқушыларға білім беруде жаңа технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Бүгінде қоғамның жеке ойы мен ұшқыр тілі қалыптасқан тұлғасын тәрбиелейтін маманға өзінің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Оқушыларды кәсіптік білім алуымен қатар, шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек.

Қазіргі таңдағы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Сондықтан білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту талаптарын қойып отыр. Ал, әр ұстаздың мақсаты білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алып, білім беру үрдісін жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы.[1.9] Қанипа Бітібаева – Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған ұстаздардың бірі. Оның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығында лириканы, эпикалық шығармаларды, драмалық шығармаларды жаңа технологиялармен оқыту жолдары баяндалған. [1.13] Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары тақырыпқа қатысты сабақ өткізудің технологиялық картасы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстар берілген. Мысалы, жыраулар поэзиясына 40 түрлі тапсырма түрінің берілуі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. Эпикалық жанрды меңгертуге қатысты әңгіме, хикаят, роман, жанрларын оқытудың ғылыми-теориялық негізі және сабақ үлгілері бірге ұсынылған.

Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары – баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға, көркем әдебиетті қызыға оқуға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде бұрыннан да бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.[2.3]

Қанипа Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Сондықтан әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді»,- [3.2] дей келе мұғалімдерге үлкен жауапкершілік артады.

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен көркем әдебиет оқуына, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады.

«Ой тастау, ойланту» технологиясын сөз еткенде ғалым ұстаздың мына бір пікіріне жүгінбесек болмас: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын»

деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. [4.6] «Инновациялық технология» деген термин жиі естілмей тұрған кездің өзінде оның негізгі талаптары жаңашыл ұстаздардың тәжірибесінде болды.

Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды да, сабақтың өн бойында ол шешуші рөл атқарып отырады. Үй тапсырмасы, жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау кезеңдерін бірлікте қарастырып, бүтінге айналып кетеді. Сабақтың өн бойында, әр кезеңдерінде оқушылар «ой тастауда» белгіленген ауқымды мақсатқа жетудің жолдары жүйелі түрде ойландыру; ойлау іс әрекеттері арқылы жүзеге асып отырады.

Жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның іс-тәжірибесінен ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы билер кеңесінің отырысы, мен – зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шешендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы, есеп беру сабағы деген түрлерін кезіктіруге болады.

Қ.Бітібаеваның ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесіне үңілгенде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын-ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал-тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді.

Ұжымдық оқытудың оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудағы ұтымдылығы төмендегідей:

- Көркем шығарманы дербес оқуға, алдыдағы проблеманы шешуге жұмылдырады.
- Білім деңгейлері жоғарылайды, өз ізденістері арқылы білімдерін, яғни оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтереді.
- Сыни көзқарастарының дамуына түрткі жасайды, бір-бірінің жұмысына пікір білдіруге, талдауға, қорытынды жасауға жетелейді.
- Зерттеу, іздену, ғылыми жұмыстарға деген қызығушылықтарын оятып, танымын белсендіреді.[4.10]

Мұнымен қоса мен оқушы алдындағы зор жауапкершілікті сезіне отырып, ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде «Бестік диктант», «Егер, мен...», «Төрт бұрыштағы суреттер» әдістері, «Оқушы үні» кері байланысын жиі қолданамын. Бұл әдістер менің сабақ өту процесімде оқушылардың шығарманы өз бетімен оқуын дағдыға айналдырып, мазмұнын терең түсінуіне ықпал етеді.

Көркем шығарманы оқытуға бағытталған технологиялар оқу-тәрбие жұмысында оқушының жеке басын дамытуға бағытталып отырады.

Қорытындылай келгенде, Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы көркем шығарманың мазмұнын меңгертудің ұтымды да ұтқыр жолы. Әдебиетші болу үшін тек білім ғана жеткіліксіз, ғылыми ізденіс керек. Осы екеуін ұштастырған шебер мұғалім ғана нәтижеге қол жеткізе алары сөзсіз. Ендеше, тынымсыз ізденіс, шеберлікте болайық...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ПШО, 2016ж.

2.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002

3. 1999.Қ.О Бітібаева. « Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» А:Рауан

4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы

Тоқтасынова Гүлнар Кәкенқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Жаңааууыл негізгі орта мектебі» КММ мұғалімі

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ МҰРАТЫ

Қанипа Бітібаева - сөз өнерін пір тұтқан, қазақ педагогикасында ұстаздықтың сұлу эталоны болған, «Ұстаздардың дарабоз падишасы». «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі»,- деген сөзді Мағжан Жұмабаев тегін айтпаған. Өз ісіне жан-тәнімен берілген, бүкіл ғұмырын қасиетті қазақ тілін дамытуға арнаған, әдебиеттің арын қорғап, намысын жыртуға күш жұмсаған қайталанбас тұлға - Қазақтың Хан-апасы атанған ардақты да аяулы ұстаз, жаңашыл тәлімгер, қайтпас, қайсар, қажырлы, қайратты Қанипа Бітібаева.

Бүгінгі таңда ұрпағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айрықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарын тұтастыра жүргізудің үздігі атанған

Қ.О. Бітібаеваның ұлағаты қазіргі республика ұстаздарына өнеге - үлгі мектебі болып отыр. Хан апамыз бір сұхбатында: « Мұғалім - тұлға. Мұғалім – білімнің көзі. Мұғалім – тәрбиенің көзі.Тәрбие мәселесін қолға алуымыз керек. Өйткені ұлт тағдыры - бала тәрбиесінде»,- дейді. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның Жаңартылған білім беру бағдарламасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Оқушының жеке тұлғасын арнайы тілдік жағдаяттар ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жүйесіне адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесі негіз болады. Қазіргі таңдағы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Сондықтан білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Осыған орай мектептегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті — оқушылардың жан - жақты танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай отырып, әр оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту, яғни, өзіндік айтар ой - пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Ал, әр ұстаздың мақсаты білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алып, білім беру үрдісін жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Әдебиет дегеніңіз-тұнып тұрған тәрбие көзі. Әдебиет пәнінің маманы ретінде және сынып жеткшісі ретінде қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбие бағыттарын Қанипа Омарғалиқызының идеяларымен ұштастырып көрсем деймін. Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Яғни, туған еліне, ана тіліне тамырлы тарихына, бай әдебиетімізге деген махаббаттарын арттыра отырып, елінің нағыз патриоты болар азаматтардың өзіне деген сенімділігін оята білді. Мысалы, тәрбиенің «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие » бағыты балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыруға негізделген. Сөзімнің дәлелі ретінде Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған, « қазақтың бас ақыны» Абайдың 175 жылдығына арналған сынып сағаттарын айта кетуге болады. «Ақнайман қырғыны» тарихи оқиғасына байланысты орнатылған ескерткішке саяхат та жас жеткіншектердің өз тарихын білуі үшін жасалынған қадам.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағытына Қанипа Омарғалиқызының «Әр адамның алдында жарық сәуле бар, сол сәулеге қарай ұмтылыңдар, аянбай еңбек етіңдер....» деген даналық сөзі тілге тиек бола алады. Адам баласының жалқау болмай, еңбек етіп, талапты болуына шақырып тұрған жоқ па?! Сынып оқушыларымен өткізіліп отыратын сенбіліктер, қарт адамдарға қамқорлық көмек ұйымдастыру сыныбымызда дәстүрге айналған.

Қанипа апай қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда – өзіндік жаңашыл ізденістерімен, шәкірттердің қабылдау психологиясына айрықша ықпал жасаған инновациялық-әдістемелік жаңашылдығымен оқыту мен тәрбиелеуде үздік нәтижелерге қол жеткізді. Сонау алғашқы еңбек жолын бастаған ауылындағы мектепте ұйымдастырған «Жас қалам» әдеби-драмалық үйірмесі негізінде кіші театр ашқан еді, осылайша пән сабақтары мен сыныптан тыс эстетикалық тәлім-тәрбие ұштасуының озық үлгісін жасап кетті. Бүгінгі білім беру жүйесіне енгізіліп отырған «Мектеп театры» жобасын кезінде Хан апамыз өз тәжірибесіне сол кездің өзінде енгізіп тастағанын мойындауымыз керек. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте «Балалар және театр» ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды. Театр-адам бойында рухани байлық қалыптастыратын мәдени ошақ. Талантты балалардың басын біріктіріп, түрлі қойылымдарды сахналау барысында оқушылардың арасында ынтымақтастық, ұжымдық жауапкершілік қалыптасады. Оқушылар театр қойылымдарына үлкен қызығушылықпен қатысады. Олардың әрқайсысы өз рөлдерін сомдауға аса бір ыждаһаттылықпен кірісе отырып, жауапкершілікті сезіне біледі. Мектебімізде оқушылардың жеке басының шығармашылық даралығын дамыту мақсатында осы жоба өз нәтижесін беруде. Сыныптан тыс шараларда сахналық қойылымдарымыз көпшілік көңілінен шығып жүр.

«Мұғалім - ата-ана – оқушы» үштігінің жұмыс нәтижесіне бағытталған отбасылық тәрбие бағыты – оқушының отбасын, отбасылық құндылықтарды

құрметтеуге тәрбиелейді. Сондай шаралардың бірі- мектеп түлектері мен ата-аналары қатысқан «Сен де бір кірпіш дүниеге» атты мамандық таңдауға арналған тәрбие сағатын айта кетуге болады. Ата-аналармен бірлесе өткізген «Ұлы даланың жеті қыры» танымдық тәрбие сағатының мақсаты- ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Ал «Ағасы бардың –жағасы бар, інісі бардың –тынысы бар» атты ағалы-інілердің сайысы эстетикалық тәрбие мен ұлттық тәрбие беру бағыттарына дәлел бола алады. Мақсаты - отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету секілді асыл қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіру.

Қанипа Омарғалиқызының «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты оқу құралында мынадай үзінді бар. «Жас дос ! Өзіңді тәрбиелеу деген сөз- «ұлылардан, даналардан үлгі ал» деген де сөз. Ал, даналық Абай бабаларының әр сөзінде жатыр. Абай жолы- халық жолы, халыққа еңбек ету, оны сүю жолы. Егер сол Абай салған жолға түссеңдер, адаспайсыңдар!» деген жолдар бар. Бұл жерде ұлт ұстазы Ұлы Абайдың даналық сөздерінен үлгі, тәрбие алған шәкірт адамгершілігі мол, парасатты адам боп қалыптасатынын нұсқайды.

Ұстаздың: «Әдебиет - сөз өнері.Әдебиет пәні де – өнер пәні.Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін « адам тәрбиелеу құралы дер едік» -деген ой тұжырымынан әдебиет сынды халықтың бай қазынасын ұрпақ санасына сіңіру керектігін айтады. Сол себепті ұлт мұратын ұлықтауға сіңірген орасан зор еңбегін біз ешқашан ұмытпауымыз керек.

Шәкірт – ұстаздан дәріс қана емес,өмірлік ұлағат,тағылымды тәрбие алады. «Ұстаздық» атты киелі әлемде қайталанбас болмысымен, ұстаздық тұлғасымен танылған, қазақ педагогикасының жарық жұлдызы – Қанипа Омарғалиқызының шәкірті болу бақыты маған да бұйырған еді. Мен ұстаз болмысынан болашақты көрдім, тағдырымды таңдадым, жолын қудым және өмірлік ұстанымымды қалыптастырдым.Ұстаздық мамандықты ұлықтай келе Хан-апамыз: «Адамды сүй,адамды сүй, тәрбиені сүй. Тәрбие негізі ұстаздықта, ұлт тәрбиесі ұстаз қолында», -деп бір көсілген еді.

Қанипа Омарғалиқызы «Ұстаз» деген алып шыңның биігін еңсерген адам. Әр сөзінде дана Абай мен Мұхтар салған сара жолды насихаттайтын ұстаз әр шәкіртті тек жақсылық пен тәрбиеге, адалдық пен имандылыққа тұнған бұлақ көзінен суара білді. Ұрпақ тәрбелеу жолындағы педагогикалық ілімі біздің жол көрсетер шамшырағымыз болып қала береді. Аялы алақанымен жасығына күш беріп,жабыққанға дем беріп, еркесін сабасына түсіріп, жүрегінің жылуын барлық үлкен- кішіге бірдей төккен ұстаздың жарқын бейнесі мәңгілік жадымызда сақталады. Ұрпақ тәрбелеу жолындағы педагогикалық ілімі біздің жол көрсетер шамшырағымыз болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.

2.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990

3.Бітібаева Қ. О. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы. «Мектеп» 2003

4.Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен

5.Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы
6. Қирабаев. С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы - 1979ж.
7.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы - 1990ж.
8. Келгембаева Б. Б. Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі. Шымкент - 2009ж.
9.Әбішқызы С., Құдайбергенова К., Баймұхан Б. Қазақтың Қанипасы.
10. Бітібаева Қ.О. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы. Өскемен -2014

Галиева Гульжан Ержановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Самар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ж.Болғанбаев атындағы Самар
орта мектеп- лицейі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАҒЛЫМЫН ҚОЛДАНУ

Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта күн озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына сай жетіліп отыратын үздіксіз процесс. Білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлауға, алдынан шығатын түрлі мәселелерді шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр. Осы орайда өзімнің тәжірибемде сынып жетекшісі ретінде оқушыларды мектеп қабырғасына келген күннен бастап, рухани құндылықтары мен мүмкіндіктерін ашуға,олардың жан дүниесінің асыл кілттерін іздеуден бастаймын. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті — баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігі ерекше аталған. Расымен де, бүгінгі таңда жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеру басты назарда болып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаның дамуы. Оқушы тұлғасының рөлін жоғары көтеру тәсілі бүгінгі таңда білім беруді ұйымдастырудың басты ұстанымдарының біріне айналып отыр.Өз еңбектерінде осы мәселелерді кіргізіп, өз тәжірибесінде қолдана білген, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі.Сондықтан мен бала тәрбиесіндегі мәселелерді, Қанипа Омарғалиқызының педагогикалық тағлымдарымен ұштастыру арқылы шешуге ұйғардым.

Өз жұмысымда ұлағатты ұстаздың : «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші,білімді өз еңбегіне қарай алушы дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу

айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» деген сөздерін басшылыққа алдым.Ендеше, бір сарынды,жай әңгімелесу арқылы өтетін тәрбие сағаттарында Қанипа Омарғалиқызының технологияларын қолданып неге өткізбеске,деген ой келді.

Қанипа Омарғалиқызының «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты оқу құралын басшылыққа ала отырып, жобалап оқыту түрлері, соның ішінде зерттеу, макет жасау, модельдеу, презентация жасау сияқты жұмыс түрлерін тәрбие сабақтарында адамгершілікке баулу циклында тереңдеу қолдануға болатындығына көзім жетті.Мысалы: 4-ші сыныпта «Әдептілік» тақырыбында « Бүгін біз әдептілік, адамгершіліктің асыл қасиет екені туралы пікірлесіп, өз ойларымызды ортаға саламыз. Олай болса АДАМ!

Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым - кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үлкендер үйретеді. Ол - біздің ата - анамыз, ақсүтін бере отырып, ана тілімен үйретеді. Біз оны түсініп, ата - баба салт, әдеттерін үйренеміз. Адам болатын адамгершілігі бар бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек»- деп, Қанипа Омарғалиқызының оқу-әдістемелік мұрасын зерттей отырып, «Ой тастау, ойланту, ойлау» атты технологиясына баса назар аударғым келіп отыр. «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Бұл аталған әдіс «Дамыта оқыту» технологиясымен пара-пар келеді.Өздеріңізге мәлім болғандай , бұл оқыту түрінде, яғни дамыта оқыту дәстүрлі оқытудағыдай мұғалімнің толық қанды іс-әрекетіне негізделген оқыту болып саналмайды. Белсенділік оқушыға ғана жүктеледі. Іс-әрекет бірлікте, бір бағытта, бір мақсатта бағытталады. Жоғарыда аталған Қанипа Омарғалиқызының технологиясының ең негізгі алтын діңгегі: жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау болып келеді.Ендеше , оқушыларды топқа бөліп жаман мінез бен жақсы мінезді аша отырып, диологиялық әңгіме құруға баулимын.Осы мінездердің ассосацияларын жасау арқылы оқушылар пікірлеседі,өз ойларын ашуға үйренеді. Тағы бір мысал, Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» атты мысалын оқу барысында

«Бидайдың басын көтергені-

Дақылының жоқтығы,

Жігіттің кеудесін көтергені-

Ақылының жоқтығы-деген нақыл талқыға түсіп, шағын зерттеу алаңына айналдыруға болады. Осы жерде оқушылармен адам бойындағы мақтаншақтық қасиет талқыға түседі.Аталған сөздер айналасында жұптық формада оқушылар шынайы өмірмен салыстыра отырып, өзіндік пікірлерді ортаға салды. Яғни , мысалдағы әр бидайды адамға теңеп, өзіндік пікір мен сәйкесінше қорытынды жасады. Бұны да шағын «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының зерттеу, проблеманы шешу сияқты тәсілдерін қолданудың бір мысалы деп айтуға болады.Әдептілік тақырыбын өрбітуде Ы. Алтынсариннің әңгімесін оқушыларға

карточка ретінде бөліп беріп, « ойлы сұхбат, пікір еркіндігі» атты элементті қолдануға болады.Ғалым неліктен жарлы адамнан да басын төменірек ииіп сәлем берді деп сауал тастап, оқушылардың пікір еркіндігін дамытамын.

Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жатып, оқымыстыға келіп, басын ииіп сәлем береді.

Оқымысты басын одан да төменірек ииіп сәлемдеседі.

Қасындағы бай:

- Тақсыр, осынша біліміңіз бар ғалымсыз. Сөйте тұрып, жарлы адамға соншалық иіліп сәлемдесуіңіздің мәні қалай?- деп сұрайды.

Сонда ғалым тұрып:

- Ешбір ғылым - білім үйренбеген ол кісі әдептілік көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып көрінсем, лайық па?- деген екен.

Осындай ұлы адамдардың тәрбиелік мәні бар,жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін әңгімелерін оқу арқылы, оқушы, өзіне берілген зерттеу тақырыбын ашу барысында іздену жұмысына негіз болатын мәтінмен жіті танысады. Меңгереді. Сан қайталап оқиды. Нәтижеге жетуге талпынады. Оқу сауаттылығы іске асырылады деген сөз. Бұл жерде еріксіз ғалым-ұстаздың :

Ой салу — ұстаз тарапынан,

Ойлану — шәкірт тарапынан,

Ойланту — ұстаз тарапынан,

Бір шешімге келу - оқушы тарапынан -деген тағлымдық сөздері іске асырылады.

Келесі әдісті сабақта да,тәрбие сағаттарында да оңтайлы қолдануға болады.Ол - проблемалық оқыту.Проблемалық оқытуды тәжірибеде қалай қолданамыз? Ең біріншіден мұғалімге проблемалық тапсырмалар дайындау қажет. Проблемалық тапсырмаларды дайындау критерийлеріне тағы нені қосуға болады? Біріншіден, өмірлік жағдайды пайдалану, сырттағы өмірді сыныпқа әкелу. Блум таксономиясының өнімді деңгейі болып табылатын талдау, жинақтау, бағалау деңгейінде сұрақтар мен тапсырмаларды қамту. Фактілерді, әрекеттерді салыстыру және қарсы қойып проблемалық жағдаят туғызатын болуы қажет. Ұлы ұстаз Қ.Бітібаева: «Өнімсіз, білімді оқушылық деңгейден ары қарай шығармашылық деңгейге көтере алмайтын дәстүрлі оқытудағы «неге?» деген сұрақтарға негізделген таптаурын тапсырмалар, терең талдау орнына құрғақ баяндау, әңгімелеу, мазмұндау немесе мәтіннен алынған орынды-орынсыз ұзын-сонар мысалдар, стильдегі кемшіліктер оқушыларды білімге жетелеудің орнына, керісінше жалықтырып жіберетініне күнделікті куәміз.»- деген болатын.Ендеше, тіл мерекесіне арналған сынып сағаттарында осы проблемалық оқытуды неге қолданбасқа? Оқушылармен қазақ тіліне байланысты проблемалық сұрақтар дайындап,оны шешу жолдарын қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен

түсіндіреді. Мектеп оқушысы әрбір білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін енгізген негізгі құзыреттіліктерді: коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, проблемалардың шешімін табу құзыреттілігін игеруі тиіс. Соның ішінде, проблеманы шеше білу құзыреттілігі - әр түрлі жағдайдағы проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға, өз қызметіне мақсат қоюға, оны іске асыру үшін қажетті жағдайды анықтауға, ондағы жетістіктерге жету процестерін жоспарлауға және ұйымдастыруға, өзіндік бағалау мен қорытынды жасауға мүмкіндік туғызады деп түсіндірілген.Сондықтан тұлғаның проблеманы шешу дағдыларын дамыту кезінде мұғалімнің де сыни ойлай алатын, проблема туғызатын тапсырмаларды дайындай алатын болғаны жөн. Сабақ жоспарлаған уақытында оқу мақсатын ең маңызды нәрсе оқушының сыни ойлау, проблема шешу дағдысын қалыптастыруға және нәтижелі болуға бағыттау керек. Берілетін тапсырманың өмірлік маңызы бар пайдалы болғаны жөн.Тәрбие сағаттарындағы уақытты оқушы жүрегінен өтетін,әсер алатын ,мазмұнды тақырып қарастырылса,қоғамдағы тәрбиелі,мәдениетті адамдар саны көбейері сөзсіз. Қ.Бітібаеваның «Ұстаз - бастаушы, үнемі бағыт-бағдар беруші болу керек» деген сөзі осы мәселелерді шешуде зор ықпалын тигізері хақ. Міне,Қанипа Омарғалиевнаның әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, осындай жұмыстарды тәрбие сағаттарында да , сабақ үрдісінде де қолдана білген ұстаздарға тамаша нәтижелерге жетуге болады.

Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі — ата-ана, оқу орны, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан қазіргі мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі — білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Қазір заман талабына сай, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты мақсат болғандықтан, бүгінгі тәрбиеге жаңаша көзқарас мәселесі оны іске асырушы сынып жетекшісі де өзіне жаңаша талап қойғаны дұрыс деп ойлаймын. Оқушының жеке тұлғасын арнайы тілдік жағдаяттар ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жүйесіне адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесі негізгі болады. Тұлғалық парадигмаға көшу қазіргі білімнің басты тенденцияларының бірі болып саналады. Бұл – технократтық қоғамның дағдарысынан туындаған адам жайлы ойлаудың тереңдігінің көрінісі. Тұлғалық парадигма білімнің мөлшерінің өсуі, ондағы бірсарындылық сияқты құбылыстарды мойындамайды, керісінше ол оқу үдерісіндегі ішкі ізгілікке негізделеді.Осы мәселелердің барлығын Қанипа Омарғалиевна өз еңбектері мен тәжірибесі арқылы дәлелдеп кеткен.Ендеше, оның еңбектерін тек оқытуда ғана емес,тәрбие саласында да қолданған орынды деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева, Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал.- Алматы: Мектеп, 2002.- 120 б.

2.Бітібаева, Қ. О. Абай және толық адам тәрбиесі/ Бітібаева Қ. О.// Абай және XXI ғасыр: халықаралық ғылыми -тәжірибелік конференциясының материалдары

21-22 қазан 2005 жыл, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы . - Өскемен: ШҚТУ, 2005.- Б. 50-53

3.Қарасаев, Ғ. Ұстаздықтың хан-апасы [Мәтін]: Тарихи-педагогикалық шолу.- Өскемен: Медиа-Альянс, 2005. - 216 б

4.rnpb.kz›up/files/bitibaeva_slajd_s..

5.infourok.ru›anipa-omaraliizi-bitib...

6.alashainasy.kz›koshbas/kanipa--btb...

Давлетова Гульсара Танирбергеновна
Абай облысы білім басқармасының
Үржар ауданы бойынша білім бөлімінің
«Абылай хан атындағы орта
мектеп-бақшасы» КММ мұғалімі

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ – ҰСТАЗ

«Білекке сенер заманда ешкімге есе бермедік, білікке сенер заманда қапы қалып жүрмелік» - деген екен Абылай хан. Ендеше , бүгінгі заман білімге , білікке сенер заман, жаңарған заман . Қай заманда қандай реформа болса да мектептің басты тұлғасы – мұғалім.Ал бүгінгі таңда мектептің , мұғалімнің міндеті - жан-жақты дамыған , рухани бай жеке тұлға қалыптастыру. Яғни , әр баланың «Мен» деген жан дүниесін ашу,оны шығармашылық тұлғаға жетелеу. Осындайда Ұлы Абайдың «Өзіңе сен ,өзіңді алып шығар талабың мен еңбегің екі жақтап» деген сөзі ойыңа оралады.

«Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек»- деген еді Ж.Аймауытов.

Ендеше, ондай жаңалықты мен ұлылықтың негізі болған ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, білім беру ісінің қайраткері Қ.О. Бітібаеваның жаңа білімді меңгерту технологиясынан тапқандаймын.

Біздің мектепте Қ.О. Бітібаева атындағы оқу – әдістемелік кабинеті 2008 жылы 15 қаңтарда ашылды . Содан бері осы технологиямен жұмыс жасап келеміз. Әдістемелік бірлестікте 11 маман бар. Қ. О. Бітібаеваның әдістемесін оқып –үйрену үшін « Шамшырақ » атты шығармашылық топ құрылды .Бұл топта әр бейсенбіде жаңа технологияның әдіс-тәсілдерімен танысып , оны сабақта қалай қолдану керектігін талдадық. Соның нәтижесінде бүгінгі таңға дейін әріптестерім өз сабақтарында осы әдіс- тәсілдерді қолданып келеді. Сабақта ғана емес сыныптан тыс жұмыстарда, апталықтарда «Билер кеңесінің отырысы» , «Пікір қорғау», «Ұлылар үндестігі », «Жобалар сайысы», т.б жұмыс түрлерін қолданады.

Ендеше , «Ұстаз таразысы- шәкірт білімі, шәкірт тәрбиесі» екенін ескерсек, оқушыларға жаңа технологияларды пайдалану арқылы олардың жаңа мүмкіндіктерін, жаңа қырларын аша аламыз. Жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береміз.Сондай жұмыстың бірі - дебат сайысы дер едім.

Дебат-сайысының өткізілу барысы.

Мақсаты: Оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы мағлұмат бере отырып, кітаптың рухани артықшылығын, рухани қазына екенін түсіндіру, ой - өрісін дамыту, өз ойларын ашық нақты дәлелдермен жеткізе білуге тәрбиелеу.

Міндеті:

Шешендік сайыс өнерін жетілдіру

Пікірталас бағдарламасымен таныстыру

Оңістің (жақтау) үлгісі

Теріс дәлел (даттау) үлгісі

Қарсы дәлелдеу (ребатл)

Сұрақ-жауап құруды үйрету

Сөйлеу стилі және ойды жеткізу

Спикерлер, таймспикерлер міндеттерін қалыптастыру

Төреші жауапкершілігін, мақсат, міндеттерін үйрету

Пікірсайыс бағдарламасын дамыту

Мектебімізде «Жастар» атты дебат клубы ұйымдастырылды. Мектеп ішінде оқушыларды қызықтыратын тақырыптар бойынша ай сайын дебат–сайысы болып отырды. Ауданымыздағы мектептер арасында «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында өткен дебатқа қатысып, 1- орын иелендік. Оқушыларымның барлық ережеге сай, өз көзқарастарын дәлелдермен жеткізуі ,шешен сөйлеуі, ойын ашық жеткізулеріне риза болдым. Бұл Ұстаздың тыңғылықты жұмысының нәтижесі дер едім..

«Әдебиет – өнер , тәрбие сабағы . Ең алдымен , әдебиет сабағы –ой сабағы , ойлану сабағы» - дейді жаңашыл ұстаз. Сондықтан әр сабағымды ой тастау, ойлану мақсатында жүргіземін.

«Ой тастау,ойлану, ойлау» технологиясы-әдеби айтыс, пікірлесу,диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар , оқушының ізденуіне, ойлауына, зерттеу жұмысын жасауларына көмегін тигізеді. Атап айтсам, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін қорытындылау сабағында «Құрмаштың өліміне кім кінәлі?» Көксерек Құрмашты бір ақ рет қапты делінген. Сонда Көксерек Құрмашты бір рет тістеген болса , ол неге өліп қалады?- деген сұраққа жауап ізделінді. Әр түрлі дәлелді жауаптар айтылды. Соның ішіндегі ең тұщымды жауап мынау болды.

Қасқырдың тісі- ең мықты қаруы. Ол үнемі аузын ашып жүреді, әйтпесе жағы қарысып , тістері айқасып қалады. Бір рет тістегенде өте жоғары күш жұмсайды. Ол күшке үлкен аңдардың өзі төтеп бере алмайды. Ал Құрмашты тістегенде бірден өліп кеткен себебі де осы болды . Міне, осындай құнды пікірлер оқушылардан ізденудің , зерттеудің нәтижесінде пайда болады.

Осындай қызықты сабақтардан кейін ұстаз мамандығын таңдағаныма риза боламын да Хан апамның мына сөзін есіме түсіремін: «Мені ұстаз етіп қалыптастырған шәкірттерім» ғой деп .

«Мақсатым-сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру.Олар пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы бар азаматтар.Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп

отыруды мақсат етемін» - дейді Қазақтың Қанипасы. Осы қағиданы үнемі басшылыққа алып , төмендегідей нәтиже көрсеттік дегім келеді.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын ояттым.

Танымдық қабілеттерін қалыптастырды.

Шығармашылық жұмысқа баулиды.

Мұғалімнің уақытын үнемдейді.

Шығармашылық жұмысқа баулиды.

Нәтижелерге жетудің әр түрлі жолдарын іздеу.

Өз беттерімен әрекет жасау.

Атаулы кабинет бүгінгі күнге дейін жұмысын жалғастырып келеді. Жылда жаңа дидактикалық материалдармен толықтырылып отырады.Биылғы жылы мектепте «Ешкім де ,ештеңе де ұмытылмайды» атты музей ашылды. Сол музейге Қ. О. Бітібаеваның да еңбектері мен зертеу жұмыстары , бейне-баяндар , альбомдар қойылды.. Ондағы мақсатымыз жаңашыл ұстаздың еңбегімен музейге келген көрермендердің де танысуына жол ашу болды. 2013-2019 жылдарыөткен облыстық семинарларға қатысып , баяндама оқыдым . Ол жұмыстарымыз жинаққа шықты.

Оқушыларымыз олимпиадаға қатысып жүлделі орындарға ие болды және алғыс хатпен марапатталды.

Оқушы да ,ұстаз да өзіне сеніп жаңа технологиялық ізденіс үстінде болса, алынбайтын қамал, жетпейтін мақсат жоқ деп ойлаймын. Орыс педагогі Ушинскийдің «Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды тоқтатса , оның мұғалімдігі де жойылады» -деген сөзін есте ұстағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева, Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997.- 288б.

2.Бітібаева, Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. - Өскемен: Б.ж., 1994.

3.Бітібаева, Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: XIX ғасырдың II жартысы, XX ғасыр: Оқу құралы, бағдарлама: X,XI сыныптар.- Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад.Респ.баспа кабинеті, 2000.- 274 б.

4.Бітібаева, Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал.- Алматы: Мектеп,2022

Интыкпаева Бакыт Турсынхановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№46 орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ҚОЛДАНУ

Әдебиет – ұлттық құндылықтың тамыры, мәдени-тарихи рухани байлығымыздың көзі. Ол туралы Қанипа Омарғалиқызы: ««Әдебиет – сөз өнері». Ол – өнердің бір саласы. Әдебиет пәні де – өнер пәні. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» дер едік»,-деп айтқандай [1, 9б], «әдебиет ұғымы» пәндік ұғымнан тереңде жатыр. Ал оны оқытудың қыр-сырын білу үшін мұғалімге пәндік біліммен қатар әдебиет теориясынан да жетік білу қажет. Сондай-ақ әдебиетті оқытудың инновациялық жолдарынан іздену талап етіледі. Алайда әдебиетті оқытудың өз күрделілігі бар.

Осы орайда Қ.Омарғалиқызы: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын» деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. Көркем мәтінді оқыту, талдау – әдебиетті оқытудың басты мақсаты. Оның дәстүрлі оқыту кезеңіндегі әдістемесімен қоса, инновациялық жолдарынан іздену – әдебиетші мұғалімдер парызы [2, 2б]. Сондықтан да мұғалімдерге әдебиетті пән ретінде ғана емес, оны оқытудың технологиясынан ізденіп, оқушылардың бойында ұлттық рух пен патриоттық сезімнің қалыптасуына негіз болған тәрбиенің құралы деп оқыту қажет.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа т.б тәрбиелеу [1, 9б]. Бұл мақсат қазіргі рухани жаңғыру заманында өзекті болып отыр. Себебі білім-күллі адамзаттың болашағы десек, рухани мұра – байлығы. Осынау байлықты игерту – әдебиетші мұғалімдердің парызы.

«Әдебиет пәні – ойлаудың, ойлантудың да пәні» [1, 269б]. Қазіргі таңда озық технологиялардың қатарында тұрған Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы - дәстүрлі оқытудан алшақтап, білімді жеке тұлғаға бағыттаған инновациялық технология.

Қ.Омарғалиқызының біршама еңбектерін оқып, технологиясын тәжірибемізде пайдаланып келемін. Әсіресе, берілетін білімнің мазмұнын меңгертуде алдын-ала тапсырмалар беру арқылы оқушыларды іздендіреді. Оқушыларға «миға шабуыл» сұрақтары арқылы ойланатындай, өздері ізденетіндей проблема тастап, сабақта ұйымдастырылған проблемалық талдаудың тиімділігін көрсетеді: «Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді» [3, 68б].

Енді ұстаз ұсынған мына бір кестеге назар аударсақ:

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
Қожа қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па?	Қалай ойлайсыңдар, Қожа кім? Ол Жантас пен Сұлтанның «құрбаны» ма, әлде күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?

Қожа мұғалімді неге алдады?	Қожаның мұғалімді алдауына не түрткі болды, сенің ойыңша бұл жерде оғаш іс-әрекет бар ма?
Қожаның іс-әрекетін түсіндіріңдер, Ұрлық жасауы, мұғалімді алдауы дұрыс па?	Қожаның іс-әрекеті мақсатты, саналы іс-әрекет пе, әлде ашудан, ызадан туған іс-әрекет пе?

Міне, сабақтың өн бойы қызу оқушылардың ой еңбегіне құрылудың басты себебі – мұғалімнің сұрақ қоя білуі, оқушыларға проблема тастауы. Оқушы өз ойын еркін айтады, бір-бірімен талқыға салады, ең бастысы «оқырман» ретінде қабылдауын ғана емес, өзіндік көзқарасын ортаға салады. Ұстаздың осы бір тәсілін қазіргі оқыту технологиясында «жабық, ашық сұрақтар» деп қолданып жүрміз. Енді Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (1997ж) еңбегіне сүйене отырып, әдеби талдаудың негізгі тәсілдері мен бағыттарын өз сабақтарымда пайдалану жолдарына тоқталсам:

<table>
<tr><td>Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері мен бағыттары</td><td>Өз тәжірибемізде қолданған әдіс-тәсілдер, стратегиялар</td></tr>
<tr><td>1. Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірту
(Мысалы, А.Құнанбаев «Қалың елім, қазағым» өлеңі</td><td>-Аннотациялық талдау
<table>
<tr><td>лең аты</td><td>Негізгі идеяны ашатын шумақтар</td><td>Ст илі</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
-Ғылыми хабарлама жасату.</td></tr>
<tr><td>2. Туынды туралы ғылыми еңбектер, мақалалардан үзінділер оқып, түсінік беру.
(М.Өтемісұлы «Исатай туралы»)</td><td>Алдын-ала берілетін іздендіру жұмысы:
-Венн диаграммасын толтыру
- “Stop кадр» әдісі</td></tr>
<tr><td>3. Көркем туынды композициясын талдау тәсілі</td><td>Графикалық органайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы

Графикалық органайзер
«Балық қаңқасы»</td></tr>
<tr><td>4. Көркем туындыны оның негізінде жатқан тарихи шындықтармен салыстыра қарастыру, кейіпкерлер прототипі</td><td>-КТЖ (конструкциялық жобалау технологиясы)
-“4 сөйлем” стратегиясы</td></tr>
<tr><td>5. Талданаған шығарманың әр түрлі нұсқасы туралы сөз қозғау да сол туынды негізінде жатқан проблема, идеяны ашудағы бір тәсіл</td><td>«Балалар философиясы»
«Миға шабуыл»
«Зымыран сұрақтар»</td></tr>
<tr><td>6. Суреткердің бір шығармасын басқа шығармаларымен салыстыру да тиімді тәсілдердің бірі</td><td>-Венн диаграммасы
-графикалық органайзер</td></tr>
</table>

7. Бірнеше ақын-жазушы шығармаларын салыстыру да әдеби талдаудың тиімді тәсілі.	-«Қар кесегі» әдісі «Торлы диаграмма» графикалық органайзер

Бүгінгі таңда рухани жан-дүниесі бай оқырмандарды тәрбиелеуде Қанипа Омарғалиқызының тағылымына ораламыз. Ұстаз еңбектерін іздеушілер саны арта түспесе, кеміген емес. Бұл – ұстаздың педагогикалық мұрасының өміршеңдігінің айғағы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А:Рауан, 1997, 284.

2.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары.А, 2009.

3.Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы Алматы:Дәуір-Кітап,2012- 1-кітап,-312 б

4.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗ мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.

Калкабаева Гульжан Канатбековна
Алматы облысының білім басқармасы
Іле ауданы бойынша білім бөлімінің
«№26 орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мақсаты- әлемдік білім кеңістігінен орын алу мақсатында ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жүргізу, жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы жан-жақты дамыған, рухани бай өз еліннің, халқынның салт-дәстүрін ерекше құрметтейтін дарынды тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

-білімді жеке тұлға қарай бағыттай беру;

- оқушылардың дарын көзін ашу,қабілеттерін дамыту;

-оқушыға субьект ретінде қарым-қатынас жасай отырып, оны жан-жақты жетілдіру;

- әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу;

- оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін тани білу, сыртқа шығуына түрткі жасау;

-оқушылардың іс-әрекетін белсендіре отырып,білімді өз ізденісі,өз еңбектері арқылы алуды ұйымдастыру;

- әр оқушының қабілетін ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, өзіне-өзі жол ашуына түрткі жасау;

-терең білімді, тәрбиелі, рухани бай, ұлтжанды,қазақ халқының әдет-салтын құрметтеуші жеке тұлға қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже :

– жеке бас ерекшеліктері, ынтасы, қызығушылығы артады, іскерлік дағдылары дамиды; өзін-өзі таниды, бірін-бірі таниды; дербестігі,өзіне –өзінің сенімі қалыптасады; өз беттерімен проблема шешуге, алдындағы мақсатқа өз беттерімен жетуге талпынады; білімді өз беттерінше алудың жолдарын үйренеді; танымдық іс-әрекеті, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, тез шешім қабылдау әрекеттері дамиды.

Қанипа Бітібаева – Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған ұстаздардың бірі. Оның "Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы" атты оқулығында лириканы, эпикалық шығармаларды, драмалық шығармаларды жаңа технологиялармен оқыту жолдары баяндалған. Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары тақырыпқа қатысты сабақ еткізудің технологиялық картасы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстар берілген. Мысалы, жыраулар поэзиясына 40 түрлі тапсырма түрінің берілуі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. [2]

«Ой тастау, Ойланту, Ойлау» технологиясынның талаптары, түрлері және әдебиет пәнінде нәтижеге бағытталған білім беру үдерісі

Жеке тұлғаға қарай білім мен тәрбие үрдістерін жүргізу бүгінгі педагогика алдында тұрған мақсат екенін Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесі атты еңбектерінен айқын көруге болады.

Білімді толық меңгерту деңгейлері:

I.*Оқушылық деңгейде* бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды.Алдыңғы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

II. *Алгоритмді деңгейде* шешуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып,мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс жасайды.

III. *Эвристикалық деңгейде* мақсат анық болғанмен, ситуация түсініксіз , оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді.Бұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады.Бұл деңгей – *өнімді* деңгей деп есептеледі.

IV.*Шығармашылық деңгейде* мақсат жалпылама , анық емес. Оқушы өзі таңдайды, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. [1]

Бұл технологияны *«Булм токсономиясы»* деп те атап жүрміз. Мақсаттары оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге жетелеуді ұсынады. Мұнда мұғалім іс-әрекеті емес, оқушы іс-әрекеті алдыңғы қатарда тұрады.Сол арқылы нәтижеге жету жобаланады. Бұл технологиялық жүйе , педагогика, психология ғылымының тарихындағы ізденістерді, оқыту түрлерін, жаңашыл әдіс-тәсілдерді саралай, зерделей келе жасалғаны анық.

Авторлық жобаның тиімділігі:

Салыстырар болсақ, оқыту кезеңіндегі шығармашылық жұмыстардың дәстүрлі оқытуғы шығармашылық жұмыстардан ерекшелігі, айырмашылығы келіп шығады. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Дәстүрлі оқытуда

оқушы – оқу құралы- мұғалім

Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
-Жалпыға бағытталған тапсырмалар. -Тапсырманы ұсынушы,орындалуына талап етуші -Тексеруші,бақылаушы,бағалаушы, қорытындылаушы.	Тапсырмаларды қабылдаушы Мұғалім басшылығына сүйенген обьект. Тыңдаушы,келісуші, қайталаушы.

Технологиялық оқытуда

мұғалім – оқу құралдары- оқушы

Оқушы іс-әрекеті	Мұғалім іс-әрекеті
-Оқушы-оқыту субьектісі -мақсатқа дербес өз іс-әрекетімен жетуші белсенді субьект -Өзін-өзі және бір-бірін оқытушы. -Өнерпаз,жасампаз еңбектің иесі -Өз ізденісімен табысқа жетуші Шығармашылық тұлға	- Жеке тұлғаға қарай бағытталған тапсырмалар ұсынушы,нақты мақсат қоюшы. -Бағыт-бағдар беруші,кеңесші. -Оқушының жетістігін құптаушы -Ынталандырушы, мақсат қоюшы -Мақсаттарға жетелеуші

Күнделікті сабақтағы әдіс-тәсілдермен Қ.Бітібаеваның технологиясын салыстыру

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу,жетелеу мұғалімге де жаңаша ізденісті талап етеді.Бұл «Ой тастау, Ойланту, Ойлау» технологиясынның талаптарын терең меңгерген зерттеуші, ізденуші, жаңашыл мұғалім ғана алдындағы шәкіртіне терең білім беріп, қабілетін,дарынын дамыта алмақ. Енді оның түрлеріне түсінік берейік.

Технологиялар: Дамыта оқыту технологиясы; Ұжымдық оқыту технологиясы; Проблемалық оқыту технологиясы; Жобалап оқыту технологиясы; Модульдік оқыту технологиясы; Даралап,саралап оқыту технологиясы; Интеграциялық оқыту технологиясы; СТО технологиясы.[1]

Жоғарыда аталған технологияларды көркем шығармаларды оқытудың кез келген түрлеріне қолдануға болады. Атап айтсақ: Әңгіме жанрын оқыту; Ертегілерді оқыту; Батырлар жырын оқыту; Лириканы оқыту; Поэма-дастандарды оқыту; Драмалық шығармаларды оқыту; Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылығын оқыту; Публицистикалық шығармаларды, эпистолярлық жанрды оқыту; Шолу сабақтарын оқыту; Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту; Аталған оқытудың түрлеріне негізделген шығармашылық жұмыстарды жүргізудің тиімділігін көрсетуге болады.

- оқушылардың дербес ізденісіне, білімді өз бетімен алуына пәрменді ықпал жасау;
-оқушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіру;
-олардың қабілеті, дарын, шығармашылық бейімін дамытуға түркі жасауы;
- шығармашылық тұлға қалыптастыруға әсері,жеке бас ерекшеліктерін жан-жақты дауытуы;
- оқушылардың өзін-өзі тануы мен «Мен» менталитетін жетілдіруге жағдай жасауы;

Өлеңді осындай *дамыта оқыту әдіс-тәсілдермен,* жаттанды іс-әрекеттерге сүйенбей,оқушылардың жеке басын дамыту арқылы әрі іздендіре,әрі ойландыра отырып ,білімді өз ізденістері арқылы алуды қамтамасыз ету керек. Нәтижесінде,баланың танымдық іс-әрекеті,ойлау белсенділігі,тапқырлығы, тез шешім жасау әрекеттері дамиды,білімді өз беттерінше алудың жолдарын үйренеді.

Қорытындылай келе, жалпы оқыту технологиясын қай түрін мұғалім алса да, қандай әдіс-тәсіл, сабақ типтері арқылы өтсе де,ең алдымен, өлеңнің мән-мағынасына қарай дұрыстап оқи отырып, талдаудан бастау керек деп ойлаймын.Сонда оқушыларды лириканы сүюге,түсінуге, оны өз еріктерімен оқуға, өмірлік сырлас досы етуге талаптандыру оқытудың басты мақсаты болып табылмақ.

Қ.Бітібаеваның«Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы бойынша дамыта оқыту тұлғаның барлық қасиетін тұтас бірлікте дамытуға негізделген. Осылай оқытудың барысында оқушылардың ойлау,байқампаздық қабілеті жетіледі. Ашық пікір қорғауға талпынады, шығармадағы басты ойды түсінуге,талдауға ұмтылады. Өзін-өзі бағалай білуді пікір түрінде алмастыра алады.Тұлғаның өзіндік үні «менің ойымша», «егер мен болсам»,т.б.түрде қалыптасады.Мұның өзі оқушыны ойландырады, тақырыпты терең түсініп, мән-мағынасын ашуға қызығады, өз бетінше жұмыс істеуге ұмтылады, өзіне деген сенім артады.Шығармашылық қабілеті дамиды.

Бүгінде «Ой тастау, ойланту, ойлау»технологиясын дамыта отырып оқыту үрдісін қамтамасыз ету үшін оқушылардың ойлау қабілеттерін, қиялын жетілдіріп шыңдауда жазушы Ж.Аймауытовтың «...Өз ойлап таппаған білім жан қуаттарын жетілдіре алмайды»деген пікірмен толық келісе аламыз. «Заманауи білім беруде Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағылымы» тақырыбында баяндама жасап, ұлағатты ұстаздың оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынғанын, ғалым-ұстаздың, әсіресе, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқушының өз еңбегімен білімді алуға жағдай жасап, шығармашылық қабілетін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы, 2019

Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы» Алматы, 2019

С.Әбішқызы, К.Құдайбергенова, Б.Баймұхан «Қазақтың Қанипасы» Алматы «Білім» 2005ж

https://bilimdiler.kz/ustaz/21922-k.-bitibaevanyn-okytu-tehnologiyalaryn-paydalana-otyryp-adebietti-okytu.html

https://ult.kz/post/bitibaeva-okulary-dasturge-aynalady

Бадисолтанова Айсулу Амановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Үлкен Нарын ауылдық лицейі» КММ мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»,-деп Жүсіпбек Аймауытов өткен ғасырда айтқан екен. Ұстаз күнделікті сабақты қызықты өткізіп,қиыннан қиыстырып, бала жүрегіне жол таба білуі керек. Әр ұстаз алдында отырған балаға сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білімді жүйелі де терең, қызықты беруге тырысады. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топтажұмысжасайбілу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы өзінің «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты еңбегінде де «Білім беруді, тәрбие беруді ізгілендіру, сайып келгенде, мектепке де, оның мұғалімі, оқушысына да сеніммен қарау деген сөз. Шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымақтастық, әр ұстаздың шәкіртке өзіне тәуелді,өзінен төмен орындаушы деп қарамауы, оны білім мен тәрбие алудың обьектісі ретінде ғана санамауы, ең бастысы, әр шәкіртті бас бостандығы өзіндегі егеменді елеміздің болашағы, соның бір азаматы деп тануы деген сөз» деп айтып кеткен сөзі қазіргі жаңартылған білім мазмұнына қарай дәл айтылған пікір деп айтсам, қателеспеспін. Қанипа Омарғалиқызы өз еңбегінде айтып кеткен ізгілендіру идеясы мен қазіргі жаңартылған білім мазмұнының идеясы бір-бірімен өте ұқсас. Қанипа Омарғалиқызы ізгілендіру идеясында оқытудың ұтымды тәсілдері ретінде мына мәселелерді:

білім, тәрбие беру, әрі дамыта оқытудың кешенді мақсатын жоспарлау. Оқыту мақсатын нақтылау;

берілетін білім мазмұнының логикалық жүйесін сақтай отырып, ең негізгі, түйінді дәнді бөліп ала білу, негізгі ұғымдарды анықтау, соны оқушыға игертудің жолдарын іздеусабақ құрылымының да нақты жағдайларға байланысты ең тиімді деген кезеңдерін таңдап ала білу;

әдіс-тәсілдердің тиімділерін, нақты жағдайға байланысты нәтижелі деген түрлерін таңдап алу;

жалпысыныптық, топтық, жұптық, жеке оқу түрлерін үйлестіре пайдалану, нақты жағдайға байланысты саралап ала білу;

тиімді, қолайлы оқу жағдайынтуғызу,-деп атап көрсетсе, ал жаңартылған оқу бағдарламасында да дәл осы мәселелер оқу бағдарламасының өзекті мәселелері болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды, қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан – жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру- сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу. Кез келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, ө зәрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады. Осы орайда тағы да ойымызға Қанипа Омарғалиқызының «Әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді»,- деген сөзі еске түседі. Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақты түрлендіріп, оқушыларды ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге дағдыландыру қазіргі жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшелігі. Сыныптағы оқушының тек өзіне тән ерекшеліктері мен белсенділік деңгейін бақылау аса маңызды. Бұл мәселені құнттап, қолға алу-шынайы жетістіктер кепілі. Осы орайда төмендегі сұрақтарға көңіл аударған жөн:

әр оқушының өзіндік, ешкімге ұқсамайтын жақтарын тануға назара удару;

баланың қолайсыздық сезінбеуін ойластыру: арнайы тапсырма беру немесе тапсырманы орындау барысындағы түрлі қасиеттеріне мән беру арқылы бақылау;

бақылау нәтижесін баламен жұмыс барысында, сабақ құрылымын жүйелеуде пайдалану.

Міне, осының барлығын біз Хан апамыздың оқыту тәсілдерінен тауып, үйрене аламыз. Мен өз тәжірибемде Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқытудағы технологияларын пайдаланамын. Оның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы»атты оқулығындағы Абай мен Мұқағалидың лирикаларын меңгертудің жолдарын, поэтикалық талдаудың үлгілерін пайдаланамын. Әңгіме,хикаят, роман жанрларын оқытудың сабақ үлгілерін қараймын. Қанипа Омарғалиқызының «Абай жолын»оқытудың технологиясы мен әдістемесі жоғарғы сыныптарда жұмыс жасауда өте тиімді тәсіл болып келеді Сондай-ақ, қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» әдіс-тәсілдері де Хан апамыздың әдіс-тәсіілдерінде бұрыннан бар екендігін көріп отырмыз. Қанипа Омарғалиқызының әдіс-тәсілдерін пайдалануда балаларға тек қана білім беріп қана қоймаймыз, өмірдің ең керектісі –жақсы тәрбие ұрығын себеміз.

Сөз соңында айтарым, ұлы педагог деуге тұрарлық Қанипа омарғалиқызының мына бір сөзін әр ұстаз өз ұраны етіп алса, артық болмас дер едім: «Мақсатым-сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар –пікір айтушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін». Еліміздің болашағы- жас ұрпаққа берілер шынайы білім мен тәрбиені бүгінгі күннің талабына сәйкестендіріп, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға үлесімізді қоса берейік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы: «Рауан»,1997
2.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.
3.Жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибелері. – Алматы, 1991.

Ернісова Гүлтас Ернісқызы
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Катонқарағай ауданы
бойынша білім бөлімінің
«С.Ластаев атындағы орта
мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ-ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.

Ыбырай Алтынсарин

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып, үйретететін мейірімді абзал жандар.

«Мұғалім мамандығыбарлық мамандықтың анасы» демекші,ұстаз алдынан т әрбие алмайтын жан жоқ.Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де - бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ол туралы аңыз да, аңызға бергісіз шындық та молынан айтылды. Аңызы оның шәкірттері мен әріптестері көк пен жердің арасындағы көгілдір сағым сынды қиял-ғажайып кейіпкерге айналдырып жіберуінде».

(«Қазақтың Қанипасы»215-бет)

Бұл - білікті ұстаз ККСРО ҚР Халық ағарту ісінің үздігі, Н.К.Крупская медалінің иегері,КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, білім беру ісінің үздігі, өткір тілді өр мінезді Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева еді. Жасөспірім талабынқанағаттандыратын, ұлтымыздың ұстанған тәрбие бағытымен сәйкес келетін тәрбие жүйесін іске асыру да ұстаздың басты міндеті болды. Ұстаздың білімділігі, оның абырой-беделі оның шәкірттерінен көрінді. Қанипа Омарғалиқызы осынау ұлы жолды бала күнінен аңсап, алдындағы шәкірттерінің көзінен үміт отын көруге ынтық болған жандардың бірі болды. Бойжеткен студенттің алдында екі жол болды:бірі курстас достарымен аспирантураға түсіп,ғылым жолына бетбұрыс болса, енді бірі ауылда қалған ата-анасының жағдайы, туғандарына деген сағыныш болды.Сағынышпен қатар келетін сезім -туысқа деген бауырмалдық ұстаздың өмірінің соңына дейін жапырақ жүрегінің әр соғысынан байқалғаны сөзсіз.

«Ата -анаммен ақылдасуға мамыр айында үйге келдім. Әкем үйді жаңалап көтеріп жатыр екен.Сол бір көрініс күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді. Үй төбесінде тұрған әкем мені көріп жылап жіберді. Қолқабыс етер баласының жоқтығы, жалғыздықтың арқасына әбден бастқанын түсіндім... «Ойбай -ау жылағаны несі, мен институтты «беске» бітіремін, сендерді асыраймын,балалар оқиды,бәріне институт бітіртемін!»- дей бердім. Бұл алдаусыратқаным емес, берік байлауым, болашақтағы өмірімнің мақсаты мен мұраты еді...»(«Қазақтың Қанипасы» 16- бет)

Бала күнгі мұғалім болуға ұмтылған балаң арман педагогикалық оқу орнын бітірген жас ұстазды осылайша мектептің есігін мұғалім болып ашқызған еді. Алдындағы оқушыларын тек оқушы ғана емес, нағыз адам ретінде санайтын Қанипа Омарғалиқызының бауырға деген махаббаты және әке қабірінің басында берген серті бүгінде әр отбасының ұйытқысы болып отырған сіңлілерінен көрінері сөзсіз, тек бір кем дүние: жалғыз бауыры Әділқұмардың дүниеден ерте кеткені өкініш , ұстаздың жүрегіндегі сағыныштың сыздатар мұңы еді.

Тарих ғылымының кандидаты, профессор Ғ.Қарасаев:«Қанекең -қазақ педагогикасындағы ерекше құбылыс. Оны «Ұстаздықтың Айша Бибісі» , «Домалақ анасы» деп кім айтпас?! Ол мұғалім мамандығын шыңға көтерді ,дәрісін тыңдап, сабағына қатысқандар, оны көптен білетіндер Шоқанды тәкаппар орыс зиялылары мойындағандай, «Педагогикадағы құбылыс», «Ұлы ұстаз» деп мойындағандары қашан!»деген еді. Бұл нағыз өмір шындығы болды. Ыбырай Алтынсарин «Ұлттық тәлім- тәрбиенің тағылымдарын мектеп өміріне түбегейлі енгізу керек десе ұстаз шығармашылығында бұл айқын көрініс тапқан. Оның әр сабағында сөз маржандарының сырын ғана шертіп қоймай, өмірдің ең қымбаттысы -жақсылық пени ізгіліктің ұрығын себеді. Өз сабақтарында адам бойындағы асқақ арман, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық, ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттеғкр туралы сырласады. Оқушылардың рухани дүниесі баииды, туған тілін сүюден елін, жерін, адамзатты сүюге деген құштарлықтарын оятады. Сөз өнерінің құдіретін түсіну, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, парасаттылық пен имандылыққа, сұлулыққа, әсемдікке тәрбиелеу болса, өз пікірін еркін жеткізуге бағыттау да ұстаздың басты принципі болды. Өйткені Қанипа Омарғалиқызы рухани-адамгершілік тәрбиенің мөлдір бастауы еді. Халық

педагогикасы, адамгершілік тәрбиенің маңызы ешқашан мектеп бағдарламасынан, ұстаздың сабақтарынан түскенемес. Егер біз Қанипа Омарғалиқызының сабағына қатыссақ немесе ол кісіден дәріс алсақ, осы пікірдің дұрыстығына көз жеткіземіз.Демек педагогика ғылымына жаңадан еніп жатқан бағдарламалар педагогтың сабақтарының негізгі өзегі болғаны белгілі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қабілетін дамыта отыра оқыту мектептен бастап жүзеге асырылса, онда қоғамнның әлеуметтік қажеттілігін өтейтін рухани бай тұлғаның қалыптасуына ықпал еткені дее сөзсіз. Ұстаздың бұл идеясы оқушы бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыруды ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеп, оның әдістемесін жасау мақсатын туғызды. Егер сабақтарында берілетін білімнің мазмұны мен әдіс- тәсілдері оқушының өзіндік әрекетінің субьектісі ретінде тануына мүмкіндік туғызса, онын жан- жақты дамуына бағытталса, онда бастауыш сыныптан бастап жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу толығымен жүзеге асады.

Халық педагогикасы сан салалы, оның мазмұны да бай.Оны халқымыз үзбей тәлім -тәрбие ретінде пайдаланса деген ұстаным педагогқа шабыт сыйлады. Халық педагогикасы үлгілері ертегілер, жырлар, аңыздар мен жаңылтпаштар, жұмбақтар мени санамақтар, халықтық ойындар менсалт-дәстүр мерекелері оның әдістемелік қоржынының басты құндылығы болды. Ертегілер оқушыны қиял әлеміне жетелесе, батырлар жыры мен лирикалық дастандар, термелер мен өсиеттер, бесік жырлары адамгершілік тәрбиесінің қуатты құралдары. Ол сабақтар оқушыларды батырлық пен өрлікке, халқын сүюге, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелейді, ұлтқа деген мақтаныш сезімін тудырады. Аңыздарда оқушыларды шыншылдыққа ,зұлымдықпен күресе білуге тәрбиелейді. Мақал- мәтелдер халықтың жиі қолданатын тәрбие құралы болса, ұстаздың әр сабағы осы дәстүрде басталатыны барлық шәкірттерге аян. Өйткені, оның мақсаты жас буынды еңбекті сүюге, адамгершілікке, достық пен бірлік сияқты құндылықтарға тәрбиелейді.

Оқушының бойында мінез- құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың бір-біріне қоғамға, айналасындағыларға, отбасыларын, ата -анасына құрметін қалыптастыру, олардың тұла бойына ұлттық дүниетаным мен ізгіліктің нұрын себу ұстаздың ұстаздық жолындағы басты ұстанымы болғаны сөзсіз. Балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру әр ұстаздың басты міндеті болса, ұстаздың ұлы жолын жалғасырушылар Қанипа Омарғалиқызын «Педагиканың Тәңіртауы», «Қазақ тілінің Хантәңірісі» деуі әбден орынды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.- Алматы: «Рауан», -1997
2.«Қазақтың Қанипасы»-Алматы: «Білім»,-2005
3.«Қазақ тілі мен әдебиеті»журналы 1994 жыл №5-6

Имашева Зада Кыдырхановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Көктерек орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі білім беру жүйесінің міндеті-ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау жәнесөз сөйлеудегі шешендігі мен шеберлігі қалыптасқан, өзіндік пікірі айқын, белсенді тұлға тәрбиелеп шығару.Бүгінгі жас ұрпақ-еліміздің болашағы,сенімін ақтайтын тірегі.Сондықтан әр ұстаздың алдындағы мақсаты-оқушының шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, құзырлы тұлға ретінде дамуына жағымды орта қалыптастыру болып табылады.

Дәуірдің дара ұстазы Қанипа Бітібаева қазақ мектептерінде оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған жаңашыл мұғалімнің бірі.Ол- оқыту үрдісінде тұлғаның рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке тұлғаның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. Қ.Омарғалиқызының әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары-тұлғаны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қ.Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығында лирикалық өлеңдерді,эпикалық және драмалық шығармаларды жаңа технолгогиялармен оқыту баяндалған.Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары, поэтикалық талдаулардың үлгілері,сабақ өткізудің технологиялық картасы, шығармашылық жұмыстар берілген. Қазіргі инновациялық қолданыстағы «модель», миға шабуыл», «постер жасау» терминдері ұстаздың білім беру әдіс-тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін көре аламыз. Ұстаздың «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «...әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы-жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді...Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге жетелейді...»,-дейді.

Мектеп қабырғасында оқытылатын барлық пәннің ішінде әдебиет қана адам көңіл-күйінің кестелі суретін салады. Әдебиет сабағы жеке тұлғаның рухани әлемін, ойлау қабілетін,сана-сезімін, тілін, шығармашылық қабілетін қалыптастыруда ерекше орын алатын пән. Сондықтан ол-ұлттық құндылықтың көзі, адамдықтың сабағы. Қанипа Омарғалиқызы: «Әдебиет пәнінің әр сабағын асқақ, арман,әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласусабағы десек те болады.Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі баийды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді»,-деп айтқанындай әдебиетті пән ретінде ғана қарамай, ата-бабаларымыздан жеткен ұлттық құндылық ретінде де қарауымыз керек.Себебі, адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасы- сөз өнерін, оның құдіреттілігі мен ерекшелігін халқымыздың «Көркем өнері», «Өмір оқулығы» деп

бағалауымыз қажет. Біздің, қазіргі мұғалімдердің, басты бағыты- ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жас ұрпақтың бойына сіңіру,мағыналы, өнегелі тәрбие беру. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты- көркем шығармаларды оқыту, жан-жақты, жүйелі талдау.Әдебиет пәнінің маңыздылығы: оқушыларды шығармашылық пен ізденімпаздық бағытында оқыта отырып, олардың сөз өнері құдіреттілігін бағалауға, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беруде,дүниеге көзқарасын, мінезін,жалпы мәдениетін қалыптастыруда және мәдениетке, өнерге жақын болып өсулеріне жол ашатын тұлға тәрбиелеп шығару.Алайда оны оқытудың тиімді жолдарын іздену әдебиетші мұғалімдерден үлкен шеберлікті талап етеді.

Әдіскер ұстаздың «Ой тастау,ойланту,ойлау» технологиясы бүгінгі күні оқушыға субъект ретінде қарау, құзыреттілік дағдыларын қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар,тұлғаның сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту, дарындылық көзін ашу, ғылыми жұмыстарға баулу мәселелеріне негізделген. Өз іс-тәжірибемде ұстаздың«Ой тастау,ойланту, ойлау» әдісін «Ф.Оңғарсынова шығармашылығы» тақырыбын өткенде қолдандым. Осы әдісті қолдана отырып, әр оқушыны жеке тұлға деп қабылдап, олардың бойындағы қабілеттерін ашуға түрткі жасадым. Бірінші кезеңде «Ақын әлемі» атты конструкциялық жобалау технологиясы бойынша түсінік беру нәтижелі болды.Әр оқушының алдында модель жатты.Онда берілетін білімнің ең негізі түйіні ұсынылды.Бұл-әрі ресурс, әрі көмекші құралы.Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуды мақсат еттім. Екінші кезеңде «Ақын жырларындағы аналар бейнесі» тапсырмасы бойынша оқушылардың зерттеушілік құзырлығын қалыптастыруды көздедім.Сондай-ақ іздендіру-зерттеу бағытындағы «Ақындар поэзиясының үндестігі» тапсырмасы беріліп, қазіргі кезең әдебиетінің ақындары:М.Мақатаев,К.Ахметова поэзиясындағы азаматтық сарынды салыстыру жұмыстары арқылы дәлелдеді. Бұл ретте ұстаздың «Ой тастау, ойланту» әдісіндегі алдын-ала тапсырма беру тәсілінің тиімділігі зор болды. Үшінші кезеңде «Фариза-сыршыл сұлулықтың символы» атты ой толғау, пікірлесуде оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне жол ашылды.

«Қазіргі жас буын өз заманының әдебиетін, буырқанған дәуірінің сөз өнерін, оның жан даусын білуі керек»,-деп Қ.Бітібаева айтқандай [7,3], біздің басты мақсатымыз: ұстаздың «Ой тастау, ойланту,ойлау» технологиясына сүйене отырып, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқытумен қатар оқушыларға ұлттық құндылығымызды таныту,рухани байлығымыздан өнеге алдыру. Сондықтан әдебиетті өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік табиғатын ашу, адам тарихымен тығыз сабақтастығын айқындау арқылы ұрпақ санасына сіңіруіміз шарт. Оқушыларды шығармашылыққа ұмтылдыру, олардың жан-жақты дамып жетілуіне және қабілетті тұлға шығаруда ұстаз еңбегінің маңызы зор.Ондағы іздендіруге,зерттеугенегізделген тапсырмалар- құзыретті тұлға қалыптастырудың көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.БітібаеваҚ.О. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы, Рауан. 1997 ж.

2.Бітібаева Қ. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту». Алматы,Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад.Респ.баспа кабинеті, 2000 ж.
3.Бітібаева Қ.О. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары». Алматы, 2009 ж.

Кыдырканова Алия Кыдырканқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Үштөбе негізгі орта мектебі» КММ
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі заман-білімділер заманы.Білім беруді жаңғырту,сапалы білім беру жаңа Қазақстанның инновациялық,индустрияландыруды дамуының негізі болуы тиіс.Қазіргі таңда білім беру саясатының міндеті-жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп,оны тұлғаның, қоғамның өзекті де,өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. Олай болса білім берудің заман ағымына сәйкес тиімді жолдарын таңдау,заман талабына сай оқыту технологиясын пайдалана отырып,сапалы білім беру мұғалімдер қауымына жүктеледі.

В. Г. Белинский: «...ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі тұтас тағдыры тұр», - деген екен.Ия расында да, ұстаз - болашақтың тұтқасы, жас ұрпақты тәрбиелеу, жан-жақты білім беру, жас ұрпақ бойына білімді, әдетті, дүниетанымдылықты,өмірге деген өмірлік мақсатын қалыптастырушы басты тұлға.

Сыни көзқарасы қалыптасқан,өз ойын,пікірін толыққанды жеткізе алатын білімді азаматтарды даярлауға Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның технологияларын сабақта пайдаланудың тиімділігі өте жоғары десек те болады. Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы-оқушыға білім ғана беріп қоймай, ізденімпаздыққа, білімділікке бағдар берудің прогрессивтік қадамдарының бірі.

Әдебиет сабағындағы ең бірінші мәселе оқушының көркем туындыны қабылдауы, жете түсінуі,оны жанына жақын қабылдауы. Олай болса ең бірінші міндет сабаққа дұрыс мақсат қоя отырып,дұрыс ұтымды әдіс тәсілдерді таңдай білу.Ол үшін мұғалім көркем шығарманы дұрыс бере білуі қажет, яғни дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқуы, дұрыс түсінік беруі, көрнекіліктерді эстетикалық талғамға сай жасай отырып,тиімді пайдалануы қажет. Бұл мұғалім тарапынан көп жұмысты қажет етеді. Әдебиетті оқытуда мәтінді мәнерлеп оқу, көрнекілік әдіс, өздік жұмыс, зерттеу әдісі, проблемалық баяндау әдістерінің алар орны басқа әдістерге қарағанда тиімді. Қанипа Омарғалиқызы әдеби шығарманы талдауда осылардың ішінде :сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, практикалық әдіс, зерттеу әдістерінің алар орны ерекше екенін атап көрсетеді. Оқушы берілген көркем шығарманы сипаттай отырып, білімді қалыптастырып, оқушыны сабаққа жетелеудің, қызықтырудың бір сатысы екендігіне назар аударады. Сол сияқты әдеби талдаудың бірнеше сатысын ұсынады,олар:

1.Жазушы идеясын анықтау
2.Бас кейіпкерлер іс-әрекетін салыстыру
3.Жазушы стиліне талдау жасау
4.Көркем шығарманы тарихи шындықтармен салыстыра қарастыру
5.Талданған шығарманың әр түрлі нұсқасын қарау
6.Екі шығарманы салыстыру

Осы әдеби талдаудың негізде әр сабақты талдау оқушыны көркем шығарманы толық игеріп қана қоймай, өзіндік ой пікірін толық жеткізуге дағдыландырады және көркем әдебиетті оқуға деген құштарлығы артады. Мысалы талдаудың бірнеше сатысына тоқтала кетсем: көркем шығарманы тарихи шындықпен салыстыра оқыту.Әдебиет пен тарих егіз десек,артық айтқандық емес.Әдебиетті оқи отырып,өз тарихымыздың бастауы әдебиетте жатқанын анықтаймыз.Кез келген көркем шығармада тарихтың бір оқиғасы көрініс табады, кейіпкері сомдалады. Мысалы 9-сыныпта Бұқар жырау Қалқаманұлының «Ай,Абылай,Абылай» жырын алатын болсам, жырау басты кейіпкер Абылайдың ел басқару саясатын,жорықтарын суреттей отырып, оның асыл бейнесін жасады. Абылай бейнесін талдай отырып,ел ертеңі болашақ оқушыларды Абылайдай ел басқарып,елін артынан ерттіре алатындай азамат етіп тәрбиелеуге, Абылайдың асыл қасиеттерін дарытуға тырысуға болады. Немесе «Біржан мен Сара» айтысын алатын болсақ, айтыста сол тұстағы қазақ әйелдерінің бас бостандығы мәселесі, ескілікке шырмалған мықты тор, ескі әдет-ғұрып, адамгершілік пен әділдік мәселесі көрініс табады. Айтыстың бас кейіпкері Сараның тағдыры,жақсылар мен жайсаңдардың адамгершілік қасиеттері мен келеңсіз іс-әрекеттерінің жайын талдап, баға бергіздіре отырып, болашақта «ана, әйел, қарындас» ұғымының қоғам үшін,өзіміз үшін ұлы ұғым екенін, «ана» өмір бастауы екеніндігін көз жеткізуге болады. Айтыста Біржан халқымыздың ұлы ақыны Абайды дара,дана тұлға ретінде бейнелеп,оны өз дәуірінің ұлы перзенті ретінде бағалап көрсетеді. Мысалдарда көрсетілгендей әр тақырыпты толықтай Қанипа Омарғалиқызының әдеби талдауымен талдасақ, біз үшін құнды, тәрбиелік мәні зор мұра үлгілерін алуға болады. Сондықтан әр сабаққа дұрыс дайындық жасалып, дұрыс талданса, оқушы үшін сабақтың бере мәні де көп болмақ.

Қанипа Омарғалиқызы былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар-пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін»,- деген. Әдебет пәні-тәрбие бастауы. Олай болса,біз: әдебиетшілер қауымы, жасөспірімдерді өз Отанын сүюге,өз елінің тарихын,әдебиетін құрмет тұтуға,туған жерін құрметтеуге,ел болашағы үшін адал қызмет атқаруға,жақсылық жасауға асығатын білімді болашақ тәрбиелеуге басты назар аударуымыз керек. Ол-біздің басты міндетіміз болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.БітібаеваҚ.О. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы, Рауан. 1997 ж.

2.Бітібаева Қ. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту». Алматы,Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад.Респ.баспа кабинеті, 2000 ж.

3.Бітібаева Қ.О. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары». Алматы, 2009 ж.

4.Бітібаева Қ, Г. «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы». Өскемен қ

3-БАҒЫТ
тәрбие бағыты үшін
«Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ»

Умытбаева Ляйля Кыдырхановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
«Катонқарағаай ауданының білім бөлімі» ММ
аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі,
орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ұрпақтардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына қазақтың сөз өнерін оқытатын ұстаздардың ролі зор. Осындай ұстаздарымыздың бірі- Қанипа Омарғалиқызы. Бүкіл ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған ұстаз жас ұрпақты ана тілінің нәрімен сусындатты, оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыра отырып қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда өзіндік ізденістерімен, жаңашылдығымен үздік нәтижелерге қол жеткізді.

Қанипа Бітібаева - оқыту үрдісінде баланың рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. Ұстаз өзінің мол жұмыс тәжірибесін шәкірттерге қазақ тілі мен әдебиетінен білім, тәрбие беруден түйген пікірлерін, қазіргі мектеп бағдарламалары жөніндегі ой-жалғастарын ортаға салып, республикалық және халықаралық басылымдарда да жариялап отырған.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді.

Өзінің әр сабағында ақын-жазушылардың шығармаларын талдай келе, әрбір оқушының сана-сезіміне ой тастап, оны ойлануға, салмақтап ақылға салуға тәрбиелейді. «Оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін»-дейді Қ.Бітібаева. Оқушының өз ойын айтуға үйрету. Сен қалай ойлайсың? Сен дұрыс айтасың?- дей келе, ұстаз өзінің әрбір сабағында тек қана шығарманың мазмұнын ғана танытып қоймай, жағымды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін баланың бойына сіңіруге тырысты. Оны талдай отыра жақсыдан үйреніп, жаман қылықтардан аулақ болуға шақырды.

Қазақтың Қанипасы: «Абай сөзі -халық сөзі, Абай тілі- Алаш тілі»,- деген пікірден таймады. Кремльде КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған кезінде де ешкімнен тайсалмай: «Отан-туған тілден басталады»,- дегені соның айғағы. Академик З.Ахметов: «Егер еліміздегі әрбір ұстаз Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас еді» -деп айтты. Бұл ұстаздың мемлекеттік тілдің көркеюіне орасан зор үлес қосқанына берген құнды баға. Ұстаз ең бірінші кезекте жас ұрпақты өз ана тілін, халықтың тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеп, қадірлеуге шақырды. Ана тілін-ұлттық қазына, ал әдебиетті-өнер деп оқытты.

Ұстаз кез келген ақын-жазушының шығармаларын оқыту барысында берілетін білімнің ішінен ең негізгісін, түйінін сұрыптап алып оқушыларға жеткізудің тиімді тұстарын таңдап алады да, ақынның, жазушының өмірлерін өнеге етіп, адамгершілік қасиеттерге, өз елінің тілін, өнерін, тарихын, әдебиетін құрметтеуге баулиды. Елінің бай тарихы мен бүгінгі жеткен рухани жетістіктерін терең сабақтастықта қарастыра отырып, ұстаз ұлттық құндылықтарды көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытуда пікірталас, тәрбие сағаттарын, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттарын пайдалана отырып, жаңашыл ұстаз өз пәндерін адамгершілік-эстетикалық тәрбиемен тоғыстыра оқыттты. Мысалы сот сабағында сұрақ-жауап, түсіндірмелі әдістерді қолдана отырып, оқушыларды қызықтыру арқылы ынтасын арттырып, әділеттілікке баулып, жаманнан жиренуге үйретсе, концерт, әдеби монтаж және композициялық сабақтар арқылы оқушылардың дарынын, музыкалық қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамытып, оқушылардың эмоциясына әсер ету арқылы эстетикаға, сұлулықты, әдемілікті сүюге, өнерді бағалауға, түсіне білуге тәрбиеледі. Түрлі іскерлік ойындарын пайдалана отырып оқушыны тәртіптілікке, іскерлікке, белсенділікке бағыттады.

«Әдебиет- асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ -бос, өнімсіз сабақ»,-дейді Қанипа Омарғалиқызы. «Мақсатым-сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы ретінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру-деген болатын ұстаз. Яғни, оның бұдан жасар қортынды ұстаз баланы

еңбек етуге, тер төгуге, не нәрсенің болса да еңбек етпей қол жеткізуге болмайтынын ұғындырды.

Ұстаздың жаңашылдық шеберлігі, инновациялық әдістемесі мен ғылыми еңбектері ұстаздар қауымы, бізде үшін-сарқылмас қазына. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»-деп бекер айтылмаса керек. Қанипа Омарғалиқызы өз оқушыларын іздене білуге үйретті. Өйткені өзі үнемі ізденісте жүретін мұғалім өз шәкіртінің де үнемі ізденісте болуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың Білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2000.

2.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

Омарова Ботакоз Тулюбаевна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ю.А.Гагарин атындағы №3 орта мектебі»
КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ІС-ТӘЖІРИБЕМДЕ ҚОЛДАНУ

Шаң жуытпай алдыңдағы жолына,
Білім нәрін құйды оқушы бойына.
Тіршілікте қысқалығы қолының
Кіріп-шыққан емес оның ойына
Есіл-дерті - сабақ беру қызықты
Адам қылды талдай тентек, бұзықты
Ұжымыңа абыройға белсенді
Жарасымды мінезімен қызықты- деген өлең жолдарымен бастағым келеді.

«Әдебиет тек асыл мұратпен, таза ар-намыспен кіруге болатын зәулім сарай»,-деген ұлылылар сөзі бар. Шын сөз. Жалпы адамзаттың, әрбір жеке халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы айқындалған қымбат құндылықтар, биік адамгершілік, азаматтық, кісілік, Абай әспеттеген толық адамдық қасиеттердің сырын ашып, бағасын беретін, рухани асқарға жетелейтән асыл мұра – әдебиет, біз үшін – қасиетті қазақ әдебиеті.

Кемеңгер ұстазымыз Қанипа Бітібаева «Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы» деп айтқан сөздері бүгінгі біздің қоғам үшін өте өзекті, көкейкесті мәселеге айналып отыр. Әдебиет адам болмысына, оның жан-дүниесінің қалыптасуына әсер ететін құдіретті күшке ие болғандықтан, оның жас ұрпаққа білім беру ұйымдарындағы әдебиетті оқыту жайы ешкімді бей-жай қалдырмасы хақ.

Ал қазақ әдебиетін мектепте оқытудың шеберлігін шыңдап, сапасын арттыруға үлкен үлес қосқан, сол арқылы қазақ тілінде білім беретін ұлт мектебінің дамуына қызмет еткен талантты ұстазымыз, солардың ішіндегі бірегейі, өз ісінің хас шебері, ізденімпаз, шығармашыл, жаңашыл ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның орны ерекше, еңбегі ерен.

Осындай биік тұлғалардың тұлғаның қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болуында бір табиғи заңдылық бар. Сол анадай ардақты ана тілге деген, өлшеусіз қазына, халық тарихының көркем шежіресі, ой-санасының жарқын көрінісі туған әдебиетке деген перзенттік шексіз махаббат, жан қалауы, жүрек лүпілі Қанипа Бітібаеваны бүгінгі биіктеріне шығарды, оларды кейінгіге үлгі, жастарға тәлімгер «Ұлағатты ұстаз» атандырды.

Ұзақ жылдар Республикалық атаулы мектеп жетекшісі болып, өз саласындағы ғылыми – әдістемелік ойдың дамуына ықпал еткен Қанипа Омарғалиқызы – 70-тей ғылыми-әдістемелік мақаланың, ұлы Абайды, Мұхтар Әуезовті, Ғабит Мүсіреповті, жалпы әдебиетті мектепте оқыту әдістемесіне арналған 14 кітаптың авторы. Барлық атқарған ісін айтып тауыса алмайсың. Осы орайда ойыма ақын Зернебек Шілдебайұлының:

Шіркін бәрі Қанипадай тер төксе,

Қазақ тілі құрар мәңгі патшалық! – деген екі ауыз сөзімен түйіндеуге болар.

Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебитеін мектепте оқытудағы әдіс – тәсілдерін өз тәжірибемде қолданамын. Көркем шығарманы шеберлікпен үйлесімді түрде оқушыға жеткізіп таныстыру, шығармаға түпкілікті талдау жасау үшін бірнеше әдіс-тәсілдер легімен бөліскім келеді. Көркем шығармада қиын -қилы замандар, адамдар басынан кешірген оқиғалар, кешегі мен бүгінгі өмірі суреттеледі. Бұл туындыларды адамды баурап әкететін, рухани күш-қуат беретін, әсемдік әлеміне жетелейтін, махаббат лызаттына бөлейтін, бір сезім күштері бар. Сондықтан да біз оларды ерекше бағалап, осы сезімдерге бөлене отырып оқушыға жеткізіп, оларды осы негізде өз ойларын Қ.Бітібаеваның сөзін келтіргім келіп отыр: «Мақсатым оқушылармен бірге көркем мәтінмен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғануына, пікір айтуына ықпал ету, көркем шығармаға деген көзқарасын, эстетикалық талғамын тәрбилеу, сөз құдіретін баяндау, түсіндіру жолымен білдіру емес,ондай інжу-маржанды оқушының мәтіннен өзіне таптыру. Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, өз пікірін қорғаушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себептен де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» /Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары.А.1990ж./ Қандай тамаша айтылған сөз! Шынында солай емес пе?! Біз тек әңгімелеуші ретінде басты рөл атқармай оқушымен бірігіп, көркем шығарманың мазмұнына түбегейлі кіріп, жан-жақты өз ойларымызды айтып отырсақ, оқушының шығарманы меңгеруіне де, түсінуіне де зор ықпал жасар едік. Көркем шығарманы түсіндіріп, мазмұндап айта келе, оқушылардың тыңдау барысын тексеруде: «Осы айтқанымды енді қане шығармадан тауып алып, мәнеріне келтіріп оқып отырып, әңгіме желісінің ішіне

түбегейлі ендіріп те алуға болады. Мұның барлығы баяндауышының шеберлігіне байланысты».

Көркем шығарма -ақиқат өмірдің көрінісі. Онда нақтылы өмірдің ізі, сәулесі, шындығы барынша көрсетіліп, суреттеледі. Мұнда қайталанбас бейнесімен сомдалған кейіпкерлер әрекет етеді. Шығарманың мазмұны сол шығарманың бүкіл құрамында қалыптасып шындалады. Шығарманың құрылысы, сюжеті тіл мәнері соған қызмет істейді. Сондықтан да болар көркем шығарманы оның құрап тұрған көркем элементтерінсіз түсіну мүмкін емес.

Әдебиет сабағының өзіндік оқыту тәсілін талап ететін бір түрі – жазушы өмірбаянын оқыту. Бұл жұмыс көбіне олардың шығармаларын таныту үшін жүргізілетін кіріспе сабақтар негізінде болады. Ол сабақтың 5-6 минуттай уақытын алатын болуы тиіс.

Көркем шығарманы талдауда елеулі орын алатын жұмыстың бір түрі – шығарманың жоспарын құру. Бұл жоспарды құруда оқушылар өздеріне көркем шығарманың тақырыбын, мазмұнын, идеялық-көркемдік жақтарын ұғуға, оқиға желісін түсінуге жағдай жасайды. Орта буында көркем шығармаға жоспар құрудың 2 түрі бар. Бірі аналитикалық – мұнда мазмұнды түсінікті болған жағдайда, мазмұн желісіне қарай күрделі бөлімдерге бөлініп, әрқайсысына ат қойылады, әр бөлім бірнеше бөлімшелерге бөлінеді: екіншісі – синтетикалық жол. Бұл жерде бір күрделі ой жүйесіне қарай үзінділерге бөлініп оқылады да, үзінділерге ат қойылады.

Оқушыларға жоспар құрғызып үйретуде ескерілетін бір жай: композициялық жоспарды үзінділерден гөрі тұтас шығармаға құрғызып үйрету қолайлы. Көркем шығармаға жоспар құрып үйрету арқылы оны оны талдау оқушыға жеңіл түспек және шығарманың композициялық ерекшелігін таныту. Көркем шығарманы талдауда сол шығарманың идеясына, мамзмұнына, көркемдік ерекшелігіне, жазылу стиліне байланысты нақтылы дауыс сазын, оқу қарқынын құбылта отырып оқып талданса, шығарма терең тұрғыдан меңгерілетіні кімге болса да аян. Көркем шығарманың кішкентай клеткасы – сөз. Шығарма сол арқылы өрбіп, көтеріледі. Сондықтан мазмұндауда, оқуда, талдауда әр сөзіне мән беріліп отырып, түсіндірілуі қажет.

Қанипа апамыздың оқытудағы әдіс-тәсілдерін бойыма сіңіре отырып, білімді шәкірт дайындағанда оқушының зердесіне жеткізу, бойына сіңіртіп, сол алған білімін шәкірттердің дағдысына айналдыру, іс-әрекетінде кәдеге жарата білу, үйрете білу керек екенін білдім. Мұны жүзеге асыру жолдарын меңгеріп, оны дұрыс қолдана білудің өзі де бір өнер деп ойлаймын.

Қазақ әдебиеті пәнін қалай оқыту керек? Бұл сұрақ қазіргі кездегі ең өзекті мәселе, себебі, қазақ әдебиетін қазақ тілінде жүргізу үшін оны тереңірек беріп, жүйелі түрде оқушыларға жеткізу жодарын табу жөн. Ол үшін мына жолдарды қолдану керек. Біріншіден, қазақ әдебиеті пән ретінде анықталуы керек. Екіншіден, әдебиетті оқытуда мақсаты мен міндетін қоя білу керек. Үшіншіден, орыс мектебіндегі оқушыларға қазақ әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды қолдана білу керек.

Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқыту әдістерін басшылыққа ла отырып түсінгенім: «әдебиет сабағы – ол ерекше әлем, онда оқушылар тек қана

жазушының шығармаларымен танысып қана қоймайды, әр оқиғаның ішінд жүргендей сезініп, сонымен қатар бір-бірімен, мұғаліммен қарым-қатынас жасайды. Бұл қарым-қатынас адамдардың бір-бірне баға беруін, өз ойын дұрыс жеткізуін, қазақ тілінде сауатты сөйлеуін, қазақ халқының салт-дәстүрлерін білуін және әдеби кітаптарды бос уақыттарында оқуына қызығушылын арттыру білу деп ойлаймын».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997

2.Әбішева С., Құдайбергенова Г. Қазақтың Қанипасы: Ұстаз портреті.- Астана: Б.ж., 2004.

3.Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал.- Алматы: Мектеп, 2002.

4.Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. - Өскемен: Б.ж., 1994.

Кентпаева Толкын Кайдаровна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы «Дарынды балаларға
арналған Жамбыл атындағы облыстық
мамандандырылған мектеп-гимназия
интернаты» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қанипа Омарғалиқызы - қазақ педагогикасының көрнекті тұлғасы, ұстаздықты абырой шыңына шығарған біртума тұлға. Ұстаз тұлғасы туралы көзі тірісінде тұлғалы адамдар мен белгілі қайраткерлер өте жоғары баға беріп, жылы лебіздерін білдірген болатын. Соның бірі тарих ғылымдарының докторы Ғани Қарасаев: «Қанекең – қазақ педагогикасындағы ерекше құбылыс. Оны ұстаздықтың Айша бибісі, Домалақ анасы деп кім айтпас? Ол мұғалім мамандығын шың биігіне көтерді, дәрісін тыңдап, сабағына қатысқандар, оны көптен білетіндер, Шоқанды тәкәппар орыс зиялылары мойындағандай, педагогикадағы құбылыс, ұлы ұстаз деп мойындағандары қашан!», - деп ұстаз тұлғасына тән ерекше қасиетті атап көрсетеді [1].

Қанипа Омарғалиқызы – ғалым әдіскер, жаңашыл ұстаз. 200-ге жуық ғылыми-әдістемелік мақалалардың, 40 кітаптың, 10 естеліктің авторы. Ол қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін, технологиясын дамытуға айрықша үлес қосты. Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, бүгінгі күнгі әдебиетке дейінгі оқу бағдарламасын, оқу құралдарын жазды. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты үш кітабында осы мәселелер сөз болады.

Оның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығы негізінен жоғары оқу орнына арналған. Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен Қ.Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқулықтарынан кейін араға 30 жылдан астам уақыт салып барып жарық көрген бұл оқулықты бүгінде республиканың барлық оқу орындары, ұстаздары пайдаланып келеді. Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен екінші рет қайта басылуындағы басты себебі де оның ұстаздардың сұраныстарына жауап беруінде, маңыздылығында деп ойлаймыз.

Автор оқулықта алдымен, әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясының мына мәселелеріне ерекше көңіл бөледі:

- Педагогика ғылымының соны жетістіктері сапынан орын алып келе жатқан тиімділік (оптимизация) идеялары негізінде сабақ мақсаттарын бірлікте қарастыру.
- Әдіс-тәсілдер мен оқу жүйелерінің тиімді деген түрлерін сұрыптап алу, әрі оны ұтымды пайдалана білу.
- Берілетін білімнің ішінен ең негізгі мәйегін, түйінін нақты бір жағдай, нақты білім беру кезеңдеріне орай сұрыптап, бөліп алу, негізгі ұғымдарды анықтау, оларды оқушыға жеткізудің нәтижелі жолдарын іздестіру.

Оқулықта ұстаздың ұзақ жылғы жаңашыл ізденістері теория мен тәжірибемен ұштастырыла беріледі. Әдіскер ұстаз көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелері мен технологиясын, әдеби шығармаларды талдау жолдарының оңтайлы әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Қанипа Омарғалиқызы әдебиетті тереңдетіп оқытудың проблемасымен айналысты. Оқулықтар, оқу бағдарламаларын, оқыту технологиясын жазды. Әдебиет алыптары Абай мен М.Әуезовтің адамзат баласына қалдырған мәңгі асыл мұраларын тереңдетіп оқыту жолдарын іздеді. Оларды оқыту туралы Республикада тұңғыш оқу құралдарын, кітаптар жазды. Бұрын оқу бағдарламаларында кірмей жүрген хас таланттарды қазіргі кезең әдебиетінің бір топ өкілдерін арнайы зерттеп, оқулық әрі әдістемелік бағдарламалар жазды.

Қанипа Омарғалиқызы 7 сыныпқа арналған оқулықтың авторларының бірі. 12 жылдық білім беру ісіне де ат салысып, 12 бағдарлама жазды. Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет пен мәдениеттің бір бөлшегі ретінде оқытудың да алғашқы дәнін септі. Қазіргі кезең әдебиетіндегі ірі тұлғаларды оқытудың бағдарламасын, әдістемесін жазды. Сондай-ақ оқушыларды ғылыми ізденіске жетелейтін «Ғылым әліппесі» атты оқулық-дәптер де бұрын қолға алынбаған тың еңбектер қатарында.

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі. Парасатты педагогтың қазақ әдебиетін терең, жан-жақты тануға, оны оқыту мәселелерін өрістетуге арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары әркез зиялы қауымды сүйсіндіріп келеді. Сондай еңбектерінің бірегейі - «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» атты оқу құралы [2]. Бұл еңбекке дейін қазіргі қазақ әдебиетін мектепте оқыту мәселесі мүлде қолға алынбаған еді. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін өте қажетті дүниені тереңінен қозғап, әдебиетіміздің 1960 жылдарынан 2000 жылдарына дейінгі аралықтағы қазіргі қазақ әдебиетінің белді өкілдері шығармашылығын сөз етеді.

Бұл еңбекті қазіргі кезеңдегі әдебиетті мектепте оқытудың негізгі оқулықтарының бірі деп айтуға болады. Себебі өте ауқымды күрделі кезең әдебиетін 1 тарау «Тарихи романдардағы халық, ел тағдыры, тұлғалы адамдары, азаттық үшін күрес», 2 тарау «Қазақстан, әдебиеттегі буырқанған ғасыр, қоғамдағы жаңғырулар, рухтағы жаңарулар лебі», 3 тарау «Әдебиеттегі махаббат, достық, табиғат, экология проблемалары, ондағы жаңа ғасыр лебі» деп үлкен бөлімдерге бөліп, осы тақырып айналасында ақын-жазушылардың шығармашылығын топтастырып, әрқайсысына талдау жасайды.

Мұғалім мен оқушыға негізгі оқитын, баса көңіл бөлетін мәселені көрсетіп, мол материалды бір жүйемен жинақтап, дайындап береді. Еңбектің құндылығы - оқушыға нанымды мысалдармен өріліп, әрі қонымды, әрі түсінікті жазылуында. Кітапта энциклопедиялық мәліметтер саралау, талдау жолымен, өз жаңашылдығымен дараланады.

Еңбекте қазіргі қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасы, әдістемесі мен инновациялық технологиясы қоса берілген. Тағы бір жаңалығы - бұрынғы оқу бағдарламаларына енбеген, бірақ сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп жүрген көрнекті қаламгерлер туындыларына орын бергендігі.

Әдіскер-ұстаздың көзі тірісінде жарық көрген 44 кітабы теориялық әрі практикалық тұрғыдан ғылыми-әдістемелік жан-жақтылығымен бір бірінен асып түседі. Автордың кітаптары үнемі сұранысқа ие болып келеді. Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі ұстаздар қауымы мен студенттердің үлкен сұранысымен жарық көріп, таптырмайтын құнды дүниеге айналып отырғанына куә болып келеміз.

Қанипа Омарғалиқызына 90-шы жылдардың басында-ақ халық «жаңашыл ұстаз» деген лайықты бағасын берген болатын. Кеңестік кезеңдегі педагогиканың аумағынан шығып, үнемі тың ізденістермен жаңа формадағы сабақтар өткізіп, жаңа тәсілдерге құрылған сабақтарын республикаға тарататын. Қанипа Омарғалиқызы – қазақ педагогикасына реформа жасаған жаңашыл әдіскер-ұстаз. Сол кездің өзінде-ақ былай деп айтатын: «Баға қайдан шығады, оқушының білімі, іскерлік дағдысы, талабы, дарынын қалай бағалау керек деген мәселе – кезек күттірмейтін мәселе. Сол «5» балдық жүйемен жүре береміз бе, баланы бағаға жегіп қою дұрыс па, басқа да қандай жол бар деген сұрақтар да әлі шешімін таба алмай келе жатыр», - деп оқушы білімін бағалау мәселесін көтеретін [3]. Бұл мәселе қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі критериалдық бағалау жүйесінің бір бөлігі емес пе?!

Елімізде білім беру саласында болып жатқан түбегейлі өзгерістер жайын сол кездің өзінде-ақ ұстаз өте көрегендікпен айтып, ұлттық мектептердің проблемасы жайлы қатты толғанатын. «Соңғы кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны түсінікті. Білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа тастап, алға жылжып келеді. Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру», - деп білім беру саласына қатты алаңдап, мұғалім мен оқушы тұлғасына ерекше мән беретін [3]. Бүгінгі таңда айтып жатқан Рухани жаңғырудың бір негізі - ұлттық код мәселесі Қанипа Омарғализы

еңбектерінің негізгі арқауы болатын. «Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі», - деп ұстаз жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру үшін, ең алдымен әр халық өзінің салт дәстүрі мен түп тамырын білуі қажет деп ұқтыратын.

Ұстаз 1990 жылдары әдебиетті тереңдетіп оқытудың авторлық сыныптарын ашты, бағдарламасын жасап, оқу құралдарын жазды. Республикалық атаулы мектеп ашып, ұланғайыр еңбек етті. Айналасына дарынды ұстаздарды шоғырландырып, оны Республикалық ғылыми-әдістемелік атаулы зертханаға айналдырды. Өмірінің соңғы сағатына дейін мектепте бала оқытып, республиканың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан мұғалімдерге кеңес беріп, өзінің ғылыми-әдістемелік лабораториясындағы қыруар жұмыстарды атқара жүріп, қаншама оқулықтар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын жазып қалдырған жанкешті еңбегін айтып жеткізу мүмкін емес еді. Республикалық бірнеше ғылыми-әдістемелік журналдардың ақылдастар алқасының мүшесі болды. Өзінің атаулы зертханасы ғылыми-әдістемелік лабораториясы негізінде республика, облыста бірнеше филиалдары жұмыс істеп, олармен қызу жұмыстар жүргізді.

Ұстаздың педагогикалық еңбек жолындағы биік тұлғасы, өзіндік ұстанымы, жаңашылдық шеберлігі, инновациялық әдістемесі мен ғылыми еңбектері – ұлттық білім беру ісінде мәңгілік сарқылмас қазына.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қарасаев Ғ. Ұстаздықтың Хан апасы. – Өскемен: Медиа-Альянс, 2005. 216 б.
2.Бітібаева Қ.О. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. – Семей: 2007. - 143
3.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. -Алматы, «Рауан», 1997. – 282 бет.

Муканов Бек Шынгазинович
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№27 орта мектебі» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сөзің жатыр қазақтың даласында,
Ізің жатыр Өскемен қаласында.
Алланың берген бағы осы емес пе?
Айналған ана тілдің анасына

Аслан Ғафуров

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерде айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе

нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі Сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздықова т. б. ғалымдар зерттеді. Кеңестік орыс тіл білімінде сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін Л. В. Щерба, В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, Р. И. Аванесов, С И. Ожегов, Ф. П. Филин т. б. зерттеді.

А.Байтұрсынов: «Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөз сол адамның тілі болады. Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп түзу – тіл қисыны деп айтылады». А.Байтұрсынов «Тіл-құрал» еңбегінде сөз талғау мәселесі бойынша: Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне,көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды. Сөз өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

- ❖ Сөз дұрыстығы. Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады.
- ❖ Тіл тазалығы. Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.
- ❖ Тіл анықтығы. Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады.
- ❖ Тіл дәлдігі. Тіл дәлдігі – ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады.
- ❖ Тіл көрнектілігі. Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады.

Адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты.

Оқушылардың тілін дамыту негізінде баланың сөздік қорын дамыту, жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйрету ең басты мақсат. Оқушылардың тілін дамыту барысында сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен күрделі ой, күрделі ойдан әңгіме, шығарма құрастыруға дейін сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға, айтқанын жазбаша түрде жеткізе білуге дағдыландыру жолындағы әдістерді қажет етеді.[1.233-237 б.б.]

Жоғарыдағы А. Байтұрсыновтың тұжырымы бойынша оқушылардың тіл қисыны әр түрлі қалыптасады. Көрсетілген кесте бойынша олықтарды анықтап, жүйелі тіл ұстарту жұмысын жүргізсе жақсы нәтиже көрсетуге болады. Бүгінгі күні әлеуметтік тіл білімінде жастардың сөйлеу әрекеті жеткілікті түрде зерттелмегендігін ескере келсек, қазіргі оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру өзекті тақырып болып табылады. Қоғамда мектеп оқушыларының да өзіндік орны бар. Демек, осы әлеуметтік топ өкілдерінің тіліне назар аудару әр адамның азаматтық борышы.



Ауызша тіл дамыту әдістері мынадай жүйеде жүргізіледі:

1. Ауызша суреттеп сөйлеу әдісі

Табиғат көрінісін, суреттен көргенін, көрмеден, түрлі мәдени орындардан алған әсерін, жанды - жансыз заттарды көз алдында тұрғандай етіп суреттеп баяндауға дағдыландырады. Суреттеп сөйлеуге баулуда оқушы жауапкершілігі артады. Себебі бір нәрсені суреттеуде, сол заттың белгілері мен ерекшеліктерін айтуда оқушы әр ұғымның атауын іздестіріп, сөздік қорын байытады.

2. Мәтін оқу әдісі

Мәтін оқу ауызша, жазбаша, тіл дамыту жұмыстарына ортақ категория. Мәтін оқу, мәтінді мазмұндау оқушы тілін дамыту жұмыстарының әдіс - тәсілдерінің бірінен саналады.

3. Ойдан әңгіме, өлең шығарту әдістері

Оқушылар қиялға өте бай келеді. Сондықтан оқушыларға өз қиялдарынан шағын әңгіме, ертегі айтқызып, өлең шығарту жұмысы жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытады. Оқушы тілін дамытуда жазбаша жұмыстар басты роль атқарады.

4. Жазбаша жұмыстарды:

1) Хабарлау

2) Баяндау

3) Әңгімелеу әдістері түрінде жүргізуге болады.

Оқушы тілін дамытуға еркін тақырыптар ұсынуға немесе сұраққа жауап бергізу арқылы да әңгіме жаздыруға болады. Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі – шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат – оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой-өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады.

Сөйлеу мәдениеті деген – ең алдымен әдепсіз, көргенсіз сөздерді қолданбау.Әсіресе, оқушылардың ауызша тілін, сөйлеу мәдениетін, шеберлігін арттыруда пікірталас, айтыс сабақтар, баспасөз конференциясы, брифинг, көзқарас сабақтарының маңызы ерекше.

Оқушылардың көркем тілін дамытуда, тіл байлығын жетілдіруде сөздік жұмыстары сондай-ақ сөз тіркестері мақал-мәтелдермен жұмыстың маңызы зор. Тіл

ұстарту деген – ең алдымен сөзбен жұмыс, тіл байлығы деген – ең алдымен, оқушының сөздік қорының молдығы, екіншіден, сол мол қорды орынды, тиімді, әрі көркем етіп пайдалана білуі. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда әр түрлі сөздіктермен жұмыстың пайдасы ерекше зор. Түсіндірме сөздіктер, әсіресе, көркем шығармаларды оқуда, соның ішінде тарихи тақырыпта жазылған шығармаларды оқуда, оқушыға бірден-бір көмек болып табылады. Сондай-ақ, фразеологиялық сөздіктер, термин сөздер сөздігі де ауадай қажет, 5-8-сыныптар оқушыларымен әр сабақ сайын сөздік жұмысы жүріп отыруы керек. Көркем шығарманы әдеби талдау алдында, мәтінмен жұмыс кезінде, міндетті түрде сөздік жұмысы жүргізіледі. Сабақтан тыс уақыттарда да оқыған көркем шығармалары бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп келуі тапсырылып, сол бойынша сыныптан тыс оқуларда,қосымша сабақтарда әр түрлі жұмыстар атқарылуы тиіс.

Ал қазақ халқының тіл келешегі мектеп оқушыларында. Бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көңіл аударарлық көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде екенін байқауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, «жаңағы», «әлгі», «немене», «неғып», «мысалы» деген сияқты басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен диалектілермен сөйлегенді сән көреді.

Осы тақырыптың аясында 8 ә сынып оқушысы Рафисова Раминамен бірлесе «Оқушылар тіліндегі кірме сөздер» - деген жобамызды қалалық ҒТК ұсындық. Бұл жобадағы басты мақсатымыз оқушылардың сөйлеу мәдениетіне көңіл бөліп, ғылыми жетекшімен бірлесе сөйлеу мәдениетімізді жүйелі қалыптастырудың нақты өлшем бірліктерін құрып шығу. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын төте жол күрделі де маңызды мәселеге жоспар жасауды дағдыландыру. Қ. Бітібаеваның көркем мәтінді оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аударып отыру керек. Оған қысқа тұжырымды тақырып қойып, тақтаға немесе дәптерге жаздырук керек.

1. Негізгі маңызды мәселелер баяндалатын абзацтарға көңіл бөліп, оған ат қойғызады
2. Эпизодтарға бөлгізеді. Композициялық құрылысын анықтатады.
3. Оқушыларды рет-ретімен жүйелеп, сол бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатады.
4. Шығарма оқу, талдау алдында оның ең негізгі түйінді дәні жазылған көмекшіөнұсқауды іліп қою тиімді. Себебі жоспар жасауда оқушы оны басшылыққа алады.

Педагогика ғылымының докторы И. Нұғыманов пен З. Қашқынбаева: «Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады» – десе, Ш.Беркімбаева өз мақаласында былайша тұжырымдайды: «Қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу…»

Жазушы Ә. Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды… Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады,

олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды… Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар», – десе, И. Нұғыманов: «Оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Ортаның әсері; а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді, ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл), б) пән тілінің нормаларын жақсы меңгермеген мұғалімнің әсері;

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы);

3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңғылдық, т.б.)» – деп көрсетеді.[2.160-163 б.б.]

Сондай-ақ М. Балақаев, Т. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, Ш. Беркімбаева, Н. Уәлиев тағы да басқа ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, оқушы жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептері деп, төмендегілерді атауға болады:

Көркем әдебиет оқуға деген оқушылардың қызығушылығының төмендігі. Тіл мәдениетіне жастарды тәрбиелеу көркем әдеби шығармаларын көптеп оқумен байланысты. Көркем әдебиетті аз оқитын адамның сөздік қоры аз болады, соған орай олардың сөйлеу мәдениеттілігі мен өз ойын логикалық баяндауы да төмен екендігі байқалады;

- ❖ Мәдени орталықтарға бару, ол туралы пікірлесудің өте сирек кездесетіндігі;
- ❖ Ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі;
- ❖ Тілдік ортаның әсері;
- ❖ Тіл мәдениетін қалыптастыруды тек қазақ тілі сабағына міндеттеп, басқа пәндерді бұл мәселеден мүлдем бөліп тастаушылық;
- ❖ Бастауыш сыныпта казақ әліпбиін терең меңгермегендігін ескермей, орыс тілі, шетел тілі пәндерін қосып үйрету. Бірнеше тілді игеру ауыр тиетіндігіне көңіл бөлінбеу;
- ❖ Кей мұғалімдердің өздерінің тіл мәдениетінің төмендігі. Мұғалімнің оқушы алдында сөйлейтін сөзін ешбір оқулықпен айырбастауға болмайды. Оқушы мұғалімді тыңдағанда одан білім алумен қатар сұлу, көркем, анық, түсінікті сөйлей білуге үйренеді;
- ❖ Отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы;

Мұғалімдердің көпшілігінің бұл мәселеге арнайы көңіл бөлмеуі т.б. «Тіл мәдениетіне жету жолы ұзақ әрі қиын» – дейді ғалым М. Балақаев.

Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі.

Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Қ.Бітібаеваның осы тұжырымға қатысты керемет айтылған сөзі бар «Әдебиет – өнер, тәрбие сабағы, ең алдымен әдебиет сабағы - ой сабағы, ойлану сабағы». Мектепте берілетін бүкіл білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту – тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап.[3.85-88 б.б.]

Қорыта келе, «Әдемі, әдеби сөйлеудің көзді бұлағы – кітап»,-демекші оқушының ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда кітаптың маңызы зор. Оқушының сөздік қорын, тіл байлығын дамытуда ұстазбен қатар ата-ананың тәрбиесі ерекше ықпал етеді.

Қандай пән, қандай сабақ түрі болсын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс.

Өкінішке орай, кейде басқа пән мұғалімдері тіл дамытуды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне тән мәселе деп қарап, оқушы тілін дамытуға онша көңіл бөлмейді. Оқушының ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек. Сондықтан мектепте түрлі әдіс-тәсілдерді, мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушының тілін дамытуға, тіл байлығын, тіл мәдениетін арттырып, тәрбиелеуге үлкен мән берген жөн.Ана тілді жетік білу, қастерлеу, ардақ тұту да осыдан келіп шығады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Байтұрсынов А. Тіл – құрал .1992. 233-239 б.б.

2.Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. №3(75) Шілде. 2013ж. 157-163 б.б.

3.Қанипа Б. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы Алматы 2019ж

4.Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (5-9 сыныптар). А.,2004.–50б.

5.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

Нугыманова Асель Каирбековна
Абай облысының білім басқармасы
Бесқарағай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Беген орта мектебі»
КММ қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлағатты ұстаз, көрнекті педагог, халықтың аяулы қызы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік мұраты – төл педагогикамыз бен

әдебиеттанудың еңсесін биікке көтеріп, мұғалімдер мен студенттер қауымының ой-өрісін кеңейтіп, тәжірибесін ұштау болатын. Қанипа Бітібаева – ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өз орны бар тұлға. Қанипа Омарғалиқызы - қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиясын төл ізденістерімен дамытып, ежелгі дәуір әдебиетінен қазіргі қазақ әдебиетіне дейін оқыту әдістемесін жазып шыққан ғалым-ұстаз еді. Ғалым-ұстаз М.Әуезовтің әдеби мұрасын оқыту мәселесіне «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» (1991), «Мұхтар Әуезов шығармашылығын оқыту» (1994), «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту» (2002) атты кітаптар жазып, әуезовтану іліміне қомақты үлес қосты. Бұрынғы авторлар жазушы мұрасын жекелеген тақырыптар аясында оқыту мәселесін қарастырса, ұстаздың М.Әуезов шығармаларын оқытуға арналған осы үш еңбегі ұлы жазушы шығармаларын тұтастай оқытуға арналған алғашқы еңбектері. Қанипа Омарғалиқызы Абай туындыларын оқытуға негізделген – екі, Мұхтар Әуезов шығармаларын оқытуға бағытталған – үш кітап жазды. Бұлар – іргелі еңбектер санатына енген, ұлттық білім беру саласын байытқан туындылар. Әдіскер-ұстаз осы әдіснамаларында кеңестік кезеңде қалыптасқан Хәкім хақындағы қасаң түсініктердің қалыбын бұзуға күш салды. Республикада алғаш рет құрылған өзінің авторлық сыныптарында «Абайтану» курсын оқытты. Қазақтың Қанипасы оқытқан Абай – идеологиялық идол емес, ұлттық идея идиалы еді. Ол: «Абай сөзі – халық сөзі, Абай тілі – Алаш тілі» деген тұжырымнан таңбады. Кремльдің Свердлов залында КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған сәтінде де ешкімнен қаймықпай: «Отан – туған тілден басталады» дегені соның дәлелі.

Ұлы Абайды ұлт болып ұлықтап жатқанда Хәкімнің мұраларын зерделеп, шығармаларын жас ұрпақтың санасына сіңіруге саналы ғұмырын сарп еткен, абайтану саласына салмақты үлес қосқан, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның да еңбегі еленуі керек екенін айтқым келеді.

Қанипа Бітібаева – ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өз орны бар тұлға. Ол – «Құрмет» орденінің, «Ы.Алтынсарин» төсбелгінің, бүкілодақтық Н.Крупская медалінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Республиканың «Ең үздік» ұстазы, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Шығыс Қазақстан облысының, Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы». Оның 200-ге тарта ғылыми-әдістемелік мақаласы, 41 кітабы жарық көрген. Ғалым-ұстаздың іс-тәжірибесі жөнінде бірнеше оқу фильмі түсіріліп, 2004 жылы «Дәуірдің дара ұстазы» атты кино-очерк жарияланған.

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық жолы туған жері Тарбағатай ауданының Ласты ауылындағы мектептен басталады. Семей қаласындағы Н.Крупская атындағы педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімін 1968 жылы үздік дипломмен бітірген жалынды ұстаз мектепте «Жас қалам» әдеби-драмалық үйірмесі негізінде шағын театр құрып, оқушыларға біліммен қатар эстетикалық тәрбие беруге талпынды. Қанипаша айтқанда: «Әдебиет – өнер, тәрбие сабағы. Ең алдымен, әдебиет сабағы – ой сабағы, ойлану сабағы», сондықтан ол сөз өнеріне баулу мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарын тұтастыра жүргізді.

Мұғалімдіктің алғашқы жылдарында-ақ өзі жабдықтаған «Орта мектептер үшін әдістемелік кабинеті» бүкіл Тарбағатай ауданының тәлімгерлеріне тәжірибелік ғылыми-зерттеу орталығы болды десек, артық болмас.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап өмірінің соңына дейін Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернатында еңбек еткені мәлім. Жамбыл мектебі мен Қанипа есімі егіз ұғымға айналды.

1980 жылы ұстаздың «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» атты іс-тәжірибесі республикалық теледидардан берілген «Шапағат» хабарында талқыланды. 1983 жылы Қазақ КСР Оқу министірлігі мен республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институты тарапынан оның «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу-тәжірибесі арнайы плакат ретінде шығарылып, республика ұстаздарына таратылып, «Әуезов шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелері» атты тәжірибесі сараланды. Осы кезден бастап Қанипа Омарғалиқызының Абай ілімін, М.Әуезов шығармаларын оқытудағы өзіндік жолы, шығармашылығы қалыптасты.

Жаңашыл ұстаздың өз пәндерін адамгершілік-эстетикалық тәрбиемен тоғыстыра оқыту тәжірибесі жоғары бағаланды. Педагогика саласындағы ерен еңбегі үшін Қанипа Бітібаеваға ҚазКСР және КСРО ағарту ісінің үздігі медалі, 1990 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы табысталды. Ол осы атақты мұғалімдер арасынан Кеңес Одағында 5-інші, ал Қазақстанда 1-інші болып иеленді. Осындай үздік ұстаз туралы сол кезде «Халықтық білім» («Народное образование») журналының тілшісі Л.Красновский, «Мұғалім газетінің» («Учительская газета») тілшісі С.Синицкая құлаш-құлаш материалдар жазды.

Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытындағы ізденістері мен іс-тәжірибелері орасан зор. «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиеттану», «Абайды таныту», «М.Әуезов – мектепте», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиет оқулығы», «7-сынып әдебиетін оқыту әдістемесі», «5-9-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту», «10-11-сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту» сияқты бірнеше кітабы және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқулығы республикалық ЖОО оқытушылары мен мектеп ұстаздары үшін бірден-бір таптырмайтын көмекші құралға айналып отыр.

1991 жылы 19 мамырда Қанипа Бітібаеваның ғылыми әдістемелік атаулы мектебі ашылып, оның жетекшілігімен ұстаздар «Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесін» жетілдіруге атсалысты. Сол жылы «Қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту» бағдарламасын әзірледі. Жоғары оқу орындарындағы педагог мамандарды оқытуға арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі, технологиясы» атты екі оқулығы да жоғары және орта білім беру жүйесіндегі сабақтастықты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Осы үшін республикамыздың бүкіл педагогы Қанипа мұғалімді «аға ұстаз», «ұстаздардың ұстазы» деп құрмет тұтты.

Парасатты педагогтың іс-тәжірибесі Шығыс Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарында ғана емес, өзі барып тәжірибе алмасқан АҚШ, Моңғолия, Мәскеу, Қытай сияқты елдерде де сарапшылардың сынынан сүрінбей өтті. Ол ұлттық

педагогикамызды, қазақ әдебиетін әлемге танытты. Сол сапарлардан бірнеше ЖОО-ның «Құрметті профессоры», Аризона штаты Тусон қаласының «Құрметті азаматы», Моңғол Халық Республикасының «Даңқты ұстазы» атақтарын алып қайтты. Оның оқулықтары мен оқу құралдары қазірге дейін Моңғолия, Түркия, Қытай, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресейдегі қазақ мектептерінде пайдаланылып келеді, еңбектері ЮНЕСКО көлемінде де танымал. Осының барлығы саналы өмірін халыққа қызмет етуге арнаған ардақты ұстаздың қайраткерлік қырларын айшықтай түседі.

Өткен ғасырдың 70 жылдары ғылым мен тәжірибені ұштастырып, үздік нәтижеге қол жеткізген Ш.Амонашвили, Ю.Бабанский, Ю.Львова, В.Шаталов сынды әлемге белгілі орыс ғалымдарымен тең атаның ұлындай тепсіне пікірлескен Қанипа Омарғалиқызының еңбекшілдігіне, қажыр-қайратына, ыждағатты ізденімпаздығы мен сүйікті ісім деген жанкештілігіне қалай таңғалмайсың!?

Балаға білім мен тәрбие беру ісін шеберлікпен ұштастыра білген Бітібаеваның талантына бас иген академик Г.Марчук, көрнекті педагог-ғалым Ю.Бабанский, әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішев, педагог-ғалым Ж.Наурызбай, КСРО Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиевтер толымды пікір білдірді. Академик З.Ахметов: «Егер еліміздегі әрбір ұстаз Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас» деп сенім артса, профессор Мекемтас Мырзахметов: «Қанипа – туыстан артық туысым, рухани туысым» деп жанына жақын тартты. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы болар.

Ш.Амонашвилидің дәстүрлі оқытуды оқушылардың саналы түрде білім алатын ынталы ортасына айналдыру, Ю.Бабанскийдің оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың мүмкіндіктеріне сай жүргізу арқылы нәтижеге бағыттау сынды әдістерін ілгерілетіп, өзіндік философиялық қағидаларын негіздеді. Қ.Бітібаева оқушыларға ұсынған ой салу, ойлау, ойландыру, бір шешімге келу идеясын оқыту зертханасында терең зерделеп, өзіндік білім беру технологиясын түзді. Ой салу – ұстаздан, ойлану – шәкірттен, ойласу – оқушылардың ұжымдық шешім және жеке уәж айтуынан тұрады. Қазіргі таңда қолданылып жүрген балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, деңгейлік оқыту бағдарламалары, ондағы оқушыларды ынталандыру, жігерлендіру, өз-өзіне баға қою, баламен кері байланыс тәсілдерін Қанипа апай сонау 1992 жылы пайдалана білген. Ұстаздың педагогикалық шығармашылығы өзектілігін ешқашан жоғалтпайтыны сондықтан.

Қанипа ұстаз: «Мені ұстаз етіп қалыптастырған – шәкірттерім» депті бір сөзінде. Қазір ұстаздың авторлық сыныптарын бітірген шәкірттерінің 30-ы – ғылым кандидаты, 6-ауы – филология және педагогика ғылымдарының докторы, 70-ке жуығы – облыстық пән олимпиадаларының бас жүлдегері, 25-і – республикалық олимпиадалардың жүлдегері, апайдың ақын шәкірттері республикалық, халықаралық мүшәйралардың жеңімпаздары, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаттары. Кемел ұлттың негізін осындай дарынды, білімді, мәдениетті ұрпақ қалыптастырады десек, Қазақтың Қанипасының еліміздің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Байтұрсынов А. Тіл – құрал .1992. 233-239 б.б.

2.Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. №3(75) Шілде. 2013ж. 157-163 б.б.

3.Қанипа Б. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы Алматы 2019ж 184-188 б.б.

4.Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (5-9 сыныптар). А.,2004.–50б

Нұрсұлтанова Нұргүл Бегайдарқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Р.Мәрсеков атындағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ЖАҢАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Бүгінгі жаңарту бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды көбінесе өз ойын ашық айта білуге, өзіндік көзқарасын білдіруге бағыттап оқытып келеміз. Сондықтан да жоғарғы ойлау деңгейінде берілетін тапсырмалардың көбісі еркін ойлауға, өмірмен сабақтастыққа әкеліп тірейді. Осыған орай әрбір қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі өз оқушысын қалай еркін ойлауға үйретсем екен деп бас қатырып жүргеніміз де өтірік емес. Мен өзім бірнеше жаңаша оқытуға бағытталған диалогтық алаңдарға, семинарларға қатыстым. Мектебімізде өз әріптестерімізбен коучингтер, отырыстар да өткіздік. Сондағы байқағаным, көпшілігіміз оқушыға еркіндік беруден қиналамыз. Себебі, біз белгілі бір талаптарға, қағидаларға сүйеніп, оқушыға сол талаптарды үйретіп әлекпіз. Ал егер, Қ.О.Бітібаеваның дамыта оқыту технологиясына терең үңілетін болсақ, бұл технологияның дәстүрлі оқыту кезінің өзінде оқушыларды еркін ойлауға бағытталғанын көреміз. Өзімнің еңбек жолымды ұлы ұстаздың әдебиетті оқыту технологиясы арқылы бастап, оқытуда үнемі Бітібаеваның ұсынған әдіс-тәсілдерін қолданып келдім. Қазіргі жаңарту бағдарламасында тура сол әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың жаңашыл жолына бет бұрғандықтан кейбір әріптестерім айтқандай жаңарту бағдарламасына көшу мен үшін қиындықтар тудырды дей алмаймын.

«Сіздің өзгеруіңіз қажет, себебі әлемдегі барлық адамдардың ішінен– мұғалімдер ғана үзіліссіз оқудың бағасын түсінеді... Сіз әлемді өзгерту–жалпы өзгеріс болдыру үшін мұғалім болдыңыз... - деген С.Бичтің пікірі бүгінгі күнде әр мұғалім жадында берік ұстанатын қағидасын кезінде Қанипа апай да үнемі қайталап айтып отыратын еді. Себебі, қазіргі кезде білім беру саласында өте қарқынды өзгерістер белең алып отыр. Сондықтан қазіргі сабақтарда біз оқушылардың жеке қабілеттерін аша отырып, оларды өмірге бейім, өз ойын ашық жеткізе алатын, өзіндік көзқарасы бар, кез келген сәтте шешім қабылдауға дайын тұлғаны тәрбиелеуге бар мүмкіндікті жасауымыз үшін үздіксіз оқып, өзгеруіміз қажет. Бұл, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандарына түсетін үлкен жауапкершілік

екенін кезінде ұстазымыз үнемі қайталап айтып отыратын. Қанипа апайдың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясындағы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты әдістері оқушылардың өз бетімен ізденуіне, ғылыми зерттеу жұмысын жасауға негізделеді. Педагог ұсынған «Жобалау», «модельдеу» әдістері оқушыларды өз беттерімен жаңалық ашуға бағыттайды, оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қарастырылады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаздың «Билер кеңесінің отырысы», «Мен-зерттеушімін», «Пікір қорғау», «Кіші зертханадағы ғылыми кеңес», «Ұлылар үндестігі», «Жобалар сайысы», «Шешендік турнирі», «Консилиум», «Сөз жарысы», «Өнер жарысы», «Есеп беру сабағы» т.б. көптеген әдіс-тәсілдер оқушылардың еркін сөйлеп, өзіндік көзқарасын білдіріп, ойын ашық айтуға, өмірмен тұтастыққа, тіл қадірін ұғынуға жетелейді. Қазіргі оқыту дәстүрінде де біз оқушыларды осыған жетелеп, еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндеттерді шешу жағдайына тұлғаның ең басты функциялық сапаларын, яғни белсенділігін, шығармашыл тұрғыда ойлауын және өз бетінше шешім қабылдай алуын, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілігін, өмір бойы білім алуға дайын тұруын дамытуға жұмыс жасап келеміз.

Әлемнің түпкір – түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі болып табылатын сын тұрғысынан ойлау кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тауып Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Эльконин, Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектеріндегі ең құнды идеялары тоғысып, біріктіріліп әлемдің деңгейдегі оқытуда қолданылып жүрсе, біздің елде Қ.Бітібаеваның "Ой тастау, ойланту, ойлау" технологиясы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтін бірден бір жоба болды. Шульман /2007/ «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атап көрсеткен үш қасиет: бас – кәсіби түсінік, қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары, жүрек – кәсіби – өнегелілік тұтастық деп көрсетсе, Қанипа Омарғалиқызының өн бойынан осы үш қасиет көрініс тауып, алдындағы шәкірттерін табысты оқытуға жетелеген құзыретті ұстаз екенін тағы да бір рет дәлелдеп тұр.

Бүгінгі жас ұрпақтың кітап оқуға құлықсыз екендігін алға тартып, қазіргі компьютер мен түрлі техникалық құралдардың, әлеуметтік желілердің заманында оқушыларды қалайша әдебиет пәніне қызықтыруға болады? – деген сұрақ туындайды. Естеріңізде болса, бұрынғы кезде өзіміз кітапханадан шықпайтынбыз, оқыған шығармамызды жарыса айтып, мазмұндауға шебер болдық. Соның әсерінен 6-7 беттік шығарманы жазу сол кезгі ұрпақ үшін жеңіл болатын. Кейіннен ақырындап азая бастап, қазіргі күні 6-7 бет тұрғалы жарты бет эссе жазатын оқушы таппай қалғанымыз да рас. Ал, Қанипа апайдың алдынан шыққан оқушылары кітаптан бас алмайды. Мұның басты себебі де ұлы ұстаздың сабағының «жанды» болуында, шеберлігінде, мықты технологиясында. Қазіргі жаңарту бағдарламасының талабы да осында болып тұр. Яғни сабақты жандандыру. Табысты сабаққа қол жеткізу үшін оқушы қызығушылығын ашу, соған сай әрекет ету керек.

Мысалы, бүгінгі заманауи оқытуда барлығын толғандыратыны - эссе жазу. Эссе жазу үшін бастысы айтайын деген тақырып бойынша білімің, оны өзгелерге жеткізе алатын тілің, өзгелерді сендіре алатын дәлелің, өзеге ой салатын сыни пікірің, өзіндік көзқарасың болуы шарт. Сондықтан оқушыларды әдебиет сабақтарында көбірек эссе жазуға үйрету үшін тиімді әдіс – тәсілдерді іздеп бас қатырамыз. Ізденген мұғалімге әдіс –тәсілдер өте көп, әрине.

Мен өз тәжірибемде оқушыны сөйлетуге, өз ойын еркін көсіліп айтуға бағытталған Бітібаеваның жоғарыда атап өткен әдіс-тәсілдерді жиі қолданып отыруға тырысамын. Сонымен қатар қазіргі жаңашыл, креативті әдіс-тәсілдерге де жүгінемін. Мысалы, «РАФТ» әдісі, бұл әдіс-тәсіл қазіргі жаңарту бағдарламасында өте кең қолданыста. 6-сыныпта «Абайды оқы, таңырқа» бөліміндегі Абайдың «Жетінші қарасөзін» оқытудағы сабағымда қалай қолданғаныма тоқталып өтейін, сабақтың басында оқушылардан «РАФТ» әдісі бойынша «Бес нәрседен қашық бол» тақырыбына үйден жазып келген хаттарын оқытып, бір-біріне пікір айтқыздым. Оқушылар бұл жерде қазіргі уақытта өздері үшін нені үйреніп, неден жирену керектігін айтып, Абайдың өлеңінің негізгі идеясын қалай түсінгендіктерін ашып көрсетуге тырысты. Және де бір-бірінің жазған хатын берілген нақты критерийлер бойынша бағалап, сыни пікірлер де айтқызу - олардың ойларын еркін жеткізуіне жетелеген сияқты. Қарап отырсаңыз, атында ғана өзгеріс бар. Әйтпесе, Бітібаеваның «Көзбе-көз әңгіме» әдісі деп тура осылайша дәстүрлі оқытуда да қолданып келгенбіз.

Және де сабақ тақырыбын қазіргі оқытуда көбінесе оқушыға болжатамыз, «Болжау» арқылы да оқушыны сыни ойлауға мүмкіндік беруге болатындығы да ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» жобасында қарастырылған болатын. Бұл тәсіл оқушылар болжам жасай білуге, ойын дәлдей алуға жаттығатынын Қанипа Омарғалиқызы о баста айтып өткен еді.

Айта берсек қазіргі күнгі қолданып жүрген «Ассоциация», «ЖИГСО», «Венн диаграммасы», «Екі жақты күнделік», «Синкуейн», «Үш таяқша», «Академиялық дау-дамай», «Соңғы сөзді мен айтамын», «Еркін жазу», «Автор орындығы» т.б. сияқты әдіс-тәсілдердің көпшілігі Қ.Бітібаеваның оқыту технологиясымен тікелей астасып жатыр. Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан әр сабақты, яғни әр сабаққа бөлінген 45 минутты тиімді етіп ұйымдастыра білу ісі мұғалімнен ерекше творчестволық жұмысты, ойлы да зерделі еңбекті талап етеді»,- дейді. Бұл қазіргі әлемдік оқу үрдісінің басты девизі десек те болады.

Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында «Адами капитал – жаңғыру негізі» - деп мықты атап көрсеткен. Мұнда біздің алдағы уақытта тек жаңашылдықпен алға жылжи алатынымызды, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету

қажеттігін, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс екендігін атап өткен. Елбасының сөзін толық қолдай келе бүгінгі әр ұстаз алдымен өзін-өзі дамытудан бастау керек деп есептеймін. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Қазіргі заманда тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» дегендей сабақтар барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруына ықпал ете отырып, өзіміздің жерлесіміз, әлемдік оқу үрдісінің көш басында тұрған мақтанышымыз, жаңашыл ұстазымыз, Қ.О.Бітібаеваның тағылымы мол тәжірибесіне сүйене отырып, жаңашыл тұрғыда ұрпақтарды тәрбиелеуге барымызды салуға міндеттіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық

Хасенова Лязат Каукеновна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Х.Мұстафина атындағы мектеп-лицейі» КММ
мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАНУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОРНЫ

Мақсаты: Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының математика сабағының әр кезеңдерінде тиімді және ұтымды пайдалануды көрсету.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді.Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болып отыр.

Қ.Бітібаева іс тәжірибесінің ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді.Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы субьектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс-әрекетітұпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады.Демек «Ой, ойлану, барлық пәнде де керек ...» Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту,

ойлау» технологиясы бүгінгі білім беру үдерісінде білім алушы мен білім беруші үшін қатаржүретін жан-жақтылы технология деп айтуға әбден болады.

Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым-сабақты қызу еңбекке құру:сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру.Олар-пікір айтушылар, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [3, 7 б.]. Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды.Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Ұлағатты ұстаздың ұстанымы бойынша математика сабағында оқушылардың үнемі ізденіспен білім алуын талап етемін. Мәселен 5 сынып математика сабағы бөлшектер тақырыбы бойынша мұғалім, оқушы ізденісіне мысал келтіре кетсем:



Қ.Бітібаеваның ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіруге, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесіне үңілгенде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын-ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал-тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді. Өтілетін жеңіл тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға береді. Жеке-жеке оқып, екінші кезекте бір-біріне сыбырлай сөйлесе отырып айтады, осы іс-әрекетке жаттықтырған соң, келесі сабақтарда жұптар жұмыс істеп болған соң, өз қалаулары мен нәтижелерін өз таңдаулары бойынша басқа жұптармен бөліседі.

Мен математика сабағында Қ.Бітібаеваның технологиясын сабақтың әрбір кезеңінде кері байланыс алу үшін және жеке, жұптық , топтық жасалатын тапсырмаларды «Ой тастау», «Ойланту», «Ойлау» жинақ парақшасынан алып пайдалану мүмкіндігі беріледі.

«Ой тастау» қалташасында қызықты, білім алушыларды ұйымдастыратын, жаңа тақырыпты ашатын сұрақтар болады.

«Ойланту» қалташасында сабақ мақсатына байланысты әр түрлі ресурстар болады. Сол арқылы жаңа сабақты өздері меңгереді.

«Ойлау» қалташасында білім алушыларды шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар беріледі. Сол арқылы жаңа тақырыптың өмірде қолданысын түсінеді.

Қорыта келгенде математика пәнінде Қ. Бітібаеваның технологияларын әр сабағымда тиімді пайдалануға болатынына көз жеткіздім.

Технологияның нәтижесі тиімді және дұрыс болу үшін, пән мұғалімі төмендегіні ескеру қажет:

1.сабақтың құрылымын дұрыс қоя білу.

2.сабақ барысын технология негізінде дұрыс құру.

3.Оқушылардың жас,психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне мән беру.

4.Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға іздену жұмыстарын жасау.

5.Оқушылардың жауабына еркіндік беру.

Осындай технологиялар оқу-тәрбие жұмысында оқушының жеке басын дамытуға бағытталып отырады. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» - деген сөз бекер айтылмаса керек. Өйткені , өзі үнемі ізденісте жүретін мұғалім де, шәкірт те шығармашылықпен қызыға айналысады.Мектеп - рухани өмір ұясы, ал мұғалім оқу мен тәрбиенің мазмұны мен формасын тиімді тәсіл арқылы қалыптастыратын бірден – бір тұлға десек, осы нәтижеге жету үшін жаңа технологияларды оқып – үйреніп, пайдалана білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы:Екінші басылымы.-Алматы:Мектеп 2033.-336 бет

2.Абдрахманова Ж Қазіргі білім берудегі технологиялар Кембридж бағдарламасы-кәсіби кемелдену кепілі, «Оқытудағы инновациялық технология-білім беруді жаңа сапамен қамтамасыз етудің кепілі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Ақтөбе, 2013,-265-268 бет.

3.Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы.5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал.Бірінші кітап.-Алматы:Дәуір-Кітап баспасы,2012 жыл.-314 бет

Ибатаева Индира Айтахметовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-
лицейі» КММ қазақ тілі мен әдебиет пәні
мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУДІҢ КЕПІЛІ

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі: Әлемдік өркениетке қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызды. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларындағы қазақ әдебиетін оқытудың мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім және білікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызша сөйлеу және жазба тіл мәдениетін қалыптастыру», –

делінген [1, 26 б.]. Демек, бүгінгі қоғам өміріндегі дамумен қатар Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері болып табылуда. Жаңару бағыты терең білімді, ұлттық рухта және ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар негізінде жан-жақты жетілген жеке тұлғаны оқытып тәрбиелеуге, сонымен қатар ұлттық тарихи-мәдени, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымыздың аса маңызды мәселе ретінде жан-жақты зерттелуіне толық жол ашты.

Зерттеудің міндеттері:

-Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы нәтижеге жетудің кепілі

-Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсендіру-оқытудың маңызды факторы.-Мектепте тіл-әдебиетті оқытуда ұстаздар алдында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттың рухани саласын қалыптастыру, олардың әдебиетке деген құштарлығын ояту,әсемдікке баулу, шығармашылық қабілетін арттыру, ақыл-ойын, сөздік қорын, тілін дамыту міндеті қойылған.

Зерттеудің болжамы: Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзіреттілігіне тікелей байланысты.Оқушы үшін мектепте оқытылатын әрбір пәннің орны ерекше. Орта және жоғарғы сыныптардың қосымша бағдарламаларына Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының өмірі мен шығармашылығы жайлы енгізілуін және оқытылу жайын зерделеу; Шығармашылығын әр сыныпта озық технология арқылы оқытудың тиімділігін, тәсілдерін, құралдарын, қорытынды нәтижелерін ғылыми жүйеде көрсету;

Жетекші идея: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясын нәтижеге жету үшін қажетті әдістерді анықтау мектеп мұғалімдеріне жаңа әдіс-тәсілдерді игеруге, оларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының технологиялары- терең мазмұнды оқытудың тиімді әдістемесін ұсыну арқылы оқушылардың ізгілікті, адамгершілігі мол азамат болып өсуіне ықпал етіп, сапалы біліммен қаруланған ұлттық тұлға қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының әдістері: Педагогика, психологиялық, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау, сауалнамалар алу, бақылау жұмыстарын жүргізу, әңгімелесу, сараптау, салыстыру, қорытындылау әдістері пайдаланылды. Зерттеу мәселесіне қатысты ұсынылған әдіс-тәсілдер тәжірибелік байқаудан өткізілді. Ұстаз «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Абайды таныту», «Әдебиеттану» сынды 23 әдістемелік құрал мен оқулықтың, 70-тен астам мақаланың авторы. Әр туындының мазмұныайтуға, әдеби таласқа қалыптасуы, тілінің шебер де шешен болуы мен шығармашылық әлеуетінің артуы арқылы жүзеге асатындығын ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеді. Сонымен қатар ұлттық сөз өнерін оқытуда жаңаша көзқарас пен әрекеттің қажеттілігін, пәндерді интеграциялап оқыту

идеясын негіздей отырып, нәтижені функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттауды ұсынды. Сондықтан да Қанипа Омарғалиқызының шығармашылығы жаңашылдығы мен өзектілігін ешқашанда жоғалтпайтындығына сенімдімін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Өскемен қаласындағы жалпы білім беретін қазақ-орыс мектептерінде Қанипа Омарғалиқызының атындағы зертханалары ашылып, Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясын терең меңгертудің жолдары ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерделеніп, кешенді жұмыстың жүйесі жасалынды; Әдебиеттану пәні бағдарламасына сәйкес ақын, жазушылардың шығармаларын жаңартылған білім мазмұнына сай озық технологиялар арқылы оқытудың тиімді әдістемесі жасалып, сабақ үлгілері ұсынылды; Қазақ тілі мен әдебиет сабағында ақын-жазушылардың еңбектерін оқыту барысында нақты нәтижеге қол жеткізу, шығармашылық шешімге өз бетімен келе алу дағдыларына бағыттайтын әдеби жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылып, тиімділігі эксперимент арқылы дәйектелді.

Зерттеудің теориялық маңызы:

Зерттеу жұмысында – жаңартылған білім беру мазмұнына сай Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясын нәтижеге бағыттау арқылы, әдістемесі ғылыми-теориялық тұрғыдан әдіснамалық негізде сараланды; зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен педагогика ғылым салаларындағы оқыту технологиясы теорияларын жетілдіруге, оның әдіснамалық және ғылыми теориялық негіздерін кеңейтуге мүмкіндік береді;

Зерттеудің тәжірибелік маңызы:

Зерттеу мәселелері қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламаларын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдарын жасауда, қазақ әдебиетін оқытудың сапасын арттыруға көмегін тигізеді. Әдебиет пәні мұғалімдеріне, оқушыларға өз бетінше іздену, зерттеу, шығармашылық жұмыстарды орындау барысында әдістемелік құрал ретінде ұсынылады. Зерттеу еңбегінде берілген жұмыс түрлерін мұғалімдер білімдерін жетілдіру институтарында арнайы курстар мен семинарлар өткізуде пайдалануға болады. Бірінші кезеңде (2005-2006 жж.) ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы нақтыланып, Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы шығармашылығы туралы ғылыми-теориялық, зерттеу жұмыстары, әдістемелік материалдар жинақталып, сараланды; Бітібаеваның технологиясын орта мектепте оқыту әдістемесі қарастырылды; Эксперименттік жұмыстар жүргізетін мектептердегі сыныптар іріктелді. Эксперименттік жұмыстардың мақсаттары мен міндеттері айқындалып, алғышарттары белгіленді.

Екінші кезеңде (2007-2012 жж.) Бітібаева технологиясын меңгертудің негізгі іс-әрекеттері ұйымдастырылды; Оқушылардың ой белсенділігін арттыратын танымдық сұрау тапсырмалар,көркем шығармаларды оқытуда озық технология үлгілерін дайындап, оларды меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері іріктелді және сабақ барысында іске асырылды; Теориялық, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көрді.

Үшінші кезеңде (2013-2018 жж.) Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясын игерту кезінде әдістемелік жағы жан-жақты қарастырылып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымы, өз бетінше ізденімі, нәтижесі қорытындыланып, зерттеу дағдыларына талдау жасалынды; Көркем шығарманы оқып игертуге байланысты тәжірибе материалдары сұрыпталып, оқушыларға арналған жұмыстар мен тапсырмалар жүйесінің тиімділігі анықталды. Эксперимент нәтижелері жинақталды. Оқушылар арасында жүргізілген тәжірибе нәтижелері қорытындыланып, сараптаудан өткізілді.

Зерттеу жұмысының құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі және қосымшадан тұрады.

НЕГІЗГІ.БӨЛІМ

«Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы нәтижеге жетудің кепілі» тақырыбындағы жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мәселенің зерттелу деңгейі, мақсат-міндеттері белгіленіп, зерттеу әдісі анықталды. Ғылыми жұмыстың жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырым, жұмыс мазмұнының жариялануы және талқылануы баяндалды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы нәтижеге жетудің кепілі» Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі Бала жүрегіне ізгілік пен білімнің нәрін егіп, мамандығын мақтанышқа айналдыра білген, көзі тірісінде-ақ «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанған үлкен жүректі ұстаздың арамыздан кеткеніне де бірнеше жылдың жүзі болыпты. Саналы ғұмырын туған халқының асыл сөзіне, мұраларына ұстаздық жолы арқылы шәкірттерінің санасына ұялатты. Әлемдік ойдың данасы, қазақ халқының ұлттық мақтанышы Абайды әлемге танытқан Мұхтардың.ұлылықтарын дәріп-теді. Қазақ педагогикасындағы теңдесі жоқ ерекше құбылыс иесі - Қанипа Бітібаева. Ол қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін, технологиясын дамытуға айрықша үлес қосты. Оқыту процесінде баланың рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. [1] Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, Көшімбаевтардан кейін «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулық жазды. Республикамызда тұңғыш рет Абай, Мұхтар шығармаларын мектепте оқытуға арналған іргелі еңбектер еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздардың сұранысына ие болды. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі де Қанипа Омарғалиқызының тәжірибесінен өз орнын тапты. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алдыру, кітапқа деген ынтасын арттыру, халықтың рухани байлығын, әдебиетін жан-жақты игерту. Қ.Бітібаева әдебиетті "өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы" – деп біледі. Әдебиет сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы заман талабына сай өткізу қажет. Сондықтан да мұғалімнің шеберлігін, ізденісін, талап етеді.Қазіргі мұғалім жаңа технологияларды жан-жақты меңгерген, заман талабына сай болу керек. Яғни:

Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын; Педагогикалық өзгерістерге тез бейімделетін; Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; Білімді, іскер, шебер болу керек;

Қорытынды.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – эссені қолдана білу. Өз пәнімде эссені жиі қолданамын, оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды.Эссе - жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты: Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу. Эссе жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады. Қазіргі кезде эссе жазуға оқушылар төселіп келеді. Оның нәтижесін де көріп отырмыз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің күніне арналған облыстық «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты сайыста 8- сынып оқушысы Ғылыммедден Еркежан бас жүлде иеленгенін атап көрсетуге болады. Қазақ тілі сабақтарында сөз бен сөйлемді, тұрақты тіркес пен мәтінді меңгерту үшін оқушыға ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты,шешен жеткізе білуге жетелеу ұстаз тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде Қанипа Бітібаеваның «Ой салу-ұстаз тарапынан, ойлану-шәкірт тарапынан, ойланту-ұстаз тарапынан, шешімге келу-оқушы тарапынан болу керек» деген пікірінің психологиялық жағынан дұрыс тұжырым екендігін атай кеткен жөн.Өйткені таным үдерісі ұстаз бен оқушының бірлескен іс-әректі арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсендіру-білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді., өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары.А, 2009.

2.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А:Рауан, 1997, 284.

3.Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж.

4.Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. Семей, 2007ж.

5.М.Әуезов әңгімелері. “Абай жолы”А: Жазушы, 2003ж.

Муханжанова Айгүл Нығмеджанқызы
Алматы облысының білім басқармасы
Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімінің
«Рахат ауылдық округі №1 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Парасатты педагог, шығармашыл тұлға, орны бөлек озық ұстаз, барлық саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған парасатты жан – Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның білім саласындағы атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Қанипа Бітібаеваның бар мақсаты - төл педагогикамыз бен әдебиет пәнінің еңсесін көтеріп, құлашын кеңге жаю болатын. Ол қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиясын дамытып, оқыту әдістемелерін ұсынған ғалым.

«Мұғалімнің айналысатыны - үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам (тұлға) болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп қалуға болмайды...» -деп Ж.Аймауытов айтқандай, уақыт жылжыған сайын білім мазмұны да көптеген өзгерістерге ұшырайды. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болғанына да бірнеше жыл болды. Ұстаздар алдында күннен-күнге оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болып табылады. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақ әдебиеті-мектептегі оқытылып жатқан пәндердің ішіндегі ерекше пәннің бірі. Ол пәннің функциясы дұрыс түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқуға төселдірумен шектелмейді, оның басты қызметі – оқушыларды көркем сөзге баулу. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы айтқандай, баланың «ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып» жеткізуіне мүмкіндік беріп, көркем сөз әлеміне жетелейтін сара жол – оқу сабақтары.

Ұлағатты ұстаз Қ.Бітібаева атап айтқандай: «Әдебиет-сөз өнері. Ол-өнердің бір саласы. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы»- дер едік, демек, расында да, әдебиет - ұлттық танымның қайнар көзі.

Әдебиетті оқытудың ең негізгі мәселесі- көркем туындыны оқыту. Әдебиетті оқыту- көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін емес. «Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз

қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» деген болатын әдебиет зерттеушісі, белгілі жазушы Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл оңай үрдіс емес. Қабылдау деген бере салғанды ала қоятын зат емес. Ол оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болса да оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса – бәрі бос сөз. Сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынғанын білеміз:

– Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру.

-Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту.

– Ой, ойлану, ойлату. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушының пікіріне, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен, талдау мұғалімнің көмегімен, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады.

Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ. Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі бар: образ бойынша, тақырыптық, тұтас, автор ізімен.

Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек:

– Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану;

– Эстетикалық талғамын қалыптастыруға себеп болу;

– Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау;

– Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту;

Олай болса, Қ. Бітібаеваның «оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану» мақсатын негізге ала отырып, өз тәжірибемнен, мысал келтіре кеткім келіп отыр.

Қазіргі заманда оқушы эмоциясына әсер ете отырып, білім беру – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Эмоция – адамның жан-дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Адамның жан дүниесіндегі барлық құбылыстар тіл арқылы сыртқа шығады. «Белсенді үйрену үшін қажет эмоцияларды қалай тудырамыз?» - деген зерттеу сұрағы бойынша жүргізген зерттеу сабағымда қолданылған әдістер, тапсырмалар бәрі оқушы эмоциясына әсер ететіндей болды.

Мысалы, 9 сыныпта Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаясы бойынша 9.1.3.1 Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1. Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; оқу мақсаттары бойынша төмендегідей белсенді әдістер өз тиімділігін көрсетті. «Кейіпкерлер әлемі» әдісі кейіпкердің мінезі, қандай да жағымды немесе жағымсыз

қасиеттерін табуға және сол кейіпкер жайлы өз көзқарасын білдіруге жақсы көмектесті.

Кейіпкер	Кейіпкер мінезі	Қандай жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін байқадың?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

«Эмоция кестесі» әдісі арқылы оқушылар шығармадағы кейіпкерлердің қандай да бір оқиғалар барысындағы эмоциясын кестеге түсіру керек болған.

«Кейіпкермен сырласу» әдісіндегі хат жазу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өз ойларын жүйелі жеткізуге септігін тигізді.



Ойымды қорыта айтсам, қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізу әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» екенін ескерсек, баланың көркем әдебиетті оқып, өзі талдап, өзі ойлауына, өзі шешім шығаруына жағдай жасайтын – біздер, ұстаздар. Қ.Бітібаеваның әдебиет пәнін оқыту теориясы мен әдіс-тәсілдері қай кезде де өз құнын жоймақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, «Рауан» 1997.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. - Алматы, 1967.
3. Асхат Әлімов «Интербелсенді әдістемені қолдану мәселелері» Оқу құралы. Алматы 2013
4.«Мұғалімге арналған нұсқаулық» Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу мектепішілік кәсіби даму курсының білім бері бағдарламасы. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогоикалық шеберлік орталығы, 2018 жыл
5. Әдіс-тәсілдер қоймасы» Талдықорған 2018 жыл
6. «Зерттеуші мектеп» журналы №1, 2

Сагиева Карлыгаш Советовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп–гимназия–интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘДЕБИЕТТІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ТАНЫТУДА ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ОРНЫ

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер, ғылым және білім саласындағы жаңалықтар, Қазақстанның әлемнің білім кеңістігімен ықпалдасуы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді талап етеді. Сол себепті де бүгінгі таңда білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, жас ұрпақтың санасына сіңіріп, мінез-құлқын түзейтіндей дәрежеге жеткізу ұстаздар үшін асқан шеберлікті қажет етеді.

Ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеудің маңызы зор.

Ұлттық құндылық - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке, адами ізгі қасиеттерге бағытталған мұраттар. Адам бойындағы сыйластық, кішіпейілділік, салауаттылық, шешендік, мәдениеттілік, махаббат, шығармашылық сынды ізгі қасиеттер.

Қазіргі жаһандану дәуірінде қазақ халқының тілі мен дінін, халқымыздың әдебиеті мен тарихын, ұлттық құндылықтарын сақтап қалу мәселесі бұрынғыдан да өткір қойылып отыр.

Өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырып, сыпайы қатынасқа жетелеу – үлкен мәселе.

Сол мәселелер ішіндегі өзекті болып табылатын көркем сөз мәселесі - ұлттық құндылықтың негізі .

Бұған : « Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауымыз тиіс...» деген Ахмет Байтұрсынұлының пікірі дәлел болар еді.

Өзінің 45 жылдық ұстаздық жолында туған тілі үшін, туған әдебиеті үшін аянбай еңбек еткен тіл жанашыры, «Құрмет» орденінің иегері , КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның артына қалдырған баға жетпес педагогикалық мұрасын - ұлттық құндылықтың негізі деп айтуға болады. Қанипа Омарғалиқызы өзінің ұстаздық жолында қаншама тіл мен әдебиетке ғашық шәкірттерін оқытты, тәрбиеледі.

Әр шәкіртінің бойына ізгіліктің, адамдықтың дәнін еге білді. Қырық бес жыл шәкірттері ұстаздың ұлы жүрегінің мейірімінен нәр алды.

Халқының ұлы тұлғасы Абай есімін әр шәкіртінің құлағына құйып, санасына сіңірді. Абай әлемі, Абай мұрасы ұлттық құндылығымыздың бірі әрі бірегейі екенін түсіндірді. Абай мұрасын, тағылымын халқының жүрегіне жеткізуді, ұлтының тәрбие құралына айналдыруды мақсат етті.

... Қазіргі егеменді еліміздегі іргелі бетбұрыстар, мәдени мұраға, ұлттық құндылықтарға жаңаша көзқарастың қалыптасуы, білім концепциясының өзгеруі маңызды жаңалықтарға сай , М.Әуезовті танытудың шешілмеген көкейтесті мәселелері әлі де қыруар екені айқындалып отыр...[1,29]

Бұл мәселені де ұстаз «Қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту» атты авторлық бағдарламасы арқылы шешіп берді.

Ұстаздардың алдына тағы бір құндылығымыз мектепте М. Әуезовті оқытудың тиімді жолдарын айқындап берді. Қанипа Омарғалиқызы оқулық жазып қана қоймай, оны мектепте оқытудың әдістемесін, технологиясын ұсынып кетті.

Абай мен Мұхтарды оқыту жолдарын саралап , Республикада тұңғыш жазған оқу құралдары мен әдістемелік кітаптары - жас ұрпақтың ертеңі үшін таптырмас құрал болды. Бұған академик Зәки Ахметовтің : «Қанипаның әр шәкірті Абай мен Мұхтарды терең біліп тұр. ...Егер де еліміздегі әр ұстаз баланы Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас... деген пікірі дәлел.

Ұстаз өз ғұмырын ұлыларды оқытуға арнады. ... Осы 45 минутта мен халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге, тірісін ұлықтауға тер төктім» деп толғанған ұстаз ізденісінен « Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының пәлсапасы туындады.[3,6]

Б. Келгембаева : «Ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясының өміршеңдігі, жаңашылдығы, көптеген технологияларға тән теориялық мәнімен ғана емес, тәжірибеде нәтижесімен де құнды» [1,24] десе, Қ.Бітібаева: «Технология - оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа ізденістерін, тиімді, нәтижелі ізденістерін талап етеді». «Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, дүниетанымы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту - бүгінгі басты міндет»[2,4] деп тұжырымдайды.

Ұстаз технологиясын кеңінен қарастыратын «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» әдістемелік құралында бағдарлама үлгісі, көркем мәтінді талдау, шығармашылыққа, ғылыми ізденіске баулитын тапсырмалар, тереңдетіп оқыту әдістемесі, технология кезеңдері, талаптары, әдістемелік, сын -зерттеулер тізімі ұсынылған. Ежелгі әдебиет мұраларында ерекше көңіл бөлінетін мәселелерден басталып , Ислам дәуірінің әдебиеті жалғастыратын, Алтын Орда –Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет өкілдерін танытатын, Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар зарын жеткізетін, XIX ғасырдың болыстық дәуірдегі өкілдері мен екінші жартысын, екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы әнші - ақын, композиторларды қамтитын, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс әдебиет өкілдерінің мақсатын таныстыратын, 1960-2000 жылдар әдебиетінің өкілдерінен мәлімет беріп, Әлем әдебиетімен байланыс тапқан оқу-әдістемелік құралда жас ұрпақтың Адам болып қалыптасуына өз үлесін қосатын

тұлғалар өмірі мен шығармалары толық қамтылған. Бұл мұраны да – ұлттық құндылық негізі деп сенімді түрде айтуға болады.

Ұстаз ауыз әдебиетінен бүгінгі әдебиетке дейінгі оқу бағдарламасы мен оқу құралдарын, оқыту технологияларын жазды. 40 кітап 150 оқу-әдістемелік мақаласы жарық көрді.

Әдебиетті тереңдетіп оқытудың авторлық сыныптарын ашып, бағдарламасын, оқу құралдарын құрастырды. Республикалық атаулы мектеп ашты.

Жоғарғы оқу орындарының оқытушы, студенттеріне арнап «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты 3 оқулық жазды. 5-11 сыныптарға арналған қазақ тілі мен әдебиетінің әр сабағын қамтитын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар саны - сегіз мыңдай.

Әр еңбегі - көлем жағынан әр түрлі, көтерген мәселесі салмақты, ұлттық құндылығы жағынан қомақты әрі жас жеткіншектерге таптырмайтын рухани мұра. Сол мұра арқылы ұлттық құндылықтарымыздың идеялық ерекшеліктерінің мазмұнды тәрбиесінің ұлтжандылық тұғырын орнықтырамыз.

Қанипа Омарғалиқызының еңбектерінің қазіргі педагогикада алатын орны ерекше. Сондықтан да республикамызда тұңғыш ұстаздың облыстық оқу-әдістемелік педагогикалық мұражай - кабинеті Облыстық білім басқармасының басшысы болған А.Нұрғазиевтің бұйрығымен ашылды. Жиып –теріп , қағазға түсіріп, там-тұмдап баспасөз беттеріне жариялап келген мұрасы осы мұражай – кабинетінде жинақталған.

Ұстаз еңбегінің құндылығын зерттеу, дәріптеу, ғылымдағы бағасын арттыру - біздің міндетіміз. Оның баға жетпес педагогикалық мұрасы - зерттеуге негіз болатын өзекті мәселе.Ұлттық құндылығымыз – рухани байлығымыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Келгембаева Б.Б. «Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі» Шымкент,2009
2. Бітібаева Қ. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» Алматы,2003
3. Бітібаева Қ. «Егіз өрім» Өскемен,2013

Шарипов Қайрат Талғатович
Абай облысының білім басқармасы
Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің
«К.Бозтаев атындағы қазақ
мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі

ОБРАЗДАР ІС –ӘРЕКЕТІН, КӨЗҚАРАСЫН ТАЛДАУДА «АҚ ПЕН ҚАРА» СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ «ЭМПАТИЯ» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ СЫНИ ОЙЛАЙ БІЛУГЕ БАУЛУ

Образдар жүйесіне талдау – талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі. Образды талдау оқушылардың эмоциялық қабылдауларын бір арнаға, жүйеге бұрады. Автордың идеялық проблематикасы,

көркем шығарма негізіндегі терең ойы көбіне осы кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы берілетінін түсіндіреді. Дегенмен, образдық талдауда тәжірибеде кемшіліктер де орын алып отыр. Кейіпкерді ұнамсыз, ұнамды (жағымды, жағымсыз деп те жүрміз) топтарға бөліліп талдау оншалықты тиімді емес. Мысалы, «Абай жолындағы» Құнанбайды алайықшы. Ол-ұнамсыз тип. Бірақ талдау кезінде Құнанбайдың жағымсыз іс-әрекетін үнемі тере беру дұрыс па? Оның ұстамдылығы, ақылы, керек десеңіз, қайсарлығы туралы неге дұрыс пікір айтпасқа? Эпопеяда Құнанбай жан-жақты суреттеледі, оны ұмытуға бола ма? , оны ұмытуға бола ма? Немесе, Бөжейді алайық, балалар оны көбіне ұнамдылар қатарына қосады. Дәлел ретінде Құнанбайлардан көрген зәбірін, Абайдың оны іш артатынын, Ұлжанның «Жақсының көзі» деп есептейтінін мысалға келтіреді. Ал шынында сол Бөжей күллі халық үшін, не өнер-білім үшін атқа мініп жүр ме?.. Құнанбай айтқандай, «аяқтағы суға ағып өлетін» іс-қимылдың адамы емес пе? Сәби Кәмшатты күтімсізпен өлтіруде оның кінәсы жоқ па? Сондай-ақ Ділдә, Айғыздарды да оқушылартбірден ұнамсыздарға қосады. Ал тереңірек қарастырсақ, осы екі әйел де заман трагедиясы, заман әділетсіздігі, әйел халқына деген сахараның қатал заңының қарғыс таңбасы жатыр емес пе? Екеуі де қандай өр, қандай «текті» жерден шықса да, көп әйелдің, көп күндестің бірі емес пе? Бұдан шығатын қорытынды. Кейіпкерлерді «ұнамды», «ұнамсыз» деп, бөліп тастап, талдамай, кейіпкерлердің бүкіл бітім-болмысын тұтастай қарастырып, әділ баға бере білуге керек,- деп келетін Қанипа Бітібаеваның пікір ауаны, ізденіс жолына бағыттар жол басшым болды, педагогикалық шабытыма қамшы болды десем, қателеспеймін. Расында, бұрыннан таптаурын болып келе жатқан талдау жүйесінің бүгінгі күннің сұранысына жауап бере алмайтынын әбден түсіндім. Сөйттім де, Қанипа Бітібаеваның образ талдау әдіс тәсілдерін толықтай саралай отырып, өз тәжірибемнен көркем шығармадағы образды талдаудың «Ақ пен қара» стратегиясын ойлап тауып, нәтижесін көрдім. Бұл стратегияның басты ерекшелігі оқушыны сыни ойлауға үйретуді таптырмас тәсілі болды. Мәселен жоғарыдағы «Абай жолы» эпопеясындағы Абай мен Құнанбайларға қайта оралайық. Шығарма барысында әке мен бала, өз дәуірлерінің алыптары арасындағы ой таластыру, Құнанбайдың Абайға таққан 3 міні, Абайдың қарымта жауабы болды. Онда :

Құнанбай	**Абай**
1.Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. 2. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел	Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. 1.Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. 2. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «ай» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып «шөк» десең, аңырап барып қана бұрылады. Ал, қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін

үйрілмейді. 3.Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.	жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... 3. Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас...– деді.

«Ақ пен қара» стратегиясы

Құнанбай (қара)	**Абай (ақ)**
1. Жайдақсың, өзіңде барды бұлдамайсың, арзан ұстайсың 2. Досқа досша, қасқа қасша жауап қайырмайсың. Ел үйірілмейді 3. Орысшылсың.	1. Бай, кедей деп бөле қарамайды. 2. Бәріне жанашыр болу, сыйластықпен ғана билеу. 3. Орыстан өнер-білім үйрену.
Құнанбай (ақ)	**Абай (қара)**
1. Өз дәрежесін, қолындағы билігін көрсету. 2. Дұшпанды аямау. 3. Орыс заңынан алшақ жүру, қазақы дәстүрге берік болу.	1. Билеуші екендігін сезіндірмеу. Билік дәрежесін көрсетпеу. Бәріне бірдей қарау. 2. Сыйластықпен билеу 3. Орыстан үйрену, орыс мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне ойысу.

делінген, ойталас, пікіралысу болады. Оқушылар осы бір ойталасты жан-жақты пікірлері арқылы, кейіпкерлердің ісі мен көзқарасы арқылы «Ақ пен қара» стратегиясын пайдаланып, кейіпкер ісін, көзқарасына талдау жасайды. Сол арқылы әр кейіпкерге баға береді. Сонымен қатар, оқушы тек осы үзінді немесе осы бір эпизотты ғана талдамайды, талдау одан әрі шығарманың өн бойындағы кезең-кезеңмен, оқиға желісін қуалай отырып, «Ақ пен қара» стратегиясы арқылы жүзеге асады. Тіпті, оқушылар деңгейі нашарлау болған жағдайда мұғалімнің бағыт бергені дұрыс. Осы оқиғаны дамыта талдау арқылы кейіпкер бейнесін былай ашуға болады. Ендігі эпизот- Абайдың «Көшбике» жайлауында соққы жеуі.

Абайдың әкеден, жан бауыры Оспаннан айырылып, қайрансыз кешіп жатқан өмірінде, биліктен кеткен кезінде ежелден тісін басып жүрген бақталасы Оразбайлардың ұйымдастыруымен Көшбике жайлауында Абай билігіне разы болмаған қарсыластар Абайды соққыға жығады. Оны естіген Бегеш би бастатқан орта жүрдің игі жақсылары Абайға келіп, бас бұзарлардыы тезге салуға келеді. Алайда, Абай бұл ұсынысқа рұқсат бермейді. Себебін, билік жүргізу кезінде әкесі Құнанбайдың, інісі Оспанның да талай адамға тізесі батқанын, өзінің де кіршіксіз еместігін мойындайды. Кек артынан кек туып, алысып өткенін айтады. Бұзақылықтары үшін, 17 адамды бала-шағасы қараусыз қалады демей, аяусыз айдауға салғанын да жеткізеді. Кешірімшіл болмағандарын айтады. Осыларды тізбелей келе, осы кекті қазір өмірде жоқ әкесінен немесе інісінен ала ма? Жоқ, әрине, өзімнен алады. Енді олардың ісі айып па?- дейді. Бұл кек қуғанды мен осымен тоқтатамын. Сабаса, өз тобықтым сабады. Енді кек артынан кек тудырып, ел арасын бүлдірмейін, бұл осымен тынсын. Мен тыныштықты қаладым,-деп кесімді

сөзін айтады. Бегештер бітімгерлікті бекітуге рұқсат алады. Бұл шешім арқылы Абайдың өз күнәсін мойындағаны, пенделіктен арылғандығы байқалады. Осы шешім, эпизот нені айтады? Адамның, адамшылықтың шарықтау биігі қателік жасамауда, кіршіксіз болуда емес, қатені мойындап, оны түзетуінде екендігін оқушы түсінеді. Өмір болған соң, ет пен сүйектен жаратылған соң, адам кемшіліксіз болмайды. Жақсы адам кемшіліксіз болады деп ой түйгіссек, қатты қателесеміз әрі мүлдем кіршіксіз адам болады дегенге, ешкім де сенбес еді. Абайдың ұлылығы оның өз қатесін түйсінуі, сын сағатта кешірімді болып, ел жайын ойлай білетін гуманистігі десе де болады. Толық адам бейнесі осылай қалыптасатынын оқушы түйсінуі, өзіне үлгі етуі қажет.

Құнанбай (қара)	**Абай (қара)**
1.Базаралы, Балағаз бастатқан 17 адамды Сібірге айдатты. 2.Қодар мен Қамқаны өлімге бұйырды. 3.Бөкенші, Борсақтардың жерін тартып алды. 4.Бөжейлерге тісі батты. Камшаттың өліміне себепкер болды.	1. Базаралы, Балағаз бастатқан 17 адамды Сібірге айдатқанда ара түсе алмады. мақұлдады. 2.Оразбайдың алдын кесіп, Оспанды болыс етті. Оразбайды Оспан арбаға таңғанда әрекетсіз болды. 3.Бөкенші, Борсақтың жерін тартып алғанда әрекетсіз болды. 4. Камшатты құтқара алмады.
Құнанбай (ақ)	**Абай (ақ)**
1.Базаралы, Балағаздар Құнанбайдың ел билеуіне кедергі жасап, іріткі салды. Базаралы Нұрғанымға жақын болды. 2. Қодар мен Қамқа өсегі, оның зардабын басқа жолмен тоқтату мүмкін емес. Ел азады. 3. Камшатты кепілге беру, ежелден бар дәстүр. Ондағы мақсаты елдесіп, береке, бірлікті арттыруды мақсат тұтты.	1. Базаралы, Балағаз бастатқан 17 адамды Сібірге айдатқанда ара түсе алмады. мақұлдады.Себебі, таразының басында өз отбасы, әкесі тұрды. 2. Оразбайларға билік берсе, таяқтың ұшы өз басына тиеді. Оспанның қылығына наразы болды. Оны жазалағанымен, Оразбай оған тоқтамас еді. Себебі, ескі тоң тым қалың еді. 3. Бөкенші, Борсақтың жерін тартып алынғанда, Абайдың бұл іске араласуға қауқарсыз, жас еді. Ұлттық дәстүр бойынша ел ағасы болып жүрген әкесіне қарсы келмеді. 4. Камшатты құтқара алмады, себебі бұл шешімді елдің игі жақсылары, ақсақалдар шығарған.

Жоғарыда кестеге сәйкес «Ақ пен қара» стратегиясы арқылы оқушы кез келген жағдаятты әр қырынан қарау арқылы сыни ойлауға дағдыланады. Әсіресе, кейіпкерді бірыңғай жағымсыз демей, оның байынан жағымды жағын іздейді. Жағымды кейіпкер бойынан да аздаған болса да кемшіліктерді табу арқылы адамның кіршіксіз болмайтынын, бірақ оны түзетуі, түсінуі арқылы адамдықтың, адамгершіліктің биігіне көтерілетіне көз жеткізеді. Осындай түсініктер қалыптасу арқылы ғана сыни ойлауға бет бұрады.

Сыни ойлауға дағдыландырудың тағы бір әдісі - **Эмпатия әдісі** дер едім. Бұл келтіріп отырған әдісім де «Ақ пен қара» стратегиясының заңды жалғасы сияқты. Бұл әдісте, кейіпкер іс-әрекетін, жан-дүниесін түйсіну басым. Әр оқушы кейіпкер орнына өзін қойып, шешім шығарып көреді. Әрбір талдауда 2-3 оқушының эмпатиясы оқытылып, талқыға салынады.

Құнанбай (менің әрекетім)	Абай (менің әрекетім)

Қорыта келгенде, 21 ғасырдың табалдырығын аттағанда, бұрынғы Кеңестер Одағындағы білім беру жүйесі әлемдік өзгеріске, ақпараттар ағынымен келіп жеткен жаңа құбылыстарға толыққанды жауап бере алмаған кезінде, Қанипа Бітібаева білім мен тәрбие беруде тыңнан соқпақ салды. Тәуелсіз еліміздің білім және тәрбие беру жүйесіне өзіндік бағытын ұсынды. Менің баяндамамда ұсынып отырған авторлық «Ақ пен қара» стратегиясы мен «Эмпатия» әдісім - Қанипа Бітібаеваның бағыттаған бағдарынан бастау алған оқыту, тәрбиелеу жүйесіндегі заңды жалғасы дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі::

1.Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» Алматы: «Мектеп»

2.Қ.Бітібаева «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы» Өскемен: «Рекламный Дайджест» 2013ж.

3.М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы.

Аханбаева Сандугуль Ермуратовна
Павлодар облысының білім беру басқармасы
«Жас дарын» мамандандырылған
мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ (Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША)

Қазіргі біздің білім беру жүйесінің алдында білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, яғни оның өмір шындығына бейімделу мәселесі өзекті болып отыр, өйткені қазіргі қоғамдағы адам түрлі өмір жағдайларында дұрыс шешім қабылдау үшін жоғары кәсібилікті және интеллектуалдық қабілет- күштерді талап ететін жағдайларда өмір сүріп, қызмет етіп келеді. Қоғам соңғы жылдарда үздіксіз білім берудің мән-мағынасы өмір ағымында адамның қажеттіліктеріне орай бірнеше іс-әрекет түрін өзгерту маңыздылығымен байланысты екендігін түсінді. Оқу, оқи білу оқу шапшаңдығын меңгерумен ғана шектелетін ерте мектеп жасында

қалыптасқан қабілет қана емес, бұл – үнемі дамитын, дами түсетін білім, білік, дағды жиынтығы, яғни әртүрлі іс-әрекет және қарым-қатынас жағдайларында өмір бойында жетіле түсетін адамның қасиеті болып табылмақ. Бұл жөнінде әдіскер ұстаз Қ. Бітібаева да оқытудың барлық түрін төменгі сыныптан кіргізіп, оқушыны оқырман етіп жетелеу де мектеп мұғалімінің борышы екендігін нақты атап көрсетеді. Яғни барлық тіл мен әдебиет мамандарының алдына қойылып отырған басты міндет екенін ескертеді. Әйгілі ұстаз Қ. Бітібаева оқытудың соны әдіс-тәсілдерін көрсете отыра, мәтінмен жұмысты дұрыс ұйымдастырудың жолын айқындап берді. Мәтінге сұрақ қою, мәтін бойынша мазмұндау, әңгімелесу, пікір алмасу, ой тастау арқылы оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруға болатынын айтады. Бұл әдіс-тәсілдер қазіргі кезде оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы маңызы зор. Пән мұғалімдерінің оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы басты міндеті оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуіне және оларға ой жүгірте білуіне, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуіне жағдай жасау болып табылады.

Тіл мен әдебиет сабақтарында мәтіндер бойынша оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру мұғалімнен зор дайындықты қажет етеді. Сұрақтар жүйесі оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік, дағдысын қолдана білуді қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы керек.

Мәтінмен жұмыс істеудің қадамдары:

-мәтін мазмұнын жалпы бағдарлау және оның бүтін мағынасын түсіну;

- ақпаратты табу;

-мәтінді түсіну, талдап беру;

- мәтін мазмұнын қорытындылау және оны бағалау.

Осы жерде әдіскер Қ. Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларын өте сәтті пайдалануға болады:

1.Мәтін мазмұнын жалпы бағдарлау және оның бүтін мағынасын түсіну-басты тақырыпты, жалпы мақсатын анықтау. Берілетін тапсырмалар: мәтінге ат қою немесе оны мәтін ішінен табу; мәтіннің жалпы мағынасын ашатын қысқаша тезис құру; мәтінде берілген нұсқаудың тәртібін түсіндіру; мәтіннің негізгі бөлімдерін өзара салыстыру, сәйкестендіру. Бірнеше ой түйіндерінің ішінен ең маңыздысын таңдау.

2. Ақпаратты табу- мәтінді шолып өту, оның негізгі элементтерін анықтау, қажетті ақпарат бірлігін табумен айналысу.

3. Мәтінді талдап беру. Мәтін ішіндегі әртүрлі сипаттағы ақпаратты салыстыру, қарама-қайшылығын анықтау, ұсынылған тезистерді растау үшін ішінен дәлел табу. Құрастырылған пайымдаулардан қорытынды жасау, автордың ойы туралы немесе мәтіннің басты ойы туралы қорытынды жасау. Мәтінді талдаудағы Қ. Бітібаеваның ұсынған ең тиімдісі – проблемалық оқыту, ой тастау, ойланту әдістері.

4. Мәтін мазмұнын қорытындылау және оны бағалау. Мәтінде табылған ақпаратты басқа ақпарат көздерімен байланыстыру, Мәтіндегі пайымдауларды бағалау. Өз дүниетанымы тұрғысынан көзқарасын қорғау үшін дәлелдер табу.

Мәтіннің құрылысын, жанрлық ерекшелігін анықтау, стилистикалық түсініктеме беру.

Тіл мамандары көбінесе тұтас мәтіндермен жұмыс істейді. Бұған тіл мен әдебиет оқулықтарының тапсырмалары бағытталған. Өз сабақтарымда оқушылардың мәтінді толық түсінуіне бар мүмкіндіктерді жасаймын. Мәтінді жақсы түсіну үшін: оның тақырыбын, ой-мұратын анықтап, мәтінге ат қоюға, кілтті сөздер мен сөз тіркестерін табуға бағыттаймын. Мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар артық пайымдаулардан арылып, негізгісін, қажеттісін таңдап алуды үйренеді. Әрине, бұның өз қиындығы да бар. Бұл қадамдарды жүзеге асыруда ұстаздың педагогикалық технологиялары таптырмас құрал болып табылады

Келесі мәтіннің жалпы мәнін ашатын тезисті құрастырды немесе мәтіннен автордың негізгі ойы анықталатын сөйлемдерді табуды ұсынамыз. Мәтіннің түрін, сөйлеу стилін анықтатамыз. Оның ішінде дәлелді жауаптар келтіру, өз көзқарасын мәтіннен табылған мысалдар негізінде дәлелдеу ұсынылады.

Сөйлеу стильдерін, мәтін түрлерін өткен кезде бір тақырып, жанр, түрлерімен (баяндау, суреттеу, талқылау) біріктірілген бірнеше мәтіндерді береміз. Оқушылар мұнда аталған мәтіндерді не байланыстыратынын анықтаулары қажет.

Тіл мен әдебиет сабақтарында мәтіндер бойынша оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру мұғалімнен зор дайындықты қажет етеді. Сұрақтар жүйесі оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік, дағдысын қолдана білуді қамтамасыз ететіндей құрылуы керек. Мысалы: «Шығарманың басты ойы неде? Шығармада не жазылғаны туралы айтуға болады?(оның мазмұны туралы). Шығарма қалай жазылғаны туралы айтуға болады? (оның стилі туралы).» сұрақтары беріледі. Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар рефлексия жасай отырып, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданып, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуына бағыттайды. Келесідегідей түрдегі сұрақтар «не мақсатпен көрсетілген? Қалай қолданасың?» берілсе, оқушылар мәтін мен сұрақты қолдана отырып, логикалық байланыс жасауға дағдыланады немесе «Шығарманың қай бөліктері бір-біріне қарама қайшы? Неліктен?» сұрақтары арқылы байқағыштыққа, мәтіннің әр сөзін дұрыс қолдана білуге, тұжырымдауға үйренеді. Сондай-ақ, оқу материалдарының форматы аспектісін түсінуге бағытталған шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру сауаттылықты арттыруға бағытталады. Ұстаздың мәтінмен жұмыс істеуге бағытталған тапсырмалары оқушыларды өзіндік жеке қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етеді.

Қ.Бітібаеваның педагогикалық технологиялары оқушылардың танымдық құзыреттіліктерін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, оқушының шығармашылық деңгейін жетілдіріп, дарындылық қабілеттерін ашуға негізделген. Сондай-ақ әр мұғалімге сабақ беру мен оқытуда жаңа тәсілдерді түсінуіне, өздерінің жеке ойланулары мен тәжірибелеріне өзгерістер енгізуге бағытталған. Әдіскер ұстаздың әдіс-тәсілдерін сабақтарда тиімді ықпалдастыру арқылы оқушылардың оқу сауаттылықтарын дамытуда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Оқу сауаттылығын арттыру мақсатындағы жұмыстар оқушылардың ойын, тіл шеберлігін, сауаттылығын, шығармашылық қабілетін арттыратын, тіл шеберлігінің ұшталуын, тіл ұстартуды көздейді. Астарлы ойды түсіну қабілеті ұшталған, ойын жүйелі жеткізуге бейімделген, сөз сазына зер салатын, өз шеберлігі мен кемшілігін аңғара білетін, жазба тіл шеберлігі қалыптасқан, айшықты сөйлеуге бейімделген тұлғаның тәрбиеленіп шығуына жол ашу – әр мұғалімнің міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.«PISA-2018/компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. Астана, 2016.

2.Бітібаева Қ. «Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері».-Алматы. Мектеп, 2003.

3.Грамотность чтения учащихся. Учебное пособие. Филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». Астана, 2014.

Сағымбаева Күлтай Кастейқызы
Жетісу облысының білім басқармасы
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің
«Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

Қ.О. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

«Әр мұғалім ұлттық рухты қалыптастырса, әр мұғалім Егеменді елге деген махаббатын арттырса – біздің болашағымыз жарқын».

Қ.О.Бітібаева

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Егіз өрім» атты еңбегінде өз еңбек жолы, ғұмырына айналған ұстаздық мамандығы туралы былай деп сыр шертеді: «Таңымды «мектеп» деп, түнімді «мектеп» деп жүріп өткізген 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым ... 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр кешіппін. Сол 45 минуттарда жарқылдаған, жайнаған ару жастығым, арғымақтай арқыраған, тау суындай сарқыраған, тау бұлағындай мөлдір, аққу көзінен айна айдынға арқыраған ұлпа сезімім жатыр. Осы 45 минуттардың иірімі мен ирелеңі, ертегі мен шыңы, жайлау мен шөлі қатар келген, маңдайға жазылған тағдырымда жатыр. Ең бастысы сол 45 минуттар мені «Дәуір ұстазы», «Ұлт ұстазы», «Ұстаздықтың падишасы», «Қазақтың Қанипасы» сияқты атақтарға бөледі» [1,7б.]. Әрине, ұстаз қолтаңбасының қазақ педагогикасында, соның ішінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде алар орны ерекше. Еңбектерінде әдебиетті тереңдетіп оқытудың инновациялық технологиясы, оқытудың өзекті мәселелері, әдебиет сабағында әдіс-тәсілдерді таңдау жолдары, әдеби талдаулардың бағыттары мен тәсілдері, әдебиеттің жанрларын оқытудың ерекшеліктері, автор шығармаларының әр

алуандығын ескере отырып оқыту керектігін баса айтады. Еңбектерінің өміршеңдігінің басты өлшемі тәжірибемен ұштасуында.

Қанипа ұстаз ұлттық сөз өнері ұлағатын орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы оқу-әдістемелік шеберлігімен жүзеге асырды. Оның пәндері бойынша тек қана озық үлгерім көрсеткіштерімен білім алған шәкірттері фольклор мұралары мен әдебиет туындыларының көркемдік-эстетикалық дүниетанымды тереңдететін тағылымын меңгерді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда – өзіндік жаңашыл ізденістерімен, шәкірттердің қабылдау психологиясына айрықша ықпал жасаған инновациялық-әдістемелік жаңашылдығымен оқыту мен тәрбиелеуде үздік нәтижелерге қол жеткізді. Бүкіл саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған Қанипа Омарғализы «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын жасады. Бұл технология сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді қолдана білуге және үздік технологияның қыр-сырын меңгерту еді. Өз сөзінде: «...данышпан Абай мен ұлы Мұхтар Әуезов шығармаларын оқыту жөніндегі кітаптар жазу барысында ұлтымның асыл қасиеттеріне, қажыр-қайратына ешкімге ұқсамайтын қадіріне, салт-дәстүріне, бай тіліне тәнті болып келемін» деген сөздерінен ол кісінің ұлтын бар жан-тәнімен сүйе отырып, ұлт болашағы үшін қызмет атқарғанын көреміз.

Оқытудың нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты. Әдіс-тәсілдер деген не? Мұның бәрі Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясында жетік жазылған. Қазіргі күнде елімізде осы технологияны ұстаздар қауымы кеңінен қолдануда.

«Ой тастау, ойланту» технологиясының негізгі ұстанымдары:

Құзіреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар құрастыру;

Оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту;

Білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру;

Дарын көздерін ашу;

Ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелері;

Тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушыларды сауаттылыққа баулу жолдарын;

Жазылым дағдыларын қалыптастырудың инновациялық технологиясымен меңгерту.

Құзіреттіліктерді қалыптастыруға жазылым дағдыларын қалыптастырудың инновациялық технологиясымен меңгертуде оқушының «Мен» концепциясы қалыптасады.

«Менің пікірім құнды...»

«Мен де айта аламын...»

«Егер мен ақын болсам...»

«Егер мен жазушы болсам...»

«Менің түйгенім...» оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелейді. Құзіреттіліктерді қалыптастыруға негізделген «Мен» концепциясын қалыптастыруда «*Ой толғаныс» немесе «Қос жазбалы күнделік» жазудың*

тиімділігі зор. Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады.

Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі. Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:

9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру;

Оқушылар өркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдануда

<table>
<tr><td>Ақынның ойы</td><td>Менің ойымша ...</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қолданыңыз. «Қос жазбалы күнделік»
<table>
<tr><td>Автор ойымен</td><td>Менің ойымша...</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Оқушылар «Қос жазбалы күнделік» жазады. Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады</td></tr>
<tr><td>Талдаңыз.
<table>
<tr><td>Кейіпкердің іс-әрекеті</td><td>Сол заман тұрғысынан баға беру</td><td>Кейіпкер әрекетіне қазіргі заман тұрғысынан баға беру</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады</td></tr>
<tr><td>Зерттеңіз.
<table>
<tr><td>Троп</td><td>Фигура</td><td>Автор стилі</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Оқушылар шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға береді.</td></tr>
<tr><td>Бағалаңыз. «Қазақ қызы Шұға»
<table>
<tr><td>Кеше</td><td>Бүгін</td><td>Ертең</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Ойтолғау
«Бір үзік сыр»</td><td>«Қазақ қызы Шұға» кеше, бүгін, ертеңгісін бағалайды.

Көркем шығармадан алған әсерімен ой-толғау жазады.</td></tr>
</table>

«Балама жазу» әдісімен Әз Жәнібектің «Дүниеде не өлмейді?» деген сұрағына менің жауабым:

Ағын судың өлгені – . . . ,
Асқар таудың өлгені – . . . .
Ай мен күннің өлгені – . . .,
Қара жердің өлгені – . . . .
Қазыбек бише толғансам:
Біз қазақ деген мал баққан елміз . . .

Тіл дамытуға негізделген жазба жұмыстары*:* «Менің мектебім», «Менің сыныбым», «Менің достарым», «Менің жақындарым».

Монолог тақырыпшалары: «Аналар құшағында...», «Мен бір жұмбақ адаммын...», «Еділ бол да, Жайық бол...», «Біз қазақ деген елміз...».

Абай Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасындағы кейіпкерлер жүйесі. Т/Ж Көркем шығармадағы образ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;

«Болжау» әдісімен **Поэмадан үзінді беріледі.**

Осы жұрт _____ біле ме екен?
_____ шаһары – оған мекен.
_____баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.
Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,
Мұны көріп,алыңыз сіз де ғибрат!

Сабақтың тақырыбын, мақсатын болжату жұмысын жүргізу, оқушының қызығушылығын оятуға бағытталады.

«Мағынаны тану» әдісі

1-тапсырма Абай Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасындағы кейіпкерлер бейнесін жинақтаңыз, даралаңыз, өз пікіріңізді білдіріңіз.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Іс-әрекетіне өзіндік пікір

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

2-тапсырма.

1. Поэмадан кейіпкердің образын ашатын сөздер мен сөз тіркестерін тауып жазыңыз.

2. Кейіпкерлер образын өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

3-тапсырма.

1.Дерек – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;
2. Пікір– кейіпкер туралы топтың/ өзінің ой- пікірі;
3. Сұрақ– кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;
4. Іс-әрекет– автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі

4-тапсырма. «Ой қорыту» әдісі

Ұстаным. Шығарманы оқығаннан кейін менде қалыптасқан ұстаным...

Талдау. Мәселені былай талдадым...

Салыстыру. Келесідей салыстыру жасаймын...

Бағалау. Шығарманың кейіпкерлеріне осылай баға бердім...

Қорытынды.Мынандай қорытындыға келдім...

Тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде, сауаттылыққа баулудағы «Ойлан, ізде, тап» әдісі жүйелі төрт қадамнан тұрады.

Бірінші қадамыңды алдыңдағы тапсырманы түсінуге, мақсатқа қалай жету жолдарын ойлауға арна.

Екінші қадамыңды таза ізденіске арна, бұл қадам таза еңбегіңе арналады.

Үшінші қадамың – шешуші қадамың, өйткені өз бетіңмен тапсырма орындайсың, мақсатқа жетуге еңбектенесің.

Төртінші қадамыңды жеңіс қадамы деуге болады. Тапқаныңды пайдаланасың, қолданасың, соған өзің жол ашасың.



Қ.Бітібаеваның инновациялық технологиясында оқытудың проблемалап оқыту, диалогтік оқыту, интеграциялап оқыту, топтық оқыту, жұптық оқыту қолданылады. Көркем шығармаларды оқып-үйрену жұмыстары оқушыларға көркем туынды жайында ғана мәліметтер, яғни білім бермейді, ең бастысы, олардың дағдысы, оқу машықтары, іскерліктерін қалыптастырып, дамытады. Мұғалім проблемалық сұрақ қоя отырып, оқушыларды оны шешуге жетектейді, оқушылар мәтінге жүгінеді, өз ойларын, болжамын айта білуге дағдыланады. Немесе инсценировка, сценарийлер арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға әсер етеді. Проблемалық сұрақтар оқушыларды өз беттерімен ізденуге жұмылдырады. Талдауда мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілді пайдаланады. Мысалы, төменгі сыныптарда мазмұндау, әңгімелеу, пікірлесу сияқты сөздік әдістеріне мұғалім жиі жүгінеді. Сол арқылы оқушыларды мәнерлеп оқуға, мазмұндатуға, оқығандарын әңгімелеп, баяндап беруге жетектейді. Сұрақтар қоя отырып, дәл, нақты жауаптар бере білуге т.б. жұмыстарға баулиды. Қорыта айтқанда, мұғалім талдауда қандай да бір әдіс-тәсілдерге жүгінсе де, ол солар арқылы оқушыларға білім беру процесін ғана жүзеге асырмайды, ең бастысы, біліммен қоса, іскерлік дағдыларының қалыптасып, дамуына да зор әсерін тигізеді.

Лириканы оқытуда және талдауда:

Көңілді, сазды, назды музыка тыңдату.

Лирикалық шығарманың әні болса әнімен тыңдату.

Өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына назар аудару: өздеріне ұнаған шумақтар мен әдемі, бейнелі сөздер, ұтымды, шебер шыққан сөз тіркестері айтқызу.

Өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

Ақынның көңіл күйін бағдарлату.

Оқушының өз сезімі, өлеңнің әсеріне назар аудару.

Басқа өнер туындыларымен, прозалық шығармалармен байланыстыру.

Әр түрлі сабақ үлгілерін: поэзиялық сабақ, концерт сабақ, әдеби-сазды кешпен ұштастыру.

Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру.

Тақырып (оқушы өзі қойған)	*Әбішті бейнелейтін сөздер*	*Әбішке шағын микро-мінездеме*
«Жасқа жас, ойға кәрі едің»	«Тұла бойың ұят, ар» Тәуекелге нар Ерлікке де нар Талапты	Арлы, намысты, талапты, батыл ер, тәуекелшіл, жалтақ емес.

Ақынның поэтикалық тілі, өлең құрылысына талдау

Өлеңнің тақырыбы	Идеясы	Өлең құрылысына талдау
Тәрбиелік мәні:		

Шумақ	Ақын сезімі	Оқушы сезім
I		
II		

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіне талдау-аннотация

Шумақтар	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»	Шумақтағы негізгі ой

Өлеңнің тақырыбы	Идеясы	Өлеңді ашып тұрған шумақ	Поэтикалық тілі	Ғалым пікірі	Менің пікірім

«Ұлылар үндестігі» Салыстыру. Зерттеу.

Абай	**М. Әуезов**
Табиғат лирикасы	«Абай жолы» романы
Абай «Толық адам» идеясы	Ж. Баласағұн «Құтты білік»
Абай шығармасындағы үш сүю: Абай	Қожа Ахмет Йасауи ілімі Шәкәрім

«Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі – әңгіме әдісі немесе кітаппен жұмыс әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту процестері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсідердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылыаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиетті оқытуда *сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың* орны ерекше» – деп атап көрсетеді Қ.О. Бітібаева. *Топтастыру, салыстыру, зерттеу, модельдеу, жоба қорғау* жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

Оқушыға арналған *«Көмек-нұсқау»* оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне нұсқау береді.

Танымды іздендіруші, өз беттерімен орындайтын тапсырмаларды қарастырайық.

Ғылыми материалдармен іздендіруге бағытталған жұмыстар: поэтикалық талдау үлгілері, салыстырмалы жұмыстар, ақын проблематикасы, кейіпкерлерге микро-мінездеме, дәйексөзді талдау, интервью – сұхбат, диалог т.б. Мысалы:

Ғылыми материалдармен жұмысқа негізделген: *реферат, рецензия, шағын баяндамалар т.*б.

Жазбаша жұмыстардың түрлері: шығарма-толғау, шығарма-сезім, сыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғаулар; «Менің Әбішім», «Ұлы арман», «Әбіш және аналар» тақырыбындағы шағын ой-толғау, «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» атты шығарма - эссе түрлері.

Әдебиетті оқытумен қазақ халқының өткен тарихын, халқымыздың салт-дәстүрін меңгерген, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке жаны құмар, эстетикалық, этикалық талғаммен, сезіммен тәрбиеленген жеке тұлғаның құзіреттілігін қалыптастырамыз. Құзіретті тұлға «Адамзаттың бәрін бауырым деп сүйетін» ұлттық құндылықтарды бағалайтын, сақтайтын және құрметтейтін тұлға.

Ой салу — ұстаз тарапынан,
Ойлану — шәкірт тарапынан,
Ойланту — ұстаз тарапынан,
Бір шешімге келу — оқушы тарапынан.
Ал мен осы әдістердің өзектілігін ашуға барынша тырыстым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арналған оқулық – Алматы «Рауан» 1997ж.

2. Мұқашева М.Қ, Сағиева Қ.С. Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына құрылған 7-сыныпқа арналған сабақ үлгілері – Өскемен, 2016ж.

3. Бітібаева Қ.О. «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту» Әдістемелік құрал – Алматы, «Мектеп» 2002ж.

4. Бітібаева Қ.О. Мектепте Абай шығармаларын оқыту – Өскемен қаласы.

5. Бітібаева Қ.О. М.Әуезов шығармашылығын оқыту Әдістемелік нұсқау – Алматы, 1994ж.

6. Қанипа Бітібаева Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы – Алматы, 2019 ж.

Бакказиев Бекзат Рысбекұлы
Алматы қаласының білім басқармасы
«М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» КММ
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева 1945 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылында дүниеге келген. Жаңашыл ұстаз, профессор, даңқты мұғалім. 1968 жылы Семей педагогикалық институтын бітірген. Педагогикалық үздік еңбек нәтижелері үшін ҚазКСР және КСРО оқу ісінің үздігі, Шығыс Қазақстан атырабындағы тұңғыш бүкілодақтық «Н.К.Крупская» медалінің иегері және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, ал 1990 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Мұғалімдер арасынан Кеңес Одағы бойынша бесінші, ал Қазақстандағы бірінші лауреат атанды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атақтарын алды.[4]

Қанипа Омарғалиқызы қазақ мектебі туралы бір сөзінде: «Қазақ мектебін жетілдіру, ең алдымен, мемлекеттік тілдің көркеюі мен құлаш жаюында жатыр. Ол үшін қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өнімді жолдарынан, яғни инновациялық технологиясынан іздену керек...»,-деп үндеу тастаған болатын. [1] Сол жолда әрбір мұғалім аянбай еңбек етіп, үнемі ізденіс жолында келеді. Менің ойымша, жеке тұлғаны қалыптастыру арқылы жаңа қазақ мектебін қалыптастырамыз. Ал, жеке тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды факторы – тәрбие.

Педагогика ғылымында «тәрбие» терминіне әрқашан ерекше мән беріліп келеді. Көптеген жылдар бойы тәрбиеге «Тұлғаның дамуын басқару» деген анықтама беріліп, «Педагогика» деген сөздің мәні, мазмұндық ауқымы біртіндеп кеңейіп, «Баланы өмірге үйретудің шеберлігі» деген мағынаға ие болды, яғни ол баланы оқыты тәрбиелеу, оның рухани және физиологиялық жағын; өсіп-жетілуін басқарып, бағыттау деген сөз. [3]

Жеке тұлғаның маңызды белгілері – саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті мен даралығы. [3]

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады:

- біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру;
- екіншіден, адамзаттық өркениеті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру;
- үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуде белсене қатыстыру. [3]

Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мектептің, отбасының және ортаның тәрбиелік ықпалын ұштастыруда педагогикалық ынтымақтастық қажет. Яғни, үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту керек. Осыдан екі жыл бұрын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өркендеу» жобасы да қолға алынған болатын. Мақсаты – жас ұрпақтың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және оны дамыту. Жоба шеңберінде «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі» және «Жеңге мектебі» сынды тәрбие мектептері құрылып, бүгінде олар еліміздің мектептерінде бірнеше бағыт бойынша жұмыс істеуде. Өзім қызмет жасайтын М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда аталған бағыттар бойынша бірқатар шаралар өз нәтижесін беруде. Аталған жоба аясында «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі» және «Жеңге мектебі» сынды тәрбие мектептерін құра отырып, Қанипа Омарғалиқызы айтқан қазақ мектебін құруда жеке тұлға қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған мектептер аясында Қ.Бітібаеваның оқыту әдістерін пайдалану жаңартылған білім мазмұнын одан сайын сайын терең ашуға, қазақы мектеп құруда үлкен үлес қосатыны сөзсіз. [7]

«Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ»,-дейді Қанипа Омарғалиқызы. [2] Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. [5]

Қ.Бітібаеваның технологиясы
Жаңартылған білім мазмұны
Психологиялық ахуал.
Әуенді көңіл-күй
Психологиялық ахуал.
Музыка. Тыңдалым
«Ой тастау, ойланту» технологиясы
Ой салу – ұстаз тарапынан
Ойлану – шәкірт тарапынан

Ойланту – ұстаз тарапынан
Шешімге келу – шәкірт тарапынан
Болжау.
«Миға шабуыл» әдісі
Өз бетімен іздену
Айтылым.
Сабақта мұғалім 20%-ін сөйлесе, қалған 80%-ын оқушы сөйлеу керек.
Топтық жұмыс, постер қорғау, модельдеу
Интербелсенді әдіс-тәсілдер
Поэзия сәті Сергіту сәті
Пікірлесу, әдеби айтыс
Пікірталас, дебат
Сахналық көріністегі сабақ
Рөлдік ойындар
Диологиялық әңгіме Жұптық жұмыс
Ұқсастықтар мен ерекшеліктерді салыстыру
«Венн» диаграммасы
Тірек-сызба, кестелер
Сын тұрғысынан ойлау
«Өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» Кембридж тәсілі

Қ.Бітібаева іс-тәжірибесінің ерекшілігі – оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Қазіргі таңда қолданыста жүрген Кембридж бағдарламасының бүкіл мазмұнын ашатын модуль – сын тұрғыдан ойлауға үйретеу модулі Қ.Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтіні хақ. [6]

Отбасы тәрбиесінің жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Отбасы тәрбиесі жеке тұлғаның рухани өміріне, сана-сезіміне ұлттық психологиялық белгілерді ендірудің жолдары мен тәсілдерінің бірі болып есептеледі. Ұлттық салт-дәстүрлердің деңгейін, олардың сан жағынан әр ұлттағы аз немесе көптігінен емес, жеке тұлғаның қалыптастыру процесіндегі атқаратын қызметімен, келер ұрпаққа тигізер әсерімен айқындауға болады. [3]

Ұлттық психологияның жеке тұлғаға әсер етуінің түрлі формалары бар және әр түрлі арналар арқылы енеді. Мұндай арналарға жататындар тек қана отбасы емес, сонымен қатар ұлттың тарихи-мәдени тәжірибесін жүзеге асыратын мектепке дейінгі мекемелер мен мектептер жатады және де бұл арналар жеке тұлғаның тұлғалық бейнесін қалыптастырып тәрбиелеу функциясын атқарып, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық ерекшелік белгілерін жеке тұлғаның бойына тәлім-тәрбие арқылы біртіндеп сіңіруді жүзеге асырады. [3]

Ұлттық мінез-құлықтағы этникалық белгілер дегеніміз - қоршаған әлеуметтік-экономикалық, табиғи және мәдени-идеологиялық ортамен ұзақ қарым-

қатынаста болудың нәтижесінде адамдар психологиясында қалыптасатын тұрақты өзіне тән белгілер мен қасиеттердің жиынтығы. [7]

Әлемдік мәдениетті қалыптастыру өзара байланысты екі топтан тұратын біртұтас жүйе ретінде беріледі:

1) оқушылардың ұлттық сана-сезімін өз ұлтының мәдениеті мен ана тілінің орталығы негізінде дамыту;

2) дүниежүзілік мәдениет жетістіктерін, жалпыадамдық қасиеттер жүйесін меңгерту. [7]

Бұл міндетті шешу үшін:

•біріншіден, өз халқының тарихы мен мәдени дәстүрлерін үйренуі, оқушылардың ұлттық мәдениет шеңберінде бір мақсаттағы бағытта, интеллектуалды, эмоционалды дамуы;

•екіншіден, оқушылардың әлем халықтары мәдениетінің әр алуан еркіндігін және олардың даму барысында бір-біріне әсер ететіндігін терең түсінуін қалыптастыру қажет.

Мәдениетке араласу, сайып келгенде, адамның шығармашылық дамуы деуге де болады. Бұл жерде ең басты маңызы бар нәрсе – адам дамуының психикалық және функционалдық заңдылықтарын, сонымен қатар қазақ халқының психологиялық сипаттамасын анықтайтын бірден бір ғылым – ұлттық психологияны меңгеруге байланысты туындайды. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту барысында оларды ұлттық мәдениет рухында дамытуға қажетті барлық қолайлы жағдайларды ескеру керек. Ең бастысы, ұстаз өз халқының ұлттық мәдениетінің бай тәжірибесіне ие болуы қажет. Әр мектепте оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту және ұлттық мәдениет байлығын әлем мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдату әр ұстаздың өзіндік әдіс-тәсіліне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Қазақтардың этнопсихологиялық ерекшеліктеріне адалдық, ақниеттілік, жаужүректілік, шыдамдылық, қарапайымдылық, жомарттық, қонақжайлық сияқты т.б. тарихи қалыптасқан қасиеттерді жатқызуға болады. Бұл қасиеттердің барлығы жеке тұлғалық белгілер болып саналады.

Қорыта айтқанда, жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз - баланы тәрбиелеу. Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның іс-тәжірибесі арқылы баланы тәрбиелей отырып, дамыту, шығармашылық қабілетін шыңдау жұмыстары әр мектепте жүзеге асуы тиіс. Тіл сабағын – қазына, әдебиет сабағын – өнер ретінде оқытсақ, нағыз қазақ мектебін құрамыз. Әр оқушыны қалыптастыру - ұлтымызды қалыптастырумен тең. Сөз соңын Алаштың ардақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек, бай болуға – кәсіп керек, күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген даналық сөзбен түйіндегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. -Алматы. 1999.

2.Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері: Екінші басылым. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2003. -144 бет

3.Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы.- Алматы: Дарын. 2006. -466-468

4.Темірбаева С. Қазақтың Қанипасы: КСРО мемлекеттік сыйлығының, «Парасат» орденінің игері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, танымал педагог Қ.Бітібаеваның ұстаздық еңбек жолына 40 жыл. Қазақстан мұғалімі. 2008. -11 қараша

5.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары: Мұғалімдерге арналған құрал -Алматы: Рауан. 1990.

6.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. -Өскемен.

7.Интернет қоры. Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/ulttyk-ruhani-zhangyru-zhobasy-zhastarga-mumkindik-ulttyk-kod-zhane-madeni-zhangyru_a3877461

Досымханова Зухра Кайрбековна
Абай облысының білім басқармасы
Бесқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Семеновка орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КРЕАТИВТІ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Хан апамыз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваны еске алған кезде үнемі көз алдама мынадай көрініс келеді: Жан- жақтан келген мұғалімдер бір кабинетке жиналған, сол жерде дәріс оқып отырған Қанипа Омарғалиқызы, әрбір отырған ұстаздың жан дүниесіне үңілгендей әсер қалдыратын. Тіпті көзімізден біздің ниетімізді түсініп отырғандай болатын. Сондай қайсар мінезді адам болып жадымда жатталып қалған еді. Өкінішке орай менің маңдайыма Хан апамызбен бір рет қана жүздесу жазылыпты. Бірақ сол бір кездесу менің қиялыма шабыт берген, мәңгілікке жүректе қалған әсерлі танысу болған еді. Осыдан үш бұрын « Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тұлғасы және педагог мәртебесі» атты республика деңгейінде өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатсып жаңа идеяларға шабыт алып қайтқан едім. Сол идея нәтижесінде оқушыммен бірге «Қанипа Бітібаеваның Абай Құанабаев шығармаларын оқытудағы гуманистік мәселесі» атты ғылыми жұмыс жасаған едік. Осы жұмыс арқылы тек теориялық талдау мен зерттеулер жасап қана қоймай, өз ауданымызда Қанипа Бітібаеваның атаулы зертханасын ашуды ұсынып жүзеге асыру еді. Аудан мен қала көлемінде өткен ғылыми жобалардан орын алғанымен зертхана ашу ісі әлі жолға қойылмады. Бірақ мақсатымыз бар соны жүзеге асыруға арналған бағаттармыз мен әрекетіміз қажет. Болашақта бұл жұмыс та жүзеге асады деген сенімдемін.

Биылғы оқу жылында «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева -қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер -ұстаз» атты өңіраралық педагогикалық

оқуына дайындаған баяндама тақырыбым: «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолданылатын креативті ойын түрлері». Мақсатым қазіргі қоғамда орын алып отырған оқушылардың жаппай технология мен ганджеттерге бетбұрыс кезеңінде гуманитарлық пәннің де оқу маңыздылығына мән беру. Баланың сабаққа деген қызығушылығын арттыратын ойын түрлерін қолдану арқылы нәтижеге жетелеу. Сонымен қатар Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясын іс- тәжірибемде нәтижелі қолдану арқылы осындай ойындарды қолдана отырып балаға әсер ету.

Өзімнің он бес жылдық іс тәжірибемнен мысал келтіретін болсам, Хан апамыздың әдебиетті оқытудағы инсцениировка, киносценарийлер құрастыру тәсілін сабақ беру үрдісінде қолдану арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуана оңды әсерін тигізіп жатқанын байқаймын. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі бойынша Көксеректі сот отырсында соттау процесін жүргізу өте қызықты әрі тиімді сабақтардың бірі бола білді немесе Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі бойынша сахналық көріністер. Қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отырған оқушылардың функцияналдық сауаттылығын қалыптастыра отырып, болашағын болжай алатын, бәсекеге қабілетті жастарды оқыту біздің сіздің басты мақсатымыз болып отыр. Осы орайда Қ. Бітібаева ұстазымыз айтқандай әдебеитті оқытудың ең бірінші рухани азығы мол адам тәрбиелеу керек. Ол үшін сіздің алдыңызға келген бала сабаққа қызыға білу керек, оны қызықтыра алатын баурап алатын тек қана мұғалімінің нәтижелі жұмысы.

«Қазақ мектебін жетілдіру, ең алдымен, мемлекеттік тілдің көркеюі мен құлаш жаюында жатыр. Ол үшін қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өнімді жолдарын, яғни инновациялық технолгиясын іздену керек» деп Қанипа Бітібаева Омарғалиқызы жазғандай ең бірінші өзімізден бастауымыз керек. Мысалы мен жұмыс істейтін мектебім кішігірім ауылда орналасқан сол мектептегі тіл мәселесіне үнемі көңіл бөліп, кейде көңілім толмайтын кездер де болады. Мектепте орыс пен қазақ сыныптары да білім алуда. Осы орайда қазақ тілінің тазалығын сақтап латын әлібиіне көшудегі маңызын ескеретін болсақ, бұл проблеманы тағы айналып кетуге болмайды. Осы ауылдың тұрғындары мен көрші отырған таза қазақ ауылының тұрғындарының сөйлеу тілінің ерекшелігіне таң қалып жүретін едім. Сол қызығушылық үлкен жұмысқа айналып Черненко Алена деген өзге ұлттың оқушысымен ғылыми жұмыс жасап, мектеп және аудан көлемінде бірінші орынға ие болып, облыстық ғылыми -конференцияда жүлделі екінші орынды иелендік. Осылайша өнімді еңбекке негізделген әдіс- тәсілдер оқушының да мұғалімнің де білім дейгейінің шығармашылық ойлауының, логикалық пайымдауының өсуіне жол ашады деген қорытындыға келдім.

Қазір алдымызда отырған оқушылармыздың басым көпшілігі ұялы телефонда, әлеуметтік желілерде отыратынын білеміз.Біле тұра оған әсер ете алмаймыз себебі өзіміз де қолданамыз. Тек айырмашылқ пайдалы және пайдасыз уақыт өткізуде болып отыр. Сол себепті мен сабақтырымда осындай ұялы телефонның функцияларын қолданып жүзеге асыратын ойын түрлерін қолданамын. Мысалы Kahoot, Plickers, Padiet тақтасы, Word Wall, ,Umaigra тағы да басқа. Мұндай

ойындар шын мәнінде оқушыларды біріншіден сабаққа қызықтыра алады, екіншіден біз талап етіп отырған сөйлеу дағдыларын дамытуға үлесін тигізеді. Тіпті сабаққа дайындықсыз келген оқушының өзін ойындар баурап алады. Сонымен қатар мен сабақты оқушылардың өз ойын айту мен жеткізу барысында да кедергілер болатынын байқадым. Әрине себебі де анық, кітап оқу, миды жатттықтыру сияқты дағдылардың жоқтығы осындай нәтижеге алып келеді. Мен өз алдымда отырған оқушылардан жасаған талдауыммен бөлісіп отырмын. Мүмкін сіздердің алдарыңызда қабылдауы мен зейіні мүлдем басқа оқушылар отыруы мүмкін.Мысалы бәрімізге белгілі «Миллион кімге бұйырады?» бағдарламасынан да қызықты ойын жасап шығаруға болады. Бұл жерде мұғалімнің де ақпаратты беру қабілеті мен оқушы баурап алу шеберлігі де рөл ойнайды. Оқушының ойыншы немесе жүргізуші рөліне кіріп, сол көңілді жеткізе білу де оның ораторлық және суырап салма өнерінің дамуына әсер ететіні анық. Егер кабинеттің техникалық жағдайы жасалған болса, Explain Everything, Quizizz, Education City, Quiziet деген интерактивті ойын түрлерін қолдануға болады. Ол үшін міндетті түрде информатика мұғалімі болу шарт емес. Өзім сабақтарымда көп қолданатын ойын түрлерінің бірі « Сиқырлы таяқша», «Ғаламшарлар шайқасы», «Кім миллонер?». Бұл ойындар жүйелі жүргізу арқылы қойған мақсатыңызға жете аласыз. Жалпы мақсатқа жету үшін оның қолжетімді, белгілі уақыт шегінде орындалатынан көз жеткізіп жүйелі түрде қайталанып отыру шарт деп ойлаймын.

Қанипа Бітібаеваның еңбектері әдебиетті оқытуда сүбегелі үлесі біз үшін өте маңызды. Өйткені қазіргі таңда мектеп жасындағы балалардың ермегіне айналған ақпарттық техногиялар, интернет желісі мен компьютерлік ойындар, балалардың санасына мықтап еніп, олардың өмірдің шынайлығын тану мен өздерінің адами тұрғыда дамуына кері әсерлерін тигізуде.Көркем шығарманы оқуға қалыптаспаған адам сөйлеу, ойын анық, еркін жеткізу, өз көзқарасын дәлелдеу, пікір айту сияқты қарапайым әрекеттерді орындау барысында шорқақтық танытары сөзсіз. К.О Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы әдіс -тәсілдері балалардың көркем әдебиетті оқуға қызығушылығын оятуға, өз көзқарасын қалыптасытруға, қандай іс -әрекет болсын өз пікірін білдіре алуға қосар үлесінің зор екенін тәжірбе барысында көріп келемін. Әдемі сөздер айтып қорытында жасауға болады, бірақ мен үшін ең маңыздысы алдымда отырған оқушылармының алған білімдері шындап келгенде ертеңгі өмірінде қажетті болуын қамтамасыз ету, осы орайда нәтижелі әрекет ету, адал еңбек атқаруым абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ.О.Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы. Рауан. 1990.
3. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002 ж

Мукашова Маржан Козыкановна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Өскемен
қаласы бойынша білім бөлімінің
«№10 мектеп-гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Егеменді елімізде ғылым-білімнің өркендеуіне сай, әлемдік білім беру кеңістігінен орын алу басты мақсаттарға айналды. Осыған байланысты: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкілікті мақсаты» [1,5] екендігі айқындалған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіруді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуды»,-деп көрсетілгендей [2, 13], яғни білімді де білікті, сауатты тұлғаға функционалдық дағдыларды дарыту білім ордаларының басты ұстанымдарының біріне айналды. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, өзге ұлт мектептерінде қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың жас ерекшелігін ескере келе, олардың ауызекі сөйлеу дағдыларын, функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, қабілеті, дарынын оятуға, шығармашылық жұмыстарға жетелеу - басты мақсаттарымыздың бірі.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет...» [1.29], осы мақсатта халықаралық білім беру стандартына сәйкес білім беру жүйесі жанартылған бағдарламаны жүзеге асыруда. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттырады, инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытады. Осыған орай Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Осы орайда отандық әдіскерлеріміздің ізденістеріне жүгінеріміз анық. Өз тәжірибемізде, әдебиет сабағында әдіскер-ұстаз Қанипа Бітібаеваның технологиясын тиімді қолданып келеміз.

Әйгілі ұстаз, академик, құрметті профессор Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқыту әдістемесі мен «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен еліміздің барша ұстаздар қауымы таныс десек артық емес.

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – жаңашыл, озық технология, жеке тұлғаның тұлғалық қасиетіне жол ашатын, білімін шығармашылық деңгейге жетелейді. «Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып

жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-дегендей [3, 2], заман талабына сай құзырлы тұлғаны тәрбиелеуде ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясының тиімділігі өте зор. Ұстаздың инновациялық технологиясы, әдебиетті әлем әдебиетінің мәдениетімен байланыстыра отырып оқытуы құндылығын арттыра түседі. Ал, әдебиет сабағының қазіргі таңда да оқу-тәрбие үдерісінде өз пәндік қызметінен де жоғары тұрғандығы баршамызға мәлім. Әдебиет пәні – жас ұрпақты тәрбиелеу құралы.

Әдебиет пәні – ұлттық құндылықтың көзі, мәдениеттің, өнердің, адамдықтың сабағы. Қанипа Омарғалиқызы: «Әдебиет пәнінің әр сабағын асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі баийды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді»,-деп айтқандай [4, 9б], әдебиетті пән ретінде ғана қарамай, ұлттық құндылық пен мәдениеттің көзі ретінде қарауымыз керек. Оқушының адами болмысына жол ашатын әдебиет сабағының маңызы зор. Алайда оны оқытудың тың жолдарынан іздену әдебиетші мұғалімдерден үлкен ізденісті талап етеді.

Осы орайда Қ.Омарғалиқызы: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын» деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. Көркем мәтінді оқыту, талдау - әдебиетті оқытудың басты мақсаты. Оның дәстүрлі оқыту кезеңіндегі әдістемесімен қоса, инновациялық жолдарынан іздену - әдебиетші мұғалімдер парызы» [3, 2]. Міне, әдебиетті оқытудың аса күрделілілігін атап көрсетеді. Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы» т.с.с еңбектеріндегі озық идеяларының қазіргі таңда да басымдық танытып отырғандығын баса айта аламыз. Әсіресе, әдебиетті қазіргі ақпараттың қарқынды дамып, «рухани жұтаңдыққа» қауіп әкелуі туындап отырған қоғамда маңызын бағалай түсеміз.

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігі өркендей түсті. «Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» [1.8], еліміздегі ғылым-білім, технология, коммуникация, экономика, өзге ғылым салаларында табысты болуда қажетті дағдыларды игеру қажет.

Қ.Бітібаеваның ұзақ жылғы еңбек жолындағы ізденісі - әдебиетті оқыту әдістемесін қалыптастыруы. Ұстаз тәжірибесіне сүйене отырып, көркем мәтінді оқып-үйрену, талдау жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың жолдарын енгіздік.

Қ.Бітібаева көркем мәтінді талдаудың төмендегіше түрлерін ұсынады:

1. Жан-жақты, толық талдау

2. Шолу бағытындағы талдау

3. Сұрыптап талдау

Сонымен қатар, әдебиет сабағындағы тиімді деген әдістерді және кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болатындығына да ұстаз жан-жақты тоқталады [3, 13].

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Практикалық әдіс	Зерттеу әдісі
Берілетін білім ақпараттық сипатта болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс - әсіресе, әдебиет пәнінің күре тамыры.	Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді. Оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мақсатында маңызды.	Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіру.	Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту, оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді.

Осы кестеде аталған оқыту әдістерін өз тәжірибемізде тиімді пайдаланып келеміз. Мәселен, «тыңдалым», «айтылым» дағдысын қалыптастыруда, жаңа тақырыпты түсіндірер алдында *көрнекілік әдісін,* АКТ, бейнетаспа, немесе презентациялар қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятады. Оқушылармен *сөздік әдісін* жұптық, топтық диалогке түскен сәттерде қолданамыз, оқушылар сұрақтар қойып, жауап беруде сөздік әдісін қолданады. *Практикалық әдіс* тақырыпқа сай қосымша материалдарды, ақпараттарды оқушылар интернет желісінен іздейді, пайдаланады. Ақпараттарды алу, өңдеу, жинақтау тәсілдері қосымша деректермен жұмыс жасауда практикалық әдіс тиімді. *Зерттеу әдісін* зияткерлік ойындарды ұйымдастыруда «Кім шапшаң?», «Ғажайыптар алаңы», «Ойлан, тап?», «Зымыран сұрақтар» т.б интербелсенді әдістер арқылы жүргізіп келеміз. Бұл оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаеваның жоғарыдағы кестеде ұсынып көрсеткен оқыту тәсілдерінің тәжірибемізде тиімділігін атап көрсетеміз. Сондай-ақ, көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану тиімді. Осы мақсатта «Суреттер сөйлейді», «Мозайка», «Суреттер галареясы» т.с.с жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруды мақсат етеміз.

Тілдік дағдыларды дамыту бағытындағы тапсырмалар топпен, жұппен, өздік әрі көрнекілік әдісі АКТ-ның көмегімен ұсынылатын болғандықтан оқушылардың қызығушылығы басым болады. Есту, көру арқылы есте сақтауларына негізделген шығармашылық жұмыстарды да оқушылар қызыға орындайды. Мәселен, миға шабуыл сұрақтары арқылы сыни ойлауға жетелеу, өз ойларын "Құндылықтар спектрі", «Ақылдың жеті қалпағы», «Балалар философиясы» т.с.с тәсілдермен берудің тиімділігі зор. "Құндылықтар спектрі" оқушылар стикерлерге құндылықтарды жинақтап жаза салмай, оны дәлелдеу, мәтіннен үзінді келтіру талабын орындайды. Қалғандары сұрақтар қоя біледі. Бұл стратегия тақырыпты

жинақтауда тиімді болды. Мұғалім тарапынан оқушыларға көмек-нұсқаулар ұсынылғаны тиімді болады.

Оқушылардың бірлескен топтық тапсырмалары: Сынып екі топқа бөлінеді. 1-топ «Әдепті оқушы қандай болу керек?» Мозайка әдісімен постер жасап, сұхбат құрастырады. 2-топ «RAFT» әдісі «Мен үлгілі оқушымын» тақырыбына монолог құрастыру. Дискриптор. Білім алушы: тақырыпқа сай нақты, өтілген жаңа сөздерді пайдаланып сұхбат, монолог құрастырады.

Жеке жұмыс. Жазылым дағдысына «Сиқырлы сандықша» тапсырмасы орындалады. Бағалау критерийлері: «Сөйлемдегі сөздерді ретімен орналастыр» тапсырмасында оқушыларға сөздер ретсіз беріледі. Оқушылар сөздерді орын тәртібімен орналастырып, сөйлемдер құрастырып оқиды. Тапсырма жеке орындалады. Мұғалім осы тапсырманы орындату барысында сөздердің орын тәртібі туралы ережені түсіндіріп кетеді. Сипаттайтын сөз зат атауының алдында тұрады. Мысалы: жомарт адам, адал дос, кең дала, биік тау т.б. Сабақтағы оқушының әр ізденісі мұғалімнің ұйымдастыруына, тапсырмалардың шығармашылық бағытта құрылуына байланысты. Сондықтан да әр сабаққа аса жауапкершілік, терең ізденіспен келу- басты мақсатымыз.

Бүгінгі қоғам ақпараттың, инновацияның жан-жақты дамыған қоғамы болғандықтан, сапалы білім алуда, қоғамға қажетті дағдыларды дамытудың тиімділігі зор деп баса айта аламыз. Осынау мақсатты орындауда әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаеваның технологиясына жүгінеріміз сөзсіз. Ұстаздың еңбектері мен педагогикалық мұрасы – сарқылмас қазынамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Н.Назарбаевтың халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар.

2.Қазақстандағы мемлекеттік тілдің бүгінгі ахуалы мен даму болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Өскемен

3.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. А, 2012ж.

4.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А, 1997 ж

Дүтбаева Камшат Бидахметқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
«А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі»КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«ДӘУІРДІҢ ДАРА ҰСТАЗЫ» ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАСЫ – ҰРПАҒЫНА ҰЛАҒАТ

Әдебиетті «Өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» деп білген, соны кейінгі буынға барынша үйретіп бақкан «қазақтың Қанипасы» - Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты,

профессор Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның саналы өмірі білім мен ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағышталды. Әр сабағы кішігірім өнер туындысы дәрежесінде жүрген саңлақ ұстаз жөнінде сөз қозғағанда, белгілі абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Омар Жәлелұлының бір сұқбатында атақты Гетенің «Ұлылардың иығына шықсаң, әлем сенің аяғыңның астында қалады» деген пікірін мысалға келтіріп, әлем таныған Мұхаңның «Мен Абайдың тізесіне жеткенде, қалған жазушылар менің тобығымда қалды» деген сөзін тілге тиек еткені еріксіз ойға оралады. Саналы ғұмыры ұстаздыққа арналған, әдебиетті оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көздеген, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер, өткір ойы мен батыл пікірі «ел аузында жүрген» Хан апамыздың Мұхтар Әуезовты тануы мен танытуы «тобық пен тізенің» арасы ма, әлде шын мәнінде «иықта» орын алды ма екен?!

Еңбектерінде «мұғалімді тәрбие көзі» ретінде танытқан Қанипа Омарғалиқызының мұғалім ретінде де, тұлға ретінде де, ғалым ретінде де орны оқшау, еңбегі «бір төбе» дербес. Аузынан шығар сөздің көрікті де ойлы болуын қалайтын, өктем үнімен талайлардың аптығын баса сөйлейтін Қанипа Омарғалиқызының тұла бойында «адам болуға» үйретететін дара қасиет ап-анық көрінуші еді. Хан апамыздың қайсар мінезінің өзі –ақ маңайын турашылдық пен ақиқатын танытуға тартып, өзгелерді және олардың жеке кеңістігіне сыйластықпен қарай алатын, өз мәдениетін бағалайтын және өзгенің мәдениетін құрметтей білетін жоғары қабілетті адамгершіл тұлға болуға баурап тұрмаушы ма еді?! Аға ұстаздың әдебиет хақындағы ғибратын тыңдаған әр кездесуден соң оқу-тәрбие процесін жетілдіруге тың серпінмен, энтузиазммен кірісуші едік- ау... Қарапайым қазақ қызының бойынан азаматқа тән қасиет, тұлғаға тән даралықты байқау қиын емес-ті.

Бұны Хан апаның көзін көргендер жоққа шығармайтыны сөзсіз. Адамгершілік пен ақыл-парасатқа жетелейтін, соған бағдар беретін ой-тұжырымдар өрнектейтін туындыларында оқушылардың дүниетанымын ойлау, ойланту материалдары арқылы дамыту адамның парасатты, білімді болуына, дүниетанымдық көзқарасының жоғарғы деңгейде дамуына әсері ерекше екендігі сөз етіледі. Мектептегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларды заманауи тұрғыда, жаңаша оқыту, оларды ойлана білуге үйрету, оқушы кез-келген жаста туындаған проблемаға төтеп бере алатындай етіп тәрбиелеуге баса назар аударады. Сондықтан да ұлттық тәрбиенің қайнар көзі - фольклор, ауыз әдебиеті және ұлттық әдебиет өкілдерінің еңбектеріндегі тәрбие қағидаларын оқушы бойына барынша сіңіру үшін атсалысқан Қ.Бітібаева өмірі мен еңбек жолы өзін қара көз қазақ санайтын барша жанға өнеге. Көзі тірісінде-ақ еңбегі еленіп, құрметке бөленгені озық тәжірибесі мен озып туғандығынан. Оған Қанипа Омарғалиқызының «Егіз өрім» атты кітабындағы «Таңымды «мектеп» деп атырып, түнімді «мектеп» деп батырып жүргенімде 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым. 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр кешіппін... 45 минут мені дәулет, байлық биігіне көтермесе де, рухани байлық сыйлады, есімімді елге аңыз етіп таратты. Осы 45 жылда мен халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге, тірісін ұлықтауға тер төктім» дегені дәлел.

«Әдебиет- сөз өнері». Ол –өнердің бір саласы. Әдебиет пәні де өнер пәні. Әдебиеттегі ұлағатты адамдар « адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» дер едік. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы - жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқар арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиетті оқытудың басты мақсатына - оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа т.б. тәрбиелеу» деген-ді аяулы ұстаз «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы» 3 томдық оқу-әдістемелік құралдың I томында. Осы бір ойтолғамында оқушы мен оқытушының мақсат –мұраттарын түгелімен айқындап берген. Әдебиет пәнінің құндылығын даралап көрсеткен құдіреттілігіне таң қалмасқа шара жоқ! Сондай-ақ оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі Қанипа Омарғалиқызының тәжірибесінен орын тапқаны қашан. Ұстаздың «Сабақ аяқталғанда шығып бара жатқан әрбір оқушының артына зіл сақтамай қоштасуы мен үшін өте маңызды» деген сөзіне рефлексия да, кері байланыс та сыйып тұр. Иә, қазіргі таңда ұстаздың «біз балаға қызмет етуіміз керек...» деген бағдарын басшылыққа алып, әр баланы ізденушілікке жетелеп, «сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу борышына» адал болуға барымызды саламыз. Осы орайда өз тәжірибемде көркем шығарманы оқыту үшін Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясын тиімді деп санаймын. Қазіргі кезде «бала кітап оқымайды» деген мәселе көтеріп жатқан кезде бұл технологияның маңызы өте зор. Яғни, «Қисынды жобалау» технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау қиын. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль ойнайды. Яғни, дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты оқулықтан мәлімет келтіруді сілтеме көрсету арқылы үйретсек, ғылыми жұмыс жазуға да үйренеді және оған деген қызығушылығын да тудырады.

Оқушылардың жазылым әрекетін дамыту үшін конструкциялап жобалау технологиясы (КЖТ) өте тиімді болады. Күнделікті қазақ тілі мен әдебиеті сабағында шығарманың көтерген мәселесін анықтау, идеясы мен тақырыбын тауып жазғызу үшін қолдануға болады. Оқушының жазылым іс-әрекетін дамытуда өте тиімді.

«Бестік диктанты» әдісінде оқушыларға шығарманы оқығаннан кейін қолдануға болады. Мұғалім сабақта өткен шығарманы үйден толық оқып келуін талап етеді. «Бестік» диктанттарды поэзиялық шығармалар негізінде де жүргізуге болады. Өлең мәтіні оқушылардың алдында жатады. Мұғалім сұрақтарына оқушылар өлеңнен жауап іздеп, тауып жазып отырады.

Бұл жұмыстар көру диктантына үндес болып келеді. «RWCT»(Оқу және жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау технологиясы) — мәтінді зерттеу әдісінде мұғалім оқушыларды топқа бөліп, ой қозғайды. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды. «Проблемалық оқыту шығармашылық жұмыстарды жүргізудің ең өнімді жолы болып табылады... Проблемалық оқытуда оқушылар бейтаныс, белгілі емес мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмылады. Проблемалық ситуацияны шешу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, интеллектуалдық таным үрдісі жетіледі» делінеді ғалым еңбегінде. Оқытудың бұл түрі дәл осы кезең ұрпағына арналған секілді... Мысалы 7-сыныпта Жиембет жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауын оқу барысында оқушыларды іздендіруге, табуға жұмылдыру үшін толғау мәтінімен таныса отырып, хан мен жырау арасында қандай жағдай болуы мүмкін екеніне назар аударту оны шешуге түрткі болады. Осы жағдайда олар болжам жасайды, дәлелдейді, салыстырады және қорытынды шығарады. Сондай-ақ көшбасшылықты, ойды дәлелді жеткізуге арналған, жас ұрпақты үлкен өмірге тәрбиелеуге арналған дебат үлгісіндегі тапсырмаларды беру де әдебиет сабағының үлкен жетістігіне айналып отыр.

Атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» Осылайша ол ұстаздықтың ұлылығын мойындатты.Ұлтты, ұрпақты сүюдің керемет, ғажап үлгісін танытты. Ол кісі өзінің өжеттілігімен, қайраткерлігімен, іскерлігімен, білімділігімен баршамызға үлгі-өнеге. Кеңес Одағы кезінде – ақ қазақтың атын, Қазақстанның атын әйгілеп, мемлекеттік сыйлыққа ие болған данышпаннан айналып кетсең болма ма?!

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Фаузия Оразбаева: «Шығыс өңіріндегі Жамбыл мектебінде Қанипа Омарғалиқызы сабақ беріп қана қойған жоқ, қазақтың ұрпағын тәрбиеледі. Қанипа апай тек тіл мен әдебиет пәнін ғана оқытқан жоқ, сол арқылы адам болуды, азамат болып қалыптасуды, елін, жерін сүюді, жалпы мейірімді болуды, бақытты болуды үйретті. Қанипа Омарғалиқызының ұлы өмірі, мәңгілік ғұмыры енді басталды»,- деген екен 70 жылдық еске алу кешінде.

Қазақта «Тау алыстаған сайын биіктей түседі деген» жақсы тәмсіл бар. Ол «ұстаздардың ұстазы» Қанипа апайға арналғандай. Ұстаз тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей беремек. Олай болса, ол туралы айтылар ой да, жазылар кітап та, әр дәуір ұрпағы өзінше алар тағылымы да толастамайды, толастауға тиіс емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. — Алматы, 1999.

2.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). — Алматы: Рауан, 1990.

3.Бітібаева Қ. О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы-Алматы, «Дәуір-Кітап» 2012

4.Бітібаева Қ. О. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту оқу-әдістемелік құрал Өскемен 2015 жыл

5.Бітібаева Қ. О. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары - Алматы, «Дәуір-Кітап» 2012

Мирманова Назымгуль Арстанбековна
Павлодар облысының білім басқармасы
«Береговая жалпы орта білім беру мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі жаңартылған білім мазмұны оқушының өз білім дағдыларын белгілі бір мақсатқа бағындыра білуін талап етеді. Сонымен бірге оқушының жұмыс тәсілдеріндегі жинақылық пен реттіліктің де қалыптасуын қадағалауды назарда ұстайды. Осы ретте, қазақ әдебиеті сабақтарында тілдік дағдылар арқылы біз оқушылардың білдім мақсаттарын жүйелеу арқылы оларды нақты не үшін жұмыс істейтіндіктерін ұғуға, оны тәжірибеде пайдалануға дағдылануға ықпал етеміз.

«Әдебиет пәні – адамтану пәні дедік. Сонымен қатар, әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні.

… Ой, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау мен өзіндік пікірде жатыр» [1, 11] – дейді ғалым-әдіскер Қ. Бітібаева. Оқушының әдебиетті оқуы арқлы жеке өзінің пікірін қалыптастыруына, өзіндік ой түюіне ықпал ететін жұмыс түрлерінің жиынтығын жазылым дағдылары арқылы қалыптастыруға болады.

Тілдік дағдылармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың белгілі бір іске бейімделуілеріне, нақты тәжірибеде іс-әрекеттерді орындай алуларына ықпал етеміз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында еліміздегі білім беру жүйесінің міндеттерінің бастысы – ұлттық және адамзаттық құндылықтарды игерту, ғылым мен тәжірибені сабақтастыра отырып, білім беретін бағытты таңдау [2] деп көрсетеді.

Жаңартылған білім мазмұнының мақсаттары түпкі нәтижелерге қол жеткізу арқылы анықталады. Бұл нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін талаптар білу, түсіну, қолдану, салыстыру, байланыстыру, бағалаудан тұрады. Оқушының білімінің нәтижесі біледі, түсінеді, қолданады, салыстырады, байланыстырады, бағалайды деген оқушы білімін, материалдарды игеру деңгейін анықтаудың кезең-кезеңге жіктелген дағдыларымен белгіленеді [3, 51-52]. Оқушы білімнің деңгейлерін бағалауда толық әдеби-теориялық талдау жасауды меңгеруін осы деңгейлік жүйемен сәтті сабақтастыра отырып анықтаймыз.

Оқушылардың өзіндік ой жүйелерін қалыптастыруда жазылым дағдыларының әдіс-тәсілдері көп көмектеседі.

Біз жазылым дағдылары арқылы жүргізілетін келесі жұмыс түрлерінің әдіс-тәсілдерін ұсынамыз. Оқушылар бұл жұмыс әдіс-тәсілдеріне әдебиетті оқыған күннен қалыптаса бастайды.

Бұларды шығарма мазмұны бойынша және сауаттылықты көтеру мен орфографияны меңгеруге арналған тапсырмалар деп бөлуге болады.

1. Өздері оқыған көркем шығарма мазмұнын жазу.

2. Шығармадағы бір кейіпкерге сипаттама беру, мінездеме жасау.

3. Шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы өз ойын ашып, дәлелдеп жаза білу.

4. Шығармадағы автор ұстанымы туралы ойларды анықтап жазу.

5. Көркем шығармадағы көркемдегіш құралдарына талдау жасау. Оқу сауаттлығына арналған тапсырмаларды орындауда бірнеше жұмыс түрлері жүргізіледі.

1. Мәтін құрылымын есте сақтау, оларды дұрыс қоя білу.

2. Мәтіндегі орны ауысқанмен сөздер жұмыс.

3. Ақпараттарды таба білу. Олардың негізгісі мен қосымшаларын ажырата алу

4. Шығарма стилі мен жанрын анықтап, оны қорытып жаза алу.

5.Шығармадағы жеке сөздермен жұмыс, сөйлемдермен жұмыс жүргізе алу, оны жүйелі қорытып жаза білу.

6.Шығарма тақырыбын қатыстырып, өзге жанрларда жазба жұмыстарын орындау. Мсыалы эссе жазу, ғылыми баяндама мәтінінде пайдалану, шағын хабарлама т.б. жазба жұмыстарымен байланыстыра алу.

Оқушының орфографиялық сауатттылығы өз ойын жүйелі, нақты, дәлелді жаза алуға арналған тапсырмаларды орындау кезінде анықталады. Сондықтан да бұл тапсырмалар түрлері тұтасымен кез келген сабақта бірге жүргізіледі.

Жазылым дағдысы барлық дағдыны игере білудің нәтижесін де көрсететін дағдының түрі. Бұл дағды арқылы тілді қолданып сөйлеу мен жазу, оны тәжірибеде пайдалана алуды да анықтайды. Сондықтан да қазіргі жаңартылған білім мазмұны кезінде оқушының өзіндік ойлау дағдыларын дамыту кезінде қазақ әдебиеті сабағында дәстүрлі тәсілдермен бірге оқушылар қызыға орындайтын жаңашыл дәстүрлерді де кеңінен қолданамыз. Мысалы, оқушылар, белгілі бір шығарма мазмұны бойынша фотоколлаж дайындау, шығармадағы кейіпкерлер бойынша постер жасау сияқты талдау жұмыстарын жақсы көреді. Сонымен бірге қазіргі оқытуда кеңінен қолданалатын «үш қадамды сұхбат», «синквейн немесе 5 жолды өлең», «әдеби шеңбер», «ПОПС», «фишбоун» әдістері оқушының ойын жинақтап жазуына ықпал етеді.

Жазылым дағдыларын қалыптастыруда біз екі түрлі дағдыға назар аударамыз.

1. Қатаң сақталатын жұмыс түрлері.

2. Еркін жазуға арналған жұмыс түрлері.

Мсыалы 6-сыныпта «Аяз би» ертегісін оқытуда біз «үш қадамды сұқбат» бойынша оқушыларға келесі сұрақтарды береміз.

1. Жаман неліктен ханның қырық уәзіріне еріп, хан сарайына Жаман адам болып келді деп ойлайсыңдар?

2. Құстың және шөптің жаманы туралы өз ойын неліктен хан уәзірлеріне айтпай, сарайға барғанда айтты?

3. «Апырай, сен жаман болсаң, жарар еді?» деген хан сөзінің келесі оқиғалар өрбуіне ықпалы қандай болды? [4, 11]

Осы сұрақтар бойынша оқушылар өз ойларын жинақтап 3 сөйлеммен берулері керек. Оқушылар әр сұрақ бойынша жауаптарын 3 сөйлемнен асырмаулары шарт. Әр сөйлемде 4-5 сөз болуы керек. Сондықтан да олар барынша сөздердің нақты және дәл, мазмұнды, ойды ашуын, көркем жеткізуін қадағалаулары керек. Оқушылар тек жауап беріп қана қоймайды, ойланады, сөйлемді дұрыс құруды, артық сөз алмауды ескереді.

Бұл оқушылардың тек мәтін мазмұнын біліп қоюдың аз екендігін, оны сөйлеммен жеткізе білу қажеттігін, әрі нақты бір қалыпқа салуларын талап етеді. Осы арқылы оқушылар көркем ойлауды, оны қалыпқа салып жеткізуді үйренеді.

Қатаң сақтауға арналған жұмыс түрлерін орындауда синквейн, 5 жолды өлең деп аталатын жұмыс түрі де оқушылардың ойды дәл жеткізу мен оны дұрыс қолдана алу үшін маңызды. Мысалы, оқушылар кейіпкер мінезін ашуда 4 жолды өлең жолдарын пайдалану арқылы оны жүйелеп алуға болады. «Аяз би» ертегісіндегі Мадан ханға мінездеме беру кезінде осыны пайдалануға болады.

1. Хан
2. Әділ, ақылды
3. Іздейді, сынайды, сұрайды
4. Мадан – әділдікті сүйетін хан.
5. Танытушы.

Оқушылар Мадан ханға жасалған синквейн арқылы Аяз би бейнесінің ашылуының сырын ұғады. Мадан бейнесін таниды. Маданның әділ, ақылды екендігін анықтай алатын оқушылар, келесі жолдар арқылы оның ақылдылығы мен әділдігінің танылуына оның әрекеттері себеп болғанын түсінеді. Ол әрекеттер Мадан ханның қырық уәзірін жаман құс, шөп, адам іздеуінен және Аяз биді сынауынан және оның ақ сақалды қариядан сұрағандары арқылы ашылады. Соңында бұл шығармада Маданның орны қандай? Бұл сұрақтың жауабын оқушыға: «Ол – Аяз бидің ақылды екенін танушы, оны халыққа танытушы әділ де, ақылды хан» екендігінен анықтаймыз.

Оқушыларға осындай жұмыстардың қатарында «Фишбоун» - балық қаңқасымен жұмыс істеу де ыңғайлы. Оқушыларға фишбоун әдісі тиіміді. Себебі оқушылар көркем шығарманы тек эстетикалық, көркемдік өнер түрі деп танып қана қоймай, оның қоғамдық-әлеуметтік мәнін, неге ол мәселе алынды, неге осы тақырып таңдалды, неліктен кейіпкер осылай бейнеленді деген мәселені анықтау үшін қажет. Фишбоун арқылы оқушылар мәселен анықтайды, шығарма түйінін ұғады, кейіпкер мінезіндегі басты белгіні аша алады. 1. Шығармадағы зерттелетін, қаралатын, көтерілетін басты мәселе.

2. Оң жаққа жазылатындар:

- неліктен бұл мәселе көтеріледі? Оның себептері қандай? (Немесе тақырыптың алудың қажеттілігі анықталады.)

- осы себептерді ашатоын негізгі мазмұн мен деректер, дәлелдер жазылады.

3. Осы мәселелнің қалай шешілетіні! Оған қандай оқиғалар ықпал етті? Қаламгер оны қалай түсініктермен береді?

4. Соңына қорытыны мен түйіндер жазылады.

Фишбоун арқылы оқушылар шығармадағы тақырып пен иидеяның қажеттлігін, оның таратылуын талдауға үйренеді. Осы тұста оқушылар оны көркемдеп жазуныың қажеті жоқ. Оқушылар оны жинақтауы және бекітуі керек. Сондықтан да шығармадағы талдаудың негізгі үлгілерін балықтың қаңқасына жаза отырып, оны өздері де анықтай алатын болады.

Қорыта келгенде, әдебиет пәні оқушылардың тілдік дағдыларын тұтас алып, кешенді түрде дамыта оқытса, «әдебиет – оқушының өзіндік ойлауына жол ашады». Осы себептен де, біз жазылым әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың тек өз ойын тарату әдісі арқылы эссе немесе шығарма, мазмұндама жұмыстарымен жеткізуін ғана емес, жинақтау тәсілі арқлы нақты әрі дәл талдауына да жол ашамыз.

Ең бастысы – біз әдебиеттің көркемөнер түрі ретінде оқушыны ойлануға үйретететін пән екендігіне көз жеткіземіз. Қоғамның тұрмыстық, әлеуметтік, рухани тұстарын аша алуға, оған зер салып қарап, әдебиет арқылы ортасын, әлемді тануға көмектесеміз. өмірге үйретеміз. Ал білімнің басты міндеті – тірлікке үйрету, оны адамгершілікпен, ұлттық құндылықтармен толтыруға қажет мінез сипаттарын қалыптастыру болып шығады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі – Алматы: Рауан, 1997. – 283 б.

2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық, және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік-құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі

4. Ақтанова А., Жундибаева А., Жұмекенова А. т.б. Қазақ әдебиеті. 6-сынып. – Алматы: Атамұра, 2019. – 128 б.

Аманов Нуржигит Бердибекович
Алматы қаласының білім басқармасы
«С.А.Ходжиков атындағы №39
мамандандырылған лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Бүгінгі заманның дидары, келбеті бөлек. Жаңа ғана алған ақпаратың бірнеше уақыттан соң, өз маңыздылығын жояды. Бұндай дүбірлі дүниеде ақпараттар легіне ілесе отырып, дамудың даңғыл жолына түсу – үлкен жауапкершілік. Сондықтан да еліміз өресі биік өзгерістер мен жаһандық жаңалықтардың жаршысы ғана болмай, сол жаңалықтар мен технологиялардың жасаушысы, ойлап табушысы қызметінің эпицентрінде болуы тиіс. Бұл жайлы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек», [1] – деген болатын. Сол үшін заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың жобалар мен идеяларды басшылыққа алуымыз керек.

Отандық білім беру саласында әлемдік тәжірибелер мен ұлт жанашыры болған ұстаздарымыздың идеяларын негізге ала отырып, қазақ халқының бары мен жоғын күзететін, пайым-парасаты биік, өмір сүруге икемді, жаны жаңалыққа құмар тұлғаны тәрбиелеу – білім беру жүйесінің алдында тұрған міндет. Осы орайда, ұлт мақтанышына айналған әдіскер-ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиялары жаңартылған мазмұнда білім беру жүйесін жүзеге асыруда өзіндік құндылығы мен маңыздылығы бар.

Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады [2, 12 б.]. Әрбір өндіріс орынның басты міндеті – сапалы өнім өндіру арқылы бәсекеге қабілетті болу. Сол сияқты әрбір сабақ – өндіріс орны, басшысы – мұғалім, жұмысшысы – оқушы, өндірілетін өнімі – оқушының ойы, сыйақысы – бағасы, жұмысқа деген ынтасын оятатын дүниесі – әдіс-тәсілі. Сонда әрбір сабаққа енген оқушы жаңа сабақты түсініп қана кетпей, сол түсінген дүниесі арқылы жаңа дүниені өндіріп, жасағанда ғана сабақ өз мақсатына жетеді. «Бұл қалай жүзеге асады?» деген сауал туындауы мүмкін. «Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады», [2, 12 б.] – деген әдіскер-ұстаз мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асатындығы және ол жұмыс түрлеріне қарай, оқушының қабылдау деңгейіне байланысты әр түрлі болып келетіндігін айтады. Оқушы сабақта алған білімін пайдалана отырып, ой өнімділігінің артуы мұғалімнің пайдаланған әдіс-тәсілдері негізінде жүзеге асады. Сондықтан да бүгінгі таңдағы

білім саласына жасалып жатқан өзгерістер білім алушының сұранысының өзгеруіне байланысты болып отыр.

Қазақ әдебиеті сабағын қалай өндіріс сабағына айналдырамыз? Қалай оқушылардың өмір сүруіне пайдасы тиетіндей ой өнімділігін арттырамыз? Шикізат – әдеби шығармалар. Кез келген өндіріс орнына келген шикізат өңделіп барып, жаңа өнім жасауға дайындалады. Өңдеудің өзіндік әдіс-тәсілі бар сияқты, қазақ әдебиетінде көркем шығарманы өңдеудің жолы – оқу және талдау. Оқушылардың көркем шығарманы оқуға деген ынтасын арттыру үшін мұғалім өтілетін туынды кейіпкерлерін өмірден іздеп, мінезіне, іс-әрекеттеріне баға беріп, ой қозғап, пікірін, ойын тыңдап, алдын ала оқуға беруі керек. Оқушы көркем шығарманы оқып, оның мазмұнын меңгеріп, кейіпкерлермен таныс болғанда ғана талдау жұмысы жүргізіледі. Көркем шығарманы оқитын кезде оқушыға төмендегідей нұсқаулық беру тиімді болады. Мысалы:

- көркем шығарманы асықпай, әр сөзіне, сюжеттік желісіне, кейіпкерлердің тағдырына, іс-әрекетіне, сөйлеуіне мән бере отырып, түсінбей жатқан жерін бірнеше қайтара оқып шығу;
- көркем шығарманы оқу барысында ерекше назар аударған мәселені жазып алу;
- шығарма кейіпкерлерін өмірден іздеп отырып оқу.

Талдауда оқушының жеке жұмысы ұжымдық жұмыспен үндеседі, байланысады да, бір мақсатты көздейді. Ол қандай мақсат? Біріншіден, оқушының көркем туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын танып-білу, оларды дамыту мақсаты. Екіншіден, көркем шығармаға деген эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, көркем туындыны өнер туындысы ретінде түсінуіне әсер ету.

Үшіншіден, талдау арқылы оқушының танымын, қабілетін, қорыта айтқанда, оның ойлау белсенділігін, бүкіл іс-әрекетін дамыту [2, 54 б.].

Әдіскер-ұстаз көркем шығарманың талдау барысында салыстыру, тақырыпқа байланысты қосымша материалдарды ұсыну, сын-зерттеу еңбектерінен туынды туралы пікірлерді оқушыларға беру, сурет, иллюстрацияларды таныстыру тиімді болатындығын айтады.

Ұстаз әдеби талдаудың үш жолын ұсынады. Олар:

- автор ізімен талдау, тұтастай, толық талдау;
- образдар жүйесіне қарай талдау;
- проблемалық талдау.

Көркем шығарманы талдау арқылы оқушының есте сақтау қабілеті, өз пікірін айта білу, жеке, топтық, ұжымдық жұмыс істеу дағдылары, жағдаятқа баға бере отырып, шешім шығаруда өзіндік ой тұжырымы қалыптасады. Көркем шығарманы талдау барысында сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Әдіскер-ұстаз ұсынған көркем шығарманы талдау жолдары жаңартылған оқу бағдарламасында өзіндік маңыздылығы мен құндылығы бар екенін көруге болады. Мысалы, қазіргі таңда әдебиетті оқытуда көркем мәтіннің мәнін қабылдап, оның

ерекшеліктерін меңгеру үшін, оқушы әдеби шығарманың құрылымына, оның түрі мен жанрына, автор көзқарасына талдаулар жасауы керек.

Әдеби шығарманы талдау барысында қолданылатын саралау тапсырмалары:

- көркем шығармадағы басты тартысты анықтау;
- әрбір кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктерін зерттеп, оларды өзара салыстыра талдау;
- көркем шығармада көтерілген мәселені өмірмен байланыстыру арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру;

Бұндай талдау жұмыстарын жүргізу қазақ әдебиетінің оқыту мақсатын анықтап берді.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұны сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады [3, 11 б.]. Қазақ әдебиетін оқытудағы бұндай мақсатты алға қоюдың себебі, жаһандану заманында адам баласының өмір сүруіне қажетті білім мен дағдылардың өзгеруі.

Дәстүрлі оқытуда мұғалім әрекеті репродуктивті сипатқа ие, демек, дайын үлгі мен белгілі алгоритм бойынша жұмыс жүргізеді. Ал жаңаша оқытуда өнімді әрекеттер орын алады [4].

Әлемдік білім беру жүйесіндегі трендтердің бірі – проблемалық оқыту.

Проблемалық оқытудың негізін проблемалық сұрақтар құрайды. Проблемалық сұрақтар қызықты, әрі тартыс туғызатындай, көркем шығарманы тереңірек қамтитындай мазмұнда құрастырылуы тиіс.

Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады [5].

Әдіскер-ұстаз Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесін және жаңартылған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын негізге ала отырып, проблемалық оқытуға байланысты проблемалық талдау үлгісін ұсынамыз. 8-сынып қазақ әдебиетінде Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесін талдау барысында төмендегі кестені ұсынуға болады.

Проблемалық сипаттағы сұрақтар	Оқушының ықтималды жауабы
Қалай ойлайсыңдар, Естемес өмірінің тұрлаусыз болуына қоғам ба, әлде өзі кінәлі ме? Сол кездегі қоғамның да кінәсі бар деп ойлаймыз. Шын талантты бағалай алмай, ойын-сауықта ғана арқасынан қағып, күйін тартқызып, төрге отырғызып, қалған кезде елемеуі. Абай айтады: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват», – дейді. Сонымен өзі де кінәлі домбырасын тартып, сауық-сайран құрып, елден жиған-тергенін шашып жүре бергенше, соны жинап, ел болуды ойлауы керек еді.	

Жазушы Естеместі Жаңылмен кездестіріп, ah ұрып, құр алақан қалдыруымен нені айтқысы келді? Осы шешім дұрыс болды ма? Жазушы күй өнерінің құдіретін көрсету үшін басты кейіпкерді Жаңылмен кездестірді. Әйтпесе, күй тумаушы еді. Әр күйдің шығуына бір себеп болады. «Наридірген» күйінің шығуына Естеместің Жаңылға деген ынтықтығы түрткі болды. «Тең – теңімен, тезек – қабымен» дейді қазақ халқы. Естемістің ah ұрып қалуы Жаңыл оның теңі емес еді. Жазушы оны құр алақан қалдыруы жастық өмірдің бағасын, қадірін түсінуді, бағасына жетуді, әр нәрсені өз уақытында жасау керектігін ұқтырғысы келді.

Проблемалық жағдаятты шеше отырып, бақытты адамның бейнесін жасау ұсынылады.

Естемес:

– Қарағым Оразымбет, маған ергеніңе жыл болып қалды. ... Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Нағыз отбасының жылуын аңсайтын кез сонда болар.

Жаңыл:

- Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар.

Жаманның сөзі: («Аяз би» ертегісіндегі Жаман)

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба?

Меңді қыз:

- Өзімнен ақылы артық кісіге тием.

Жетелеу сұрақтары:

1.Естеместің өкінішіне назар аудар. Адам баласының өмірде бақытты болуының сыры неде?

2.Жаңыл сөзінің астарында не жатыр? Жаңыл таңдауын дұрыс жасады ма?

3.Жаман ойынан нені ұғуға болады? Ақылы елден асқан Жаман өзін жаман деуімен келісесіз бе?

4.Меңді қыздың ақылы өзімнен асқан кісіге тиемін дегені қаншалықты құптарлық іс?

5.Жаман мен Естеместің тағдырлары ұқсас болғанымен, Жаман ақыл-парасатының, тапқырлығының арқасында Меңді қызға үйленіп, өміріндегі өкінішін жойды. Естемес өнерінің арқасында өз жолын таба алады ма?

«Жетістік жету формуласы» әдісі – оқушыны өмірде жетістікке жетуге, бойындағы дарыны мен талантын табыс көзіне айналдыруға, өнер жұтамайтын дүние екендігіне, еңбегін сатуға үйретеді.

Тапсырма Оқушының ұсыныстары

Естемес бүгінгі заманда болса, өмірі қалай болушы еді? Әлеуметтік жағдайы төмен, дарынды күйші Естеместен бай Естемеске жетудің жолын ұсыныңыздар. 1.

Естемес домбыра тартуды үйретететін үйірмелер ашады.

2.Үйірмеден түскен ақшаны жинап, күйшілер мектебін ашуға болады. Инстаграмм, тик-ток желілері арқылы жарнама жасап, оқушыларды тартуға болады.
3.Гастрольге шығып, шет елдің сахнасын бағындырар еді. Үнтаспаларын жазып, адамдарға күй жазып береді. Өзіндік имиджі қалыптасқан соң, жарнамаларға түсіп ақша табуға болады.
4.Түскен ақшаға қосымша бизнестер ашып, әлеуметтік жағдайын түзеп алар еді. Содан соң отбасы құрып, бақытты өмір сүрер еді.
Проблемалық талдау арқылы оқушылардың танымдық, шағармашылық қабілеті, алған білімдерін өмірде қолдана білуі, іс-әрекет арқылы ойлау дағдылары қалыптасады. Әдіскер-ұстаз Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесі отандық білім беру саласын дамытуда маңызды орын алады.
Көркем шығарманы оқыту мен талдау жолдарын сараптай келе, мынадай қорытындыға келдік:
-ойланудан ойлатуға;
-ақыл айтудан ақылдасуға;
-сөйлеуден сөйлете білуге;
- талдаудан талдай білуге көшу сынды қағидаларды ұсынамыз.

Қандай кезең, уақыт болмасын тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту – өз құндылығын жоймайды. Қанипа Бітібаева салған сара жол – талай ұстаздардың жолына айналып, сол жолдан ұлтының ертеңін өз тағдырымен ұштастырған шәкірттердің түлеп ұшарына кәміл сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.К. Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» // Egemen Qazaqstan/№5 (29734) 2020 жыл, 9 қаңтар
2. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» // Алматы «Рауан» 1997 ж. 288 б.
3. Мұғалімге арналған нұқаулық // НЗМ педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж. 61 б.
4. Жубауова Ж.Р. «Проблемалық оқытудың маңыздылығы» // Хабаршы, 2017 ж.
5. Фазылова А.Е. «Проблемалық оқыту технологиясы» // «Білім беру» Республикалық ақпараттық-әдістемелік орталық, 2017 ж.

Сагибаева Айтолкын Жакашевна
Абай облысының білім басқармасы
Абай ауданы бойынша білім бөлімінің
«М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ
мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының

академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, аты аңызға айналған тұлғаларымыздың бірі.

Бүгінгі таңда мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді міндеттейді. Әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады, қалыптастырады. Осы орайда ұстаздың «ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблеманы шешу, іздену сияқты әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субьект ретінде қабылданады. Қазіргі кезде қолданыста жүрген Кембридж технологиясының сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулі ұстаздың «Өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдерімен кіріктіріліп, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейді.

Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды да сабақтың өн бойында ол шешуші роль атқарып отырады. Өткенді қайталау жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау, кері байланыс жасау кезеңдерін бірлікте қарастырып бүтінге айналып кетеді. Сабақтың өн бойында, әр кезеңдерінде оқушылар белгіленген мақсатқа жетудің жолдары жүйелі түрде ойландыру; ойлау іс әрекеттері арқылы жүзеге асып отырады. Ой салу - ұстаз тарапынан, ойлану- шәкірт тарапынан, ойланту - ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу ұстаз тарапынан да, ал бір шешімге келу оқушы тарапынан жүзеге асады. Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын-ала тапсырма беріп, ой тастайды. Мысалы 5-сынып Д.Бабатайұлының «О,Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңін өтерде Ақтан кім? Неге ақын сұрақ қоя отырып, өзі айтқан жағдайларға тоқталып, жауабын да беріп кетеді? деген ой тастау сұрағын қою арқылы оқушыларды ойлантуға, ізденуге, өз беттерімен шығармашылық жұмыс жасауға бағыт беріп, сабақты сұхбат сабақ түрінде өткізіп, оқушыны ойлауға жетелеуге болады.

Ұстаз тәжірибесінің тағы бір ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары- оқушы субьектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Осы орайда Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру. Олар пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін». Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Ұлы ұстаздың әдіс тәсілдері бүгінгі таңдағы жаңартылған білім мазмұнымен ұштасып жатыр десек қателеспейміз. Себебі қазіргі

оқу бағдарламаларына сәйкес тіл сабақтарындағы оқу дағдыларын орындап, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес еңбек етуші, өз беттерімен білім алушы ретінде қатыстыруды көздейді.

Ұлы ұстаздың тағы бір маңызды модулі оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникативтік технологияны АКТ пайдалану. Ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі кезеңді былай қойып, қарапайым телефонның өзі жетістік болып саналатын өткен ғасырдың орта шенінің өзінде ғылыми әдістемелік жаңалықтарды қалт жібермейтін ізденімпаз ұстаз Қанипа Омарғалиқызы үшін бұл да алынған асу, шыққан шың.

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі де Қанипа Омарғалиқызының тәжірибесінен орын алған. Ұстаздың «Сабақ аяқталғанда шығып бара жатқан әрбір оқушының артында зіл сақтамай қоштасуы мен үшін өте маңызды» деген сөзіне рефлексия да, кері байланыс та сыйып тұр.

Қ.Бітібаеваның ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесіне үңілгенде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын-ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді. Өтілетін жеңіл тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға береді. Жеке-жеке оқып, екінші кезекте бір-біріне сыбырлай сөйлесе отырып айтады, осы іс әрекетке жаттықтырған соң, келесі сабақтарда жұптар жұмыс істеп болған соң өз қалаулары мен нәтижелерін өз таңдаулары бойынша басқа жұптармен бөліседі. Енді мұғалім ұжымға проблема тастайды, ең алдымен топтар ол проблеманы ізденсе, соңынан бүкіл ұжым болып талқылайды. Бір проблеманы әр топ әр қырынан зерттейді, әр топтың өз тапсырмасы болады, қорытындыда ұжым бірге отырып ситуацияны шешеді. Жаңартылған білім мазмұнында қолданылып жүрген Кембридждік саралап оқыту технологиясы осы әдіс тәсілмен астасып жатыр десек қателеспейміз.

Қорыта айтқанда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді игеру жолдарын Кембридждік тәсілден іздемей-ақ Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның озық тәжірибесінен үйренсек те ешкімнен кенже қалмас едік. Өйткені Қанипа Омарғалиқызы өткен ғасырдың аяқ кезінде республикалық атаулы мектебінде интеллектуалдық дамуы басқаның білімін қажет етпей, өз еншілігіне тиесілі іс тәжірибесін жаңа заман сұранысына сай өндей білім беріп, талантты ұл қыздарын қияға самғатқан ұлағатты ұстаз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

Калиева Арай Ермековна
Абай облысының білім басқармасы
Көкпекті ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ж.Шайжүнісов атындағы орта мектебі»
КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұрпақтардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айрықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарын тұтастыра жүргізудің үздігі атанған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұлағаты қазіргі республика ұстаздарына өнеге – үлгі мектебі болып отыр. Оқушыларға білім беруде жаңа технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Оқу үрдісінде осындай жаңарған озық тәжірибелерді белсенді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Бүгінде қоғамның жеке тұлғалы, дамыған адамын тәрбиелейтін маманға өзінің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс - тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Оқушыларды кәсіптік білім алуымен қатар шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек.

Елімізде болып жатқан іргелі- іргелі өзгерістер мен қайта жаңғырулар оның білім мен тәрбие беру жүйесіне де түбірлі өзгерістер мен мақсаттар әкелді. Ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін құруда айтулы жаңарулар жүріп жатыр. Елінің бай тарихы мен бүгінгі жеткен рухани жетістіктерін терең сабақтастықта қарастыра отырып, ұстаз ұлттық құндылықтарды көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді. Ұлы педагогтың қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары ұстаздар қауымына нағыз бағдаршам болып келеді. Ұстаздың басты ұстанымы — көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу. Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды да сабақтың өн бойында ол шешуші роль атқарып отырады. Үй тапсырмасы, жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау кезеңдерін бірлікте қарастырып бүтінге айналып кетеді.

Қ.Бітібаева ұсынған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесі мен технологияларын бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаздар қауымы қолдануда.

Зерттеу барысында бала ережелер мен заңдарды енді өзі қайта жасап, қайта жүйелейді; оқу-танымдық үдеріс барысында оқушының өзінің қызметіне, әрекетіне деген сыни көзқарасы қалыптасады.

Жаңашыл ұстаз есімі аңызға айналған Қ.Бітібаеваның пайымдауынша : «Технология бір диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе». Әдебиет - өнер сабағы, сондықтан да мұғалімнің шеберлігін, ізденісін, талап етеді. Сондықтан да әр мұғалім әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясынан іздену керек. Қ.Бітібаева әдебиетті "өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы" – деп біледі. Ол- өзінің әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен ұстаз. Қанипа – өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер жаңашыл мұғалім.

Әдебиет – сөз өнері. Адам жүрегін тербетіп, ақылын таразылап, тілін кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады.

Сол өнерді қалай оқытып жүрміз? Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Әдебиетті оқытуда әдіс-тәсілдер мол-ақ, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнына сай жүзден астам тәсіл сабақтарда кеңінен қолданылады. Мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні көркем әдебиетті, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын қамтиды. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы да осыған негізделген. Сөзім нақты болу үшін 5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығынан мысал келтірейін, 5-сыныпта аптасына 2 сағат, жылына 72 сағат оқытылады.

1. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша мынандай оқу мақсаттарынан тұрады:

Бұл сыныпта оқуға қамтылған шығармалар «Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімінде «Керқұла атты Кендебай», «Қобыланды батыр», «Асан қайғының жерге айтқан сынын» оқиды. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөлімінде Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ы Алтынсариннен «Қыпшақ Сейітқұл» шығармалары оқытылады. Оқу мақсаттары:

5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау

5. Т/Ж2.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;

5. Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5. А/И1.Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.Б/С3.Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

5. Б/С2.5 Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;

5. А/И3. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек :

-Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,

-Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,

-Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау,

-Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Біз, ақпарат пен технологиялар күннен күнге дамып келе жатқан мына қарбаласқа толы заманда, еліміздің болашағы болатын жас буын ұрпақтың тағдыры, тұлға ретінде қалыптасуы әлі де біздің қолымызда екендігін ұмытпауымыз керек. «Тоқсан ауыз сөздің,тобықтай түйінін» келтіретім болсам, «Жаңа заманның, жаңа технологияларының негізі осыдан ширек ғасыр бұрын бастауын алған, ұлағатты ұстаз, өз елінің дара да дана ұстазы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық еңбегі мен келелі тәжірибесінде жатыр деген оймен өзімнің баяндамамды Қанипа Омарғалиқызының «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет » деген ұлағатты даналығымен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы, «Дәуір-Кітап» баспасы, Алматы 2012 жыл
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997ж.
4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту. Мектеп баспасы, 2000 ж

Ахметова Алма Ергалиевна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің
«Шаңырақ» көпсалалы мектеп–гимназиясы» КММ
мұғалімі

Қ.О БІТІБАЕВА МҰРАСЫ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Рухани құндылық, ең алдымен, әр халықтың ғасырлар қойнауынан бастау алатын, ұлттық салт-сананы, әдет-ғұрпы, көзқарасы, шыққан түп-тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты, бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, ғылым берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту өзіне-өзінің жол

ашуына түрткі жасау-міне, бүгінгі білім берудегі басты міндет осындай. Қазіргі заман талабына сай ұстаз келбетін ашатын проблемалық талаптар бүгін барлығымызды өмірі мен ерен еңбегінің өнегелі өрнегімен тәнті еткен Қанипа Омарғалиызы Бітібаеваның дархан жолы, талмас талап пен іркілмес ізденімпаздықтың, шыңға шыққан шығармашылық пен ғибартты ғылым сүйгіштіктің үкілеген үлгісі мен асыл мұрасын бүгінгі жас ұрпаққа ой салатын, ойландыратын ең жүйрік , озық технологияларын бүгінгі күннің қайнар бұлағы деп айтып кетсек те аз емес.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі.

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді ұстаз .

Елінің бай тарихы мен бүгінгі жеткен рухани жетістіктерін терең сабақтастықта қарастыра отырып, ұстаз ұлттық құндылықтарды көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді. Ұлы педагогтың қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары ұстаздар қауымына нағыз бағдаршам болып келеді. Ұстаздың басты ұстанымы — көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу. Биік заңғар таудың басынан аққан қайнар бұлықтың мөлдіріндей, тұп-тұнық білім суымен сусындатып кеткен Хан апамыздың асыл мұрасы, бүгінгі барша ұстаздар қауымына берген асыл қазына.

Бүгінгі таңда Қ. О. Бітібаеваның озық технологияларын жаңартылған бағдарламамен ұштастыра әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдаланып келеміз. Кез-келген Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды да, сабақтың өн бойында ол шешуші роль атқарып отырады. Үй тапсырмасы, жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау кезеңдерін бірлікте қарастырып бүтінге айналып кетеді. Сабақтың өн бойында, әр кезеңдерінде оқушылар «ой тастауда» белгіленген ауқымды мақсатқа жетудің жолдары жүйелі түрде ойландыру;

ойлау іс әрекеттері арқылы жүзеге асып отырады.

Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға

алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Ұстаз тәжірибесінің тағы бір ерекшілігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы–субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады.

Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» .

Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады.

«Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады» деген ұлы Абай сөздерін ұстаным еткен ұстаз, «Ғылым таппай, мақтанба», «Болмасаң да, ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп, дарынды шәкірттерін ғылым-білім нәрімен сусындатудан жалықпай келеді. Жаңашыл ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы «Билер кеңесінің отырысы», «Мен-зерттеушімін», «Пікір қорғау», «Кіші зертханадағы ғылыми кеңес», «Ұлылар үндестігі», «Жобалар сайысы», «Шешендік турнирі», «Консилиум», «Сөз жарысы», «Өнер жарысы», «Есеп беру сабағы» деген түрлерін кезіктіруге болады. Қ.Бітібаева ұсынған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесі мен технологияларын бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаздар қауымы қолдануда.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаның дамуы. Оқушы тұлғасының рөлін жоғары көтеру тәсілі бүгінгі қазақ тілі сабағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың басты ұстанымдарының біріне айналып отыр. Бұл ұстаным оқыту жүйесінің әрбір компонентінде көрінеді. Ол оқыту мен тәрбиелеу мақсатын байланыстырады, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бірыңғай оқу-тәрбие педагогикалық үрдістердің тәсілдері мен жағдайын сипаттайды.

Қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыдан терең меңгеріп, рухани құндылыққа айналдыру оқу үдерісінің басты мәні мен мақсатына айналған кезде, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігіне қол жеткізіледі. Білімнен құзыреттілікке қағидасына негізделген жаңаша оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қызметінің заңдылықтарына, оқытудағы құндылық бағдарға, яғни, оқушының зерттеушілік, шығармашылық және рухани-адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс.

Қ.Бітібаеваның республикалық ғылыми зертханасы оқушының, ұстаздың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға негізделе отырып

- іс жүзінде болашағы бар білім беру мақсатын жүзеге асыру;
- әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау;

- білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, өз білімдері мен іскерліктерін дамытудың жолдарын анықтау;
- әрбір оқушының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістік деңгейін бағалау мүмкіндігін беру;
- оқушының әлеуметтік біліктілігін қамтамасыз етумен шұғылданады.

Дарынды балалардың дара ерекшеліктерін дамытуға түрткі жасауды алдына мақсат етіп қойған республикалық ғылыми зертханада басты тұлғалардың жұмысы өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылып, оқу мен тәрбие тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталады, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ішінен дарынды, қабілетті оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. О Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы.- Өскемен, 2002
2.Қ. О. Бітібаева. « Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» А. Рауан, 2009
3.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ПШО, 2016 ж.

Аргынбаева Аида Ембергеновна
«Жетісу облысының білім басқармасы
«Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
«Абай атындағы мектеп-гимназия» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДАҒЫ НИГИЛИЗМНЫҢ АЛДЫН АЛЫП,ЭКЗИСТЕНЦИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әдебиет сабақтарында Қанипа Бітібаеваның білім беру технологияларын қолдану арқылы телефонға телміріп «қуыс кеуде» болып бара жатқан балаларда нигилизмның алдын алып, экзистенция қалыптастыруға болатынына тәжірибеде көз жеткізуге болады. Жалпы 21 ғасырдағы бала тәрбиесіндегі көптеген мәселелердің шешімін табуға болады.

«Экзистенция» сөзі-бұл латын тілінде көне «ex-sistere» сөзінен шығады. Мағынасы: «даралану», «бөліну», «көзге түсу», «пайда болу», «іргелену» деген. Яғни адамды іштен өзгертетін қасиеттер жиынтығы.[1.9] Нигилизм- адамдар арасындағы махаббат пен сүйіспеншіліктің жоқтығынан туындайды. Бір сөзбен айтқанда нигилизм - немқұрайлық.

Тәжірибемде қолданып жүрген ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістер өз нәтижесін беруде. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір

шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Жаңашыл ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы «Билер кеңесінің отырысы», «Мен-зерттеушімін», «Пікір қорғау», «Кіші зертханадағы ғылыми кеңес», «Ұлылар үндестігі», «Жобалар сайысы», «Шешендік турнирі», «Сөз жарысы», «Есеп беру сабағы» деген түрлерін мектебімізде көптеген ұстаздар қолданып, нәтижесін беріп отыр.

Мектепте «Мағжантану» курсында Қ.Бітібаеваның білім беру технологияларын қолдану арқылы оқушылардың бойындағы немқұрайлықтың алдын алып, мән табуға септігін тигізіп жүрген тәжірибеммен бөліссем: Осы орайда оқушылардың бойына құндылықты қаншалықты сіңіргенін, олар үшін не құнды екенін анықтау мақсатында алынған сауалнама қорытындысы (Қосымша 1). Сауалнама бірнеше сұрақтан тұрады. Соның ішінде «Мектептегі ең қатты ұнайтын сәт» деген бағанға жауаптарды саралай отырып, «қуыс кеуде» қаупінің айқын байқалып тұрғанын көре аламыз. Сауалнамаға қатысқан балалардың көбі жақсы оқитындар, түрлі үйірмелерге қатысатындары да бар. Балаға құндылық бермесең, өсе келе санда бар сапада жоқ «қуыс кеуде» типке айналады. Сауалнама қорытындысынан экзистенция вакумінің барын көруге болады.

Осы курсты оқыту барысында «Анама» өлеңін өткенде «Ой тастау» кезеңі үшін үйге алдын ала өлеңді жаттау және ана туралы ән айтуға дайындалып келу берілді (ән айтатын оқушыға). Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, әнді қосылып орындады. «Ойланту» кезеңінде пікірлесу әдісін қолдандық. Себебі келесі кезең тапсырмасын орындау үшін оқушыларда белгілі бір көзқарас, пікір, өзіндік ой қалыптасу керек. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін». [2.28]«Ойлау» кезеңінде де ұстаздың сауалнама парақтарымен жұмыс істедік. Сауалнама парағындағы «Өлеңді тыңдағанда қандай сезімде болдың?»; « Көз алдыңа не елестеді?»;«Авторға қандай сұрақ қояр едің?»; «Анаңа не айтқың келеді?» деген сұрақтармен жұмыс негізгі мақсатыма, яғни немқұрайлықтың алдын алып, мән табуға жұмыс істеді. Өмірде анадан артық адам жоқ. Алайда бүгінде телефонға үңілген бала мен тірліктің қамымен жүрген ана арасындағы байланыс өз деңгейінде емес. Ал осындай бейнелі тілде жазылған жыр шумақтарын талдауда Қ.Бітібаеваның технологиясын қолдану арқылы экзистенцияны жүзеге асыруға болатынына көзім жетті. Осы жұмыстан соң сол сыныптағы Дильназ есімді қыз (аты өзгертіліп алынды. Анасы екеуінің арасында кикілжің болып жүрген) –Апай, осы жазғанымды телефон арқылы анама жіберсем, -деген ұсыныс жасады.Содан басқа балалар да жазғандарын анамызға жіберсек деген шешімге келді.

Тәжірибемдегі Қ. Бітібаеваның технологиясы арқылы әдеби эссе жаздырып, ұлттық құндылықты сіңіру жолын ұсынамын. Ой тастау кезеңінде көркемдеу

құралдарын, автор берген портретпен мінездемелерді қолдана отырып кейіпкерлерді өз сөздерімен сипаттап келуге, Ерді намыс өлтіреді, Қоянды қамыс өлтіреді; Ерлік – елге мұра, ұрпаққа –ұран деген мақал-мәтелдерді пайдаланып, поэма сюжетінен мысал келтіру тапсырылады. Ойланту кезеңінде «Поэмаға қандай өзгеріс енгізер едің?»; «Өз көзқарасымыз тұрғысынан оқиға желісін дамытып көрейік» деген тапсырмалар беруге болады. Ұлттық құндылықтарды топтастыру жұмысын жасап, төмендегі кестемен (Қосымша 4) қорытындылағанннан кейін Ойлану кезеңінде: Шығармада ел намысы мен елді жаудан қорғау мәселесі қалай көрінеді? Ерлік пен ұлттық намыс тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңыз (120-150 сөз). деген тапсырма берілсе, оқушылар еш жерге жалтаңдамай, өзіндік ой пікірлерін білдіріп, әдеби эссе жазып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірері сөзсіз.

Қазір де балалар көптеген қосымша сабақтарға қатысып, репетиторға барып білім алуға тырысады. Алайда арайлап атқан таңға, қызарып батқан күнге де тамсанатындары аз . Ал осылай телефонға үңіліп, табиғатпен байланысын үзген балаларға не істей аламыз? Мағжантану курсында ақынның табиғат лирикасына арналған бірнеше өлеңі бар. «Жазғы таң» өлеңінде ақын таңның баяу атып келе жатқанын, мүлгіген тыныштықты шынайы жеткізе білген. Осы өлеңдерді өту барысында да ұстаздың технологияларын қолдану арқылы мақсатқа жетуге болады. Пікіралмасу ұйымдастырып: «Қандай сезімде болдың?» «Жазғы таңды қарсы алып көріп пе едің?» «Не істегің келді?» деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасқанда, оқушыларда табиғат аясына баруға құштарлық туындады. Не істегілерің келеді деген сұраққа оқушылардың көпшілігі табиғат аясына барғымыз келіп кетті деп жауап берген. (Қосымша3) Мектеп әкімшілігімен келісіп, оқушыларды тура қала қасындағы табиғат аясына апарғандағы олардың бойын кернеген сезімді жеткізу мүмкін емес.Телефондарын ұстайтын адам таппай қалды. Қ. Бітібаева:«...әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді...Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс.»,[2.12]-дейді.

Мағжан поэзиясын өткенде ұстаздың Өлең талдау кестелерімен жұмыс істеу-өте нәтижелі.

«От» өлеңін өткенде:

Ұяттан әсер қалмады,

Идеалды, алланы

Қарын деген таптады,-деген жолдарындағы «ҚАРЫН» деген синедоханы талдап, әңгіме дебат әдісін қолдану арқылы, оқушылар қоғамдағы парақорлық туралы сан мысал айтып, тіпті табан астында өлең де шығарып кеткендері болды. « Шынымен –ақ қазіргі кезде батыстан соққан желдің күштілігі соншалық, тіпті біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің санасын есі кірер-кірместен жаулап, лайлап ұлттығымызды ұмыттырып жатқан жайы бар» деген ойға балалар өздері келіп, «Кішкентай балаларға арналған «Синий трактор», «Арамзамза» т.б сияқты қазақ тілді мультфильм түсіру керек»; «Менің үйдегі інім таза орысша сөйлейді, осы

мультфильм көру арқылы» деген пікірлер айтты. Мағжан өлеңін Ұлы Абайды ұлықтаған Қ.Бітібаеваның технологиясымен оқыту оқушыларды шабыттандырады. Осы өлеңдегі «От»-символ. Яғни тек жүрегінде оты бар , елім, жерім, ұрпағым деген адамдар ғана мұны түзете алады. Оты бар ұрпақ тәрбиелеудің бір құралы-осы Мағжан шығармаларын Қ.Бітібаеваның технологияларын қолдану арқылы оқыту екенін тағы бір мәрте дәлелдедік.

«Мен жастарға сенемін» өлеңін өткенде «Ел ертеңі - жастар» ой-бөліс сабағын өткіздік. Бұл технологиямен сабақ өткізу оқушыларға қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып-толғануға; өз көзқарасын айтуға; қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыруға; «Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын» тақырыбында ой қозғауға; еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту арқылы көкірегін мәнге толтыруға септігін тигізеді. Бұл сабақтың соңында қатысып отырған оқушылар: Біз, Жастар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің тамырын тереңдететін, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, қазақ елінің атын күллі әлемге паш ететін, болашақ, алып ұландары болуға бар күшімізді саламыз! Қазақстанның мәртебесін бірге көтерейік, достар!- деп аяқтады. Бүгінгі жастарға «Шашыңды жайма!», «Tik-Tok-та не болса соны түсірме!», «Патриот бол!» т.б деп құрғақ ақыл айтқаннан осылай өздеріне ой тастап, ойланту,ойлау туралы ойланту әлдеқайда тиімді.

Әдебиет - өнер сабағы. Қ.Бітібаева әдебиетті «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы»[1.2] – деп - өзінің әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен ұстаз. Кез келген құнды шығармаларды оқытуда аталған технологияны қолдану құндылықты бастан кешіп, жүрегімен сезінуіне таптырмас дүние екенін тәжірибе қорытындылары көрсетіп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Франкл В Логотерапия и экзистенциальный анализ . Альпина нон – фикшн,2022

2.Бітібаева Қ.Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.Алматы 1999

3.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары Алматы Рауан,1990

Баймухамбетова Динара Бакытовна
Алматы қаласы білім басқармасының
«№ 24 мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ЖАЛҒАСЫН ТАБУЫ – ПЕДАГОГ МҰРАСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

«Қазіргі білім саласындағы өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес».

Қ.О.Бітібаева

Бүгінде оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.

Педагог, әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева: «Мектептегі барлық пәндердің ішінен баланың жан-жүрегі, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын бірден-бір пән әдебиет пәні сияқты. Әдебиет пәні нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні» деп өз бағасын берген. Осы тұста қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда алға қойған мақсаттарымның бірі – заманауи оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту, адами қасиеттерге тәрбиелеу,өзіндік ой-пікірін қалыптастыру.

«Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу, мұғалімге де жаңаша ізденісті талап етеді. Инновациялық технология талаптарын меңгерген, зерттеуші, жаңашыл мұғалім ғана алдындағы шәкіртіне терең білім беріп, қабілетін, дарынын дамыта алмақ»[1,49б]. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әңгімелеу, пікірлесу, шағын әдеби айтыс, пікірлесу, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жоба қорғау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі түп қазығы. Осы аталған бағыттарды негізге ала отырып, жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыруда сабақтарда қолданудың маңызы зор. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық қабілеттерінің дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар, Қ.Бітібаева: «Таптаурын болған сабақ түрлері оқушының ойлау белсендігін тежеп, танымын сұйылтады. Бір сарындылық оқушының тек сол пән емес, жалпы білімге, оқуға деген көзқарасын өзгертеді»,- дей келе оқушылардың танымын арттыруда сабақты түрлендіріп беруге басты назар аударады. Қазір тәжірибеде келесідей сабақ түрлері жиі пайдаланылуда: дәріс сабақ, семинар сабақтары, конференция-баспасөз сабағы, сот сабағы, концерт, монтаж-композициялық сабақтар, диспут, айтыс сабақтар, реферат қорғау, іздендіру сабақтары, практикалық сабақтар. Әр сабақты мүмкіндігіне қарай түрлендіре жүргізу – бүгінгі сабақ, бүгінгі оқытудың басты белгілері.

«Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқытудан басталады. Көркем туындыны оқыту – әдебиетті оқытудың ең негізгі мәселесі. Көркем туындыны жай оқып шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне әсер етті ме, соны білу – мұғалім үшін маңызды»[2, 45б]. Иә көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсінуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Көркем сөзді түсіну арқылы бала өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы, сыни ойлауы қалыптасады.

Қ.Бітібаева көркем туындыны талдаудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде – жан-жақты талдауды ұсынады.

Лирикалық шығармаларды оқытуда келесі мәселелерге көңіл бөлу керектігін айтады:

- лирика туралы әдеби-теориялық ұғым беру, оны тереңдете беру;
- өленді үйде алдын ала оқып, танысуға беру ;
- мұғалімнің өленнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына назар аударуы, өзі талдамас бұрын оқушылармен жұмыс жүргізуі керек;
- өленді сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу;
- өлендегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату;
- шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдерді пайдалану;

Өленді талдаудың келесідей үлгісін ұсынады (Ж.Саин «Есімде Айдар өзені»):

Шумақ	Тақырыпша	Аннотация	Ақын стилі	Поэтикалық тілі
I	«Өткіздім сенде көп айлар»	Айдар келбеті, лирикалық кейіпкердің соғыс жолы	Сырласу, ақын монологы	«Өр Айдар», «Жағаң сурет, суың бал»

Көркем шығармаларды оқытуда барлығына ортақ талап қояды: көркем компоненттеріне талдау. Бұл өленде ерекше ұстар мәселе – өленнің сырласу стилінде жазылуы, ақын монологының, лирикалық кейіпкердің әр алуан реңдерінің тоғысуы (сағыныш,өкініш,қуаныш,сенім, оптимизм,қайғы, мақтаныш).

Лирикалық кейіпкердің көңіл-күйіне сипаттама беру үшін көмекші құрал көрнекі етіп жазылып, оқушыларға ұсынылады.

Шумақтар	Көңіл-күй сипаттамасы
I шумақ	Мұң, ауыр мұң
II шумақ	Өмір, өлім күресі
III шумақ	Тербеліп ойға түсу
X шумақ	Отанға, елге деген ыстық сезім, достық сезім, серт беру, сену

Берілген шығармада автор лирикалық шегініс арқылы соғысты, достарын, құрбандарды еске түсіреді. Азаттық ерлері өлмейді, олар үнемі тірілерге ой салады. Соғыс сұмдығы дінге де, тілге де, ұлтқа да қарамайды. Оның заңы біреу – өмір не өлім. Міне, өленделегі терең ойды оқушыға жеткізудің осындай әдіс-тәсілдерін ұсынады.

«Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының **дербес ізденуге баулу** тәсілін қолданудың бір мысалы 6-сыныпта әл-Фарабидің лирикалық шығармасы «Қашықтасың туған жер» өленін өткен кезде шығарманы талдаудың келесідей үлгісін ұсынуға болады (өз бетінше талдау).

❖ Өлең қашан, қай уақытта жазылған? ❖ Өленделегі негізгі ой, тақырыбы? ❖ Өленделегі ойды ашып тұрған ең негізгі шумақтар, тірек сөздер ❖ Айшықты, бейнелі сөздер ❖ Лирикалық кейіпкер сезіміне үңіл ❖ Өз сезімің, әсерің ❖ Ақын стилі	

Берілген әдіс бойынша оқушы өленделегі айшықты, бейнелі сөздерге талдау жасай отырып, автордың шеберлігі, стилі айналасында ойланады, әр шумақтағы ойды саралап жеткізеді. Өмірді зая кетірмеу туралы толғанысы баланы ойландырып,

құрыштай төзімділік, тағдырды жазғырмау, әзәзілге ермеу, адал дос табу, өнегелі өмір сүруді үлгі етеді.

Эпикалық шығармаларды оқытуда, талдауда Қ.Бітібаева келесі мәселелерді басшылыққа алады:

-көркем шығарманың сюжеті, көтерген тақырыбы, проблематикасы;

-көркем образдар галереясы;

-автор – көркем туындыны жасаушы;

Көркем туындыға пікір, сын айту, іздендіру тапсырмалары бойынша материалдарды сұрыптап, оны пайдалана білу; тақырыпқа сай ең мәнді, негізгі түйінін бөліп ала білу, дәйектемелер таңдау, тезис-жоспар жасау дағдыларын тереңдету-оқушы іскерлігіне қойылатын талаптар, шығармашылық жұмыстар.

7-сыныпта М.Әуезовтың «Көксерек» повесі бойынша дәйексөзді-дәлелдеме талдау кестесін ұсынып, оқушыларды жинақтау,талдау тәсілдеріне баули отырып шығарманың идеялық мәнін ұғындырамыз.

Бөлімдер	Оқиғалар	Кейіпкердің іс-әрекеті	Қорытынды дәлелдеме

Аннотация-талдау жасау үлгісі (М.Әуезов «Қорғансыздың күні»):

Әңгіменің құрылысы, негізгі оқиға	Кейіпкерлер тағдыры	Жазушының көркемдік әдісі мен тәсілі
1.Жолаушылар.Боран	Ақан мен Қалтай қонатын жер іздейді	Баяндау, суреттеу, портреттеу
2.Жолаушылар кәріптер үйінде	13 жасар Ғазиза, оның соқыр анасы, кәрі әжесі. Қорғансыздар	Портреттеу, баяндау

М.Әуезов шығармаларына Қ.Бітібаева технологиясының өзіндік тәжірибелік жұмыстар (мәтінмен жұмыс, салыстыру), проблемалық сұрақтарды талқылау әдістері арқылы талдау жүргіземіз.

Ұстаздың әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары - баланы ізденімпаздыққа,өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.О.Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» \\ Алматы қ., «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012 ж., 49б.

2. Қ.О.Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқу» \\ Алматы «Мектеп» баспасы

3. Қ.О.Бітібаева «Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері» \\ Алматы «Мектеп баспасы, 2003ж.

4. Ф.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар»\\Алматы қ., ЖШС «Bookprint» 2021ж.

Абилгазинова Миргуль Талгатовна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімінің
«С.Нұрмағамбетов атындағы «№ 4 орта мектебі»
КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі идеясы оқушыны сыни ойлануға жетелеп, креативтілігін арттырып, құзіретті тұлға етіп тәрбиелеу. Осы орайда қай саланы оқытсақ та баланың өмірге бейім, салауатты тұлға болуы үшін білім саласында айтарлықтай өзгеріс енуде.Қазақтың дара қыздарының бірі Қ.Бітібаеваның өз сабақтарын қолдану үшін өткізген әдісдтері бүгінде талай мұғалімнің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің тиімділігін арттыратын методика екеніне көзіміз жетеді. Жалпы технология – оқу үрдісін жандандыру мақсатында ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатқа жұмылдырылған, алдын ала ойластырылған ықпал мен әсер. Оның тиімділігі, біріншіден, практикалық маңызында жатыр. Екіншіден, ол оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулиды, әр оқушының дербес ізденісін, қабілеттерін дамытады. Сол ізденіс негізінде олар белгілі бір өнімге қол жеткізеді. Ал Қанипа Бітібаеваның оқыту технологиясы – оқушылардың ғылыми ізденіске талпынуын, ал мұғалімнің жаңаша ізденіске бет бұруын талап етеді. Әдебиетті құзыреттілік тұрғысында оқытуда олардың тиімділігі ерекше болып табылады. Жобалап оқыту түрлеріне зерттеу, іздену, ғылыми жұмыстарға баулу, шығармашылық бағыт, ақпаратты жинау, жинақтау, сол бойынша презентация жасау, модельдеу, инсценировка, белгілі бір оқиғаны, кейіпкер іс-әрекетін бейнеге, бір сұлбаға түсіру жатады.

Жобалап оқыту технологиясында пәнаралық, пәнішілік байланыс маңызды орын алады. Жоба жасау үшін оқушыға бірнеше пәннен алған білімдерінің көмекке келуі, дүниетанымы, іскерлігі аса қажет. Жобалап оқыту проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерін басшылыққа алады. Оның басты себебі, жоба жасауда оқушылар алдында бір проблеманың шешімін табу мақсаты тұрады. Мысалы, «Қазақ тілі – XXI ғасырда», «Болашақ ұлт мектебі» жобалары жайлы осыны айтуға болады. Сондай-ақ, білімді жеке тұлғаға бағыттай оқыту технологиясы да амал-тәсілдерді жобалап оқытуда тиімді болып келеді. Өйткені, жоба жасағанда оқушыларға таңдау беріледі, өз еріктерімен топқа немесе жұпқа бөлінеді, жобаларын қорғауға, пікірлерін дәлелдеуге толық құқықты.

Қазір тәжірибеде кең пайдаланып жүрген жобалап оқыту технологиясында сабақ құрылымына мән беріледі. Жоба жұмысының кезеңдері мазмұн, оқушы, мұғалімнің іс-әрекеті, қорытынды, жүйелеу, сараптаудан тұрады.

Әдебиеттен білім беруде интерактивті оқыту технологиясының әдістері де өте тиімді. Ол, әсіресе, тіл дамыту үрдісінде белсенді іс-әрекет атқарады. Оған дебат, конференция, рөльдік ойындар жатады. Көбінде ауызекі сөйлеу түрі арқылы

жүзеге асатын жұмыстар пайдалы болып келеді. Соның ішінде пікірталас дәстүрлі оқыту үрдісінде де тиімділігімен тәжірибеде кеңінен қолданылуда.

Жалпы, бүгінгі таңда қатып қалған сабақ үлгілерінен, қасаңдықтан арылдық. Жаңашыл ұстаздар неше түрлі сабақ үлгілерін ортаға салуда. Әр тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сабақ үлгісін таңдап алу, ойлап табуға шектеу жоқ. Тек ізденіс пен ниет қажет. Осы орайда, Қанипа Омарғалиқызы ұсынған жәрмеңке-сабақ, реферат қорғау сабағы, көкпар сабағын, викториналы сайыс, әдеби монтаж, конкурс сабақтар ұлттық саз өнерін тереңдетіп берудің, баланы жалықтырмай, керісінше, қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін, құзіреттілігін қалыптастырудың жолдары. "Бәрін айт та бірін айт" дегендей, бағдарлама - әдістемелік нұсқау оқыту талабының бір ізге түсуіне, технологиялық жағынан баюына, ұстаздардың шеберлік шыңдалуына, өсуіне әсер еткендігін ашып айтқан абзал. Телегей теңізді қасықтап, шөміштеп қотарып шығу мүмкін емес. Сол сияқты мұндай мәнді еңбекті қанша жырымдап, үзіп-жұлып көлденең тартқанмен, бүкіл негізгі қасиеттерін жеткізу оңай шаруа емес. Мұндай қомақты дүниені бөліп-жармай, тұтас зерттеген жөн. Біз өз тарапымыздан кітаптың кейбір сипаттарын ғана сөз еттік. Бір түйгеніміз - ұстаздың бір еңбегінен - ақ телегей теңіз білімін, интелекті биіктігі мен ойының тұңғиық тереңдігін сезінгендей боласың. Қанипа Омарғалиқызының жоғарыдағыдай мәнді еңбектерін айтпағанда, күнделікті көзге көрінбейтін "қара жұмысымен" - ақ қазақтың педагогикасын өрге сүйреген өр тұлғаларымыздың бірі және бірегейі дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. — Алматы: Мектеп

2.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы: Эверо, 2004. — 420 б.

3.Байтанасова Қ.М., Айтуғанова Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. — Алматы: Фолиант, 2008. — 160 б.

Мухамедьярова Айнагул Сергазиновна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№ 18 орта мектебі» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАУ

Халқының біртуар ұстазы Қ.Бітібаеваның қай технологиясын алсақ та, қазақ тілі мен әдебиет сабағының мақсатын нәтижеге бағыттайтын жаңашыл тәсілдер. Ұстаздың ерекше дарын иесі екенін ұсынған әдістер ізімен сабақтар өткізгенде анық байқауға болады. Оның күнделікті сабақ жоспары, жеке тұлғаның өз қабілетін

ашып, шығармашыл еркіндігіне жол ашады. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» . Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Бітібаеваның ынытымақтастық педагогикаға негізделген тұлға танымдық жұмыс жүйесі ұстаз бен оқушы жұбының оқу үрдісіндегі тану, іздену, тақырыпты тың тұрғыдан игеру әрекеттерін белсенді де қарқынды тұрғыдан құруға негізделген.

Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары – баланы іздемпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Оның сабақ жоспары оқушы субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс-әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [1]. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесінен ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы билер кеңесінің отырысы, мен зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шешендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы, есеп беру сабақтарында осындай білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туындап жатады. Қ.О.Бітібаеваның оқушыларға ой салу, ойланту, ойландыру қағидасы өміршең өзектілігімен таңғалдырады. Жасампаз жаңашылдығымен таңғалдырады. 2012 жылдан бастап көптеген мұғалімдер кәсіби біліктілік арттыру үшін оқытудағы Кембридж тәсілінің теориялық негізінде құрылған деңгейлік курстарынан өтіп жатыр. Қазақстандық мұғалімдердің тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу мақсатында құрылған бағдарлама жеті модульден тұрады.

Осы Бағдарламаның әр модулі Қанипа Омарғалиқызының іс – тәжірибесіне қалай кіріктіріліп тұрғанын айтып өтсем деймін. Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мына жүйеде қарастыруға болады:
1. Проблемалық ситуация қою технологиясы. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді.
2. Жеделдетіп оқыту технологиясы. Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б.

3. Ұжымдық оқыту технологиясы. Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.
4. Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы. Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу

Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

Ұлағатты ұстаз, көрнекті педагог Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік мұраты – төл педагогикамыз бен әдебиеттанудың еңсесін биікке көтеріп, мұғалімдер мен студенттер қауымының ой-өрісін кеңейтіп, тәжірибесін ұштады. Қанипа Омарғалиқызы – қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиясын төл ізденістерімен дамытып, ежелгі дәуір әдебиетінен қазіргі қазақ әдебиетіне дейін оқыту әдістемесін жазып шыққан ғалым-ұстаз еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. –б.
2. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002. –б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Мектеп, 2003.

Бақыт Амангул Бақытқызы
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Ұлан ауданы бойынша
білім бөлімінің «Бозанбай орта мектебі»
КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИДЕЯЛАРЫ

«Технология бір диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқуды ұйымдастыру» дейді Қанипа Бітібаева.Қазақ әдебиеті сөз өнрінің саласы, яғни жеке тұлғаның бойындағы ерекше шешендік пен тапқырлықты көрсететін тағылым сабағы.Олай болса бүгінгі қазақ әдебиеті сабағында ұстаз қол жеткізетін соны дүниені оқушыға беру үшін, сабағын түрлендіріп, түрлі әдіс-тәсілді қолдану аздық етеді. Оқушыны құзіретті әрі таным, түсінігі қалыптасқан креативті ойлап, жаза білетін заманауи тұлға қалыптастыру керектігі туындайды.Осы орайда мәселен қазақ әдебиеті сабағында балаларға берілетінн тапсырманың өзі оларды сыни ойлана алуға дағдыландырғаны дұрыс. Жаңартылған білім беруге байланысты әдебиетте лириканы оқытуда Қ.Бітібаеваның идеялары өз тиімділігін көрсетеді.Мектепте оқушылар бойына азаматтық лирика мен махаббат лириканы оқытуға қатысты санаулы поэзиялық шығармалар ғана

берілен. Прозалық шығармаларға тереңінен тоқталу көзделген.Сондықтан ұстаздар бұл олқылықтың орнын қосымша факультеттермен толтыруда. Мысалы. Абайдың табиғат лирикасына қатысты өлеңдері мектеп бағдарламасының қазақ сыныптарынада толық қамтылмаған. Сыныптан тыс кіріктірілген сабақ үлгісін көрсетуді жөн көрдік.Абайдың табиғат лирикасы(пәнаралық байланыста оқытуға негізделген дуэт сабақ)

Ұлы Абай халық тұрмысының, халық тағдырының жыршысы, жоқтаушысы, қамқоршысы болды. Елдегі, қоғамдағы кемшіліктерді, үстемдік етушілерді аяусыз сынай отырып, Абай өз халқының даналығы, тазалығы, қарапайымдылығын, ар-ождан биіктігі, асыл қасиеттерін де көре, түсіне біледі. Ол шын мәніндегі халық ақыны, азамат ақын болды.

Бір сәт те елінін, халкының ауыр тұрмысын, үстін басқан қараңғылығын ұмытпайтын ақын тіпті табиғатты аса көркем, поэтикалық тілмен өрнектей отырып, оны халық тұрмысы, тіршілік тынысымен бірлестікте алады. Осы мәселеде де ақын орыс әдебиетін өзінің жемісті мектебі ете отырып, олардың жетістіктерін ары карай өзіндік ізденіс, табыстармен байытады.

Орыс әдебиетінің дәстүріндегідей табиғатты тіршілікпен, жанды дүниемен бірлестікте суреттей отырып, халықтың ауыр тұрмысы, таптық жігі сияқты әлеуметтік мәселені де көтереді. Міне, осы мәселелердің барлығын оқушыларға жан-жақты терең, әрі ғылыми түрде жеткізу үшін, интеграциялық окуды басшылыққа алдық. Кіріктірілген сабақ жүргізуге де Қ.Бітібаева идеясы өз нәтижесін берді. Мысалы, орыс әдебиеті мұғалімімен бірлесе отырып, үйге зерттеу, іздену сипатындағы проблемалы тапсырмалар бердік (топтық тапсырмалар).

Бүкіл сынып мына бір проблема айналасында жұмыс істейді:

«Табиғат- Адам-Қоғам проблемалары Абай лирикасында. Ақынның осы мәселедегі идеялық-эстетикалық табысы. Орыс мәдениетінің озық үлгісі». Барлық топ (әр топтың өз тапсырмасы бар) осы проблеманы шешу айналасында жұмыс істейді.

І топ. Абайдың «Жаз», «Күз» өлеңдерінің идеялық-эстетикалық мәні.

Тапсыр ма: «Күз» өлеңін Пушкиннің «Болдинская осень» өлеңімен салыстыра талдау (екі өлеңнің стиліндегі өзіндік ерекшеліктері).

ІІ топ. Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңі.

Өлеңнің өзіндік ерекшелігі, табысы.

Тапсырма: 1. Өлеңдегі замана проблемасы.

2. Стильдік, поэтикалық ерекшеліктері.

3. Пушкиннің «Күз» өлеңімен салыстыру. Абайдың жаңалығы неде?

Ш топ:Абайдың «Күз» өлеңі. Өлеңнің жаңашылдық рухы.

Тапсыр ма: 1. Өлеңнің поэтикалык тіліне талдау.

2.Некрасовтың «Мороз - красный нос» поэмасымен салыстыру.

3.Абайдың өзіндік жаңалығы, табысы.

IV топ. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, М.Мақатаев,

Қ.Аманжолов шығармашылықтарындағы табиғат лирикасы. Абай мектебінің әсері

Ескерту: Өздеріне ұнаған басқа да ақындар өлеңдерін сөз етуге болады.

Тапсырма: Қазақ әдебиеті, оның ішінде қазіргі әдебиетте Абай дәстүрі, Абай үлгісінің әсері бар ма? Жеке оқушыларға тапсырма:

а)Гете - Лермонтов - Абай: «Кезбенің түнгі әнінің» тарихы.

б)Есениннің Рязань табиғаты туралы өлеңдерін оқу. Пушкин әсері бар ма? Осы мәселе айналасында пікір-болжау жасау.

Осылайша оқушыға нақты әрі нәтижеге бағытталған тапсырма беру арқылы, сабақтың тиімділігін арттырамыз. Қазақ балаларына жан-жақты білім, әрі тағылым,ізетті тәрбие беру жолында ізденіп келемін. Адам баласы өз бойындағы барлық асыл қасиетін әдебиет арқылы бере білген, әдебиетінде қалдырған. Туған әдебиетімен қоса, әлем әдебиетінен, мәдениетінен аз болса да хабар алса, үлгі алса, ой-өрісін кеңейтсе, ол зиян болмас еді. Сабақтың соңында үйге шығарма-эмоция бердім. Тақырыптары: 1.«Адам ұлы бола біл!» 2.«Адам-Табиғат-Қоғам-Ақын жайында толғансам…»

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева, Г.Құдайбергенова, М.мұқашева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы [107] [58]

2.Қ.Бітібаева М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту оқыту [23-30]

Амиргазина Аида Сериковна
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№ 22 орта мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сонау бағзы замандағы қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танитынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары – Қазақстанды әлемдегі дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді. Абай – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ірі тұлғасы. Ұлттық идея, ұлт тағдыры, ел тәуелсіздігі, елдің елдігі – бүгінгі қазақ әдебиетінің өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр. Халқымыздың рухани байлығының шешуші саласы – қазақ әдебиеті өткен ХХ ғасыр бойы ірілеп өрлеп өсіп, дүние жүзіне танылды.

Әлемдік деңгейдегі ақындардың бірі, мәдениет, пәлсапа, музыка, ой дүниесінің алыбы, эстет, гуманист, моралист, ағартушы-демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші — ұстаз Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлемінде ірі құбылыс болды. Абай қазір еліміздегі түбірлі өзгерістер негізінде әлемде танылып жатыр. Абай аты әлемді шарлады. Қазір жас өскіндерге нағыз Абайды, дана Абайды қайта танытып, қайта қауыштыру мәселесі көтерілуде. Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған

данышпан Әуезов те оның мол мұрасын «тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген. Ал біздер, ұстаздар, тіпті қасықпен қалқып алып, ұлы дана мұрасын шәкірттерімізге бере алып жүрміз бе?

Ұстаз ретінде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген сұрақтар мен үшін маңызы жоғары. Осы орайда жаңа заманға сай оқушыларды ғылым мен техниканың немесе өнердің бір саласын тереңдетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту- мектептердегі басты талап екені айдан анық. Әдебиет- сөз өнері, оны мектепте тереңдетіп оқыту, мұғалімдерден аса ізденімпаздықты, мұқияттылықты, төзімділікті талап етеді. Әлемдік білім беру жүйесіндегі озық инновациялық технологиялардың көптілігі алаң туғызатыны бәрімізге анық. Солардың ішіндегі өз сабағыма тиімді технологиялардың түрін таңдауда бағыт-бағдар берген ұстаз - Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева.

Қанипа Омарғалиқызының көлемді де құнды, бүкіл еліміз бойынша барша оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні мамандары арасындағы қолданылып келе жатқан 15 монографиялық еңбектерімен таныстым. Солардың қатарына республика ғалымдары, оқытушылары, мұғалімдері қауымынан қызу қолдау тапқан «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М. Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту», «М. Әуезов мектепте», «М. Әуезовті оқыту әдістемесі», тағы басқа шығармаларын іс тәжірибе барысында бағдаршам етіп, басшылыққа аламын. Аталған еңбектерде, әсіресе, Абай және М.Әуезов шығармаларын оқытудың келелі мәселелері қаралып, көптеген ұсыныстар ғылыми тұрғыда тұжырымдалып, Абай және Әуезов заманы мен қазіргі кезең сабақтастығы біртұтас жүйе ретінде қаралаған.

Әлемдік ойдың данасы, қазақ халқының ұлттық мақтанышы Абайды тану, терең түсіну – адамзат баласының қолы оңай жете бермейтін рухани биіктікке алып барар сара жол. Абай туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс», — деген. Бұл сөз барлық қазақ баласының көкейінде тұруға тиісті қасиетті қағидаға айналуы қажет. «Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп алаш көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, бүгінгі ұрпаққа ұлы ақын Абай шығармашылығын тереңдете оқытудың мәні мен маңызы аса зор.

Мектепте Абай шығармашылығын оқытуды тұңғыш рет арнайы жазып, ақын мұрасын шәкірттерінің жүрегіне бойлатып, рухани нәрін санасына сіңірген әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева өзінің көп жылғы ұстаздық еңбегі мен тәжірибесінде саналы ғұмырын Абайды жас өскіндерге жеткізу, сұлулығы мен тереңдігіне үңілту, қауыштыруды, рухани жан дүниелеріне бойлатуды алдына мақсат етеді. Ұстаздың сөзіне жүгінсек: «Абай поэзиясының сұлулығынан

бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу – адами да, ұстаздық та борыш», — дейді.

Абай шығармашылығын оқытуға арналған әдіскер ұстаз Қ.Бітібаеваның 4 еңбегі бар. Белгілі әдіскер ғалым Ә.М.Дайырова «Мектепте Абай шығармашылығын оқытуды арнайы қарастырған әзірге бізге белгілі бірден-бір еңбек – Қ.Бітібаеваның оқу құралдары. Қ.Бітібаеваның бұл зерттеуі оқушыны Абаймен қауышу қуанышына кенелтіп, мұғалімге үлкен көмекке келетін пайдалы да зәру еңбек екендігі сөзсіз», — деп бағалайды .

Ары қарай ғалым: «Қ.Бітібаеваның бұл зерттеуі оқушыны Абаймен қауышу қуанышына кенелтіп, мұғалімге үлкен көмекке келетін пайдалы да зәру еңбек екендігі сөзсіз», — деген пікір айтады. Шынында да ұстаз Абай шығармашылығын жаңаша оқытудың жүйесін, үлгісін береді. Ол үшін Кеңестік кезеңдегі ақын шығармашылығын оқытудағы кемшіліктерге әділ пікір білдіреді. Саясат құрсауында Абайды тап күрескері етіп, оны «әлеуметшіл Абай» дәрежесінде ғана оқытылуын сөз ете отырып, автор оның саяси-әлеуметтік лирикасын ғана емес, ұлы дана мұрасын толық, жан-жақты оқыту проблемасын қозғайды. «Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастыру» мәселесін көтереді. Әсіресе автордың Абай поэзиясының алтын арқауы – Адам, оған деген махаббат екеніне тоқтала отырып, Толық Адам проблемасы айналасында ізденуді алдыға тартады. Ақын поэзиясындағы баға жетпес үш асыл қазына: Алланы сүю, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю, хақ жолы деп әділетті сүю, яғни осы үш сүю айналасында оқыту керектігін зерттеуінің басты ұстанымы етеді. Сондай-ақ автор Абайдай әлемдік алыптың мұраларын оқытуда оқулықтағы беріліп жүрген өлеңдерінің аздық ететінін, оны таныту үшін төменгі сыныптан бастап жаңа бағдарлама жасау керектігін ұсынады.

Ұстаз 5-8 сынып арасындағы ақын шығармашылығын оқытудың бағдарламасын бере отырып, оны танытудың тың технологиясын, жолдарын саралап көрсетеді. Еңбектің сүбелі бір маңызы – бұрын оқуға ұсынылмаған ақын өлеңдеріне назар аударуы әр сыныпқа кемінде 6-7 өлең (қарасөзі бар) шығармаларды бере отырып, оны оқытудың тиімді жолдарын, поэтикалық талдау үлгілерін беруі. Әр өлеңнің негізінде жатқан ең негізгі, түйінді дәндерін (даралап, саралап оқыту технологиясы негізінде) саралап ала отырып, оны меңгертудің инновациялық жолдарын нақты көрсетеді. Әр өлеңге берілетін көмек-нұсқаулар проблемалық, дамыта оқытуға негізделген талдау сұрақтары да ғылыми түрде сөз болады.

Қазіргі білім беруде дарын тәрбиелеу, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру басты мақсат болса, осы мақсаттарға жетудің бір жолы – іздендіру бағытындағы шығармашылық жұмыстар болып табылады. Еңбекте шығармашылық жұмыстардың әр түрлі жүйесі берілген.

1. Танымды іздендіруші, өз беттерімен орындайтын тапсырмалар.

2. Ғылыми материалдармен іздендіруге бағытталған жұмыстар жүйесі (реферат, рецензия т.б.)

3. Поэтикалық талдау түрлері: салыстырмалы жұмыстар, ақын проблематикасы, кейіпкерлерге микро-мінездеме, дәйексөзді талдау, топтық, жұптық, жұмыстар түрлері, интервью-сұхбат, реплика-диалог, т.б.

Талдау түрлері тікелей ұстаздың өзіне ғана тән, өз ізденісінің жемісі екені түсінікті. Бір тақырыптың өзіне бірнеше шығармашылық жұмыстар жүйесінің жасалуы – тың мәселе. Ал жазба жұмыстарының инновациялық түрлері де еңбекте кеңінен орын алған. Мысалы, шығарма-толғау, шығарма-сезім, сыр-толғау, жыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғаулар — барлығы да шығармашылық жұмыстардың тиімді түрлері.

Еңбекте көркем мәтінді оқудың үш түрі ұсынылады.

1. Сыныпта оқып талдауға арналған;

2. Сыныптан тыс оқып, талдауға бағытталған;

3. Өз беттерімен, өз қалауларымен оқып, талдауға арналған.

«Абай шығармашылығын оқыту» атты іргелі еңбегінде автор «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» тақырыбымен 5 сыныптан бастап 8 сыныпқа дейін Абай шығармашылығынан оқылатын шығармалардың тақырыбын ұсынады. Төменгі сыныптарда лирикалық шығармаларды оқытудың өзіндік күрделілігін айта келіп, оқытудың әдіс-тәсілдерін береді. Соның ішінде, 5 сыныптағы Абайдың Әбіш туралы өлеңдерін оқытудың кейбір тиімді жақтарын атайды. Әбіш туралы абайтанушы ғалымдар еңбектерінен шолу жасалады, «Абай жолы» эпопеясының «Қарашығын», «Қапада» тарауларындағы Әбішке сипаттама беріліп, салыстырылады. Әбіштің бейнесін шәкірттерге үлгі ете отырып, білімділік, тәрбиелік жағынан оның маңызды екенін түсіндіреді. Әке мен бала проблемасы айналасында оқушыларға пікір талас ұйымдастырады. Оқушыларды Әбішке дәйектемелі шағын мінездеме беруге баулиды. Оған талдаудың мынадай үлгісін береді:

Тақырып (оқушы өзі қойған)	Әбішті бейнелейтін сөздер	Әбішке шағын мінездеме
«Жасқа жас, ойға кәрі едің»	«Тұла бойың ұят, ар» Тәуекелге нар Ерлікке де нар Талапты	Арлы, намысты,талапты, батыл, ер, тәуекелшіл, жалтақ емес.

5-8 сыныптарда Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемесіне ұстаз мынадай мақсатты көздейді. Өтілетін жаңа сабаққа байланысты мәтінді алдын ала оқыту арқылы көркем шығарманы қалай қабылдағанын білу, өз беттерімен көркем мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыру; білімді өз еңбектері, ізденістерімен алу машықтарын жетілдіру керектігін айтады. Осы мақсатына орай ұстаз сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, түсініктемені оқу әдістемесін ұсынады. Талдау кезінде мұғалім үнемі оқушыны қозғап, ой тастап, өзімен бірге еңбектендіріп, олардың пікірлерін назарға алып отырып қадағалайды. Жұптық жұмыс пен шағын пікір талас ұйымдастырылуы үшін проблемалық сұрақтар береді.

1) Ақын өлеңді кімдерге арнап айтады? («Бір естіге», «өзіне», «бір әрі мың наданға»)

2) «Неше түрлі жан», «даладағы аңдар кімдер?» Ақын неге оларды осындай ауыр сөзбен сынайды?

Әдіскер ұстаз оқушыларды ойлантып қана қоймайды, оларды ақын сезіміне, сонымен бірге өздерінің сезімдерін бақылауға арналған практикалық жұмыс түрін береді. Мысалы:

Шумақтар	Ақын сезімі	Оқушы сезімі
I	Өкініш, қайғы	Өлімді ойлау, ақынды ойлау, тебіреніс
II	Амалсыздық, ойлы мұң, үміт, болжам	Мұң, жан ашу, қобалжу
III	Амалсыздық, ашына сөйлеу, күйіну	Түсіну, ақын рухымен сырласу, ренжу
IY	Өкініш, мұң шағу, үміт	Ойлы мұң, көне алмау, керісінше, жаны ашу
Y	Өкініш, сыр ашу, сырласу	Кіналау (қоғамды), күрсініс
YI	Күйіну, аяушылық күту, өсиетті өкініш, сырласу	Есіркеу, аяу
YII	Болжау, тоқтау, сенім	Аяныш, тебіреніс

Бұндай жұмыстар лирикалық шығармаларды сезіммен талдауға үйретеді. Оқушыларды адам сезімі мен жанын түсінуге баулиды.

Үй тапсырмасы ретінде оқушыларға шығармашылық жұмыстар беруді ұйғарады. Яғни ол жұмыстарға ұстаз көмек-карточкалардың «Болашаққа хат», «Арыз» атты үлгілерін дайындайды.

Абайдың поэмаларын, қара сөздерін оқытуда тиімді оңтайлы тәсілдер арқылы оқушылардың түсінігіне сай берілгенін көруге болады. Қарасөздерді оқытуда ұстаз мәнерлеп оқу, түсініктемелі оқу, саramандық жұмыстарды пайдалануды жөн көреді. Ақынның әр қара сөзін оқытуда оқушыларға берілетін білім мазмұнымен таныстырады, оған талдаудың үлгісін кестелер арқылы көрсетеді. Пікірлесу сұрақтары мен оқушылардың білім-білік дағдыларын жетілдіру бағытындағы жұмыстар мен талаптарға көп көңіл бөледі. Сонымен қорыта келгенде, Абай шығармашылығын оқушыларға жан-жақты тереңдетіп оқытуда бұл еңбектің ғылыми әрі әдістемелік жағынан маңызы зор.

Қанипа Омарғалиқызының қай еңбегі болсын ұстаздардың бағдар шамындай. Сол себептен болар, ұстаздың еңбектеріне деген сұраныс та ерекше.Ұстаздық іс-тәжірибемде үнемі күнделікті сабақ жоспарларымды Қ.О.Бітібаеваның технологиясы негізінде құруды жөн көремін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 232 б.

2. Дайырова Ә.М. Абай тағлымы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 1995.

3. Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармашылығын оқыту. – Өскемен: Полиграфия

4. Картаева А. Абай шығармашылығын Қ.Бітібаеваның оқыту технологиясы. “Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы” атты халықар. ғыл-тәж. конф. матер. Алматы, 2005. Б. 113-116.

Отынчинова Бекзат Токтасыновна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№34 мектеп-лицейі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

«Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады»
Абай

Ұстаз… Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі- Ұстаз.

Осындай ҰСТАЗ деген ұлы есімге ие болып, сол есімді биік шыңға шығарған, бала жүрегіне ізгілік пен білімнің нәрін егіп, мамандығын мақтанышқа айналдыра білген, көзі тірісінде-ақ «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанған үлкен жүректі ұстазымыз – Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы қандай еді?! Саналы ғұмырын туған халқының асыл сөзіне, мұраларына ұстаздық жолы арқылы шәкірттерінің санасына ұялатты. Әлемдік ойдың данасы, қазақ халқының ұлттық мақтанышы Абай мен Абайды әлемге танытқан Мұхтардың ұлылықтарын дәріптеді. Қазақ педагогикасындағы теңдесі жоқ ерекше құбылыс иесі - Қанипа Бітібаева. Ол қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін, технологиясын дамытуға айрықша үлес қосты. Оқыту процесінде баланың рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. Белгілі ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, Көшімбаевтардан кейін «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулық жазды. Республикамызда тұңғыш рет Абай, Мұхтар шығармаларын мектепте оқытуға арналған іргелі еңбектер еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздардың сұранысына ие болды.

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ педагогикасының көрнекті тұлғасы. Ұстаздықты абырой шыңына шығарған біртуар тума. Тарих ғылымының докторы Ғани Қарасаевтың сөзімен айтсақ: «Қанекең – қазақ педагогикасындағы ерекше құбылыс. Оны ұстаздықтың Айша бибісі, Домалақ анасы деп кім айтпас? Ол мұғалім мамандығын шың биігіне көтерді. Дәрісін тыңдап, сабағына қатысқандар, оны көптен білетіндер Шоқанды орыстың тәкәппар зялылары мойындағандай, Қанекеңді педагогикадағы құбылыс, ұлы ұстаз деп мойындағандары қашан?!»

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 Қанипа Бітібаева – оқыту процесінде баланың рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз. Қанипа өзінің мол жұмыс тәжірибесін шәкірттерге қазақ тілі мен әдебиетінен білім, тәрбие беруден түйген пікірлерін, қазіргі мектеп бағдарламалары жөніндегі ой-жалғастарын ортаға салып, республикалық және халықаралық басылымдарда да жариялап отырған. Нағыз педагогтің қандай болу керектігін айтып, көрсетіп, қаншама әдістемелік құралдар жазып қалдырған. Қанипа

апаның қай еңбегін қолға алаң да, педагогикалық тәлім мен тәрбиенің майы ағып тұрады.

Қазіргі мұғалім жаңа технологияларды жан-жақты меңгерген, заман талабына сай болу керек. Яғни:

· Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

· Педагогикалық өзгерістерге тез бейімделетін;

· Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

· Білімді, іскер, шебер болу керек;

· Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;

· Қазақстан Республикасының өсіп келе жатқан әрбір тұлғасын жан-жақты дамыта алатын;

· Қазіргі оқушыға өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән бере білетін.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаның дамуы. Оқушының жан-жақты дамып, жетілуіне, шығармашылыққа бейімделуіне, топта, жұпта, жекелей жұмыс істетуде Қ.О.Бітібаеваның инновациялық технологияларын қолдану заман талабына сай оқытудың басты бағыты. Бұл технологиялардың негізгі мақсаты оқушыларды шығармашылыққа жетелей отырып, әр сабақтың ғылымилығына мән беру арқылы оқушыны өз бетімен іздену арқылы білім алуға үйрету. Қ. О. Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары - баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннанда бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

1.2 Қ. Бітібаева іс-тәжірибесінің ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы субьектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс-әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: абаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы(білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қалыптастыру. Олар – пікі айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы ғалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де, оларды сабақта үнемі ізденісте отыруға мақсат етемін.»

Жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесінен, ұстаздың өз ізденісінен туған, оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатында билер кеңесінің отырысы, мен зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы сияқты жаға тісілдер туындап жатады.

Бітібаеваның ынтымақтастық педагогикаға негіздерген тұлға танымдық жұмыс жүйесі қстаз бен оқушы жұбының оқу үрдісіндегі тану, іздену, тақырыпты

тың тұрғыдан игеру, әрекеттерін белсенді де, қарқынды тұрғыдан құруға негізделген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қанипа Бітібаева өзі қызмет атқарған мектеп-гимназиясы деңгейінде ғана емес, республика деңгейінде, қала берді әлемдік педагогикада қстаз көшбасшылығының үлгісін көрсетті. Бұл жөнінде Қ.Бітібаеваның шәкірті, филология ғылымының доқторы, прфессор А.М. Қартаева былай деп жазады: «Қ.Бітібаеваның еңбектері әдіскер ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттері, мектеп мұғалімдері үшін ғылыми әрі әдістемелік жағынан сонылығымен, құндылықтарымен ерекшеленетін аса қажетті еңбектің қатарынан саналады»

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – жүректің батырлығы.

Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның асылдығы.

Осы төрт қасиетті бойына жете сіңірген Қанипа апамыздың есімі де, еңбектері де жыдан –жылға жаңғырып жалғаса бермек.

Педагогикалық идеялары мен тәлім-тәрбиелері жас ұрпақты тәрбиелеудің қайнар көзі. Сондықтан да, осындай ұлы ұстазымыз бар біз бақыттымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999

2.Әбішева С., Құдайбергенова Г. Қазақтың Қанипасы: Ұстаз портреті.- Астана:

3.Интернет желісі.

Амирбаева Алтын Сериккалиевна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 37 бейіндік орта мектебі» КММ
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ - ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

Абай шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танитынымыз анық. Оның даналығы мен парасаттылығы, озық идеялары ұлт болашағы жастарды тәрбиелеуде аса маңызды рөл атқарары сөзсіз. Ұлттық идея, ұлт тағдыры, ел тәуелсіздігі, елдің елдігі туралы тәрбиенің негізгі көзі болып отыр.

Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған данышпан Әуезов те оның мол мұрасын «тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген. Ал КСРО Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалімі, Н.Крупская медалінің, «Құрмет»орденінің иегері, біртуар ұстаз Қанипа Омарғалиқызы ұлы тұлғаның өмірі мен шығармаларының нәрі мен дәнін қасықпен қалқып алып, жас ұрпақтың бойына сіңіруде талмай еңбектенген жан.Абайдай ұлы тұлғаның даралығы мен даналығын зерттеп , қазаққа тән қасиеттерді бала бойына сіңіруге барын салған.

Ұстаз ретінде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген сұрақтар мен үшін маңызы жоғары, келелі мәселе деп ойлаймын. Осы орайда жаңа заманға сай оқушыларды ғылым мен техниканың немесе өнердің бір саласын тереңдетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту - мектептердегі басты талап. Әдебиет - сөз өнері, оны мектепте тереңдетіп оқыту, мұғалімдерден аса ізденімпаздықты, мұқияттылықты, төзімділікті талап етеді. Әлемдік білім беру жүйесіндегі озық инновациялық технологиялардың көп екені бәрімізге анық. Солардың ішіндегі өз сабағыма тиімді технологиялардың түрін таңдауда - Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның еңбектеріне жүгіндім. Қанипа Омарғалиқызының көлемді де құнды, бүкіл еліміз бойынша барша оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиет пәні мамандары арасындағы қолданылып келе жатқан 15 монографиялық еңбектерімен таныстым. Солардың қатарына республика ғалымдары, оқытушылары, мұғалімдері қауымынан қызу қолдау тапқан «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М.Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту»тағы басқа шығармаларын іс тәжірибе барысында бағдаршам етіп, басшылыққа алдым.

Ұстаздың «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» (Алматы, «Мектеп»), «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» (Алматы, «Мектеп»), «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы» (Өскемен, 2002), «Мектепте Абай шығармаларын оқыту» (Өскемен, 1994) еңбектері тұлғаның руханилығын байытуда маған және барша ұстаздар қауымына зор көмек болып отырған әдістемелік құралдар. Ұстаздың инновациялық іс - тәжірибесі қазіргі таңда әдебиетті оқытудың бағдаршамы болып отыр.

«Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп алаш көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсетсе, Қанипа Бітібаева бүгінгі ұрпаққа ұлы ақын шығармашылығын тереңдете оқытудың мәні мен маңызы жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты бағыт беруші деп қарастырған.

Мектепте Абай шығармашылығын оқытуды тұңғыш рет арнайы жазып, ақын мұрасын шәкірттерінің жүрегіне бойлатып, рухани нәрін санасына сіңірген әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева өзінің көп жылғы ұстаздық еңбегі мен тәжірибесінде саналы ғұмырын Абайды жас өскіндерге жеткізу, сұлулығы мен тереңдігіне үңілту, қауыштыруды, рухани жан дүниелеріне бойлатуды алдына мақсат еткен. Ұстаздың сөзіне жүгінсек: «Абай поэзиясының сұлулығынан бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу - адами да, ұстаздық та борыш», - дейді.

Абай шығармашылығын оқытуға арналған әдіскер ұстаз Қ.Бітібаеваның 4 еңбегі бар. Қ.Бітібаеваның бұл зерттеуі оқушыны Абаймен қауышу қуанышына кенелтіп, мұғалімге үлкен көмекке келетін пайдалы да зәру еңбек екендігі сөзсіз», Шынында да ұстаз Абай шығармашылығын жаңаша оқытудың жүйесін, үлгісін береді. «Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастыру» мәселесін көтереді. Әсіресе автордың Абай поэзиясының алтын арқауы - Адам, оған деген махаббат екеніне тоқтала отырып, Толық Адам проблемасы айналасында ізденуді алдыға тартады.

«Абай шығармашылығын оқыту» атты іргелі еңбегінде автор «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» тақырыбымен 5 сыныптан бастап 8 сыныпқа дейін Абай шығармашылығынан оқылатын шығармалардың тақырыбын ұсынады. Төменгі сыныптарда лирикалық шығармаларды оқытудың өзіндік күрделілігін айта келіп, оқытудың әдіс-тәсілдерін береді. Соның ішінде, 5 сыныптағы Абайдың Әбіш туралы өлеңдерін оқытудың кейбір тиімді жақтарын атайды. «Абай жолы» эпопеясының «Қарашығын», «Қапада» тарауларындағы Әбішке сипаттама беріліп, салыстырылады. Әбіштің бейнесін шәкірттерге үлгі ете отырып, білімділік, тәрбиелік жағынан оның маңызды екенін түсіндіреді. Әке мен бала проблемасы айналасында оқушыларға пікір талас ұйымдастырады. Оқушыларды Әбішке дәйектемелі шағын мінездеме беруге баулиды. Оған талдаудың мынадай үлгісін береді:

Тақырып (оқушы өзі қойған)	Әбішті бейнелейтін сөздер	Әбішке шағын мінездеме
«Жасқа жас, ойға кәрі едің»	«Тұла бойың ұят, ар» Тәуекелге нар Ерлікке де нар Талапты	Арлы, намысты, талапты, батыл, ер, тәуекелшіл, жалтақ емес.

5 - 8 сыныптарда Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемесіне ұстаз мынадай мақсатты көздейді. Өтілетін жаңа сабаққа байланысты мәтінді алдын ала оқыту арқылы көркем шығарманы қалай қабылдағанын білу, өз беттерімен көркем мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыру; білімді өз еңбектері, ізденістерімен алу машықтарын жетілдіру керектігін айтады. Осы мақсатына орай ұстаз сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, түсініктемені оқу әдістемесін ұсынады. Талдау кезінде мұғалім үнемі оқушыны қозғап, ой тастап, өзімен бірге еңбектендіріп, олардың пікірлерін назарға алып отырып қадағалайды. Жұптық жұмыс пен шағын пікір талас ұйымдастырылуы үшін проблемалық сұрақтар береді.

Оқушыларды ойлантып қана қоймайды, оларды ақын сезіміне, сонымен бірге өздерінің сезімдерін бақылауға арналған практикалық жұмыс түрін береді. Мысалы:

Шумақ	Ақын сезімі	Оқушы сезімі
I	Өкініш, қайғы	Өлімді ойлау, ақынды ойлау, тебіреніс
II	Амалсыздық, ойлы мұң, үміт, болжам	Мұң, жан ашу, қобалжу
III	Амалсыздық, ашына сөйлеу, күйіну	Түсіну, ақын рухымен сырласу, ренжу

IY	Өкініш, мұң шағу, үміт	Ойлы мұң, көне алмау, керісінше, жаны ашу
Y	Өкініш, сыр ашу, сырласу	Кіналау (қоғамды), күрсініс
YI	Күйіну, аяушылық күту, өсиетті өкініш, сырласу	Есіркеу, аяу
YII	Болжау, тоқтау, сенім	Аяныш, тебіреніс

Бұндай жұмыстар лирикалық шығармаларды сезіммен талдауға үйретеді. Оқушыларды адам сезімі мен жанын түсінуге баулиды.

Сонымен қорыта келгенде, адамзаттың Абайдай ірі тұлғасының шығармашылығын жасөспірімдерге оқытып меңгертудің жан-жақты жолдарын іздеп, оның түйінді дәнін тауып оқушыларының бойына дарытып, адамдық қасиеттерге баулыған, инновациялық технологияның талаптарына сай, нағыз гуманистік тұрғыдан білім берген Қанипа Омарғалиқызының бала тәрбиесінде қай еңбегі болсын ұстаздардың бағдар шамындай. Ұстаздық іс-тәжірибемде үнемі күнделікті сабақ жоспарларымдыҚ.О.Бітібаеваның технологиясы негізінде құруды жөн көрдім.

Оқушыларды өзіндік дербес ізденуге жетелеу,білімді өз бетімен шығармашылық деңгейге жеткізуге көмек беру, өзіндік пікір айтуға,баға беруге икемдеу.

Абай шығармашылығындағы тағылымдық тәрбиеден үлгі алуға, оны өмірде қолдана білуге баулу.Ұлы ғұламаның қара сөздері арқылы оқушыны өзін – өзі тәрбиелеуге, адалдыққа, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болуына түрткі жасауда ұстаздың атқарған еңбегі ұшан теңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 232 б.

2. Дайырова Ә.М. Абай тағлымы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 1995.

3. Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармашылығын оқыту. – Өскемен: Полиграфия

4. Картаева А. Абай шығармашылығын Қ.Бітібаеваның оқыту технологиясы. “Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы” атты халықар. ғыл-тәж. конф. матер. Алматы, 2005. Б. 113-116.

Матабаева Гульжан Ершекеновна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «№22 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘДІСКЕР ҰСТАЗ ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі, есімі алты алашқа аңыз болып тараған ұстаз Қанипа Бітібаева – өз заманының қайталанбас тұлғасы, ерен еңбектің және табиғи талант иесі. Ұстаздық киелі жолды еңбегімен бағындырған Қанипа Омарғалиқызының педагогикалық еңбектері мен технологиясы - бүгінде барша ұстаздар қауымының сусындар әдістемелік мұрасы.

«Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР Ағарту ісінің үздігі, СССР Ағарту ісінің үздігі, Бүкілодақтық Н.К.Крупская медалінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – ұлағатты ұстаз, құрметті академик, әдіскер ғалым.

«Мен тәжірибе мен ғылымды қос өрімдей қоса ұстап келшемін» деген Қанипа Омарғалиқызының ұстаздық ұстанымы баршамызға ой салады. Еңбек жолын ғылыммен ұштастырған, әр сабағын ғылыммен шектестірген әдіскер ұстаздың әр еңбегі, атап өтсек, «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Абай шығармашылығын оқыту», «Мектепте М.Әуезов туындыларын оқыту», «Қазіргі кезең әдебиеті» т.с.с – ұстаздың артына қалдырған 41 зерттеу еңбектері – біздер үшін құнды қазына.

Қанипа Омарғалиқызы жаңа технология қалыптастырған, эксперименттік сыныптарын ашып, атаулы мектебінің негізін қалаған инноватор ұстаз. Қай ғылыми еңбегін алмаңыз, оқытудың жаңа әдістемесін ұсынады, жаңашыл идеяларды алға тартады, ең бастысы, әдебиетті оқытудың әдістемесін жасаған ғалым ұстаз. Бұрын өзімізге таныс әдістемедегі А.Көшімбаев, А.Қоңыратбаевтардан кейінгі әдебиетті оқытудың әдістемесін терең зерделеп, озық технологиясын ұсынды. Сонымен қатар «Қазіргі кезең әдебиеті» еңбегі – біздер үшін таптырмас қазына. Себебі, бұл еңбекте есімдері бұрын-соңды аталмаған әдебиеттің майталман өкілдерінің шығармалары енгізіліп қана қоймай, оқыту әдістемесі қоса берілген.

Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының Абайды оқыту туралы екі кітап, Әуезовті оқыту туралы үш кітабы – әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі еңбектер. Қазіргі таңда әр ұстаздың тәжірибесінде осынау аталған еңбектердің көрініс табары сөзсіз. Себебі әдебиетті оқытудың озық технологиясын жасап кеткен Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – қазіргі таңда да құнды технология.

Қазір жаңартылған оқыту бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл бағдарламаның басым бөлігі сыни ойлауға құрылған, тапсырмалар Блум

таксономиясымен құрылып берілген. Осы орайдағы үндестікті Қанипа Омарғалиқызының технологиясынан да табамыз. Ұстаздың пәлсапасы – ой салу, ойланту, ойлау. Ойсыз сабақтың болмайтындығы, әр сабағы – оқушының сыни ойлауына, ойлануына құрылған, мақсатқа жетелейтін сабақ.

Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген» [1]. Міне, ұстаз технологиясы оқушының сыни ойлауын қалыптастырып, білімді өз ізденісімен алуына жетелейді. Оқушы – жеке тұлға, білімді өмірмен ұштастырушы деген қағиданы ұстаз технологиясынан байқаймыз, ең бастасы функционалды сауаттылыққа жетелейтін тың әдістерді де ұсынады. Дәстүрлі оқытудан алшақтап, оқытудың инновациялық технологиясын ұсынған Қанипа Омарғалиқызының әдістемесі қазіргі таңда да басымдық танытып отырғандығы шындық

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын еліміздің әр аймағындағы ұстаздар өз тәжірибелерінде қолданып қана қоймай, терең ізденістеріне тәнті болғандығына сенімдіміз. Тіпті, мектептегі қай пәннің мұғалімі болмасын, Қ.Бітібаеваның технологиясына зәру болары да сөзсіз. Оның дәлелі: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр...» [4]. Себебі, ұстаз пәлсапасы – ой салу, ойланту десек, бұл – барлық пәннің тетігі, ендеше ұстаз технологиясының құндылығы, өміршеңдігі арта береді.

Төменде өз тәжірибемізде Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын қолданып берілген құзырлылыққа негізделген тапсырмалар үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: Тәуелсіздіктің тұғыры болар тұлғалар. Публицистикалық стиль. /9-сынып/

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты : 9.1.1.1- Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап бер, түпнұсқамен салыстыру.

9.2.2.1 – қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану.

«GR» коды арқылы жасырын код қолдарына немесе тақтадағы тақтада көрініп тұрады. Сол арқылы оқушылар сканерлеп, берілген тапсырмаларды орындайды. Әр топқа бес сұрақтан беріледі.

1-топ «Шешен» Жазушы Роза Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне» бейнебаянын ұсынып, талдама жасайды.

2-топ «Тілші» Семей ядролық полигоны туралы бейнебаян ұсынып, талдама жасайды.

3-топ «Хатшы» тобы Семей полигоны турлы сұхбат дайындап көрсетеді.

Жаңа сабақ.

Қ.Бітібаеваның «ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен миға шабуыл сұрақтары.

Ой шақыру. ЖЖ: «Ой қозғау» әдісі Мәңгілік елдің иесі қандай болу керек?

Жаңа сабақ. Грамматикалық материалмен таныстыру.

(Дәптермен жұмыс)

Оқылым. 1-тапсырма.

1.Ғылымды қандай адам дамытады?

2. Қазақ халқы адамдарды қабілетіне қарай қалай бөлген?

3. Әл- Фараби ше? Қытайлар ше?

4. Әл-Фарабидің пікірінше, жаңалық ашатын, елдің өркендеуіне үлес қосатын кімдер?

Сергіту сәті **«Сұрақ-жауап» әдісі «Тәуелсіздікке- 30 жыл»**

Ойын технологиясын қолдана отырып, тапсырма орындау .Тәуелсіздік тақырыбына байланысты сұрақтарға оқушылар жауап береді.

Жаңа сабақ. Грамматикалық тақырып. Публицстикалық стиль

Публицистика (латын тіл. «көпшілік», «әлеумет») термині «қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау» деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасалы. Жазбаша түріне газет- журналдардағы мақала, очерк : ауызша түріне шешендік өнер жатады.

Публицистикалық стиль жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін маңызды, дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады.

2-тапсырма.

1-топ Мәтін бойынша ментальді картаны толтыру.

2-топ «Қарым-қатынас аймағы» әдісі арқылы кестені толтыру.

3топ Әл - Фараби айтқан құлдардың екі түрін екі бағанға бөліп, анықтама беру.

3-тапсырма ЖЖ. «Шығармашылық жұмыс» әдісі

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен іздендіру, зерттеу бағытындағы тапсырма.

*«Тәуелсіздік тұғыры» КЖТ толтыру

*Ойтолғау, сыр толғау немесе балама жазу

4- тапсырма. «Эйзенхауер матрицасы» әдісі

Сабақ барысында «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу», «өзін-өзі, бірін-бірі бағалау», кері байланыс орнату, рефлекция т.с.с әдістер қамтылды. Саралау тапсырмаларды іріктеуде, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.

Сабақтың өн бойында Қ.Бітібаеваның технологиясында көрсетілген, оқушының іс-әрекеті басымдық танытты, ал мұғалім – бағыттаушы, ынталандырушы, қолдаушы. Оқушыны әр тақырыпқа бағыттай отырып, олардың өз ізденістерімен жаңа өнімге қол жеткізуіне дейінгі аралықтарды бақылап, жетелеп отыру – мұғалімнің еншісіндегі үрдіс.

Қ.Бітібаеваның әр әдіс-тәсілі – өте шебер құрылған жаңашыл ізденістер, оқушыны шығармашылыққа да, ғылыми-зерттеу ізденістеріне де жетелейге түрткі

болатын әдістер. Мәселен, ұстаздың КЖТ /коснтрукциялық жобалау технологиясы/ өз сабағымызда тиімді нәтижеге жетелеуде. Өз тәжірибемізде қолданып жүрген ұстаз Қ.Бітібаеваның технологиясының тиімділігін төмендегіше саралаймыз:

*оқушылардың өз бетімен ізденісіне;
*сыни ойлауы, креативті ойлауына жол ашу;
*жеке тұлғаның өз ойының құндылығы басым;
*зерттеу жұмыстарына жету;
*функционалды сауаттылыққа жетелеу;
*оқушылардың «өзін-өзі», «бірін-бірі» бағалауы;
*мақсатты оқу, мақсатқа жетудің жолдары;
*оқушы мен мұғалімнің арасындағы ынтымақтастықтың орнауы.

Қорытындылай келе, Қ.Бітібаеваның озық технологиясы қазіргі таңда да жаңашылдығымен құнды деп айта аламыз. Ұстаз өз заманында озық идеяларды жариялап, оқытудың жаңашыл әдістемелерін ұсынып, қаншама ғылыми еңбектер қадырды. Біз, тек, сол еңбектерді игерушіміз, өз тәжірибемізде сусындап, оқушыларға жеткізушіміз. Әлі де уақыт озған сайын әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева өз іздеушілерін, өз зерттеушілерін таба түсері сөзсіз. Себебі, ұстаздың педагогикалық мұрасы – жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы, ұлттық құндылығымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

2.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 2009.

3.Бітібаева Қ М.Әуезов шығармашылығын оқыту.–Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994.-94б.

4.Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г.Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2000 ж.

Задахан Меруерт Баратқызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«С.Аманжолов атындағы орта мектеп» КММ
мұғалімі

Қ.О.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТӨРТ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жаңартылған білім беру бағдарламасы 2016 жылы енгізіліп, қазіргі кезде толық жүзеге асырылды. Бұл үдеріс жалпы мектептің, ұстаздың білім беру үдерісіне түбегейлі көзқарасын өзгеруіне әкелді. Осы күнге дейін мұғалім дәстүрлі білім беріп, сабақты тек хабарлаушы рөлінде ұйымдастырды. Ал, жаңартылған

білім беру бағдарламасы аясында мұғалім тек балаға бағыт бағдар беруші, бақылаушы ретінде ғана орын алады. Өсіп келе жатқан ұрпақты ұлттық бағытта тәрбиелеу, еліміздің болашақ азаматтарына сапалы білім беруді үлкен міндет етіп қойып, кәсіби шеберлігін үзбей шыңдаған ұстаздар үнемі ізденіс үстінде. Алдында отырған білім алушыға мектеп қабырғасынан кеткеннен кейін қолдана алатындай білім беру (функционалдық сауаттылық), бәсекеге қабілетті, жан – жақты дамыған тұлға тәрбиелеу ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әлбетте жас ұрпаққа қазақ тілін мемлекеттік тіліміздің үйрету еліміздің күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Себебі ол әлеументтік санамен, оның экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Жаңартылған білім беру бағдарламасында оқушының төрт түрлі сөйлеу әрекеті көрсетілген. Олар: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдылары. Оқу бағдарламасының оқу мақсаттарының барлығы негізгі төрт дағдыға негізделген. Яғни мектептен шыққан түлек айтылым – өз ойын еркін айту, кез келген ақпаратты мазмұндау, қойылған сұраққа толық , нақты жауап беру, жазылым – эссе, шығарманы жазу (сөз саны), кез келген іскерлік құжаттарды сауатты толтыру, оқылым – оқу жылдамдығын дамыту, оқыған ақпартты түсіну, өз сөзмен мазмұндап беру, тыңдалым – тыңдалған кез келген ақпаратты түсіну, жалпы қоғамда айналасындағы адамдарды тыңдай білу, сөйлеу мәдениетін сақтай алу шарт. Бір сөзбен айтқанда функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ішінде біз сыни ойлау технологиясы, Кембридж бағдарламасын, дамыта оқыту технологиясын, Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын және басқа да көптеген тиімді технологияларды байқауға болады. Мен өзімнің мақаламда Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына тоқталғым келеді, нақты айтсақ білім алушының бойында бағдарламада берілген төрт дағдыны тиімді қалыптастыру жолдары, әдіс – тәсілдеріне тоқталғым келеді. Мысалға әдебиеті сабағында қолданатын «Шиыршық» тәсілі. Сабақ үдерісі кезінде оқушының жазылым, оқылым, айтылым дағдыларын артады, шиыршықтың соңында «Сұрақ – жауап» әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс біріншіден сабақты бекітуге ықпалын тигізеді, екіншіден оқушылар бір – біріне жоғары сатылы сұрақтар қойып дағдыланады және сұраққа жауап беріп отырған оқушы ИӘ\ЖОҚ деген жауапен шектелмейді. Осы жерде тыңдалым, айтылым дағдылары дамиды.

1 – сурет «Шиыршық» әдіс – тәсілі (Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы)

Сабақтың басында бір әдіс – тәсілді алып сабақтың соңына дейін қолдануға болады, сонымен қатар сабақта жаңартылған білім беру бағдарламасында көрсетілген негізгі төрт дағды толық жүзеге асады, сабақ өз мақсатына жетеді. Қ.О.Бітібаеваның дағдыларды қалыптастыруға бағытталған әдіс – тәсілдердің бірі «Іздендіру сабағы» деп аталады, бұл әдіс оқушыны ғылыми жұмысқа тартады, білім алушы туындаған сұрақтарына жауап іздеу мақсатында ізденеді, өз бетімен ақпарат табады.

«Іздендіру сабағы» әдісінің басқа әдістерден ерекшелігі білім алушы өз бетімен ақпаратқа қол жеткізеді, ал мұғалім бағыт – бағдар беруші, жағдай жасаушы;

Білім алушы өзін-өзі дамытады, алдына қойылған мәселені шешу жолдарын қарастырады;

Жалпы сынып алдына мәселе сұрақ қойылады, оқушылар мәселені шешуге жұмылады, жұппен немесе топпен жұмыс жасайды;

«Іздендіру сабағы» 1 ғана сабақты алмайды, 3-4 сабаққа созылып кетуі мүмкін, себебі балалар алдына қойылған мәселеге байланысты бір мәмлеге келгенше шешу жолдарын ұсынаа береді;

Мәселе сұрақты оқушыларға үй тапсырмасына беруге болады, бала үйде тиімді жолдарын қарастырып , келесі сабақта сыныппен талқылайды;

Өз ойымды қорытындылай келе жаңартылған білім беру бағдарламасы мен Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы тығыз байланысты. Себебі ұстазымыздың әдіс – тәсілдері оқушының ауызекі сөйлеу, өз ойын еркін айту, сұраққа толық, нақты жауап беру, шығармашылық ойлау және сыни ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Ал бойында жоғарыда айтылып кеткен қасиеттердің барлығы бар азамат болашақта бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты, жан – жақты дамыған болып өсуі сөзсіз. Ұстаздың алдындағы үлкен жауапкершілікке қарамастан, үнемі білімін шыңдап, алдында отырған білім алушыларға дұрыс бағыт – бағдар беріп, бойында адамгершілік қасиеті мол, сана – сезімі жоғары, сауатты әрі қарапайым тұлға тәрбиелеу әрқайсымыздың қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Республикалық ғылыми- әдістемелі басылым: Қазақ тілі мен әдебиеті журналы

2.Оқу-әдістемелк құрал: Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары.

3.Жүсіпова З. Ауызша және жазбаша тіл дамыту / З. Жүсіпова // Бастауыш мектеп.-

4.Бітібаева Қ.О. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»- Алматы қ , 1999ж - 198 б.

5.Сабиров Т. Оқушылардың оқу белсенділігн арттыру жолдары. –Алматы: мектеп, 1978ж

Бекбосинова Дария Кайсаровна
Абай облысының білім басқармасы
Жарма ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қажыкелді атындағы негізгі мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ

Қанипа Бітібаева – Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған ұстаздардың бірі. Қ. Бітібаева әдебиетті «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» – деп біледі. Ол өзінің әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен ұстаз. Қанипа апамыз өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер жаңашыл мұғалім болған ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз- оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады. Ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған әдіс.Сабақта сын тұрғысынан ойлау әдісінің стратегияларын пайдалана отырып, оқушылардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырамын.Әрбір стратегия оқушылардың терең ойлауына және шарықтау қиялына негізделіп келеді.Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

5-сыныпта әдебиетті оқытудағы Қ.Бітібаеваның әдістемесімен жасалған сабақ элементтері

Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?»

«Миға шабуыл»

1. Әже деген кім?
2. Кимешек жайлы не білесің?
3. Менің әжем...

Білемін	Білдім	Дәлелдер

«Жағдаяттар шешу»

«Егер.....

Онда.....

Өйткені» әдісімен жүзеге асады.

Шығарма несімен ұнады?	Сабақтан алған әсерің?	Түйінді ой

Нәтижесінде:

- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды орындауы шарт:

Шығармадан ерекше әсер еткен немесе ой салған үзінді,дәйек сөз	Жеке түсінік беру:бұл үзіндіні немесе дәйексөзді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты өандай сұрақтар туды?	«Мұғалімге хат»-сұрақтар

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек;

Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;

Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

Қорыта айтқанда, технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ішінен дарынды, қабілетті оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттыру.

«Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» - деген сөз бекер айтылмаса керек.Өйткені , өзі үнемі ізденісте жүретін мұғалім де, шәкірт те шығармашылықпен қызыға айналысады.Мектеп - рухани өмір ұясы, ал мұғалім оқу мен тәрбиенің мазмұны мен формасын тиімді тәсіл арқылы қалыптастыратын бірден – бір тұлға десек, осы нәтижеге жету үшін жаңа технологияларды оқып – үйреніп, пайдалана білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.

2.БітібаеваҚ. О.Әдебиетті оқытудың инновациялық

технологиясы.Өскемен2002ж
3.БітібаеваҚ. О.Абай шығармаларын мектепте оқыту.Өскемен
4.БейсенбаеваА.Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы
5.Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту.-Алматы, Мектеп, 2003.–232 б.
6.Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармашылығын оқыту. – Өскемен: Полиграфия
7.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.

Сабиева Тамаша Нуркапановна
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бозанбай орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВА ИДЕЯЛАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ

Мұғалім- мектептің жүрегі. Қай заманды алсақ та, оқушының жүргінен орын алып, өмірден өз орнын таба білуі үшін, ұстаздың бала өміріндегі басты тұлға екенін білеміз.Оқушы креативті ойлай білетін, жаңа заманға сай бейімделген, өмір сүруге қабілетті тұлға болуы жолында ұстаз Қ.Бітібаеваның орны айырықша.Әсіресе сын тұрғысынан ойланып, баланың көзқарасына әсер ету ұстаздың басты міндеті. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы арқылы жеке тұлғаны әлеуметтендіру және зерттеу Қазіргі мектептің оқыту үрдісінде білім берудің тенденциялары мен даму бағыттарын қамтамасыз ететін 50 - ден аса педагогикалық технологиялар қолданыс табуда. Осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше. Бұл технологияны жарыққа шығарған американдық педагогтар Дж. Стил, К. Мередит, Ч. Темпл, С. Уолтер. Олардың пікірінше оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Оқушының әр нәрседен бір мән табуға мүдделі және білуге құмарлығы болса ғана белсенділік пайда болады. Өткен ғасырдың 90 жылдарында бүкіл әлемдегі философтар, психологтар және педагогтар озық тәжірибелерге сүйене отырып оқыту технологиясын жасады. Біздің еліміз үшін бұл технология жаңа технология деп есептелінеді. Дегенмен, кейбір ұстаздардың іс - тәжірибелерінде осы технология қолданылуда. Осыған орай біз сын тұрғысынан ойлау технологиясын егжей - тегжейлі қарастырып, оны қазақ тілі пәндерін оқытудағы мүмкіндіктерді көрсетуді мақсат еттім. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез - келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаңа, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс - әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу. Зерттеу барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын меңгерту бағытында оқушыларға үйрете жүріп, педагогикалық әдіс – тәсілдерді, және жеке тұлға бойында болатын мынадай қасиеттерді зерттеу арқылы сын тұрғысынан ойлау

технологиясын тиімді қолдану қажеттігін түсіндім. Жеке тұлғаны сын тұрғысынан ойлауды меңгеру үшін мынадай қасиеттері болуы шарт: - жоспарлауға дайын болуы; - бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы); - қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы); - жете түсінуі (өзінің және басқа адамдардың пікірін қадағалау); - ымыралы келісімді іздеуі; - коммуникативтілігі. Жеке тұлғаны сын тұрғысынан ойлауды дамыту шарттары:

- сын тұрғысынан ойлауда тәжірибе жинау үшін уақыт және мүмкіндік беру; - оқушылардың ойлауына жағдай туғызу;

- әртүрлі идеялар мен пікірлердің тууына мүмкіндік жасау;

- оқыту үрдісінде оқушының белсенділігін қолдау;

- әрбір оқушы сын тұрғысынан ойлауға қабілетті;

- оқушының өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін бағалау. Қ.Бітібаева : - қызығушылықты ояту; - мағынаны ашу; - ой толғаныс. Барысында сабақты дамытады.Былай өткізу мақсаттары: - оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру; - оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту; - оқушының белсенділігін ояту; Жеке тұлғаның іс - әрекеті қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға қажетті сұрақтар қояды. Өзге мақсатын тұжырымдайды. «Белгілі ақпараттар» тізімін түйін сөздер бойынша - әңгіме, кластерлер, дұрыс және дұрыс емесін мақұлдау және т. б. Белсенді оқу әдістерін қолдану: - инсерт; - екі жақты күнделік; - қосымша журнал; - сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т. б. Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе - эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі. «Ой толғау» мақсаты: - қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу. - оқылған материалды талдау және қорытындылау. - тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.

- Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады. - Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады. - өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды. - Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. - кластер құру - әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады. - түйін сөздерге қайта оралу. - дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу. - рефлексивті сұрақтар - пікір алмасу. - шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн, эссе) және т. б. Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі. Технологияны оқыту стратегиялары (тәсілдері) Технологияны жетік меңгеру үшін бірнеше тәсілдер қолданылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн. Кластер (топтастыру). Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ

тәрізді орналастыру. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдерін кластер түрінде былай келтіруге болады. Бұл тәсілді қызығушылықты ояту және ой толғау кезеңдерінде қолдануға болады. Сонан соң оқушылар жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады. Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім түсіндіреді немесе басқа ақпарат көздерінен іздеуге үйге тапсырма беріледі. Мұнда оқушыларға аз таныс, қызықтыратын, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар туралы мәліметтер жинауға болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудағы «оқулықтан пәлен парагрофты оқыңдар» деген тапсырмаға қарағанда тиімді.

Бұл сабақтардың барлығы ұстаз технологиясынан алынған бірігей дүниелер. Сондықтан қай сабақты өткізсек те ұстаз шығармашылығынан айналып өтпейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева, Г.Құдайбергенова, М.мұқашева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы [107] [58]

2.Қ.Бітібаева М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту оқыту [23-30]

Дәулет Маржангүл
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бозанбай орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНИПАСЫ- ҚАЗАҚ МҰҒАЛІМІНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Асқақ абырой, берекелі беделге еңбегімен жеткен адам - Қанипа Бітібаева «Бүгінгідей бір жағыңа шығатын техника жоқ кезде барлық көрнекілікті, 8 мыңға таяу дидактикалық материалды, сабақ жоспарын, 50-ге жуық кітапты саусағы сүйел болып жүріп қолымен жазған. Бұдан өзге бай кітапханасы, алған марапаттары, құнды сыйлықтар, тұтынған заттары және бар. Көрер көз болса бұл бір әлем, ұлт педагогикасына қосылған қазына деуге әбден болады. Қайталап айтамыз, оған көзбен көріп, қолмен ұстаған адамның ғана иланары анық». Осы мол дүниені мұғалімдер біліп көп тәсілге қол жеткізіп жатқан белгілі. Тіпті жас толқын ұстаздардың еңбек жолына бағыт-бағдар беріп, қаққан қазығына айналуды. Бұл істі тиянақтылықпен атқару өзге жұрттарда баяғыдан бар. Бітібаева сияқты бүкіл саналы өмірін мектепте ұстаздық ете жүріп, теория мен практиканы таразы басында теңшей отырып, орыс педагогикасына керемет үлес қосқан И. Шаталов, А.Макаренко, В.Сухомлинский, тағы басқаларды мысалға келтіруге болады. Оларға арнап ашылған музейлер аз емес. Елімізде Ы.Алтынсарин өнегесін ұлықтап, бар ғұмырын мектепте өткізген нағыз ұстаздың үлгісі мен өнегесін, бай мұрасын дәріптеп жатқанымыз көңілге қонымды соны дүние. Тіпті әр саланың өз тұлғалары болады. Тәуелсіз ел педагогикасының сондай бір ерен өкілі Қанипа Бітібаева десек, артық

айтқандық емес. Ұлтым деген ұстазды тани алсақ, бағалай алсақ, мұрасына жанашыр болсақ, таршылық жасамасақ екен. Бұл кейінгіге де сабақ болар еді. Қанипа Бітібаеваның көзі тірісінде-ақ Отанымыздың барлық өңірінен жүздеген мұғалімдер қауымы оның лабораториясына ат арылтып барып, озық тәжірибесін үйренуді дәстүрге айналдырғанын білеміз. Қанипа Бітібаева өзінің оқу әдіс-темесімен танылып, Қазақ елінде бірінші, келмеске кеткен КСРО мемлекетінде 5-ші болып КСРО мемлекеттік сыйлығын алды. Бұл 15 одақтас респбулика ішінде топ жару емес пе? Ең бастысы, ол өз топырағымызда Абай шығармашылығын мектепте оқыту, екі алып – Абай мен Мұхтарды үндестіре отырып білім беру, сол секілді Абай мен Әуезовті оқытудың әдістемесін тұңғыш жасаған ғалым ұстаз екенін естен шығармағанымыз ләзім. Бітібаеваның қорғаған ғылыми атағы жоқ. Бірақ атағы барға бергісіз еңбектерін ерекше атауға тиістіміз. Осындай сәтте ойыңа атағы жоқ Ыбырай Алтынсарин оралатыны бар. Мәселе атақта емес, ұлтқа қызмет етуде. Осы күндері жаңа мазмұнда білім беру мәселесі айтылып, іске асырыла бастады дейміз. Мұны ұлт ұстазы бұрын бастап кеткеніне куәміз. Оның іс-тәжірибесімен танысу жолындағы ізденістер кезінде сабақ өту тәсілінің мүлде бөлек екеніне талай көз жеткізгенбіз. 45 минут бойы мұғалім билік құрмай бағыттаушы болу керектігін, бағыт беріп отыру қажеттігін, баланы еркін ұстап, қабілетіне қарай ақылмен баурап алуды, біліміңмен көңілін аулауды алға оздырушы еді. Тіпті қазіргі топтап оқыту, балалардың еркін сөйлей келіп, тақырыптарды өздері талдау үлгісін де сол тұста көрсетіп жүрді. Мұны ол Американың Аризона штатындағы Туссонда болғанда тәжірибе алмаса отырып, үйреніп қайтқанын, өзінде бар тәжірибеге олар да қызыққанын, сөйтіп ұрпақ тәрбиесінде жұмыла жұмыс істеуге болатынын алға тартқаны бар. Сөйте отырып, біздегі кейбір азаматтардың шетел тәжірибесін түсінбей жатып тықпалайтынына дәйек келтіріп, реніш білдіргенін де естігенбіз. Қанипаның тектілігіне де бір дәйек келтіре кетейік, АҚШ-қа барған сапарында кейбіреулердің Горбачевке қатысты көзқарасын білмек болып талпынғанда: «Біздің халық яғни, қазақтардың салты бойынша патшаны жамандау көргенсіздік, имансыздық болып саналады. Сондықтан мен тек жақсылықты ғана айтамын» депті. Ұстаз Қанипа Бітібаева тәуелсіздік жылдарында жас мемлекетіміздің қанат жайып өркендеуіне барынша ат салысты. Қазақ мектептерінде қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану жөнінде әдістемелік нұсқаулар әзірлеп, аудитория алдында дәрістер оқыды. Бүгінде Қ.Бітібаеваның есімін ұлықтап, әрқашан рухына бас иеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: XIX ғасырдың II жартысы, XX ғасыр: Оқу құралы, бағдарлама: X,XI
сыныптар.- Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті,

2.Бітібаева Қ.О. М.Әуезов шығармашылығын оқыту: Әдістемелік нұсқау.- Алматы, 1994.

Ермекбаева Айдана Сериковна

Павлодар облысының білім басқармасы
Екібастұз қаласы бойынша білім бөлімінің
«Абай Құнанбаев атындағы №2 жалпы
орта білім беру мектебі» КММ қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ

Қанипа Бітібаева – ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өзіндік орны бар ерекше тұлға иесі, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған ұстаздардың бірі.

«Технология – 20-25 минут сабақ сұрап езгілеп тұрмау керек. Бұрынғы дәстүрлі технологияда бала бізге жұмыс істеп келді. Қазіргі технологияда біз балаға қызмет етуіміз керек... Мен мектеп деп ояндым, мектеп деп ұйықтадым. Менен идея, ой ғана алу керек. Дәл менің ізіммен жүріп, менен көшіріп алмау керек» деген сөзі әр жанға ой салу керек деп білемін. Иә, ұстаздың технологиялары әдебиет пәнінде әсіресе таптырмас зерттеу жұмыстары. Әр тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сабақ үлгісін таңдап алу, ойлап табуға шектеу жоқ. Тек ізденіс пен ниет қажет. Осы орайда, Қанипа Омарғалиқызы ұсынған жәрмеңке-сабақ, реферат қорғау сабағы, көкпар сабағын, викториналы сайыс, әдеби монтаж, конкурс сабақтар ұлттық саз өнерін тереңдетіп берудің, баланы жалықтырмай, керісінше, қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін, құзіреттілігін қалыптастырудың жолдары болып табылады. Мысалы, өз сабағымда көркем шығарманы өткенде балаға шығарманы оқыту үшін Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясын қолайлы деп санаймын. Жалпы, білім алушыны үнемі ізденіс үстінде көргісі келген оқытушының алдына қояр мақсат-міндеті нақты болу қажет. Оқытушыға алдымен өзі табу, өзі зерттеу, дербес жұмыс жасауы содан кейін жинақтап, тәжірибесінің нәтижесін көрген соң ғана тарату қажет деп санаймын. Қазіргі XXI ғасырда «бала кітап оқымайды» деген мәселе көтеріп жатқан кезде бұл технологияның маңызы өте зор. Яғни, «Қисынды жобалау» технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау өте қиын болатыны сөзсіз. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль ойнайды. Яғни, дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады.

Жаңартылған білім беру мазмұны да, Қ.Бітібаеваның «Ұстаз - бастаушы, үнемі бағыт-бағдар беруші болу керек» деген сөзімен келіскендей, неге десеңіз «баланы қорқытып-үркітіп керек емес, рульді баланың өзіне беру керек», бала жауапкершілікті сезінуі қажет, тек қана өзі ғана емес, ұжымдық жұмыс кезде қасында балалар үшін де жауап бере алуы қажет деп есептеймін. Бұл қасиет ертең үлкен өмірде де септігін міндетті түрде тигізеді.

Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мына жүйеде қарастыруға болады:

1. Проблемалық ситуация қою технологиясы. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала дербес жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді. XXI ғасыр заманға сай жабдықталған көрнекілікпен LED панель бейнеролик көрсету.

2. Жеделдетіп оқыту технологиясы. Біз қазір өте асығызпыз, бәрінің тез болғанын қалаймыз. Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: шеңбер, дөңгөлек үстел, пікірталас, дебат сабақтары, т.б.

3. Ұжымдық оқыту технологиясы. Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді. Bilim.land сайтымен жұмыс жасау.

4. Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы. Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу.

Мен өз тәжірибемде Қ.О.Бітібаеваның графикалық жобасын, модельдеу және оқушыларға ұсынған ой салу – ұстаздан, ойлану – шәкірттен, ойласу – оқушылардың ұжымдық шешім және жеке уәж айтуынан, бұл дегеніміз "ой салу, ойлау, ойландыру технологиясын" қолданып келемін. «Жаңа білімді меңгерту технологиясын» сабақ үрдісінде пайдалану арқылы білім алушылардың танымдық түрлендіруші іс-әрекеттерін танып, ізденістерге жетелеймін. Білім алушылардың бір ғана әдебиетпен шектелмей, қосымша ғылыми еңбектермен зерттеушілік бағытта ізденулерін талап етемін. Атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін».

Міне, осындай мектепішілік басқару жүйесінің қызметін зерттеп отырған адамның әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, сабақ үрдісінде қолдана білген Қ.О.Бітібаеваның технологиясы ұстаздарға таптырмас тәсіл. Сабақты жан-жақты ойластырып, уысында ұстай білген адамның ұтары көп. Ұстаз әр білім алушының ой-пікірін бағамдап, іс-әрекетін назарда ұстаса, берген білім өз нәтижесін берері даусыз. Жоспарланған, жаңа технологияланған сабақ – қаруланған сарбаздай.

Масалова Шагала Ануарбековна
Шығыс Қазақстан облысының

білім басқармасы Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің «№47 жалпы
білім беретін мектеп» КММ мұғалімі

Қ.О. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Жақсы ұстаз үйретемін сүю керек.

Технология- жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе.Оқушының өз бетімен білім алуға,ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін,оқу-танымдық ынтасы мен шығармашылық қабілетін жетілдіруде әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда оқыту технологиясының рөлі зор. Осы орайда қазақ әдебиетін оқытуда озық тәжірибесімен ерекшеленген Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы технологиялары – баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге,өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғауларын, Мұхтардың көркем прозасын оқыта отырып, осынша мол рухани қазынаны әрбір адамның ішкі жан дүниесіне жеткізе білген әйгілі ұстаздың әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиясын бүгінгі күні ұстаздар өз сабағында қолданып жүр.

Ұстаздың оқыту технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. [1, 9б]

Қ.Омарғалиқызы: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын» деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. Көркем мәтінді оқыту, талдау - әдебиетті оқытудың басты мақсаты. Оның дәстүрлі оқыту кезеңіндегі әдістемесімен қоса, инновациялық жолдарынан іздену - әдебиетші мұғалімдер парызы» деген еді.[2, 2б].

Қ.О.Бітібаеваның оқушыларға ой салу, ойланту, ойландыру қағидасы өміршең өзектілігімен таңғалдырады. Жасампаз жаңашылдығымен таңғалдырады. Қанипа Омарғалиқызы балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың қаншалықты маңыздылығын болжап, жай ғана болжап қоймай, іс — тәжірибесіне өткен ғасырдың аяғында енгізген . Ұстаздың тапжылмас түйсігі, парасатты пайымымен ұштасқан кемел көрегендігі десем артық болмас деп ойлаймын.

Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «Модель», «Жоба», «Бағалау парағы», «Постер жасау», «Миға шабуыл»,

«Технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

Қ.Бітібаева технологиясы бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау, құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту,білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру,тдарын көздерін ашу, ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген. [3,4б].

Жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесінен ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы билер кеңесінің отырысы, мен зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шешендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы, есеп беру сабақтарында осындай білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туындап жатады. Ұстаздың"өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы" деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалын саралауға, сараптауға, өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, оны қорғауға, ой қорытуға жетелейтінін байқамау мүмкін емес.[4,8б].

Жаңашыл ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы «Билер кеңесінің отырысы», «Мен-зерттеушімін», «Пікір қорғау», «Кіші зертханадағы ғылыми кеңес», «Ұлылар үндестігі», «Жобалар сайысы», «Шешендік турнирі», «Консилиум», «Сөз жарысы», «Өнер жарысы», «Есеп беру сабағы» деген түрлерін кезіктіруге болады. Қ.Бітібаева ұсынған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу бағытындағы сабақтардың әдістемесі мен технологияларын бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаздар қауымы қолдануда.Жаңашыл ұстаздың пәнді оқыту технологияларының құрылымы бүгінгі білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі талабымен үндесіп жатыр. Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымы: Проблемалық ситуация қою. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді. Жеделдетіп оқыту:Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б. Ұжымдық оқыту: Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.Ал білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі талабы: «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Белсенді оқу әдістері:

«Түйінді сөз», «Миға шабуыл», «ДЖИГСО», «Баяндамашының кері байланысы», «Инсерт».

Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем

туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында»,-деп технологиясының маңыздылығын атап көрсетеді . «Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ»,-дейді Қанипа Омарғалиқызы.

Мен өз баяндамамды Қанипа Омарғалиқызының « Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет » деген ұлағатты даналығымен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А:Рауан, 1997, 284.

2.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы. «Мектеп», 2003.

3.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары.А, 2009.

4.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗ мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.

Себепова Арай Даулетхановна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы «Математика,
физика, информатика саласындағы
дарынды балаларға арналған облыстық
мамандандырылған мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН Қ. БІТІБАЕВА МЕТОДИКАЛАРЫН САБАҚТА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАУ

Бүгінгі таңда ғылым мен ақпараттық технология дамыған заманның ағынымен ілесіп келе жатқан мына бізді, сонау өткеніміз бен бүгінімізді танытатын сүрлеу соқпаққа айналған бұрынғы әдіс-тәсілдерді зерттеп,танып, іс-тәжірибемізге енгізу сирек кездесетін жайтқа айналып отыр. Таңғаларлық әрі өкінерлік жайттардың қатарынан емес дейтін шығарсыздар,бірақ бұл қате пікір. Жаңылысу. Осы айтылған пікірімді растау үшін, назарларыңызға өткен ғасырдың аяғы мен бүгінгі күннің жалғасы болып отырған, ұлттың ұлы ұстазы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық еңбегін, өзіндік зерттеу тәсілдерін және сабақ өткізу технологияларын ұштастырған өзімнің жеке тәжірибем мен осы тақырыпты қозғайтын баяндамамды ұсынбақпын.

Алғы сөзімді ұлағатты ұстаздың : «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші,білімді өз еңбегіне қарай алушы дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа

қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» деген сөздерінен бастағым келіп отыр. Белгілі орыс педагогы В.А. Сухомлинскийдің айтуы бойынша « Партадағы жұмыссыздық , күн сайын алты сағаттық жұмыссыздық, айлар мен жылдарға ұласқан жұмыссыздық – міне, бұл аса қатерлі қауіп». Расымен 40-45 минут сабақта селқос отырған оқушы, ешнәрсеге қызықпастан, жүріп жатқан сабаққа немқұрайлықпен қараса, мұғалімнің өзінің алдына қойған мақсатына жетпегендігін көрсетеді. Мұны тек жаңа өсіп келе жатқан өскінге құйылған су, өскіннің тамырына жетпей, өн бойына таралмай , бу болып ұшып, желмен бірге таралып кеткендікпен ғана теңестіруге болады.

Бүгінгі күнде өзім қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқыту барысында « Жобалап оқыту технологиясын » жиірек пайдаланатындығымды сөзге тиек еткім келіп отыр. Өзімнің білім беру үрдісінде басшылыққа алып отырған Қанипа Омарғалиқызының «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты оқу құралын басшылыққа ала отырып, жобалап оқыту түрлері, соның ішінде зерттеу, макет жасау, модельдеу, презентация жасау сияқты жұмыс түрлерін қазақ әдебиеті сабағында тереңінен қолдануға болатындығын айтып, жеткізгім келеді. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаның дамуы. Оқушы тұлғасының рөлін жоғары көтеру тәсілі бүгінгі қазақ тілі сабағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың басты ұстанымдарының біріне айналып отыр. Бұл ұстаным оқыту жүйесінің әрбір компонентінде көрінеді. Ол оқыту мен тәрбиелеу мақсатын байланыстырады, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бірыңғай оқу-тәрбие педагогикалық үрдістердің тәсілдері мен жағдайын сипаттайды.

Расымен де,бүгінгі таңда жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеру басты назарда болып отыр. Әдіс –тәсілдердің көбі дерлік, оқушының жеке басын дамыту, білімді өз ізденістері арқылы алуды қамтамасыз етуге бағытталған .

Көбінесе, әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашылық ойлауына , ізденісіне , іс-әрекетіне түрткі жасайды. Сонымен мәнді, пайдалы, ұмырлы болып келеді.

Қанипа Омарғалиқызының оқу-әдістемелік мұрасын зерттей отырып, «Ой тастау, ойланту, ойлау» атты технологиясына баса назар аударғым келіп отыр.«Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме,проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Бұл аталған әдіс «Дамыта оқыту» технологиясымен пара-пар келеді.Өздеріңізге мәлім болғандай , бұл оқыту түрінде, яғни дамыта оқыту дәстүрлі оқытудағыдай мұғалімнің толық қанды іс-әрекетіне негізделген оқыту болып саналмайды.

Белсенділік оқушыға ғана жүктеледі. Іс-әрекет бірлікте, бір бағытта, бір мақсатта бағытталады.

Жоғарыда аталған ҚанипаОмарғалиқызының технологиясының ең негізгі алтын діңгегі: жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа

өнім жасауға бағыттау болып келеді. Осы аталған бағыттарды негізге ала отырып, тәжірибе жүзінде қолданылған екі –үш сабағымды таныстырып өткім келеді.

Қазіргі күннің 5-сынып оқушылары жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес білім алуда. Соған сәйкес жаңартылған бағдарлама, оқулық қолданысқа енуде. Сол істің басы-қасында жүрген мына біз, ұстаздар қауымы, оқулықтардың , соның ішінде, қазақ әдебиеті оқулығында берілген тақырыптарға сәйкес оқушылармен орындалатын тапсырмалардың ретін біраз болсын, бағдарлап, танысып өттік. Солардың ішінде зерттеу жұмысы, мейлі, ол нақты зерттеу жұмыс болмасын, тақырыпқа байланысты ізденіс тапсырмасы берілген болса , сол тапсырманың негізінде жатқан «проблема» міндетті түрде болады. Сол «проблема» сөзіне тоқталсақ, бұл сөздің мағынасы «қиындық», «кедергі», «шешімін күтіп тұрған мәселе» деген нақты сөздерді білдіреді. Демек, әр ізденіс тапсырмасы оқушы тарапынан күтіп тұрған шешімді талап етіп тұрады. Мәселен, 5-сыныпта өтетін қазақ тілі сабағында зат есім және оның түрлері атты тақырыпты өткен мезетте деректі және дерексіз зат есім тақырыбын түсіндіру барысында не ? деген сұраққа жауап беретін «көлеңке» сөзі оқушылар арасында көзбен көретін «деректі», ал басқа оқушылар тарапынан қолмен ұстай алмайтын , тұрақты заттық ұғым ретінде қарастыра алмайтындықтан бұл сөзді «дерексіз» зат есім деген қарсы пікірлер айтылды. Осы айтылған қарама-қайшы пікірлердің нәтижесінде «проблема» туындап, бұл мәселенің шешімін табу жолында барлық сынып зерттеу жұмысын жүргізуге ниет білдірді. Әр оқушы өз болжамын айтып, зерттеу нысанына айналған «көлеңке» сөзі кең талқыға түсіп, нәтижесінде «дерексіз» деген санатқа жатқызылды. Тағы бір мысал, Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» атты мысалын оқу барысында

«Бидайдың басын көтергені-
Дақылының жоқтығы,
Жігіттің кеудесін көтергені-

Ақылының жоқтығы-деген нақыл талқыға түсіп, шағын зерттеу алаңына айналды. Аталған сөздер айналасында жұптық формада оқушылар шынайы өмірмен салыстыра отырып, өзіндік пікірлерді ортаға салды. Яғни , мысалдағы әр бидайды адамға теңеп, өзіндік пікір мен сәйкесінше қорытынды жасады. Бұны да шағын «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының зерттеу, проблеманы шешу сияқты тәсілдерін қолданудың бір мысалы деп айтуға болады. Ой тастаудың тағы бір мысалы, 6-сыныптың қазақ әдебиеті сабағында Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа»повесін өткен уақытта, қорытынды сабақта, тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға мынадай сауал беріп, бұл сұраққа жауапты оқушылар ойлана отырып, жауап іздеуге қызығушылықпен кіріскен еді Мысал, төмендегідей:

Қалай ойлайсыздар, Қожаның «әдептілік жолына» түсуіне не түрткі болды?

Анасына деген аяушылық сезімі ме, Сәйбек қарт, Оспановтар айтқан естеліктер ме, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі ме? Ойлантатын, ой тастайтын сұрақтардың бірі.

Расымен де осы аталған мысалды, Қанипа Омарғалиқызының аталмыш технологиясын нәтижелі қолданудың бір мысалы деп айтуға болады.

Аталған технологияның бір мысалы ретінде Қанипа Омарғалиқызының «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты оқу құралында [1] мынадай үзінді бар. «Жас дос ! Өзіңді тәрбиелеу деген сөз- «ұлылардан, даналардан үлгі ал» деген де сөз. Ал, даналық Абай бабаларының әр сөзінде жатыр.Абай жолы-халық жолы, халыққа еңбек ету, оны сүю жолы. Егер сол Абай салған жолға түссеңдер, адаспайсыңдар» деген жолдар бар. Осы аталған үндеуге толы ,ой тастайтын сөздермен оқушыларды таныстыра отырып, Абай өлеңдеріндегі даналық сөздер мен афоризмдерді талдауға сабақ үстінде тапсырма беруге болады. Мысалы, өзім ұстаздық етіп жүрген 10-сынып оқушыларына жоғарыда аталған тапсырманы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына талдау жасау сабағында қолданып, сабақ соңында «ауызға тиек болып жүрген» , «қазіргі оқушылар терең ойлаудан қалған» деген пікірдің жаңсақ екендігін түсіндім. Бұл тақырып үй тапсырмасы ретінде емес, сабақ үстінде орындалатын тапсырманың бірі болғандықтан аталмыш технологияның бір элементі ретінде яғни, « ойлы сұхбат, пікір еркіндігі» атты деңгейлердің орындалғандығын тәжірибе жүзінде көрдім. Білімнің негізі , төменгі сыныптарда жатқандықтан , ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуды, өзім ұстаздық етіп жүрген 5-сыныптардан бастауды жөн көрдім. Ауыз әдебиетінің бір тармағы «Ертегілер» тарауын бастаған кезде нәтижесін жыл соңында сұраймын деген ескертумен оқушыларға, « Неліктен ертегілердің барлығында жақсылық атаулы жамандық атаулымен күреске түсіп, нәтижесінде жақсылық жеңіп отырған ? » деген сауал тастадым. Бұл жанрдың түрі халық арман-мұратынан, қиялынан туғандығын ескере отыруларын сұрай отырып, зерттеу жұмысының төл негізіне бастау бердім. Нәтижесі жыл соңында зерделенбек. Осылайша, жоғарыда аталған іс-жүзінде жүргізілген жұмыстардың бірнешеуін мысал ретінде қарастыра отырып, ұлы Абайдың сөздері еріксіз ойыма оралғандығын айтқым келеді. Қазақтың бас ақыны «Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады деген екен. Шынымен де, білім – ғылымға деген талпыныс бала бойында мазданып келе жатқан үлкен алау сияқты біртіндеп, оның бойында дамыса, онда ұстаз ретінде өзімізге деген қойған талап-мақсаттардың орындалғаны емес пе?

Оқу үрдісіндегі басты мәселелердің бірі, қазіргі таңдағы баса назар аударатын басты тақырып «Оқу сауаттылығын» дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді ортақтастырып, қажетті әдістемелік негіз жасау кезінде Қанипа Омарғалиқызының «Іздендіру сабағы» ескерілу қажет сияқты. Неге десеңіздер,

-Іздендіру сабағының сабақтың басқа түрінен ерекшелігі оқушылардың өз бетімен бір өнімге қол жеткізуін, дербес еңбектері арқылы білімді меңгеруіне жағдай туғызады. Ең бастысы, оқушыларды іздендіре отырып, ғылыми жұмыстарға баулиды.

-Өзін-өзі дамыту, оқыту үрдерісі жүреді.

-Сынып алдына проблемалық сұрақтар қойылады, оқушылар проблемалық ситуацияны шешуге жұмылады.

-Проблемалық сұрақтарды үйге беріп, оқушыларды оны шешуде дайындауда тиімді болып келеді.

Яғни, оқушы, өзіне берілген зеттеу тақырыбын ашу барысында іздену жұмысына негіз болатын мәтінмен жіті танысады. Меңгереді. Сан қайталап оқиды. Нәтижеге жетуге талпынады. Оқу сауаттылығы іске асырылады деген сөз. Бұл жерде еріксіз ғалым-ұстаздың :

Ой салу — ұстаз тарапынан,

Ойлану — шәкірт тарапынан,

Ойланту — ұстаз тарапынан,

Бір шешімге келу - оқушы тарапынан -деген сөздері тілге тиек етіледі. Жоғарыда айтылған "Ой тастау, ойланту" технологиясы «Ой тастау, ойланту» технологиясын сөз еткенде ғалым ұстаздың мына бір пікірін ескерусіз қалдырған дұрыс болмас дегім келеді: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын» деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. «Инновациялық технология» деген термин жиі естілмей тұрған кездің өзінде оның негізгі талаптары жаңашыл ұстаздардың тәжірібесінде болды. «Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-деп «Ой тастау, ойланту» технологиясының сабақ жүзінде қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Біз, ақпарат пен технологиялар күннен күнге дамып келе жатқан мына қарбаласқа толы заманда, еліміздің болашағы болатын жас буын ұрпақтың тағдыры, тұлға ретінде қалыптасуы әлі де біздің қолымызда екендігін ұмытпауымыз керек. «Тоқсан ауыз сөздің,тобықтай түйінін»келтіретім болсам, «Жаңа заманның , жаңа технологияларының негізі осыдан ширек ғасыр бұрын бастауын алған, ұлағатты ұстаз, өз елінің дара да дана ұстазы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның ұстаздық еңбегі мен келелі тәжірибесінде жатыр деген оймен өзімнің баяндамамды Қанипа Омарғалиқызының « Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет » деген ұлағатты даналығымен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999 ж.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал) – Алматы: Рауан, 1990 ж.

Егорова Эльмира Дюйсенбаевна
Павлодар облысының білім басқармасы
Железин ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ш.Уәлиханов атындағы жалпы
орта білім беретін орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.О.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУ

Халқымыздың ұлы перзенті, әлемге әйгілі ғалымы, көрнекті ағартушысы Ш.Уәлиханов халық кемеліне келіп дамуы үшін екі - ақ нәрсе керек деп ерекше атап көрсеткен: оның біріншісі - азаттық, екіншісі - білім. Бұл қол жетпес байлықтың екеуі де қазір біздің қолымызда бар. Үкілі үміт, асыл арман біздің келешекке деген сенімімізді арттырып, өркениеттің биік асқарына ұмтылдырады. Қай елдің болмасын өсіп - өркендеуі, өнуі, дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты.

Сол себепті бүгінгі таңда әрбір мұғалім тек сабақ беруші ғана емес, баланы оқу ортасын құра алатын адам болу керек. Педагогикалық технологияларды іске асырып, әрдайым жаңашылдыққа дайын болу керек. Оқу процесінің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы заманауи педагогикалық технологияларды қолану. Педагог жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп, қолдану барысында өзін дамытады.

Мен өзімнің сабақтарымды жүйелі қолдануға талпынамын. Қазақ әдебиеті пәні бойынша Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының технологияларының элементтерін өз сабақтарымда қолданамын. Бүгінгі таңда жеті модуль технологиясының маңызды модулі -сын тұрғыдан ойлауға үйрету. Бұл модуль біздің Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім Қанипа Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы»- деп аталатын оқыту тәсілі сын тұрғыдан ойлау модулімен тығыз байланыста екенін ескеруіміз керек. Бұл әдісті қолдана отырып оқушыларды өз ойларын еркін жеткізуге, өткен материал бойынша ой қозғауға жетелейді. Сонымен қатар «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқушыларды өз бетімен ізденулеріне, зерттеу жұмыс жасауларына негізделеді.

«Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабақта ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ бос, өнімсіз сабақ», - деп айтқандай Қанипа Омарғалиқызы оқушыны біз өз ойын айтуға дағдыладыруымыз керек.

Тақырып бойынша сұрақ-жауап әдісін қолдансақ: - Сен қалай ойлайсың?, Бұл кейіпкердің орнында болсаң сен қалай жасар едің? т.с.с. сұрақтарды қоя отырып. Ұстаз жаңа өтілетін тақырыпқа алдына ала тапсырмалар беріп, ой тастау керек.

Оқушыларды жазба жұмысына да баулуға болады. Тақырыпқа байланыстыой қозғап, өз пікірлерін айтуға дағдыландыруға арналған әдістің бірі – «Егер мен...» сөйлемдерді жалғастырып қысқа ой толғау жазады. Мысалы: Егер мен президент болсам.....

Бестік диктант шығарманы толық өткеннен кейін берілетін әдіс. Бестік диктантты оқушы өзі құрастырады яғни тақырыпқа сай берілген белгілі бір сөзге өз мәтінін жазады. Бұл әдіс қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін жаңа мақсатқа тиімді пайдалануға талпынады.

Сөз → Сөз тіркесі → Сөйлем → Сұрақ → Мәтін

Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиет сабағында «ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын қолдану арқылы біз модульдарымыздың бірі талантты және дарынды балаларды оқыту модулін Қанипа Омарғализының тәжірибесінен үйренуге болады. Ұлағатты ұстаз өз тәжірибиесінің арқасында жаңа заман сұранысына сай талантты да дарынды оқушыларын қияға самғатқан.

Бүгінгі таңда әдістердің атауы өзгергенімен, бұл әдістерді Қанипа Омарғалиқызының іс- тәжірбиесімен кіріктіруімізді ұмытпауымыз керек.

2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздің барлық білім беру мекемелерінде жаңартылған оқу бағдарламасы енгізіле бастады. Негізгі мақсат-оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірде пайдалануға бейімдеу. Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында мұғалімдер жаңа бағдарлама бойынша біліктіліктерін арттыру курстарына барып, білімдерін жаңартты. Оқушыларға жаңашылдықты жеткізу үшін Қ.О.Бітібаеваның тәжірибесі көп үлесін қосты, себебі сабақты жаңа форматта жоспарлап, жеті модульді жүзеге асыру үшін оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыруда бүгінгі күні нәтиже берген технологиялардың маңызы зор болды. Ал бұл қазынаның бары Қанипа Омарғалиқызының қоржынында бар еді. Бүгінгі жаңалық, ол кешегі ұмытылған дерек көзі, сондықтан қандай да бір жаңа әдісті алсақ та, оның әу бастағы заты бұл ұстаздың тәжірибесінде көрсетілген, бірақ қазіргі таңда атауы өзгеріп айтылатын дүние екеніне көзім жетті.

Мен ауылдық мектепте жұмыс атқаратын мұғаліммін, сонымен қатар мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасарымын. Күнделікті алдымнан 50- ге жуық шәкірт білім нәрін сусындаса, күн ара мектеп ұжымындағы мұғалімдермен жұмыс бойынша түрлі форматта іс- шаралар өткіземін. Тіл сабағы болсын, әдебиет болсын, қосымша сабақ болсын, оқу ісі бойынша мұғалімдермен өткізетін шара болсын, жалпы менің педагогикалық тәжірибемде Қ. Омарғалиқызының енгізген жаңалықтары үлкен орын алады. Бұған дәлел ретінде аудандық, облыстық деңгейде өтілетін оқулардағы эссе жазу сайсынан жүлделі орындарды иелену сияқты оқушыларымның жетістіктерін атауға болады. Ұстаздық жолымда бүгінгі таңда «Тиімді стратегияларды қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қодану», «Тарау бойынша тест жиақтары» сықты өзімнің жұмыстарымды жарыққа шығардым.

Жалпы алғаш рет ұстаздың жұмыстарымен колледж қабырғасында танысқан едім, енді бұл кісінің тәжірибесі қойын кітапшам сияқты менімен бірге ұстаздық жолда бірге келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999 ж.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал) – Алматы: Рауан, 1990 ж.

Турсынкулова Жанаргуль Камшетовна
Павлодар облысының білім басқармасы
Павлодар қаласы бойынша білім бөлімінің
«Б.Момышұлы атындағы жалпы орта білім
мектебі» КММ мұғалімі

С. МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ЖУСАН ИІСІ» ӘҢГІМЕДЕГІ АВТОР ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРЛЕР БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты - оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабатталыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу. Әдебиет пәнінің ауқымы да, мүмкіндігі де, маңызы да ерекше. Мектепте оқытылатын қай пән болсын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны бар. Әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады.[1]
Расында, әдебиетті оқи отырып, оқушы ойын дамытады, дүниетанымын арттырады, ойын еркін жеткізе біледі.

Әдебиет пәні - өнер пәні, адамтану пәні дедік. Сонымен қатар, әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Ең бастысы, әдебиеттің басқа пәннен айырмашылығы – мұнда дәлелденген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, элементтердің, бұлжымас, айнымас ережелердің жоқтығы. [1]

Кейіпкер тілін, авторлық баяндаулар ерекшелігін, жалпы суреткердің жазу мәнерін талдау әдеби талдаудың маңызды бір жағы екенін естен шығармаған жөн. [1] Мысалы, 6-сынып қазақ әдебиеті Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» хикаясы бойынша мына үлгідегі жұмыстар жүргізуге болады.

Кейіпкер тілін талдау

Аян оның айналасындағылардың сөйлеу тілі	**Қай оқиғада айтылады?**	**Жазушы стилі, шығарманың идеясын ашудағы рөлі**
-Тырнағың қайсы-ей, мысық? деп, Қосымды аяғынан шалып қалды. [2]	Есікбай Аянның алдында қыр көрсеткісі келді. Кейде қараптан –қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар.	Жазушы кейіпкердің іс әрекеті мен қылықтарын бір-біріне сай етіп берген.
«Әжесі өлгенде неге жыламайды- ей?»- деп қоямыз. Аян естісе де, естімеген адамша міз бақпайды. Тек әлдебір уақытта, бас жоқ, аяқ жоқ: Жүріңдер, үйдің сыртына отырайық. [2]	Аянның әжесі қайтыс болғанда.	Жазушы Аян мен қасындағы балаларды сөйлету арқылы бірін- бірі түсінбеуін ашық түрде жеткізеді. Адам қайтқанда, жалғыз туысы өмірден өткенде жылау балалар үшін шартты дүние, бірақ Аянның әрекеті оларға түсініксіз болды.

Бұл тапсырмада оқушылар бағаналарды толтырып кейіпкердің тілі арқылы жазушының жазу ерекшелігін анықтай алады.

Көркем туындыны оның негізінде жатқан тарихи шындықтармен салыстыра қарастыру, кейіпкерлер прототипі туралы мәліметтерден хабардар ету автор ойы, шығарма идеясын ашудың негізгі жолы, тәсілі. [1] Жазушы балалардың әрекеті мен сөйлеу тілдері арқылы олардың мінезін айқындай түскен. Оқушылар талдау барысында кейіпкердің болмысын танып, ажырата біледі.

Жазушының характер сомдау шеберлігін талдаңдар. [3]

Көркемдік тәсілі	**Мысалдар**	**Шеберлігі**
Аянның портреті	...шолақжең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. [2]	Көркемдеуіш құралдар арқылы жеткізген.
Аянның сөйлеу тілі	-Мә, мына менің хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағаңның атын жаз, -деп қоятын. [2]	Зеректігі мен мейірімділігін қоса бейнелеген.
Аянның мінез-құлықы	Момын, зерек, алғыр, ертегіні керемет айтады.	Әр эпизодта беріліп отырады.
Аянның іс-әрекеті.	Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Сол жолы Аянның тобығы тайып бір айдай үйінде ауырып жатып қалды. [2]	Әрекетін баяндау арқылы жеткізген.

Ескерту: қалауларың бойынша кейіпкерлерді таңдап алуға болады. Жеке-жеке орындап, соңынан біріге отырып қорытынды жасайды. Оқушылар бұл тапсырмаларды орындай отырып, кейіпкерге толық түрде талдау жасай алады және жазушының характер сомдау шеберлігін ажырата біледі.

Кейіпкерлерді талдау барысында ақ ниет, қара ниетке бөліп қарастыра отырып, қара ниет кейіпкерлерді ақтап алу мүмкіндігін беру арқылы оқушылардың ойы мен пікірлерін өмірмен байланыстыра қарастыру қазіргі заман талабы.

Талдау барысында оқушылар көркем туындыға байланысты алғашқы әсерлерін толықтыруға, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әр шығарма негізінде үлкен ой, үлкен мәселе жататынын, автор және кейіпкерлер бойынша өзекті мәселелер аңғарылатынын білуге үйренеді.

«Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді», дейтін әйгілі ұстаз, Қанипа Бітібаева. Әдебиетке пән ретінде ғана қарамай, адамдықтың, тәрбиенің құралы ретінде қарағанымыз жөн. Бізге мұра етіп қалдырған технологиялары арқылы оқушыларға білім берсек, биік жетістіктерге жететініміз хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары»

2.Қазақ әдебиеті 6- сынып. Б. Керімбекова, Ж. Мұқанова Алматы «Мектеп», 2018. 78-95 беттер.
3.Қ.Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту»

Темірғалиева Данагүл Оралбайқызы
Абай облысының білім басқармасы
Семей қаласы бойынша білім бөлімінің
«№16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп» КММ мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІСТЕРІН О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ПОВЕСІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

«Қанекең – қазақ педагогикасындағы ерекше құбылыс. Оны ұстаздықтың Айша бибісі, Домалақ анасы деп кім айтпас? Ол мұғалім мамандығын шың биігіне көтерді, дәрісін тыңдап, сабағына қатысқандар, оны көптен білетіндер, Шоқанды тәкәппар орыс зиялылары мойындағандай, педагогикадағы құбылыс, ұлы ұстаз деп мойындағандары қашан!»,- дейді Қанипа Бітібаева туралы өз ойын еркін жеткізген тарихшы Ғани Қарасаев [1,б.21]. Ұстаздың жалпы болмыс-бітімі туралы, өзінің жұмысына деген сүйіспеншілігін тілге тиек етіп айтып кеткен ғалымдардың, зерттеушілердің қатарында шек жоқ.

Қанипа Бітібаеваның негізгі білім саласындағы еңбегі бүгіннің өзінде көптеп қолданылып келе жатқан дүниелерден құралатынын да естен шығармаған абзал. Ұстаздың құрастырып кеткен модульдерінің ішінде сыни ойлауға қатысты ақпараттардың көптігін көре аламыз. Жаңартылған білім берудің негізгі маңыздылығын түсіндіріп, мектептегі сыныптың оқушыларына да тигізер пайдасының ерекшелігін жіктеп, ұстаздар қауымына түрлі әдіс-тәсілдерін дайындап берген Қанипа Бітібаеваның еңбегі орасан. Кез келген білім алушыға қолайлы түрде білім беру ортасын құра отырып, сыни тұрғыдан ойлауды мектепалды даярлық сыныптан бастап үйрену керектігі туралы жиі жазған. АКТ-ны қолдану арқылы білім алушылармен жекелей, топтық, ұжымдық жұмыстарды жасай білудің қажеттілігін де егжей-тегжейлі түсіндіріп береді. Сабақтың үстінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың даму ерекшеліктерін қалыптастыру да тікелей ұстазға байланысты екенін алға тартады.

Мысалы, 11-сыныпта жаратылыстану-математика бағытында оқитын оқушылар үшін Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі берілген. «Атау кере» повесі күллі адамзаттық мәселелердің барлығын дерлік қозғайды. Повесть оқиғасының басында бас кейіпкер Еріктің реалистік сипаты басым болатын болса, шешімінде мифтік сипат байқалады. Қаламгер адамдардың өмірін аралардың дүниесімен сабақтастырады. Еріктің көк басты сонаға да айналып кетуі әрі Қатын суының арғы бетіндегі жұмбақ қыз – символ болып табылады. Ал повестегі Шал образында романтизмнің сарыны байқалады. Шығармадағы Шал да, Таған да қоғамда бет алған

адамның рухани әлсіреуінен шығудың шығар жолын, амалын табуға барынша тырысады. Бірақ табиғат аясында қалудан өзге жолды көре алмайды.

Шығармада жеңіліс пен жеңіс, түңілу мен үміт, қиянат пен қайырым, аярлық пен адамдық, марғаулық пен махаббат арасындағы тартысты күрес, өткен тарих пен бүгінгі нақтылықтың ажырамас аясындағы ұлт тағдыры мен келешегі таразыға тартылған романның кесек-кесек идеяларының түйіні кульминациялық сәтіне жетіп, ширақ та шымыр тарқатылады. Шеберлік құдыреті дегеніміздің құпиясы да осы болса керек.

Оралхан Бөкейдің шығармаларында уақыт пен кеңістік композициясы үлкен орын алады. Жазушының шығармаларындағы жыл мезгілдері өз кезеңдеріне сай айшықты бедерленіп отыруымен бірге уақыттың да өлшемі ретінде суреттеледі. Тіпті уақыт тұрғысынан бағамдасақ жазушы XX ғасырдың дертін, кеңестік жүйедегі саналы адамдарды сан мәрте сансыратқан тұстарын да көрсетеді. Кейіпкерлерді баяндау арқылы 1930 жылдардағы ашаршылық тұсындағы қым-қуат тірлікке уақыттың тұрғысынан тоқталады.

Енді бұл шығарманы оқыту кезінде біз Қанипа Бітібаеваның кез келген әдісін қолдана аламыз. Қанипа Бітібаеваның «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы», - деп білетін әдебиет пәнін оқытудың тәсілдері білім алушыларды сыни тұрғыдан ойланып, оқу мәліметтерін де саралауға, сараптауға, өзіндік қалыптасып қалған көзқарастарын анықтауға бағытталады [2,б.15]. Ұстаздың «ойлану сабағын» қолдана отырып, оқушыларға ортақ бір сұрақ қоюға болады. Мысалы: «Повесть не себепті «Атау кере» деп аталған?» немесе «Қауіпті будан» атауының қойылу себебін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз» т.б.

Қойылған сұрақтар арқылы оқушылар өздерінің ойларын білдіріп, сыни тұрғыдан жауап қайтаратындары анық. Білім алушыларға ешқандай дұрыс жауаптың жоқтығын түсіндіріп, оларды сөйлеуге, өз ойларын жеткізе алуларына бағытталу керек.

Сондай-ақ, Қанипа Бітібаеваның қозғап отырған жобалау іс – әрекеті өзекті және өте тиімді болып табылады. Ол балаға зерттеу жасауға, алынған білімді синтездеуге, шығармашылық қабілеттер мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, ал бұл оның мектептегі жағдайларға тез бейімделуіне көмектеседі. Сондай-ақ зерттеу жұмыстарының барысында арнайы дәл осы технология негізінде мақалалар да жарық көрген болатын. Сол жұмыстарда айтылатын ой мен түйін технологияның оқушылар үшін маңыздылығы болып табылады. «Атау кере» шығармасын оқыту кезінде аталмыш тәсілді қолданудың маңыздылығы зор. Нақтырақ айтсақ, білім алушыларға жобалауға кейіпкерлерді беруге болады. «Атау кере повесіндегі Ерік бейнесі» деп тақырып алып, бас кейіпкердің образын ашуға болады. Оның әрбір іс-әрекетінен қасиеттерін көруге, табуға болады. Жобалау іс-әрекеті кейіпкерлерді тануға көмектеседі. Тіпті бір кейіпкерге екі оқушыдан тапсырып, жұптық жұмыстың кейпін көруге болады.

Кейіпкерлер болмаса табиғаттың суреттелуін, мақал-мәтелдердің кездесуі сынды тақырыптарды бөліп беруге болады. Бұл әдіс те шығарманың мазмұнын толық түсінуге, айтар ойын нақтылауға бағытталады.

Қанипа Бітібаеваның негізгі қарастырылған бағдарламасыының негізінде пайда болған құбылыстарының бірі ретінде бағдарламада «диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой – пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді» деп жазса, Қанипа Омарғалиқызы әр сабағын шәкірттерімен сырласа отырып өткізгені туралы ақпараттар легі жиі кездесіп жатады [3,б.41]. Диалогтік оқытудың баланың тақырыпты қабылдау кезінде алатын орны ерекше болып табылатыны мәлім. Диалог – екі адамның сөйлесуі ретінде ғылымда қалыптасып қалған ұғым ретінде таныс. Ал негізінде сабақты түсіндіруде, пайдалануда оны қолдану – оқушының тілдік дағдыларын дамытып, сөйлеу тілінің де үздіксіз дамып өсуіне әрекет жасап отыратыны шындық.

Қанипа Бітібаеваның еңбектерінен көрініс табатын диалогтік оқытуды кез келген сабақтың барысында толығымен қолдануға болады. Себебі, суретке қарап диалог құру немесе қарапайым мұғалімінің сұрағына жауап қайтара отырудың өзі де аталмыш тәсілге мысал бола алатын жайы бар. Яки бұл жерде ауызша сұраққа жауап беру арқылы сөйлеу дағдыларын дамыта отырып, сөздік қорын да жетілдіруге ат салысатын тапсырмалар жүйелері оқушыларға өте ыңғайланып негізделген-ді. Сондай-ақ, суреттерге қарап отырып та тапсырмаларды орындатуға диалогтік тәсілдердің маңызы мен тигізер әсері өте зор болып табылады. «Атау кере» повесін оқыту кезінде диалогтік әдістің де атқаратын рөлі ерекше. Мұғалімнің тарапынан қойылған сұраққа жауап беру арқылы нәтижеге жетуге болады. Немесе оқушылардың өздеріне жұптық жұмыс жасата отырып, сұрақтармен алмасуларына болады. Сөздік қорды көбейтіп, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізе алуларына көмектеседі.

Даңқты ұстаз Қанипа Омарғалиқызының енгізген бағдарламасына сәйкес тағы да бір маңызды болып табылатын оқыту кезінде және оқуда ақпараттық – коммуникативтік технологияны яки АКТ-ны пайдалану болып табылады. Көбінесе ғылым мен техниканың аспандап дамыған заманында қазіргі кезді санамаған кезде, қарапайым телефонның өзі де үлкен жетістік болып саналған өткен ғасырдың ортасының өзінде ғылыми не болмаса әдістемелік жаңалықтарды да қалт жібермейтін ұстаз Қанипа Бітібаева үшін бұл да алынған асу, шыққан шың болып табылатыны сөзсіз. Талантты да дарынды болып келетін балаларды оқыту модулін игеру жолдарын сонау аты таныс Кембриджідік тәсілінен іздемей, қазақтың ұстазы, әдіскері Қанипа Бітібаеваның озық тәжірибесінен де көптеген дүниелерді үйренуге болатынын осы уақытқа дейін барлық зерттеу жұмыстарында айтып келді [4,б.9].

Себебі Қанипа Омарғалиқызы өткен ғасырдың соңғы кездерінде өзінің республикалық атаулы мектебінің қабырғасында интеллектуалдық дамуы мүлде өзге біреудің білімін қажет етпей, тек өзінің еншілігіне тиісті іс-тәжірибесін қазіргі заманның сұранысына байланысты өңдей отырып, талантты ұлдары мен қыздарын білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаз болып табылады. «Атау керені» оқыту кезінде жер-суды сипаттайтын бейнежазбалар, омартаға байланысты қызықты ақпараттар т.б. көрсетуге болады.

Негізінде оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі де Қанипа Омарғалиқызының тәжірибесінен өз орнын тапқаны қашан. Ұстаздың «Сабақ

аяқталғанда шығып бара жатқан әрбір оқушының артына зіл сақтамай қоштасуы мен үшін өте маңызды» деген сөзінің өзі бүгінгі күндегі қалыптасып қалған жаңартылған білім беру мазмұнында қалыптасатын рефлексия да, кері байланыс та сыйып тұр. Бүгінгі таңда сабақта қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміздің барлығын даңқты ұстаз ертеде-ақ айтып, қолданып тастағанын көруге болады. Сабақтың нәтижелі болуы – оқушының түсінгеніне байланысты. Ал білім алушының сабақты меңгергені тікелей таңдап алынған әдіс-тәсілмен сабақтас екенін ұмытпаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қарасаев Ғ. Ұстаздықтың Хан апасы / Ғ.Қарасаев. Өскемен: Медиа-Альянс,

2.Бітібаева Қ. Бір ғылымнан басқаның... /Қ.Бітібаева. Семей: Үш биік, 2008. -

3.Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы / Қ.Бітібаева. Алматы: Кітап, 2012.- 243б.

4.Ұстазға тағзым (Әйгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева жайлы естеліктер). Құрастырған: А.Картаева, Ш.Құрманбаева. - Өскемен: Берел баспасы

Нургалиева Айгуль Советовна
Павлодар облысының білім басқармасы
Тереңкөл ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қатша Оспанова атындағы №3
жалпы орта білім беру мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫМЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

«Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдердікі».
Мағжан Жұмабаев

«Адамның адамшылдығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» - Абай Құнанбаев. Осы сөз Ұстаздардың ұстазы, аңыз адам - Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваға арналып айтылған дер едім. Осы орайда ұстазға арналып ұйымдастырылып жатқан өңіраралық педагогикалық оқуға қатысып жатқаныма қуаныштымын. Осындай дана тұлға, дара тұлға «Хан апа», «Қазақтың Қанипасы» атанған апамыздың еңбектерімен тереңірек танысып, әр өңірден келген әріптестердің іс-тәжірибесімен алмасу өте үлкен зор мүмкіндік деп білемін.

Қ.Бітібаева - ұстаздардың ұстазы, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында орны бар тұлға. Ол кісі ұлттық педагогикамыздың қазақ әдебиетін әлемге танытып, ұлттық сөз өнері ұлағатын өзіміз оқытып отырған қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы оқу-әдістемелік шеберлігімен жүзеге асырған.

Қ.О. Бітібаева өзінің «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты ұстаздарға арналған еңбегінде былай дейді: «Әдебиет пәнінің ерекшелігі сол - ол

оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі керек. Әдебиет мұғалімі сабақта белсенді түсіндіруші, белсенді хабаршы ғана емес, ол ең алдымен өзінің алдында адам, азамат, болашақ қоғам орнатушылар отырғанын, олардың өз сезімі - өз ой пікірі бар екенін сезінуі керек...» [1]. Ұстаздардың ұстазы әр айтқан сөзі мен ісін бірге дәлелдеп, сабақ барысында оқу үдерісінің жаңашылдығына тың серпін беріп қана қоймай, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер тұлға. Ол кісінің бірнеше еңбектерін оқи отырып, ойға тоқып білгенім, Ұстаздың алға қойған ең басты мақсаты - білім беру үрдісіне технологияны дендеп ендіру. Ең бастысы ол кісінің пәнді оқыту технологиясы білім алушының тақырыпты толыққанды ұғып, талдай алуы үшін бағытталған. «Технология 20-25 минут сабақ сұрап, езгілеп тұрмауы керек. Бұрынғы дәстүрлі технологияда бала бізге жұмыс істеп келді. Қазіргі технологияда біз балаға қызмет етуіміз керек... Мен мектеп деп ояндым, мектеп деп ұйықтадым. Менен идея ой ғана алу керек. Дәл менің ізіммен жүріп, менен көшіріп алмау керек» деген сөзі әрбір жеке тұлғаға ой салары хақ. [2]. Ия, ұстаз технологиялары тек әдебиет сабағында ғана емес, орнын тауып, оқушыны ойланта отырып қолданса, барлық пәнде таптырмас зерттеу жұмыстары деп білемін.

Мен бастауыш сыныпта сабақ беремін. Мектебімізде болашағына үміт артқан, елінің ертеңі болып өсіп келе жатқан жас жеткіншектер тәрбиеленіп білім алуда. Қай қоғамда болмасын ойлау қабілеті дамыған шығармашылық пен айналысатын талантты, білімді жастар қажет, сондықтан мектептің міндеті осындай балаларды анықтап, қолдау көрсету. Бүгінде бұл - күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білу. «Көркем мәтінді оқытудың барлық түрін төменгі сыныптан кіргізіп, оқушыны оқырман етіп жетелеу де, мұғалімнің ең басты борышы» -деп талап қояды Қ.Бітібаева. Мәтінді құр оқытып қана қоймай, мәтінді талдауға оқушыны төменгі сыныптан жетелеу керек екенін ұстаз ескертеді. [3] Мысалы өзім сабақ беретін 3-сыныпта әдебиеттік оқу сабағында балаға мәтінді оқыту үшін Қ.Бітібаеваның «Қисынды жобалау» технологиясын қолданамын. Бұл жерде білім алушы, берілген кез-келген сызба тапсырманы қағаз бетіне түсіру үшін, мәтінді толығымен оқып шығып, мазмұнымен танысады. Егер де оқып таныспаса, өзіне мәтінді жан-жақты талдау қиын екенін және де оқып білген пікірлерін дәлелдеп айту басты қағидат екенін біледі. Яғни, пікірін толық жеткізіп зерттеп, айта отырып білім алушының толық «мені» қалыптасады. Себебі бала өз бетімен оқуға және жұмыс жасауға дағдыланып, үйренеді. Бір мезетте алдындағы берілген мәтінді де толығымен оқып, кітап оқу дағдысын жетілдіре береді. Мысалы 4-сыныпта оқушылар М.Әуезовтың «Жетім» әңгімесімен танысады. Әңгімені толығымен оқи отырып, жалпы әңгіме тынысының өте ауыр екенін біледі. Зерттеу, дәлелдеу арқылы әңгіменің басты ерекшелігі - табиғат көрнісінің суреттері адам тағдырымен ұштастырылып берілуі екенін түсінеді. Негізгі мақсаты ата-ананы сыйлау, қадірлеу, шыдамдылық, сабырлылық адамгершілік сияқты адами қасиеттерді оқушылар бойына дарыту. Бұл туынды да оқушы назарын аударарлықтай әсерлі. Оқып отырған оқушы шығарма желісіне ой жүгірте отырып, 10 жасар жетім Қасымның тағдыры жайлы бей-жай қарай алмайды. Себебі бастауыш сыныпта бала қиялы тек жақсылықтан үмітті болады. Оқушылар Қасым

соңында бақытты өмір сүреді деген үмітпен әңгімені қызыға оқиды. Бірақ та бұл шығарма қайғымен аяқталады. Яғни, күн көрсетпеген туысқандарынан қашқан Қасым орманда жүрегі жарылып өледі. Мәселен, «Қасым әлсіз, қорқақ жан ба, әлде намысты мықты бала ма? Өздерің автордың орнында болсаңдар әңгіме бағытын қалай өзгертіп аяқтар едіңдер?» Осы сияқты тапсырмалар үлгісін ұсыну арқылы, оқушылар шығарманы талдап, ойларын еркін жеткізуіне көп көмегін тигізеді. Бұл жерде «Ой тастау, ойланту, ойлау технологиясы» арқылы оқушыны ойланта отырып, тыңдатумен қатар, олардың – қиялының, өз пікірлерінің дамуына жол ашады. Әдіскер ұстаз «Абай жолын» төменгі сыныптан бастап оқытудың өзіндік бағдарламасын ұсынады. Көздеген мақсатын ғылыми нақтылықпен әрі әдістемелік іскерлікпен дәлелдейді. Бұл дегеніміз бастауыш сыныптарда да эпопеяны ұжымдық оқыту арқылы игертудің жолдарымен көрсетеді. Осы оқулықтың 2-ші бөлімінде «Бүлдірген тере барғанда» мәтіні берілген. Бұл мәтін «Абай жолы» романынан үзінді ретінде алынған. «Отамалы», «Кітап қадірі», әңгімелерін оқи отырып, оқушы Мұхтар Әуезовтың «Абай Құнанбайұлы» туралы жазғанын біледі, екеуінің арасындағы байланысты ұғынады. Бастауыш сыныптың өзінде Абай туралы төрт томдық «Абай жолы» эпопеясын жазғаны туралы ақпараттық білімдері қалыптасады. Мұхтар Әуезов шығармаларын бастауыш сыныпта оқыту арқылы оқушыларымызды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа адамгершілікке баулимыз. Адами және рухани құндылықтарды бағалауды үйретеміз.

Әдістемеші ғалым өз еңбегінде: «М.Әуезовтың әңгімелерін оқытудағы басты мақсат - тіл көркемдігі тақырып пен әңгіме идеясында жатқан тың проблемалар, адами мәселелердің көтерілуін таныту», сондай-ақ ғалым «М.Әуезовтей ұлы тұлға шығармашылығын оқыту, оның тиімді әдістерін іздестіру – барлық оқу орындарының міндеті» деген еді. [4] Әр сабағымызда инновациялық технология мен жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолданып, жоспарлайтын болсақ оқушының терең білім алуына, сыни-көзқарасының дамуына, ізденістерінің артуына ықпал жасайтынымыз анық. «Ой тастау, ойланту, ойлау технологиясы» әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану сабақтарында пікірлесу, бір-бірімен ой бөлісу, зерттеу іздену сияқты ұтымды әдістермен қатар, оқушылардың өз бетімен ізденулеріне негізделеді. Әдебиеттік оқу мен қазақ тілі сабақтарында «Жобалап оқыту технологиясын» да жиірек қолданамын. Себебі, зерттеу, макет жасау, модельдеу, презентация жасау сияқты жұмыс түрлері оқушыны алға бағыттап ізденуінің тағы бір тиімді жолдары.

Ойымды түйіндей келе Шығыстың Тарбағатай өңіріндегі шағын ауылдан шығып, ұлтымыздың дара ұстазы атанған - Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әрбір технологиясын жете меңгерген ұстаз, XXI ғасырдың озық білімін меңгере отыра, ұрпақ тәрбиелеуде ұтары көп болары сөзсіз.

Өзім бастауыш сынып мұғалімі болсам да, «Ұлт мақтанышына айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева - қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиясын қалыптастырған әдіскер - ұстаз» атты өңіраралық педагогикалық оқуға жаңашыл ізденістегі шығармашылықпен жұмыс жасайтын тіл мамандарымен бірге жұмысымды бөлісіп, тәжірибе алмасу мен үшін зор мақтаныш.

Сөз басында жазылғандай «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдердікі» - деп М.Жұмабаев айтқандай әрбір ұстаз «Қазақтың Қанипасы» атанған дана ұстаздай оқушы жүрегінің төріне орын алсын. «Хан апа» сепкен алтын дән, бүгінгі ұрпақтың бойынан табылып, көктей өнеріне кәміл сенемін. Сол сенімді ақтау үшін алдымдағы оқушыларыма дұрыс тәрбие беріп, адамгершілігі мол, білімді де ақылды тұлға қалыптастыруға барымды салып келемін.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1.БітібаеваҚ. Қазақ әдебиеті оқыту әдістемесі. Алматы 1999 ж.

2.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы Өскемен 2002 ж.

3.«Мұхтар Әуезов туындыларын мектепте оқыту». Қанипа Бітібаева-2002 «Алматы»

4.Бітібаева Қ. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен

Жамчитова Назигүл Ерғазықызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Жаңааууыл негізгі орта мектебі» КММ мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ КӨКЖИЕГІН ДАМЫТУДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кіріспе

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік лауреаты, Қазақстан Республикасы педогогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы –әдебиетті оқытудың өрісі кең,өзгеше жүйесін қалыптастырып жүрген шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз –тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып ,жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тіліміздің ұлттық қазына , ал әдебиетімізді– өнер деп оқытуымыз керек» дейді ұстаз. Ұстаз тәжірибесінің ерекшелігі –оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді.Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады.Оның сабақ жоспары оқушы –субьектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады.Ғалым ұстаз өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырмалар беріп, ой тастайды да сабақтың өн бойында шешуші роль атқарады. Тәжірибесін күнделікті сабағымызда сабақтың басынан амандасудан жақсы көңіл-күй орнатудан, «Миға шабуыл» үй тапсырмасын сұрауда оқушыларды ойландыруға түрткі боламыз. Дәстүрлі сабақ берген уақыттағы Ұлы ұстаздың қолданған әдіс-тәсілдерін атасам, жаратылыстану пәндерінен сабақ бергендіктен, оқушылардың жазылым әрекетін дамыту үшін Конструкциялап жобалау технологиясы (КТЖ)

сабағымызда қолдануымыз өте тиімді болады. Күнделікті сабағымда оқушыларды ойландырып сұраққа жауап алған кезде кідіріс жасап тыңдаудықолданамын.Бестік диктантының өзіндік ерекшелігі бар мәтін биология сабағынан өтілген тақырыптан биологиялық диктант алынады, екіншіден оқушы әдеттегі диктанттағы өнімсіз іс-әрекеттен яғни көшіруші, қайталаушы емес, оның мәтінін өздері құраушы дәрежесінде болады.Оқушыларға ой тастау арқылы жазба жұмыстарына баулу, ойланып барып пікірін айтуға дағдыландыруға арналған әдістің бірі “Егер мен.....” Ұйқасын тап биологиялық терминдерді сөйлем құрап жазады.

Негізгі бөлім /тәжірибелік/. Ғалым ұстаздың “Инновациялық технология” деген термин жиі естілмей тұрған кездің өзінде ол ұстаздың негізгі талаптары жаңашыл ұстаздардың тәжірибесінде болды. Қанипа Омарғалиқызының оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу бағытындағы түрлендіріп өткізген сабақтарын басшылыққа аламын. Сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы дәрежесінде қатыстыру. Әрбір әдісті түсіндіруші- көрнекілік, ізденістік, зерттеушілік тұрғыда пайдаланамын. Зерттеу жұмысы барысында пән аралық байланыстың маңызы зор. Проблеманы шеше алу қабілеті оқушыларға ғылымды игеру ретін үйренуге мүмкіндік береді. Айталық, биология сабағында оқушыларға картоп түйнектерінен крахмал табуға бағытталған зертханалық эксперимент орындауды немесе дене жаттығуларының жүрекке, тамыр соғуына, және тыныс алуға әсерін анықтау үшін өзін бақылауды ұсынамын. Биология бойынша тақырыбы “Су және органикалық заттар”, «Микро және макроэлементтердің мәні» атты сабақта химиялық құрамы жөнінен химия пәнімен, жұмбақ, мақал-мәтел ұйымдастырудан қазақ тілі мен әдебиеті пәнімен байланысқан. Өз тәжірибемде 9 сыныптағы биология сабағында Қайың шырынын алу құбылысын көзбен көріп, бақылау жүргіздік. Ой тастау, ойлану үшін “Сәлемдеме жіберіңіз” тәсілін қолдану өте тиімді. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір сұрақ қойып,өз ойларын ортаға салып, орама біткенше жалғастырады.

-Ағаш пен бұталарда шырын қозғалысы қай мезгілде жүреді?

-Шырын сабақтың қай қабатынан ағады?

-Ағаш үшін шырын жинау зиянды ма?

-Шырын жинағаннан кейін ағаш шіріп кетпес үшін не істеу қажет?

Күнделікті өмірде адам өміріне қажетті табиғат құбылысының маңызын қайың бүршік жарып, жас жапырақ қалыптасқан кезде адамдар «қайың шырынын» алатынын ол үшін ағаш қабығында терең емес, кертік кесіп, шырын ыдысқа құйылатындай етіп ыдысқа түтікше орнатылады.

Бақылау соңында оқушылар өз ойларын қорытып “Қосжазба” күнделегіне жазады.

Үзінділер	Түсіндірме
Қайың шырынын қай кезде алатынын білді	Қайың бүршік жарып, жас жапырақ қалыптасқан кезде алады
Зақымдамау үшін не істейді	Кертікке балауыз жағады
Қайың діңі қандай болу керек?	Диаметрі 20-см дан кем емес ірі болу керек

Жаратылыстану мен биологияны оқытуда өсімдік ағзасының тіршілік ету үдерістері зерделенетін демонстрациялық тәжірибелер үлкен роль атқарады.

тәжірибемде әрбір жеке тарау біткенде тамыр сабақ бөлімі соңынан “Оқушы үні” әдісін қолданамын.

Не?	Қандай?	Не істейді?
Жапырақ- өсімдік мүшесі	Жасыл, сары, қызғылт	Фотосинтездейді, сарғаяды буландырады

Тағы бір педагогикалық технологияның әдісінің бірі-РАФТ (роль, аудитория, форма, тақырып).

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
Мәтіннің кімнің атынан жазылатыны	Мәтіннің кімге арнап жазылатыны	Мәтін қандай түрде жазылатыны, жанры (хат, арыз, алғыс,өлең,т.б)	Мәтін не туралы болады? арқау болатын тақырып
Ағаш	Мен-қоршаған ортадағы адамдарға арнаймын	Мен арыз түрінде адамдарға жазамын	Өзімнің мұңымды шағамын. Мені аяусыз кесіп, отап зиян келтірді.Мен адамдарға таза ауа беремін, құрылыс материалы боламын.

Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау түрткі болу» тәжірибесін өз сабағымда жиі қолданамын. Оқушының тәжірибе жасауында дегендей 7 сыныпта биологиядан “Телу” сабағымда мектеп ауласында жеміс ағаштарын будандастыруды іске асырдық.Таза сортты алма өнімін алуды көздеп жүрміз.Оқушылар будандастыру түрлерін , тамыр арқылы сабаққа су, минералды тұздар тасымалданатынын әдіскер ұстаздың“Оқушы үні” әдісі арқылы қойылған әрбір сұраққа қойылғаннан кейін ойлануға уақыт беріп, кідіріс жасағанды назар аудардым. Сондай ақ, 7 сыныпта химия “Ауаның құрамы” атты сабағымда “Балауыз шамның жануы” атты тәжірибе жасағанда екі оксид түзілетінін біреуі су тамшылары, екіншісі көмірқышқыл газын көбен көреді.Экологиялық білімдерін молайтып, Қанипа Омарғалиқызының ғылыми жұмыс жазуға үйреткеніндей сабағымда тақырыпқа байланысты оқушылардан мәлімет келтіруді сілтеме корсету арқылы жоба қорғауға үйретем ол үшін алдын ала екі тақырып беремін 8 сыныпқа – «Қышқыл жаңбырдың түзілуі”, 9 сыныпқа – бүгінгі өзекті мәселе “Экологиялық апаттар” туралы жаһандық жылыну, озон қабатының жұқаруы,әр түрлі аурулар тудыратынын қызу ортаға салып конференция сияқты өткені тиімді болады.

Қорыта келеатақты педагог Қ Бітібаеваның “Ой тастау, ойланту, ойлау” технологиясын бүгінгі күнде өз сабақтарымызда қолданамыз.Ой салу-ұстаз тарапынан, ойлану шәкірт тарапынан, ойланту –ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келуұстаз тарапынан,бір шешімге келу–оқушы тарапынан жүзеге асатынын күнделікті сабағымызда көріп жүрміз. «Табиғаттың адамдарсыз күні жоқ, адамдардың табиғатсыз күні жоқ»дей келе жаратылыстану пәнін оқыту үздіксіз ойландырып, ой тастау арқылы жүзеге асатынының куәсі болып жүрміз.Қорыта айтқанда, технологияларды дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ішінен дарынды, қабілетті оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1 Қ.Бітібаева Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – Алматы 1999
2.Қ.Бітібаева Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары Мұғалімдерге арналған құрал
3.Қ.Бітібаева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы Өскемен.2002 жыл
4. Қ.Бітібаева Абай шығармаларын мектепте оқыту Өскемен
5 А.Бейсенбаева Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру Алматы

Теміржанова Гүлдана Қазболатқызы
Павлодар облысының бойынша білім басқармасы
«Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға
арналған қазақ гимназия-интернаты» ММ
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖАҢАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ОҚУШЫНЫ ОЙЛАНТА ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Түйіндеме Қ. Бітібаеваның технологиялары - білім алушыларды тәрбиелеудің қайнар көзі.

Аннотация Технологии К. Битибаевой - источник воспитания обучающихся.

Abstract: K. Bitibaeva's technologies are a source of education of students.

Даңқты мұғалім, профессор Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» оқу құралының Алғы сөзінде «Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, дүниетанымы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өз-өзіне сенімін нығайту-бүгінгі күннің басты міндеті» деген.

Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі шешімін таппай келе жатқан 5 мәселені атап көрсетеді, бұл мәселелер қазіргі күні де орын алуда, олар: білім концепциясы, білім алушыға бағытталған тұжырымдама, білім алушыны бағалау, тәрбие берудің қонымды жолдары, білім мазмұнын байыту бағытындағы технологияларды атайды.» [1.3б.] Осыған байланысты Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «Әуезов шығармашылығын оқыту», «Сабақ түрлері мен үлгілері», «Мектепте Абай шығармашылығын оқыту», «Әдебиетті оқыту әдістемесі (оқулық)», «Әдебиеттану», «Абайды таныту», « М.Әуезов – мектепте», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиет оқулығы», «7-сынып әдебиетін оқыту әдістемесі», «5-9 сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту», «10-11- сынып әдебиетін тереңдетіп оқыту» еңбектері де жарық көрген. Әдебиетшінің жарық көрген еңбектерінің басты мақсаты- қазақтың әдебиетін зерттей отырып, оқытудың жолдары және әдіс-тәсілдерін ұсынады. Даңқты ұстаздың әдіс-тәсілдерін «Абайтану» оқу курсын оқытуда қолдану арқылы, білім алушыға Абайды танытудың тағы бір жолы М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы «Абайды танытудың негіздемесі» курсының бағдарламасын құрастырып, 5 сыныпта

«Абай жолы» роман-эпопеясының 1 томының, 6 сыныпта 2 томының, 7 сыныпта 3 томының, 8 сыныпта 4 томының фабуласын алу арқылы Абайдың «Толық адам» концепциясын түсіндіруді, ең алдымен, Абайдың өз болмысынан, өмір сүру дәстүрінен, Абайды қоршаған орта, орын алған әлеуметтік жағдайлардың ортасында Абайдың өзі «толық адам» болуы да ойланта отырып, ойлануға мүмкіндік беретін курс.

Даулы болған тұстары 5-ші сынып оқушысына «Абай жолы» тілі қиын емес пе? Жоқ, әрине, жоқ. «Абай жолы» қазақ тілінде жазылған роман-эпопеяны қазақ баласы оқи алмаса, кім оқиды?

Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі – жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі, қазіргі Жаһандану дәуірінде оқушыны ойланта отырып тәрбиелеудің амал тәсілдеріне оқытып отырған курстың сабақтарын ұсынамын.

6-сабақ

Бөлім: «Бала Абай»

Оқылатын тақырып Зере әжесі жайында әңгіме

«Абай жолы»1 том, «Қайтқанда» тарауы

Оқу мақсаты 5.Б/С2 Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

Ойлау дағдыларының деңгейі жоғары деңгей дағдылары

1-тапсырма

Мәтін арқылы негізгі кейіпкерді анықтаңыз. Өз сөзіңізбен сипаттама жазыңыз. Анықталған мінездемелеріңіздің қазіргі өмірде көрініс табуына қатысты өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады.

Әжесі:

-Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен?-деп кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесін тізесінен ақырын қағып:

-Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?-деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген»-бәрі де айтылды.

[«Абай жолы» 1 т. «Қайтқанда»тарауы, 51б.]

Мәтінде кім туралы айтылған? Абайдың әжесінің аты кім?	Кейіпкерді өз сөзіңізбен сипаттаңыз	Қазіргі өмірде әжелер қандай? Салыстырмалы баға беріңіз.

Дескриптор *Білім алушы*

-мәтіндегі негізгі кейіпкерді анықтайды;

- кейіпкерге өз сөзімен сипаттама жазады;

- салыстырмалы баға береді.

2-тапсырма

Менің әжем..... өз әжеңіз немесе әже туралы ойтолғаңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- өз әжесі немесе әже туралы ойтолғайды.

Қорытынды: Ұрпақ тәрбиесі-әжеге деген құрмет, әжеге деген сүйіспеншіліктің артуы. Ертегі оқуға қызығушылықты ояту, не арттыру.

7-сабақ

Бөлім: «Бала Абай»

Оқылатын тақырып Абайдың ата-анасы

«Абай жолы»1 том, «Қайтқанда» тарауы

Оқу мақсаты 5.Т/Ж3 Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу

Ойлау дағдыларының деңгейі жоғары деңгей дағдылары

1-тапсырма

Үзіндідегі негізгі кейіпкерлер мен қосалқы кейіпкерлерді анықтаңыз.

Әкесі -?	**Анасы -?**
Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сөлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. **Тұрған орнынан қозғалған жоқ.** Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып: -Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай болып білімің өсті ме?-деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме? Бала ес білгеннен бері қарай **әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып**, танып өскен. («Абай жолы»1 т. «Қайтқанда», 10б.)	Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы! ... Ұлжан көп ұстаған жоқ. -Әжеңе бар, әнеки!-деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. («Абай жолы»1 т. «Қайтқанда», 11б.)



Дескриптор *Білім алушы*

-үзіндідегі негізгі және қосалқы кейіпкерлерді анықтайды;

2-тасырма

Абайдың әкесі және анасының іс-әрекеті арқылы образын ашыңыз. Анасының әрекетіндегі тәрбиелік тұстарын анықтаңыз.

Шығарма дағы әке	**дәл ел**	**Ана қандай?**	**дә лел**	**А насы**	**Тәрби елік маңызы**

қандай?				**Абайды кімге жіберді?**	

Дескриптор *Білім алушы*

- Абайдың әкесі мен анасының образын іс-әрекеттері арқылы ашады;
- анықталған әрекеттер негізінде шығармадан 2 дәлел келтіреді.
- Анасының әрекетіндегі тәрбиелік тұсын жазады.

Қорытынды: Ұрпақ тәрбиесі-әкенің қас қабағын бағу, әкеге деген құрметті көрсету, анасына деген мейірімділік, анасының үлкенді сыйлауға үйретуі.

Оқушыны ойланта отырып тәрбиелеудің амал – тәсілі ретінде табиғат аясында өткізілген бейне сабақтан үзінді ұсынамын.

Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі - жас ұрпақты тәрбиелеуде қашанда маңызды.

Қай дәуірде болмасын, ұрпақ тәрбиесі – толғандырар сұрақтың бірі болғандықтан, ұрпағымыз білімді, тәрбиелі болсын десек-талмай еңбек ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: Екінші басылымы.-Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2003 жыл.

2. Қ.Бітібаева. Абай шығармашылығын оқыту. Алматы: «Мектеп»баспасы»-ЖАҚ, 2003 жыл.

3. Қанипа Бітібаева. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. Екінші басылымы.-Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2003 жыл.

Шиналиев Нұрмахан Азаматұлы
Алматы қаласы білім басқармасының «№24 лицейі» КММ қазақ тілі пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Адамзат баласы бала кезінде балалық пен даналықтың арасында өмір сүреді. Дұрыс бағытқа жөн сілтеп, бағдар берсек – даналықтың дархан даласын нысанаға алып, өсиет пен өнегенің аймағына сапар шегеді. Бұл үдерісті іске асыру тетігі – кітап оқуға баулу. Оқушыға оқыған туындының идеялық қуаты мен көркемдік құндылығын игерту ісі көркем шығарманы талдау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бұл күрделі үдеріс әдіскер-ғалым Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы табысты оқуға жетелейді.

Ойлау – танымның дамуы, оқушының тұлғалық қасиетінің дараланууы мен субъект тұрғысынан ерекшеленуі және парасат биігіне бастайтын күрделі ұғым. Аталған құндылықты жетілдіру әдебиет сабағында жүзеге асатынын әдіскер-ғалым «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты еңбегінде: «Оқырмандықтың алғашқы баспалдағы мектептен, әдебиет сабағынан басталатындығында сөз жоқ» дей келе, «Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауды, не соны қаз қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн» - деп оқушының оқырмандық көзқарасын қалыптастыру мен оның жеке пікіріне ерекше назар аударады [1,14 б].

Көркем шығарманы оқытуды динамикалық процесс ретінде қарап, әдіскер-ғалымның аталған технологиясын негізге ала отырып, «үш қызық» моделі арқылы жүзеге асқан тәжірибемді ортаға салғанды жөн санадым. «Қызықты сюжет», «қызықты қабылдау», «қызықты талдау» мұғалімнен ізденімпаздық қасиет пен шеберлікті қажет етеді. Тарқатып айтар болсақ, ең алдымен мұғалім қызықты сюжетке негізделген туындыны анықтауы қажет. «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйретететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек» - деп Жүсіпбек Аймауытов өз еңбегінде мұғалімнің ізденімдік қасиетін негізге алады. [2,58 б].

Әдебиет – ұлттық идеологияны жүзеге асыратын, заман тынысын бейнелейтін қуатты күш. Ұлттық құндылықтарды негізге алған шығармаларды насихаттау кезек күттірмейтін мәселе. Ал біздің ұлттық идеямыз – туған жерге құрмет, тәуелсіздік тұғырын биік ету және патриотизм болып табылуы керек. «Қызықты сюжет» аспектісі аталған құндылықтарға сай осындай ерекшеліктерге негізделеді.

Енді осы таңдалған туындыны оқушыға жеткізу, олардың қабылдауы, тиімді әсер ету секілді қағидалар **«қызықты қабылдау»** аспектісі бойынша іске асады. Оқушының көркем туындыны оқуға деген ынтасының оянуына түрткі болатын мұғалімнің образды, көркем, бейнелі сөйлеуінен туындайды. Аталған үдеріс сабақта үш түрлі әдіспен жүзеге асты. Бұл оқушының ішкі уәжін қалыптастыратын, **«оқымауға болмайды»** сезімін тудыратын ең маңызды кезең.

- Мұғалімнің көркем баяндауы, шешен тілмен әңгімелеуі
- Оқылатын әдеби шығарманы жарнамалау (сыныптағы дарынды оқушының көркем туынды жөнінде дайындаған бейнеүзіндісі)
- «Үздік оқырман» әдеби байқауын ұйымдастыру

Әдебиет жан-жақты ойланту, терең ойланудың пәні болғандықтан, оқушыға әсер ету, қабылдау орын алмағанда кейінгі болатын үдеріс сапалы болуы екіталай. Әдебиет пәнінің күрделілігі де осында жатыр. Көзге көрінбейтін сезімнің нәзік қылын шертіп, алпыс екі тамырды жайлап, оқушыға серпіліс жасап, білмекке

ұмтылған көңілдің арнасын ақылға бағыттау мұғалімнің шығармашылық жұмысының көрінетін тұсы.

Әдеби сауаттылықты, шығармашылықты жетілдіретін әдебиеттің өзіне ғана тән әдебиет тарихы мен әдеби-теориялық білімдер төңірігенде шектеліп қалмай, оның ғылыми мазмұннан тыс тұрған рухани байлықты ашып, көркем өнерді оқыту ұстанымы бойынша ой мен сезім бірлігінде оқыту ғана әдебиеттің негізгі қызметін, оның ішінде көркем шығармаларды оқып үйрену мәселесін іске асыруға жол ашады. Бұл **«қызықты талдаудың»** алғышарты болып табылады. «Қызықты талдау» шығарманың тақырыбы мен идеясы, образ және кейіпкерлер бейнесі, көркем шындық пен жанама сюжеттік тізбектен туындаған идеяның көрінісін ашу **мазмұндық деңгейдегі сұрақтар, шығарма мазмұнын дамытуға арналған сұрақтар және көркем туындыны өзге туындымен салыстыра талдау** үшінші аспектінің өзегі болып табылады. Мақсат - шығарманың тақырыбы мен идеясын ұлттық құндылықпен байланыстыра отырып, Абай мұрасымен ойды жетілдіру. Қорытынды ойды ұлы ақынның даналығымен ұштастыру. Себебі Абай – қазақ білімінің темірқазығы.

Көркем шығарманы талдау барысында мұғалім мына қағидаларға назар аударғаны жөн:

- Оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- Оқушының деңгейіне сәйкес сұрақтар қою; (жетелеуші, ой түрткі сұрақтарын процесті саралау кезінде икемдей білу)
- Мұғалім оқушының психологиялық ерекшелігін және оның мінезін тани білуі;

Көркем шығарманы оқытуда оқушылардың икем-дағдысын қалыптастыру, яғни, әдеби шығармаларды талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айту, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, сұлу жазба тілінің дамуына, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл бөлу керек [3, 48б].

Әдебиет зерттеушісі, ғалым Ә.Қоңыратбаев көркем шығарманы талдаудың мынадай түрлерін көрсетеді:

Талдау сабақтарының жоспарын сыныпта алдын ала бірлесіп, талқылап алып, сол жобада текстті оқып, бір компонентке бірлескен талдау;

Алдын ала берілген жүйелі сұрақ-тапсырмалар бойынша текстің бір объектісін оқушыларға үйде талдатып, жаздырып, соның нәтижесін сыныпта талқылау, тексеру, түзету, түсіндіру;

Алдын ала сұрақ-тапсырма берместен, жоспар да ұсынбай, бір объектіні ешбір дайындықсыз бірлесіп талдау;

Қазақ әдебиеті пәнінде әдеби теориялар айтарлықтай күрделі. Қосымша көркем шығарманы оқыған оқушыға теориялық талдау қажет-ақ. Алайда мектеп қабырғасы оқушыны «филолог маман» етіп даярламайды. Қазақ әдебиеті пәні мұғалімдері оқушыны **«оқырман»** етіп қалыптастыруға баса назар аударғаны жөн. Сондықтан біз жоғарыдағы ұсынған тірек сызба негізінде әдеби шығарманы талдау тиімді деп санаймыз. Аталған талдау түрлері оңтайландырылған жоба десек те болады.

Көркем шығарманы талдау үшін мұғалім оқушының мінезін тануы және жас ерекшелігінде болатын өзгерулерге назар аударуы қажет. 5-6 сынып оқушылары кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруде дұрыс немесе бұрыс, ақ пен қараны ажыратуда ақиқат немесе жалған секілді біржақты пікірді алға тартанынын ұмытпағанымыз жөн. Ал 7-9 сынып оқушылары шығарманы басқаша көзбен қарай бастайды. Кітаптағы дүниенің барлығын өмір шындығы деп қабылдау, барлығына күйіну, қуану осы жастағы балаларда да болғанымен, өзгешелеу сипат алады. Авторға келіспеушілігін білдіру, әдеби талдау кезінде өзіндік пікірге баса назар аударады.

Сөзіміз жалаң болмас үшін 5-сынып бағдарламасындағы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын талдау барысында «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының элементтері қалай көрініс тапқанын талқыға салайық. Мұғалім шығарма мәтінін қызықтырып оқыта алса, бұл мұғалімнің алғашқы жеңісі. Мазмұнды игеру мақсатында: Неліктен автор прототип ретінде өзінің балалық шағын шығармасына арқау еткен? Қожаның лагерьге бармауын мұғалім тарапынан жазалау деп түсінуге болады ма? Қожаның достары оның тәртібіне қалай әсер етті? Не себепті мұғалім Қожаға жолдама бермеді? деген сұрақтар және мазмұнды игеру мақсатында цифрлы технологияны қолданудың маңызы зор. Сабақта https://www.flippity.net, https://quizizz.com, https://wordwall.net секілді бағдарламалар сабақты жарыс түрінде өткізіп, оқушының қызығушылығын арттыруға үлкен септігін тигізді.

Сабақта шығармадағы оқиғадан мәселе туындату көркем шығарманың ауқымын шектемей, оқушы пікірін жинақтау, болжау, сарапқа салу секілді дағдыларды жақсарта түседі. Т.Қ.Жұмажанова «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты еңбегінде проблемалық сұрақтардың «Әрекетке түрткі болған мотивтер бала бойындағы қызығушылықты оятады, дербес шешім қабылдауға, өзіндік қорытынды жасауға ықпал тигізеді. Әсіресе, шынай мен нақты жағдаяттар арасындағы қайшылықтарға талдау жасайды», - деп қорытынды жасайды [4,72б].

Проблемалық сұрақтар оқушыны шығармашылыққа бағыттап, оқыту үдерісінің әрбір сатысында әр түрлі жағдаятты шешуде ой ұшқырлығын дамытып, қарама-қайшылықты түсіне білуге жетелейді, дұрыс нәтижеге жетудің, берілген тапсырмалардың орындаудың жаңа жолдарын іздестіреді. Ал шығарма мазмұнын дамытуға «Пікірталас», «Кейіпкерлер көзқарасы», «Неге біз...», «Фрайер» әдісі арқылы мазмұнды дамытып, ой қозғаудан – ойланту (процесті саралау) – ойлануға жетелеу тиімді болды. Ал көркем шығарманы өзге туындымен салыстыра отырып талдауға Қожаның өз-өзіне есеп беріп, өзгеремін деп уәде беруін Абайдың он бесінші қара сөзімен байланыстыра отырып талдау табысты болды.

Қорытындылай келе, дамуға ұмтылған елдің ең негізгі белгісі – жас баланы ойлай білуге үйрету. Ал ойлауға үйретететін көркем шығарманы талдауды тиімді жүргізу, оның тиімді әдіс-тәсілдерін іздене білу - әдебиетті оқытудың негізгі мәселелерінің кілтін табумен бірдей. Осы кілтті мұғалім қолына ұстатар Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы ел игілігі үшін қызмет етер жаңа толқынды тәрбиелеуге себепкер болатыны анық

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ., Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997ж.
2.Аймауытов Ж., Алты томдық шығармалар жинағы, (оқу-әдістеме) мақалар, хаттар., -Алматы, «Ел-шежіре», 2013ж.
3.Бітібаева Қ., Әдебиетті тереңдетіп оқыту., - Алматы, «Мектеп» баспасы, 2003
4.Жұмажанова Т.Қ., Әдебиетті оқыту әдістемесі, - Алматы, «Білім» баспасы, 2009ж.

Байгереева Ания Увалиевна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Ұлан ауданы
бойынша білім бөлімінің «Т.Тоқтаров
атындағы мектеп балабақша» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қанипа Бітібаева – әдіскер ғалым ұстаз, инноватор. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын, педагогикалық еңбектерін еліміздің ұстаздары өз тәжірибелерінде үздіксіз қолданып келеді. Қ.Бітібаеваның жаңа технологиясы тұлғаның «өзін-өзі, бірін-бірі» оқытуына, оқушының алған білімін өмірде қолдана білуіне жол ашады.

Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-дегендей [1, 2 б], құзырлы тұлғаны қалыптастыруда бағдаршам іспетті.

Білімді жеке тұлғаға бағыттау - қазіргі оқыту жүйесіндегі басымдықтардың бірі. «Тұлға дегеніміз – қарым-қатынастың, сонымен бірге адамдармен байланысудың толып жатқан басқа да түрлерінің нәтижесі» [2, 89б]. Қазіргі оқыту жүйесі жеке тұлғаны субьект ретінде дамытуды көздеп отыр. Субьектілік – тұлғаның қандай да іс-әрекетті, қарым-қатынасты дамытып, жетілдіруге деген қатынасын өзекті ететін әлеуеттік қасиет ретінде анықталады. Сондықтан да оқушы-субьектінің өзін-өзі тануы, өзінің қабілетін өзгелерге танытуы, білімді өзі алу сынды басты қасиеттерін ашуға кеңінен жол ашылды, білімге аса назар аударылды. Осы орайда ұстаздардың беделі артуда.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады,»-деген Абай даналығында. Сондықтан да болашақ ұрпақты тәрбиелеп отырған мұғалімдерге артар сенім де, жауапкершілік те мол. Еліміздің тілін, салт-санасын, имандылығын

балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған әр жеткіншекке сіңіртіп, тәлім-тәрбие беруде мұғалімдердің еңбегі зор.

Мұғалімдер өздерінің оқыту қызметі оқу бағдарламасының іске асырылуына қолдау көрсететініне, ал бағалау оқушыларға қажетті ақпаратты жеткізуге және олардың жетістіктеріне қолдау көрсетуге көмектесетініне сенімді болуы керек. Бұл мұғалімдердің тиімді оқытудың түйінді үш компоненті – оқу бағдарламасы, педагогикалық тәсілдер мен бағалау жүйесінің оқушылар үшін бірлесіп қалай тиімді қолданылатынын толық түйсінуінің маңызды болып табылатынына назар аудартады.

Бүкіл елдегі білім беру стандарттарын жетілдіру үшін оқу бағдарламасының «үйлесімділігі» аса маңызды болып отыр. Үйлесім: Оқушылардың табысын арттырады.

Жалпы білім беретін мектептер қалай білім алу керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады. Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда: оқушылардың өзіндік ой-пікірін тыңдай білу, бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан ары дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау; мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту; проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету; оқушылардың білім алуына оқу үшін бағалау арқылы қолдау көрсету; оқушыларды зерттеу жұмыстарын жүргізуге және зерттеу әдіс–тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу; оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; оқушылардың жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Құзыреттілік – әрекеттің әмбебаб тәсілдерін оқушы игеруі арқылы көрінетін білім беру нәтижесі. «Жаңа технологиялық құзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу» [2, 12 б.].

12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушы бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Мұнда:

-Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, бға бере білу, елжандылық қабілетті болу)

-Мәдениеттанымдық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті)

-Оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу)

-Коммуникативті құзіреттілік (адамдармен өзара қарыс-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болу)

-Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті)

-Әлеуметтік-еңбек құзіреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті).

«Сабақ – мұғалімнің жеке педагогикалық шығармашылығы»,-деп атап көрсетілгендей [3, 15], сабақта шығармашыл ізденістегі құзырлы тұлғаны дамытуда мұғалімнің де тың ізденісі қажет.

Тәжірибемізде отандық әдіскер ғалым Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын тиімді қолданып келеміз.

Қанипа Бітібаева - «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР Ағарту ісінің үздігі, СССР Ағарту ісінің үздігі, Бүкілодақтық Н.К.Крупская медалінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, құрметті академик.

Қ.Бітібаева: «Әр бала – жеке тұлға. Ол – психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білім жағынан болсын, бір-біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне,сол «жеке адамның» жеке пікіріне де сүйене жүргізілуі тиіс...»,-дейді, яғни ой салу, ойланту – ұстаз сабағының ұстанымы. Сондықтан да ұстаз технологиясында оқыту технологияларының: дамыта оқыту, проблемалап оқыту, ұжымдық оқыту, ойындар технологиясын, саралап оқыту технологияларын, АКТ тиімді әдістемесі ұсынылған.

Оқушының танымдық қызметін ұйымдастыра отырып, деңгейлік тапсырмалар беру - құзырлы тұлғаны дамытудың көзі. Ұстаз технологиясындағы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылар өз бетімен еркін жұмыс жасай отырып, өзінің білім деңгейін шығармашылық деңгейге жетелеуге әрекет етеді. Оқушылардың жас ерекшелігіне және де өтіліп отырған тақырыпқа сай әр сабақта деңгейлік тапсырмаларды пайдалануды ұсынған «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» т.с.с еңбектері маңызды. Сондай-ақ сабаққа оқушыларды белсенді қатыстыруда ойын элементтерін қолданудың тиімді жолдары, рөлдік ойындар ұтымды көрсетілген. Бұл әрі тұлғаның жан-жақты дамуына, өз мүмкіндігін танытуына да септігін тигізеді.

Қазіргі оқыту жүйесінда жеке тұлғаның 4 тілдік дағдыларын дамытуда диалогтік оқыту білім алушының еркін ойлауын, сөйлеу тілін дамытып, өзгелерді тыңдай білуге, пікір алмасуға, ой еркіндігіне түсуге, ойлау қабілеттерін дамытуға, жұптық, топтық жұмыстарға дағдылануға көмегін тигізуде.

Әдебиет сабағы – сөз өнері сабағы. Сабақтың басым бөлігі мәтіндерден, сөзден құралатыны белгілі. Осы мақсатта баланың мәтінді оқып, өз ойын еркін айта білуі, өзгелермен диалог құра отырып, пікірлесуі, шығармашылыққа қол жеткізуі маңыздырақ. Сабақта диалогтік оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерін меңгертуде тиімді қолданып жүрген «Жигсо», «Сократтық семинар», «Шеңбер бойымен сұрақ», «Тікелей эфир», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Үш қадамды сұхбат», «Балалар философиясы» т.б әдіс-тәсілдер оқушының өз ізденісімен білім алуына, шығармашылық қабілетінің дамуына, сыни ойлауына көмек болуда.

Сондай-ақ, құзырлы тұлғаны дамыту үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып, дамыту маңызды. Мұғалім үшін – оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен қарулану, жаңа технологияны жетік меңгеру маңызды. Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың дамуына қарай ақпараттық технологияны меңгеру мұғалімдерге де аса ізденісті талап етуде. Ақпараттық ресурстардың көмегімен жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндіктер туатыны белгілі. Мәне, жоғарыдағы аталған оқушы бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды қалыптастырып, дамытуда мұғалімнің де заман талабына сай білім беруіне жан-жақты жол ашылып отыр. Жаңа заман тұлғасын оқытып, тәрбиелеуде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның жаңашыл ізденісінен, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологиясын меңгеруімен өлшенеді.

Қорыта айтқанда, Қ.Бітібаева – инноватор, педагогтің шығармашылығы, жан-жақтылығы, білімі терең болса, құзыреттілігі де қазіргі оқытуда басым болмақ. Қазіргі жаңартылған білім мазмұнындағы еңгізіліп отырған технологияларды, интерактивті оқыту жүйесін отандық әдіскерлердің ізденісімен үндестікте пайдалану мұғалімнің де кәсіби жағынан шыңдалып, заманауи білім беруге бетбұруына көмектесіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

12 жылдық оқыту мәселелері. ҚР жалпы орта білім беру жүйсін дамытудың негізгі бағыттары. Астана, 2006.

Жанабілова А.Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. Өскемен, 2008ж.

Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» ПШО, 2015ж.

Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 2009. – 200 б.

Магзиева Нургуль Задахановна
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің
«№10 мектеп-гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден-бір жолы - әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына көтерілу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, сондай-ақ рухани жан-дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу – осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында»: «...жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;

Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту»,-дейтін тұжырымдар бүгінгі білім берудегі мұғалімдер қауымына зор мақсаттар мен міндеттер жүктейді. Сондықтан да оқыту жүйесін жаңа заман талабына сай үйлестіре отырып сабақ берудің тиімді әдіс-тәсілінен іздену мұғалімнің де шеберлігін, өнерін қажет етеді. Ол туралы ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»-деген екен.

Қазіргі таңда отандық әдіскерлердің еңбектері мен ізденістері өз тәжірибемізде құндылығын арттыруда. Әдебиетті оқыту әдістемесін іздеген сәтте әйгілі ұстаз, әдіскер Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» бағдаршамымызға айналуда.

Қ.Омарғалиқызы - «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР Ағарту ісінің үздігі, СССР Ағарту ісінің үздігі, Бүкілодақтық Н.К.Крупская медалінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – құрметті академик, әдіскер ғалым, инноватор ұстаз. Еліміздің әр ұстазы ғалымның еңбектеріне, технологиясына зәру.

Дәстүрлі оқытуда сабақ мұғалімнің басшылығымен жүргізіліп келсе, ал қазір білім беру ісінде жаңғырулар мен жаңарулар жүріп жатқан кезеңде сабаққа қойылатын талаптар да өзгерді. Ол туралы әйгілі жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін оқыту» атты еңбегінде: «Сабақ – мұғалімнің жеке педагогикалық шығармашылығы. Оны жобалауда мұғалім сабаққа қойылатын

талапты ескереді, басшылыққа алады, сондай-ақ өз ізденісін, мүмкіндігін пайдаланады. Ол - бала мен мұғалімнің арасындағы білім мен білім алу іс-әрекетіне негізделген ақыл-ой еңбегінің жемісі»-дейді. Сондықтан да инновациялық технологиядан іздену – қазіргі оқыту үрдісіндегі ұстаздар қауымының алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Технология оқытуды ізгілендіруге, жеке тұлғаның еркіндігі мен таңдауы, қалауына жол ашады. Ол туралы В.Шепель: «...это искусство, мастерство, умение, савокупность методов обработки, изменения состояния обьекта",-деп баға береді .

Технологиялық оқыту мұғалімнен оқушыларды ғылыми ізденіске баулу, жетелеу, дарын көзін ашу, дамыту сынды жаңаша ізденістерді талап етеді. Инновациялық технология талаптарын терең меңгерген, зерттеуші, ізденуші, жаңашыл мұғалім ғана алдындағы шәкіртіне терең білім беріп, қабілетін, дарынын дамыта алмақ.

Қазіргі таңда технологиялық сабақ жоспарын тиімді құру үшін мұғалімнің тынымсыз ізденісі, тыңғылықты дайындығы қажет. Соның ішінде мұғалім үшін сабаққа дайындалу кезеңі – ең жауапты, ең маңызды кезең болып саналады. Мұғалім ең алдымен өзі сабақ өтетін сынып оқушыларын жан-жақты білуі керек. Олардың білім дәрежесін анықтаудан соң, пәнге деген ынтасын туғыза отырып, өнімді іс-әрекеттерге жетелейтін тапсырмалар түрлерін тиімді ұйымдастыра білген жөн. Екіншіден, өтілгелі отырған тақырып, берілетін білімнің мазмұнына анализ жасағаны дұрыс. Тақырыптың ауыр-жеңілдігін ескеруде диогностика-прогнозға жүгінеді. Сабақ мақсаты да, оқу іс-әрекеттерін жүзеге асыратын технологияларды таңдап алу да осы мәселелерге тікелей байланысты болып келеді.

Сабақта оқушыларға грамматикалық ұғымдарды тірек сызбалар мен кестелер арқылы түсіндіргеннен кейін, олардың өз беттерімен жұмыс жасауларына жағдай туғызып, берілген түсінік пен ұғымдарды мысалдар арқылы меңгертуге түрткі жасаймыз. Яғни, өз беттерімен сөйлем құрау, сөздіктермен жұмыс жасау, ойын жеткізу сынды т.б әрекеттер. Оқытудың бұл түрі оқушының сауатты жазуына да ықпал ететіні сөзсіз.

Сондай-ақ, «заманына қарай адамы» дегендей осынау буырқанған ақпараттың заманында АКТ-ны сабақта қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, ақпараттық құзіреттіліктерін дамытуға жан-жақты жол ашылуда. Бүгінгі қоғамға сай құзіретті тұлғаны қалыптастыруды мақсат ете озық инновациялық технологияларды өз іс-тәжірибемізге енгізе отырып, сабақтың әр кезеңінде оқушының дербес ізденісіне жол ашуды көздедік. Мұғалім нұсқаушы, бағыт беруші, ұйымдастырушы әрекетінде болса, оқушы өнімді іс-әрекетке қол жеткізуші, ізденуші, белсенді тұлға ретінде танылады. Жалпы, өз іс-тәжірибемде оқыту технологияларының инновациялық жолдарынан іздене отырып, тәжірибеде тиімді қолданып келемін. Соның ішінде өзге ұлт мектептерінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін меңгертуде жобалап оқыту технологиясының да тиімділігіне көз жеткіздім

Әйгілі ұстаз, құрметті академик Қ.Омарғалиқызының әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясына негізделген біршама еңбектері – ұстаздар қауымы үшін таусылмас қазынадай. Соның бір тиімді тәсілдері – КЖТ (конструкторлық

жобалау технологиясы) жоба, проект қорғау, макет жасау т.б Осы орайда ұстаздың: «Әдебиет-сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол – әрине, зерттеуді қажет ететін мәселе. Ал бұл модель – мұғалімнің оқытуда конструкциялық жобалау технологиясына арқа сүйенетінін көрсетеді. Өйткені оның өнімді нәтиже берері сөзсіз...»-деп Қанипа Омарғалиқызы КЖТ, модельге анықтама бере отырып, оның нәтижелілігін атап көрсетеді. Сабақта КЖТ (конструкциялық жобалау технологиясы) бойынша түсінік беру нәтижелі болды. Модель әр оқушының алдында жатты. Онда берілетін білімнің ең негізгі түйіні ұсынылды. Бұл - ұстаз атап көрсеткендей әрі көрнекілік әрі көмек құралы. Білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, құзіреттілікке жетелейтін тапсырмалар жүйесін де ұстаздың еңбектерінен табамыз.





Өз іс-тәжірибемде ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясын қолданамын. Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-дегендей, ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясының өзге ұлт мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде, оқушылардың өз беттерімен

алдын-ала жұмыс істеулеріне, қосымша еңбектермен жұмысқа баулуда, шығармашылық жұмыстарға жетелеуде тиімділігі зор. Сондай-ақ КЖТ (конструкторлық жобалау технологиясы) сабақта қолдану барысында оқушылардың қызығушылығын туғызып, білімді жинақтап, жүйелеп беруде КЖТ тиімді болды. Әдебиет сабағында «Ой тастау, ойланту» технологиясын басшылыққа ала отырып, аннотациялық талдаулар, салыстыру жұмыстары, тіпті шығармашылыққа жетелейтін балама жасату арқылы оқушыларды іздендіру жұмыстарына жетелеуде нәтижелі жетістіктерге қол жеткіздім. Оқушылардың ой өрісін, сөйлеу тілін дамытуда, өзін-өзі, бірін-бірі оқытуда «Ой тастау, ойланту» технологиясының маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
2.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 2009
3.Бітібаева Қ.О. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп
4.Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г.Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2000ж.

Мағзиев Қанат Задаханұлы
Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы Тарбағатай
ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ақмектеп орта мектебі» КММ мұғалімі

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауп бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жаңалықтарды мектеп өміріне енгізіп жүрміз. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамыз.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Осындай озық технологияны

қалыптастырған, әдебиеттану ғылымында іргелі зерттеулер қалдырған Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – заманауи технология.

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы - тұлғаны шығармашылыққа жетелейтін инновациялық технология. Ол туралы: Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субьект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген»,-дегендей [1], шығармашыл ізденістегі тұлғаны қалыптастыруда тиімділігі өте зор.

Қ.Бітібаева технологиясының өзегі – ой салу, ойланту десек, бұл барлық пәнге де қажетті, себебі ұстаздың өзі айтқандай әр пәннің ойсыз өтуі мүмкін емес. «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр...» [2]. Міне, ұстаздың пәлсапасының ұстанымы. Ал осы ұстанымды өз тәжірибемізде де ұстанып келеміз.

Өз тәжірибемізде, ұстаз технологиясы негізінде көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады.

Қ.Бітібаеваның мақсат қою, мақсатқа жетелеу тәсілі еңбек сабағында өте тиімді. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Қ.Бітібаеваның технологиясын қолдана отырып, шығармашылық іс - әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

-оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады. «Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай «білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады». Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Мысалы: 5 сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары» тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер,зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге,бір - бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін үш тілде баяндай алды.

Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды .

1.Оқушы танымын кеңейтеді

2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды .

3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық

технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде женілдетеді. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады.

Қорыта келгенде Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен 11 мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерд, соның ішінде отандық әдіскер Қ.Бітібаеваның оқыту моделі тиімді болып табылады. «Ұстазы жақсының ,ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл - ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды . Жақсы мұғалім - түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан - жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу - қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. НИШ, 2016ж.

Назарбекова Жадыра Келгенбайкызы
Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Жарсу орта мектебі» КММ мұғалімі

ҚАНИПА ОМАРҒАЛИҚЫЗЫ БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАН ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІН ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі кезде педагогикалық мамандыққа ынта білдіріп отырған оқушылар саны артып келеді. Оған бірнеше себеп те бар: қазіргі мұғалімдік мамандыққа мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған жеңілдіктер, дипломы бар мамандардың жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы және тұрақты еңбекақының сақталуы.

Ұстаздық мамандықты таңдаған бүгінгі оқушы, ертең білікті маман болуы үшін мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Педагогикалық мамандықты таңдап отырған оқушыларға көмек ретінде "Қазақтың Хан апасы" Қанипа Омарғалиқызының ұстаздық туралы айтылған қанатты сөздерін ұғындыру дұрыс таңдалған жұмыс болары сөзсіз. Сондықтан осы Ұлы мамандықты таңдаған оқушыларды "Егіз өрім" педагогикалық эсселер кітабымен таныстыру орынды болар еді.

Баубек Бұлқышев «Адам дүниеге тек қана келіп,әншейін ғана аттана бермейді,ол артына ой қалдырады,ойдан мұра қалдырады»-деген екен. Қазақ педагогикасының жарық жұлдызы, көзінің тірісінде аңыз адамға айналған ұстазым Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиет, тіл,оқу, оқыту туралы айтылған қаншама ұлағатты пікірлерін тыңдаған едім.«Егіз өрім» педагогикалық эсселер кітабын оқыған сайын «Қандай керемет айтылған сөз?» деп қалатын кездерім көп болады. Тек қана педагогика туралы ғана емес, өмір, өмір заңдылықтары, адамдар мінезі туралы да айтылған ойларды еріксіз жазып алап жатасың.

Әр оқу жылының басында мұғалімге күш беріп, ұстаздық ететін тағы бір оқу жылының заңдылығына айналатын мына сөздер бар. Авторы,әрине, -Қ.Бітібаева. «45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ғұмыр кешіппін. Осы 45 минуттарда өмірімнің ең сәулелі, ең бақытты сәттері жатыр. Осы 45 минуттарда иірімі мен ирелеңі,етегі мен шыңы, жайлауы мен шөлі қатар келіп жататын маңдайға жазылған тағдырым да жатыр екен... Айта берсем,көп уақыт кетер,тұжырымдап қана айтайын. Осы 45 жылда мен халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге,тірісін ұлықтауға тер төктім»[5]-дейді. Ұстаздық жолды таңдаған әр адамның алдындағы міндеттері мен мақсаттарын айқын көрсетіп тұрғандай. Ал егер ол қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болса, өмірлік «проблемалық тақырыбы» дайын деңіз.

Әдебиет кітабының алғашқы бетін ашып, бұл оқулық туралы Алғы сөзді берер кезде мен оқушыларыма мына бір сөздерді түсіндіруге тырысамын: «Әдебиет-жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі-адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние»[6]. Сабақ барысында еріксіз жылап-жылап жіберетін, бір күліп алып тоқтай алмай қалатын, түні бойы қақсап жаныңды шығарған тісіңнің сабаққа келген кезде түк болмағандай басылып қалатын кездері болатынын еске түсірсең еріксіз келісуге тура келеді.

Ұстаз: «Егер маған: «Сіз,ерекше жақсы көрген, пір тұтқан адамдарыңыз,ең қымбаттыларыңыз, махаббатыңыз?»деген сұрақ қойылса, ешбір кідірместен төмендегідей жауап берер едім. «бірінші-әжем,екінші-туған тілім мен әдебиетім,үшінші-шәкірттерім», дер едім» [106]-дейді. Отбасы құндылығы,әрине,жоғары орында, тіл мен әдебиет-оқушыңа берер құндылығың, ал шәкірттерің, оларға деген махаббатың ешкімге түсіндіре алмайтын құндылығың сияқты. Енді бір сәт шәкірт, ұстаздық жол туралы ойларға кезек берсек. «45 жылдық еңбегімнің әр жылын мен өрлеу жылы деп бағалар едім... «Ұстаздықтың 45 жылдық өрлеуін»бастан кештім. Жаратқан ием,осындай Өрлеу Бақытын сыйлады. Ал менің Бақытым-шәкірттерім»[15]-дейді Ұстаз. Шынымен Өрлеу. Ұстаздың орны тек шың болды. «Абай жолының» «Жұтта» бөліміндегі Абайдың өмірінің соңғы сәтіндегі сөздері мен шәкірті Дәрменнің жыл өткеннен кейінгі жүрек толқытар сөздері естеріңізде болар. Осы туралы айта келіп Қанипа Омарғалиқызы: «Мен Абай емеспін, шәкірттерімнің барлығы Дәрмен биігінде емес шығар... Дегенмен, Ұстаз Абай мен Шәкірт Дәрмен барлығымызға баға жетпес, мәңгілік үлгі,мұра,ұстаным ғой. Ұлы Абай арманы-45 жыл оны оқытып келе жатқан, оны оқыту жайлы үш кітап жазған менің де арманым,менің де сенімім. Алдымнан өткен барлық шәкірттеріме деген ыстық лебізім»[58]-дейді. Осы сөзін оқып отырып «ол дәндерің өлген жоқ,жойылған жоқ» деп қайталағың келеді.

Сабақ туралы бір нақыл сөз керек десе, ойға бірінші келетіні «Сабақ-мұғалім еңбегінің айнасынан» аса алмай жататын кездеріміз болады. Ал ұстаз Қанипа: «Сабағым- іштен шыққан шұбарым»[98] , «Сабақ деген сөзге үңілейікші. Ол химия, математика, биологияда берілетін білімді жүзеге асыратын педагогиканың үдеріс қамы емес,мүмкін сол пәндерді оқыта отырып, білім бере отырып, өмір туралы да берілетін сабақ шығар... ойлануға болады...9»[106], «Әр сабақ- құмырсқаның илеуіндей қызу оқу еңбегі» [120]деген анықтамалар береді. «Іштен шыққан шұбарым» деген туған балаңа қатысты айтылатын тіркес екенін білеміз, ал енді осыны сабаққа қатысты айтуының өзі ерекше таңдалынып алынған сөз қолданысы екенін айтпай кету мүмкін емес қой. Функционалдық сауаттылық дегенді соңғы кездері жиі айтып жүрміз. Ұстаздың айтпақ болған астарлы ойы да осында жатыр ғой. Өмір туралы сабақ беруге ұмтылу керек. «Қабілет пен дарын нәзік гүл сияқты,баптауды, мәпелеуді қажет етеді. Мектеп мұғалімінің бұл мәселедегі қасиетті міндеті тіпті ерекше» [92] деп айтуының себебі де осында. Қанипа Омарғалиқызы: «Егер біз алдымыздағы шәкірттерді Сәкеннің ақбозына мінгізе алсақ, Абай жырына мәңгі ғашық ете білсек,одан артық не керек?!» [80]-деймін»-дейді. Шынымен де 45 жылдық ұстаздық жолында қаншама шәкіртті Ақбоз атқа

мінгізе білді, қаншасын Абай жырына ғашық етті. Қаншасын ұстаздық жолға салды. Қалай істеу керек екенін де үйретіп кетпеді ме?! Еңбектері, монографиялары, әдістемелері арқылы. "Керегін ал" деген Абай сияқты. Осы үшін де «мың алғыс» дегің келеді.

«Ұстаздықтың, ұстаздың өзі әулиелік қой»[10] деп өзі айтпақшы бала жүрегіне жол табудың түрлі жолын көрсетіп-ақ кетті. Кітапта шәкірті Меруерт Мұқашеваға айтқан бірнеше талаптарын көрсеткен.

«-Ең бастысы, балаларға да, өзіңе де қатаң талап қоясың, бірақ оларға жылы жүрегіңді бересің,ары,ұятына тиетін сөз сөйлемейсің, олармен достық қарым-қатынаста боласын;

-Әдебиет-шеті мен шегі жоқ ұшан-теңіз дүние. Әдістеме де солай. Бос уақытыңды біліміңді көтеруге жұмсайсың » [151]-делінген. Ең бастысы-талап, балаға қоямыз-ау, өзіміз ұмытылып қалатынымыз өкінішті. Ұстаз тебірене сағаттар бойы айта алатын «Жүрек пәлсапасындағы» «жылы жүрек» тіркесінің қолданылуы қандай сәтті шыққан деңіз. Әдебиет туралы айтқанда әдістемені де тілге тиек етіп кетеді. Шынымен де оқыту әдістемесі қазір өте көп. Шеберлігіңді шыңдағың келсе, керектісін өзің сараптап ал. Ол үшін мұғалімге керегі ізденіс екенін айтады. Сүйікті шәкірті А.М.Картаеваға айтқан : «Іздену, іздену, тағы да іздену, еңбектену, еңбектену, тағы да еңбектену- сені сонда ғана мақсаттарыңа жеткізеді. Ұлы Абайдың «Бір ғылымнан басқаның кеселі көп асқанға» деген тағылымы сенің де өмірлік ұстанымың болсын! Менің аманатым-осы» [126]- деген жүрекке ой салатын сөзінде нақты ұстаздық жолды айқын көрсетіп тұрғандай.

Ұстаздық мамандыққа бет бұрған оқушылар үшін мектебімізде "Мұғалім болғым келеді" айдары жұмыс істеп, оқушылардың осы мамандықты таңдау себептерін талдау кезінде "Егіз өрім" кітабында ұстаздың пікірлерін кеңінен талдап жатады. "Мен оқыған бір кітап" жобасы бойынша 10-11-сынып оқушылары өз жобаларын қорғап, Ұстаздың және шәкіртінің эсселеріне толықтай талдау жасады. Ұстаздар мерекесі қарсаңында оқушылармен арнайы бұрыш ұйымдастырып, қанатты сөздерге талдау жасалынды. Себебі Қ.Бітібаева еңбегі мәңгілік мұра, өз биігінен ешқашан түспейтін құнды туынды.

«Ұстаздық нұрынан, шәкірт нұрынан асқан ғажайып нұр жоқ»[21]-деген қанатты сөзі бар еді. Сол шәкірттеріңіздің нұрымен нұрлана беріңіз, ұстаз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қанипа Бітібаева. Егіз өрім(педагогикалық эсселер) Өскемен. «Рекламный Дайджест»

2.Жамиля Ахметова. Шабытыма қанат бердің шарқ ұрған. Өскемен. «Шығыс» өңірлік орталығы. 2015 жыл.

Дүйсебай Перизат Дүйсебайқызы
Алматы қаласы білім басқармасының
Бостандық ауданы бойынша білім бөлімінің
«М.Базарбаев атындағы №138 гимназия» КММ
мұғалімі

ҰСТАЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АЛТЫН ДІҢГЕК: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТРЕНД

«Баланы таңқалдыруды ұмытпа, өйткені, даналық таңқалудан басталады», - деген даналар сөзі бүгінгі білім саласына арналғандай.

Ы. Алтынсариннің: «Оқушы сабақты түсінбесе, кінәлі емес, оны түсіндіре алмаған мұғалім кінәлі» деген сөзі бар. Осы ұлағатты сөзді ешқашан есімнен шығарған емеспін. Өйткені, іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. «Егер болашақтың өзгеруін қаласаң, өзің қазіргі сәттің өзгерісі бол», – деп Ганди айтқандай, ағысы күшті қоғамның талабына сай болып, білім беруде сандық және сапалық өзгерістерге қарамастан, өзгеруді жалғастыру қажет. Ақпарат үлкен жылдамдықпен жаңартылуда, бұрын белгісіз мамандықтарға сұраныстардың артуы үнемі оқуға мәжбүр етеді. XXI ғасыр мұғалімінің басты құндылығы – заманауи техниканы игеру, оны оқу процесінде қолдана білуі. Қазір қағаз бен қаламның дәуірі артта қалып, оны бәріміз компьютермен алмастырдық. Енді мұғалімдер жаңа заманға бейім жастардың көңілін инновация және новация терминдерімен алдандыра да, сабақты қызықты өткізе де алады. Осы ретте, новация және инновация терминдерін қарастырсақ, «новация – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады. Бұл өзгерістер бір жерде "ескіге" оралады, бір жерде "ағымдағы" түрленеді, бір жерде бұрын "жоқ" инновацияны енгізеді. Яғни, инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады:

- Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады;
- Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел;
- Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Инновациялар, әдетте, ұйымның білім беру қызметінің келесі салаларында немесе олардың қиылысында жатыр:

- оқыту тәсілдерінде;
- оқу мазмұнын өзгертуде;
- балаларды тәрбиелеу тәсілдерін өзгертуде;

- білім беру ортасын ұйымдастыруда, толтыруда және пайдалануда;

- басқару тәсілдерінде (оның ішінде ұжыммен қарым-қатынаста және қызметті регламенттеуде);

- ата-аналармен және серіктестермен өзара әрекеттесу тәсілдерінде;

- және т. б.

Осындайда «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң, артыңда тұрғандай», – деп Сократ айтқандай мұғалімдіктің ғажап үлгісін көрсеткен нағыз ұстаз Қанипа апамыздың қазақ педагогикалық технологияларының төл брендін жалғастыру біздің еншімізде. Білім алу қоғамның өзгеруіне қарай жаңаруға тиіс сигналдар түскенде трендке айналады.

Тренд ("трэнд"деп оқылады, ағылш. trend - тренд) - негізгі бірқатар тенденциялардың уақыт бойынша өзгеру процесі. Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процестері. Брендті сақтап қалу трендке тәуелді. Себебі, белгілі технология бренді трендке уақыт өте айналып отырмаса, ағылып жатқан жаңалықтар ағымында ескіріп, қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Бүгінгі ұстаз алдында ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың таңдауы түсіп тұр. Осы тұрғыда заманында «Хан апа» атанған ұстаздың баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруде, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануда «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан да бар екендігін еңбектерінен көре аламыз және ол әдіс-тәсілдер қай заманда да өз маркасын жоғалтпайды. Мұғалімнің шеберлігін, ізденісін талап ететін , ұлттық құндылықтардан тұратын әдебиет сабақтарын жаңа технологиямен өткізу бала бойына сапалы білім, табысты нәтиже береді.

Демек, "инновация" — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже десек, нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Мен өзімнің Қанипа Омарғалиқызының төл педагогикалық технологияларының бренді заманауи тренд ретінде танылып жүрген ізденістерімді ұсынамын.

	Қанипа Омарғалиқызының төл педагогикалық технологиялар бренді	**Инновациялық тренд**
	Сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру.	"Оқушы-оқыту және оқыту процестерінің тең авторы" тренді Оқыту мен оқытудағы бірлескен жұмыс оқушылардың белсенділігін, олардың кәсіби білімін және бейінді қауымдастықтарға қосылуын арттырады.
	Ұстаздың басты ұстанымы — көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу	VR және AR технологиялары. AR ағылшын тілінен аударғанда «қосалқы шындық» деген мағына береді. Түсінікті тілмен айтсақ, AR – қоршаған ортаны толықтырып жақсарту үшін ақпаратты компьютерлік бағдарламалардың көмегімен өңдеу. Ал VR дегеніміз – виртуалды шындық. Виртуалды және толықтырылған кеңістіктегі реалды әлем туындылары әлемдегі озық технологиялардың бірі. Виртуалды шындық – Virtual reality

		Кеңейтілген шындық – Augmented reality
	Ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу технологиясы. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады.	Педагогикалық лайфхактар: 1.«Суреттер әлемі» техникасы (Сөздерді 1 суретпен бейнелеп, интервалды қайталау арқылы қысқа уақытта жаттау,есте сақтау) 2. «Шерлок Холмстың естелік сарайы» техникасы (жырлар, поэмаларды қысқа уақытта жаттау); 3. «Фейнмен» техникасы арқылы күнделікті сабақты,семинар,коучингтерді тұрмыстық іс-әрекеттер мен заттар арқылы жылдам түсіндіру

Ұстаз болу – көп адамға бұйыра бермеген бақ. Өйткені, аузын ашса жүрегі көрінетін, жалғандықты, жасандылықты сүймейтін тазалық пен пәктіктің иесі — оқушыларды көргенде, олармен бірге қуанып, бірге күліп, жан дүниең ерекше сезімге толып, жас баладай қуанышқа бөленесің. Оқушылар сенен ең жақын жанашырындай үміт күтеді, қуанып қарсы алады, сырларын бөліседі. Кейде қуаныштарын жасыра алмай , еркелей алдыңа келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Сен олармен бірге жүрсең, олармен бірге бала болып, асыр салып, балаша қуанып, мына өмірге балаша қарайсың. Әр үйдің үміті болған шәкіртеріңнің жан шырағын жаға білсең, нағыз адам етіп тәрбиелей білсең, жүрегіне ұлтына деген қасиетті ұғымды ұялатып, Абай атамыз айтқандай, толық адам тұлғасын қалыптастыра алсаң, міне, ұстаздық мұрат- мақсатың — осы болмақ…

Сөзімді қорытындылай келе, төмендегідей ұсынысымды білдіргім келеді:

Мысалға, Ж.А.Қараевтың «Деңгейлеп саралап оқыту» технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы, «Сатылай кешенді талдау» технологоиясы, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы т.б. технологиялар кез келген пәнде тиімді әдіс-тәсілдер ретінде көпшілік қолдауына ие болып жүр. Қанипа Омарғалиқызының қалыптастырған төл технологиялар брендін тек қазақ әдебиетінің тар ауқымында қолданбай, басқа пәндерде де мұғалімдер арасында қолдауға ие болса;

«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» десек, ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған заманда көпшілікке танымал интернет ресурстары арқылы республика аумағында таратылса (яғни, Instagram, facebook, youtube сынды желілерде каналдар ашу)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

2. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А.

4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008

5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

6. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997.- 288б

7. Әбішева С., Құдайбергенова Г. Қазақтың Қанипасы: Ұстаз портреті.- Астана: Б.ж., 2004.- 316 б.

8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: XIX ғасырдың II жартысы, XX ғасыр: Оқу құралы, бағдарлама: X,XI сыныптар.- Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2000.- 274 б.

Ибраймова Тоқжан Бақытханқызы
Астана қаласы білім басқармасының
«№64 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебеті пәні мұғалімі

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада Қ.Бітібаеваның оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудағы әдістемесі мұғалімнің өз іс-тәжірибесімен ұштастыра қарастырылған. Ғылымға талабы бар оқушыға да, ізденімпаз ұстазға да тағылымы мол Қ.Бітібаеваның технологияларының өміршеңдігі айтылады.

Мұғалім көп болғанымен, нағыз ұстаз деген атауға ие боларлық адамдар санаулы ғана. Нағыз ұстаз есіміне лайық жандардың бірі, есімі аңызға айналған, жаңашыл ұстаз – Қанипа Бітібаеваның ұлағаты қазіргі таңда республика көлемінде ұстаздарға үлгі-өнеге мектебі болып отыр. Қазақстанның Еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мекмлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған Қанипа Омарғалиқызы – өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар тұлға. Республика аймақтарында шығармашылық зертханасы қалыптасқан, дәуір анасына айналған әдіскер мұғалім екені белгілі.

Астана қаласында 2011 жылы №64 мектеп-лицейінде Қ.О.Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік зертханасы ашылып, апайдың өзінің қатысуымен бірнеше қалалық және республикалық оқу семинарлары мен ғылыми конференциялары ұйымдастырылды. Қазіргі кезде де мектебімізде оқушылар мен мұғалімдердің өзіндік ғылыми ізденістерін ұйымдастыруда зертхана бөлімшесі жан-жақты жұмыс жүргізуде. Өзім де осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде Қанипа Омарғалиқызының әдістемесі мен қазақ тілі мен әдебиетін оқыту технологиясын үнемі бағдаршам етіп ұстанамын.

Қ.Бітібаеваның «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты еңбегі әсіресе оқушыларды ғылыми-зерттеу жолындағы ізденіске баулудың түрлі әдістері жан-жақты ашылған еңбек деп ойлаймын. Қ.Бітібаева оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулығанда мынадай ұстанымдарды жетекші бағыт етіп қолданғанын байқаймыз.



Сонымен қатар, өзінің «Ой тастау, ойлану, ойланту» технологиясында көрсеткендей, жобалау, проблемалық сұрақтармен жұмыс әдістерін де оқушыларды ғылыми зерттеу ізденістеріне баулуда жиі қолданамын.

Жобалау әрекетінің өзі – мұғалімнің жаңа әдістерді өз тәжірибесіне енгізудің жаңа үлгілерін, оқушылардың өз бетімен білім алуына негіз болады. Сондықтан мен де ғылыми-зерттеу жұмысының өзіне оқушыны сабақ барысы арқылы алып келемін. Ең алдымен ғылымға, ізденіске икемді, қабілетті баланы танып, білуге тырысамын. Балаларға зерттеу, іздену бағытындағы проблемалық тапсырмалар жүйесін ұсынамын.

Зерттеу тақырыбы проблемалардан туындайды дедік. Мысалы, Абайдың сыншыл реализімін тудырған проблеманы ол өмір сүрген дәуірден іздеуге болады. Қоғамның өзекті мәселесі Абайдың сыншыл шыншыл шығармаларын өмірге әкелді. Соны дәлелдеу оған жауап беру шешу мақсат болып табылады. Егер осы проблеманы өзекті еткенде оны шешу жолдары туындайды.

Қандай ғылыми жұмыс болмасын, ол өзекті мәселелерден туындайтыны сөзсіз. Бұрынғы би-шешендеріміз өмір сүрген дәуәрге үңіліп қарасақ, тіпті айналамызға, құбылыстарға, оқып жүрген пәндерге үңіле қарасақ, көптеген мәселелерді табуға болады. Өзекті мәселені іздеудің ең оңтайлы жолы – бір нәрсені әр түрлі жағынан көре білу; дайын тұжырымдардың өзіне де сыни көзқараспен қарау, басқа шешімін іздеу, оны табуға еңбектену болып табылады.

Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс екені мәлім.

Ұлт жанашыры, ұлағатты ұстазымыздың жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерін негізге алып, өз тәжірибемде қолданып жүрмін. Жұмыс жоспарында «Не істеу керек, қандай жолдары бар?, қандай әдістер дұрыс?» деген сұрақтарды қамти келе, мен де оқушыларыма ой тастадым. Қанипа Бітібаева апамыздың технологияларын қолдана отырып, мен де аз уақыт ішіндегі үлкен жетістікке жеттім деп айтсам болады.

«Бұрынғы тарихымызға, салт-дәстүрімізге, заңнамаларымызға шолу жасап, оқушыларға бірнеше нұсқада тақырыптар таңдап келуін тапсырдым. Екі оқушым өз нұсқаларында бірнеше тақырыптар ұсынды. Соның ішінде «Бұрынғы би-шешендердің заңнамалары мен қазіргі таңдағы заң» тақырыбын өзекті деп танып, шығармашылық ізденісімізді бастап кеттік. Нәтижесінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

-Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасадық. Бірнеше ғылыми жұмыстарға үңілдік.
-Ғалымдардан ақыл-кеңес сұрадық.
-Тақырыбымызға қатысты бірге кино, телехабарлар көріп, тыңдадық.
-Ғаламторға жүгіндік.
-Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргіздік
-Тәжірибе жүргізіп, оның барысын, нәтижесін жүйелі түрде талдап отырдық.
-Күнделік жазып, жұмысымызды жазбаға түсірдік.
-Қорытынды жасадық.
-Жұмысты қорғауға дайындалдық.
Қорғау жұптық жұмыстан құралды. Жоба қорғауда мынадай тақырыптарды қамтыдық: Ертедегі қазақ би-шешендерінің шығарған заңдары, ерекшеліктеріне тоқталды, Төле бидің соттық шешімдері және қазақтың әдет - ғұрыптық құқығын талдады, Төле бидің биліктеріне талдау,Тәуке ханның жеті жарғысы және қазіргі таңдағы Конституциядағы әдет-ғұрыптық құқықтары мен ертедегі би-шешендерінің әдет-ғұрып құқықтарын салыстыру
Соның біріне тоқтала кететін болсам.

«Жеті Жарғының» біз әр тарауының мазмұны мен қазіргі қолданып жүрген заңдарымыз — кодекстермен салыстырып, талдауды жөн көрдік.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы»	**Қазіргі таңдағы әдет-ғұрыптық заңдар**
1-жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі талабынан туды)	Қазіргі таңда қасақана өлтірген адам 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге немесе өмір бойы бас бостандығынан айырылады.
2-жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі–елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі)	Онда бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылуға жатады деп атап көрсетілген
3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірішулікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық)	Он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады
4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен ақ некені бұзушыларға өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалықты талап еткен маңызы зор жаңалық)	Үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады
5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттік соғыс күші ретіне бағаланады)	Үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а)біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді,ал қызы жоқ болса қыздың қалыңмалын береді.	Бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшердегі түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады

ә)төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді	
7-жарғы. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін	Бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

Аталған тақырыпта жоба алып, оқушыларыма бағыт-бағдар беріп, жол сілтеп Республика көлемінде 1-орын қанжығамызға байлап келгенімізді мақтанышпен айта аламын.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтып өткенімдей оқушыны ғылыми жұмысқа баулудың өзі сабақ барысындағы мәселе тудырып отырған тақырыптар арқылы туындайды дедік. Ал сол ізденіске құштар ұрпақтардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айрықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз елімізде ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақ тәрбиелеуде ерекше еңбек еткен Қанипа Бітібаеваның технологияларын, ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдансақ, «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауды негізге алатын болсақ болашағы жарқын, келешегі кемел тұлғалар тәрбиелейтінімізді үлкен үмітпен, зор мақсатпен айрықша айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.О.Бітібаева. Оқушыларды ғылыми –зерттеу жұмысына баулу жолдары/мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал-А:«Дәуір-кітап»

Кариева Айжан Манарбековна
Астана қаласы білім басқармасының
«№64 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ халқының танымал мұғалімі, педагог-әдіскер, профессор, Қазақстан Білім беру ісінің құрметті қызметкері Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы технологияларының өміршеңдігін баяндайды. Қазақ аудиториясына сай жасалған әдістеменің басты ерекшелігіне тоқталады. Абай шығармаларын оқытудағы әдістерін қолданған өзінің тәжірибесімен бөліседі. Қанипа Бітібаева енгізген әдебиетті оқыту әдістемесін ұлттық педагогика негізінде жасалған технология деп бағалайды.

Қанипа Бітібаева – Абай туындыларын оқытуға негізделген төрт еңбек жазған әдіскер-мұғалім, ғалым. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруде

өзінің жаңаша технологияларын енгізген Қанипа Омарғалиқызының 70-тен аса мақаласы мен 23 кітап пен оқулығы – әлі де мұғалімдердің көмекші құралы. Оқытуда Қанипа Бітібаеваның оқыту технологиясы деген атпен таралған әдістері қолданыстан түскен жоқ.

Ш.Амонашвилидің, Ю.Бабанскийдің әдістемесін өзіндік философиялық қағидаларына негіздеп, қазақ аудиториясына сай жасаған әдістемесі оқушыларға ой салуды, ойландыруды, идеяны тереңінен зерделеуді, шешім шығаруды көздейді. Ой салушы – ұстаз, ойланатын – шәкірт, ойласып, шешім шығару – оқушылардың бірлескен жұмысынан, уәж айтуынан тұрады. Қазір жиі айтылып жүрген, қолданып жүрген, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, саралап деңгейлеп оқыту, ынталандыру, кері байланыс беру тәсілдерін ғалым-ұстаз 1990 жылдары көрсетіп кеткен. Сондықтан Қ.Бітібаеваның педагогикалық әдістері, технологиялары өзектілігін ешқашан жоймайды. Сол себепті де «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы» т.б. еңбектері Республиканың барлық оқу орындарында оқытылып жатыр [1].

Әдіскер көркем мәтінді, лирикалық, эпикалық, драмалық туындыларды талдаудың жаңаша үлгісін көрсетіп берді. Әсіресе, Абай шығармаларын оқытуда тақырып-тақырыпқа жіктей бермей, ақын шығармашылығын тұтастай ең негізгі арналы, ағысты проблемаларына сүйене отырып, біртұтас оқыту туралы идеясы айрықша назар аударуды қажет етеді. Абай өзі жазып кеткендей: «Алланы сүю, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю, Хақ жолы деп әділетті сүю» оны оқытудың алтын діңгегі болуы керек»,- деп жазады ұстаз, «Ақынның қай туындысында болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, Адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз Адам – Толық Адам қандай болуы керек? деген сұраққа жауап іздейді». Бұл пікір шын мәнінде ақын шығармашылығын ғана емес, жалпы адамзат жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгеруге жетелейді. Абай шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелерін алдыға тарта отырып, ары қарай оны 5-8- сыныптарда қалай оқытуға болады деген сұрақтарға жауап іздейді, меңгерудің тиімді технологиясын ұсынады, сабақ түрлерін береді. Одан әрі 9,10-сыныптардағы Абай шығармашылығын оқытудың жүйелі бағдарламасын беріп, оның әдістемесін: сабақ түрлерін, оқу-тәрбиенің комплекстік жоспарын, оқушылардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптарды, Абайтану ғылымын сабақта қалай тереңдетуге болатындығын жан-жақты талдап көрсетеді. Ол оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай», – деп Сократ айтқандай, Қанипа Омарғалиқызының шығармашылығын оқып білген сайын тереңіне сүңги берерің анық. Сондықтан сабақтарымда міндетті түрде Қанипа Бітібаеваның оқыту технологиясын қолданамын. Мысалы, жаңартылған білім мазмұнындағы 6-сыныпта «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін оқытуда қолданған әдістерім нәтижелі болды.

“Абай өлеңдерін оқытудың тиімді жолын іздестіргенде, ең алдымен, әр өлеңнің негізінде жатқан ақындық ой, ол ойдың берілу жолын, ақындық шеберлігін, әр өлеңнің негізінде жатқан түйінді дәнді саралап алу керек”,- дейді әдіскер-ғалым

[3,81]. Өлеңнің негізгі түйінін анықтау мақсатында, тыңдаушыға айтқысы келген ойын түсіну мақсатында берілген тапсырмаларды Қанипа Бітібаеваның технологиясы негізінде жасадым.

Негізгі түйінді ой	**Оқу түрі, амал, тәсілдер, оқыту, оқу әрекеті**
Ақындық бағдарламасы, жастарға үлгі беру –ақын мақсаты	Ақын бағдарамасын мәтіннен тауып оқу
Тыңдаушыға тілек, өтініш, түбі терең сөзді ұғынуға шақыру	Өзіндік ерекшелігін, тың ойын саралау
Бұрынғы ақындардың Әзірет Әліні жырлаушылардан өз артықшылығы, өз ақындығының ерекшелігі	Сұрақ-жауап әдісі Түсіндірмелі әдіс Салыстырмалы жұмыс.(Алдыңғы екі өлеңдегі ой, пікірдің ұқсастық, айырмашылықтарын саралау)
Өнерлі иесіне өсиеті, мәнсіз сөзді, мисыз күлкіні сынауы, Есіл өнерді қор етпеу туралы ақылы	Проблемалық сипаттағы сұрақтар Өлеңдегі «әсіре қызыл» деген не? Ақын не айтпақшы болған? «Өнердің қор болуы» «түбі терең сөз артық» деген ойды қалай түсінесің? «Ақын, сөз өнері және тыңдаушы Абай өлеңінде» атты іздендіру бағытында тұжырымды әңгіме- пікір өткізу. Қорытындыда бұл өлеңді алдыңғы екі өлеңмен салыстыра, байланыстыра, отырып әңгімелеу, әр өлеңнің негізіндегі ойды ақын стилін, әр өлеңнің өзіндік ерешелігін саралау

Оқу мақсаты: «Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау» болғандықтан, үзіндідегі өлең мазмұнын анықтау тапсырмасын бердім. Оқушылар өлең жолдарына қарай мазмұнына тереңірек талдау жасай алды.

Өлеңдегі өсиет, ақыл-нақыл сөздер	**Өлең мазмұны**
Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	Көкірегі ояу жасқа өсиет еттім.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұға,	Сөз қадірін білетін жан
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз, Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз	Сөзің мағыналы болсын, сөздің қадірін біл.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,	Құр бос іспен айналыспа
Есіл өнер қор болып кетер түзге.	Қолыңнан келетін істі жаса

Әр шумақта айтылған ойды түсіну үшін «Шумақтардағы негізгі ойды анықтап, өлеңде берілуін көрсет» деп тапсырма берілді. Оқушылар ойды анықтай алып, тілмен қалай көркемделгенін бірден көрсетіп отырды. Бұл да оқушының өз бетінше өлеңді жан-жақты талдай алуына көмектеседі.

Шумақ реті	**Шумақта берілген ой**	**Тілмен көркемділігі**

1,2	Өлеңді ермек үшін жазбауы Өлең жазудағы мақсаты	Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
3-5	Ақындық бағдарламасы Әсіресе, қызыл сөз емес, түбі терең сөз жазу	Сөз айттым "Әзірет Әлі", "айдаһарсыз", Мұнда жоқ "алтын иек, сары-ала қыз".
6	Тыңдаушыға қояр талабы, сөз қадірін түсінушілерге сын Сөздің сыртын емес, үшіне үңіл	Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей. Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге.

Өлеңде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру үшін төмендегі кестені толтыру ұсынылды. Оқушылар мәселені анықтай отырып, жазу стиліне де баса назар аударады. Бұл баланың әр ақынның қалыптасқан жазу стилін ажырата алуға үлкен көмегін тигізеді.

Өлең аты	**Өлеңнің көтерген проблемасы**	**Өлең идеясын ашып тұрған шумақ**	**Ақынның стилі**
“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”	Жастарға үлгі беру Абай атамыз бұл жерде өлең- менің өмірім.Өлең менім барым деген мақсатта айтып отыр. Яғни,мен өлеңді еріккеннен, ермек үшін жазғаным жоқ,жазбаймында.Менім жан дүнием соны қалайды. Жан дүниемнің қалауымен деп айтып отыр.өзің қаламаған іспен айналыспа.	Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.	Ақын өлең сөзді кімге арнауды, кімге айтуды ескертудегі мақсатын “үшін” шылауы арқылы беріп отыр. Сөзін «тасырға айтпай, «көңіл көзі ашық, кекірегі сөзімді», сергек те талаптыларға айтуды қалайды. Талапты ақынның қасиетін көрсетуде қатыстық сын есімдерді шебер қолданады. Оның өсиеті - күле тыңдаған парықсыздарға сөзіңді қор қылма! «Қызшыл», «қызықшыл» әуейілерге жолама! Арсыздық пен ақылсыздықтан, шаруасыздық пен маскүнемдіктен аулақ бол! Өсиетті жеткізуде болымсыздық етістігінің жұрнағын ұтымды қолданған.

Жаңа білім мазмұнын орта мектепте оқытуда, расымен де Қанипа Омарғалиқызының технологиясы жоғары нәтижеге жетелейтін, жемісті тәжірибе болады деп айта аламыз. Өйткені жаңа білім мазмұнындағы басты философия – оқушыны өмірге дайындау болса, оның түрлі жолдарын апайдың әебиетті оқыту тәжірибесінен толық көре аламыз.

Қорыта айтқанда, Абай шығармашылығын жан-жақты тереңдетіп оқытуда Қанипа Омарғалиқызы еңбектерінің ғылыми әрі әдістемелік жағынан маңызы зор. Себебі адамзаттың Абайдай ірі тұлғасының шығармашылығын жасөспірімдерге оқытып меңгертудің жан-жақты жолдарын іздеп, оның түйінді дәнін тауып оқушылардың бойына дарытуда ұстаздардың бағдаршамындай.

Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін оқытуда технологиясы талай жылдар бойы мұғалімдердің басты көмекшісіне айналары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.А.Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. -А: Мектеп, 1969
2. Е.Ө.Жұматаева. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. -А: Атамұра, 1999.
3.Қ.О Бітібаева. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы. «Дәуір-Кітап», 2012.

Скакова Зульфира Сатыбалдықызы
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің әдіскері

Қ.БІТІБАЕВА ЕҢБЕГІНДЕГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҮЙЛЕСТІРЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда...» [1,6]. Әлемдік модернизациялау, жаһандану мен жаңғырулар егеменді елімізге өз әсерін әкеліп, постиндустриалды қоғамымыздың экономика мен ғылым салаларына өзгерістер енгізіліп, жаңаша даму сатысына жол ашылды.

«XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек»,-дегендей[1,6], бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты, өз мүмкіндіктерін кез келген ортада қолдана алатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу бүгінгі мектептер мен мұғалімдер қауымынан аса жауапкершілікті талап етуде.

«Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты [1,7].

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің оқу сапасына тікелей әсер ететіндігі туралы зерттеулерге жүгінсек:

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды. Хэтти (Hattie, 2011). Білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдау үшін жүргізілген 60155 педагогикалық зерттеу аясында 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланды. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті [1,20].

«Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты. Әдіс-тәсілдер деген не? ...» [3,11]. Бұл тұжырым Қанипа Омарғалиқызының «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде қарастырылған. «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР Ағарту ісінің, СССР Ағарту ісінің үздігі,

Н.К.Крупская медалінің иегері Қанипа Омарғалиқызының қазақ педагогикасында мәртебесі зор.

Рухани жаңғырудың Бәсекелік қабілет атты бірінші бағытында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы», - деп көрсетілген. Ал, Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева өзінің бәсекелік қабілетін өз еңбектерінде ерте ұсынған. Ұстаздың «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты көлемді еңбегі ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, бүгінгі әдебиетті оқыту проблемасын сөз етеді

Қанипа Омарғалиқызы - ғалым ұстаз. 42 еңбектің авторы атанған ұстаз әдебиетші мұғалімдерге әдіс-тәсілдерді қолдануда төмендегіше жауапкершілікті артады:

1.«Ол үшін әр мұғалім оқыту әдістемесін жете біліп әрі оны сабақ мақсатына қарай іріктеп алып, шебер пайдалануы керек. Бұл – аса маңызды, мұғалімнен шығармашылық ізденісті, жүйелі, тиянақты жұмысты талап ететін мәселе. Мұғалім әр әдіс-тәсілдің өзіндік ерекшелігін, мүмкіндіктерін де жете білуі қажет» [3,12].

2.Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану – оқушылар еңбегін ғылыми, тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды бір саласы. Мұндай сабақтардан оқушылар жалықпайды әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады. Ал өзі таңдап алған әдіс-тәсілдердің нәтижелі болуы ол мұғалімнің қаншалықты дәрежеде оқыту әдістерін жете біліп, жете меңгеруіне байланысты [3,13].

Жоғарыдағы тұжырымына сүйенсек, сабақтың нәтижеге жетуі мұғалімнің әдіс-тәсілді тиімді таңдай білу, ұйымдастыру шеберлігінде жатыр. Ұстаз іс-тәжірибесінде проблемалық оқыту тиімді қолданылады. Әр сабағында «шешілетін білімнің мазмұны» алдын-ала беріліп, яғни «ой тастау, ойланту» сұрақтары негізінде оқушылар зерттеу жұмыстарын топтаса отырып шешуге тырысады. Төмендегі тәсілдер ұсынылады:

Сөздік әдіс Көрнекілік әдіс Практикалық әдіс Зерттеу әдісі

Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күретамыры деуге де болатындай -

Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор

Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, сти-лін анықтауда өте тиімді Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мә-селелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы

Мысалы, 1-топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, дәріс, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндеу), практикалық (поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыстар) әдістер жатады [3,13].

Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстриация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды, т.б.) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне жатады [3,14]. Яғни, ұстаздың еңбегіне сүйенсек, сабақта «оқушы-мұғалім» іс-әрекеті ынтымақтастыққа, мақсатты нәтижеге қол жеткізуге құрылған [2,21].

Қазіргі оқыту технологиясында айтылып жүрген мәселелерді ұстаздың оқыту әдістемесінен кездестіретініміз шындық. Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда жаңа форматты мұғалімдер легі қалыптасып, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі үшін білім беруде аянбай еңбек етуде [5,10].

Қанипа Омарғалиқызының ұстаздық болмысын ұстаным етіп, жаңашыл идеясын, әдебиетті оқытудағы әдіс-тәсілдерін жаңартылған білім мазмұнымен үндестіріп оқыту мұғалімнің шеберлігін талап етеді. Тың ізденістерге, шығармашылық жұмыстарға, озық іс-тәжірибелерге ұмтылайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық.«НЗ мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.

3.Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы:Рауан, 1997ж.-288 б.

4.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. А:Рауан, 2009

5.Бітібаева Қ.О. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. Алматы: Мектеп

Ахметкалиева Алия Мирашевна
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

Қ БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН САБАҚТА ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Құрметті әріптестер, бүгінгі таңда білім берудің басты мақсаты-бұл оқушының белгілі бір білім, білік, дағдыларды жинақтауы ғана емес, сонымен қатар дербес субьекті ретінде оны дайындау. Өкінішке орай, дәстүрлі білім беру жүйесі қоғам талабына сай емес екендігі бәрімізге мәлім.

Қазіргі білім берудің негізінде мұғалімнің де, оқушының да белсенділігі жатыр. Осы мақсаттарға- шығармашылық, белсенді тұлға тәрбиелеу, өз бетінше жетіліп, оқи алатын- заманауи білім берудің негізгі міндеттері бағынады.

Оқытудың инновациялық тәсілі балаға сабақты қызықты да тартымды өткізуге мүмкіндік береді. Сабақ интербелсенді әдіс - тәсілдермен ерекшеленеді.

Бүгінгі күннің талабына сай оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі

мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы –жаңа технология негіздері.

Осы тұрғыда Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының сөзі есіме түседі «ұстаздың басты алға қойған мақсаты - білім беру үрдісіне технологияны дендеп ендіру».

Мен әдіскер болып қызмет атқарып келе жатқаныма 15 жылдай, мұғалімдердің сабақтарына қатысқан кезде көркем шығарманы өту барысында Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясын қолдануларын өте тиімді деп санаймын. Яғни, «Қисынды жобалау» технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау өте қиын. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль ойнайды. Яғни, дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннанда бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мына жүйеде қарастыруға болады:

1. Проблемалық ситуация қою технологиясы. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді.

2. Жеделдетіп оқыту технологиясы. Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б.

3.Ұжымдық оқыту технологиясы. Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.

4.Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы. Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу. Ғылыми-конференция сабақтарын ұйымдастыруға болады.

Қ.Бітібаеваның «Ұстаз - бастаушы, үнемі бағыт-бағдар беруші болу керек» деген сөзі жадымда сіңіп қалғаны соншалық, Хан-апамыз айтқандай, «баланы қорқытып-үркітіп керек емес, рульді баланың өзіне беру керек» деп санаймын.

Жалпы, білім алушыны үнемі ізденіс үстінде көргісі келген оқытушының алдына қояр мақсат-міндеті нақты болу қажет. Оқытушыға алдымен өзі табу, өзі зерттеу, содан кейін жинақтап, тәжірибесінің нәтижесін көрген соң ғана тарату қажет деп санаймын. Яғни, оқытушы оқу-тәрбие үрдісіндегі мынадай маңызды мәселелерді қарастыруы қажет:

1. Маңызды немесе өзекті міндетті шешудің амалдары және олардың педагогикалық құндылығына мән беру. Яғни, озат мұғалімдердің іс-тәжірибесіне иек арту.

2.Ұстаздың тәжірибесінің ғылыми негіздемелілігін білдіретін жаңа теориялық идеялар мен нұсқаулар.

3.Тәжірибесінің технологиясы. Нақты педагогикалық амалдар жүйесі, әдістері.

4. Нәтижесі. Қол жеткен табыстардың мақсат пен міндетке сәйкес келуі.

Қ.О.Бітібаева сабаққа ұстаз алдымен міндетті түрде мақсат қоюдан бастауды талап етеді. Бүгінгі білім мазмұнын жаңарту жағдайында да талап осындай.

Педагогика ғылымдарының кандидаты М.М.Жанпейісованың әдісі бойынша кез-келген сабақта оқушыларды қатыстыра отырып сабақ мақсатын айқындап алу қажеттігін баса айтады. Және де үнемі баланың назарын сабақ мақсатына аудартып отыруды, сабақты қорытындылау кезінде де осы мақсатты анықтау кестесімен аяқтау қажеттігін ұсынады.

Өкінішке орай, әдіскер ретінде мұғалімдердің сабақтарына қатысқан кезде, кейде мұғалімдер осы талапты ұмытып жататын байқаймын.

Яғни, бұл жерде ұстаз-ғалым, педагогика ғылымының докторы, профессор 30 дан аса монографиялардың авторы Ю.А.Конаржевскийдің салыстыра талдау әдісін ұсынады. Ю.А.Конаржевский: «Сабақ – оқу-тәрбие үрдісінің тірі жасушасы», - деп санайды. Осы пікірге сай, ресей публицисті, педагогика теоретигі С.Соловейчик «Учительская газетада» жариялаған мақаласында былай дейді: «Сабақ – жұмбақ, мұғалім – жұмбақ қоюшы, ал сабақты талдайтын адам кім болса ол болсын, шешуші адам болуы керек». Осыған орай, Ю.А.Конаржевский «...бір өкініштісі, бәрі көшірме жасаушылар», - деп өкініш білдірген екен [2]. Яғни, ұстаздың еңбегін дұрыс түсініп, дұрыс бағалай білгенде ғана сабақтың шын мәнісінде алға қойған мақсат-міндеті айқындала түседі екен.

Міне, осындай мектепішілік басқару жүйесінің қызметін зерттеп отырған адамның әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, сабақ үрдісінде қолдана білген Қ.О.Бітібаеваның технологиясы ұстаздарға таптырмас тәсіл. Сабақты жан-жақты ойластырып, уысында ұстай білген адамның ұтары көп. Жоспарланған, жаңа технологияланған сабақ – қаруланған сарбаздай.

Бүгінгі таңда көптеген мұғалімдер Қ.О.Бітібаеваның графикалық жобасын, модельдеу және ой салу, ойланту технологиясын қолданулары қуантарлық жағдай. Өйткені білім алушылардың танымдық түрлендіруші іс-әрекеттерін танып, ізденістерге жетелейді

Атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін».

Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Бітібаева. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы «Рауан»,

2. Ю.А.Конаржевский. Менеджмент и внутришкольное управление. – М.,

3.Қ.Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың Білім академиясының республикалық баспа кабинеті

Ахмадиев Қадылбек Сапарбекұлы
ШҚО ББ «ШҚО арнайы мектеп интернаты» КММ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Жаңартылған білім беру аясында «Көркем еңбек» пәнін оқытуда Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту,ойлау» технологиясын тиімді пайданаудың жолдары.

Көркем еңбек пәнін оқытуда – Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту,ойлау» технологиясын тиімді пайдануда оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттері қамтылады. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет. Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде. Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Болашақ кәсіпкер: - өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі; - азаматтық нарыққа қатыса алады; - өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы; - жұмыстың сапасына жауап беруші оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асырылады..Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Қоғамның жаһандануы, ақпараттық мәдениет пен ғылымның дамуы әлемдік саясатты шиеленістіріп, экологияның дағдарысына, экономика мен әлеуметтік күйзелістерге ұшыратуда. Дүниежүзілік сауда орталығында әрбір дамыған мемлекет өзінің меншікті мүддесін сақтауға жоғары білікті мамандар даярлап, сол адами капитал арқылы сапалы өнімдерді басқа мемлекеттерге сату аясында бәсекелестіктің артуы да шиеленісіп келеді. Осы қоғамдық қиындықтар мен еңбек нарығындағы бәсекелестікке байланысты дүниежүзілік білім беру кеңістігінде, әсіресе, Батыс Европа және Шығыс елдерінің кейбір мемлекеттері қоғамдық жаһандануы үдерісіндегі қайшылықтарды шешуге және бәсекелестікті қамтамасыз ететін мамандарды даярлауға дәстүрлі білім берудің мазмұны мен оны білім алушы тұлғасы бойына меңгертуге бағытталған жаңа тұлғалық құндылықтарды қалыптастырудың тұжырымдамалары түзілуде. Солардың бірі, бәсекелестікке қабілетті, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана алатын, икемді, проблемаларды шеше алатын, сын тұрғысынан ойлауы мен қарым-қатынас қабілеттері жоғары, еңбек үдерісін ұйымдастыру мен жоспарлауды жауапкершілікпен қарайтын, ақпараттық-коммуникациялық техникаларды жетік қолдана алатын дағдылары

сияқты.Осының негізінде «білімге» бағытталған білім беру парадигмасы, «құзыретілікке» бағытталған білім беру парадигмасына алмасуы, дидактикалық дәстүрлі «нені оқыту» мен «қалай оқыту» қағидалардың да «нені үйрену» мен «неліктен үйрену» қағидаларына ауысуына ықпал етті.Дүниежүзілік (халықаралық) білім беру кеңістігіндегі білім беру мазмұны мен оқыту құралдарының өзгерістері негізінде Қазақстанның білім беру үдерісінде педагогикалық процестің түбегейлі өзгеруіне алып келді. Бұл өзгерістер білім беру мазмұны, оқытудың әдістері және оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың жаңа жүйесін түзуге ықпал етті.Жаңартылған білім беру үдерісінде білім беру мазмұны, енді, нәтижеге бағытталуымен (мақсаттылығымен) сипатталатын болады. Оқыту мақсатының құрылуы мен жүйеленуі АҚШ танымал психологы Б.Блумның таксономиясына (білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) негізделеген. Білім беру бағдарламасының оқыту мақсаттары білім беру бағдарламасында үш бөлім арқылы анықталған: идеяларды зерттеу және дамыту; жасау және дамыту; таныстырылым, талдау және бағалау. Ал, мектептің барлық оқу пәндерінің білім беру бағдарламалары, соның ішінде, «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасы немесе оқу бағдарламасының мазмұны Джером Брунердің спиралды тәсілі бойынша құрылған. Білім беру мазмұны бастауыш және жалпы орта мектептің кез-келген оқу пәні дәстүрлі оқу бағдарламасындағы оқу материалдарының орнына жаңартылған білім беру үдерісінде оқыту мақсатымен ғана шектеледі. Оқу пәнінің оқыту мақсаты жаңартылған білім беру үдерісінің білім беру бағдарламасында анықталады. Ол білім беру бағдарламасы, соның ішінде, кіріктіре білім берудің қағидасына негізделе пайда болған .

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған оқыту құралдары, соның ішінде, оқыту әдістері мен үйрену әдіс-тәсілдері, енді, оқыту мақсатына жетуге және оқушылардың, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдау негіз болады. Бұл оқытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері сындарлы оқытудың, скаффолдинг, моделдеу, дамыта оқыту, әрдеңгейлі оқыту, саралап оқытудың теорияларына негізделе анықталған. Оқыту үдерісінде оқытудың мазмұны басым тәжірибеге бағытталады. Сол белсенді оқытудың стратегияларының бірі: топтық, эксперимент(зерттеу), тәжірибелік жұмыс, пікір талас, жоспарлау мен бағамдау жаттығуларын жүргізу, ықшамсабақ. Сол сияқты оқыту мен үйретудің тиімді әдіс-тәсілдеріне: моделдеу, пәнаралық байланыс, мультисенсорлық оқыту, бірлескен оқыту, саралау, пәнаралық байланыс, оқу әңгімелері, электронды оқыту және жаңа технологияларды қолдану, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес түрлері кіреді. Осы оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері «Көркем еңбек» оқу сабақтарында оқушылардың біршама танымдық және тұлғалық құнды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Мысалы, белсенді оқуда оқушылардың өз тәжірибесі негізінде эксперимент жасап, оқу материалының мәнін ұғынып түсінуіне, меңгерген білімді жаңа біліммен байланыстыруға, қателіктерді түсініп білімін жетілдіруге, терең білім алу мен көзқарастарды өзгертеді. Топтық жұмыста тұлғаралық қарым-қатынастарды нығайтады, ақпарт алу мен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастырады, оқушылардың арасындағы тосқауылдарды бұзады. Саралап оқыту барысында оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес олардың түсінігі

мен дағдылары дамиды, оқуға деген уәжі мен сенімі артады, күтілетін нәтижені арттыра алады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, яғни, мұғалімнің оқушыларды қолдау жасай отырып, олардың уәжі мен өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады, қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектеседі, өзінің жұмысын жақсартуға ықпал етеді, оқушылардың оқу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты пән мұғалімі оқыту барысында кері байланыс пен рефлексияның әр түрлі әдіс-тәсілдерін жиі қолдануды тәжірибелейтін болады. Осы сияқты басқа оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері де оқушылардың құнды тұлғалық және танымдық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көркемдік жұмыстың құрылымы, сондай-ақ қоғамдық тәжірибені игеру процесінің негізгі психологиялық жағдайлары мен тетіктері жүйелік-белсенділік тәсілін толық сипаттайды, оның негізгі ұстанымы қазіргі білім беру жүйесіндегі тұлғаның дамуы білім беру және тәрбие процесінің негізі ретінде әрекет ететін әмбебап әрекеттер мен қабілеттердің қалыптасуымен қамтамасыз етіледі. Жалпы білім берудің негізгі мақсаттарымен анықталатын әмбебап оқу іс - әрекеттерінің негізгі түрлерінің құрамында төрт блок бөлінген: 1) жеке; 2) реттеуші; 3) танымдық; 4) коммуникативтік.

Көркем еңбек сабақтарының негізгі міндеттері:

1. Көркем жұмыстың табиғаты мен мәнін өмірді жабдықтайтын және өмірін орындылық, үйлесімділік, сұлулық заңдарына сәйкес ұйымдастыратын адамның шығармашылық қызметі ретінде ашу.

2. Адам өмірінің барлық қырларының (табиғи, материалдық, әлеуметтік, рухани) көрінісі ретінде көркем еңбекке эмоционалды - құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ету; көркем еңбек нәтижесінің ерекшелігін – пайда мен сұлулықтың бірлігін (Функционалды және эстетикалық) ашу.

3. Адамның көркемдік - шығармашылық қызметінің түрлері туралы түсінігін кеңейту; халық шеберін, суретші-конструкторды, дизайнерді еңбекпен таныстыру.

4. Көркемдік - өнімді іс–әрекеттің тәжірибесін оның барлық деңгейлерінде байыту: қабылдау - орындау - шығармашылық, жасына, жынысына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес.

5. Эстетикалық қабылдауды, шығармашылық қиялды, бүйірлік (икемді, шығармашылық) ойлауды, әмбебап көркемдік қабілеттерді дамыту және еңбек адамының қасиеттерін тәрбиелеу – еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, коммуникативтілік және т. б.

6. Зияткерлік және көркемдік іс - әрекеттерді біріктіру негізінде көркемдік әдістерді, техникаларды, технологияларды игеруге және жалпы қол шеберлігін дамытуға ықпал ету.

7. Әр баланың жеке өсуіне жағдай жасау.

Балалардың көркем еңбек мазмұнын интеграцияланған қызмет ретінде игеруінің сәттілігін қамтамасыз ететін негізгі психологиялық - педагогикалық жағдайлары енгізіледі.

Өзім қызмет ететін арнайы мектеп интернаты түзету мектебіндегі «Қол еңбегі» сабағының жалпы міндеттеріне тоқталғым келеді:

- Оқушы тұлғасын жағымды қасиеттерге тәрбиелеу (еңбекке суйгіштік, ұжымда жұмыс истей алу қабілетін және т.б) еңбек түрлері бойынша қарапайым білімдерді хабарлау, еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбектің қарапайым түрлерін тәсілдерін оқыту, еңбекке дербес болуын дамыту.

- Ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыру , еңбек сабағына тура уакытысында келу, қол еңбегі сабағына ұйымдасқан түрде кіру, тек өзінің ғана жұмыс орнында жұмыс истеу, онда материалдар мен құрал саймандарды дұрыс жайғастыру, оларды соңынан жинастыру, жұмыстың ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздіктерін білу және дұрыс орындау, сонымен қатар оларға қойылатын санитарлы- гигиеналықталаптарды ұстану.

Қол еңбегін танымдық сферасының кемістіктерін түзетуге міндетті түрде қолдануы тиіс. Ең алдымен байқағыштығын , қиялын, сөйлеуін, кеңістікті бағдарлауын түзетуі тиіс. Мұғалім зейіні оқушылардың материалдық ерекшелік теріне сүйене отырып, келешек бұйымның көрінісін жоспарлы және мақсатка бағыттап көз алдына елестету қабілетін тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.Оқушылардың практикалық жұмыстарында элементтерді қағазды қолдана отырып жасату.

Оқушылар алдымен әр алуан материалдарды сапалы өңдеп үйренуі тиіс. Өйткені оларды сонда ғана көз тартарлық тамаша заттар жасап шығару үшін қажетті құрал ретінде шығармашылықпен пайдалана алады. Бағдарлама мәтінінде барлық құрамдас нәрселер “минимум бойынша” көрсетілген, ал одан да көп “максимум бойынша пайдалана беруге шек қойылмайды.”

Тапсырмалар өздерінің орындалу мүмкіндіктеріне қарай үш түрлі деңгейді қамтиды. Олар::

- оқулықтағы үлгілер деңгейіндегі тапсырмалар;

- оқушылардың өздері дербес атқара алатын жұмыстар деңгейіндегі тапсырмалар;

- оқушылардың біліміне, қабілетіне қарай қойылатын талаптарды орындап шығуына болатын ықтимал деңгейдегі шығармашылық тапсырмалар.

Көбінесе еңбек бойынша сабақтың құрылымы жалпы білім беретін пәндерді оқытудың негізгі ережелеріне бағынады. Жалпы педагогикадан белгілі сабаққа деген талаптар қатары толық мөлшерде әділ.Олардың негізгілері:- мұғалім әрбір сабаққа нақты оқыту мақсатын қояды;

- сабақ тек білім беріп қана қоймай , тәрбиелік мәні де болуы тиіс;

- оқу материалын таңдау сабаққа толығымен және оның әрбір бөлігі үшін негізделген болуы қажет;

- сабақта оқушылардың барлығы оқу материалын біршама эффективті меңгеруін қамтамсыз ететін оқыту әдістерін қолдану қажет;

- сабақтың ұйымдастырылуы дәл анық болуы қажет;

- сабақтың вариативті құрылымын қолданған жөн;

- сабақтың оқу материалын бекіту мен оқыту нәтижесін бақылауды қамтамасыз ету қажет;

- сабақтың сапасының басты критерийі сол немесе басқа жұмыс түрін қолданбай оқушылар алған білім мен дағдыны қолдану. Көмекші мектепте қол еңбегіне оқыту сабақтары , жетекші дидактикалық мақсатқа қарамастан келесідей

типтерге жатады: 1. Теориялық сабақтар – оқушының еңбек құралдары мен материалдары, технологиялық процестері туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру. 2. Дайындық сабағы – еңбек тапсырмасында оның жоспарын қажетті бағдарлану деңгейін қамтамсыз ету. 3. Кешенді тәжірибелік жұмыстар – бұйымды толығымен жасау. Оқушылардың профессионалды дағдылары мен жалпы еңбекке деген ептілігін қалыптастыру. 4. Тәжірибелік қайталау – жүйелі шығармашылық еңбекке арналған оқушыларда қажетті сапаларды дамыту мақсатымен еңбек тапсырмаларын орындау.

Жаңартылған білім мазмұнына сай оқушылардың шығармашылық шеберлігін арттыру.Міне, мұны қалай жүзеге асыру керек деген сұрақ туындайды. Әр оқушының мінез-құлқымен жете танысып, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жаңа технологияларды қолдана отырып сабақ жоспарларын құру арқылы жұмыс жасадым.

«Миға шабуыл» сұрақ жауап-әдісі:

ҚБ «Жүзім» әдісі арқылы өзара бағаланады.

Жасыл түсті жүзім – толық жауап берсе.

Сары түсті жүзім –толық жауап беруде көмек қажет етсе.

Қызыл түсті жүзім –толық жауап бере алмаса.

«Дұрысын тап» әдісі

Топтағы оқушылар тақырыпқа байланысты 8 сөйлем жазады. Сөйлемдердің 4 дұрыс, 4 дұрыс емес (санын әр түрлі алуға болады) етіп береді. Келесі топ мүшелері 8 сөйлемнің ішінде дұрыс жазылған сөйлемдерді табады.

“3 таяқша” әдісі

1.СҰРАҚ

1.ЖАУАП

1.ИДЕЯ

Бүгінгі сабақта өткен тақырып бойынша қолдану.

Топтастыру стратегиясы

Кубизм стратегиясы арқылы оқыған мәтіннен не түсінгенін сұрақтарға жауап ретінде өз ойларын еркін жеткізе білді.

Кубизм стратегиясы

1 жақ – талдаңыз

2 жақ – салыстырыңыз

3 жақ – зерттеңіз

4 жақ – суреттеңіз

5 жақ – ойларыңызды байланыстырыңыз

6 жақ – келісіңіз не қарсы шығыңыз

Миға шабуыл. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады. Оқушылар тез жауап беруі керек. Оңай сұрақтардан бастап қиындатуға болады.

Сұрақтар қобдишасы. Ортаға сұрақтар жазылған қобдиша қойылады. Оқушылар кезектесіп бір сұрақты алады да жауап береді. Кей жағдайда оқушылар сұрақтар құрастырып қобдишаға салып, сосын оған жауап бергізуге де болады.

Кері байланыс: «Жеміс ағашы» әдісі

Егер бүгінгі сабақты түсінсе, қызыл түсті жемістерді жемісті ағашқа жабыстырады.

Егер түсіндім, бірақ әлі сұрақтарым бар десе, жасыл түсті жемістерді жабыстырады. Егер түсінбесе, сары түсті жемістерді жабыстырады.

Сабақ бойынша рефлексия

Рефлексия: “Аяқталмаған сөйлемдер”

*Бүгін мен…….білдім

*Мен үшін……қызықты болды

*Маған…… тапсырма орындау оңай болды

Шығармашылық процесс шексіз. Идеяларды зерттеу және дамыту, құру және орындау, қайта қарастыру, талдау және бағалау шығармашылық процестің кез келген кезеңінде жүзеге асады. Оқушылар практикалық жұмыс арқылы идеяларды зерттей алады. Идеялар оларды жасау мен орындау кезеңінде дамиды.

Тұтас бөлімде, жеке сабақтар кезінде де тұрақты іске асып отыратын, жалғасатын процесс, әсіресе, шолу, талдау және бағалау болып табылады. Жекелеген оқушылардың ойлары мен пікірлерін талқылау барысында жазылып алуы мүмкін. Мұғалім, қажет жағдайда, барлық орындалған жұмыстарға, сондай-ақ ресми/бейресми көрме түрінде барлық жұмыстарға шолу жасау және таныстыру үшін оқушыларға қосымша уақыт бөледі.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану үшін мұғалім тарапынан икемділік қажет. Өздерінің өткен бөлімдер бойынша жасаған жұмыстарын жылдың басынан тоқсанның соңына дейін шолу жасау мүмкіндігі бар оқушылар игерген процестерді, әдістер мен материалдарды өз жұмыстарын жетілдіру үшін пайдалана алады. «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасының идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушылар өнердің кең ауқымын бағалауда өз дағдыларын жетілдіріп, адамдардың құндылықтарын, қарым-қатынастары мен арман-қиялдарын бейнелеу өнері арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсініктерін кеңейтеді. Олар өздерінің көркемдік дағдыларын дамытып, шығармашылық шешімдерге жетелейтін өнер туындыларын жасауға қажетті мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің көркем туындыларын дүниеге әкелуді жоспарлай білу қабілетін жетілдіретін болады. «Көркем еңбек» пәні үшін кез - келген ықпал ету оқушылардың уәжін қолдауға, олардың білімі мен дағдыларының дамуына, өзін-өзі бағалау қабілетіне, оқу үдерісі мен нәтижесін дамыту үдерісіне сындарлы әрі сергек түрде ықпал ету маңызды болмақ.

Аталмыш пәннің мәні баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі — «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұнының тиімді әдіс-тәсілдерін сабақта қолданып, оқушының шығармашылық шеберлігін арттыруда, кез-келген заттардан неше түрлі бұйымдар жасап, қазақ халқының қолөнерін дамтып, руани жаңғырта отырып, жаңаша үлгіде бренд болатын заттар, бұйымдар жасап шығарды. Болашақта оқушылар шығармашыл, ұжымда бірлесіп жұмыс жасап үйреніп,

шығармашылық шеберлігінің, қол икемділігінің артатынын түсінді. Жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті, рухани бай, шығармашылығы жоғары, жеке тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Бітібаеваның «Ой тастау,ойланту,ойлау» технологиясы.
2«Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А.Қ.
Eisner, E. W. (1972), Educating Artistic Vision, New Yor
3.Қазақстан Республикасы жаңартылған білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2016ж.
4. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2016ж. 3.Ол кім, бұл не? Балалар энциклопедиясы
5.Ғаламтордан алынған мәлімет ашық укипедия ЯНДЕКС сайтынан
6.Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері. Алматы 1992ж

Ағланбекова Бахытгүл Ысқаққызы
ШҚО ББ Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің
«№48 мектеп-қосымша білім беру орталығы» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сыныпты оқытуда Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да, іскер, өзіне – өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты – білім дағды іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді. Осы орайда, Құрмет орденінің иегері Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту, ойлау» педагогикалық технологияның тиімділігі:
1.Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2.Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3.Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4.Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5.Өзін - өзі тексеруге дағдыланады;
6.Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;
7.Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік

дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу.

Жеке және жұптық топтық жұмыстар оқушылардың өз бетінше іс – әрекеттерінің ілгерілуіне септігін тигізеді.

Енді бірнеше бастауыш сынып оқушыларының негізгі пәндеріне арналған әдіс – тәсілдер мен ойындарға тоқталайын.

«Ыстық орындық » әдісі. Берілген тапсырмаларға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі орындық ыстық.

«Автор орындығы » Оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуге тиімді.

«Бинго» ойыны. Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Әртүрлі сұрақтар қойылады. Алдымен оқушыларға жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашып салыстыру « әдіс алмасу »

Интербелсенді әдіс – тәсілдер

Сұхбат алушы Жауап беруші

Үнтаспаны жазушы А сұрақ қояды, В жауап береді, С сұрақ жауаптарды жазып, анализ, талдау жасайды. Әрбір интервьюден кейін, рөлдер ауысып отырады.

Ғажайып алаңы. Барабанды айналдырғанда бір санға келіп тоқтайды. Сандардың астындағы сұрақтар немесе тапсырмаларға, есептерге жауап бер

Ойымды аяқта. Қазақ тілі пәнінде ертегі не мәтін аяқталмай беріледі. Оны оқушы өз ойы бойынша аяқтайды.

«Кемпірқосақ ойыны». 1 минут ішінде түстері әртүрлі бес затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріледі.Мыс: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр) кімде кім түске сәйкес заттың атын таппаса ойыннан шығады.

«Алма ағашы».әдісі оқушыларға екі түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін барлық тапсырманы жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ дегенді білдіреді.

«Бір сөзбен » әдісі. Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Төзімділік, ашу, қуаныш, немқұрайлылық, қанағаттану,шабыт, зерігу, алаңдау, тыныштық, сенімділік, сенімсіздік, рақаттану.

Қорыта айтқанда бағдарламаға сәйкес алынған әдіс – тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында, өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында « Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген.

Білім беру, оқыту үрдісіндегі педагогикалық технология - қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе, яғни білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі болғандықтан қазіргі жаңа технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі боп есептеледі.Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан — жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін — өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу — танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан — жақты дамытуға жетелейді.

Бастауыш сыныпта пәндерді оқытудағы басты мақсат – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларға:

ынтымақтастық педагогикасы

білім берудің ізгілендіру технологиясы

түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы

деңгейлік саралап оқыту технологиясы

міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы

сын тұрғысынан ойлау технологиясы

модульдік оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы кіреді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан – жақты маман болу мүмкін емес.Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллек-туалдық , кәсіптік , адамгершілік , рухани , азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып , оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдасты-руына көмектеседі.

Оқытудың тиімділігін арттыру үшін мектептің бастауыш сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологияларының бірі:сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Оқушылардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейін дамытуда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының бастауыш сыныптар үшін маңызы зор. Бұл жобаның мақсаты- баланың өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру болып табылады.

«Сын тұрғысынан ойлау »технологиясы немен қызықтырады?

Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.

Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.

Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

Бұл технология бойынша сабақ үш кезеңнен тұрады: (Қызығушылықты ояту.Мағынаны тану. Ой толғаныс.)

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді.

Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс-тәсілдерін қолданамын:

Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру/ой қозғау, «инсерт» кестесі/.

Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/.

Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Вендиаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/.

Қиялдау арқылы сурет салу/сурет салу стратегиясы/.

Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу/авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы

Шығармада екі кейіпкердің қарама-қарсы элементтерін сипаттау/қарама-қайшы стратегиясы/.

Өлең шумақтарын құрастыру/5 жолды өлең/.

Сонымен, « Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде өткізілген сабақтар оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық, бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, ең бастысы оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды .

СТО -оқу мен жазуды дамыту технологиясы оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын технология.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар бастауыш сынып сабақтарында **ақпараттық технологиялар** жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:
-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта
-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Ақпараттық технология негіздері тұлғаның алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Ақпараттық технологиялардың бірі – **интерактивтік тақта**. Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Мысалы: әр пәнді оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс

жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол **электронды оқулық.** Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып оты-ратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе.Оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып қолдана алады.Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор.

Электрондық оқулық оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы әр баланың қабілетін, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын,пәндік білімдерін,тәжірибелік біліктілігін дамытуға, әртүрлі тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтың ерекшелігі модулдікке сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі. Бұл оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал.

Электрондық оқулықтың нәтижелілігі мынада:

тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді (интерактивті қасиеті);

қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді;

гипермәтіндік түсіндіруден жан-жақты ақпараттық материалдар алады;

әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушылары қазақ тілі, математика, дүниетану сабақтарында электрондық оқулықтар арқылы жаңа тақырыптарды меңгеруде және практикалық жұмыстарда қолданып,сабақтын тыс уақытта компьютері барлары үйінде, ал кейбірі мектепке келіп оқулықтар бойынша түсінбеген жерлерін, тақырыптар бойынша білім-білік дағдыларын қалыптастыру үшін компьютер сыныптарында оқулықпен жеке-дара жұмыс істейді.

Электрондық оқулықты мынадай жағдайларда қолдануға болады:

теориялық материалды өз бетімен оқып-үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

сабақты иллюстрациялық материал ретінде жабдықтауда көмектеседі;

сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік берілген;

Электронды оқулықтың ең тиімді тұсы – баланың қызығушылығын оята отырып, білім алуға бар ынта-ықыласымен баулуы. Бір ескере кетерлігі, дәстүрлі білім беру жүйесінде оқулықтар тізбектеле жазылып, мейлі түрлі-түсті суреттері болсын, мейлі қызықты тапсырмалар болсын барлығы – тек жазбаша. Ал электронды оқулықтар – дыбыс құралы. Ол – мультимедиалы, яғни графика, мәтін, дыбыс және бейнеқұралдары біріктірілген. Ол – интерактивті.

Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілеті мен талантын дамытуды

неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілетті мұғалім байқамаса, ол бала басқа оқушылармен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстарды жүргізу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті сабақта беретін деңгейлік тапсырмаларды қызықты етіп құрап, оқушылардың қызығушылықпен орындалуын қадағалау қажет. Сабақта технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді.

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі, олар әрбір .пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінің қажетті көлемін (1-деңгейде) 100 пайыздық үлгеріммен қамтитынына кепілдік алады.

2. Қабілеті жететін пәндерден жоғары деңгейлерге дейін жете алатын болады.

3. Әр оқушыға үй жұмысы жеке басынын қабілетіне сәйкес сараланып берілетін болады (мектепте орындап бастаған деңгейлік тапсырмаларды үйде қабілеті жеткенше орындап келу мүмкіндігін алу арқылы) сол арқылы артық жүктемені жою мәселесі шешім табады.

4. Дарынды балалар дер кезінде анықталынып, дами алады.

5.Оқыту сапасының мониторингісі және диагностикасы, оқушы білімін бағалаудың әділеттілігі қамтамасыз етіледі.

6. Оқытуда ақпараттық технологиялар тиімді пайдаланылады.

Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді.Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңілкүйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ.Бітібаеваның «Ой тастау,ойланту,ойлау» технологиясы.

2.Иманбекова Б., Әбдіреймова К. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. Алматы

3.«Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (30 сәуір 2008 ж.)

4.Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. – 2006.

5.Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 1989ж

6.Педагогикалық ізденіс . Алматы-Рауан . 1993 .

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЯ

Асанова Мұңлыхан Искаковна
АЛҒЫСӨЗ.....3
Оралқанов Айбек Тілеубекұлы
«Ұстаз - оқушының рухани досы» Қ.Бітібаеваның педагогикалық іс-тәжірибесіндегі оқушымен рухани байланысы 5
Адилбекова Жанар Советхановна
Қ.О.Бітібаеваның «Ой салу, ойланту» оқыту технологиясының жаңартылған білім мазмұнымен үндестігі.....14
Кабдыгалиева Айман Толепбергеновна
Қ.Бітібаева технологиясы және инновациялық жобалар: Тәжірибе. Идея. Нәтиже.....20
Картаева Айжан Маратбекқызы
Қанипа Бітібаева - қазақ әдебиетін оқытудың реформаторы.....23
Алпысбаева Жанаргүл Саяжановна
Қ.О.Бітібаеваның педагогикалық әлеміндегі шығармашылықтың рөлі.....28
Қасаинова Ару Наурызбекқызы
Ұстаз еңбегіне құрмет..... 32
Даутова Жанна Оралхановна
Қ. Бітібаева атындағы атаулы кабинет – білім беру ұйымының іс-тәжірибе алаңы.....34
Мукашева Меруерт Козыкановна
Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен М.Әуезовтің туындыларын оқыту.....36

1-СЕКЦИЯ
ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕР ҮШІН
«ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Дусимбаева Молдир Усеновна
Қ. Бітібаеваның ұстаздық тағылымдары негізінде әдебиет сабағында оқушыларды ойлау белсендігіне баулу жолдары.....41
Адылканова Айгуль Адылканкызы
Қ.О.Бітібаеваның әдебиет әлеміне салған дара жолы.....44
Муканова Кымбат Серикказыевна
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері.....46

Жумагелдыева Айжан Жумагелдыевна
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелер.....48
Толеуконыр Жадыра Кунанбаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары (Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде).....50
Тундикбаева Анар Амангельдиновна
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері.....60
Сисанова Гульназ Кудайбергеновна
Қазақ әдебиеті пәнін оқытуда Қ.Бітібаева технологияларының тиімділігі..... 63
Оспангалиева Зоя Мухтаровна
Учитель – легенда..... 66
Кусаинова Елена Боленхановна
Қ. Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңа технологияларды кіріктіре оқыту.....67
Сабырбаева Сара Шакеновна
Қ.Бітібаева технологияларын пайдалана отырып, әдебиетті оқыту..... 70
Торгайн Амангул
Оқытудағы құзіреттілік: болашығы бар білім, оқушының өзін-өзі дамытуы мен бағалауы..... 73
Еркінқызы Айгүл
Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында сабақта «Ой тастау. Ойланту. Ойлау» әдісінің дүниежүзі тарихы пәнінен өзіндік ой қалыптастыру қабілетін дамыту жолдары.....76
Алтай Ардагул
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері..... 79
Ризабекқызы Назым .
Қанипа Бітібаева әдістемесі және жаңартылған білім берудегі үндестігі.....82
Бухатова Ардақ Алтайхановна.
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағлымы және жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқытудың өзекті мәселелері.....85
Мукушева Лаура Мадияровна
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі-жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі..... 87
Құрманбаева Шынар Қапантайқызы
Абай шығармашылығын оқытудың авторлық технологиясын жасаған ұлы ұстаз..... 91
Қайдарова Назым Мақсатқызы
Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының элементтерін қазақ тілі және әдебиеті сабақтарындағы әдіс-тәсілдері.....97

2-СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕР ҮШІН

«ОЙ, ОЙЛАНУ БАРЛЫҚ ПӘНДЕРГЕ ДЕ КЕРЕК...» ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Қабдиева Меруерт Тосумовна
«Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағлымы мен және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселесі.....100

Акатаева Айман Кизатовна
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі - жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі.....102
Алдебаева Жания Зиябекқызы
Абай шығармашылығын оқытуда Қ.Бітібаеваның «Ой тастау,Ойланту,Ойлау» технологиясының тиімділігі.....106
Ауғанбаева Бақытгүл Омарғалиқызы
Қ.Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана жағдайында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық үдерісін басқару.....111
Байсаринова Раушан Алтыбаевна
Опыт внедрения инновационной методики К.Битибаевой «Ой тастау, Ойланту, Ойлау» в преподавание русского языка и литературы в казахской школе.....116
Ахметкалиева Бакыт Асылгазиновна
Жаңартылған білім беру мазмұнында Қ.О. Бітібаеваның әдіс-тәсілдерінің тиімділігі.....120
Хасенова Бибигуль Зейнегабылденовна
Қ.Бітібаева технологиясы- жаңартылған білім беру мазмұнында.....124
Бельгибаева Әсел Байбөріқызы
Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқушылардың көркем шығарманы оқуға қызығушылықтарын арттыру.....128
Тоқтасынова Гүлнар Кәкенқызы
Ұрпақ тәрбиесі – ел мұраты.....130
Галиева Гульжан Ержановна
Тәрбие процесінде Қ.Бітібаеваның педагогикалық тағлымын қолдану.....134
Давлетова Гульсара Танирбергеновна
Ұлылықтың негізі – ұстаз.....137
Интыкпаева Бакыт Турсынхановна
Қанипа Бітібаеваның технологиясын жаңартылған білім беру мазмұнында қолдану.....140
Калкабаева Гульжан Канатбековна.
Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, Ойланту, Ойлау» технологиясы бойынша оқытудың тиімді жолдары.....143
Бадисолтанова Айсулу Амановна
Жаңартылған білім беру – болашақтың кепілі.....146
Ернісова Гүлтас Ернісқызы
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі-өскелең ұрпақты тәрбиелеудің қайнар көзі.....148
Имашева Зада Кыдырхановна
Қ.Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері.....151
Кыдырканова Алия Кыдырканқызы
Қ.Бітібаеваның технологияларын пайдаланудың тиімділігі.....153
Умытбаева Ляйля Кыдырхановна
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесінің жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы.....155
Омарова Ботакоз Тулюбаевна
Қанипа Бітібаеваның қазақ әдебиетін оқытудағы әдіс-тәсілдерін іс-тәжірибемде қолдану.....157
Кентпаева Толкын Кайдаровна
Қанипа Бітібаеваның қазіргі кезең әдебиетін оқыту әдістемесі.....160
Муканов Бек Шынгазинович
Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.....163
Нугыманова Асель Каирбековна

Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері.....168
Нұрсұлтанова Нұргүл Бегайдарқызы
Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы мен жаңарту бағдарламасын оқытудағы үндестік.....172
Хасенова Лязат Каукеновна
Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, Ойланту, Ойлану» технологиясының математика сабақтарындағы орны.....175

3-БАҒЫТ
ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ ҮШІН
«Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ»

Ибатаева Индира Айтахметовна
Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қанипа Бітібаеваның инновациялық технологиясы нәтижеге жетудің кепілі.....178
Муханжанова Айгүл Нығмеджанқызы
Қанипа Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудың өзекті мәселелері..... 182
Сагиева Карлыгаш Советовна
Әдебиетті ұлттық құндылық ретінде танытуда Қанипа Бітібаеваның педагогикалық мұрасының орны.....185
Шарипов Қайрат Талғатович
Образдар іс –әрекетін, көзқарасын талдауда «Ақ пен қара» стратегиясы және «Эмпатия» әдісі арқылы оқушыны сыни ойлай білуге баулу.....188
Аханбаева Сандугуль Ермуратовна
Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі (Қ. Бітібаеваның технологиясы бойынша).....192
Сағымбаева Күлтай Кастейқызы
Қ.О. Бітібаева технологиясы бойынша көркем шығармаларды талдау.....195
Бакказиев Бекзат Рысбекұлы
Қ.Бітібаеваның оқыту әдістерінің жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі.....201
Досымханова Зухра Кайрбековна
Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолданылатын креативті ойын түрлері.....205
Мукашова Маржан Козыкановна
Қ.Бітібаеваның технологиясы арқылы мәтінмен жұмыс жасау жолдары.....208
Дүтбаева Камшат Бидахметқызы
«Дәуірдің дара ұстазы» Қанипа Бітібаеваның тағылымдық мұрасы – ұрпағына ұлағат..... ..211
Мирманова Назымгуль Арстанбековна
Жазылым әрекеті бойынша жұмыс түрлерінің әдіс-тәсілдері..... .215
Аманов Нуржигит Бердибекович
Қ.Бітібаеваның қазақ әдебиетін оқытудағы әдіс-тәсілдерінің құндылығы.....218
Сагибаева Айтолкын Жакашевна
Қанипа Бітібаеваның технологияларының жаңартылған білім мазмұнымен үндестігі.....223
Калиева Арай Ермековна

Қ.Бітібаеваның ұстаздық тағылымы және жаңартылған білім беру мазмұнында оқытудыңөзекті мәселелері.....225
Ахметова Алма Ергалиевна
Қ.О Бітібаева мұрасы-рухани құндылықтың қайнар көзі.....228
Аргынбаева Аида Ембергеновна
Қанипа Бітібаеваның технологиясын қолдану арқылы оқушылардағы нигилизмның алдын алып,экзистенцияны қалыптастыру.....231
Баймухамбетова Динара Бакытовна
Қанипа Бітібаева оқыту технологиясының жаңартылған білім мазмұнында жалғасын табуы – педагог мұрасының өміршеңдігі.....234
Абилгазинова Миргуль Талгатовна
Қазақ тілі мен әдебиет сабағының тиімділігін арттыруда Қ.Бітібаеваның технологиясын қолдану.....238
Мухамедьярова Айнагул Сергазиновна
Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Қ.Бітібаеваның жаңа технологиясын қолдау.....239
Бакыт Амангул Бақытқызы
Қ.Бітібаеваның білім берудегі идеялары.....241
Амиргазина Аида Сериковна
Қанипа Бітібаеваның Абай шығармашылығын оқыту технологиясы.....243
Отынчинова Бекзат Токтасыновна
Қ.Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі – жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі.....247
Амирбаева Алтын Сериккалиевна
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі - тәрбиелеудің көзі.....250
Матабаева Гульжан Ершекеновна
Әдіскер ұстаз Қанипа Бітібаеваның «ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі.....253
Задахан Меруерт Баратқызы
Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың тілдік төрт дағдыларын қалыптастыру жолдары.....257
Бекбосинова Дария Кайсаровна
Қ. Бітібаеваның оқыту технологияларын пайдалана отырып, әдебиетті оқыту.....259
Сабиева Тамаша Нуркапановна
Қ.Бітібаева идеялары білім берудің негізгі өзегі.....261
Дәулет Маржангүл
Қазақтың Қанипасы- қазақ мұғалімінің жарқын бейнесі.....263
Ермекбаева Айдана Сериковна.
Қ. Бітібаеваның оқыту технологияларын пайдалана отырып, әдебиетті оқыту.....265
Масалова Шагала Ануарбековна
Қ.О. Бітібаева технологиясының жаңартылған білім беру мазмұнымен үндестігі.....267
Егорова Эльмира Дюйсенбаевна.
Қ.О.Бітібаева технологиясын сабақта қолдану.....273
Турсынкулова Жанаргуль Камшетовна
С. Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімедегі автор және кейіпкерлер бойынша өзекті мәселелер.....276
Темірғалиева Данагүл Оралбайқызы..
Қанипа Бітібаеваның әдістерін О.Бөкейдің «Атау кере» повесін оқытуда қолдану.....278
Нургалиева Айгуль Советовна
Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеяларымен тәжірибелерін әдебиеттік оқу сабағында қолдану.....281
Жамчитова Назигүл Ерғазықызы
Оқушылардың ойлау көкжиегін дамытуда жаратылыстану пәнінің ерекшелігі.....284

Теміржанова Гүлдана Қазболатқызы.
Жаһандану дәуірінде оқушыны ойланта отырып тәрбиелеудің амал-тәсілдері.....287
Шиналиев Нұрмахан Азаматұлы
Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы талдаудың тиімді жолдары.....290
Байгереева Ания Увалиевна
Білім мазмұнын жаңартуда Қ.Бітібаеваның технологиясы арқылы тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру.....294
Магзиева Нургуль Задахановна.
Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – шығармашылықтың негізі.....297
Мағзиев Қанат Задаханұлы
Қ.Бітібаеваның жаңа технологиясымен көркем еңбек пәнінде оқушыларды шығармашылыққа баулу.....301
Назарбекова Жадыра Келгенбайкызы
Қанипа Омарғалиқызы бітібаеваның ұстаздық туралы айтылған қанатты сөздерін оқушыларға кәсіптік бағдар беруде қолданудың жолдары.....304
Дүйсебай Перизат Дүйсебайқызы
Ұстаз технологиясындағы алтын діңгек: инновациялық тренд.....307
Ибраймова Тоқжан Бақытханқызы
Қанипа Бітібаеваның технологиясын ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану.....311
Кариева Айжан Манарбековна
Абай шығармашылығын оқытуда Қ.Бітібаеваның технологиясын қолдану.....314
Скакова Зульфира Сатыбалдықызы
Қ.Бітібаева еңбегіндегі әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану жолдары.....318
Ахметкалиева Алия Мирашевна
Қ Бітібаеваның технологиясын сабақта ұтымды пайдалану.....324
Ахмадиев Қадылбек Сапарбекұлы 327
Жаңартылған білім беру аясында «Көркем еңбек» пәнін оқытуда Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту,ойлау» технологиясын тиімді пайданаудың жолдары.
Ағланбекова Бахытгүл Ысқаққызы.....333
Бастауыш сыныпты оқытуда Қ.Бітібаеваның «Ой, тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі**.**